

А. Б. Салқынбай

ТАРИХИ
СӨЗЖАСАМ

Монография

Екінші басылым

Алматы
«Қазақ университеті»
2018

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5 Қаз)
С 18

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Ғылыми кеңесі (№10 хаттама 28.05.2018)
Редакциялық-баспа кеңесінің
(№11 хаттама 25.06.2018) шешімімен ұсынылған*

*Бұл монография 4585/ГҚ 4 «Қазақ тілі әлемдік кеңістікте:
теориясы мен практикасы» гранттық жобасымен шығарылды*

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **А. Жақсылықов**
филология ғылымдарының докторы, профессор **Р. Авақова**
филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ. Мәдібаева**

Салқынбай А. Б.

С 16 Тарихи сөзжасам: монография. 2-бас. / А.Б. Салқынбай. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 316 б.

ISBN 978-601-04-3547-6

Еңбекте тарихи сөзжасам мәселелерінің теориялық қисындары талданып, сөз жасаудың тарихи қалыптасқан кешенді жүйесі мен тәсілдері семантикалық, лингвогенездік, типологиялық бағытта зерттеледі. Туынды сөз табиғаты семантикалық тұрғыдан зерделеніп, тарихи дамуы көне түркі тілдері деректері негізінде айқындалады.

Еңбек жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге, тіл тарихына қызығатын жалпы оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-04-3547-6

© Салқынбай А.Б., 2018
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

КІРІСПЕ

Словообразование есть самая глубокая и загадочная сфера языка.

В. фон Гумбольдт

Әлем бейнесінің бүкіл көрінісі мен қоғамдық сана қалыптастырған ұғымдарды бейнелейтін тіл – адамзат танымының феномені. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, адамзат дүниетанымын, ойлауды, сананы қалыптастырып, дамытуға қызмет ететін күрделі құбылыс. Коммуникативтік әрекет ұлттық мәдениеттің құрамды бөлігінің бірі болып қана қоймайды, бүкіл мәдениет пен танымның негізгі тұғыры саналады. Адамзаттық мәдениет тіл арқылы жүйеленіп, қалыптасып дамиды. Тілдің қоғамдағы рөлі қарым-қатынас жасау сипатымен шектелмейді, адам ойының, санасының жетілуі мен дамуына да ықпал етеді.

Сөздің ұғымды белгілеп, мағына туғызу қасиеті болмыс пен ойлау қатынасын көрсететін құбылыс ретінде негізгі философиялық мәселеге айналған, сондықтан мән, мағына туралы түсінік философияда, логикада, когнитивті психология мен лингвистикада дүниетанымдық сипатта зерттеледі.

Сөздің мағынасы мен қалыптасу үдерісі тілдің танымдық-коммуникативтік қызметі негізінде жасалады. Сөздердің жасалу сипатын анықтауда когнитивтік, типологиялық, тарихи аспектілерді бағамдап зерттеу қажеттігі туындайды. Бір тілдің жасалу сипаты ерекше танымдық кешенді жүйе болғанымен, диахрондық аспектіде жеке тілдің жасалуын бөлек қарастыру мүмкін бола бермейді. Тілдегі тұлғалардың мағыналық және формалық сәйкестіктері мен ортақ когнитивті құрылымы тарихи-салыстырмалы, типологиялық талдауды қажет етеді. Шумер, санскрит, латын, көне түркі т.б. тілдердегі түбір тұлғалардың тұлғалық және мағыналық ортақ сипатын айқындау қазіргі тілдердегі сөздердің тарихын, жасалуын, даму жолдарын саралауға мүмкіндік береді.

Тілді тарихи тұрғыдан зерттеу жеке тілдің ішкі қатынастарын анықтаумен ғана шектеле алмайды, әлемдік тіл білімінің зерттеу тәжірибелері көрсеткендей, тек жекелей салаларға бөліп

алып, тұлғалық сипатта зерттеу толық нәтиже бермейді, сондықтан тіл білімінде семантикалық тұрғыдан зерттеу пайда болды. Соның нәтижесінде тіл бірліктерінің мазмұндық, мағыналық жағына назар аударыла бастады.

Семантикалық зерттеулер қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдың 80-90 жылдарында жүргізіле бастады. Р. Садықбеков, М. Оразов, А.Б. Салқынбай, Е.З. Қажыбеков еңбектерінің семантикалық аспектіде жазылуы осыны көрсетеді. Қазіргі семантикалық теориялардағы зәру мәселе – ойлаудың таңбалаудағы мәні мен қабілеті, қоғамдық қатынастағы атау жасаудың жүйелілігі. Атаудың тарихи даму жолындағы сөзжасамдық сипатын тану мен таныту, оның номинативтік және уәжділік табиғатын ашу – тілдің мағыналық құрылымын айқындаудың бір қыры.

Бұл еңбекте сөзжасамның жасалу, қалыптасу тарихы ойлаумен, таныммен байланыстырыла отырып, когнитивтік аспектіде зерттеледі. Сөзжасамның негізгі нысаны – туынды сөз. Туынды сөздің құрылымын тұлғалық және мағыналық деңгейде қарастыра отырып, мағыналық белгіленуіндегі ұғымның, танымның рөлі мен маңызы зерттеледі. Сөздің жасалуындағы негізгі заңдылықтар – аналогия, абстракция, ассоциацияның, сондай-ақ түркі тілдеріне тән тарихи-генетикалық тектілік пен уәжділіктің рөлін пайымдау арқылы тілдің кешенді даму сипаты анықталады. Фонетикалық, семантикалық, синтетикалық, аналитикалық тәсілдер арқылы – атау жасалады. Атауды лебіндегі коммуникациядан және танымдық қызметтен бөліп қарауға болмайды. Ойлаудың кез-келген материалдық бейнесі, ең алдымен, хабарлауға байланысты. Ал сөзжасам мен оның нәтижесі болып табылатын атау тілдегі лексикалық бірлік ретінде ғана емес, әлем бейнесін таңбалауға қызмет ететін номинативтік қызметімен бағаланады. Таным феномені ретінде танылатын тілдегі сөздік құрамның барлығына дерлігі туынды сөздер болғандықтан, ономазиологиялық аспектіден зерттеудің маңызы зор.

Атаудың қалыптасу тарихында тілде ортақ сөзжасамдық қалыптар түзіледі. Осы сөзжасамдық қалыптар кешені сөзжасамдық тәсілдердің жіктелуін туғызады. Еңбекте сөзжасамдық тәсілдер арнайы әңгіме арқауы болып, сөзжасамдағы ерекшелігі мен қалыптар сипаты айқындалады. Сөзжасамдық қалыпта жасалатын сөзжасамдық мағынаның тарихи-семантикалық коды көрсетіледі. Туынды сөздің номинативтік құрылымы

күрделі, сондықтан ішкі семантикалық қалыптасуы уәждеме арқылы негізделеді. Туынды сөзді негіздеуші түбір сөздің мағынасы макросема деп танылып, семалар жіктелуі мен тұлғалар жіктелуі бір-бірімен байланыста қарастырылады. Этимон түбірлердің архисемасы, өзексема мен арнаулы сема, ортақ сема мен негізгі семалар анықталып, олардың туынды сөз мағынасындағы деңгейі айқындалады. Сөздердің жасалуында парадигматикалық қатынас пен синтагматикалық қатынастың рөлі мен маңызы талданып көрсетіледі.

I. СӨЗЖАСАМНЫҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ

1.1. Сөзжасамның нысаны мен жеке пән ретіндегі сипаты

1.1.1. Сөзжасамның зерттеу нысанын айқындау

Тіл дамуы – көнеден келе жатқан күрделі әрі кешенді құбылыс. Оның қалыптасқан өзіндік ішкі және сыртқы даму заңдылықтары бар. Тілдің ішкі дамуын салалық заңдар анықтаса, когнитивті тұрғыдан қарастыру арқылы – адамның қоғам мен өмірді тануын, танымның уақыт аралығында болатынын, зат пен ұғым, ұғым мен сөз – таңба арасындағы байланыстарды зерттеуге болады. Тіл дамуы әлем бейнесін танып-біліп, олардың әртүрлі белгісі мен қасиеті, сапасы мен саны, қимылы мен әрекеті, амалы мен сипатына атау беру арқылы орындалады. Заттар мен құбылыстардың белгілеріне атау, есім беру халық танымымен, ой-санасының өсуімен, ұлттық психология мен діліне байланысты. Табиғи болмыс пен қоғамдағы құбылыстарға, заттарға атау беріп, оларды белгілі таңбамен таңбалау жүйесі жаңа сөз жасау үдерісі негізінде орындалады. Жаңа сөз жасау, белгілі құбылыс пен затқа атау беру – номинация мен сөзжасамның зерттеу нысаны.

Сөзжасам атаудың жасалу сипаты мен уәждемесін (негізделуін), жасалу тәсілі мен жаңадан туындаған мағынаның ішкі құрылымын анықтайды. Сөзжасам үдерісінің көнелігі тілдің шығу кезеңімен қарайлас, себебі әртүрлі әлем бейнесіне атау беріп, алғашқы атаудың жасалу сипаты мен одан туындайтын басқа ерекше мағыналарынан бастап, бұл үдеріс тілдік тәжірибеде үнемі жүреді. Сондықтан сөзжасам тарихы күрделі, өзіндік ішкі даму заңдылықтары, жаңа сөз туғызатын тәсілі мен қалыбы бар тіл білімінің кешенді бір саласы ретінде бағаланады. Жаңа сөз жасаудың сипаты мен құрылымын тану күрделілігі атау бейнелейтін заттың, құбылыстың және олар туралы ұғымның қатынасын анықтау қиындығымен байланысты. Туынды сөз жасау, көбінесе, басқа тілдік құбылыстар арқылы негізделіп орындалады. Себепші (уәждеуші) сөз арқылы негізделіп, әр түр-

лі сөзжасамдық тәсілдер арқылы пайда болған жаңа мағыналы тұлғалар туынды сөздер болады, мұндай жасалымдар – сөзжасамдық үдеріс негізінде орындалғандықтан, сөзжасамның негізгі зерттеу нысанына айналады. Туынды сөздер екі не бірнеше морфемалар мағынасы арқылы жасалып, күрделі құрылымға ие болады. Сөзжасамдық аспектіде туынды сөздердің мағынасын айқындау – олардың ішкі семантикалық құрылымын зерделеу деген сөз.

Туынды сөз мағынасы түбір мағынасы арқылы жасалып, негізделгендіктен, тарихи тұрғыда түбір мағынасын анықтау қажеттігі туындайды. Көне этимон түбірлердің мағыналық қырлары айқындалып, туынды сөзді туғызуға себеп болып тұрған сема деңгейі көрсетілуі қажет. Сондықтан тарихи тұрғыда, *сөзжасам дегеніміз – этимон түбірлердің мағыналық және тұлғалық жіктелуі, дамуы нәтижесінде ұғымда танылған заттар мен құбылыстарды таңбалау үшін, әр түрлі сөзжасамдық тәсілдер негізінде сигнификатты және денотатты мағыналы туынды сөздердің жасалуы*. Екіншілік мағына беретін тілдік тұлғалар тарихи тұрғыда этимон түбірлер санатына ене алмайды, мағыналық жағынан ерекше семаға ие болып, тұлғалық жағынан фонетикалық не морфологиялық өзгеріске түскендіктен, негіз сөз ретінде ұғынылады. Сондықтан туынды сөз мағынасын негіздеуге қатынасатын себепші негіздерді түбір ретінде емес, негіз ретінде анықтаймыз.

Сөзжасам – негіз сөз арқылы жасалған екіншілік мағыналы сөздердің қалай жасалатынын, негіз сөздің ішкі семантикалық құрылымын, жасалған туынды сөздің ішкі семантикалық құрылымын; туынды сөз жасауға қатысатын сыңарлар мағынасын; сөзжасамдық мағынаны, сөзжасамдық типті, сөзжасамдық қалып пен тізбекті; сөзжасам негізінде қалыптасқан түбірлес сөздерді; сөзжасамдық заңдылықтарды – ұқсатуды (аналогия), ассоциация мен абстракцияны; номинация мен уәждеме қағидаттарын; сөзжасамның амал-тәсілдерін; сөзжасамды айқындаудың негізгі шарттарын және т.б. теориялық мәселелерді ономасиологиялық аспектіде қарастырады. Ономасиологиялық аспектіден қарастырылу себебі, сөзжасамдық үдеріс әлем бейнесінің ұғымын бейнелейтін таңба жасау үшін орындалады. Ал ономасиология – осы атау үдерісін зерттейтін сала. Ономасиология теориясының қайнар көзі антикалық кезеңнен бастау алады. Тілдің жасалу табиғаты мен атау теориясы

антикалық философияның ең маңызды бөлігі болған. Зат не құбылыс атауының пайда болуы, шындығы мен жалғандығы туралы мәселе сол кезеңнің өзінде-ақ ғылым алдында тұрған басты сұрау екен.

Сөзжасамның негізгі нысаны – сөз жасау үдерісінің негізінде жасалатын туынды сөз. Сөзжасамдағы негізгі тілдік бірлік те – туынды сөз. Барлық туынды сөздердің жасалу жолы мен ішкі семантикалық құрылымын, сыртқы тұлғасын зерттеу үлкен ғылыми-теориялық мәселелерді қамтиды. Сөзжасамдық парадигма мен синтагма мәселесі, сөзжасамдық синонимия, сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық варианттар, сөзжасамдық тип пен деңгей, сөзжасамдық қатар, сөзжасамдық қалып, сөздің жасалу мәселелері де сөзжасам саласы зерттейтін басты нысандар. Сөзжасам жүйесі күні бүгінге дейін тек синхрондық аспектіден зерттеліп келгендіктен, туынды сөздің жасалу табиғаты, тарихи қалыптасу және даму жүйесі анықталмаған. Сөз таптарының сөзжасамдық қалпын жекелей зерттеу, сөзжасамның жалпы теориясын қалыптастырып, жүйелі заңдылықтары мен салалық табиғатын ашуға мүмкіндік бермейді. Оның нәтижелері тек қазіргі тілімізде сөзжасам көріністерін айқындаумен ғана шектеледі, тілдің тарихи дамуы мен қалыптасу жолындағы тарихи номинациялық заңдылықтар мен атаудың тарихи уәжделу жүйесін көрсете алмайды.

Туынды сөздердің құрамдық ерекшелігін зерделеуде, оларды сөз табына бөле отырып, жүйелеу морфологияда қарастырылғандықтан, әрі сөз табы – морфологияның негізгі зерттеу нысаны болғандықтан, сөзжасамды сөз табының шегінде зерттеу, әлі де морфология құрамынан шығара алмау, жеке сала ретінде қалыптасу шегіне жетпеуінің көрінісі. Осы ретте, зерттеу жұмысымыздың негізін сөзжасамның тарихи жасалу, қалыптасу, даму жүйесін айқындау, туынды сөздердің тарихи даму желісін пайымдау деп алып, сөзжасамды дәстүрлі грамматикада қалыптасқандай сөз таптарының негізінде емес, өзінің ішкі табиғи даму сатылары негізінде, сөз жасау типтері мен тәсілдеріне сәйкес онтологиялық, когнитивтік аспектіде талдаймыз. Сөзжасам сөз туғызатын үдеріс болғандықтан, сөз жасау тәсілдері арқылы іске асады, номинациялық ұғымды белгілейтін атау жасау жолында қызмет етеді. Атау – адамзат танымының көрінісін бейнелейтін феномен ретінде танылып, атау жасаушы амал-тәсілдер-

дің тарихи көрінісін, даму жолын бағамдау арқылы, сөзжасамның негізгі теориялық мәселелері қамтылады.

Тіл дамуының тарихи сипатын лингвогенездік, лингвомәдени, тарихи-семантикалық аспектіде зерттеу мәселенің зәрулігін анықтай түседі. Тілдің тарихи дамуы – уақыт ішінде танылған әлем бейнесінің әртүрлі сипаты мен қасиетінің тәсілдер арқылы таңбалануы деп пайымдасақ, түптеп келгенде, мұның өзі, сөзжасамдық үдеріс болады. Сөзжасамдық үдеріс концептуалды жүйенің қалыптасуы нәтижесінде жасалады. Тіл дамуы таным дамуы негізінде айқындалады, ал оның нақты көрінісі мен таңбалануы сөзжасамдық үдеріс негізінде іске асады. Таңбалар – тілдік бірліктер жүйесі, олардың әртүрлі сипатта көрініп, сан түрлі мағыналарды бере алу қасиеті тек сөзжасамдық мағына арқылы жасалады. Тіл дамуының негізгі де басты көзі – сөзжасамдық үдеріс барысында әртүрлі тәсілдер бойынша жасалатын туынды сөздер. Демек, туынды сөздердің тарихи даму, қалыптасу жүйесін кешенді түрде қарастырып, жаңа мағыналы калпын анықтау – тіл білімінің негізгі проблемаларының бірі.

Қазіргі Қазақ тіл білімінде сөзжасам жеке сала ретінде қалыптасу үстінде деп түсінеміз. Саланың негізгі мәселелері Ғ.Қалиев [50, 51, 52], Н. Оралбаева [53], С. Исаев [57] т.б. еңбектерінде негізделе зерделенеді. Ал тілдің тарихи дамуында сөзжасам рөлі ерекше, дамудың өзі, түптеп келгенде, сөзжасамдық үдеріспен, оның когнитивтік және номинативтік ерекшелігімен өлшенуге тиіс. Жаңа атауды туғызу, жаңа ұғымды таңбалау қызметін атқаратын сала ретінде тарихи грамматикадан өзіндік орны мен үлесін алуы қажет. Осы ретте, мынадай мәселелерді айқындау қажеттігі туындайды:

- сөзжасамның тарихи грамматикадағы орны мен маңызы;
- сөзжасамның жаңа мағынаны белгілеудегі, ұғымды таңбалаудағы рөлі мен маңызы;
- сөзжасамның әлем бейнесін бейнелеудегі морфология, лексикология, синтаксис салаларынан ерекшелігі мен байланысы;
- сөзжасамның дамуындағы негізгі теориялық қисындарды саралау;
- сөзжасамның тарихи даму заңдылықтарын ашу.

1.1.2. Сөзжасамның фонетика мен лексикологиядан, морфология мен синтаксистен айырмашылығы мен байланысы

Сөзжасамның күні бүгінге дейін морфологиямен бір ыңғайда қарастырылып, жігі айрылмауының негізгі себебі – қазақ тіл білімінің «формадан мазмұнға» қағидаты бойынша зерттелу үлгісінде деп есептейміз. Яғни морфология сөз табын, сөз тұлғасын дәстүрлі грамматикада қалыптасқан жүйе бойынша, тек тұлғалық жіктеуге негіздеп зерттеді. Сөздің құрылымын түбір мен негізге бөлу, қосымшаны жалғауға және жұрнаққа бөлу, жұрнақ жалғанған сөздерді – мағынасы өзгерген жаңа сөздер, жалғауды мағынасы түрленген сөз тұлға деп қарастыру – дәстүрлі грамматиканың негізгі жетістігі. Әрине, морфологиялық зерттеулер грамматиканың дамуындағы үлкен белес еді. Бірақ жаңа сөздің жасалу табиғатын морфология айқындап бере алмайды. Морфологияның негізгі зерттеу нысаны – сөз таптарына жіктеу, категориялар мен мағыналық тип, сөз түрлендіруші тұлғалар мен олардың семантикасы және т.б. Ал сөзжасам зерттейтін нысан – суффикстік тәсіл, семантикалық тәсіл, фонетикалық тәсіл, аналитикалық тәсіл (біріккен сөз, қос сөз) арқылы жасалған жаңа номинативті атаулардың жасалу үдерісі. Мұндай мәселелерді анықтау үшін «формадан – мазмұнға» қағидасы жетімсіз. Сөзжасамды «мазмұннан – формаға» қағидасы бойынша зерттеу қажеттігін түркітануда бірінші рет Ф.А. Ганиев айтқан еді [63, 27-31]. Бұл қағиданың негізгі мақсаты – тілдік таңбаның ішкі мағыналық жағын тереңдей зерттеу, ішкі құрылымдық мағынаны зерттеу арқылы таңбаны тану. Сөзжасамның ішкі мағыналық құрылымы ұғымды бейнелеуші таңбаның когнитивтік сипатын ашумен байланысты қарастырылады. Яғни әлем бейнесін белгілеуші тұлға ретінде бағалап, оның объективті шындықпен қарым-қатынасы, таныммен байланысы сараланады.

Сөзжасамды синхрондық аспектіде зерттеген С. Исаев көптеген теориялық мәселелерді айқындай отырып, оның морфологиядан бөлек жеке сала екенін ашып көрсетеді [57, 236-253]. «Сөзжасам, – деп жазады автор, – сөз таптарын жасау, тудыру емес, тілдің лексикалық құрамын байытатын жаңа мағыналы сөз тудыру, тек одан кейін жаңа жасалған сөздің грамматикалық сипаттары арқылы ол белгілі бір сөз табына енеді» [сонда, 244]. Ғалымның сөзжасам үдерісі жаңа сөз табын жасауға қызмет ет-

пейді, жаңа сөз жасайды деген ғылыми тұжырымында терең мән бар деп түсінеміз. Сөзжасам үдерісі кезінде түзілген жаңа атау – затты не құбылысты, оның әртүрлі белгілері мен қасиетін атау қажеттілігінен ғана туындайды. Пайда болған ұғымды жаңа сөзбен атау барысында, қай сөз табына жату керектігі ескерілмейді, бұл лебіз үшін ең маңызды нәрсе емес. Сөйлеу не лебіз адамның қарым-қатынас құралы, ал адам үшін ең басты нәрсе өзі таныған заттық не құбылыстық белгіге атау беріп, оны таңбалап, тілдік тәжірибеде жұмсау. Демек сөзжасам морфологияның ішінен туындамайды, қайта сөзжасам негізінде пайда болған сөздерді жүйелеу үшін, грамматикалық құрылымды саралау үшін, морфология саласы келіп шығады, сондықтан сөзжасамды ең көне тілдік сала деп танымыз.

Атау жасалуы барысында қай сөз табына жататындығы біріншілік маңызға ие болмайды. Сөздің атаулық сипаты мен мағынасы, беретін ұғымдық мазмұны маңызды болады, яғни сөзжасамды тарихи аспектіден зерттегенде, сөз табының жасалу жүйесіне салып зерттеуге болмайды. Сөзжасам жүйелі құбылыс болғандықтан, әрі атауға қызмет ететін, тілдік ұғымды таңбалайтын мағыналы жүйе болғандықтан, заттық, сындық, қимылдық мағыналар бір-бірінен сөз табы ретінде ажырағанымен, мағыналары бір-біріне жақын болып, бір генетикалық түбірден өрбіп, бір семантикалық өрісте жатады. Тарихи тұрғыда сөзжасамды сөз табына бөліп зерттеуден гөрі, зат пен құбылыстың негізгі белгілері мен қасиеттеріне сәйкес аталатын жаңа атауларды мағыналық сипатына сәйкес номинативтік, когнитивтік аспектіде қарастыру абзал. Сонда туынды сөздер семантикалық деңгейде қарастырылып, мағыналық тұтастық, біртектілік ыңғайында зерделенеді.

С. Исаев пікірі сөзжасамның тарихи қалыптасу, даму жолдарын айқындауда да үлкен теориялық маңызды рөл атқарады. Сөзжасам үдерісінің тарихи даму жүйесіндегі негізгі қызметі – жаңа танылған зат не құбылыстың белгісі мен қасиетіне, аты мен әрекетіне қатысты атау туғызу. Атау туғызу қажеттілігі өмірдің ішкі танымдық дамуымен сабақтас қарастырылады. Атау туу үдерісінде есім мен әрекет атаулары нысан белгісі мен қасиетіне, сапасына, басқа нысанға ұқсауына қатысты анықталады. Бір ғана нысанға сәйкес қимыл, қасиет, сапа атауларының бір-біріне жақын болуы, сол нысанның табиғи қалпымен, болмысымен байланысты қарастырылуы шарт. Яғни

сөзжасам үдерісі тарихи тұрғыда, екіншілік мағыналы сөз жасауға ғана қызмет етеді. Ал атаудың қай сөз табына жататындығы мен грамматикалық тұлғалануы лебіз үшін емес, тіл үшін маңызды болады да, морфологияның зерттеу нысанына жатады.

Сөзжасамның негізгі нысаны туынды сөз болғандықтан, оның жасалу жолы мен сипаты, тәсілі мен қалыбы т.б. морфологиялық аспектіден қарастырыла алмасы түсінікті. Туынды сөз күрделі құрылым ретінде жеке негізделуші және негіздеуші тұлғаларға бөлініп сараланады да, мағыналары құрамындағы тұлғалардың мағынасы арқылы негізделеді, уәжделеді. Морфологияның зерттеу нысаны да, зерттеу аспектісі де, сөзжасамнан бөлек екені анық. Сөзжасам мәселесі адам танымымен тікелей қарым-қатынаста, әлемнің тілдік бейнесінің көрінісін таңбалаушы үдеріс ретінде бағалануға тиіс. Сөйтіп, *сөзжасамдық үдеріс ойлаудың тілдегі сипатын танытатын күрделі құрылым делініп, онтогенездік аспектіден қарастырылады.*

Грамматикалық, лексикалық тұлғалардың ішкі құрылымдық семантикасын анықтағанда ғана, олардың ішкі табиғаты мен мәні айқындалады, парадигматикалық және синтагматикалық байланыстылығы ашылады. Сөзжасамның осындай мәселелерін айқындауда морфология қауқарсыз болып шығады. Демек сөзжасам мен морфологияның ерекше сипаты зерттеу нысанында ғана емес, зерттеу қағидаттарымен де ерекшеленеді.

Морфология мен сөзжасам бір-бірімен тығыз байланысты да. Себебі морфология сөздің құрамын зерттеуде сөздің түбір мен қосымша морфемаларын, лексикалық және грамматикалық мағыналарын тексерсе, сөзжасам туынды сөздің құрамындағы бөліктерді негіз сөз және сөз тудырушы тұлға ретінде қарастырып, олардың сөзжасамдық мағынасын талдайды. Демек морфология да, сөзжасам да туынды сөздерді нысан етіп алғанда байланыстылығы көрінеді, ал әр түрлі аспектіден талдануы – ерекшелігін сипаттайды.

Сөзжасамның қарастыратын ерекше теориялық мәселелері – сөзжасамдық мағына мен оның қалыптасу жолдары. Біз бұған дейін дәстүрлі грамматикадан сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасы туралы мағлұмат алсақ, енді туынды сөздердің сөзжасамдық мағынасын бөлек қарастырамыз. Сөзжасамдық мағынаның көрсетілетін екі мағынадан айырмашылығы көп. Түбір сөзді, негізгі морфологияда тек лексикалық мағына білдіруші морфема ретінде қарастырып, жасалу тарихын

айқындаса, сөзжасамда түбір сөз бен негіз – туынды сөз жасаушы «себепші негіз» ретінде басқа қырынан қарастырылады.

Сөзжасам жеке сала ретінде бөлінгендіктен, жасалу тәсілдері мен амалдарына ерекше назар аударылады. Әсіресе, морфологияда сөз болмаған сөзжасамның фонетикалық, семантикалық (конверсия, транспозиция), аналитикалық тәсілдеріне көп көңіл бөлінеді. Морфология негізінен сөздерді сөз таптарына бөліп зерттеу арқылы ғылыми нәтижелерге қол жеткізеді. Ал сөзжасам сөздің жасалуындағы негізгі тип пен қалыпты, тізбекті анықтау арқылы жасалу шегін болжайды. Морфологияда түбірлес сөздердің семантикалық табиғаты айқындалмайды. Сөзжасам түбірлес сөздерді генетикалық деңгейде, тарихи даму барысында қарастырып, түбір семасының жіктелуі мен семалардың сақталуын түгелдей зерттейді. Яғни түбірлес сөздер құрамындағы архисеманың сақталу деңгейі, өзексема, арнайы (жіктеуші) сема, ортақ сема т.б. семалар айқындалып, түбірлес сөздердің мағыналық дамуы анықталады. Морфология сөз таптарының қағидаттық негізін, сөз түрлендіруші, форма түрлендіруші тұлғаларды, олардың мағыналық сипатын терең барласа, бұл мәселелер сөзжасамға енбейді. Сөзжасамда сөз таптарына тән категориялардың ешқайсысы туралы әңгіме болмайды. Бұл тек морфологияның үлесінде.

Сөзжасам мен лексикологияның арасында да байланыс пен өзіндік ерекшеліктер бар. Лексикология сөздік құрамдағы бүкіл сөздердің мағынасын, шығу этимологиясын зерттейді десек, сөздік құрамға туынды сөздер де енеді. Лексикология туынды сөздер мағынасын бүтін номинативті атау ретінде, лексикалық мағына беретін таңба ретінде қарастырады. Туынды сөз – жеке лексикалық мағына беретін тұлға ретінде лексикологияның нысаны. Бұл – екі саланың түйісетін жері, лексикология туынды сөзді бүтін бірлік ретінде, ал сөзжасам күрделі құрылым ретінде қарастырып, ішкі мағынасының қалыптасуында пайда болатын сөзжасамдық мағынаны зерттейді. Яғни зерттеу аспектісінің ерекшелігіне сәйкес, екі сала ажыратылады. Сөзжасамды тілдің дамуын қамтамасыз ететін үдеріс ретінде танымыз, ал лексикология оның нәтижесін қалыптасқан сөздердің мағынасын зерттейтіндіктен, лексикалық бірліктерді сөзжасамдық нәтиже деп түсінеміз. Сөзжасам – үдеріс, ал лексикология оның нәтижесін зерттейтін сала.

Сөзжасамның тарихи фонетикамен де тығыз қарым-қатынасы бар. Бұл байланыс тарихи тұрғыдан зерттеулерде ерекше көзге түседі, өйткені фонетикалық дыбыс алмасулар мен сәйкестіктер сөз мағынасын өзгертуде үлкен рөл атқарған. Дыбыстық өзгерістер нәтижесінде сөзжасамдық үдерістер басталып, тіл дамуы арқылы бірте-бірте мағыналы номинативті сөздер туындаған. Мысалы: *ауа – әуе, өкір – өгіз, құт – құл, далаң – жалаң, жаға – саға - таға* т.б. Яғни фонетикалық заңдылықтар негізінде таңбалар тұлғалық жағынан өзгеріске түсіп, ерекше ұғымды таңбалап, туынды мағына жасайды. Атаудың номинативтік ерекше мағынасын көрсету үшін, дыбыстар сәйкес дыбыстарына жіктеліп, жаңа таңбалық жамылғыштар жасайды.

Сөзжасам саласы тарихи синтаксиспен де тығыз байланыста қаралуы тиіс. Синтаксистік еркін тіркестердің ауыспалы мағынада жұмсалуды арқасында, тарихи тұрғыда, тұрақты тіркестер жасалғаны белгілі. Тұрақты тіркестердің номинативті мағынада жұмсала алу қабілетіне ие болуы сөзжасамдық үдеріспен тікелей байланысты. Сөз тіркесі мен күрделі сөздердің лексикаланып, туынды номинативті мағынада жұмсалуды, сөзжасам үдерісі нәтижесінде туындаған сөзжасамдық мағынамен сабақтас. Тіл дамуы барысында сөз тіркесі мен күрделі сөздер номинативтік қызмет атқарып, жеке атаулық мәнге дейін жете алады. Сөздің контекстік қызметі арқылы мағыналық жағынан дамитыны, сөйтіп әр түрлі транспозициялық мәнге ие болатыны белгілі. Функционалды транспозиция бір сөз табының екінші сөз табына өту сипатын белгілейді. Ал сөздің бір сөз табынан екінші сөз табына өтуі де сөзжасамдық аспектіден қарастырылып, ондағы мағыналық құрылымның көрінісі сөзжасамдық мағына негізінде түсіндіріледі.

Сөз қызметінің өзгеруіне сәйкес орындалатын заттану, сынсапалану, етістіктену, үстеулену, есімдіктену үдерістері – тікелей сөзжасамдық үдеріс көріністері. Сөз мағынасының әртүрлі сипаты контексте, яғни сөйлем ішінде ғана анықталады, сөздің ерекше мағыналары сөйлемнен тыс көріне алмайды. Тек сөйлем ішінде туынды сөздердің ерекше мағыналары нақтылана түседі. Демек, синтаксис пен сөзжасамды байланыстыратын ортақ тұстар да мол.

Тілдің басқа салаларынан сөзжасам саласы өзіндік ерекшеліктерімен бөлектеніп, өзіндік дербес нысаны мен сипаты бар

тіл білімнің ерекше саласы ретінде айқындалады. Тарихи сөзжасамның дербестігі мен ерекшелігі әр түрлі қырынан танылады. Тарихи сөзжасам – ең алдымен, тілдегі жаңа бірліктерді туғызушы сала. Бұл тұрғыда, ол ономаσιологиямен шектеседі. Екіншіден, тарихи сөзжасам саласы туынды сөздің жасалу тарихы мен мағыналық даму жүйесін кешенді түрде қарастырады. Сөзжасамдық ұяның төркінін, біріншілік және екіншілік мағыналардың қалыптасу ретін, туынды сөз ретіндегі мағыналық тұтастығын зерттейді. Үшіншіден, туынды сөздердің тарихи қалыптасу сипатын пайымдап, түбірлес сөздердің арасындағы мағыналық ортақтықтың себебі мен семантикалық дамуын көрсетеді, олардың арасындағы генетика-семантикалық бірлікті айқындайды. Төртіншіден, тарихи сөзжасам сөз туғызудың тарихи тәсілдері мен қалыптарын зерделеп, олардың жүйелі сипатын, рөлін, сөздік құрамды дамытудағы маңызын сипаттайды. Тарихи сөзжасам адам танымының көрінісі болғандықтан, онда ұлттық дәстүр мен діл, психология мен салт-сана бейнеленеді, өзіндік «қолтаңба» жасайды.

Сөзжасам тарихын зерделеу аса күрделі де жауапты іс, себебі, түптеп келгенде, бұл тілдің даму тарихын зерделеумен парапар. Тіл дамуы сөз жасалу арқылы ерекшеленетінін мойындасақ, онда сөзжасам саласының кешенді зерттелуі адам танымының өсу сипатын да таныта алады деуге болар еді. Танымның кез келген түрі тілде таңбаланады, тілде таңбаланбайтын ұғымдық түсінік пен адами пайым сирек. Тіл феноменін кез келген табиғи құбылыстың белгіленуіндегі іс-әрекеттің танымдық және коммуникативтік міндетін атқаратын белгілер жүйесі деп танимыз. Сонымен қатар, адамзаттың маңызды сипаты мәдениет те тіл негізінде пайда болып, тілдің «таңбалық» қасиеті арқылы танылады.

Сөзжасам мәселесін тарихи тұрғыдан саралауда, ең алдымен сөздің, лебіздің қоғамдағы рөлі мен маңыздылығын айтпас бұрын, олардың пайда болу жолы мен шығу тарихын анықтап алу қажет. Сөзжасамдық үдерістің ерекшелігі оны қазіргі және тарихи тұрғыдан қабылдауға болатындығынан туындайды. Қазіргі лингвистикада глоттогенез, жалпы онтология мәселесінің грамматикалық-сипаттамалық ілімдер арасында қарастырылмауының басты себебі, тілдің «қатынас құралы» ретінде ғана, жалпы «құрал» ретінде бағалануынан. Тіл – сананың, рухтың көрінісі, ойлаудың байланыс жасау құралы ғана емес,

олардың орындалуының негізі. Тіл арқылы сана дамып, жад қалыптасып, рухани мәдениет жасалады. Тіл – табиғи жолмен пайда болған, адам дамуымен қатар дамиды, полифункционалды, ұғымның көрінісін таңбалаушы семиотикалық жүйе.

Тарихи сөзжасам мәселесінде, тіл мен ойлау арасындағы қатынасты елемей кетуге болмайды, өйткені шындықтың көрінісі, заттар мен құбылыстардың арақатынасы, ең алдымен, ойлау арқылы танылады. Тіл – ойлау нәтижесінде пайда болады. Ойлау үдерісінің негізгі үш түрінде: тәжірибелік-әрекеттік, образдылық-бейнелілік және лингво-логикалық ойлаудың құрылымында (ұғымдар, категориялар, теориялар) адамзаттың танымдық және әлеуметтік-тарихи тәжірибесі көрініс табады. Сөздің жасалуы – ойлауға тәуелді үдеріс. Ал сөздің фонетикалық сипаты адам санасындағы күрделі нейрофизиологиялық үдерістер мен артикуляциялық қабілеттерге байланысты болады деген пайымдаулар сөздің жасалуы туралы ешқандай мағлұмат бере алмайды.

Лингвомәдени аспектіден алғанда сөздің пайда болуы, яғни сөз онтологиясы бүкіл адамзат мәдениетіндегі құбылыстарға қатысы бар мәселе. Этнолингвистика мен психоллингвистика салаларының дамуы – адамзат қоғамындағы әлеуметтік құбылыстардан туындайтын лингвистикалық көзқарастың жемісі. Жеке ұлттық санасының өсуі, ұлт мәдениетінің оқшаулануы тілдер мен халықтар арасындағы ерекшеліктерден туындайтыны белгілі. Бұл тұрғыда, этнолингвистикалық зерттеулер ұлттар арасындағы, яғни тілдер арасындағы ерекшеліктерді айқындауға күш салып келеді деуге болады. Ал лингвомәдени аспектіде зерттеу дегеніміз, ең әуелі тілдер арасындағы жалпы адами гуманитарлық, мәдени, өркениеттілік қырларды айқындау. Сөзіміз дәлелді болу үшін, адамзат тілінің қалыптасып дамуындағы жалпы, ортақ құбылыстарға жүгінеміз. Глоттогенез, моногенез, лингвогенез, ностратикалық тілдер теориясы идеология әсерінен арылған, таза күйінде жалпы адамзаттық мәдениеттің тарихы тамырлас екенін көрсетеді. Бұл арнада, сөзжасам мәселесінің семантикалық қыры, яғни тарихи сөзжасамның зерттелу нысаны мен пәні дұрыс айқындалуы қажет.

Сөзжасам мәселесіне В. фон Гумбольдтың мынадай пікірі тікелей қатысты: «Язык следует рассматривать не как мертвый продукт, но как созидающий процесс. При этом надо абстрагироваться от того, что он функционирует для обозначения пред-

метов и как средство общения, и вместе с тем с большим вниманием отнестись к его тесной связи с внутренней духовной деятельностью и к факту взаимовлияния этих двух явлений» [58, 69]. Сөзжасамның лингвомәдени қырының бірі – тілдің танымдық немесе когнитивті қызметімен тығыз байланыстылығы. Танымдық қызмет арқылы қоршаған орта туралы жаңа білім, жаңа таным жасалады. Танымдық қызмет адамның ойлау жүйесімен байланысты, тіл бөлшектерінде адам ойы нақтылы көрініс табады. Тілдің эпистемиологиялық қызметі арқылы қоршаған орта туралы қалыптасқан, адам санасында жасалған гносеологиялық бейнелер сақталады, яғни тіл бөлшектері объективті шындықты атап [номинация], ойлау үдерісіне қатынасады.

Тіл – таным көрінісі ретінде, мәдениет жетістігінің когнитивті көрінісі болады, сөздің тарихи қалыптасу сипаты мәдениеттің тарихилығын да танытады. Таным арқылы барлық мәдениет түрлері жасалып, әлемнің концептуалды бейнесі ойлау нәтижесінде тілде таңбаланады. Табиғаттағы, әлемдегі құбылыстар, қоғамдағы сана мен салт, бәрі де тілде өз көрінісін табатындықтан, атау мен жасалу сипаты лингвомәдени аспектіден қарастырылады. Тілде қалыптасқан кез келген тілдік элемент болмысты бейнелеп жасалған кезінен бастап, адамзат тарихы мен мәдениетіне қатысты. Ойлау жүйесі адам баласына ортақ болғандықтан, сөздің жасалуы мен келешектегі дамуы ұқсас болуы заңды құбылыс. Тілдегі ішкі заңдылықтарды мойындасақ, онда тілдің тұтас жүйе екендігін де мойындаймыз, әуелгі мағына мен тұлғалардың жасалуы арқылы тілдің тууы – мәдени-тарихи құбылыс ретінде танылады.

1.1.3. Сөзжасамның негізгі ұғымдары

Сөздің жасалу жүйесі тілдің қалыптасу жолын белгілейді. Тіл дамуының нақтылы көрінісі сөздің мағыналық дамуы мен жасалу сипатынан танылады, сондықтан сөзжасамның теориялық мәселелерін айқындау жалаң қалыпта емес, кешенді жүйеде қарастырылуы тиіс. Сөз жасауға семантика, морфология, фонетика, синтаксис т.б. әр түрлі деңгейде қатынасатындықтан, сөзжасамның теориялық негізін де тарихи фонетика, тарихи лексикология, тарихи грамматика, этимология, семасиологияда қалыптасқан теориялар арқылы айқындаймыз. Бұл салалардың барлығы, түптеп келгенде, сөз туғызу үдерісі мен жаңа сөздің мағынасын зерттеуге бағытталады.

Қазақ тіл білімінде сөзжасамның негізгі теориялық мәселелерінің көп жайттары ашылмаған, соңғы жылдарда ғана жазылған кей зерттеулерде сөзжасамның теориялық мәселелері қарастырыла бастады. Сөзжасам табиғатын тарихи тұрғыдан танып, оның ішкі құрылымдық мағынасын айқындауда этимологиялық зерттеулер мен уәждеме теориясы негізге алынады. Туынды сөздің негізділігі түбір арқылы ғана айқындалатындықтан, басты мәселе архитүбірдің макромағынасын айқындауға тіреледі. Ал бұл – тілдердің моногенез теориясы, бір буынды түбірлер тарихы, глоттогенез т.б. күрделі мәселелерді қозғайды. Демек сөзжасам теориясы – этимологиялық, семасиологиялық, номинациялық, уәждеме теорияларымен тығыз қарым-қатынаста болып, ортақ нәтижелерге сүйенеді. Туынды сөздің жасалу жолын күрделі ономасиологиялық аспектіден қарастыра отырып, жаңа сөздің жасалу жүйесін номинация теориясы арқылы түсіндіреміз. Таңба мен ұғымның, ұғым мен зат арасындағы қарым-қатынастың, жаңадан жасалған туынды сөздің мағынасы мен құрамындағы бірліктер мағынасының арақатынасы номинация теориясы негізінде зерделенеді. Номинация теориясы – номинативті қызметті сипаттайды, тіл бірлігінің жасалу жүйесі мен атау беру жолын зерттейді.

Сөзжасам теориясының басты тұғырының бірі – уәждеме. Уәждеме арқылы сөз жасаушы тұлғалардың құрылымдық сипаты мен сөзжасамдық мағына айқындалады. Түптеп келгенде, уәждеме теориясы этимологиядан тығыз байланысты болады. Уәждеменің маңызды желісі, бір ұшы этимологияда жатады. Егер этимологиялық зерттеулер болмаса, уәждеменің мәні айқындалмас еді.

Сөзжасамның негізгі теориялық ұғымдарына сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық қатар, сөзжасамдық парадигматика мен синтагматика, сөзжасамдық үлгі мен қалып, сөзжасамдық тізбек, сөзжасамдық мағына, туынды сөз, негіз сөз, екіншілік мағына т.б. жатады.

Сөзжасамдық ұя – сөзжасамның негізгі ұғымы. Сөзжасамдық ұя дегеніміз – жаңа сөзжасамдарға негіз болатын, ортақ, өзек мағына қалыптастыратын сөздердің жиынтығы. Бір сөзжасамдық ұядан тараған туынды сөздердің мағынасында шеткей өрісте түбірдің мағынасы сақталады. Сөзжасамдық ұяның мағынасын айқындау арқылы сөзжасамдық тізбекті тану мүмкін болады. Мысалы: «Өк», «бөл» деген сөзжасамдық

ұялардан, сөздің дамуы нәтижесінде мынадай туынды сөздер қалыптасқан: *өк – өгіз – өгізше, өгіздей, өгіздік; өкір – өкіреш – өкіреңдеу; «бөл» – бөлу, бөлік, бөлік, бөлік, бөлек, бөлектену, бөлісу, бөлме, бөлтек, бөлке (нан), бөлдек, бөлгізу, бөлгіш, бөле жару, бөле* (апалы-сіңілі екі қыздан туатын балалар, яки «қаны, туыстығы екіге бөлінген» семасы арқылы негізделген). Бұл мысалдарда «өк» және «бөл» түбірлерінің сөзжасамдық дамуы көрсетілген. Сөзжасамдық ұяның мағынасы туынды сөзбен салыстырғанда ауқымды әрі кең болады. Сөзжасамдық мағына осы сөзжасамдық ұяның мағыналық шеңберінде дамиды.

Сөзжасамдық тұлға – сөзжасамның негізі ұғымы. Сөз жасауға қатысатын ерекше тұлғалық және семантикалық сөзжасамдық бірлік. Сөзжасамдық тұлға жеке сөз түрінде немесе суффикс түрінде болуы ықтимал. Айталық, суффикстік тәсілде негіз сөзге суффикс жалғанып, екі сөзжасамдық тұлға қатысып тұрады.

Сөзжасамдық мағына – сөзжасамдық үдерісте қалыптасқан туынды мағына. Негіз сөз бен өзге сөзжасамдық тұлғалардың мағыналарының бірігуі не қосарлануы арқылы жасалатын мағына. Сөзжасамдық мағына өзінің белгісі мен реңі жағынан грамматикалық және лексикалық мағыналардан ерекшеленеді. Ол – жекелеген тұлғаның немесе сөздің дара мағынасы емес, сөзжасамдық үдеріс арқылы жасалған, лексикалық мағынадан ерекше мазмұндағы мән. Сөзжасамдық мағына сөздің тұлғалық және семантикалық күрделі құрылымына тән, кемінде екі сөзжасамдық тұлғаның қатысуы арқылы немесе сөздің семантикалық дамуы арқылы пайда болады. Жалпы тіл білімінде бұл мәселенің өзіндік зерттеу тарихы бар (Бодуэн де Куртенэ, Ф.Ф. Фортунатов, Н.В. Крушевский, М.М. Покровский, Л.В. Щерба, В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, А.И. Смирницкий, М.Д. Степанова, Е.С. Кубрякова, П.А. Соболева, И.С. Улуханов т.б.).

Сөзжасамдық үлгі – сөзжасамның негізгі ұғымының бірі. Тіл біліміндегі соңғы зерттеулерде сөзжасамдық үлгіге берілген дұрыс анықтама деп Е.А. Земскаяның «белгіленген үш ерекшелігі» алынып жүр. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» [55, 56] атты монографияда да осы белгілер көрсетілген. Е.А. Земская «Современный русский язык. Словообразования» [64, 182] атты зерттеуінде: «Словообразовательный тип – это схема (формула) строения производных слов, характеризующихся общностью

трех элементов» дей келіп, мынадай белгілерге сүйенуді ұсынады:

- негіз сөздің қай сөз табына жататыны;
- негіз сөз бен туынды сөздің семантикалық арақатынасы;
- сөз тудырушы негіз сөз бен сөзжасамдық тұлғаның сыртқы формасы мен туынды сөздің сыртқы формасының сәйкес келуі;

Яғни сөзжасамдық тәсілдің бірлігі, айталық, аффикстік тәсілде сөз тудырушы аффикстің бірдей болып келуі: *келе+шек, бола+шақ; оқу+шы, жүргізу+ші, жазу+шы т.б.* Ғалымдардың көрсетуінше, бір үлгіге жататын туынды сөздердің мағыналарында ортақ сема бар. Біздіңше, сөзжасамдық үлгіні айқындауда негізгі шарт семантикалық емес, формалық болуы тиіс. Сөзжасамдық тұлғалардың бірдей болуы, сөзжасамдық үлгінің тұлғалық жағынан ұқсас болуына әкеледі. Айталық, -шы суффиксі жалғанған сөздер тек іс-әрекет иесі, маман мағыналарын туғызады. Бұл сөзжасамдық үлгіні таныта алады.

Сөзжасамдық тізбек – бір сөзжасамдық ұядан немесе негіз сөзден тараған туынды сөздер тізбегі. Сөзжасамдық тізбекте негіз сөзден басталатын туынды сөздің өзі екінші, үшінші мағыналы туынды сөздерге негізділік қызмет атқара береді, сондықтан сөзжасамдық тізбек тілдің дамуын танытады. Яғни сөзжасамдық тізбектің жалғасуы, сөз мағынасының даму заңдылығымен сәйкес жүреді. Мысалы:

- күн
- күндіз – күндізгі – күндізгідей – күндізгіше
- күнара – күнаралық
- күн көру – күн көріс
- күнде – күнделік – күнделікті
- күн сайын
- күнгей – күнгейлік – күнгейдей
- күншіл – күншілдік

Бір түбір арқылы өрбіп, өзексеманы сақтай отырып, әртүрлі мағыналар жүйесі сөзжасамдық тізбек жасайды.

От

от + ты – оттық – оттықсыз

от – отау (шөпті отау)

от + ан – отандық

от + ау – отаулық – отаусыз

от + ар – отарлы – отарлық

Демек, бір сөзжасамдық ұядан тараған сөзжасам тізбегіндегі туынды сөздер мағынасында архитұлға мағынасы сақталады. Сөзжасамдық тізбектегі сөздер бір семантикалық өрісте, бір парадигмалық шепте жатады.

1.1.4. Сөзжасамдық амал-тәсілдер

Ерекше мағыналы номинативті туынды сөздер туғызу – тарихи, табиғи үдеріс. Сөздің жасалуы тілдік дамудың кепілі, ол үдеріс ұзақ уақыт аралығында қалыптасып, қалың қауымның ой таразысынан өтіп барып қабылданады. Сөзжасамдық үдерістің көне тарихы бар болғандықтан, амал-тәсілдерінің қатарлары мол. Қазақ тіл білімінде сөзжасамның амал-тәсілдері әр түрлі аспектіде бұрын зерделеп жүрсе де, алғаш рет «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты еңбекте жүйеленді [55]. Бұл еңбекте ғалымдар негізгі үш тәсілді атап көрсетеді: синтетикалық (морфологиялық), аналитикалық (синтаксистік) және лексика-семантикалық тәсілдер. Түркітанудағылық зерттеу еңбектерде сөзжасамдық тәсілдерді бөлуде бірізділік қалыптаса қоймағанын ескерсек, бұл бөліністің де ғылыми тұрақталмағанын айту керек.

Тілдің дамуында этимон түбірлердің өзгеруі, мағынаның жіктелуі, дыбыстардың тектес және әр тектес сәйкестіктерінің дараланумен байланысты болған. Сөз мағынасының семантикалық дамуы, синонимдік, антонимдік мәндердің пайда болуы, дауысты және дауыссыз дыбыстардың жіктелуімен сәйкес жүрген. Демек сөзжасамның көне тәсілдерінің бірі – **фонетика-семантикалық тәсіл** болған деп есептеуге толық негіз бар.

Сөздің етістік немесе есім болып бөлінуі, олардың категориялық тұлғаларының шығуымен тығыз байланысты, әрі бұл жіктеліс сөздің ішкі семантикалық дамуынан келіп шығады. Атаудың ішкі мағынасы әуелде кең әрі күрделі, тұлғалық жағынан өзгеріске түспей-ақ түбірдің немесе негіздің заттық, сындық, болмаса, қимылдық мағына бере алу қабілеті түркілік түбірлерге тән феномендік қасиет. Мұндай түбірлердің мағыналық дамуы конверсиялық жолмен туынды сөз жасауға себеп болады. Тіл білімінде транспозицияның бір сипатын танытатын бұл тәсілді **семантикалық сөзжасам тәсілі** дейміз. Семантикалық сөзжасам тәсілін лексика-семантикалық деу дәстүрлі грамматика тұрғысынан қабылданғанымен, терімсөз ретінде сөзжасамдық аспектіде туынды сөздің ішкі құрылымына қатысты дәл сипатын таныта алмайды. Себебі, «лексика», «лексема» де-

ген терімсөздер сөздің сыртқы тұлғасын, «семема» таңбаның ішкі мағынасын танытатын терімсөз. Ал семантикалық сөзжасамда сөздің сыртқы тұлғасы еш өзгеріссіз қалады, яғни тілдік бірлік лексема ретінде өз көрінісін өзгертпейді, тек ішкі семалық жүйесі жаңа туынды мағынаға ие болады. Семантикалық сөзжасамның көне тәсілдің бар екенін ілгеріде дәлелдейміз.

Синтетика-семантикалық сөзжасам тәсілі кей лексикалық бірліктердің мағынасын жоғалтып, грамматикалық тұлғаға айналған кезеңінде пайда болды. Бұрынғы лексикалық семаның тек жұрнағын сақтаған тұлғалар сөздің түбірінде немесе негізге жалғанып, әуелгі мағыналық реңнің бөлшегін жалғай алатын қызметке ие болады. Яғни кез келген сөз туғызушы суффикс әуел бастағы лексикалық бірліктен туындап, жаңа сөз тудырушылық қызметке ие болған деп есептеледі. Бұлай деуге суффикстердің сөздік тұлғаға сөз өзгертушілік мағына беруі негіз болады. **Синтетика-семантикалық сөзжасам** тәсілі деп бөлудің тағы бір себебі, суффикс жалғанғанда түбір не негіздің тұлғасы да, мағынасы да жаңа сипатқа ие болуында.

Тіл дамуы барысында сөз бен сөздің бірігуі, қосарлануы, күрделенуі арқылы туынды мағыналы сөздер қалыптасты. Сөзжасамның мұндай тәсілін **аналитика-семантикалық** деп атадық. Сөзжасамның аналитика-семантикалық тәсілі қазіргі қазақ тілі деңгейінде жақсы зерттелуде. Зерттеушілер бұл тәсілді аналитикалық деп атап, оның мынадай ішкі түрлерін анықтаған: а) сөз қосым; ә) қосарлау б) тіркестіру в) қысқарту [55, 89-91]. Біздің аналитика-семантикалық деуіміздің мәнісі мынада: аналитика екі негіздің бірігуін, қосарлануын, тіркесуін тұлғалық жағынан сипаттайтын терімсөз болса, семантика – туынды мағынаны айқындау үшін қолданылды. Сонда аналитика-семантикалық сөзжасам тәсілі сөздердің бірігуі, күрделенуі, қосарлануы арқылы жаңа ұғымды бейнелейтін номинативті мағыналы туынды сөз жасайды. Аналитика-семантикалық сөзжасам тәсілінің ішкі сипаты мен сөзжасамдық қалыбы *бірігу, қосарлану, тіркесу* түрінде болады.

Сөзжасамдық бірігудің нәтижесінде екі толық мағыналы сөз бірігіп, олардың мағыналарының негізінде жаңа номинативті денотаттық және референттік деривация жасалады. Сөздердің бірігуі тілдегі парадигматикалық және синтагматикалық байланыстарға тікелей тәуелді болып валенттілік заңы бойынша

жүзеге асады. Сөзжасамдық қосарлану нәтижесінде толық мағыналы екі сөз қосылып туынды жаңа сөз жасайды.

Қос сөздердің мағыналық қырлары лексикологиялық аспектіде зерттелген. Барлық сөз таптарының тіркесуі арқылы жасалған деривациялық туынды сөздер толық зерттелді деуге ертерек. Әсіресе етістіктің тіркесуі нәтижесінде пайда болған туынды сөздерді зерттеу күрделі мәселе болып отыр.

Қазақ тіліндегі сөзжасам тәсілін зерттеген ғалымдар қысқарған сөздерді сөзжасамдық тәсілге жатқызады. Қысқарған сөзді дериватологияның зерттеу нысаны ретінде қарастыру үшін, қысқару негізінде пайда болған туынды сөздер сөзжасамдық шарттарға жауап беруі керек. Ондай шарттар мынадай:

- негіз бен сөз тудырушы басқа тұлғалардың болуы;
- жаңа туынды мағынаның жасалуы;
- туынды мағына мен негіз арасында генетикалық мағыналық байланыстың сақталуы;
- сөздікке тізбе сөз болып енуі;

Мұндай шарттарға бірнеше сөздерден тұратын күрделі сөздер жауап бергенімен, қысқарған сөздер туынды сөздердің көрсеткіші бола алмайды. Қысқарған сөздің өзі туынды сөздердің басқы дыбыстарының, кейде буындарының қысқаруы арқылы жасалып, сол мағынаны еш өзгеріссіз таңбалайды. Қысқарған сөздер табиғатын дұрыс тану қажет, қысқартылған дыбыстық таңбалар арқылы екіншілік мағына туындамайды яғни туынды сөз жасалмайды, екіншілік мағына бұл тұлғаның әуелгі сипатында қалады. Қысқару үдерісінде, қысқару үдерісінен кейін сөз мағынасында ешқандай өзгеру болмайды. Айталық ҚазҰУ, ТМД, АҚШ т.с.с. сөздердің мағынасы өзін жасаушы түбірлердің (АҚШ – Америка Құрама Штаттары) мағынасынан еш айырмасы жоқ, бір-біріне тең, барабар екеніне көз жеткізу қиын емес. Америка Құрама Штаттары деген сөз үш сөздің тіркесуі арқылы жаңа референттік мағынаға ие болып деривация үдерісі орындалса, бұл аналитика-семантикалық сөзжасам тәсілінің нәтижесі болады. Ал АҚШ тұлғасы арқылы туынды мағына тумайды, тек сөйлеуде, жазуда экономия жасау мақсатынан туындаған шартты қабылданған қысқарту. Қысқарған сөздер деривациялық үдеріске түспегендіктен, қысқару кезінде жаңа мағыналы туынды сөз жасалмағандықтан, деривация аспектісінен қарастырылмайды. Біздің ойымызша, қысқарған сөздердің туынды мағынасы сөздердің қысқаруы арқылы берілмейді, сөз-

дердің күрделі тіркесі нәтижесінде айқындалады. Қысқарған сөз – тілдік семантикалық бірлік емес, лексемалық таңба ретінде танылуы тиіс.

Сонымен, Қазақ тіл білімінде сөзжасамның сөз тудыру тәсілдері мынадай:

- 1) фонетика-семантикалық тәсіл;
- 2) семантикалық (конверсиялық) тәсіл;
- 3) синтетика-семантикалық тәсіл;
- 4) аналитика-семантикалық тәсіл.

Кей ғалымдар кірме сөздерді сөзжасамның лексикалық тәсілі ретінде қарастырады [57, 280].

Кірме сөздердің кез келген тілге енуінің себебі – бұрын беймәлім болған затты не құбылысты атау қажеттілігі. Олар лексикалық бірлік ретінде толық номинативті мағына беріп, дербес жұмсала алатын тұлға ретінде енеді. Яғни бастапқы атау жасалған тілде сөзжасамдық тәсілмен жасалып, номинативті бірлік ретінде қабылданады. Екінші тілге енген кірме сөздің таңба ретінде «сіңіп», сол тілдің сөзжасамдық қалыбымен түрлене беруі, сөйтіп, әртүрлі сөзжасам тәсілі бойынша екіншілік номинация туғыза алуы заңды құбылыс. Кез келген толық мағыналы, дербес қолданылатын түбір не негіз басқа тілдегі сөзжасамдық үдеріске қатыса алады, сөйтіп жаңа мағыналы туынды сөз жасайды. Бұл туралы Ғ.Е. Жексенбаева «Қазақ тіліндегі кірме сөздердің сөзжасам қызметі» атты еңбегінде толық жазады. Шынында да, автор көрсеткендей: «Кірме сөздердің сөзжасам үдерісіне қатысты тілдегі негізгі заңдылықтардың, атап айтқанда, синтетикалық, аналитикалық, семантикалық тәсілдер мен үлгілердің аясында іске асып отыратынын айту қажет [Қосымша әдеб. 6, 12-13]. Мұндағы зерттеушінің заңдылық деп отырғаны тәсілдер болса керек.

Кірме сөздер тілдегі тәсілдер арқылы сөзжасамдық үдеріске қатысып, негіздеуші сөз немесе негіздеуші тұлға (суффикс) бола алады. Кірме сөздер жеке тілдік сөзжасамдық тәсіл бола алмайды, себебі:

- жаңа мағыналы туынды сөз жасайтын жүйелі қалыбы болмайды.
- ұғымды таңбалау үшін, дербес сөз ретінде өзге тілден енеді.
- кірме сөзден сөз жасау басқа төл сөзжасамдық тәсілдер арқылы орындалады.

- кірме сөздер жаңа мағыналы сөз жасау үшін тек материал болады.

Кірме сөздер тілге еніп, әр түрлі қызметте жұмсалып барысында, сол тілдің сөзжасамы арқылы түрленіп, жеке лексикалық бірлік ретінде негіздеуші сөз қызметін атқарады, бірақ өзі сөзжасамның жеке тәсілі бола алмайды. Сөзжасамдық тәсіл болу тек тілдің төл сипатынан туындайтын, кешенді жүйелі құбылысқа тән деп түсінеміз. Бұл орайда біз сөзжасамдық тәсіл мен лексикалық жеке бірліктердің тілдің сөзжасамдық жүйесінде қолданылу жағдайына түсінік беруге тиіспіз. Кірме сөз жеке лексикалық бірлік ретінде тілден-тілге еніп, сол тілдің сөздік құрамына қызмет етеді. Бірақ сөздік қорға ене алмайды. Жеке атау ретінде өзінің сапалық белгілері мен қасиетіне, қызметіне сәйкес басқа жаңа атау жасауға бір сыңар ретінде қатыса алады. Мұндағы кірме сөздің қызметі тек бір денотаттың атауы ретінде екінші зат не құбылыс атауын негіздеуі ғана. Ал сөзжасамдық тәсіл – тілдің тарихи дамуының басты әрі негізгі көзі, оның қалыптасқан қалыбы мен жүйесі бар. Жоғарыда көрсетілген қайсыбір сөзжасамдық тәсілдің де өзіндік ішкі заңдылықтары мен қалыптасқан кешенді жүйесі бар. Кірме сөздерді осындай сипатта танытын болсақ, онда неге кірме сөздерден қашамыз, неге терімсөздерді аударып әуре боламыз деген заңды сұрақ туындары сөзсіз. Сондықтан кірме сөздерді сөздік құрамындағы ерекше тілдік қабат деп ұсынып, түсініп, сөзжасамдық тәсілмен шатастырмау қажет, өйткені сөзжасамдық тәсіл тілдің таза тарихи ішкі заңдылықтары арқылы орындалып, тіл дамуына қызмет етеді.

Сонымен, тарихи сөзжасам өзіндік нысаны мен зерттеу әдісі, тәсілі бар тіл білімінің кешенді бір саласы. Тарихи сөзжасам – тіл білімінің барлық салаларымен тікелей байланыста болатын, тілдің дамуына қызмет ететін жүйелі сала. Танымының көрінісі ретінде, адамның ойлау жүйесі мен дәстүрінен, ділінен, менталитетінен мол хабардар етеді. Тіл – ойдың тікелей көрінісі болғандықтан, сөзжасам арқылы танылған зат пен құбылыс таңбаланады, бейнеленеді. Адам танымының өсуіне сәйкес, табиғаттағы заттар мен құбылыстардың әр түрлі белгілері мен қасиеті, сапалық белгілері бірте-бірте танылатындықтан, сөзжасамдық үдеріс те тіл дамуына қызмет етеді.

1.2. Түркітануда сөзжасам жүйесінің зерттелуі

Түркітану ғылымында сөзжасамның зерттелу тарихы бастауын тереңнен алады. Орта ғасырда өмір сүрген, түркі тілдерінің алғашқы грамматикасы мен сөздігін, лингвистикалық картасын жасаушы Махмұт Қашқаридың «Дивани лұғат-ит түрік» атты еңбегінде сөзжасам туралы алғашқы қисындар айтылады. Түркі тілдеріндегі дыбыстық алмасулардың ерекшеліктері, грамматикалық категориялардың мағынасы мен қызметі айқындалады. Автор «түбір сөздерде өзгерістер аз болды» деген тұжырымы арқылы, орта ғасырда қалыптасқан түбір сөздердің құрамының тұрақты әрі қалыпты мағынасы болғандығын айтқан. «Дивани лұғат-ит түрікте» сөзжасамның синтетикалық (морфологиялық) тәсілі, қосарлану тәсілі талданады. Айталық бір ғана «-лық» қосымшалы туынды сөздің мағынасын талдағанда «-лық» -тың үш түрлі өзіндік мағынасы (иелік, істелген іс, мекен мағынасын беру) айқындалып, содан кейін осы тұлға арқылы жасалған туынды сөздің мағыналары сараланады: нәрсенің өскен, өнген жерін білдіретін мағынасы, айтылған нәрсенің аты, кісінің құлқын, табиғатын білдіретін мағынасында жұмсалғанын көрсетеді [1]. Егер қазіргі теория тұрғысынан саралар болсақ, туынды сөздің бір сыңарының семантикасы мен екіншілік мағынаның парадигматикалық байланысын пайымдау деп бағалауға болады.

М. Қашқари түркітануда алғаш рет жалпы есімдердің жасалуын құрамына қарай, түбір және туынды сөз ретінде бөліп қарастырған. Түбір сөздерді екі әріпті [ал, іл], үш әріпті [тап, йук], төрт әріпті [оғра, теке], бес әріпті деп бөліп, оны бұйрық мағынасындағы тұлға деп түсіндіреді. Яғни нөлдік тұлғада тұрған мағыналы сөздерді ғана түбір сөз деп таниды да, әрбір түбір сөзді талдағанда, сол түбірлерден жасалатын туынды сөздер типін зерделейді. Мысалы, «екі әріпті есімнен жасалған туынды етістік болады» деп, автор «*ер атланды – ер аттанды, ат тәрләнді – ат терледі*» сияқты мысалдарды келтірген. Мұндағы «*ат*», «*тер*» түбір сөздері *-ла*, *-лән* сөз тудырушы тұлғаларының жалғануы арқылы туынды сөзге айналады. М.Қашқаридың ұлылығы алғашқы түркі грамматисі ретінде, түркі сөздерінің табиғатын тұңғыш рет таныта алуында. Жалғамалы тіл болып есептелетін түркі тілдерінің сөзжасамдық жүйесінің негізгі тәсілінің бірі морфологиялық, синтаксистік тәсіл екенін дәл көрсетуінде.

Түркі тілінің грамматикасын зерттеушілер ХІХ ғасырдан бастап, батыстық және орыстық дәстүр негізінде шыға бастады. Бұл кезеңдегі түркі грамматикасының зерттелуі Н.Ф.Катанов [3], М.А. Казембек [4], В.В. Радлов [5], Н.И. Ашмарин [6], П.М.Мелиоранский [7], Н.И. Ильминский [8] т.б. ғалымдардың есімдерімен байланысты.

И. Гиганов: «Грамматика татарского языка» атты еңбегінде [9] –шы, -лы, -лық, -аш, -шық т.б. аффикстердің сөз тудырушылық қасиетін атап өтсе, М. Казембектің «Общая грамматика турецко-татарского языка» деген кітабында [4] есім сөздердің бес сөзжасамдық тұлғасы аталады. Тілдік жүйе мен заңдылықтарды жете білмегендіктің салдарынан ғалымдар еңбегінде сөзжасамдық тұлғалар мен сөз түрлендіруші тұлғалар араластырып беріле береді.

Түркі тілдерінің сөзжасамдық жүйесі кеңес заманында терең әрі ауқымды зерттеле бастады. Бұл зерттеулерді шартты түрде екіге бөліп қарастыруға болады:

1) **Түркі тілдерінің грамматикасын жазу барысында, морфология құрамында сөзжасамдық тәсілдерге талдау жасайтын зерттеулер.** Н.А. Баскаков, И.А. Батманов, А.К. Боровков, Н.К. Дмитриев, Ф.Г. Исхаков, А.А. Пальмбах, А.Н. Кононов, С.Е. Малов, К.М. Мусаев, А.М. Щербак т.б. ғалымдар түркі тілдерінің әр түрлі салалары бойынша жан-жақты зерттеу еңбектер жазып, түркітанудың ғылым ретінде танылып, дамуына үлкен үлес қосқан. Н.А. Баскаков «Историко-типологическая морфология тюркских языков», «Каракалпакский язык» т.б. еңбектерінде сөз таптарының сөзжасамдық тәсілдеріне толық талдау жасап, әсіресе морфологиялық тәсіл арқылы жасалатын туынды сөздердің тұлғалық қырларын сараптайды [10, 11]. Н.К. Дмитриев «Строй тюркских языков» [13], «Грамматика современного якутского литературного языка» [14] т.б. атты зерттеулерінде тілдегі қалыптасқан сөзжасамдық аффикстердің тұлғалық-генетикалық тамырларын тануға зер салады. Сөзжасамдық аффикстерді сөз таптарын жасау қызметіне қарай топтастырып, сөз таптарының морфологиясымен бірге қарастырады.

Б. Серебрянников, Н. Гаджиева «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков» атты зерттеулерінде [16] түркі тілдеріндегі сөзжасамдық тұлғалардың даму, қалыптасу тарихын салыстыра зерттеуге күш салады.

А.Н. Кононов «Грамматика современного узбекского литературного языка» атты еңбегінде [17] сөзжасамды морфологиялық аспектіде қарастырған. «Грамматика языка тюркских рунических памятников» еңбегінде [18] сөзжасам мәселелері жеке сипатталады. Автор сөзжасамдық тәсілдің бес түрін көрсетеді: 1. Морфологиялық; 2. Синтаксистік; 3. Синтаксистік-морфологиялық; 4. Фонетикалық; 5. Калькалау тәсілі. Көптеген сөз тудырушы аффикстердің қызметі мен мағынасын айқындап, тарихи даму жолын көрсетеді. Көрсетілген еңбегінде автор түркітануда қалыптаса бастаған «синкретизм» теориясына, яғни есім мен етістіктің даму бастауындағы омонимдік қатынасы болған деген қисынға сөздердің мағыналық дамуында туындайтын конверсиялық сөзжасамды қарсы қояды. Сөздердің жасалуы, дамуы синкретизмнен басталмайды, конверсиялық сөзжасам нәтижесінде туындайды деген тұжырым жасайды. Сөз мағыналарының даму үдерісі орынды бағаланып, субстантивтену үдерісі кеңінен талданады. Сөздердің заттану үдерісін толық және контекстік субстантивтену деп бөліп зерттеуді ұсынады.

А.М. Щербак «Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (Имя)» [19], «Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (Глагол)» [20], «Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из Восточного Туркестана» [21] атты еңбектерінде түркі тілдеріндегі сөз таптарының жасалу жолы мен сөз туғызушы аффикстердің шығу, қалыптасу жолдары салыстырмалы әдіс негізінде зерттелді. Көптеген сөз тудырушы тұлғалардың түп негізі – қимыл есімге алып баратыны туралы ғылыми тұжырым жасалды.

2) Сөзжасамды тіл білімнің жеке саласы ретінде бөліп қарастыратын зерттеулер:

Түркітануда сөзжасамды жеке сала ретінде бөлек алып қарастырып, туынды сөздердің мағынасын айқындаған А.А. Юлдашев еді. «Система словообразования и спряжения глагола в башкирском языке» [22] атты монографиясында башқұрт тілінде бір буынды түбір сөздердің жалпы саны 200, етістік түбірлердің саны 800 деп көрсете отырып, тілдің байланыс құралы ретіндегі негізгі қызметі туынды сөздер арқылы орындалатынын көрсетеді. Автор түркітануда алғаш түбір сөздің мағыналық кеңдігі мен ауқымдылығын, түбірмен салыстырғанда негіз мағынасының жұтандығын айқындайды. Етістік сөзжасамын семантикалық аспектіде зерттеп, көптеген құнды

теориялық тұжырымдар жасайды. Етістік сөзжасамның «ішкі жасалымы» (внутриглагольное словообразование) туралы, семантикалық тәсілдің орындалу шарттары мен себептері жөнінде келісті пікірлері бар.

Ф. де Соссюрдың «сөз – шартты таңба» деген теориясымен келіспейтінін ашық айта отырып, былай дейді: «Слово в этом смысле представляет собой известное отражение обозначаемого понятия, следовательно и того явления или предмета, к которому относится это понятие. Слово не может быть условным знаком понятия, как это считают Ф. де Соссюр и многие другие» [22, 58].

А.Г. Гулямов «Проблемы исторического словообразования узбекского языка» [23] атты зерттеуінде, негізінен, аффикстік тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің мағынасын айқындап, сөз тудырушы тұлғалардың тарихи тұлғасын қалыптастыруға күш салған. Г.М. Гарипов «Башкирское именное словообразование» [24] атты еңбегінде башқұрт тіліндегі есімді сөзжасамды жүйелейді. Морфологиялық тәсілді толық қарастырып, жаңа сөз жасаудағы аффикстердің рөлін айқындайды.

Б.О. Орузбаева «Словообразование в киргизском языке» [25] атты зерттеуінде сөз тудырушы тұлғалардың ара жігін ашады. «Основное свойство формообразовательных морфем заключается еще в том, что они по своим внутренним функционально-грамматическим особенностям слишком разнохарактерны. В них по разному переплетаются грамматическая и лексическая идеи», – деп, форма тудырушы аффикстердің сөз тудырушы және сөз түрлендіруші аффикстерден өзгешелігін көрсетіп береді [25, 32]. Дегенмен автор өз шартын кейде толық ұстана бермейді, форма туғызушы тұлғаларды, кейін өнімді сөзжасам аффиксіне де жатқызып жібереді [157]. Б.О. Орузбаеваның еңбегі қырғыз тіліндегі сөзжасамды анықтаған, оның жасалу тәсілдерін көрсетіп берген құнды еңбек болды.

Э.В. Севортянның «Аффиксы глагольного словообразования в азербайджанском языке» [26], «Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке» [27] еңбектері тек азербайжан тілі емес, жалпы түркітануда жасалған іргелі еңбектер еді. Зерттеуші туынды сөздің мағыналық құрылымының қалыптасуы мен сыңарларының мағыналық құрамы жөнінде терең теориялық талдаулар жасайды. А.А. Юлдашев еңбегінен кейін түбір сөздің мағынасы мен туынды сөздің мағынасының

арасындағы семантикалық айырмашылық пен ерекшеліктерді айқындайды. Негіздің мағыналық сипаты мен туынды сөз жасаудағы рөлін көрсетіп берді. Туынды сөздің мағынасы негіздің бір мағынасы арқылы жасалады дей келіп: «метафорические, переносные значение основы не переходят в семантику производного слова» деген де тұжырым жасайды [27, 11]. Автордың бұл пікірі талас тудырамы сөзсіз. Себебі сөз мағынасының дамуында, негіздің ауыспалы метафоралық мағынасы арқылы да көптеген жаңа мағыналы туынды сөздер жасалатыны тілдік факт. «Чем древнее производное слово, тем больше вероятность того, что в нем отложились наиболее древние основные значения основы» [27, 11-12.] деген пікірде де терең мән бар. Автор «түбір» деген терімсөзді аса жауапкершілікпен қолданады. Біздің танымымыздағы қосымшасыз тұрған сөздің бәрі бірдей түбір бола алмайтынын терең түсіну қажет. Түбірден тараған негіздің мағыналық көнелігі, одан (яғни негізден) тараған, туындаған туынды сөздің мағыналық көнелігінен айқын көрініс табады дейді автор.

Зерттеу еңбекте туынды сөздің мағыналық құрылымының қалыптасуындағы уақыттың үлесіне де терең мән беріліп, мағыналық дамудағы жалпылық пен жекелікке үлкен зер қояды. Сөзжасамдық аффикстердің грамматизациялану, әмбебаптану үдерістерін айқындауға да назар салады. Дәстүрлі грамматикада қалыптасқан қағидат бойынша аффикстерді өнімді, өнімсіз деп бөліп, олардың тарихи даму жолдарын көрсетеді, көне жазба ескерткіштердегі тұлғалармен салыстырады. Э.В. Севортянның көрсетілген еңбектері жалпы түркітанудағы сөзжасамның әр түрлі тарихи аспектіде зерттелуіне негіз болды. Ф.А. Ганиев «Суффиксальное словообразование в современном татарском литературном языке» [28] атты еңбегінде сөзжасамдық тәсілдің түрлерін бөлудегі әрқелкі пікірлерге тоқтала отырып, кірме сөздер мен калька әдісі арқылы енген сөздерді сөзжасамдық аспектіде қарастыруды бұрыс деп табады. Сөйтіп сөзжасамдық тәсілдің мынадай түрлерін ұсынады: 1) суффикстік; 2) бірігу; 3) күрделі суффикстік; 4) фонетикалық; 5) лексика-грамматикалық; 6) лексика-семантикалық; 7) қысқарған сөз. Ф.А. Ганиев сөзжасамды морфологияның құрамында қарастыруға қарсы болады, оны жеке сала ретінде бөліп қарастыруды батыл ұсынады: «Употребление термина «морфологическая структура» для обозначения словообразовательной структуры является данью традиции, ко-

торая ничего общего не имеет с языковой реальностью. Ибо в настоящее время понятие «морфология» не включает в себя словообразование» [28,5]. Автор зерттеуінде сөз таптарын жасауға қатысатын сөзжасамдық суффикстерді жүйелеп талдайды.

М.А. Хабишев «Именное словообразование и формообразование в куманских языках» [29] атты еңбегінде батыс қыпшақ тілдерінің ішіндегі куман тобының тілдік ерекшеліктерін айқындап, көне половец тілі мен қазіргі құмық, қарайым, қарашай-балқар тілдерінің бірлігін анықтайды. Автор «түбір» терімсөзін шартты түрде қолданыла отырып, мысалдардағы келтірілген түбірлердің бәрі бірдей тарихи тұрғыда түбір бола алмайтынын орынды ескертеді [27]. Кейбір сөзжасамдық аффикстердің жеке сөздерден пайда болғандығын дәлелдейді (шақ – ша, тег (тек) – тақ, -дақ, -дек, -лық, -лік т.б.). Автор еңбегінде негізінен морфологиялық сөзжасамға көп көңіл бөліп, дәстүрлі грамматикалық принциппен өнімді, өнімсіз аффикстердің мағыналық қырларын көрсетеді. Зерттеуде аффикстің қосатын мағынасы мен туынды сөздің беретін мағынасы ерекшеленіп көрсетілмей, туынды сөздің лексикалық мағынасы талданады. Сөзжасамның лексикалық, лексика-семантикалық, лексика-синтаксистік тәсілдері де біршама зерттеу нысанына айналғанымен, негізгі желіге айналмаған. Қарашай-балқар тілінің есім сөзжасамы бойынша зерттеу еңбегін жазған ғалым, бұл монографиясында куман тілдерінің есім сөзжасамы мен форма туғызушы тұлғаларын жіктеп саралайды.

Осындай іргелі еңбектерден басқа да, сөзжасам мәселесіне байланысты көптеген кандидаттық диссертациялар қорғалды, қорғалуда: Б.К. Қутлумуратов, У.Д. Алиев, А.Ю. Бозиев, Ю.К. Мамедов, Ғ.С. Садуақасов, В.П. Гузев, К. Мелиев, А.Шибает, Н. Демичян, Л.С. Гадельшин, А.А. Аймурзаева, С.И. Бекмурзаева, В.В. Андреев т.б. ғалымдар еңбегін ерекше атауға болады.

1.3. Қазақ тіл біліміндегі сөзжасамның зерттелуі

Қазақ тіл білімінде сөзжасам мәселесінің зерттелуі мен күн тәртібіне қойылуының өзіндік тарихы бар. Қазақ тіл білімінің корифейлері саналатын А. Байтұрсынұлы мен Қ.Қ. Жұбановтан бастап, тіл білімімен айналысқан ғалымдардың бәрі дерлік әртүрлі дәрежеде сөзжасамның теориялық және практикалық мә-

селелері жөнінде сөз қозғаған. Мұның өзіндік ішкі заңдылығы бар еді, себебі, сөзжасам – тек морфологияның ғана зерттеу нысаны емес, ол – лексикалық бірлік жасауға да, синтаксистік бірлік жасауға да қатысады. Морфологияның нысаны болатыны, сөз – тұлғалық жағынан өзгеріске түседі, лексикаға қатысты болуы, сөз – сөзжасамдық үдерістің нәтижесі. Яғни кез келген туынды сөз, негіз – сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалғандықтан, сөзжасамдық үдерістің нәтижелі көрінісі ретінде сипатталады.

Сөзжасамның теориялық мәселелері тарихи фонетикамен сабақтасады, өйткені сөздің жасалуында дыбыстық алмасулар мен дыбыстық сәйкестіктердің де әсері мол болған. Демек, бұл салалар бойынша қалам тартқан ғалымдар әр түрлі аспектіде сөзжасамдық мәселелер жөнінде пікірлер мен тұжырымдар жасаған. Сөзжасамның негізгі мәселелері – туынды сөз туралы түсінік, оның жасалу жолдары мен тәсілдері, қос сөз, біріккен сөз туралы алғашқы мәліметтер А. Байтұрсынұлының 1914 жылы жарық көрген «Тіл – құрал» атты еңбегінде баяндалады. Сөзжасамдық негізгі терімсөздер де осы еңбекте жасалады. Автор туынды сөзге мынадай анықтама береді: «Туынды сөз дегеніміз – бастапқы тұлғасы, мағынасы да өзгерген сөз, мәселен, *бастық, тастақ, шашақ, қолтық*» [30, 154]. Жалғау мен жұрнақтың грамматикалық мағынасындағы ерекшеліктерді дәл анықтап, туынды сөз жасауға қатыстылығы туралы былай деп жазады: «Жалғау түбір сөзде де, туынды сөзде де болады. Жұрнақ түбір сөзде жоқ, туынды сөздерде ғана болады» [30, 154]. Қарапайым да анық айтылған сөз. Шынында да, түбір сөзде жұрнақ болса, ол бірлік түбір сөз болудан қалып, туынды сөзге айналып кетеді. Оқулық ретінде жазылған еңбектің бір ерекшелігі – осы қарапайым түсінікпен, тілдегі теориялық мәселелердің басын ашу болса керек. А. Байтұрсынұлы сөзжасамдық терімсөздерді табушы, қалыптастырушы, әрі тілдегі негізгі теориялық ұғымдарды анықтаушы ретінде зор рөл атқарады.

Қ.Қ. Жұбановтың 1936 жылы жарыққа шыққан «Қазақ тілінің грамматикасы» зерттеуінің бірінші бөлімі жалпы морфологияға арналған да, онда сөздің жалпы құрылысы әңгіме болады. Ал «Заметки о вспомогательных и сложных глаголах», «Шылаулар, қос сөздер, біріккен сөздер» атты мақалаларында сөзжасам тәсілдеріне арнайы талдау жасайды. Сөз тұлға, түп мүше, түбір, туынды негіз, кіріккен сөз, қосарлы сөз, қосымша т.б. терімсөздерді ғылыми негіздейді. Автор сөздің сыртқы тұлғасы мен ішкі

мағынасына терең мән беріп, сыртқы тұлғаның өзгеруі ішкі мағынаның өзгеруіне әкелетінін байыпты түсіндіреді. Сөз-тұлғаны сөздің сыртқы көрінісі деп алып, оны түп мүше мен жамау мүшеге жіктейді [31, 151]. Түп мүше – түбір морфема да, жамау мүше – қосымша морфема. Туынды негіз, түбір негіз терім-сөздерін де алғаш рет ғылымға енгізген Құдайберген Қуанұлы Жұбанов болды. Алғаш рет қос сөздер мен біріккен сөздердің негізгі тілдік ерекшеліктері талданып, оларға анықтама берілді. «Қазақ тіліндегі күрделі сөздердің жасалуы» (Образование сложных слов в казахском языке) атты зерттеуінде сөзжасамның аналитикалық тәсілі сөз болып, күрделі сөздердің теориясы мен жасалу жолдары, түрлері, құрамы анықталды. Зерттеу еңбек – теориялық мәселелерді айқындайтын алғашқы ғылыми еңбектің бірі болуымен де құнды.

Н.Т. Сауранбаев еңбектерінің құндылығы – тілді семантикалық шеңберде зерттеуі. Етістікті зерттеу барысында, автор мағыналық дамуына, субстантивтену үлгілеріне мән береді. Етістік тудырушы жұрнақтардың мағынасын нәтижелік деп жіктейді. Мұның өзі, түптеп келгенде, сөз тудырушы сыңардың семалық қырларын анықтау болып табылады [32, 28-31]. «Қазақ тілінің лексикасының кейбір мәселелері» атты мақаласында сөз дамуының сапалық заңы ретінде семантиканың рөлін ерекше бағалап, семантика заңдарын атап көрсетеді: 1. Қарама-қарсылық заңы; 2. Ат ауысу заңы; 3. Ұқсату заңы (балықкөз, атқұлақ); 4. Бөлшектену, тұтастану заңы; 5. Қызмет заңы (тігінші, қалпақ, желбау). Автордың көрсеткен семантикалық заңдарының бәрі тек сөзжасамдық негізде орындалады. Сондықтан лексиканы – сөзжасамның нәтижесі деп тани отырып, автордың зерттеулерінің тереңдігі мен ауқымдылығын бағалаймыз. «Семантика и функция деепричастия в казахском языке» атты еңбегінің де теориялық тереңдігі, батыл тұжырымы тәнті етеді. «Каждое новое значение получает обычно и свое новое оформление. В качестве оформителя нового значения выступают аффиксы» – деуі теориялық негізделген тұжырым еді [32, 135]. Етістік тұлғалары мен түбірлерінің семантикалық дамуын терең бағамдаған автор, етістік мағынасының ішкі семантикалық дамуын формалық дамуына байланыста бірлікте қарастырады. Түбір мағынасы мен туынды етістік мағынасының ішкі семантикалық дамуын формалық дамуына байланыста бірлікте қарастырады. Түбір мағынасы мен туынды етістік мағынасының

ішкі семантикалық құрылымын ашады: «При наращений соответствующих аффиксов первичные глаголы приобретают дополнительные оттенки» [32, 137] деуін дәстүрлі грамматикалық принциптен бөлек, семантикалық талдауға бара алған батыл қадам деп тануға әбден болады.

Кеңестік тіл білімі тұсында «формадан мазмұнға» деген қағидат белең алғанда, қазақ тілі білімін семантикалық аспектіде зерттеу деген сөз «идеализмге» баратын бағыттауы көрінген кезеңде, мұндай пікірлердің айтылуы ерекше жағдай еді. Яғни қазақ тіліндегі етістік атаулының мағыналық тереңдігі мен кеңдігін ашып, оның туынды тұлғалары арқылы мағыналық дербестікке жету жолдарын пайымдау автор еңбегінің ірі жемісі болды.

С. Аманжоловтың «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» [33] еңбегінде сөзжасам мәселелері арнайы зерттелмегенімен, диалектіде кездесетін сөз тудырушы жұрнақтар екішелегенді. Батыс және оңтүстік диалектілеріндегі сөз тіркесінің, оның ішіндегі идиомалық және фразалық тіркестердің, сөз жасаудағы ерекшеліктері айқындалады.

М. Балақаев қазақ тілінің синтаксистік және стилистикалық жүйесін негіздегені белгілі. Автордың «Сөз тіркесі туралы кейбір ойлар» деген мақаласында сөз тіркесінің номинативтігі мен номинативті еместігі бағаланып, номинативті сөз тіркесі ретінде фразалық тіркестер аталады. Ал кез келген номинативті мағына беретін сөз тіркесі лексикологияның, номинативті емес сөз тіркесі синтаксистің зерттеу нысаны болуға негізгі шарт болады, номинативті сөз тіркесінің жасалу, қалыптасу, даму жолдарын айқындау – сөзжасам мәселесі болып табылады [34, 95-104]. Біз, өзіндік мектеп қалыптастырған үлкен ғалымның теориялық тұжырымдары мен дәлелдемелеріне сүйене отырып, тұрақты тіркестердің жасалу қалыбын айқындауға талаптанатын боламыз.

Сөзжасамды негізгі зерттеу нысаны етіп, жеке сала ретінде қарастыра бастау, біздіңше, Ә. Төлеуовтың «Словообразовательные аффиксы имен в современном казахском языке» (35) атты кандидаттық диссертациясынан басталады. Мұнда алғаш рет есімдердің сөзжасамдық аффикстері жеке зерттеледі. Сондай-ақ, автордың «Қазақ тіліндегі зат есім мен сын есім тудыратын жұрнақтар» (36), «Қазақ тіліндегі сын есім мен сан есім категориясы» (37), «Проблемы синтетического словообразования имен существительных и прилагательных казахском языке» (38) деген еңбектері түркітануда қалыптасқан дәс-

түрлі қағидат негізінде, сол қалыпқа түсіріліп жазылған. Олардың маңызы зат есім, сын есім, сан есімдерге тән сөз тудырушы тұлғаларды сұрыптап, саралап беруінде.

А. Хасенова (Қалыбаева) «Қазақ тіліндегі туынды етістіктер» атты еңбегінде туынды етістік жасайтын аффикстердің мағыналық топтары мен түрлеріне жекелей тоқталып, теориялық құнды байламдар жасайды (39). Б.Қайымова «Етістік түбірден есім тудыратын аффикстер» атты еңбегінде қазіргі қазақ тіліндегі ең өнімді тәсіл болып саналатын синтетикалық тәсілдің есім тудыратын тұлғаларын саралайды (40). Б. Хасанов «Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралық сөздің көпмағыналылық туғызудағы рөлін көрсеткен. Яғни сөздің мағыналық дамуы, семантикалық сөзжасамдық жүйе қалыпты баяндалады (41). Ы.Е. Маманов «Қазіргі қазақ тілі» атты лекциялар курсына туынды сөздің нақты теориялық мәселелерін айқындап, «туынды сөз» терімсөзін дұрыс қолдану қажеттігін көрсетеді. «Негізгі түбір сөз», «қосымшалы түбір сөз» деген терімсөздерді жаңа мағынада қолданады. Бірақ бұл терімсөздер басқа зерттеушілер тарапынан қабылданбады (42). Ә. Керімов «Словообразовательные аффиксы и языке памятников тюркоязычной литературы XIV в.» деген еңбегінде XIV ғ. ескерткіштер тіліндегі сөзжасамдық аффикстерді зерттеген (43).

А. Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» (44) деген еңбегінің қазақ тіл білімінің дамуындағы үлкен жетістік екенін айту лазым. Морфологиялық аспектіден сөзжасамдық мәселелер жүйелі әрі терең зерттелген. Ең алдымен, түбір сөз бен туынды сөздің ерекшеліктері айқындалып, сөз жасау тәсілдері бөлініп көрсетілді. Алғаш рет жүйелі түрде сөз таптарына тән сөз тудырушы тұлғалар сараланып, өнімді, өнімсіз деп бөлініп, олардың мағыналық қырлары ашылды. Аффикстердің мағынасы мен туынды сөз мағынасы бөлек сипатталады. Сөзжасамдық тәсіл ретінде емес, күрделі сөз тобын құрушылар деп танылғанымен, қос сөз, біріккен сөз, қысқарған сөз, күрделі сөз туралы нақты да тиянақты ойлар тұжырымдалды, жүйеленді.

Сөз тудырудың тілдің өзімен бірге жасалып келе жатқан көне құбылыс екенін көрсеткен – А. Есенқұловтың «Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар» атты зерттеуі (45). Бұл тек қазақ тіл білімі үшін ғана емес, түркітанудағы осы мәселенің байыбына терең бара алған еңбек болды. Еңбекте Орхон, Енисей жазба ескерткіштеріндегі қосымшалардың тұлғалық жә-

не мағыналық ерекшеліктері мен қалыптасу, даму жолдары пайымдалды. Автордың «Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қос сөздер және олардың жазба әдеби тіліне қатысы жайлы» атты мақаласының да қос сөздердің семантикалық табиғатын тануда мәні ерекше деп есептейміз (46).

Ә. Ибатовтың «Сөздің морфологиялық құрылымы» зерттеуінде XVI ғасырдағы Алтын Орда мен Египетте жазылған ескерткіштер тіліндегі түбір сөздер мен туынды сөздердің сипаты, сөз тудырушы аффикстердің құрылымдық жүйесі айқындалады (47). Аталған кезеңдегі әдеби ескерткіштердегі кездесетін синкретті түбірлерге талдау жасалады. Автор «Қазақ тіліндегі туынды сөздер сөздігін» шығарды (48). Бұл еңбектің сөзжасамның зерттелуіндегі рөлін айту лазым.

Ғ. Айдаров «Язык Орхонских памятников древнетюрской письменности VIII века» деген еңбегінде жазба ескерткіштер тіліндегі сөзжасам тәсілдерінің түрлері мен жасалу жолдарын, даму тарихын нақтылы тілдік деректермен көрсетеді (49).

Қазақ тіліндегі сөзжасамдық мәселелер негізінен морфологияның құрамында қарастырылғандықтан, сөзжасамның теориялық мәселелері: тәсілдері мен қалыбы, типі, мағыналық қырлары туралы сөз қозғалмауы заңды еді. Түркітануда, оның ішінде Қазақ тіл білімінде сөзжасамдық мәселелерді зерттеу суффикстік тәсілді тексеру мен сөзжасам суффикстерін түгелдеумен шектелді.

Қазақ тілі білімінің негізгі саласының бірі сөзжасамдық жүйені нақтылау, теориялық тұрғыдан тереңдей зерттеу қажеттігі туралы алғаш рет ескерген ғалым Ғ. Қалиев болды. «Сөз тудыру – қазақ тілінің жеке саласы» атты мақаласында сөзжасамның орны мен рөлін айқындап, оны жеке тіл білімінің бір саласы ретінде зерттеудің маңызын, нысанын көрсеткен болатын (50). Осы мақала зерттеушілерге ой салады да, 1985 жылы «Қазақ тілінің сөз тудыру проблемалары» атты жинақ жарық көреді (51). Мұнда А. Аблақов, Ф.М. Мұсабекова, И.К.Ұйықбаевтың мақалалары, Е. Жанпейісов пен Ж.Нұрхановтың проблемалы мақаласы жарияланады.

1985 жылы Ғ. Қалиевтің «Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру» (52) атты зерттеу еңбегі шығады. Мұнда сөзжасамның көптеген теориялық мәселелері қарастырылып, Қазақ тіл білімінде сөзжасамды жеке сала ретінде бөлу ұсынылып, жүйелі зерттеледі. Әрі диалектілік ерекшеліктердегі сөзжасам табиға-

тын танытқан алғашқы еңбек болды. Автор қазақ говорларындағы сөз тудыру проблемалары мен оның әдеби тілге қатысын әңгімеге арқау еткенімен, сөзжасамның теориялық мәселелері – сөз тудырушы негіздер мен олардың сөзжасамға қатысы, сөзжасам типтерінің жасалу ерекшеліктері, сөзжасамдық тәсілдер, сөзжасамдық сөздік құрам мен грамматикалық құрылысқа қатысы жөніндегі мәселелер тұжырымды шешімін табады.

Сөйтіп 1985 жылдан бастап қазақ тілінің сөзжасам жүйесі жеке сала ретінде қалыптаса бастайды. 1988 жылы Ә.Ибатовтың «Қазақ тіліндегі туынды сөздер сөздігі» (48) мен Н. Оралбаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі» (53) монографиясы жарыққа шықты. Н. Оралбаева еңбегінде қазақ тілі білімінің сөзжасам жүйесіндегі кейбір теориялық қиындарды айқындап, алғаш рет әдеби тілдегі сан есімнің сөзжасамдық қалыбын көрсетті. Сан есім сөзжасамының аналитикалық және синтетикалық тәсілдері арқылы жүзеге асатынын нақтылы дәлелдермен жазды. Күрделі сандардың тірек сыңарын айқындау арқылы сөзжасамдағы сыңарлардың мағыналық шегінің арақатынасын анықтайды.

Ө. Айтбаевтың «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» (54) атты монографиясында терімсөздер сөзжасамы арнайы зерттеу нысанына айналды. Терімсөздердің жасалуындағы негізгі тәсілдер мен амалдар, қалыптар анықталды.

Сөзжасам саласының жеке сала ретінде бөлінгендігін айқындайтын, оның теориялық мәселелері мен сөз таптарының сөзжасамын толық қамтыған еңбек бір топ ғалымдар дайындаған «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» (55) атты монография болды. Еңбектің құндылығы мынадан көрінеді:

- сөзжасамды дербес сала ретінде қалыптастырды;
- сөзжасам жүйесінің зерттеу нысаны мен зерттеу бағытын айқындады;
- сөзжасам жүйесін ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттелу қажеттілігі аталды;
- сөзжасам терімсөздерінің қалыптасуына түрткі болды;
- сөз таптарының сөзжасамдық үлгісін қалыптастырды.

Еңбекте сөзжасамдық мағына, тізбек, тип, модель, туынды сөз т.б. терімсөздер анықталып, маңызы мен қызметі көрсетілді. Сөзжасамның негізгі үш тәсілі: синтетикалық (морфологиялық),

аналитикалық, лексика-семантикалық тәсілдері баяндалып, негізгі ерекшеліктері сипатталды.

Сөзжасам мәселелері 90-жылдардан бастап жаңа қырынан тексеріле бастады. Бұл тұстағы зерттеу еңбектерге орыс тілі біліміндегі қалыптасқан зерттеу жүйесінің әсері болғандығын да ескерген жөн. З. Бейсенбаева «Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамның кейбір мәселелері» атты еңбегінен сөзжасамды зерттеудегі жаңа аспектілер аңғарылса (56), С. Исаев еңбегінде сөзжасамның мағыналық қырлары мен теориялық мәселелері туралы тұжырымды ой айтылады. Сөзжасам тілдің басқа қабаттарынан ерекше сала ретінде бағаланып, өзіндік сипаты анықталады (57). Сонымен, сөзжасам саласының ішінде суффикстік тәсіл ғана жақсы зерттелген. Сөзжасам жеке сала ретінде морфологиядан енді бөліне бастағандықтан, көптеген теориялық мәселелері енді зерттеле бастады. Тарихи сөзжасамның ең көне үдеріс екендігі мойындалғанымен, оның қалыптасу табиғаты мен ғылыми-теориялық арқауын танытатын диахрондық аспектіде жүргізілген зерттеу әзірге көзге түспейді.

2. СӨЗЖАСАМНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

2.1. Сөз семантикасының қалыптасу ерекшеліктері

Тілдік тұлға дыбыстық жамылғыштан және мағынадан құралады. Сөздің мағынасын айқындау үшін, ішкі семантикалық құрылымын терең зерттеу қажет. Тіліміздің сөздік құрамынан қомақты орын алатын, адам ойын жеткізуде жетекші рөл атқаратын сөздер – туынды сөздер. Туынды сөздер танылған ұғымды атау қажеттілігін пайда болатын адам ойы мен танымының нәтижесі. Олар ойдың материалдық көрінісі ретінде атаулық қызмет атқарып, номинация аспектісінен қарастырылады. Сөзжасам жаңадан атау жасаудың теориясы мен тәсілін негіздеуші сала болғандықтан, номинация аспектісінен қарастырылады. Туынды сөздің жасалуын ономаσιологиялық аспектіден зерттегенде, өмір шындығы көріністерінің туынды сөз арқылы бейнеленуін бағамдау, қалыптасу ерекшеліктерін айқындау қажет. Бұл үшін, ең алдымен, «туынды сөз» терімсөзін анықтау керек. Қазақ тіл білімінде бұл терімсөз екі түрлі мағынада жұмсалып жүр: барлық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған сөздер – туынды сөздер делінеді; екінші, суффикстік тәсіл арқылы жасалған сөздерді орынды бөліп алып, оны «бір сөзге сөз тудырушы қосымша жалғану арқылы жасалған жаңа сөзді қосымшалы түбір дейміз» деп жазады (42, 12). Мұндай тұжырымға келу «туынды сөз» терімсөзінің мағынасының тереңдігін көрсетеді.

«Туынды сөз» терімсөзін сөзжасамның барлық тәсілі арқылы жасалған жаңа мағыналы сөздерді атау үшін қолданамыз, сөз тудырушы жұрнақ жалғану арқылы жасалған сөзді – синтетика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөз деп атаймыз. Яғни конверсиялық тәсіл арқылы, синтаксистік тәсіл арқылы, синтетикалық тәсіл арқылы болған туынды сөз деп бөлінеді. «Қосымшалы түбір» терімсөзі аталған тәсілдің мәнін айқын бере алмайды, себебі «қосымша» терімсөзінің ішіне жалғау да, жұрнақ та кіретінін ескерсек, жалғау арқылы жаңа сөз

жасалмайтындығы белгілі жайт. Сондықтан бұл терімсөз сөзжасамдық тәсілдің анықтаушысы бола алмайды.

Туынды сөздің семантикалық мағынасының қалыптасуын айқындау үшін анықтамасын негіздеу қажеттілігі туындайды. Қазіргі Қазақ тіл білімінде туынды сөздің деривациялық қасиетін айқын танытатын анықтама берілмеген. А. Ысқақов «туынды сөздер деп жұрнақтар арқылы негізгі түбірден өрбіген сөздерді айтамыз» деп жазған болатын (44, 35), ал «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» еңбегінде: «Туынды сөздер – пайда болған жаңа ұғымдарды атау қажетін өтеу үшін, тілімізде сөзжасам заңдылықтары арқылы жасалған сөздер», – деген анықтама берілген (55, 35). Бұндай анықтамалар туынды сөздің мәнін ашып, ішкі мағынасын айқындап бере алмайды. Туынды сөз жасалу үшін, оны туғызушы, жасаушы басқа тілдік бірліктің болуы шарт, яғни жаңа сөзжасамға негіз болатын негіз сөздің мағынасы арқылы, номинативті атау туындай алады. Адам санасында пайда болған ұғымды атау үшін, түбір сөздердің мағыналық семасының бір қырын дамыту арқылы туынды атау жасауға болады.

Сөз туғызуға негіз болып тұрған түбірді – себепші негіз деп атаймыз, оның семантикалық мағынасы – біріншілік мағына болады. Негізден әр түрлі сөзжасамдық амал-тәсілдер арқылы туындайтын жаңа номинация туынды сөз болады да, мағынасы – екіншілік мағына деп танылады. Екіншілік мағынаны былай түсіндіруге болады. Айталық, «*суретші*», «*кітапқұмар*» сөздері синтетикалық және синтаксистік тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер. Бұл сөздердің екіншілік мағынасының қалыптасу жолын бағамдасақ: «сурет» сөзінің бірінші мағынасы – бір заттың қағазға не басқа нәрсеге түсірілген бейнесі [65-377]. Сөз туғызушы грамматикалық тұлға «-шы»-ның мағынасы арқылы кәсіптің иесі мағыналық реңі туындайды. Валенттілігі сәйкес келетін зат есім сөзге жалғанып, аталған тұлға осы мағынаны бере алады. «*Сурет*» сөзіне -шы жұрнағы жалғанғанда «сурет салатын адам» деген жаңа денотаттық мағына жасалады. Яғни «*суретші*» ерекше ұғымды, жеке денотатты білдіретін екіншілік мағына. Алғашқы мағына мен екіншілік мағынаның арасында семантикалық байланыс сақталғанымен, екіншілік мағына жаңа ұғымды білдіретін номинативті денотатты мағына болады.

«*Кітап*» және «*құмар*» сөздерінің де жеке тұрғандағы мағыналары кең әрі жалпы. «*Кітап*» – кітап атауының жалпы

мағынасын бейнелесе, «құмар» – жан иесінің белгілі бір затқа не құбылысқа ынтық, ынтызар екенін сипаттайды. Осы екі сөздің бірігуі нәтижесінде пайда болған «кітапқұмар» сөзінің мағынасы – кітап оқуды өте жақсы көретін, кітап оқуға ынтық адам деген екіншілік мағына. Жаңадан пайда болған екіншілік мағына оны жасаушы сыңарлар мағынасының негізінде жасалып, денотаттық мағына бірлігін белгілейді де, номинативті атауды анықтайды. Яғни «суретші», «кітапқұмар» – екіншілік мағына беруі арқылы анықталатын туынды сөздер. Демек, **туынды сөз дегеніміз – сөзжасамдық амал-тәсілдердің көмегімен түбірдің немесе негіздің, сөз тудырушы морфемалардың қатысуымен пайда болып, екіншілік мағынаға ие болатын жаңа денотаттық мағыналы сөз.** Туынды сөз мағынасы себепші негіз мағынасы арқылы ғана анықтала алады. Туынды сөз – екіншілік мағына беретін жаңа сөз.

Р.А. Будагов былай деп жазады: «Нельзя считать, что наше сознание, а вслед за ним и наш язык не различают основных и производных форм каждого отдельного слова» [66, 15]. Шынында да, ана тілінің тұнық қайнарынан қанып ішкен кез келген адам туынды сөзді қай сөздің негізінде жасалып тұрғанын оңай ажырата алады. Туынды сөз жасаушы негіз сөздің мағынасы арқылы жаңа денотаттық мағынаны түсіне алады. Кейінгі уақытта сөзжасамдық тәсілдер арқылы жаңадан жасалған *ұшақ*, *тікұшақ*, *ұнқағаз* т.с.с. сөздердің жасалуында осындай негіз бар. Айталық, «*ұшақ*», «*тікұшақ*» сөздерінің номинативті атауымен бұрын таныс болмаған адам бұл сөздердің *ұшу* ұғымымен байланысты екенін болжар еді. Жаңадан пайда болған туынды сөз құрылымдық жағынан ғана күрделі емес, сондай-ақ туғызушы негіз сөздердің, морфемалардың семаларынан туындайтындықтан, оның семантикалық құрылымы да күрделі болады.

Туынды сөздің негізгі белгісі – басқа сөзбен яғни негіз сөзбен байланыстылығында және негізбен семантикалық жағынан біртектілігінде. Бір жағынан негіз сөзбен тектес бола отырып, екінші жағынан өзінше жеке мағынаға ие болу қасиеті, туынды сөздерді семантикалық аспектіде зерттеудің айрықша сипатын айқындайды. Туынды сөздің өзіндік ерекше мағына алып, жеке номинативті атау ретінде ұғынылуы, танылуы туынды сөз семантикасын зерттеуде маңызды қызмет атқарады. Лексикалық толық мағыналы сөз болғандықтан да, ол жеке атау ретінде қабылданады, қоғамдық қарым-қатынаста жеке номинативті

атау ретінде дайын күйінде жұмсалады. Сондықтан мұндай сөздер әр түрлі сөздіктерге еніп, тізбе сөз ретінде айқындалып тұрады.

Туынды сөздердің мағынасы негіз сөзбен байланысты болып, сол мағынаның аясында түсінілетіндіктен, мұндай бір түбірден шыққан түбірлес сөздердің мағыналық байланысын түсіндіру қажеттігі туады. Түбірлес сөздердің мағыналық ұқсастығы, өзгешелігі, жекелік ерекше сипаты анықталуға тиіс. Осыдан келіп, туынды сөздерді негіз сөздер арқылы түсіндіріп, сан түрлі үлгілері мен түрлерін байқауға болар еді. Туынды сөз өзіндік дара номинативті мағынаға ие болғандықтан, оны жеке лексикалық бірлік ретінде қарастыру қажет болады. Оның референттік мағынасы дериваттағы номинацияның екіншілік мағынасы. Туынды сөз семантикасын негіз сөздердің мағынасымен байланысты уәжеліп туындаған өзіндік жүйе ретінде қарастыру қажеттігін де көрсетеді.

Туынды сөзді сөзжасамдық ыңғайда түсіндіргенде, мағыналық құрылымына соқпай өту мүмкін емес. Құрамындағы негіз сөз бен басқа морфемалық сыңарлары құрылымдық бір семантикалық жүйеде бірлікке түсіп, семантикалық тұтастық құрап, туынды сөздің мағынасын жасайды. Түбірлес сөздердің құрамындағы негіз сөздер бірдей, жалпы мағынасы бір-біріне мәндес, ыңғайлас болғанымен, тең, дәлме-дәл мағына бере алмайды. Мағыналары дәлме-дәл келіп, бір ғана ұғымды белгілейтін сөздер әдеби тілге өте сирек ұшырасады. Тек диалектілік варианттар түрінде кездесуі ықтимал. Ал ұқсас ұғымды бірнеше түбірлес сөзбен атау бір заттың не құбылыстың әр түрлі белгілері мен қасиеттерінен хабардар етеді. Мысалы, қазіргі қазақ тілінде «*жауап*» сөзінің мынадай көп мағыналары бар: 1. Біреудің сұрағына берілетін уәж, қайтарылған сөз; 2. Қарсы әрекет, іс-әрекетпен қарсы жауап беру; 3. Тергеу сөз. Жауап алу мағынасы; 4. Математикалық терімсөз. Есептің қорытындысы, нәтижесі. Аталған сөздің мағыналары контексте жеке-жеке денотаттық мағынада жұмсалып, жаңа номинативті атау ретінде қолданылады. Әйтсе де денотаттық жеке мағыналарының бәріне тән ортақ сема бар, ол – біреудің сұрағына қайтарылған жауап, уәж. Бұл сияқты мысалдар арқылы туынды сөздің құрамындағы сыңарлардың немесе негіз сөздердің семантикалық интерпретация жасауда маңызды қызмет атқаратынын анықтауға болады. «*Жауап*» сөзінің морфологиялық құрамында

ешқандай құрылымдық өзгешелік болмаса да, мағыналық жағынан әр түрлі реңге ие болып тұр.

Құрылымы жағынан ұқсас, бір үлгідегі туынды сөздердің мағыналарында қайталанып келетін ортақ сема, белгілі бір сөзжасамдық қалыптың аумағында іске асатын уәждеме негізінде пайда болады деп түйіндейміз. Уәждеме теориясы бойынша, сөзжасам негізінде жасалған әрбір атау-заттың немесе құбылыстың оймен бейнеленген жеке белгісін не қасиетін ерекшелейді. Адам танымының бір затқа не құбылысқа атау берудегі қабылдаған бейнесі, басқа бұрыннан белгілі денотатпен байланысы негізінде айқындалып, жаңа ұғымды бейнелеуде пайдаланылады. Туынды сөздің мағынасы негіз бен морфемалардың мағынасы арқылы қалыптасады, әрі туынды сөз жасаушы себепші негіз уәждеменің белгілі бір қалыбына еніп, сөзжасамдық қатардың типтік, тектес жасалымдарын туғызады. Бұл арқылы бір типтес, тектес сөзжасамдардың арасындағы мағыналық сабақтастықты айқындауға, анықтауға болады. Туынды сөздің тарихын зерттеу мен ежелгі түбірлес сөздерді анықтауға, тұлғалық жағынан мүлде өзгеріп, жаңа мағыналы түбір сөз ретінде қабылданып жүрген сөздердің этимонын тауып, сөзжасамдық негізін табуға көмектеседі.

Туынды сөз уәждеме теориясымен анықталғанда, ең алдымен түбірлестік, тектестік қасиетінен белгілі бір сөзжасамдық үлгіге байланысты құралатындығы арқылы анықталады. Бұл жаңа номинативті атаудың тілдегі белгілі үлгі бойынша жасалу мүмкіндігін, яғни ұқсату (аналогия) арқылы жасалатынын көрсетеді. Екіншіден, туынды сөз жасаудың жүйелілік сипаты анық көрінеді. Яғни белгілі сөзжасамдық құрылым бойынша, түбір мен негіздің қатысы арқылы сөз жасау – тұлғалас, түбірлес сөздердің үлкен бір тобын құрайды, сол арқылы этимон түбір мағынасының көп қырлылығы айқындалып, одан тараған туынды сөздер бір сөзжасамдық ұядан тараған атау сөздер ретінде танылады. Сонда жаңадан жасалатын туынды сөздің мағынасын алдын-ала шамалап болжауға болар еді. Үшіншіден, туынды сөздің мағыналық құрылымы да бөлек назар аударуды қажет етеді. Яғни сөздің қай үлгі арқылы жасалып, басқа үлгі сыңарлармен қарым-қатынасы бөлек анықталуға тиіс. Жеке туынды сөздердің мағыналық қырын анықтау дегеніміз, жеке лексикалық семантикасын қарастырып, себепші негіз бен жеке морфемалардың мағынасын ашу ғана емес, сондай-ақ туынды

сөздің аналогиялық мағыналық құрылыммен байланысты болып, басқа да тектес, түбірлес сөздермен семантикалық байланыста екенін бағамдау. Әр түрлі сөз табына жататын сөздер сөзжасамдық тізбек бойынша бір сөзжасамдық қатарда, бір семантикалық өрісте жатады. Мысалы, «аш» сөзінің Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мынадай мағыналары көрсетілген: 1. *Аш* – сын есім. Ас ішпеген, тамақ жемеген; 2. *Аш* – етістік. Жабық тұрған нәрсенің есігін, бетін шалқайту, аңқайту; 3. *Аш* – етістік. Кір қалдырмау, тазарту [67, 506-511]. Үш номинативті атаудың арасында семантикалық байланыс бар. «*Аш*» етістігінің мағынасындағы негізгі сема – нысанның бір бұрышының бетінің ашылуы болса, осы сема «аш» сөзінің мағынасындағы негізгі сема – ауыздың ашылуы, қарынның ашуы деген ауыспалы фразалық семаға алмасқан. «Аш» етістігінің сөздікте көрсетілген үшінші мағынасының осы сөздің басқа ауыспалы мағыналарынан ешқандай өзгешелігі жоқ. Мысалы, *аш бөрі, аш бел, қарны ашу (ренжу), жігін ашу, арасын ашу, көңілін ашу, ұйым ашу, есік ашу (тәркіндеу), айқара ашу, аранын ашу, басын ашу (әңгімелесу), бетін ашу (келіннің), бал ашу, ашса алақанында, жұмса жұдырығында, жол ашу, етегін ашып күлу, гүл ашу, жаңа өмірге есік ашу, көз ашпау, көкірек ашу, кітап ашу, қойнын ашу, ораза ашу, сауат ашу, ұйқы ашу, шымылдық ашу, сыр ашу, соғыс ашу, тәбетін ашу, карта ашу* т.б. Келтірілген мысалдарда «аш» сөзінің әр түрлі мағыналық қырлары айқындалады, әрқайсысында жаңа денотаттық, референттік мағына туындайды. Аталған тұлға тура мағынада немесе ауыспалы мағынада жұмсалса да, сөз мағынасының құрамында негізгі сема сақталып, аналогиялық мағыналық құрылым бойынша сөзжасамдық қатар түзеді.

Туынды сөздің ауыспалы мағынаға көшу мағынасының фразеологиялық мағынамен алмасуымен тікелей байланыста болады. Түптеп келгенде, фразеологиялық мағына абстрактылы ойлау жүйесімен тығыз байланысты, абстрактылы ойлау нәтижесінде болатын құбылыс. Туынды сөздердің фразеологиялық мағынасы мен тұрақты сөз тіркестерінің пайда болу жүйесінде күрделі де терең байланыс жатыр. Туынды сөздің мағыналық құрылымында бір-бірінен мағынасы арқылы ерекшеленетін екі тұлға, екі бөлік бар. Оның бірінші бөлігі негізбен сәйкес келеді. Тұлғасы мен мағынасы жағынан сөз туғызуға себеп болатын бұл негіз жаңадан туындайтын номинативті атаудың лексика-

семантикалық мағынасын айқындайды, түбірлес туынды сөздер мағынасының құрылымындағы деривациялық түпкі мағынаны сақтауға бірден-бір ықпал етеді. Мысалы: *білік – білім – білгіш – білгір – біліну* т.б. туынды сөздердің негізгі мағынасын айқындаушы, пайда болған денотаттық мағынаның әуелгі сөзбен байланысын көрсетіп тұрған бөлігі – «*біл*» негізі. Сөздің бұл бөлігіне қарсы қойылатын құрылымдық бөлігі – жаңа сөзжасамда белгілі рөл атқаратын екінші сөзжасамдық тұлғалық бөлік. Тұлғалық бөлікке синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөзжасамдық тәсілдегі сөз тудырушы жұрнақтар еңсе, семантикалық сөзжасамда сөздің семалық қырлары, аналитикалық сөзжасамда туынды сөздің екінші сыңарлары енеді. Туынды сөз құрамындағы бұл екі бөліктің жаңа номинативті атау мағынасын жасаудағы үлесін, қатыстылығын айқындау – сөзжасам теориясы мен уәждеме теориясының ең маңызды мәселесі. Сонымен, туынды сөз семантикасының қалыптасуында өзіне тән негізгі ерекшеліктер бар. Бұл туынды сөздің тұлғалық және мағыналық күрделі бірлік екендігімен айқындалады:

- тілде бұрыннан белгілі мағына иеленген номинативті тұлғалар әр түрлі сөзжасамдық амал-тәсілдер нәтижесінде бірігіп, қосарланып, тіркесіп, семантикалық жағынан дамып, жаңа денотаттық мағына туғызады;
- жаңа денотаттық мағына жеке лексикалық бірлік ретінде қабылданады;
- туынды сөз объективті өмірдегі құбылысты, затты, қимылды атап, танытатындықтан, номинациялық аспектіде қарастырылып, жеке денотаттық ерекше мағына ретінде сипатталады;
- туынды сөздің мағынасы өзін құрайтын бөліктер мағынасынан құралып, сөздің шеткей өрісінде негіз сөздің өзексемасын сақтайды;
- туынды сөз мағынасы белгілі дәрежеде фразеологиялық ауыспалы мағына болады;
- туынды сөз сөздікке сөзтізбе ретінде еніп, сөздік құрамды байытады.

Туынды сөз мағынасының күрделілігі екіншілік номинация болуымен байланысты. Екіншілік номинация мағынасы алғашқы тұлға мағынасынан туындайтындықтан, оған семантикалық жағынан тәуелді болады. Алғашқы тұлға немесе этимон түбір мағынасы (архисема) кең де көлемді, ол мағыналық жікте-

ліс барысында көптеген жеке семаларға ыдырайды. Алғашқы тұлға мен туынды сөз мағынасы арасындағы мағыналық байланыс пен айырмашылық болады. Мағыналық байланыс – сөздердің тарихи даму жүйесінің сипатын танытатын тарихи-генетикалық байланыс. Мұндай байланыс – түбірлес сөздерге яғни, бір түбірден өрбіген, барлық тәсілдер арқылы жасалатын туынды сөздерге тән. Мағыналық айырмашылық – сөзжасамдық үдеріс негізінде пайда болатын сөзжасамдық ерекше мағынамен сабақтас. Мағыналық айырмашылықтың болуы – жаңа туынды сөз жасалғанының кепілі. Мағыналық айырма номинативті атаудың ерекше семасы арқылы айқындалады, *айырушы сема (жіктеуші сема) дегеніміз – жеке туынды сөздің өзіне ғана тән ерекше номинативті белгісін айқындайтын, мағына айырушы көрсеткіш сема.*

Туынды сөздің семантикалық күрделілігі, құрамындағы семаларға байланысты:

а) архисема – ең көне тұлғаның макросемасы. Туынды сөздің мағыналық құрылымындағы архисема әртүрлі деңгейде сақталады. Архисеманың сақталу дәрежесі арқылы сөздің дамуын шамамен бағалауға болады.

ә) өзексема – туынды сөз құрамында болатын негізгі семалардың бірі. Өзексема туынды сөз мағынасының жалпы семантикалық құрылымын құрап, негізгі мағынасын айқындайды.

б) ортақ сема – басқа түбірлес сөздермен тарихи-генетикалық бірлігін көрсете алатын тұрақты сема. Ортақ сема арқылы туынды сөздер тізбегін анықтауға болады. Бұл тек бір ғана сөзжасамдық үлгіге қатысты емес, мағынасы жақын, ортақ болатын туынды сөздерді анықтауға мүмкіндік береді.

в) ауыспалы сема – сөзжасамдық қалып негізінде номинативтік заңдылықтар: ассоциация, аналогия, абстракциялау арқылы жаңа сөзжасамдық мағына туындағанда пайда болатын сема. Ауыспалы семаның болуы – адам танымының тереңдеуімен, ұғымдық (сигнификаттық) мағынасының кеңеюімен сабақтасады.

г) айырушы сема – туынды сөздің семантикалық құрылымында ең соңғы жасалған, өзіне ғана тән ерекше мағынасын көрсететін, жеке туынды сөздің өзіне ғана тән ерекше номинативті белгісін айқындайтын, мағына айырушы көрсеткіш сема. Айырушы сема арқылы заттың не құбылыстың белгісі,

қасиеті, сапасы, әрекеті белгіленіп, айқындалады. Басқа тілдік бірліктерден өзіндік ерекше белгісі танылады.

Туынды сөз семантикасының қалыптасуында осы семалардың барлығы әр түрлі деңгейде сақталады, қатынасады. Қазіргі сөздік құрамда қолданылып, семантикалық құрылымы күрделенген туынды сөздерде архисема шеткей өрісте ғана сақталады. Архисема белгілері арқылы тілдің тарихи даму жүйелерін саралауға болады.

2.2. Номинация және сөзжасамдық қатынас

Сөздің жасалу жүйесі мен атау ретінде қалыптасуы – күрделі де ұзақ үдеріс. Сөз жасаудың негізгі мақсаты атау туғызу болса, атаудың тууы – табиғаттағы заттар мен құбылыстардың адам санасында бейнеленген мүсінін таңбалау, сөйтіп танылған зат не құбылыс туралы хабар жеткізу, жадта белгілеу қажеттілігі. Яғни, сөз – шындық өмірдегі зат пен құбылыстың адам санасында бейнеленген таңбасы, осы таңбаның тілде сипат алып, лексикалық бірлік ретіндегі қалыптасу жүйесі сөзжасам саласының зерттеу нысаны. Дәстүрлі зерттеулерде сөзжасам туынды сөз бен күрделі сөздердің жасалуын, даму жүйесі мен желісін қарастырады. Ал сөзжасамды тарихи тұрғыдан зерттегенде, сөзжасамдық ұялардың мағыналық құрылымын айқындау, этимон түбірлердің архисемасын бағамдау т.с.с. күрделі мәселелерді саралау қажеттігі туындайды. Түптеп келгенде, мұның өзі – біріншілік номинацияны пайымдау деген сөз. Сонда, сөзжасам мен ономазиология теориясының бір-бірімен тығыз байланыстылығы айқындалады.

Ономазиология – атаудың ұғыммен, затпен байланысын, пайда болу жүйесін, атау үдерісін қарастырса, сөзжасам – жаңа ұғымды атайтын туынды сөздердің семантикалық топтасуын, даму жүйесін, жасалу жолын зерттейді. Ономазиология сөзді – атау ретінде, сөзжасам – туынды сөз ретінде зерделейді. Сөзжасам теориясы бойынша туынды сөздің ішкі мағынасы олардың құрамындағы сөзжасамдық тұлғалар арқылы анықталатынын еске алсақ, номинация мен сөзжасамның екі жақты байланыстылығы анықталады:

а) біріншілік номинацияны айқындау нәтижесінде түбір сөз мағынасы арқылы туынды сөздің мәні мен мағынасы ашылады;

ә) туынды сөз жеке ұғымды білдіретін атау ретінде екіншілік номинация болады, әрі сөзжасамдық үдеріс негізінде қалыптасқандықтан, сөзжасамдық мағынаға ие болады.

2.2.1. Номинация мен сөзжасамның арақатынасы

«Номинация» латынның («nomination») – аталу деген сөзінен туындаған терімсөз. Номинация атаулық қызмет атқаратын тілдік бірліктердің жасалу жүйесін, атаудың құрылымын зерттейтіндіктен, ономасиологиялық аспектіде қарастырылады. Ономасиологияның негізгі мақсаты – таным барысында айқындалған, қоршаған ортадағы нысандардың аталуы арқылы тілдегі көрінісін зерттеу, яғни өмір шындығының жеке көріністері мен элементтерінің аталу тәсілін қарастыру. Ал сөзжасам жаңа мағыналы туынды сөздердің жасалу жолын, құрылымын қарастыратын сала ретінде ономасиологияның бір бөлігі делінеді [68, 467].

Сөзжасам – номинация үдерісінің орындалуын қамтамасыз етеді, адамның танымдық қызметінде шешуші рөл атқарады. Номинацияның құрылымы мен орындалу үдерісін тіл білімінде мынадай «үштік» қатынаспен анықтау дәстүрі бар: «реалия – ұғым – есім». Осы әмбебап логикалық қатынастың мәнін ашу арқылы тілдің әлемді танытудағы маңызы мен рөлі айқындалады. Реалия – атаудың денотаты, яғни номинация үдерісінде атаумен белгіленген зат пен құбылыстың белгілерінің жиынтығы. Ұғым – атаудың сигнификаты. Есім – тілдік танымдағы дыбыстық қатар. Есім сигнификаты мен денотаттың қарым-қатынасы арқылы номинациялық акт жасалады.

«Ойлау – тіл – қарым-қатынас» – бұл тілдің өмір сүруінің негізі. Ойлау мен объективті шындық арасындағы өзара байланыс мәселесін тіл мен адамды қоршаған табиғи ортадағы заттар мен құбылыстардың арасындағы байланыс мәселесін туғызады. Романтик-идеалист ғалым В. Гумбольдт былай деп жазған: «Нет мыслей без языка, человеческое мышление становится возможным только благодаря языку» [58].

Адам қоршаған табиғи ортаны тіл арқылы емес, ойлау арқылы таниды, ал тіл – осы ойлау арқылы танылған танымның материалдық көрінісі. Ойлау мен тілдің, тіл мен материяның, материя мен ойлаудың арасындағы байланысты зерттеу – күрделі философиялық мәселе. Біздің мақсатымыз, номинация теориясы тұрғысынан сөзжасамдық үдерістердің орындалу жолы мен жүйесін, объективті шындыққа қатысын анықтау.

Дәстүрлі грамматикада атаулардың жасалуы төрт түрлі әдіс арқылы түсіндіріледі:

- 1) тілдегі ішкі сөзжасамдық ресурстар арқылы;
- 2) жаңа мағыналардың тууы (көпмағыналық, мағына ауысуы);
- 3) сөз тіркесінің жасалуы;
- 4) кірме сөздер мен калькалау [68, 260].

Бұл әдістердің алғашқы үшеуі сөзжасамның негізгі зерттеу нысаны екенін байқауға болады. Мұндағы тілдегі ішкі ресурстарды пайдалана отырып, жаңа сөз жасау аффикстік тәсіл арқылы жүзеге асады. Жаңа мағыналардың тууы, көпмағыналық пен мағынаның ауысуы негізінде болатын семантикалық тәсіл нәтижесі. Сөз тіркесінің номинативтік мағынада жұмсалуды – сөзжасамның аналитикалық тәсілінің нәтижесі болды. Тіркес номинативтік мағынаны иеленгенде, сөйлемнен тыс тұратын жеке атау ретінде, дербес әрі дайын күйінде жұмсалады. Мұндай тіркестер сөз тіркесі ретінде емес, бір денотаттың мағынасын жеткізуші номинативтік атау ретінде қабылданады. Біз сөзжасамдық аспектінің қарастыратын мәселелерін осылайша кеңейте отырып, номинация теориясы тікелей сөзжасам мен кірме сөздерді, калькалаудың номинациялық атау туғызудағы рөлін, атау мен зат, ұғым арасындағы табиғи байланысты зерттейтін сала деп білеміз.

Номинация сөзжасамда жаңа сөздің жасалу үдерісін айқындаса, лексикологияда – сөзжасам нәтижесінен туындаған лексикалық бірліктің мағыналық шегін танытады, ал синтаксисте – сөздің сөйлемдегі, контекстегі қызметі мен мәнін зерттейді. Атау кезінде номинативті бірліктер әлем бейнесін, дүние көріністерін белгілеумен қатар, олардың қасиеті мен белгілерін, іс-әрекеті мен қимылын, жағдайын, сапасы мен мөлшерін сипаттайды. Сөз адам танымының бейнелеуіш қызметінің нәтижелерін бекітудегі негізгі құрал ретінде анықталады. Кез келген зат не құбылыс ұғым арқылы танылып, жеке атауға ие болғанда, сол заттың бүкіл қасиеті мен белгісі бірдей танылып, таңбалана алмайды, тек негізгі бөліктері мен бірнеше ерекше белгілері бейнеленеді. Айталық, қаладан ауылға барған бала бірінші рет түйені не жылқыны көргенде, ең алдымен, оның негізгі ерекше белгілері болып саналатын – үлкендігіне, сырт тұлғасына, өркешінің бар не жоқ екеніне, қозғалысына назар аударып, осы белгілер арқылы түсінік қалыптастырады. Ал бұл қандай жануар,

тегі қандай, жүні, еті, сүті т.б. сапасы мен өзгеше ішкі ерекшелігі туралы жайттарды барлай алмайды. Яғни денотаттың ең негізгі белгілерін аңғару арқылы түсінік қалыптасып, атау жасалады. Дүниенің әрбір нысаны сан-алуан қасиетке ие, әрі әрқайсысы да жүйелі дамуда болғандықтан, шексіз қарым-қатынасқа түсе алады. Бірақ бұл шексіздік зат мәнінің танылуы үшін аса маңызды бола бермейді. Әрбір нақтылы жағдайда нысан өзінің ерекше бөлігімен, өзгеше белгісімен, қасиетімен ерекшеленеді. Айталық, жылқымен салыстырғанда түйенің негізгі ерекше белгісі – өркешінің болуы. Ал түйенің шуда жүні, маң-маң басқан жүрісі, ирек мойыны, денесінің үлкендігі т.б. өзіне тән белгілері болғанымен, жылқымен салыстырғандағы негізгі айырма белгісі, көзге елестеп, көңілге бірінші оралатыны – түйенің өркеші. Бұл осы көрсетілген денотаттың алуан түрлі қасиеті мен белгісінің ішіндегі ерекше белгісі, сондықтан денотаттық ұғым қалыптастыруда ерекше рөл атқарады.

Номинацияның мәні танылған затпен дәлме-дәл келуінде емес. Атаудың мәні – адамның танымдық қызметінің нәтижесін абстрактылы түрде жеткізу. Ал абстракция нақты заттар мен құбылыстардың жалпы және жеке қасиеттерінің диалектикалық қайшылығы мен бірлігін белгілейді. Атау когнитивтік үдерістің тілдегі бейнесі делінеді. Тіл білімінде номинация теориясы кеңінен қолдануда. Орыс тіл білімінде Е.С. Маслова-Лощанская [69], Г.В. Қольшанский [70], Н.Д. Арутюнова [71], В.В. Виноградов [72], В.Г. Гак [73], Е.С. Кубрякова [74], В.Н.Телья [75], А.А. Уфимцова [76], Э.Д. Сүлейменова [77] т.б. ғалымдардың зерттеулері бар.

Қазақ тіл білімінде атаудың, аталудың теориялық мәселесі философиялық, филологиялық деңгейде зерттеле қойған жоқ. Орыс тілі білімінде белгілеу, атау үдерістерінің адамның танымдық қызметімен, тарихи-әлеуметтік тәжірибесімен байланысты екендігі сенімді түсіндіріледі. Номинациялық атау беру үшін, денотаттың материалдық қасиеті ғана емес, оның әлеуметтік қызметі мен қажеттілігі де негізгі рөл атқара алады деген тұжырымды А.А. Уфимцева айтқан. Автор «Лексическое значение. Принципы семиологического описания лексики» атты зерттеуінде [78,70] «тал – отын – ағаш – бөрене» атауларының мағыналарын талдай отырып, ағаштан жасалатын үй жиһаздарын «ағаш» деп оның негізгі қасиетіне қарап атамай, «мебель» деуі – заттың өзіне тән мазмұндық сипатына, қызметіне, түлғасына т.б.

сәйкес деп түсіндіреді. Әрине, тілдің ұзақ даму жолында пайда болған атаулардың бәрі зат немесе құбылыстың материалдық негізгі белгісін тап басып, таныта бермейді. Сөз дамуының заңдылықтары әр түрлі де сан қырлы. Заттың номинациялық мәні сол заңдылықтар нәтижесінде орындалады, атау мен зат арасындағы байланыс ұғымдық түсініктер мен таным арқылы анықталады. Жалпы мағыналық жіктелуінен жеке мағыналар, сол арқылы жеке номинация туындағанда, жалпының негізгі белгілік мәні жекеге көшеді де, атаудың номинативтік мағынасында сақталады. Атау заттың барлық мәнін ашпайды, негізгі ерекше белгісін айқындайды. Мысалы, *шам* – *шырақ*, *шамшырақ*, *жарық*, т.б. жеке мағыналы әр түрлі денотаттың атаулары. *Шам* – заттық мағына берсе, *жарық* – құбылыстың, *шырақ* – заттың және «*шырағым*» дегенде жақсы көретін адам мағынасына ассоциацияланып туынды семаға алмасады.

Бір семаның ғана күрделене дамуынан немесе денотаттың бір белгісінің ерекшеленуінен жаңа номинация жасалады. Ол бастағы *шам* – *шырақ* – *жарық* – *шырағдан* т.б. сөздердің тұлғалық және мағыналық жақындығы, бір денотаттың әр түрлі белгісі арқылы келуінің бейнеленуінен туындаған атаулар. Сондықтан да Б.А. Серебрянников «Как происходит отражение картины мира в языке» атты мақаласында: «Номинация по какому либо признаку является чисто техническим языковым принципом. Признак, выбранный для наименования далеко не исчерпывает всей сущности предмета, не раскрывает всех его признаков», – деп жазады [79, 97].

Номинацияның негізгі – денотаттың маңызды белгісінің, ерекше белгісінің бейнесі. Адам танымы уақыт өткен сайын кеңейеді. Таным көкжиегі кеңейген сайын, сөздік құрамдағы сөздер де молығады. Зат не құбылыстың маңызды белгілері номинацияға негіз болып, жаңа атау жасалған соң, басқа белгілері ескерусіз қалады деген сөз емес. Номинация үдерісі ұзақ уақыт мөлшерінде жасалады. Танылған белгі немесе аталған атау, кейінірек екінші маңызды емес белгісі арқылы ерекшеленіп, жаңа семаға жіктелуі ықтимал. Екіншілік мағына алған жаңа атау бұрын ерекше болмаған белгі арқылы да пайда бола алады. Демек, сөз семантикасының кез келген семасы жаңа затқа немесе заттардың жаңа тобына атау болуына мүмкіндігі бар. Номинация үшін белгінің маңызды болуы шарт. Бірақ жеке

атаудың маңызды белгісі – архисемадағы немесе әуелгі ұғым қасиетіндегі басты белгі бола алмауы ықтимал.

Заттың не құбылыстың әр түрлі белгілері мен қасиеттері уақыт өткен сайын танымның кеңеюіне сәйкес бірте-бірте танылады. Номинациялық үдерістің де өзіндік даму жолы бар. Барлық атаулар бір кезде, бір сәтте пайда болған жоқ. Біздіңше, номинацияның жасалуында уақыт категориясының атқаратын рөлі ерекше. Зат алғаш танылғанда берілетін номинациялық атаулар заттың негізгі, жалпы белгілеріне байланысты қойылады. Танымның тереңдеуімен бірге сөз мағынасы да жүйелі түрде дамиды еске алсақ, біз көрсеткен маңызды белгілер дамып, сөз мағынасының жетілуіне негіз болады. Ал маңызды емес белгілер заттың не құбылыстың ерекше белгісін танытуда шешуші рөл атқарып, оның қасиетін, сапасын, қабілетін, мөлшерін, санын, көлемін, ісін, әрекетін, қимылын т.б. танытуда қолданылады. Атауға негіз болатын денотаттың қасиетін, сапасын, мөлшерін анықтау барысында, кез келген белгісі маңыздылыққа ие болып, ерекшеленуі ықтимал. Денотаттың бір белгісі ерекшеленіп, өзгешеленгенде, ол тілде таңбаланып, атауға ие болады. Бұл екіншілік не үшіншілік туынды мағына болуы мүмкін. Оның семантикалық өрісінде архисеманың мағыналық сипаты (шеткей өрісте болса да) сақталады. Сондықтан біз Г.В. Колшанскийдің «Для номинаций неважно, существуют этот признак или нет» деген тезисімен келісе алмаймыз [80-71]. Кез келген номинация үшін өзі атап тұрған зат не құбылыстың нақты маңызды белгісін айқындауы шарт. Егер атау не зат құбылыстың маңызды, негізгі белгісін көрсетіп бере алмаса, халық ондай сөзді атау тұлға ретінде қабылдамайды.

Уақыт ішінде болатындықтан, номинациялық үдеріс оған тәуелді. Бірнеше маңызды белгіні таңбалау қажеттігі зат пен құбылыстың ішкі қасиеті мен мәнінің адам баласына бірте-бірте танылатындығы өмірге синонимдес сөздерді әкеледі. Сөз, номинациялық атау – зат пен құбылыстың негізгі белгілерін танытатын ұғымның қалыптасуы нәтижесінде жасалады. Бұл маңызды белгі – тек осы номинациялық атау үшін маңызды, басқа мағыналық жағынан ұқсас атаулар үшін маңызды емес, тек қосымша белгі болады. Номинациялық атау үшін өзі көрсетіп, атап тұрған заттың белгісі – негізгі, маңызды. Номинациялық атау – заттың не құбылыстың қасиеті мен сапасы, белгісі

туралы қалыптасқан ұғым мен түсінікті атап көрсетеді, таңбалайды.

Номинациялық үдерістің уақыт мөлшерінде өтетіндігіне байланысты оны екіге бөліп анықтауға болады: алғашқы номинация және екіншілік номинация. Алғашқы номинация тек тарихи аспектіде сөздердің этимологиялық шығу төркінін зерттеу барысында айқындалатын атаулардың ең көне мағыналық сипаты ретінде бағаланады. Архитұлғалардың көрінісі мен архисемалардың терең тарихи зерттеулер нәтижесінде мөлшерлеп пайымдауға болады. Қазіргі ғылым жетістігі архитұлғалар мағынасының өте күрделі, ауқымды семалардан құралатынын көрсетіп отыр. Архисема – макросемалардан құралады. Алғашқы номинациялық атаулардың шығу жолдарын зерттеуде тіл білімінде жасалған дәстүр мен ұланғайыр көп пікірлер мен мектептер бар. Біз бұл жөнінде 3-тарауда толығырақ әңгімелейміз.

Екіншілік номинация – әр түрлі сөзжасамдық тәсілдер негізінде жасалады. Онда зат не құбылыстың танымдық ұғымы мен белгісі дамыған, толыққан сипатта көрінеді. Екіншілік номинацияға (атауда) сөздің мағынасы алғашқы өзін туғызуға негіз болған атаудың мағыналық қырларын сақтайды. Бұл мағыналық негізділік кейін басқа номинативті атауларға беріледі. Осы сақталған мағыналық жүйе арқылы сөздің дамуын тарихи терең мағыналық сипатын тануға болады. Аталған мағыналық сипатты, тілдің тарихи даму жүйесін айқындайтын генетика-семантикалық код деп танимыз. Сөздің ішкі семантикасында сақталған өзексема сөз тобының жүйелі генетикалық сипатын айқындауға мүмкіндік береді.

Заттың не құбылыстың маңызды номинативтік белгісі пайда болған түбірлес атаулардың бәрінде сақталады. Бір себепші негіз арқылы пайда болған атаулардың номинативті белгісін анықтау олардың даму жүйесін, семантикалық бірлігін, жүйесі мен өрісін түсіндіруге мүмкіндік береді. Сөзжасамдық тәсілдің түрлерін жүйелі зерттеу нәтижелері номинативтік белгіні табуға, сол арқылы сөздің және оның мағынасының генетикалық бірлігін тануға көмектеседі. Екіншілік номинацияның жасалу жолы мен себебін зерттеуде номинация теориясы сөзжасаммен сабақтас қарастырылады. Сөзжасам екіншілік мағынаның жасалу тәсілін, мағыналық шегін, жүйесін зерттейді. Демек, сөзжасам – номинациялық үдеріс пен оның нәтижелерінің орындалуын қамтамасыз ететін тілдік сала. Тілдік жүйедегі

сөзжасамның басты қызметі атау туғызу, сондықтан номинациялық үдерістердің жүруіне қызмет етеді, номинациялық атаулар туғызудың шарты болады. Барлық тілдерде әлемді танудан туған, жинақталған ілім мен тәжірибені бейнелейтін, таңбалайтын – сөз. Соның ішінде, сөзжасам негізінде пайда болған туынды сөздердің рөлі мен мән-маңызы ерекше.

Сөзжасамды номинациялық аспектіден қарастырғанда, оның негізгі белгілерін айқындаймыз (сөзжасамның тәсілдері, амалы, сөзжасамдық қалып, сөзжасамдық тізбек), сондықтан бұл белгілер де номинация құралы болады. Яғни номинация жасау үшін сөзжасамдық тәсіл, қалып, тізбек қалыптасады. Сөзжасамның нақты сипаты ономасиологиялық категориялар мен сөз жасаушы материалдық құралдар, олардың мағыналық сипаты, туынды сөз көлемінде болатын теориялық мәселелер арқылы айқындалады. Номинациялық акт жаңа атауларды туғызса, сөзжасам сол атауды туғызуға тікелей қатынасады, әрі туынды сөздердің (екіншілік номинацияның) сөздік құрамда қолданылуына, қалыптасқан үлгі бойынша басқа туынды сөздердің жасалуына тікелей ықпал етеді. Бір қалыптан туындайтын сөздердің күрделі құрылымдық семантикасы мен түбірлес туынды сөздердің генетикалық бірлігін анықтайды. Жаңа атау жасауға тікелей қатынасатын сала болғандықтан, сөзжасам басқа жүйелерден гөрі ономасиологияға жақын, номинация үдерісін туғызуда шешуші рөл атқарып, белгілі дәрежедегі атау нысанына айнала алады, яғни номинативтік аспектіден қарастырылады.

Номинация теориясы тіл бірлігі жасалуының жалпы заңдылықтарын, тіл мен ойлаудың шындық өмірдегі заттар мен құбылыстардың бір-бірімен байланысы мен қатынасын, олардың белгісін танудағы адамның үлесін, адам факторын қарастырады. Ал сөзжасам теориясы жеке лингвистикалық пән ретінде туынды сөздің жасалуын, қызметін, құрылысы мен мағынасын, күрделі сөздер табиғатын қарастырады.

2.2.2. Генетикалық-семантикалық кодтың сипаты

Бүкіл әлемдегі тілдер сияқты, қазақ тілінің сөздік құрамы туынды сөздерден құралады. Қазіргі тілімізде қолданылып жүрген, жаңадан жасалған сөздер түгелімен туынды сөздер. Бұл атаулар сөздік қабаттың ең өзгермелі, икемді, құбылмалы да дамыған бөлігі. Біз туынды сөздерді номинациялық үдеріс негізінде пайда болған номинативті таңба ретінде қарастырамыз.

Таңба болғанда да мағыналы, өзіндік арнайы құрылымдық-семантикалық қасиеті бар, қызметі бар таңба деп танымыз. Туынды сөздің мағынасы себепші негіздің мағынасы арқылы айқындалатыны белгілі. Себепші негіздің номинативті мағынасы белгілі болған жағдайда, туынды сөз мағынасы ассоциативті байланыс нәтижесінде ұғынықты болады. Яғни туынды сөзді мағынасы мен түсінігі басқа сөз арқылы танылатын құрылым деп анықтауға болады. Туынды сөздің мағынасы түп негізге тәуелді болып, сол арқылы түсіндірілгенімен, екеуінің мағыналық құрылымы бірдей емес. Жаңа номинативті тұлғаның ішкі мағынасы тек жаңа мағыналы сөздің қалай жасалғанын ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге жасалу тәсілі мен амалынан хабардар етеді. Жаңа номинация туғызуға себепші негіздің мағынасы тірек болып, жіктеуші мағынаны нақтылайды. Қандай ұғымдардың арасында байланыс болғандығы және қандай мағыналардың семантикалық ассоциацияға түскендігін көрсетеді. Жаңа атау мен оның түпкі төркіні арасындағы ұғымдық байланыстың сипатын айқындайды.

Номинация теориясы тұрғысынан пайымдағанда, атаудың номинативті белгісі арқылы жаңа мағына туындайтындықтан, сөзжасамдық қалыпты ортақ семаның парадигмалық тірегі ретінде бағалауға болады. Яғни, белгілі денотатты атау үшін, заттың не құбылыстың маңызды белгісі алынады десек, номинациялық атау туғызуда сөзжасамдық қалыптағы ортақ бірлік – ортақ сема үлкен рөл атқарады. Ұғымдағы іс-қимыл мен әрекетті, заттық мән мен қасиетті сипаттау арқылы номинативтік белгі жасалуы мүмкін. Сондықтан номинациялық атау мен оның түпкі себепші негізінің арасында ерекше қарымқатынас қалыптасады. Айталық, *айқара*, *аймала*, *айқасу*, *айналу* тұлғаларының түпкі атауы – «ай» сөзі, «*айналу*», «*дөңгелену*» мағынасы арқылы жасалып, жеке атауларда ерекше қарымқатынасқа түседі. «*Аймалау*», «*аялау*» номинациясы себепші атау арқылы ассоциацияланған, мұндағы номинациялық белгі «*ай*» сөзінің құрамындағы айналу семасы жаңа номинативті атауға мағыналық жағынан дамып, «жақсы көру», «сүю» мағынасын беріп тұр. Ал «*айбар*, *айбат*, *айбын*, *айдар*, *айдын*, *айна*» сияқты номинациялық атаулардың жасалуындағы ортақ сема – анықтық, айқындық. Осы белгі арқылы атау пайда болады, оған негіз болған «ай» сөзінің бір микромағынасы жеке атауларға беріледі. Екіншілік номинациялық атаулардың гене-

тикалық байланысын, номинативтік белгісі арқылы сақталған ортақ сема негізінде айқындаймыз.

Сөзжасамдық аспектіде себепші негіздің архисемасын жіктегенде, негізгі сема барлық туынды сөздерде сақталғандықтан, себепші негіздің мағынасы арқылы түбірлес сөздердің тарихи-генетикалық тамырын табамыз. Сөзжасамды тарихи аспектіде зерттеуде номинация теориясының рөлі зор. Туынды сөздің ішкі семантикалық құрылымын анықтау деген сөз, құрамындағы сөзжасамдық ұя мен себепші негіздің арақатынасын айқындаудан басталады. Ал сөзжасамдық ұядағы түбірдің мағынасын номинация теориясы арқылы ғана түсіндіруге болады. Денотаттың номинативтік белгілері, амалы, қасиеті, сапасы, қимылы, әрекеті т.б. арқылы түбірдің мағынасын айқындай аламыз. Номинация объективті болмыстың ойда, санада бейнеленуін, ұғым қалыптасу жүйесін, ұғымның сөз арқылы таңбалану сипатын танытады. Ұғым мен атау арасында сәйкесті байланыс бар. Ұғым арқылы атау жасалғанда, атаудың негізгі және ерекше белгілері сипатталады, әрі атау жасаудың генетика-семантикалық коды айқындалады. Генетика-семантикалық код негізінде жаңадан туындаған сөздерде ортақ сема сақталады, ішкі мағыналық құрылымы қалыптасады. Бұл код мағынамен тығыз байланысты болады, тілдің жүйелі, кешендік сипатын сақтайды. Атау жасауда генетика-семантикалық код сақталмаса, тіл өзінің жүйелі құрылымын сақтамай, қалай болса, солай құралған «хаосқа» айналар еді. Бір сөзжасамдық ұяға кіретін туынды сөздердің мағыналық семаларында ортақ, өзексеманың болуы осы семантикалық кодтың болуынан деп тұжырымдаймыз.

Генетика-семантикалық код – ең көне түбірлерде болған макромағыналар ортақтығы, олардың дамуы мен қажеттіліктеріне сәйкес жіктелуі барысында тарамданып таралғанда, туынды сөздің өзексемасын құрайтын, сөйтіп айырушы семалардың тегін айқындайтын ортақ мағыналық жүйе. Сөздердің мағыналарының тарамдалып, тұлғалық өзгерістерге түсуіне байланысты алғашқы мағына жіктеледі, өзгеріске түседі. Генетика-семантикалық код арқылы олардың түпкі ортақ тегін айқындап, мағыналық және тұлғалық даму жүйесінің тізбегін көрсетуге болады. Мұндай код кез келген туынды сөзде себепші негіз арқылы сақталады. Генетика-семантикалық код негізінде ғана тіл дамиды, өзінің жүйелі сипатын жоғалтпайды. Тілдегі сөздер

мен тұлғалар кез-келген сөзбен тікелей байланыспайды. Тұлғалардың қосылып, бірігіп, жалғанып жаңа атау туғызуы үшін ішкі генетика-семантикалық мағыналары сәйкес келуі тиіс, тілдік генетика-семантикалық код қалыптастырған жүйеге бағынуы қажет.

Ұғым мен атау арасындағы табиғи байланыс – тіл жасалуының негізі. Бұл байланыс сөздің мағынасы арқылы көрініс табады. Егер мұндай байланыс болмаса, тіл ұрпақтан-ұрпаққа мұра бола алмас еді. Тілдің даму жүйесінде генетика-семантикалық код әр түрлі деңгейде болуы ықтимал. Айталық, түркі халықтарының барлығы бірдей көне түркі жазба ескерткіштері тілін түсіне алуының негізгі себебін номинация теориясы тұрғысынан былайша түсіндіруге болады. Қазіргі түркі тілдегі 5-7 ғасырлардағы көне түркі тілінде жасалған сөздердің сөзжасамдық ұяларындағы негізгі семаларын, ондағы генетикалық кодты толық сақтап қалған. Тілде даму, өзгеру болып, сөздік құрам өзгергенмен, тілдегі негізгі генетика-семантикалық кодты сақтаушы түбірлердің мағынасы мен мәні өзексемадан ауытқымаған. Тілдің сөздік қорында сақталатын код қатты өзгеріске түскенде ғана бұндай тарихи сабақтастық бірте-бірте сипатын өзгертуі ықтимал.

Зат пен атау арасындағы байланыстың өзіндік ерекшелігі бар:

- зат өзінің аталуына тәуелсіз өмір сүреді;
- заттың танылған белгілері арқылы жасалған ұғым негізінде атау пайда болады.

Таңбалар заттың ерекше сипатын белгілейді, әрі сөз жүйесін қалыптастырудағы негізгі қайнар көз саналады. Тарихи тұрғыдан, тарихтың терең қатпарларына ой көзімен барлау жасағанда, дамудың әуелгі кезеңдерінде зат пен атау арасында байланыс бар екеніне көз жеткізуге болады. Қазіргі сөздердің мағынасы мен тұлғасы даму нәтижесінде күрделі өзгеріске ұшырағандықтан, ең алғашқы кезеңдегі зат пен оның атауы арасындағы байланыс бірте-бірте үзілген. Таңба мен зат арасындағы терең тарихи байланыс қазіргі тіліміздегі ою-өрнектер атауларында сақталған деп пайымдаймыз.

Алғашқы номинацияның жасалуына заттың ерекше белгілері негіз болатынын мойындасақ, зат пен ұғым арасы жақын деуге болады. Себебі адам санасы затты қалай таныса, сондай ұғым қалыптасады. Ал ұғымның белгіленуі мен мағыналық


таңбалануы әр түрлі болады. Адамзат баласы күнді жылу мен жарық беретін энергия көзі ретінде бірдей ұғынады. Күннің түнге қарама-қарсы екенін бірдей түсінеді. Демек, зат біреу, ұғым біреу, ал айтылуы ғана қазіргі тілдерде әр түрлі. Тарихи тұрғыда когнитивтік құрылым негізінде көне сөздердің таңбалануы да ортақ болған. Бұл арнайы зерттелетін күрделі мәселе.

Еуропалық лингвистердің көпшілігі зат пен атау арасындағы байланысты мойындамайды (Г. Стерн, И. Ричардс, К.Огден, В.А. Звягинцев, А.А. Новиков, Г. Фреге, С. Ульман, Ю.С. Степанов т.б.), бұлай деудің негізгі себебі, біздіңше Еуропалық және орыс тілші ғалымдары тілдік деректерді, негізінен, синхрондық аспектіде бағамдап, қазіргі тілдік жүйедегі атаулардың таңбамен байланысы ұмытылғандығын ескере бермейді. Еуропа ғалымдары ішінде сөз бен референт арасында байланыс бар деп есептеп, К. Огден мен И. Ричардстың семантикалық үшбұрышындағы сызықтарға өздігінен түзету енгізген К.А. Аллендорф болды. Автор «Значение и изменение значений слов» атты еңбегінде «Үшбұрыштың барлық жағы да жабық», – деп пайымдап, зат пен атау арасында байланыс бар деген тұжырым айтады [81, 46]. Бірақ бұл пікір нақты дәлелденіп, қолдау тапқан жоқ.

Қазақ тіл білімінде бұл мәселелерді арнайы сөз еткен ғалым М. Оразов зат пен атау арасында болатын байланысты былайша пайымдайды: «Сөз бен затты байланыстырып тұратын ұғым бар. Дыбыстық комплекс пен мағына ұғымды жалпыланған бейне арқылы объективті дүниемен, ондағы заттармен, құбылыстармен байланыстырып жатады» [82, 73]. Автор референт пен атау (сөз) арасындағы тікелей байланысты мойындамайды, бірақ олардың арасын жалғастырушы ұғымның бар екенін ескертеді.

Зат бар жерде, ол туралы түсінік, ұғым қалыптасады. Ұғым – заттың тікелей көрінісі. Ұғым заттың дәл өзін айқындай алмайды, ерекше белгілері арқылы санада зат туралы түсінік негізделіп, алғашқы номинация жасалады. Номинациялық үдеріс нәтижесінде жасалған атаудың екі жақтылығына, яғни оның дыбыстық жамылғышы мен мағынасына (ұғымның бейнесі) сәйкес, тіл білімінің негізгі салалары қалыптасады. Атаудың өзін сөз ретінде – лексикология, сөздің дыбыстық құрылымы мен оның бір-біріне ықпалын – фонетика, атаудың бір-бірімен байланысқа түсуін, ойды жеткізуін – грамматика зерттейді. Атаудың ішкі мағыналық сипаты мен даму жүйесін, жолын –

семантика қарастырады. Тереңірек үңілсек, «Атау» жасау дегеніміздің өзі «Тіл жасау» болып шығады.



1-сызба

Қазақ тіл білімінде атаудың таңбалық сипаты мен құрылымы жеке-жеке салалар негізінде терең зерттелген. Ал тұлғаның мағынасы деген не? Мағына қалай қалыптасады деген сұрақтарға жауап берілуі қажет. «Мағына» туралы айтылған алуан түрлі пікірлер бар (К. Аханов, А. Ысқақов, Ә. Болғанбаев, І. Кеңесбаев т.б.) Мағына – ұғымың тілдегі бейнесі, когнитивтік үдеріс нәтижесі. Шындық өмірдегі зат пен құбылыстың негізгі, ерекше қасиеттерінің адам санасындағы бейнеленуі арқылы ұғым қалыптасса, сол ұғым негізінде сөздің мағынасы жасалады. Ұғым заттың көрінісі десек, мағына – ұғымның көрінісі. М. Оразов мағына туралы былай деп жазады: «Лексикалық мағына дегеніміз белгілі бір дыбыс не дыбыстар тізбегі мен

шартты, тарихи және әлеуметтік байланысқа түскен объектив дүниедегі заттардың, амал-әрекеттердің, түрлі құбылыстардың адам санасындағы жалпыланған, дерексізденген бейнесі [82, 45].

Қазақ тіл білімінде сөздің лексикалық мағынасына Ғ. Мұсабаев, К. Аханов, Т. Қордабаев, М. Белбаева анықтама берген. Біздіңше, М. Оразовтың тұжырымы осы ойлардың заңды жалғасы, әрі тіл біліміндегі теориялармен толыққан, мағынаның мәнін жан-жақты аша алған соңғы анықтамалардың бірі. М. Оразов анықтамасының негізгі тұжырымы «мағына заттың жалпыланған бейнесі» дегенге саяды. Мағына арқылы заттың бейнесін қабылдаймыз ба, әлде сол зат арқылы қалыптасқан ұғымды түсінеміз бе? Яғни, сөздің мағынасы – заттың бейнесі ме, әлде ұғымның бейнесі ме? Егер сөз мағынасы заттың бейнесі болса, онда бұлардың арасында тікелей байланыс болғаны, зат пен оның тұлғалануы, таңбалануы арасында, яғни сөз мағынасы арасында байланыс бар болса, онда әлемдегі халық неге бірдей дәстүр мен салтқа, тіл мен дінге ие болмаған деген заңды сұрақ туындайды.

Зат пен сөз мағынасы арасындағы сабақтас байланыс, біздіңше, ұғым арқылы жалғасады. Ұғымдық белгілер арқылы мағына жасалады. Табиғат пен әлем бейнесінің адам санасында бейнеленуі ұғымды қалыптастырады. Ұғым арқылы таңбаға мағына беріледі. Мағына ұғымның нақ өзі деуге де болмайды, оның абстракцияланған, ұқсатылған, ассоциацияға түсірілген бейнесі. Санадағы ой сөзбен тұлғаланғанда, белгілі мағынаға ие болғанда, әртүрлі факторлар арқылы қалыптасады. Ондай факторлар:

- халықтың дүниетанымы;
- уақыт;
- танымның дамуы;

Яғни, белгілі уақыт аралығында, дүниетанымның жетілуі мен дамуына сәйкес қалыптасатын, халықтың дәстүр мен салт-санаға байланысты болатын ұғымның тілдегі таңбалық жүйеге түскен абстрақтылы, ассоциативті бейнесі мағына болады. Мағына арқылы нақтылы зат не құбылыстың өзі емес, сол туралы халық қалыптастырған ұғым қабылданады. Табиғаттағы зат, құбылыстың адам танымында танылған және танылмаған белгілері мен қасиеті болады. Танылған белгілер мен қасиеттер арқылы ұғым қалыптасып, кейін бұл ұғым бірте-бірте дамиды, жетіледі. Ұғым дамуы арқылы, сөз мағынасы да дамып, сино-

нимдік, көпмағыналылық, антонимдік қатарлар қалыптасады. Тіл бірден жасалып қалыптасқан номинативтік белгілердің жиынтығы емес. Тіл – ойлаудың жемісі болғандықтан, ұғымның, танымның үнемі дамуы арқылы, адамдардың қарым-қатынасы нәтижесінде, белгілі уақыт аралығында жетіліп отырған күрделі үдерістің жемісі.

Э.Д. Сулейменова: «Язык, независимо от национальных вариантов, был и остается и универсальной базой мышления. Язык – это неперемный атрибут человека и глубинная структура языков едина», – деп жазады [77, 126]. Ғалымдардың пікірінше, әлемдегі әр тілде сөйлейтін адамдардың бір-бірімен түсінісе алуының негізінің өзі тілдердің әмбебаптық және біртектілік қасиетімен сипатталады. Әртүрлі тілде сөйлейтін адамдардың түсінісуінің шарты – логикалық ойлау базасының бірлігі деп түсінген ғалым тұжырымдарымен келіспеуге болмайды. «...Единая логика-мыслительная база человека имеет своей основой и единство социального опыта и единство физиологической природы человека», – дей келіп, адамның танымдық қызметі мен бізді қоршаған табиғи ортаның бірлігіне орынды назар аударады [77, 126-127].

Тілдердің құрылымдық бірлігін номинация теориясы арқылы анықтаған зерттеуші пікірін жалғастыра отырып, сөздердің (таңбаның) ішкі мағыналық құрылымын терең тарихи тұрғыдан зерделей келе, тілдердің ортақ генетика-семантикалық кодын айқындауға болады деп есептейміз. Тілдің терең құрылымдық жүйесінде болатын этимон түбірлер мағыналары көп қырлы, сан-салалы, макролық жүйеде келіп, даму барысында әр түрлі тілдік бірліктерге жіктеле ыдырағанда, семалық ортақтық, бірлік сақталады. Адам танымының ортақтығы негізінде жасалған әуелгі этимон түбірлер мағынасы дыбыстық және мағыналық даму нәтижесінде әр түрлі таңбалана бастайды, бірте-бірте танығысыз дәрежеде өзгеріп кетеді. Ұзақ уақыт аралығында өтетін бұл үдеріс тілде үнемі жүйелі түрде орындалып отырады. Танылған заттар мен құбылыстардың сансыз қасиеті мен сипатын атау әртүрлі дәрежеде өзгеріп кетеді. Ұзақ уақыт аралығында өтетін бұл үдеріс тілде үнемі жүйелі түрде орындалып отырады. Танылған заттар мен құбылыстардың сансыз қасиеті мен сипатын атау әр түрлі дәрежеде, әр түрлі адамдар арасында өтетіндіктен, тілдердің кейінгі қалпы бір-біріне мүлде тәуелсіз өзгерістерге түсіп, бір-бірінен ажырай береді. Ал көне түбірлер

мағынасын номинация теориясы негізінде зерттеу нәтижелері сөздердің генетикалық бірлігін анықтауға мүмкіндік береді, әрі генетика-семантикалық код арқылы әуелгі түбірлерден өрбіген сөздердің тұлғалық және мағыналық сипатын айқындауға болатынын көрсетеді. Адам танымының бірлігі мен табиғи құбылыстардың – аспанның, күннің, айдың, судың, жердің, оттың ортақтығын да еске алалық. Ұғым мен мағына ортақ болса, сол мағынаны таңбалаушы сөздің де бірлігін дәлелдеуге болары сөзсіз. Біз ұсынып отырған генетика-семантикалық код арқылы әуелгі сөз мағыналарының макросемалары арқылы, одан туындайтын мағыналар ортақтығы негізінде сөздердің біртектестігін, генетикалық бірлігін анықтауға толық болады. Сөздердің ортақ мағыналары арқылы, терең тілдік құрылымдарда тілдердің де жақын туыстығы дәлелденеді. Сөз мағынасын кешенді түрде терең семантикалық құрылымда зерттеу нәтижелері олардың арасындағы генетикалық байланысты тануға, сөйтіп барлық сөздердің дамуына ортақ желі болып табылатын генетика-семантикалық кодты анықтауға көмектеседі.

Сонымен, түбірлес сөздер мағыналарын ретроспективті әдіс негізінде, олардың ішкі мағыналық құрылымы арқылы зерттей келе, ортақ мағына көлемін анықтап, таралу шегін, парадигмалық шебін зерделеу негізінде терең мағыналық құрылымын көрсетуге болады. Түбірлес сөздер мағыналары туынды сөз ретінде сан түрлі мағыналарды белгіленгенімен, тарихи терең дамуында ортақ бір мағынаға тіреліп, бір макросемадан таралатыны аңғарылады. Сөз мағыналарын осылайша таратып, тарамдалған мағыналарды ортақ семаларға топтастыруға, сөйтіп алғашқы тұлғасы мен мағынасын айқындауға болады. Сөздер арасындағы мағыналарды сабақтастыра байланыстырушы, жалғастырушы – ортақ сема. Бұл генетика-семантикалық код деп аталады. Генетика-семантикалық код – тек күрделі құрылымдық жүйені тарихи тұрғыда терең зерделегенде ғана байқалатын, мағынадағы ортақ мән.

2.2.3. Номинацияның субъективтілігі – ұлттық тілдің болмысы

Номинативтік белгі – объективті өмірдегі заттар мен құбылыстардың қасиеті мен сапасы, ал номинациясының өзі – субъективті, ол адамдардың ол аталған затқа деген субъективті жеке көзқарасы мен таным-түсінігі, пікірі. Номинацияның субъек-

тивтілігінен ұлттық таным мен дәстүр, солар арқылы қалыптасатын ұлттық тіл келіп шығады. Егер номинация объективті болса, болмысты объективті сипатта бейнелесе, жер бетіндегі адамзат баласы бір тілде сөйлеген болар еді.

Табиғаттағы бірдей зат пен құбылыстың, қимыл мен үдерістің номинативтік белгілері адам танымында қабылданып танылады. Әртүрлі танылған денотат пен сигнификаттың танымдық белгілері арқылы атау қалыптасады. Танымдық белгі мен түсінік арқылы этнотүсінік жасалады. Ұлттық тілдің жекеленуі, даралануы көрсетілген номинативті белгіні өзінше танып, өзінше атау беруімен тікелей сабақтас. Номинациялық атау беру арқылы ұлттық тіл қалыптасады, номинациялық белгіні өзінше ерекше сипатта тану нәтижесінде ұлттық таным дүниеге келеді. Демек ұлттық танымның өзі ұлттық тілде ғана таңбаланып, көрініс табады. Бұдан ұлттық тіл мен таным арасындағы тікелей байланыс келіп шығады. Ұлттық тілсіз –ұлттық таным да жоқ, ал керісінше, ұлттық тіл дамытылса, тіл арқылы ұлттық таным нақтыланады, мирас болған дүниетаным және ұлттық менталитет тіл арқылы жаңғырығады, тілдік таңбалар арқылы қайта түрленеді.

Номинацияның субъективтілігі бүкіл адамзат мәдениетінің көкжиек кеңдігін туғызады, яғни табиғат пен қоғам өмірі шындығындағы сан-алуан денотатты тану нәтижесінде, сандаған ойлар мен танымдар, ұлттық тілдер пайда болды. Номинацияның субъективтілігін былайша кең мағынада саралаудың басты себебі, адам баласының ерекше сипаты – сөйлеуге байланысты; ал сөз әлемінің жасалуы мен қалыптасуын зерттейтін сала – номинация. Сөз арқылы адам баласы бүкіл жанды-жансыз табиғаттың бейнесін таңбалайды, қимылы мен қозғалысын, қасиеті мен сапасын сипаттайды. В. Гумбольдт: «Человек является человеком только благодаря языку», – деп жазса, академик Н.Е. Марр: «Ана тілі мәдени өрлеудің аса зор құралы», – деп бағалаған.

Әлем бейнесінің, табиғаттағы заттар мен құбылыстарды танып біліп, оған атаулар беру – күрделі де шешуші үдеріс. Біз әуел бастағы этимон түбірлердің номинациялық сипатын, белгісін анықтай алмаймыз. Ғылымда бұл жөнінде тек болжамдар ғана жасалады. Алғашқы номинациялық атаулардың, яғни тілдің шығуы туралы теориялардың ішіндегі ең көп тарағаны – дыбысқа еліктеу теориясы, одағай теориясы, еңбек теориясы,

қоғамдық шарттасу теориясы, қол тілі, ымдау тілі т.б. Ал екіншілік номинацияның жасалу мәні мен негізделуін айқындауға болады. Бұл үшін уәждеме қағидалары мен шарттары орындалуы тиіс.

Жаңа атау – зат пен құбылыстың нақты да маңызды белгілердің адам санасында ұғынылуы арқылы жасалады дедік. Бұл сөзжасамның номинациялық аспектісі. Кез келген жаңа атау – жаңа лексема. Туынды лексеманың лексикалық мағынасы сөзжасамдық үдеріс кезінде жасалып, өзіндік ерекшелігі, тілдің жүйедегі өзгеше бірлік ретіндегі сипаты, жасалу, туу үдерісі мен қалыптасу жолына байланысты ашылады. Ал туынды сөздің даяр күйіндегі бүгін қалпынан, оның ішкі семантикалық құрылымының табиғатын бірден тани алмаймыз. Номинация тілдегі барлық номинациялық қызмет атқаратын бірліктердің жасалуының танымдық табиғатын қарастырады. Сөздердің барлық ерекше мағыналары тек сөзжасамдық үдеріс арқылы жасалмайды, синтаксистік байланысқа түскенде, контексте ауыспалы, окказиональды, келтірінді мағыналары анықталады. Кез келген сөз нақты коммуникацияның (тілдік байланыстың) мақсаты мен міндетін, хабар беру қажеттілігін өтеуден туындайды, сондықтан сөйлемнің номинативтік табиғатын айқындау да күрделі міндет атқарады. Синтаксистік номинацияда сөздің жаңа стильдік, окказиональдық, экспрессивті-эмоциялық т.б. мағыналары жасалады.

Сөзжасамның ұғымды таңбалаудағы номинациялық қызметіне сәйкес, екі түрлі жүйесі қалыптасқан. Барлық туынды сөздер мағынасына қарай екіге бөлінеді:

- себепші негіздің тура өзексемасы арқылы жасалатын сөздің негізгі мағынасы.
- сөздің ауыспалы немесе фразеологиялық мағынасы.

Туынды сөздерді мағыналық аспектіден бөлек қарастырудың мәнісі, олардың номинациялық қызметімен, адам танымындағы зат пен құбылыс туралы ұғымның бейнесімен тығыз байланыстылығында жатыр. Ф. де Соссюр: «Языковой знак связывает не вещь и ее название, а понятие и акустический образ. Этот последний является не материальным звучанием, вещью чисто физической, а психическим впечатком звучания, представлением, получаемым нами о нем посредством наших органов чувств; Акустический образ имеет чувственную природу», – деп жазады [61, 99]. Автор көрсеткен акустикалық образ сөз арқылы

таңбаланып, бейнеленеді. Сезімдік мүшелер арқылы танылған акустикалық образдың екі қыры бар: 1) танылған бейненің өзгеріске түспей сол қалпында тура мағына ретінде қалыптасуы; 2) танылған бейненің ауыспалы мағынада қалыптасуы.

Ауыспалы мағына бейнені атау үшін қолданған себепші атаудың мағынасының метафоралық, ауыспалы түрде жұмсалыуынан пайда болады. Ауыспалы мағына жасалу үшін туынды сөздің құрамындағы сыңарлардың мағынасы тура, өзек мағына арқылы емес, өзгеше ауыспалы мағына арқылы сөзжасамдық мағына туғызуы шарт. Демек, туынды сөздер де ішкі семантикалық құрылым жағынан тура мағыналы және ауыспалы мағыналы болып бөлінеді. Ауыспалы мағыналы туынды сөздердің мағынасында себепші негіздегі мағынадан бөлек, қосымша рең беретін мағыналық сыңар болады. Мұндай қосымша мағына негіздер мағынасы арқылы емес, сөзжасамдық үдеріс нәтижесінде адам ойындағы ассоциативті таным арқылы жасалады.

Фразеологиялық мағына номинацияның субъективтілігін айқын танытады. Сөздердің ауыспалы мағына иеленуі, адам танымының тереңдігінің, ассоциациялық, абстракциялық ойлау дәрежесінің кеңдігімен тығыз қарым-қатынаста болады. Туынды сөздердің фразеологиялық ауыспалы мағынада жұмсалыу үдерісін дәстүрлі грамматикалық принциппен немесе жеке сөзжасамдық теориямен түсіндіру мүмкін емес. Сөздердің ауыспалы мағынада жұмсалыуы танымға қатысты болғандықтан, номинациялық акт ретінде түсіндіруге болады. Фразеологиялық мағынаға алмасу үдерісі танымдағы зат пен құбылыстың сапалық, қасиеттік белгілерінің абстрактылық көрінісінен, оның сипатының безендірілуінен туындайды. Мұндағы туынды сөздердің ішкі мағыналық құрылымы басқа туынды сөздердің ішкі мағыналық құрылымынан өзгеше болады. Тура мағынасындағы туынды сөздердің себепші негізі, өзек мағынаның алғашқы мағынасында жұмсалса, фразеологиялық мағынадағы туынды сөздердің себепші негізінде тура мағына емес, екіншілік мағына болады, сөйтіп екіншілік мағынада қолданған себепші негіз арқылы үшінші, жаңа семантикалық мағына – фразеологиялық мағына жасалады. Айталық: «*айналайын*» сөзінің өзек түбірінің бір семасы – «ай (айналу) – белгіні нысанды ортаға ала, қоршай, қорғай жүру болған. Одан «*айналу*» негізі осы өзексема арқылы ерекшеленіп, жеке туынды атау болып қалыптасты. «*Айналайын*» сөзінің жас балаға жақсы көруге айтатын семасы

«айналу» туынды негізінен жасалған, фразеологиялық мағына. жіктеуші семасы – үлкен кісінің кішкентай балаға мейірленгенде айналып толғануы. Бұл семаның қалыптасуына өзек, архисема негіз болған. Жас балаға үйір болатын пәле-жаладан, сұқ көзден т.б. теріс пиғылды күштерден қорғау үшін, «сені айналып жүрейін, қорғап жүрейін» деген танымдық түсініктен туындаған номинациялық атау. Біздіңше, жалпы фразеологиялық ауыспалы мағынадағы туынды сөздердің ішкі семантикалық құрылымын номинациялық, лингвомәдени аспектіден түсіндіргенде дұрыс нәтижелерге жетуге болар еді. Себебі бұл ұлттық дүниетаным нәтижесі.

Сөзжасам негізінде пайда болған туынды сөздердің семантикасында идиомалық қасиет, әрине, бірдей емес. Кей туынды сөздерге идиомалық мән туғызатын қосымша сема көп болса, кейінде – аз. Туынды сөздердегі идиомалық қасиеттің сапалық белгілері мен деңгейін анықтау үшін, оларды семантикалық аспектіде тереңдей зерттеу керек болады. Ф. де Соссюр мынадай кең ой айтқан екен: «Обычай наций отражается на ее языке, а с другой стороны, в значительной мере именно язык формирует нацию» [61, 59]. Шынында да, қазақ тілінде қалыптасқан туынды сөздердің барлық мағыналары және фразалық тіркестер ұлттық танымды, ұлттық менталитетті жан-жақты көрсете алады. Тұрақты тіркестер арқылы ұлттық танымның өзгеше сипаты мен ерекшелігі анықталады, халықтың тек өзіне ғана тән әдеті мен ғұрпы, салты мен санасы, дәстүрі бейнеленеді. Екінші жағынан, тілдің осы сапалық белгісі ұлттың мінезін, менталитетін де танытады, тәрбиелейді. Қазақ халқына ғана тән танымдық түсініктерді белгілейтін, ұлттық өзгешелігін айқындайтын туынды тіркестер өте көп. Оның номинациялық атау алуы ұлттың ойлау дәрежесімен, ұғымдық түсінігімен астасып жатыр.

Номинацияның субъективтілігі – негізінен, екіншілік номинацияға тән болады. Бұл этимон түбір сөздердің архисемадан өрбитін мағыналар жіктелісі мен ортақ сема арқылы танылатын генетика-семантикалық код деген пікірге қарсы келмейді, тек толықтыра түседі. Алғашқы номинациялық тегі бір болғанмен, адамдардың қабылдауы мен түсінігі ерекше болары белгілі. Танымдық әлемнің ерекшелігіне сәйкес, кейін танылған заттар мен құбылыстар белгілері мен сапасы, әр тілде сөйлейтін халықтардың тұрмыс-тіршілігіндегі өзгешеліктер мен табиғи өмір сүру ортасының әртүрлілігіне, шаруашылық сипатына

байланысты екіншілік, үшіншілік номинация сипаты субъективтілік сипатқа ие.

Қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестер мен фразалық мағынадағы сөздер, метафоралық мәндегі туынды сөздердің көптігі – кездейсоқ тілдік жағдай емес. Фразеологиялық мағына – абстрактылы ойлаудың нәтижесінде болатынын еске алсақ, қазақ халқының Ұлы Дала төсіндегі қалыптасқан танымы – осы абстрактылы ойлаудың жемісі. Ал абстрактылы ойлау – басқа ойлау жүйелерінің шыңы, биігі. Демек, абстрактылы мағыналы номинациялық атаудың молдығы – халық танымының, ойлау жүйесінің тереңдігі мен ауқымдылығын танытады. Номинациялық аспектіден тілдік бірліктердің табиғатын тану халықтың танымдық деңгейін, мәдениетін, менталитетін терең түсінуге мүмкіндік береді.

2.3. Уәждеме теориясының сөзжасамдағы рөлі

«Сөзжасамдық уәждеме», «уәждеме» терімсөздерінің табиғатын тану үшін, ең алдымен, «мотив» сөзінің мәнін білген жөн. «Мотив» лексемасының мағынасы С.И. Ожегов сөздігінде: «побудительная причина, повод к какому-н действию, довод в пользу чего-н». деп айқындалған [83, 365]. Қазақша аудармасы – себеп, дәлел, уәж [84, 44]. Мотив – философиялық терімсөз ретінде адамның белгілі бір қажеттігін қанағаттандыру үшін, іс-әрекетке негізделген саналық саралау. Мотив себептің негізінде пайда болып, оның тепе-тең бейнесін белгілейді [85, 294]. Мотив жөнінде жазылған анықтамалары сарапқа салар болсақ, негізгі ұғымдық көрсеткіштері деп мыналарды мөлшерлеуге болады: *қажеттілік, себептілік, негізділік*.

Осы үш көрсеткіш арқылы «уәж» ұғымының негізгі номинативтік белгілерін танимыз. Негізгі номинативтік белгілер сөзжасамның табиғатын ашуда «уәждемелік» түсініктерді қалыптастыруда қажет.

Уәждеме мәселесі тек философиялық ұғым емес, тіл білімімен де тығыз байланысты: біріншіден, тіл – адам танымының жемісі және таңбалық жүйе болатындықтан, сөздің жасалу негізділігін айқындайды. Екіншіден, туынды сөз тілдің негізгі бірлігі, ол құрылымдық және әлеуметтік негізділігімен ерекшеленеді, сондықтан уәждемелік аспектіден қарастырылады. Уәждеме жөніндегі ұғым тіл білімінің терімсөзі ретінде ежелгі грек фило-

софтарының еңбектерінде қолданған. Олар атаудың табиғатын түйсіну үшін, зат пен атау арасындағы байланысты пайымдаған. Демек, уәждеме терімсөзі сол кезеңдердің өзінде-ақ атау табиғатын танумен байланысты қарастырылған. Адам танымында бейнеленген айналадағы заттар мен құбылыстардың атауына талдау жасалған.

Адам сезімі арқылы табиғаттағы зат пен құбылыстың маңызды белгілері туралы ұғым пайда болып, ақыл-ой оған атау беретінін алдыңғы тарауда жаздық. Зат пен құбылысты тану үшін, маңызды белгілерді бөліп алудың мәні зор. Себебі осы белгілер негізінде атау жасалады, жаңа атаудың ішкі құрылымында белгіленген заттың негізгі номинативтік белгілері көрініс табады. Заттың маңызды, ерекше белгілері арқылы ұғым қалыптасып, атау пайда болса, атаудың ішкі құрылымында әлгі маңызды белгілердің сақталуы – тілдегі номинациялық атаудың қалыптасуының басты шарты болады. Таным қай белгіні маңызды деп бағаласа, сол номинативтік белгі негізінде атау қалыптасады. Сондықтан, номинативтік белгілерді тілдік уәждемелік таңба ретінде бағалаймыз.

Сөздің ішкі мағыналық құрылымын анықтау үшін номинативтік белгілерді, яғни негізделуін айқындау керек. Кез келген ұғым пайда болғанда зат пен маңызды қасиеттері бағаланады, сондай-ақ атауда да осы маңызды белгілер таразыланып, туынды сөздің барлығы да уәждеме арқылы жүйелене таңбаланады. Басқаша айтсақ, кез келген туынды сөздің өмірге келуі қажеттілікпен, себептілікпен, негізділікпен байланысты. Атау қажеттілігі туындап, жаңа сөз жасалу үдерісінде номинативтік белгілер сөз жасалуының себептілігін, негізділігін көрсетеді.

Айталық, А денотаттың а [1], а [2], а [3]- номинативтік белгілері бар. $A = a[1] + a[2] + a[3]$. Тілдік аспектіде А – зат атауы (біріншілік номинация); а [1], а[2], а[3] – атаудың ішкі мағыналық құрылымын танытатын жеке семалар. Сонда А – зат атауының тууына себеп болып тұрған а[1] – а[2] – а[3] – мағыналық жеке семалар. Туынды мағына жасалуы үшін, сөздің ішкі семасы өзгеріске түседі.

$A1$ – туынды сөз = а[1], а[2]-а[3]-а[4].

Мұндағы: А1 – туынды сөз (екіншілік номинация), а[1], а[2], а[3], а[4]- номинативтік белгілерді танытатын ерекше семалар. А – біріншілік номинация мен А 1 – екіншілік номинация ара-

сында мағыналық айырмашылық (А4) бар, сондықтан олардың ішкі мағыналық құрылымы бір-бірінен ерекше болады. Ал а [1], а[2], а[3] семалары арқылы түбірлес сөздердің ортақ семалары айқындалады.

Синхрондық аспектіден сөздің номинациясын айқындап, негізделу себебін көрсету үшін, қарастыратын негіздердің барлығы да туынды сөздер. Көптеген зерттеушілер белгілеген бір буынды сөздерді де көне этимон ретінде қабылдауға болмайды. Барлық бір буынды түбірлердің өзін көне этимон ретінде қабылдауға болмайды. Бір буынды түбірлердің өзі кейде түбір емес, мағынасы дамыған, өзгеріске түскен туынды негіз болуы ықтимал. А.А. Юлдашев еңбегінде түбір деген сөзді өте сақтықпен пайдалану қажеттігін атап, шартты түрде ғана түбір деуге болады деп ескертеді [22, 15-25].

Біз «уәждеме» терімсөзі арқылы берілетін түсінікті, яғни сөздің тұлғасы мен мағынасы ұғымға қатысты туындаған бейнеге негізделуін, тек туынды сөздерге байланысты қарастырамыз. Орыс тілі біліміне уәждеме туралы, туынды сөз жасаудағы рөлі мен маңызы жөнінде жазылған еңбектер мол: Е.С. Кубрякова, И. Улуханов, В.В. Лопатин, М.Н. Яценецкая, О.И. Блинова т.б. Көрсетілген ғалымдардың зерттеулерінде туынды сөздің семантикасы айқындалып, уәждеме жасаушы түбірлер «мотивирующие», жаңадан жасалған туынды сөз – «мотивированные» деген терімсөздермен белгіленеді.

Лингвистикалық теорияның қазіргі дамыған кезеңінде уәждеме ұғымы сөзжасамда ерекше орын алады, сөйтіп сөзжасамдық уәждеме жеке сала ретінде бөлінеді. Сөзжасамдық уәждеме бір жағынан ұғымдық түсініктермен де астасып жатады. Туынды сөздің номинативтік қызметі семантикалық мағынасының болуымен, ұғымдық мағына беруімен байланысты, ал туынды мағынаның өзі, түптеп келгенде, түбір арқылы негізделеді. Сонда түбір сөз немесе негіз – «себепші негізге», туынды сөз – «негізделген туынды сөзге» сәйкес келеді. Тілдегі екіншілік мағынадағы бірліктің уәждемелік қатынасының мәні мен ерекшелігін анықтау сөзжасамдық талдаудың маңызды бөлігі. Туынды сөздің ішкі семантикалық мағынасын, негізгі және фразеологиялық мәнін, мағыналық өзгерісін т.б. айқындауға болады. Осы реттен, сөзжасамдық уәждеменің сөзжасам теориясының ішіндегі орталық мәнге ие болуының қисыны бар.

Сөзжасамдық уәждеме дегеніміз – екі түбірлес сөздің бірінің мағынасы екіншісінің жаңа мағынасының тууына негіз болатын, мағыналық себептілікке негізделетін сөзжасамдық қатынас. Сөзжасамдық уәждемелік қатынас орындалу үшін, кемінде екі түбірлес сөз болуы шарт. Түбірлес сөздердің бірінің мағынасы екіншісіндегі жаңа мағынаның жасалуының басты шарты болып, ондағы туынды семаға негіз болады. Себепші негіздер мен туынды сөз арасында мағыналық ерекшелік пен сабақтастық пайда болады. Бұл ерекшелік туынды, екіншілік мағыналы сөздің семантикалық ерекше көрсеткіші ретінде бағаланады. Осы семантикалық ерекшелік туынды сөздің құрамындағы номинативтік белгі болады.

Адам танымына бұрыннан таныс денотат пен оның номинативтік белгілері жаңа атаудың тууына негіз болады. Бұрын белгіленген денотаттық ұғым арқылы жаңа зат пен құбылыстың номинативтік белгілері негізделеді. Айталық, «*қап*» номинативтік атауының номинативтік белгілері – нысанның қуыстығы, аузын жапқанда ішіндегі заттың көрінбеуі, жауып не байлап қоюға болатындығы. Адам танымы арқылы белгілер жинақталып, негізделіп, ұғым туғызады, одан жаңа номинация жасалады. Кейін өз кезегінде бұл номинация екінші, үшінші номинация жасауға негіз болады. Өзі де себепші негізге айналып, басқа жаңа номинациялардың өрістеуіне жол ашады. Мысалы: *қап-қапы [қақпа] қапыл, қапыл, қапуғ, қапулұғ, қапуғчы, қапул* т.б. [86, 420]. «*Қап*» сөзінің макросемасынан мынадай өзексемалар туындайды:

- нысанның ішіне зат салынатындығы
- нысанның сыртының жабдықтығы.
- нысан ішінің көрінбейтіндігі.
- нысан аузын байлап не жауап қоюға болатыны

Осындай өзексемалар негізінде көптеген арнайы семалар қалыптасып, әртүрлі тәсілдер негізінде алуан түрлі тұлғалық жамылғыштар арқылы атауға айналады. Нысанның ішінен «қуыстығы мен зат салатындығы» семасы арқылы туындайтын атаулар – *қапта, қаптау, қапсыру, қаптағыш, қаптама, қапсырма, қамыт, қабыр, құмыра, қауақ, қауын, кебіс, кеуек, капсула* т.б. Нысан аузының «жабық, сыртының бүтіндігі» семасы арқылы: *қақпа, қамал, қабық, кебек, қабақ, қақпақ* т.б. Нысан ішінің «қараңғылығы, көрінбейтіндігі» семасы арқылы ассоциациялана отырып, туындаған ауыспалы мағыналы туын-

ды сөздер: *қанас, қанастау, қанияда, қапырық, қапысызда, қапысыздық т.б.*

Түбірлес сөздердегі генетика-семантикалық код арқылы олардың мағыналық тектестігі мен бірлігін топшылауға болады. Яғни туынды сөздердегі ортақ, өзексема – заттың ішіне бір нәрсе салынатыны, қамалатыны, ішінің қараңғылығы. Осы семаның жіктелуі мен тұлғалық жамылғышының өзгеруі нәтижесінде жаңа номинативті мағыналы туынды сөздер жасалған.

Сөзжасамдық уәждемелік қатынаста пайда болатын тілдік екіншілік тұлғаның қасиеті – тұлғалық және мағыналық жағынан басқа тілдік бірлік арқылы негізделетіндігі. Сондықтан сөзжасамдық уәждемелік қатынаста тіл бірліктері мағыналық жағынан ғана емес, тұлғалық жағынан да біркелкі болуы қажет. Айталық, *емші – дәрігер* сөздерінің мағыналары бір-біріне жақын болғанымен, тұлғалық өзгешелігі болғандықтан, бір-біріне негіздеме бола алмайды. Екеуі екі басқа номинациялық бірлік. Екі түрлі қалыппен жасалып, екі түрлі сөзжасамдық үлгінің көрінісі болады. *Емші* – түркілік атау да, *дәрігер* – кірме сөз болғандықтан, екі сөздің сөзжасам қалпы мен негіз екі түрлі.

Уәждеме теориясы да номинация теориясы сияқты онома-сиологиямен тығыз байланысты. Номинация теориясы нысанның қалай аталуын зерттесе, уәждеме – туынды сөз семантикасының қалай қалыптасатынын тілдің екінші бірлігінің номинативтік мәнінің мазмұнын, себепші негіздің туынды сөздің мағынасын негіздеудегі рөлі мен маңызын зерделейді. Уәждеме теориясы тілдегі туынды бірліктерге, екіншілік мағынадағы дербес сөздерге қатысты. Екінші мағынадағы туынды сөздердің типі суффикстік, конверсиялық, күрделі, қосарлы, біріккен тұлғада келуі мүмкін. Номинативті емес еркін сөз тіркестері уәждемелік ыңғайда қарастырыла алмайды. Себебі еркін сөз тіркестері атаулық мағына туғызбайды. Атаулық мағына тумаған жерде уәждеме болуы мүмкін емес. Кей зерттеулерде атрибутивтік қатынастардағы сөз тіркестерін уәждеме тұрғысынан қарастырады, біз мұндай көзқарастарға қосыла алмаймыз. Уәждемелік қатынас – деривация негізінде себепші негіз бен туынды сөз арасында болатын сөзжасамдық қатынас. Уәждеме үдерісі – жаңа мағыналы туынды сөздің жасалу, қалыптасу үдерісі үстінде болатын күрделі құбылыс. Аналитика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған, жаңа номинативті мағыналы туынды сөз бен сөз тіркесін шатастыруға болмайды. Атрибуттық қатынаста

матаса не қабыса байланысып тұрған сөздер жаңа туынды мағына туғызбайды, тек сөз тіркесіне тән хабар береді. Мысалы: аналитикалық пайымдау, ғылыми болжам, ұян дыбыс, бүгін сан, қатаң дыбыс т.б. басыңқы сыңарлар мағынасы мен бағыныңқы сыңар мағынасы айқын анықталып, жеке семалары толық қалпында сақталады. Ал сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған номинативтік атау жеке, дербес ұғым ретінде ұғынылады. Араларында қабысу не матасу байланыс тәсілі болмайды, қайта екеуі қосылып бір сұраққа жауап беріп, бір ғана сөз тіркесінің сыңары болады. Мысалы: *асық жілік, кәрі жілік, ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз, азу тіс, сужылан, оқжылан, тасжол, балақбау, ақ жаңбыр, шеке тамыр, желкетамыр, күретамыр, агасұлтан, кіші сұлтан, күйеу бала, құда бала, қолбала, қой жусан, түйе жусан, итмұрын, түйетабан, жетіқарақшы, соқыр ішек, тоқ ішек, қой бүлдірген, беломыртқа, ауыз омыртқа* т.б.

Сөзжасамдық үдеріс негізінде жаңа сөздің туындағанын оның атап тұрған ұғымы, денотаттың көрінісі болу қасиеті арқылы саралауға болады. Аналитика-семантикалық сөзжасам орындалғанда, сөздердің негізгі мағынасы сөзжасамдық мағынасы сөзжасамдық қатынасқа түсіп, туынды мағынаны иеленеді. Сөзжасамдық мағына тудырушы сыңарлардың мазмұны арқылы негізделіп, жаңа ұғымды таңбалайды. Нәтижесінде жаңа мағыналы номинативті сөз пайда болады. Жаңа номинативті атау жасалу үшін:

- сөзге немесе атауға деген объективті тілдік қажеттілік болуы;
- денотаттың номинативтік белгілері қарапайым не күрделі сипатта адам танымында қабылданып, ол туралы ұғым қалыптасу керек;
- қалыптасқан ұғымды атау үшін ұқсас сөздер мен атаулар іріктеледі;
- іріктелген атау туынды сөздің себепші негізі болады, себепші негіз бен туынды сөз арасында мағыналық және тұлғалық қатынас орнайды.

Осы қатынас деривациялық қатынас болады. Кез келген сөз ұғымды атау үшін себепші негіз бола алмайды. Себепші негіз арқылы ұғымдағы негізгі номинативтік белгілер белгіленеді, әрі тек сыртқы қасиеттерімен сәйкес болады. Олардың ішкі ұқсастығын көрсететін жаңа атау – танымның тереңдігін

байқатады. Ұғымның ішкі белгілері айрықша зерттелу үстінде танылып, негізгі маңызды белгілері салыстырылады.

Сыртқы ұқсастық арқылы да жаңа атау жасалады. Бұндай негізделу көбінесе, нысанның түрімен, түсімен байланысты аталады. Мысалы: *аймүйіз, ақбалық, жезкиік, сұржылан, ақ-марал, қызыл балық, алақұмай, алақоңыз, аққу, аққурай, ақжелкен, ақбөкен, ақбас* т.б. Бұл номинативті атаулар нысанның сыртқы түсіне байланысты негізделген. Себепші сыңарлардың *ақ, қызыл, ала, ай, сұр, жез* т.б. болып келуі аталған денотаттардың табиғи түсімен сәйкес келеді, денотаттарды белгілеуге негіз болады. Уәждеме өзінің орындалу сипатына сәйкес әртүрлі болып бөліне алады:

Тура уәждемеде зат пен құбылысты атау үшін алынатын себепші негіздің тура мағынасы арқылы негізделеді.

Ауыспалы уәждеме зат пен құбылыстың атауын себепші негіздің ауыспалы немесе метафоралық мағынасы арқылы негіздеу. Мысалы: «*Ұз*» сөзінің көне мағынасы белгілі объекіден ара қашықтықты алыстату, қашықтату т.б. [86, 620]. Бұл себепші түбір арқылы – *ұза, ұзақ, ұзат, ұзын* т.б. көптеген мағыналар өзексемасының тура мәні арқылы дамып, тура уәждеме үдерісін туғызады. Ал «*қыз ұзату*», «*әңгіме ұзат*», «*ұзақ*» – құстың атауы сияқты мағыналар ауыспалы уәждеме жемісі.

Уәждемені себепші негіздің сипатына сәйкес түбірлік уәждеме, негіздік уәждеме деп де бөлуге болады.

Түбірлік уәждеме – түбір сөздің мағынасы негізінде жасалса, негіздік уәждеме – негіз арқылы үшіншілік мағына туғызады. Мысалы: *ұз+ар; қ+ұз; қ+ұз+арт*. Мұндағы «*ұз*» – негіз, үшінші номинация «*құзарт*» тұлғасын жасауға себепші негіз болып жұмсалған. «*Ұзақ*», «*ұзақтық*» негізі арқылы жаңа номинация жасалғанда, негізделген сөз себепші негізге айналып, жаңа туынды сөз жасауға себеп болған.

Жаңа туынды сөз жасалу барысында қалыптасатын қалып, жүйе бар. Уәждемелік белгі бір қалыппен, жүйемен сараланған түрі – **жүйелі уәждеме** болады. Айталық, белгілі мағынасы бар суффикстер жалғану арқылы жаңа сөз жасалу жүйесі жүйелі уәждеме болады.

Жүйесіз уәждеме – белгілі бір мағыналық қалыпқа түспеген тұлғалардың негізінде, жекелей бір жаңа сөз жасалудың жолы. Айталық, *күлше, қоңырша* сияқты сөздердің негізделуі, тек осы сөзжасамдық қатынастарға ғана тән қалып, басқа сөзжасам үшін

үлгі бола алмауы ықтимал. Тілдегі ассиметриялық құбылыстар осы жүйесіз уәждеменің нәтижесі.

Сонымен, негізделген, уәждеделген сөз – туынды сөз. Болмыстағы заттар мен құбылыстарды танып, біліп, атау беру үшін, ұқсас нысанның ұғымдық бейнесі еске алынады. Бұрыннан белгілі нысанның ұғымдық бейнесі жаңа атауды атауға, негіздеуге себеп болады. Жаңа атаудың мағынасы мен мазмұнында себепші негіздер мен форманттардың мағыналық қыры ерекше орын алады. Негізделген сөз күрделі құрылымдық-семантикалық жүйе. Оның күрделілігі былайша анықталады:

1) негізделген сөз тұлғалық жағынан күрделі, себепші негіздер мен форманттардан тұрады; 2) негізделген сөз мағыналық жағынан күрделі, құрамындағы сыңарлардың мағынасы негізінде жаңа ерекше мағына туындайды.

2.4. Туынды сөздің мағыналық даму сипаты

Барлық туынды сөздердің тұлғалық және мағыналық дамуындағы негізгі ортақ сипаттар тілдің жүйелілік қасиетін айқындай түседі. Тілдің дамуы, туынды сөздердің мағыналық дамуы тарихи, генетика-семантикалық жүйе негізінде қалыптасып, кешенді түрде ортақ сипатқа ие болады. Сөзжасамдық қалып негізінде жаңа мағыналы туынды сөздер жасалып, жалпы номинация заңы бойынша атау туындайды. Айталық, фонетика-семантикалық сөзжасамда, сөзжасамдық үдеріс аффрикат дыбыстардың жіктелісі негізінде жүріп, дыбыстардың жіктеле дами отырып, фонемалық деңгейге жетуіне әсер еткен. Дыбыстардың жіктелуі, фонемаға айналуы, жаңа сөзжасамдық тұлғалардың пайда болуы, атаулардың тууы, түптеп келгенде, психо-физиологиялық, артикуляция-акустикалық факторлармен де тығыз байланысты.

Сөз мағынасы алғашқы макромағыналы этимон түбірдің архисемасы арқылы негізделе дами отырып, бірте-бірте абстракциялық ұғымдардың атауын білдіру үшін жұмсалады. Сөз мағынасының дамуы, әрине, сөздік құрамның дамуына әкеледі. Сөздердің мағыналық дамуына ортақ негізгі сипаттарына:

- көпмағыналылық;
- синонимдік;
- антонимдік сипаттар жатады.

Лексикология саласында қарастырылатын көпмағыналық, синонимдік, антонимдік құбылыстарды сөзжасам нәтижесінде пайда болатын лексемалар деп тануға болады. Тілдегі сөздердің көпмағыналы, синоним не антоним болуы тіл дамуының кепілі. Зат пен құбылысты танып, атау бергенде, бұл көрсетілген сипаттар қатар айқындалады. Заттар мен құбылыстар белгілерінің ұқсастығы мен қарама-қарсылығы, жақындығы мен үндестігі – адам баласының болмысты тануындағы түйінді мәселе. Мұндай мағыналық құбылыстардың тіл дамуында көрініс табуының да мәнісі тереңде.

Адам баласы өзіне таныс зат пен құбылысты одан әрі тереңдей білу арқылы, олардың белгісі мен қасиетін, қабілеті мен сапасын айқындап, әртүрлі пайымдаулар жасайды. Бұрын бейтаныс ұғымы мен таңбасы жоқ жаңа затты не құбылысты көргенде, мұндағы ұғым бұрынғы бар танымдық хабармен ұқсатылып, салыстырылып байланыстырылады. Бұл аналогиялық заңдылықтың көрінісі деуге болады. Адам жаңадан таныла бастаған заттар мен құбылыстарды бұрынғы түсінігі арқылы саралап, жаңа қасиеттерін айқындап, ерекше пайымдаулар жасайды. Сөйтіп, жаңа танылған ұғымға атау беру үшін бұрынғы білігі мен білімі жіктеле дамып, заттың қасиеті мен сапасы бұрынғы ұғымдардағы ұқсас номинативті белгілермен салыстырылады, байланыстырылады, соған негізделіп атау беріледі. Затқа атау беруде генетика-семантикалық кодтың бұрыннан белгілі сөзжасамдық қалыбы пайдаланылады.

Заттың не құбылыстың номинативтік белгілері бір-біріне ұқсас, не бір-біріне қарама-қарсы болуы ықтимал. Әйтпесе бір номинативтік белгі әртүрлі ерекше белгілер арқылы әртүрлі сипатта танылуы мүмкін. Белгісіз зат не құбылысты атау беру үшін:

- белгісіз заттың бұрыннан белгілі затпен жақын, ұқсас белгілері айқындалады;
- жақын, ұқсас белгілері анықталған соң, осы ұқсастық негізінде жаңа сөз аталады;
- заттардың, құбылыстардың сипаты мен қасиетінің шектестігіне сәйкес тұлғалары, аталуы ұқсас сөздер жасалады;
- заттың не құбылыстың әртүрлі қасиеті мен сипаты уақыт мезегінде бірте-бірте танылады.

2.4.1. Көпмағыналылық және сөзжасам

Көпмағыналылық – танымдық дамудың кешенді қалпын көрсететін тілдік құбылыс. Адамның қоғамдағы қызметі мен еңбек жолындағы қызметі мен тәжірибесі нәтижесінде жасалатын таным-түсінігінің көрінісі ретінде туындайтын ұғымдық атаулар көпмағыналы сөздер арқылы таңбалаынады. Зат пен құбылыстың ұқсастығы мен қызметтік жақындығы сөздердің мағыналық дамуын туғызып, бір дыбыстық жамылғыш негізінде бірнеше ұғымдарды атауға негіз болады. Бір тұлғаның бірнеше мағынаны иеленуі, сөз мағынасының алуан түрлі қырлануы, сөзжасамның ең тиімді тәсілі ретінде бағаланады.

Тіл білімінде көпмағыналылық пен сөзжасамның қатынасы туралы мәселе әртүрлі сипатта зерттелген. Дж. Лайонз көпмағыналылықты сөзжасамдық құбылыс ретінде қарастырып, жаңа сөз жасаудағы рөлін анықтаған [87]. Д.Н. Шмелев көпмағыналылықты лексикалық аспектіден зерттей келе, семантикалық жағынан сөзжасамдық мағына беретінін ескеріп, тұлғалық жағынан сөзжасамнан бөлек деп пайымдайды [88, 104-110]. В.Г. Гак көпмағыналылықты семантикалық конверсия ретінде қарастырып, сөздің тура және ауыспалы мағынада келуін көпмағыналылық арқылы жаңа сөз тууы деп түсіндіреді [89, 119]. Ю.Д. Апресян көпмағыналылық пен сөзжасам арасындағы тығыз байланыстылықты айқындап, орыс тіліндегі көпмағыналылық арқылы жаңадан жасалған сөздерді анықтайды. Ол көпмағыналылық пен сөзжасамның байланысы туралы: «Если подходить к лексической полисемии как одному из синонимических средств языка, то наиболее интересным ее свойством является ее внутренняя близость к словообразованию, близость, давшая основание говорить о «семантической деривации» «как особом типе словообразовательных процессов», – дей келіп, көпмағыналылықты сөзжасамдық үдерістің ерекше түрі ретінде зерттейді [91, 187.].

Қазақ тіл білімінде К. Аханов көпмағыналылық туралы теориялық мәселелер жөнінде мынадай құнды пікір айтады: «Сөз негізгі мағынасынан басқа туынды мағыналарға ие болып, әртүрлі мағыналарда қолданылуға икем келеді» [92, 96]. Көпмағыналылықты арнайы зерттеген ғалым Р. Садықбеков мағыналылық құрылым мен сөз жасаушылық қызметке талдау жасай отырып, былай деп жазады: «Полисемия – это развитие значения слова, приобретение им семантически связанных между

собой разных производных значений, это его смысловое пополнение». Көпмағыналылық арқылы туынды мағыналар жасалатынын бағамдайды [93, 4].

Ә. Болғанбаев көпмағыналылықты «сөздің сапа жағынан дамығандығын көрсететін бірден-бір белгі» ретінде қарастыра отырып, сөздік қордағы сөздердің алғашқы мағыналары пайда болған кезінде аз мағыналы болып, кейін бірнеше туынды қосымша мағыналар қосылған деп дұрыс пайымдаулар жасайды [173, 37-38]. Көпмағыналылықтың пайда болуының негізгі себебі – адам танымының өсуі арқылы болмыстағы заттар мен құбылыстардың ұқсас белгілері мен қасиеттерінің атауын бір-бірімен байланыстыра, шендестіре, алмастыра, теңей атауы. Тарихи тұрғыда көпмағыналылық пен сөзжасамдық үдеріс бір-бірімен тығыз байланыста, қарым-қатынаста болатын құбылыстар. Көпмағыналылық сөз мағынасының бірте-бірте жіктеліп, саралануына ықпал жасап, жаңа сөз тууының алғашқы баспалдағы болады. Бір тұлғалық жамылғыштағы сөздің, ұқсас заттар мен құбылыстардың белгісі мен қасиетін, сапасын атау үшін жұмсалып қабілеті, кейін ол сөздің жаңа мағынаға орнығып, номинативті мағыналы туынды сөз ретінде қолданылуына алып келеді. Сөздің мұндай мағыналық дамуы – конверсия жемісі.

Мәселен, «үй – үй» сөздерінің қазіргі түркі тілдеріндегі беретін мағыналары: «үй» – зат есім, адам тұратын, мекендейтін баспана, «үй» – етістік, затты, бір нәрсені бір жерге төбе қылып жинау, топтау [174, 526-527]. Осы негізгі мағыналар арқылы бірнеше көпмағыналы семалар қалыптасқан. Көрсетілген негізгі семалардың қалыптасу жолы күрделі, бір-біріне жақын, бір өзексема арқылы туындап дамыған. Мұнда, ең алдымен, уақыт факторын ескерген орынды, яғни мағыналардың заттық, қимылдық қырларының жіктелуі негізінен, уақыт аралығында қалыптасқан адам танымына байланысты. «Үй» – үйілу, жиылу мағынасы *үй – үй – үйілу, жүк* т.б. семаларында көпмағыналылық сипатта жіктеле келе, номинативтік ерекше мағынаға орныққан деп пайымдаймыз. «Үй» сөзінің баспана мағынасы – *ут, уд, уз, (йуз, жүз, жұрт, отан, ошақ)* түбірінен жасалған. Алғашқы мағынасы «көп» «көпшілік» дегенді білдірген. Тілімізде сақталған көне тұлғалар – «там, дын, еб (еу), дом» тәрізді «үй» сөзінің тарихы да тереңде жатыр. Бір нәрсені бір жерге жиып, көбейту семасының көрінісі – «үй» етістігі, мысалы: «*жылқы үйірі*», «*үйлену*», «*үйір болу*» т.б. Алғашқы ортақ мағынасының

жіктеліп зат пен етістік тұлғаларында өмір сүруі, көпмағыналықтың нәтижесі. Әр түрлі ұғымның бір «үй» таңбасы арқылы таңбалауының себебі заттардың ішкі мазмұнының ұқсастығынан деп түсінуге болады.

Жалпы мағыналылықтан жеке лексемаға айналу үшін мынадай факторлар қажет болады:

1) сыртқы факторлар:

- адам танымына жаңадан танылған затқа атау беруде ұқсас, бір-біріне жақын келетін зат атауларын пайдалану реті.
- уақыт ішінде танымның даму сипаты;

2) ішкі тілдік фактор:

- жақын, шектес, ұқсас ұғымдардың аталуы – көпмағыналылықтың негізінде іске асады;
- көпмағыналылық бірте-бірте жеке номинативті мағынаның тууына себеп болады.

Көпмағыналы сөздердің жеке лексемаға айналуы – сөзжасамдық үдеріс нәтижесінде жүзеге асатын күрделі тарихи құбылыс. Сөздердің ішкі мағыналық дамуы мен сапалық өзгерісінің табиғатын тұлғалық жағынан дараламай-ақ, ішкі мағыналық жағын пайымдау үшін, сөздің семантикалық құрылымын толық зерттеу қажет. Сонда тұлғалас сөздердің арнайы семаларындағы ерекшелік пен өзексемаларындағы ерекшелік пен өзексемаларындағы ортақтық арқылы семантикалық дамуы бағалауға болады.

Мысалы: көне түркі тіліндегі «ен» «ін» «үн» сөздерінің мағыналарын салыстыралық:

Ен – 1. Ширина. 2. Низ, спуск. 3. Спускаться, сходить [86, 209].

Ин –нора, берлога, лежище [86, 209].

Үн – пробирать, отверстие, сверлить [86, 626].

Унур – пещера, грот, полость [86, 626].

Түбірлер мағынасындағы ортақ сема – төменге ену, кіру, үңгу.

Осы ортақ сема тілдің ең көне даму кезеңінде көпмағыналық сипатта болған. *Ен, ін, үн* – түбірлерінің архитұлғасын А.М. Щербак «ен» деп белгіленген [141, 194]. Олай болса, архитұлға «ан», «ен», архисема-төменге қарай бағытталу, ену, кіру, үңгу т.б. болады. Семаның көпмағыналық сипаты мынадай:

- жәндіктің жерді қазып, төменге енуі;

- терең қазылған жер, орын;
- белгілі нысанды тесу, үңгу;
- белгілі нысанды тесу, үңгуден жасалған қуыс;
- ішкі қуыстығы мен қызмет ұқсастығы арқылы жасалған әртүрлі қуыс атауы.

Көрсетілген мағыналар осылайша көп мағынада жұмсала жүріп, бірте-бірте туынды мағыналарға ие болған, сөйтіп номинативті белгілер арқылы сема орныққан. Ө.Т. Қайдаров «*үңгі*» сөзі арқылы «өңеш» тұлғасы қалыптасқанын кезінде дәлелдеген болатын. Түркі –монғол тілдері деректеріне сүйене отырып, «өңеш» сөзі екі лексикалық бірліктің қосылуы арқылы, яғни «өн» – «үн», «үңгі», іш-сырт емес мағыналы тұлғалар арқылы жасалып, «функционалдық-семантиканың заңы бойынша заттың аты сыртқы формасына, функциясына, сипатына байланысты қойыла беретіні белгілі», – деп түсіндіреді автор [170, 156-158]. Түркі-монғол тілдерінде ун – ұн – үн – өн – оо сөздері арқылы іші қуыс, кеуек, шұңқыр, түтік, ойық, керней секілді заттарға көптеген атаулар қойылғаны аталып өтіледі. Демек бұл мағыналардың біртектілігінде дау болмаса керек. Қазіргі тілдердегі әртүрлі лексикалық бірлік саналатын ін – үңгі – үңгу – өңеш т.б. сөздердің әуелгі тегі бір тұлғадағы сөздің көпмағыналығынан дамып, пайда болған деп пайымдаймыз.

Тілде белсенді қолданылатын «*қайыр*» сөзінің М. Белбаева еңбегінде алты омонимдік мағынасы көрсетілген [125, 124]. Қазіргі тілдік қолданыста омоним деп танылған бұл сөздің мағыналары бір-бірімен тектес, сабақтас, сатылай дамыған. «*Қайыр*» сөзінің қазіргі тілдегі омонимдік мағыналары былайша сипатталады:

1. Бағытын бұру, қайтару.
2. Кері қарай тұру, көтеру.
3. Өзен-көлдердің, теңіздердің таяз жері, батпақты, құмды жағалауы.
4. Жақсылық, шапағат.
5. Тиын-тебен, садақа.
6. Одағай. Қоштасарда айтар сөз.

Көрсетілген мағыналардың ішкі құрылымын тарихи тұрғыдан, семантикалық жүйеден зерделегенде, арнайы мағыналар арасында ортақ семаның, өзексеманың бар екенін аңғару қиын емес. «*Қайыр*» сөзінің негізгі мағынасы – нысананың бағытын бұру, қайтару [172, 551]. Көне түркі тілінде кездесетін

мағынасы: «қай» – 1. Поворачиваться; 2. Обращать внимание, отзываться, сочувствовать [86, 406]. Сонда, «*қай* – *қайыр*» сөздерінің көне архисемасы белгілі нысанның кері қарай бұрылуы, қайтуы, қайтарылуы. Екінші мағына – ассоциациялық заңдылық негізінде, адамның кейін қарай бұрылу семасы арқылы негізделіп, жақсылықты адамға кейін қайтару, көмектесу деген екіншілік туынды мағына жасалған. Сөйтіп:

қай, қайыр – нысанның қайтуы, бұрылуы;

қайыр – нысанды қайтару, бұру;

қайыр – өткір, ұшы бар нысанның ұшын қайыру;

қайыр – кері қайыру, жатқызу;

қайыр – белгілі нысанды иесіне қайтару;

қайыр – белгілі нысанды қысқарту т.б.

Көрсетілген мағыналары көпмағыналылықтың көрінісі болса, осы мағыналар негізінде жаңадан туынды сөздер жасалған. «*Қайыр*» – өзен-көлдердің құмды жағалауы мағынасы «қайту» семасы арқылы аналогиялық заңдылық бойынша «суы қайтқан» деген семаға негізделген. Жақсылық, шапағат семасы көрсетілген мағыналардың ассоциациялануы негізінде туындайды. Яғни жасалған істің, әрекеттің, бейнеттің, жақсылықтың кісіге қайтуы болады деген халықтық таным негізінде қалыптасып, туынды мағына пайда болады. «*Қайыр*» одағайының да мағыналық ортақтығы айқын. Қайта, қайыра келгенше, қайта көріскенше деген семаны білдіріп, әуелгі «*қай-қайыр*» тұлғасымен, бұрылу, қайту семасы негізінде туындайды. Демек, «*қайыр*» сөзінің қазіргі тілдегі әртүрлі номинативтік мағыналары бір негізден, бір сөзжасамдық ұядан өрбіген, көпмағыналылық негізінде дамыған туынды мағыналар деп түйіндейміз.

Тілдің дамуында көпмағыналылықтың атқаратын қызметі мен сыртқы сипаты ұқсас денотаттарды атау үшін, бір таңба ғана қолданылып көпмағыналылық пайда болады. Сөйтіп олардың ерекше номинативтік белгілері толық танылып дараланады. Көпмағыналылық ерекше семаларға ие болып жіктеліп, арнайы семалар негізінде жеке атау сөз, яғни туынды сөз ретінде бөлініп шығады. Тарихи аспектіден қарастырғанда, көпмағыналылық тек конверсия арқылы, яғни тұлғалық бірлік пен семалық ерекшелік сипатында ғана емес, дыбыстық алмасулар мен сәйкестіктер негізінде де пайда болады. Айталық, *жой* – *жоқ*, *той* – *тоқ*, *бау* – *бақ*, *жай* – *жаз* т.б. туынды сөздердің сөзжасамдық жұптарының негіздеуші себептері ортақ,

мағынасы жақын. Сөздердің екіншілік туынды мағынасы фонетикалық-семантикалық тәсіл негізінде пайда болып, алдымен көпмағыналылық сипат алған. Әуелде бір кең мағынада жұмсалған этимон түбір дами келе, әртүрлі айырушы семаларға жіктелген. -И, -у сына дыбыстарының әмбебаптық қызмет негізінде, ерекше тұлғалар пайда болып, өзгеше сема қалыптасады. Қызметтік даму барысында, -и, -у тұлғаларының сөзжасамдық қызметі қалыптасып, көптеген тұлғалардың мағыналық жіктелуін туғызған. Яғни, -й сына дыбысы тілдің тарихи дамуына тек сөздің тұлғасын ғана өзгертпей, сонымен бірге, сөздің ішкі мағыналық құрылымына да өзгешелік сипат беріп, сөз мағынасының жіктелуін белгілеуші таңба ретінде қызмет атқарған.

Тұлғалық өзгеріс түбірдің мағыналық қырының жіктелуімен қатар жүретін құбылыс, сөздің контексте әртүрлі мағынада жұмсалып, әртүрлі сөз табының мүшесі ретінде арнайы грамматикалық тұлғалармен түрленуіне себеп болады. «Жой» – нысанның жоқ болуы, жойылуы жайындағы үдерісті көрсететін, іс-әрекеттік семаны білдіретін етістік. «Жоқ» – нысанның жоқ екендігін, «жою» үдерісінің нәтижесін білдіретін сөз. Айырушы сема әуелде «жо» (jo) түбірінің өзексемасы арқылы негізделіп, өзіндік ерекше мәнге ие болған. Сондай-ақ «той – тоқ» сөздерінің де этимон түбірі мен мағынасы ортақ, айырушы ерекше семаларға сөздің ішкі семантикалық дамуының негізінде ие болған. «Той» – етістік: лықия ішіп-жеу [194, 162]. «Той» – зат есім. Қуанышты жайға байланысты ел шақырылып өткізетін ырду-дырдулы жиын, ойын-тамаша [194, 161]. Тарихи тұрғыда «той – той» көпмағыналы сөздер болады, кейін екіншілік номинативтік мағына иеленген туынды сөздерге айналып, сөзжасамдық мағынаға сөздің ішкі мағыналық құрылымының дамуы негізінде ие болады. Түбірдің тарихи даму жолын былайша шамалауға болады: то – тоқ – тол – той – том – топ.

1. **Тол** – *толық, толымды, толғақ, толған, толғау, толғану, толғам, толу, толғаныс, толғату, толысу* т.б. Көне түркіде-то-лун.

2. **Тоқ** – *тоқ болу, көңілі тоқ, тоғын басу, тоқ ішек, тоқ бәйге, тоқтық, тоқты, тоқшылық* т.б.

3. **Той** – *тою – тойыну, тойыну, тойымды, тойымсыз, тойымдылық* т.б.

2 **Той** – *тойлық, тойлық, тойлау, жиын-той, той-томалық, той тобыр, тойла* т.б.

4. **Том** – *том, топаю, томпақ, томырық, томан* т.б.

5. **Топ** – *тобыр, добалдай, доп, төбе, топ* т.б.

Сөзжасамдық тәсілдер арқылы белгілі қалыппен туынды мағыналар жасалып, туынды атаулар пайда болады, сөйтіп тіл дамиды, сөздік құрамның ауқымы кеңейеді.

Этимон түбірдің архисемасы өзексеманың бөлшегі ретінде туынды сөздердің айырушы семаларында сақталып отырады. Сөздің көпмағыналылығы осы сақталған негізгі өзексемамен терең байланыстылығымен айқындалады. Осындай үлгідегі сөзжасамдық үдерісте семантикалық талдаудың маңызы зор. Семалық байланыс сөзжасамдық тізбек ұзарған сайын әлсірей бастайды. Сөзжасамдық тізбекте алшақ тұрған туынды сөздердің мағыналары мен түбірдің арасындағы семалық жақындықты айыру қиындай түседі. Кейін пайда болған туынды сөздердің мағыналарының түбірлес сөздермен тектестігін, жақындығы генетика-семантикалық код арқылы ғана айқындауға болады. Диахрондық аспектіде көпмағыналы сөздердің екіншілік мағынасын туғызатын кей фонетика-семантикалық сыңарлардың көрінісі мынадай:

қ-й; жоқ – жой, то – той, соқ – сой т.б.

р-з; көр – көз, ар – аз, бор – боз т.б.

н-и; күн – күй, қан – (дай) –қай (да) т.б.

қ-с; құла – сұла, қырыл – сырыл, қылт – сылт т.б.

р-и; тіре – тая, қыр – қый, жар – жай т.б.

н-ң; тон – тоң, қон – қоң т.б.

т-й; жат – жай, қатты – қайсар, құты – құй, жұт – жой т.б.

Келтірілген мысалдардың ішіндегі бірқатар сөзжасамдық жұптардың семантикасы зат есім мен етістік жүйесін құрайды. Мұндай тұлғалардың ішкі семантикалық құрылымы бір-біріне жақын, бір денотаттың әртүрлі қасиеті мен сипатын айқындайды. Мысалы: *көз* – бір денотаттың атауы, *көр* – сол денотаттың қасиеті, қимылы. Демек, сөздердің мағыналық тектестігі анық. Бұл тектестік, бірлік туынды сөздерді жасап тұрған себепші негіздің мағынасы арқылы, яғни этимон түбірдің өзексемасы арқылы беріледі. Көрсетілген сөздердегі генетика-семантикалық мағына мен тұлға ортақ. Ал зат есім, етістік деп топқа бөлініп, әртүрлі грамматикалық категориялармен түрленуі – жаңа сөз туындағанның айғағы, көрінісі. Номинативті мағына

грамматикалық тұлғаларды қабылдап, сөйлемде әр түрлі қызмет атқарады. Сөздердің етістік не зат есім ыңғайында дамуы сөйлемде атқаратын қызметіне байланысты болады. Көпмағыналы сөздер тіл дамуында, адам танымында пайда болған жаңа ұғымдарды атау қажеттілігіне сәйкес, басқа номинациялар туғызуға себепші негіз болу қызметін де белсенді атқарып келеді.

Көпмағыналы сөздерден жасалған туынды сөздердің мағынасы дамып, кейін конверсияға ұласады. Мұнда, тіл дамуы барысында заттың не құбылыстың номинативтік ерекше белгілері негізінде жаңа ұғымдық атаулар пайда болады. Сөйтіп, бірте-бірте көпмағыналы сөздердің арасында мағыналық алшақтық, ерекшелік ұласпалы сипатта дамиды. Ұғымдағы номинативтік ерекше белгілердің когнитивтік сипаты айқындалуымен қатар, тұлғаның ішкі мағынасында номинативтік ерекше мағына қалыптасып, арнайы семаның үлесі молаяды.

2.4.2. Сөзжасам және синонимия құбылысы

Сөзжасамдық тәсілдер арқылы көптеген лексикалық синонимдер жасалады. Қазақ тіл білімінде лексикалық синоним жақсы зерттелген сала. А. Байтұрсынов, Қ. Жұбановтың іргелі еңбектерінен бастап, Ә. Болғанбаев [94], М. Серғалиев [95], Ж. Шәкенов [180] Ф. Оразбаева [96] т.б. ғалымдар синонимнің әртүрлі сипатын анықтау мақсатында зерттеу еңбектер жазған. Ғалымдар синонимдердің жасалу, қалыптасу жолдарын «заттар мен құбылыстарды жаңадан танылған қасиеттеріне байланысты пайда бола келіп, тілдегі сөздердің мағыналық дамуымен тікелей ұштасып жататындығын» атап көрсеткен [96, 15]. Шынында да, синоним сөздердің қалыптасып, дамуы адамның таным дүниесімен тығыз байланысты. Кез келген заттың немесе құбылыстың қасиеті мен белгісі толық қалпында бірден ашылып берілмейтіні белгілі. Әлем бейнесін тануда адам түйсігінде әсер ететін негізгі белгілер: түр, түс, көлем, қозғалыс т.б. Одан кейінгі тану деңгейінде заттың не құбылыстың ішкі сапалық қасиеттері мен қырлары айқындалады.

Анықталған ұғымды таңбалаудың әртүрлі жолы мен жүйесі бар болса, соның бірі – зат пен құбылыстың бір-біріне жақын, ұқсас, мазмұндас, мәндес белгілерін фонетикалық дыбыстарды өзгерте қолдану арқылы таңбалау. Яғни жаңадан танылған белгіні атау қажеттілігін өтеу үшін үнемі жаңадан таңба ойлап табу мүмкін болмайды. Сондықтан жаңа номинацияны таңбалау

үшін, бұрыннан белгілі, қалыптасқан дыбыстық жамылғыш қолданылады да, соның негізінде сөзжасамдық мағына арқылы туынды сөз жасалады. Жаңа мағынаны көрсету үшін белгілі дыбыстық жамылғыш тарихи тұрғыдан фонетикалық өзгеріске түсетінін, құрамындағы дауысты не дауыссыз дыбыстардың аллофондары арқылы түрленіп, дамитынын байқауға болады. Мағыналық өзгеріске сәйкес дыбыстық аллофондар белгілі мерзім ішінде фонемалық дәрежеге жетеді. Мұндай фонетика-семантикалық сөзжасам нәтижесінде жаңа мағыналы синоним сөздер жасалады.

Синоним сөздер бір денотатқа ғана қатысты болады. Екі денотаттың ұқсас белгілеріне қатысты жасалған сөздер бір-біріне синонимдік қатынаста бола алмайды. Сөздер синонимдік қатар түзу үшін тек бір заттың сипаты мен қасиетінің ерекше белгісінің әртүрлі көрінісі мен әртүрлі құбылысын көрсетуі қажет. Синонимдердің мағыналық мәндестігі, шектестігі, жақындығы – номинативтік белгілерінің шектестігінен шығатын құбылыс. Номинативтік ерекше белгілер бірдей болса, өзгеше мағыналық сипат айқындалмаса, синонимдік мағына пайда болмайды. Ондай сөздер лексикалық варианттар не дублеттер деп танылады. Синоним болу үшін туынды сөздердің мағыналарында номинативтік ерекше белгі болуы шарт, яғни сөзжасамдық мағына арқылы жаңадан туынды сөз жасалуы қажет. Денотат қимылының қозғалысының сапалық ерекшелігінің, қасиетінің бір-біріне жақын, шектес белгілері ғана таңбалануы шарт. Осы шарттар орындалғанда ғана синоним сөздер сөзжасамдық үдерістің нәтижесі ретінде танылады. Ұғымның номинативтік белгілері негізінде жаңа мәндес сөздер туындайды, сөйтіп синонимдік қатар түзіледі. Дауыссыз дыбыстар сәйкестігі арқылы жасалған туынды синонимдерге мысал келтіруге болады:

б-м; *жабы* – *жаман*, т.б.

т-ж; *тақау* – *жақын*, *талпақ* – *жалпақ*, т.б.

т-с; *тығу* – *сұғу*, *түр* – *сор* (*ай*), *тақ ету* – *сақ ету* т.б.

л-р; *еліту* – *еріту*, *сүлде* – *сүрлеу*, *сыру* – *сылу*, *шалықтау* – *шарықтау* т.б.

р-з; *езу* – *еру*, *тіз* – *тер*, *ару* – *азу*, (*арық*) т.б.

қ-с; *құлау* – *сұлау*, *қырыл* – *сырыл*, *қарқ* – *сарқ* (*қағанағы қарқ-сағанағы сарқ*) т.б.

р-и; *тіре* – *тию*, *бар* – *бай* т.б.

Дауысты дыбыстар сәйкестігі арқылы жасалған туынды синонимдерге мысал:

о-ө; *боз – бөз* т.с.с.

о-ы; *орғу – ырғу, томпи – тымпи, салпи – сымпи* т.с.с.

а-ы; *жарлау – жырлау, жалтыра – жылтыра, атқу – ытқу* т.с.с.

ұ-ы; *жұту – жыт (ыру), бұрқ – бырқ* т.с.с.

е-і; *еңкей – іюу, еру – іру* т.с.с.

ұ-о; *солық – сұлық, босау – бусану* т.с.с.

Аралас сәйкестер арқылы жасалған туынды синонимдерге мысал:

ұ-ж; *ұйым – жиын, ұйыс – жиыс* т.с.с.

ү-ж; *үю – жию, үйік – жүк, үйіру – жиыру* т.с.с.

Синонимдердің пайда болуында фонетика-семантикалық тәсілден басқа да сөзжасамдық амалдардың негізінде тарихи-синонимдес мағыналар туындауы мүмкін. Әсіресе, кірме сөздер синонимдес қатар туғызуда маңызды рөл атқарады. Дыбыстық сәйкестіктер негізінде жасалған синонимдік қатарлардың мағыналары бірден синонимдік мән алмаған. Зат немесе құбылыс бейнесі мен қасиеттерінің танылу деңгейі, дәрежесіне сәйкес, бірдей мағыналы, бірдей тұлғалы сөздер бірте-бірте денотаттың әр түрлі реңін көрсететін көрсеткіштік мән мағынаға ие болған. Яғни синонимдік қатарға енетін сөздердің мағыналары бір-бірінен сәл жоғары, не төмен реңдік дәрежеде болуы, олардың градация жолымен өзгеріп отыруы сәйкес дыбыстардың өзгеруімен байланысты болған. Синоним сөздердің бірінің мағынасы екіншісінен болуы да фонетика-семантикалық тағы басқа тәсіл арқылы жүзеге асады. Мысалы: *ауа – әуе, үю – жию, еру – ірі, аса – есе* т.б.

Сонымен сөздердің мағыналық дамуы синонимдік қатарлардың түзілуін туғызады. Синонимдік қатарлардың молдығы дүниетаным тереңдігін, когнитивтік құрылым жүйесінің дамығанын көрсетеді.

2.4.3. Сөзжасам және антонимия құбылысы

Антонимдердің лексикалық табиғаты мен туынды сөз ретінде жасалу сипаты ерекше. Антонимдердің табиғатын түсіну үшін, беретін мағыналарындағы қарама-қарсылықтың болу себебі мен адам танымының қарама-қарсы ұғымды белгілеуіндегі заңдылықты айқындау лажым. Философия ғылымында дамудың

негіздері мен сипаты қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі ретінде бағаланады. Қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресінсіз табиғатта жүйелі даму болмайды. Дүниенің дамуында болатын бұл заңдылық тілдің дамуында да көрініс тауып тілдік құбылысқа алынады. Кез-келген нысанның біріне-бірі қарама-қарсы жағы, қасиеті мен белгісі, сипаты болады. Өртүрлі заттар мен құбылыстардың бір-біріне қарама-қарсы тұратын қасиеттері мен белгілері антонимдік сипат ала алмайды. Өртүрлі заттардың сапалық белгілерінің арасындағы қатынастың, оларды атайтын атаудың мағыналық дамуына әсері болмайды. Сол сияқты өртүрлі сөздердің қарама-қарсы мағыналары тілдің дамуына үлес қосып, ішкі мағыналық тұтастық жасай алмайды. Ал бір заттың бойындағы қарама-қарсы сапалық белгі мен қасиетті ерекшелеу арқылы адам танымы ұғым қалыптастырады, соның негізінде сөздердің ішкі семантикалық құрылымы дамиды. Бір-біріне қарама-қарсы болатын денотаттық және сигнификаттық белгілерді атау қажеттілігі тілде өз көрінісін табады.

Антоним сөздердің ең басты қасиеті бір денотаттық не сигнификаттық қасиет пен белгіні, сипаты мен сапаны айқындау. Антонимдерді тереңдей зерттеген Ж. Мусин «Қазақ тілінің антонимдер сөздігіне» жазған алғы сөзінде былай деп бағамдайды: «... антонимдер табиғатында бір-біріне қарама-қарсы заттардың атауы емес, заттың сапасының атауы, дәлірек айтқанда, сапаның бағасының атауы немесе бір үдерістің екі түрлі күйінің атауы болып табылады» [97, 11].

Олай болса, антонимдес мағыналы жұптардың мағыналары бір денотатқа қатысты ғана болады, қарама-қарсы сапалық, қасиеттік, сындық т.б. белгілерді айқындайды. Бұл қарама-қарсылықтың ортасы шектес нүктелері болады.

Антоним сөздердің мағыналары да синонимдер сияқты жақын, шектес, мәндес семалардан тұрады. Ал бұл тектестік пен шектестік олардың бір объектіге қатыстылығынан кеп туындайды. Антоним сөздер, негізінен сөзжасамдық үдерістің нәтижесі ретінде танылады. Өртүрлі сөзжасамдық тәсілдер арқылы жаңа мағыналар мен ұғымдар таңбаланады десек, сол жаңа мағыналардың ішінде антонимдік мән бар. Антонимдік қатынас заттар мен құбылыс белгілерінің бір затқа не құбылысқа тәуелді болуына сәйкес, арасындағы шектестік, ортақтастық, жақындық арқылы туындайды. Фонетика-семантикалық сөзжасамда антонимдес жұптарды жасаушы түбірдің өзек мағынасы мен архи-

тұлғасы ортақ болып келеді. Ортақ, өзек мағынадан, кейде ортақ тұлғадан туындаған сөздердің арнайы семалары біріне-бірі қарама-қарсы болады. Бұл қарама-қарсылықтың бірлігі – бір нысанға қатыстылығы, бір өзексемадан тарайтындығы. Яғни антонимдер мағынасы – бір-біріне қарама-қарсы ұғымды белгілеу. Қарама-қарсылықты тану – танымның дамуы, таным арқылы тілдің сапалық дамуы болса, қарама-қарсылықтың бірлігі тек қана бір объектіге қатысты анықталады деп түсінуге болады.

Фонетика-семантикалық сөзжасам негізінде антонимдер туғызатын кей қалып-үлгілер мынадай:

л-т; кел – кет, ал – ат, бат(у) – мал (у);

қ-у; жақ – жау;

с-ш; бас – баш(ай), ұс(та) – ұш (ыру);

о-ө; ор – өр, оң(у) – өн(у);

а-е; қайт – кет;

з-с; ыз(ғар) – ыс(тық).

Әрине, антонимдердің пайда болуында семантикалық, аналитикалық, фразеологиялық сөзжасам тәсілдері де үлкен рөл атқарған. Антонимдес жұптар бір семантикалық өрісте жатады, екі түрлі семантикалық өрісте жататын сөздердің қасиеттері бір-біріне антонимдес бола алмайды. Антонимдердің негізгі ерекшеліктерінің бірі, олардың бір лексика-семантикалық парадигмада жатуы. Синтагматикалық ерекшелігі, байланысу сипатының ортақтығы, олардың бір контексте алмастырылып қолданылуына жағдай жасайды. Мұның өзі антонимдес сөздердің бір негізден тарауын, мағынасының біртектестігін айқындай түседі.

Сонымен, сөзжасам семантикасы номинация теориясы арқылы, ономазиологиялық аспектіден қарастырылады. Сөзжасамның жаңа атау туғызу жүйесін тарихи тұрғыдан зерттегенде, күрделі ішкі семантикалық құрылымы айқындалды. Туынды сөздің ұғыммен байланысты болуы арқылы номинация теориясы сөзжасаммен жақын келсе, туынды сөздің себепші негіз арқылы жасалатынына сәйкес, сөзжасам уәждеме теориясымен сабақтасады. Негіздемені зерттеу барысында, сөзжасамның тұлғалық және мағыналық құрылымы терең сараланды, сөзжасамның мағынасы анықталды.

Түбірлес сөздердің сөзжасамдық мағыналарының қалыптасуына ортақ сема сақталып, генетика-семантикалық мағыналық жіктеліс сипатын танытады. Сөздер мағынасындағы ортақ

сема негізінде, архисеманың көрінісі мен генетика-семантикалық кодты бағамдауға болады. Мұндай код ең көне түбірлер мағынасындағы макросема сипатының ортақтығы ретінде түсіндіріледі. Тілдің дамуына сәйкес сөз мағынасы мен тұлғалық жамылғышы өзгеріске түсіп, жіктелгенде, макросемалар жеке микросемаларға тарамданады, айырушы семалардың тегін айқындайтын ортақ семалар сақталады. Генетика-семантикалық код түбірлес туынды сөздердің бәрінде де сақталады. Екіншілік номинация ретінде танылатын туынды сөздердің қабылдануы мен жасалу сипаты субъективті болады. Номинация субъективтілігі ұлттық таным мен дәстүр, салт пен сана ерекшелігімен сабақтасады.

Туынды сөздердің мағыналық даму сипаты үш негіз арқылы анықталады. 1. Мағыналық сипат. 2. Синонимдік сипат; 3. Антонимдік сипат. Сөзжасам тәсілі арқылы жасалатын кез келген туынды сөздер нәтижелері осы үш сипатта көрінеді. Сөзжасамдық қалыптар туғызатын тұлғалар көрінісі осы көпмағыналылық, синонимдік, антонимдік сипат арқылы жеке номинативті атау ретінде танылады. Бір түбірден өрбіген сөздер мағыналық сипатына сәйкес бір семантикалық өрісте жатады.

2.5. Сөзжасамның танымдық сипаты

*Адам тек тілдің арқасында
ғана адам болып есептеледі.*

В. Гумбольдт

Сөз – адам баласының ой-санасында танылған әлемдік бейненің, болмыстың танымдық белгісі. Адамзат тіл арқылы табиғаттағы таныған, білген заттар мен құбылыстарға атау береді. Ұлттық таным мен ұлттық тілдің бірлігі мен байланысы осы арада тоғысады. Адамның табиғаттағы құбылыстар мен заттарды игеруі тілде бейнеленеді, тілде сақталады. Ата-бабадан мирас болып қалған тіл, қатынас құралы ғана емес, көнеден келе жатқан тарихи танымды жеткізуші де. Адамзаттың табиғатты танудан түйсінген, түйген танымын білу, оқу туралы жеке адамның дүниетанымы қалыптасады. Егер тіл арқылы мұндай дүниетаным жетпесе, қоғам да, мәдениет те дамымаған болар еді. Демек, тілдің дамуы адамның қоғамдық өмірімен, мәдени дамуымен тығыз байланысы бар. Тіл мен рухани мәдениет бөлек дами алмайды, жалғаса, сабақтаса өрбиді, халықтық (ұлт-

тық) танымды қалыптастырады. Халықтың рухани күші тіл арқылы өріледі, тіл арқылы кестеленеді. Дамымаған тілі бар халықтың дамыған рухы да болмақ емес. Сондықтан тіл дамуын, сөзжасам үдерісін лингвомәдени аспектіде зерделеудің маңызы зор.

XIX ғасырдың басында Вильгельм фон Гумбольдт: «Язык народа есть его дух, и дух народа есть его язык, и трудно представить себе, что-либо более тождественное» – деп жазған [58-89]. Шынында да, тілде халықтың нағыз рухы өмір сүреді, сөз атасын таныған қазақ халқы үшін сөз киесі – қасиетті де биік. Халық тілінің рухпен бірлігін, ішкі табиғатын тану арқылы ғана түсінуге болады. Тіл – тарихи даму үдерісінде жасалған халықтық таным, халықтың өмір сүру тәсілі мен стилінің, әдет-ғұрпының, дәстүрінің, мінезінің көрінісі. Ал бұлардың бәрі ұлт менталитеті мен рухының ажырамас орны.

Тілдің жасалуы мен дамуы адам баласының ішкі танымдық қажеттілігін қанағаттандырудан туындайды. Ол қажеттілік – танылған заттар мен құбылыстардың сандық және сапалық белгілерін атау, белгілеу. Адамның түйсігінде қалыптасқан ұғымды белгілеу нәтижесінде сөз қалыптасса, сөз арқылы таным, дүниетаным, логика т.б. дами бастайды. Дүниетанымның кілті – тілде. Тілдің дамуы арқылы адам баласының дүниетанымы ұласа, сатылы дамиды. Егер біз қазақ тілінің тарихын танытсақ, дүниетанымының тереңдігі мен мәдениет көкжиегінің кеңдігін де көрсете алғанмыз. Тілдің дүниетанымға тұғыр болуының көптеген себептерінің бірі – адам баласы өмір сүру үшін, ең алдымен, табиғатты, қоршаған ортаны танып-білуі шарт. Екіншіден, табиғаттағы алуан түрлі күштерден қорғану үшін, бірлесіп өмір сүріп, байланысып, қарым-қатынас жасауы шарт. Бұл тілге деген зәрулікті арттырады.

Танылған іс зат не құбылыс адам санасында бейнеленіп, ұғым болып бекіп, тілдік таңбаға айналады. Адамның табиғатқа еліктеп, табиғаттан үйренуі, оның тілінде мифосимволикалық бейнелер жүйесін қалыптастырады. Бұл да таным ретінде тілде көрініс табады, сөз арқылы таңбаланады. Тіл ұрпақтан ұрпаққа «дыбыс – таңба» болып қана жетпейді, тілдің сақталуы арқылы халықтың бүкіл ғұмырында жасаған таным-түсінігі туралы информация жетпеді. Басқаша айтқанда сөз жүйесі арқылы халықтың ойлау жүйесі, материалдық және рухани мәдениеті жетеді. «Каждый язык есть своеобразные мировидение» деп жазған

Б. де Куртене [59, 532] ойлары тілдегі ұлттық танымның сипатын толықтыра түседі.

Тіл – танымның дамуына сәйкес дамып жетіліп, өркендеп отыратын тарихи үдеріс. Тілдің дамуы адам түсінігінің артуымен байланысты. Белгілі зат не құбылыс алдымен, жалпы қасиеттері арқылы танылып, бірте-бірте жеке қасиеттеріне, сапасына, мөлшеріне, белгісіне назар аударылады. Танылған сапалық белгілеріне атау беру қажеттігі туындаған тұста жаңа мағыналы туынды сөздер жасала бастайды. Яғни тілдегі туынды сөздердің жасалуы – дамудың нәтижесі, ал бұл даму – адамның танымын бейнелеуден, атаудан туған қажеттілік. Демек, сөзжасам дегеніміз – жаңадан танылған зат пен құбылысты, оның ерекше белгілерін атау қажеттілігінен туындайтын тілдік үдеріс. Сөзжасам – нәтиже емес, үдеріс.

Сөзжасамдық үдерістің нәтижесі – лексикалық бірліктер, яғни номинативтік атаулар. Сөзжасамдық үдеріс деп тануымыздың мәні мынада – белгілі бір ұғымды атау үшін жасалатын сөз яғни таңба күрделі даму үдерісінің жемісі. Сол ұғымды атау үшін, номинативтік денотаттық мағынада жұмсалыу үшін, ол тілдік тәжірибеден өтеді, халықтың талқысына түседі, ұзақ уақыттық сынақтан өтіп сыналады. Бұл өте ұзақ тарихи құбылыс. Тіл дамуындағы сөздердің жасалуының ұланғайыр тарихынан біздің бағамдағанымыз – кез келген туынды сөздің жасалуы үшін, сөздік құрамына ену үшін жылдар, ғасырлар қажет болған. Ал сөзжасамдық, тарихи сөзжасам деп бөлек зерттеудің мәнісі де, уақыт факторына байланысты. Сөздің жасалуы – жұрнақ пен түбірдің қарапайым қосарлануы емес, ол күрделі философиялық, лингвомәдени мәселе.

Сөзжасамдық тәсілдердің бәріне тән қасиет – пайда болған жаңа мағыналы туынды сөздің жеке денотаттық мағына иеленуі ұзақ уақыт шеңберінде өтетіндігі. Демек, сөзжасам – үдеріс. Сөзжасамдық үдеріс екендігіне тағы да дәлел, кез келген түбір сөз сөзжасамдық тәсілдермен түрленіп, жаңа туынды мағына жасай алмайды. Халықтың санасына сыйған, қабылданған жағдайда ғана жаңа туынды сөз атаулық мағынаға ие болады. Сөзжасамдық үдеріс тілдегі парадигматикалық және синтагматикалық байланыстарға да тікелей тәуелді. Сөзжасамдық үдеріс аяқталып, тілдік бірлік ретінде туынды сөз сөздік құрамға толық енгенде, ол мағыналық мүше ретінде лексикологияның нысанына айналады. Дайын күйінде жұмсала алатын, мағыналы

таңба ретінде лексема болып жұмсалады. Олай болса, сөзжасамдық үдеріс нәтижесі – лексемалар. Ал бұл лексемалар әр түрлі қызмет атқарып, түрлі мағыналық кырлармен, стильдік астармен түрленетін ескерсек, онда мынадай ой қорытындысын жасауға болады: тіл – қызметтің нәтижесі емес, тіл – қызметтің өзі, үдеріс. Тіл үнемі үдерісте болады, үдерісте болу арқылы ғана тіл өмір сүреді, дамиды. Яғни тілдік бірліктер үнемі қолданыста, қолданыста болғандықтан қызметте болады, ал қызмет – үдеріс. Айталық, дыбыстар – сөз ішінде, сөз – сөйлем ішінде, сөйлем – сөйлеуде, лебізде өмір сүреді де күнделікті қолданыста болып, қызмет атқарады. Тілдің өзегін, күре тамырын жалғайтын – мағыналық өзек, яғни сема. Тілдің өзгермелі табиғатын дәлелдей отырып қисынды, өзіндік құрылымдық жасалу жүйесі бар екенін ұмытуға болмайды. Біздің қолданатын ұғымдарымыз – мағына, мазмұн, тұлға, сема, код т.б. тұрақты қайталатып отыратын жүйенің сипатын танытады. Адам танымының өсуі де осымен сабақтаса дамиды.

Кез келген сөз – табиғатты затпен, құбылыспен дәлме-дәл бірдей келе алмайтыны белгілі. Бұл жайында әлемдік лингвистикалық әдебиеттерде алуан түрлі пікір мол (О. Есперсен, Ф.Ф. Фортунатов, Б. де Куртенэ, Ф. де Соссюр, А.А. Потебня, Э. Сепир, Ф.П. Филин, А.А. Леонтьев, Н.Я. Марр, А.А. Реформатский т.б.). Сөз – табиғаты зат пен құбылыс туралы ұғымның баламасы ретінде танымның эквивалентті бола алады. Сөзжасам негізінде пайда болған сөздер жөнінде де осы пікірді айтуға болар еді. Туынды сөздер де, олардың туынды немесе ауыспалы мағыналары да табиғаттағы заттар мен құбылыстардың, олардың белгілерінің тура көрінісі емес. Тек солардың адам санасында бейнеленген ұғымының көрінісі. Туынды сөздің мағынасы заттар мен құбылыстарға тікелей тәуелді бола алмайды. Өзін құрап тұрған, туғызып тұрған себепші негіздің мағынасына тікелей тәуелді. Бұл тәуелділік туынды сөздің ішкі семантикалық құрылымының күрделілігінен туындайды. Туынды сөз жасаушы себепші негіз мағынасы адам санасында қалыптасқан, қабылданған көп қырлы ұғым. Осы көп қырлы ұғымды білдіретін негіз сөздің мағынасы жіктеледі, дифференциацияға түседі. Мағыналық жіктеліс нәтижесінде нақты сөз жасалады.

Табиғаттағы зат не құбылыстың санадағы ұғымын бейнелейтін негіз сөз бен туынды сөз болғандықтан, мұндай сөздердің

ішкі мағынасының ұғыммен байланысы терең. Туынды сөздің екіншілік мағынасы өзін жасаушы негіз сөз мағынасы негізінде жасалады. Адам танымында танылып, із қалдырған зат не құбылыстың бейнесі, туынды сөзде дара бейне ретінде бағаланып, жеке денотаттық мағына иеленеді.

Сөздің таңбалық қасиетін анықтау күрделі философиялық, семиотикалық мәселе. Негіз (түбір) сөздің не архетиптің жасалуында, адам санасында мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан таңбалық – тілдік жүйенің бар екені дау тудырмайтын ғылыми факт. Тарихи сөзжасам шеңберінде қарастырылуға тиіс, онтологиялық мәселе шешімін күтуде, Глоттогенезге қатысты, космогониялық, табиғилық, антропологиялық, әлеуметтік т.с.с. қағидаттар негізіндегі зерттеулер ауадай қажет. Әрбір туынды тұлғаның өзіндік пайда болу жолы мен танымдық түсінігі бар. Туынды жеке сөздің пайда болуы таным-түсініктің дамуымен тығыз байланысты, ал түбірлес сөздердің санының молдығы оларды жасаушы негіз сөздің (түбірдің) мағыналық ауқымдылығына және түсініктің кеңдік қасиетіне тікелей байланысты. Айталық, «бас» сөзінен тараған түбірлес туынды сөздердің көптігі «объект» ретінде бастың жақсы танылғандығынан, ол туралы түсініктің аса терең екендігінің кепілі. Яғни туынды сөздер мен адамның дүниетанымының арасында табиғи генетикалық байланыс бар деп есептеуге болады.

Сөзжасамдық үдерістің орындалуының өзі, түптеп келгенде, адамның дүниетанымымен тығыз байланысып, орайласып жатады. Адам танымы белгілі денотаттың сәйкес белгілері мен сәйкес емес белгілерін бірте-бірте тану нәтижесінде ұғым қалыптастырады. Денотаттың сәйкес белгілерінің ұғымдық атауы – синонимдік жүйені, денотаттың сәйкес емес, қарама-қарсы белгілерінің ұғымдық атауы – антонимдік жүйені құрайды. Сөздердің синонимдік, антонимдік, көпмағыналылық жүйелерінің болуы танымның тікелей жемісі, сөзжасамдық үдерістің нәтижесінде жасалатын тілдік құбылыс. Сөзжасам үдерісі – кез келген сөздердің күрделенуі немесе жұрнақпен түрлене алу қабілеті ғана емес, тілдік ішкі заңдылыққа сүйенетін, барынша жүйелі де нақты үдеріс. Сөзжасамдық үдеріс тек адам танымына тәуелді. Танымда бар ұғым сөзжасамдық үдеріс негізінде ғана сөзге айналып, таңбалана алады. Ал сөзжасам арқылы таңбалану дегеніміз – туынды сөздің пайда болуы. Сөзжасамдық

үдеріс арқылы жасалатын туынды сөздердің пайда болуында мынадай заңдылықтар болады:

уәждеме – уәждеме, туынды сөздің негізделуі;

абстракция – нақтылықтан жалпы, негізгі қасиеттері бөлек қарастыру;

ассоциация – адам психикасының, заттар мен құбылыстардың қасиеттерін байланыстыра алуы.

анология – ұқсату заңдылығы.

«Уәждеме» терімсөзі көне грек философиясының постулаттарынан бастау алады да, табиғаттағы заттар мен олардың атауы арасындағы байланыстылықты тексеретін ілім ретінде қалыптасады. Сондықтан бұл терімсөз алғашқы қолданысынан бастап-ақ номинация теориясымен, қоршаған ортаны танудағы адамның танымдық талдауымен тығыз байланыста болды. Белгіленген заттың негізгі белгілерінің аталуында сақталуы және номинациялық құрылымның доминантпен арасындағы байланыстың болуы тіл білімінде сөздің ішкі тұлғасы немесе тілдік таңбаның негізділігі (мотивированность) ретінде қарастырылады. Тілдің «ішкі және сыртқы» тұлғасы деп бөлу В. Гумбольдт еңбектерінен басталып, А.А. Потебня т.б. ғалымдар зерттеулерінде жалғасын тапты.

Қазіргі жалпы тіл білімінде сөзжасамдық уәждеменің лингвистикалық теорияның жеке пәні ретінде, жеке зерттеу объектісі мен заңдары, өзіндік ұғымдары мен терімсөздері қалыптасқан. Тілдегі екіншілік мағына беретін туынды сөздің номинативтік қызметі тура мағынасы арқылы жүзеге асырылмайды, оның негізіндегі негіз сөздің мағынасы жатады. Туынды сөзді жасайтын түбірді – себепші негіз деп, пайда болған жаңа денотаттық мағыналы сөзді – туынды сөз деп атаймыз. Себепші негіз мағынасы соның негізінде жаңадан пайда болған екіншілік мағынаның арасындағы қатынас сөзжасамдық талдау үшін маңызды саналады. Яғни туынды сөздің семантикасын айқындауда, сөзжасамдық мағынаның ерекшеліктерін ашуда үлкен рөл атқарады.

Уәждеме – туынды сөздің мағынасының қалай құралатынын анықтайды. Кез келген сөз танымның нәтижесі болғандықтан, сөздің тууының негізділігі яғни уәждеме таныммен тығыз қарым-қатынаста болады. Уәждеме нәтижесінде кез келген ұғымды білдіретін кездейсоқ лексема жасала бермейді: сөздің негізделуі үшін ол ұғым адам санасында, ойында қабылдануы

шарт. Мысалы, *қой – қойшы – қойшылық – қойша* т.б. сөздер негізделе отырып, жаңа туынды сөз жасауға себеп болады; ал, «*қойтық, қойра, қойнық* т.с.с.» жаңа сөз жасалмайды. Демек, танымда мұндай ұғымдар болмағандықтан, мұндай сөздердің тууына қажеттілік те жоқ (бұл мысалдарда аффикстердің табиғатын ескерген жөн). Әрі жаңа сөздің жасалуының басты шарттары – синтагматикалық және парадигматикалық байланыстар заңдылықтарының орындалуы кездейсоқ сөздердің жасалуына жол бермейді.

Абстракция – абстрактылы ойлау жүйесінің жемісі ретінде, нақты заттар мен құбылыстардың белгілі бір қасиеті мен белгісін, қатысы мен қатынасын ойша салмақтап, жекелеп, сол арқылы жаңа мағыналы сөзжасам жасау заңдылығы. Абстрактылы ойлау – ойдың ең дамыған көрінісі. Таным да абстрактылы ойдың нәтижесінде өседі, дамиды. Абстрактылы ойлаумен бірге абстрактылы мағыналы туынды сөздер жасалады. «Абстрактылы мағына сөздің конкрет мағынасына сүйене отырып жасалады. Өйткені тарихи ақиқат жағдаймен салыстыра отырып, зерттесек, көптеген абстракт сөздердің кейін пайда болатындығын көреміз» – деп жазды І. Кеңесбаев [60,40.].

Абстрактылы ойлау сөздің абстрактылы мағынасын жасауға әкеледі. Абстрактылы мағыналы туынды сөздердің молдығы сол халықтың ұлттық танымының тереңдігінің, ойының ұшқырлығы, санасының зиялылығының кепілі болса керек. Көне этимон мағынадан туындаған көпмағыналы сөздер, тілдің тарихи дамуы барысында абстрактылы мағына алса, бұл тіл дамуының да, адам танымының да ең биік деңгейін танытады. Абстрактылы мағыналы туынды сөздер адам танымы дүниесіндегі тек құбылыстар мен руханият әлеміне байланысты ғана сөздер емес. Барлық фразеологиялық байлаулы мағыналы сөздер жүйесі, тұрақты тіркестер абстрактылы ойлау нәтижесіндегі сөзжасамдық үдерістің жемісі. Қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестердің, ауыспалы мағыналы сөздердің молдығы – тілдің дамығандығының ғана емес, сол тілде сөйлеуші ұлттың да танымдық деңгейінің тереңдігін көрсететін көрсеткіш деп бағалануы тиіс. Себебі абстрактылы мағыналы туынды сөздер – абстрактылы ойлаудың жемісі.

Абстрактылы мағыналы сөздердің барлығы сөзжасамдық үдерістің нәтижесінде туындаған. Абстрактылы туынды сөздердің мағынасы – негіз сөзден жасалған екіншілік мағына. Бұл,

әсіресе, сөздердің семантикалық жолмен дамуында ерекше көрінеді. Сөздердің семантикалық тәсіл арқылы, конверсия арқылы жасалуы негізінен абстракциялық заңдылыққа негізделеді. Ассоциация – адамның ойлау жүйесінің бір көрінісі болғандықтан, ойлау жемісі болып табылатын туынды сөздің жасалуының негізгі заңдылығы. Екіншілік номинацияның көпшілігінің негізінде адам ойлауының ассоциациямен байланысты айқындалады. Негіз сөздің тура мағынасы ассоциация нәтижесінде заттардың, құбылыстардың ұқсас қырларының байланыстыра қабылдануы арқылы басқа мағынаға ауысады. Зат не құбылыстың жаңа белгілері мен қасиеті адам санасында бұрыннан белгілі зат пен құбылыстың белгілерімен байланыстырылып, жаңадан танылған ұғымның аталуына негіз болып қаланады. Мағына мен мазмұны жағынан жаңғырған, жаңарған атау жаңа ассоциативті мағынаға ие болып, туынды екіншілік мағына жасалады.

Екіншілік номинация жасалу үдерісі ойлау қабілетімен өте тығыз байланысты. Ойдағы ұғымның жаңғырығуы арқылы пайда болатын сөзжасамдық мағына көбінесе – троптық, эпитеттік, метафоралық, метанимиялық т.б. болып келеді. Сөз мағынасының функциональдық жағынан өзгеруі де ассоциация заңымен қабысып жатыр. Мысалы, *қол – дене мүшесі, қол – әскер мағынасы, кілт – құлыпты ашатын құрал, кілт – жүректің кілті* мағынасындағы ассоциация заңдылығы негізінде пайда болған сөзжасамдық семантикалық мағына. Жаңғыру кезіндегі жаңа туынды сөздің мағынасына өткен мағыналық сыңарлар екіншілік мағынаның ішкі тұлғасын құрайды. Туынды семадағы негіз сөздің мағынасының сақталуы мен өзгеріске түсу дәрежесіне қарап, туынды сөздің негізделу деңгейі бағаланады.

Тіл білімінде «ассоциативті өріс» терімсөзін Ш. Балли енгізген. Бір ассоциация негізінде жасалған тұлғалар мағынасы ассоциативті өрісті туғызады. Ассоциативті өрістегі туынды сөздердің семантикалық жақындығы айқын. Ассоциативті өрісті айқындау үшін, туынды сөздердегі ассоциативті белгіні анықтау қажет. Ассоциативті белгі – сөз мағынасының өзгеруіндегі сапалық қатынасты көрсетеді. Ассоциативті мағына жасалғанда, негіз сөздегі мағынамен семалық байланыс азаяды, жаңа сөздің номинативтік екіншілік мағынасы артады. Ассоциация арқылы пайда болған сөзжасамдық мағына да күрделі семантикалық құрылымға ие болады. Басқа заңдылықтар сияқты мұнда да сөзжасамдық ассоциациялық мағына негіз сөз арқылы, ассо-

циациялық жаңғырығу нәтижесінде жаңа туынды екіншілік мағынаға алмасады.

Анология – немесе ұқсату заңдылығы. Жаңа туынды тіл бірлігін жасау үшін, адам санасында бұрыннан қалыптасқан, таңбалық жүйеде бар сөз бірлігінде тұлғалық және семантикалық жағынан ұқсас сөз тудыру. Адам ұғымында жаңадан жаңадан танылған зат не құбылыстың белгісі немесе бір қасиеті, сапасы бұрыннан белгілі сөзбен ұқсас болуы ықтимал. Адам танымында осы белгі ерекшеленеді жаңа ұғымды атауға септігін тигізеді, сөйтіп жаңа номинативті атаудың жіктеуші семасын құрайды. Айталық, А денотатының құрамында *a, в, с, d, e* деген белгілері бар, В денотаттың құрамында *в, с, d, e* деген белгілер бар, демек бұл екі денотаттың арасында ұқсас белгілер – *в, с, d, e*. Бұл екі денотаттың бір атауға ие болу мүмкіндігін туғызады. Бірақ А денотаты В денотаты бір-бірімен дәл теңдей емес. А денотатында *a* белгісі (семасы) болғандықтан, В денотатында *a* белгісі (семасы) болуы мүмкін емес. Демек, *a* – белгі (сема) екі денотаттың мағына айырушы семасы.

Анология заңдылығы тілдің дамуы мен қызметінің өсуі үшін өте үлкен рөл атқарады. Әсіресе, айтушыға өз ойын жеткізу үшін, таныс сөздер арқылы ойын жинақтауға мол мүмкіндік береді. Анология балалардың ойлау жүйесінің таным-түсінігінің қалыптасуы үшін, таптырмас құралдай. Өзіне таныс зат пен құбылысқа жаңа нәрсені ұқсату арқылы жаңа таным, жаңа сөз қалыптастырады. Анологиялық заңдылықтың рөлін алғаш рет байқап, пікір айтқан ғалым Ф. де Соссюр [61, 48] анологиялық тұлғаның бөлінуіне бағынышты екенін ескерткен еді. Сөзжасамдық тұрғыдан қарағанда, өте әділ пікір. Себебі анологиялық сөзжасам арқылы жасалған туынды сөздің семантикалық ішкі құрылымы күрделенеді де, ол өзінің ұқсаған ұғымынан, таңбасынан туындағандықтан, негіз сөздің семалық жіктелісінде барып тіреледі. Яғни негіз сөздің бір семалық қыры арқылы анология заңдылығы нәтижесінде жаңа сөз жасалғандығы зерттеу барысында айқын болады.

Анология заңдылығының тілде болу себебінің табиғилығы – адам танымы, ақыл-ойы белгілі денотат не референтті танып-білу, түсіну үшін, сол арқылы халыққа түсінікті ұғым қалыптастыру үшін ең оңай жолды таңдайды. Ол оңай жол – бұрыннан адам психикасына таныс зат пен құбылысқа ұқсату. Сол арқылы ұғымды таңбалау, сөзге айналдыру. Ф. де Соссюрдің алого-

гияны адамның сөйлеу қызметінің басы деп түсінуі де тегін болмаса керек. Ең көне этимон түбірлерден тарайтын тілдік тұлғалардың жіктеліп, дамуы барысында аналогия заңдылығы өте үлкен рөл атқарғандығын дәлелдеуге болады.

Сөзжасам арқылы тіл дамиды. Тілдің дамуы туралы тіл ғылымында әртүрлі ғылыми тартыстың болуының себебі – сөзжасамның толық зерттелмегендігінен деп тұжырым жасауға болады. Шынында да, фонетика, лексика т.б. арқылы тілдің дамуын дәлелдеуге болады, бірақ көзге ұрып тұрған дерек аздау. Ал сөзжасам сөз жасаушы, жаңа тұлға туғызушы үдеріс болғандықтан, тілдің үнемі дамуда болатындығы айқын көрінеді. Сөз мағыналық, тұлғалық жағынан жіктеліп, көптеген жаңа айырушы семаларға ие болады, туынды сөздер жасалады. Бір түбірден бірнеше ондаған, ондаған негізден енді бірнеше сөздер жасала береді. Тілдік даму деген де осы. Сонымен бірге сөз күрделі өзгеріске ұшырайды, бұл өзгерістер сөздің сапалық сипатын аңғартады.

Тіл тек тұлғалық жағынан ғана емес, мағыналық жағынан да терең өзгеріске түсе отырып дамиды. Бұл негізінен семантикалық және аналитикалық сөзжасамға қатысты. Тіліміздегі этимон түбірлерді айтпағанда, жалпы түбір деп саналатын бір буынды, екі буынды негіздердің өзінен туынды сөздердің саны әлдеқайда мол. Егер сөзжасам үдерісі негізінде туынды сөздер жасалмаса, тіл қатынас құралы болу қызметін атқара алмас еді. Қазіргі дамыған техникалық үдеріс заманында хат-хабар жеткізушілік рөлін де орындамаған болар еді. Сөздік құрамның негізгі бөлігі туынды сөздерден тұрады десек қателеспейміз. Ал мұның өзі танымның жетілу, өсу, даму үдерісімен тікелей байланысты. Осы арада мынадай сандық көрсеткіштерді келтіргенді жөн көрдік. 1992 жылы А. Алдашева, Ш. Сарыбаев, Н. Уәлиев құрастырған «Жаңа атаулар сөздігінде» [62] тілдік құрылысын пайызға шағып есептегенде мынадай дерек шығады: сөздікке барлығы 1065 жаңа сөз қолданысы енген, оның ішінде аффикстік тәсіл арқылы жасалған туынды сөз – 37%, сөз тіркесу арқылы жасалған туынды сөз 30, 5%, сөздердің бірігуі арқылы жасалған туынды сөз – 8,7%, косарлану арқылы жасалған туынды сөз – 1,2%. Бұл заңды әрі табиғи құбылыс. Басқаша болуы мүмкін де емес, себебі дамыған тілдерде жаңа атауға негіз болмаған түбір қалмайды. Барлық түбірлер туынды негізге айналып, екіншілік, үшіншілік т.б. мағыналарға ие болып, жаңа

номинативтік атауды білдіреді. Туынды негіздердің барлығы да танымдағы ұғымдардың белгісі, таңбасы болады.

Тілдің ішкі даму жүйесіне туынды сөз жасалуының маңызы өте зор. Халықтың тарихи жады мен дәстүрін сақтаушы әрі оны таңбалаушы негізгі көрсеткіш болғандықтан, тіл-таным нәтижесі деуге толық болады деп есептейміз. Танымдық сипаты арқылы тілдің адамзаттық жалпы мәдениеттегі орны айқындалады. Әлем мойындаған рухани және материалдық мәдениеттердің бәрін тек сөзбен ғана өрнектеп, таңбалауға болатынын былай қойғанда, бүкіл мәдениеттің дамуында тіл-тұғырлық қызмет атқарады. Тіл – мәдениет пен өркениетті жасаушы негіз, тұғыр. Тіл арқылы бүкіл мәдениет атаулы дамып, қанат жая алады.

Қорыта айтқанда, сөзжасам тіл білімінің жеке саласы ретінде танылады. Сөзжасам – өте көнеден келе жатқан тіл дамуының табиғи, тарихи үдерісі. Сөзжасамдық үдеріс негізінде сөз мағыналары жіктеле дамып, жаңа мағыналы туынды сөздер жасалады. Жаңа туынды сөздердің туындауы – тілдің ішкі даму заңдылықтарына сәйкес орындалып, халық ойы мен рухы, психологиясы таңбаланады. Тіл дамуы сөзжасамдық аспектіден анық аңғарылады, әрі туынды сөздердің қалыбы арқылы тілдің жүйесі айқындалады. Тіл дамуы адам санасы дамуының көрінісі, сондықтан, тарихи сөзжасамды лингвомәдени аспектіден қарастыру қажеттілігі туындайды. Сана да, тіл де адамға ғана тән қасиет, демек сананың тілде көрініс табуы арқылы таңба жасалады, барлық мәдениет тірегі тіл болып танылады. Тілсіз мәдениет болуы мүмкін емес. Адам қолымен жасалған бүкіл игіліктер мен тағылым, әлем бейнесі ретінде тілде таңбаланады. Сана мен ойлау, таным биігі тілдің қатысуы нәтижесінде байып, дами алады.

3. СӨЗЖАСАМ ҮДЕРІСІНІҢ ЛИНГВОГЕНЕЗДІК СИПАТЫ

3.1. Тіл табиғатының зерттелу тарихы

Адамзат тілінің табиғаты мен даму жолдары талай ғасырдан бері ғалымдар назарын аударып келе жатыр. Тілдің шығуы, алғашқы сөз адамға берілген күдіретті сый екені туралы ең көне заманалардан бастап әртүрлі жорамалдар, мифологиялық түсініктер жасалған. Тілдің адамға ғана берілген сый екені жан-жақты түсіндіріледі. Тілдің шын табиғатын білу, таза ғылыми жүйесін тану қажеттілігінің туындауы адамзаттың дүниетанымдық жетістігі ретінде бағалануы қажет. Сөздің негізгі қасиеті мәтіннің ішінде келіп, бір грамматикалық қызмет атқаруы деген пікірлер қалыптасады. Сондықтан сөздің жасалу сипаты грамматикалық аядан шығып, семантикалық, гносеологиялық, типологиялық аспектіде зерттелуі керек.

Тілдің дамуы мен қалыптасуы сөзжасамдық үдерістерге тікелей қатысы болғандықтан, тіл табиғатының зерттелу тарихына қысқаша соқпай кетуге болмайды. Сөзжасам мәселесінде сөздің шығуы, лингвогенез туралы теориялық ойлар маңызды рөл атқарады. Сөз семантикасы анықталу үшін, алдымен, этимон түбірлердің семантикалық құрылымын зерттеу қажеттігі туындайды. Әлем бейнесінің концептуалды сипаты мен тілдің ішкі құрылымы арасындағы байланыс адам санасындағы ұғым арқылы көрініс табады. Бұл байланыстың алғашқы түрі қандай жолмен, қалай жасалғаны туралы ешкім нақтылап айта алмас еді, дегенмен, тілдің пайда болуы жөнінде ежелден жеткен ілімдер (глоттогенез), көзқарастар баршылық. XIX-XX ғасырларда бұл теориялар салыстырмалы-тарихи тәсілдің арқасында біршама дамыды. Алайда, тілдің, сөздің пайда болуына қатысты – дыбысқа еліктеу теориясы, қол тілі, ым тілі, одағай теориясы, еңбек теориясы, әлеуметтік теориялар мәселенің айғақты, бірізді шешімін таба алмады.

Тіл дамуы теорияларының арнасына арқау болған негізгі көзқарасты сараласақ, ең алғашқы түсінік мифологиялық

жүйеде дамығанын көре аламыз. Оған талдау жасағанда, бір-біріне қарама-қайшы келетін жалпы тұжырымдарды байқауға болады:

– тіл тек адамға ғана емес, барлық мақұлқатқа берілген (Тайбурылға, Шалқұйрыққа, алтын балыққа т.б. тіл бітуі туралы аңыз);

– сөйлеу – тек адамға берілген сый;

– объекті мен оның аталуының арасында табиғи байланыстың болуы;

– есім объектіге тәуелсіз өмір сүре алады т.б.

Зат пен есім арасында байланыс бар деген мифологиялық түсініктің болғаны туралы ойларды Дж. Фрезер мен Э. Тейлор еңбектерінен де кездестіруге болады. Э. Тейлор: «Доисторический быт человечество и начало цивилизации» атты еңбегінде адамдардың, патшалардың киелі адамдардың есімдерін атамай, жалған аттармен, «табулармен атағанын, әрі мұның өзі әдет-ғұрыпқа сіңіп кеткенін жазады [105, 162-166]. Сондай-ақ Грекия мен көне Римде жрецтер есімі, Алланың шын аты құпия сақталған. Олар қола және қорғасын заттарға жазылып, теңіз түбіне тасталған. Егер бұл есімдер дұшпанның қолына түссе, онда дұшпан жағы басылымдық танытады деген сенім болған. Атақты египтолог ғалым Б. Тураев «Бог Тот» атты еңбегінде «Имя по египетским понятиям, наиболее существенная часть предмета, он без него немислим и не существует» деп жазады [106, 73]. Мұндай киелі де қасиетті заттардың, мақұлқаттың атын атамау қазақ халқының да түсінігіне тән. Айталық, түркілік төтем саналатын бөрінің атын атауға киесінен қаймығу, басқаша ат тағу, руының атын, ру ақсақалының, үлкен ел ағасының, атасы мен қайын ағаларының, келіннің т.б. аттарын атамауы, нысан мен сөз арасында байланыс бар деген мифологиялық сенім көріністерінің қалдығы. Нысан мен есім арасында табиғи байланыс туралы таным адамзатқа тән тағылым. Мұндай мифологиялық ойлау жүйесінің ортақтығының мәнісі тереңде жатса керек. Кез келген зат пен құбылыстың аты болуы, ішкі табиғатына байланысты деген түсініктің мәнісі атаудың ішкі қасиетін анықтамаса да, алғашқы мифологиялық танымдағы есім рөлін айқындап бере алады.

Тілдің шығуы туралы антикалық дәуірде үлкен ілім жасалған. Мифологиялық түсінік пен танымды қабылдап, талдау жасаған ежелгі гректер тілдің ішкі мағыналық табиғатын

тануда өзіндік қисын қалыптастырған. Сөздің ішкі тұлғасын, негіздің этимологиясын тануда антикалық философтар ірі-ірі жетістіктерге қол жеткізеді: «...Садақтың атауы – өмірді, ал оның әрекеті – өлімді танытады», – деп жазады Гераклит. Демокрит еңбегінде зат пен оның атының арасындағы байланыс бар дегенге бірінші рет қарсылық білдіреді. Атаудың болуы ат қоюға негізделеді дей отырып, төрт түрлі ой қорытындысымен тұжырымдайды: 1. Көпмағыналылық; 2. Тепе-теңдік; 3. Қайта атау (переименование); 4. Атаусыз болу (безыменность). Демокрит «әйел» сөзінің мағынасын «ұрпақ алу» деп түсіндірген [175, 32-33]. Гомер мен Гесиод поэмаларында атаудың шығу төркіні Құдайдан деген идея бар.

Платон сөздің ішкі мағынасы мен сыртқы тұлғасы арқылы белгіленген заттың мәнін анықтауға болады деп түсінген. «Кратил, или о правильности имен» деген еңбегінде Гермоген, Кратил, Сократтың диалогы арқылы көптеген сөздердің этимологиясын ашады. Түбір этимологиясының бәрі Сократтың пікірі арқылы беріледі: *сияние – свет, течение – течь* т.б. тұлғалардың бір түбірден шығуы, Тантал есімінің «мылжың» сөзінен туындауы т.б. көптеген мысалдар бар. Платон шәкірттері алғашқы сөз табиғаттың өзінен туындайды, яғни сөз белгіленуші затпен ұқсас болған дей келіп, қалған туындылардың бәрі атаудың (по установлению) жемісі дейді [175].

Аристотель атаудың шығуын былайша түсіндірген: «Имена имеют значение в силу соглашения, ведь от природы нет никакого имени. А возникает имя, когда становится знаком, ибо членораздельные звуки хотя и выражают что-то, например у животных, но ни один из этих звуков не есть имя» [107, 94]. «Об истолкований» атты еңбегінде Аристотель тілдің табиғатын түсіну үшін, ең алдымен, есім мен етістікті, содан кейін болымды мен болымсыздықты, пікір мен сөйлеуді айқындап алуды ұсынады. «Сөз – дыбыс арқылы таңбаланатын, жан арқылы түсінілетін символ» деп ұғады. Атаудың табиғаттан туындайтын нәрсе емес, шартты мағына алатын символ екенін көрсетеді. Аристотель сөйлем мен пікірге, әсіресе, көп ден қояды да, сөйлем мағынасы арқылы ғана, ақиқат не жалған ойды жеткізуге болатынын айтады [108, 94-96].

Антикалық ілім мифологиялық түсінікті қабылдай отырып, оны іштей дамытты. Антикалық білімдарлар сөзді алғашқы және туынды сөз деп бөлек көрсетті, мұның өзі тілдің дамуындағы

болған үлкен кезенді аңғартқандай. Сөздердің түбір қалпында қатынас құралы болуы және туынды сөздердің жасалуы арқылы даму үдерісі көрсетілді. Туынды мағынасы түбір сөз негізінде жасалғандықтан, бір-бірімен байланысты болатыны зерделенді. Антикалық ілімнің басты жетістігі тілді адамның өзі ойлап табуының нәтижесінде пайда болды деп тұжырым жасауы еді. Оның ғасыр ілімінде тілдің мәні мен маңызы, шығу тегі мен жолы негізінен Құдай теориясына негізделді. Еуропа ғылымында тілдің шығуы Библияда жасалған үлгі бойынша түсіндірілсе, шығыстық, мұсылмандық филологияда Құран негізінде Алла атымен түсіндірілді. Құранда да, Библияда да Алла тағалла ұшқан құс пен жүргірген аңды түгел Адам пайғамбардың алдына алып келеді де, қалай атайтынын айтады. Адам бүкіл мақұлат атауын үйренеді. Библия бойынша, алғашқы сөздің авторы – Адам пайғамбар [Библия. Бытие. 2;19; 20-б.]. Кейін бір тілде сөйлеген Адамзат баласының салған қаласы мен мұнарасын көрген Алла тағала: «Вот один народ, один у всех язык; и вот, что начали они делать, и не отстанут они того, что задумали делать; сойдем же и смешаем там язык их так, чтобы один не понимал речи другого. И рассеял их Господь оттуда по всей земле; и они перестали строить город и башню» деп жазылады.

Заманының дана жазушысы Данте Адам мен тілді Алла жаратты деп түсінді. Ең бірінші сөз көне еврей тілінде: «Эллоу» – «Әке» деген сөз болған дейді. Қазақ және түркі тілдеріндегі – «ел» – халық сөзінің синонимі, Ел – Алланың бір аты.

Орта ғасырдағы зерттеушілер этимологиямен айналысады. Исидор Севильский этимологиялық үлкен еңбек жазады. Көне еврей тілін адам баласының алғашқы тілі ретінде қабылдап, Вавилондық мұнараның салынуына дейінгі тілдің түбірін, заңдылығын анықтауға талаптанады. Лютер шындық сөзде, тілде жасарынып жатыр деп есептейді, Парацельс пен Ян Амос Коменский, Я. Беше – Адамның тілі туралы жазады. Я.Беше неміс және латын сөздерін буынға бөліп зерттеп, ондағы мағынаны іздейді. Парацельс еңбегінде адам тілді, сөйлеуді құстардан үйренген деген де пікір айтады.

Мұсылман филологиясында ҮІІІ ғасырдан бастап сөздің сыртқы жамылғыш тұлғасы мен ішкі мағынасының ұқсастығы, жақындағы зерттеледі. Ең алғаш бұл мәселені көтерген ғалым, зерттеушілердің көрсетуінше, Халел ибн Ахмад болған [108]. ІХ ғасыр ғылымында мынадай теориялар басылымдыққа ие

болады: 1. Тіл (араб тілі – алғашқы адамзаттық тіл) – Алла тағаланың құдіретімен пайда болған. Алла тағала адамға тілдің бүкіл байлығын үйреткен. 2. Араб тілі – Алла тағаланың жаратуынан жасалады, бірақ ол бірден қалыптасқан жоқ. Араб тілінің негізі белгілі лексикалық қалыпта Адамға үйретілді, кейін – барлық пайғамбарлар арқылы дамытылып, тек Мұхаммед пайғамбарға оның бүкіл байлығын үйреткен. 2. Араб тілі – Алла тағаланың жаратуынан жасалды, бірақ ол бірден қалыптасқан жоқ. Араб тілінің негізі белгілі лексикалық қалыпта Адамға үйретілді, кейін – барлық пайғамбарлар арқылы дамытылып, тек Мұхаммед пайғамбарға оның бүкіл байлығы хабарланды» [108, б1]. Бұл қисыннан басқа, «қоғамдық келісім» нәтижесі деп танылған теорияның біз үшін маңызды жағы түбірді алғашқы және туынды деп екіге бөліп қарастыруында.

Орта ғасырларда Англияда Д. Скотт пен У. Оккам еңбектерінде таңбаның ішкі және сыртқы көрінісі туралы, сөздің табиғи және табиғи емес сипаты туралы ілім жасады. Зерттеулер номинализм концепциясының басы болды, әрі глоттогенетикалық теорияның жасалуына көп әсерін тигізді. Тілдің шығуын зерттеуде енді номиналистік көзқарас белең алды. Бұл бағыттың өкілдері сөз мағынасы арқылы ақиқат шындыққа жету мүмкін емес, бос қиял деп түсінді. Айталық, Ф. Бэкон этимологиямен айналысу бос әурешілік деп табады. Ағылшындық номиналистік дәстүр Т. Гоббстың «Левиафан» атты еңбегі арқылы айқындала түседі. Негізгі ғылыми концепциясы мынаған саяды:

- Алла Адамға өзінің қалаған атауын тауып үйретті; Адам абстрактылы сөзді білген жоқ;
- Бұл тіл Вавилон бағанасын салу кезінде жоғалды;
- Адамдар әлемнің түпкір-түпкіріне таратылып, сөзді қажеттілігіне сай бірте-бірте әртүрлі тілдерде өздері жасады [109].

Бұдан басқа Д. Локк, Дж. Беркли, Дж. Вико, Г.В. Лейбниц, Р. Бойль, т.б. пікірлері болды. Жаңа кезеңдегі көзқарастарды жүйелейтін болсақ, онда номиналистер мынадай мәселелерді күн тәртібіне қойды: тілдің қызметі туралы (тіл – қатынас құралы ма әлде жадты, есті қалыптастыру, сақтау құралы ма); сөз – белгілі адамдардың жеке идеяларын белгілейді немесе объективті мазмұн иеленеді; сөз мағынасының дамуы нақтылықтан абстракцияға, жекеден жалпыға, жалқыдан жалпыға

қарай дами ма? Еврей тілі ең көне тіл делінген гипотеза жоққа шығарылып, әмбебап грамматика жасау, зерттеу қолға алынды.

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында глоттогенез теориясында идеялық құлдырау болды. Бұл кезеңдегі іргелі туынды болып саналатын Август Шлейхердің «Компендиум сравнительной грамматики индоевропейских языков» атты еңбегінде тілдегі моногенез теориясы теріске шығарылды, әуелде өте көп тілдер (полигенез) болған деген тұжырым айтылды. «Невозможно установить один праязык для языков ... количество проязыков было, по видимому, несравненно большим, чем это можно полагать на основе еще живущих языков» – деп жазды (дәйексөз В.А. Звегинцевтің еңбегінен алынады) [110, 90]. А. Шлейхердің шәкірттері Г. Шухгардт, И. Шмидт осы теорияны жалғастырды.

Тарихи-салыстырмалы зерттеулердің биік деңгейі ностратикалық тілдер теориясының негізінде қалыптасты. Ностратикалық тілдер теориясында кей тілдер семьяларына тән ортақ, жалпы, ата тіл көрсетілді. В.М. Иллич-Свитычтың «Опыт сравнения ностратических языков» деген еңбегінде индоеуропалық – картвел, орал, алтай, семит-хамит, дравид тілдері тобының жалпылық қасиеттері көрсетілді [111]. Тілдің шығуы туралы ілімнің дамуына «еңбек теориясының» да қосқан елеулі үлесі бар. Теория салыстырмалы-тарихи және философиялық бағытта дамыды. Бұл салалар бойынша Л. Нуаре, Л. Гейгер, М. Мюллер еңбектерін атап көрсету орынды. Неміс философиялық дәстүрінде тілдің дамуы халық ойының өсуімен ерекше байланыста қарастырылды. Бұл идея, әсіресе, В.фон Гумбольдт, тіл – ұлттың жаны, рухы екендігін айтты. Тіл – аяқталған іс немесе зат емес, ол – қызмет. Тіл – адам баласының бүкіл іс-әрекетінің негізі, адам рухының басты қызметі ретінде анықталады.

Қазіргі тіл білімінде тілдің шығуы жөніндегі мәселелер таза тілдік мәселе болудан гөрі, философия зерттейтін тақырыпқа айналып кетті. В.З. Панфилов, Б.Ф. Поршнев, Б.А. Зильберт т.б. ғалымдардың еңбектерін осылайша бағалауға болады. Тіл білімінің ірі өкілдерінің бірі, сипаттамалы грамматиканың негізін салушы Ф. де Соссюр таңбаның еріктілік (произвольность) қағидатын анықтайды: По сколько под знаком мы понимаем целое, возникающее в результате ассоциации некоторого означающего с некоторым означаемым» – деп жазады [61, 100]. Ф. де Соссюр «белгілеуші» және «белгіленуші» деген терімсөз-

дерді қолдана отырып, адамның объективті шындықтағы затты белгілеуіштік рөлін, қатынасын көрсетеді.

Тілдің шығуы жөніндегі жаңа яфетикалық теорияның авторы Н.Я. Марр болды. Марр «қол тілі, ым тілі» арқылы алғашқы байланыс сөйлеу болғандығын көрсете отырып, сөздердің семантикасын, семантикалық дамуын зерттеді. Тілдің дамуына негіз болған элемент – «рош», «сал», «бер», «ион» деп көрсетеді. Яфетикалық теорияның негізінде сөздің мағынасы алынды. Бұл теория үлкен сынға ұшырып, ғалымдар арасында қолдау тапқан жоқ. Сонымен, глоттогенез теориясының зерттелу тарихының өзінің бірнеше мыңдаған жылдық тарихы бар. Ілімнің даму барысында әртүрлі қарама-қайшы пікірлер дүниеге келді. Көрсетілген кезеңдердегі зерттеулердің жалпы бағытын бағамдасақ, мынадай жүйені анықтауға болады:

	мифтік кезең	антикалық кезең	орта ғасыр	XVIII-XIX ғасыр	XX ғасыр
тілдің дамуына жаратушының қатысуы	бар	жоқ	бар	бар, жоқ	жоқ
себебі (уәжділігі)	қорқыныш сезімі	материализм, политеизм	схоластика	Материализм, атеизм, дарвинизм бихевиоризм	Материализм субъективизм
тілді зерттеудің өзекті деп танылуы	өзекті	өзекті	өзекті	өзекті емес	өзекті емес

Кестеден аңғарылатын нәрсе XIX-XX ғасырларда ата тілді іздеу, оның қалыбын анықтау жолында әртүрлі ғылыми ізденістер болғанымен, тақырыпты зерттеу зәрулігі болмады. Н.Я. Марр үндіеуропа тілі білімінің теориялық деңгейінің Ф.де Соссюр еңбегінен кейін үлкен дәрежеде өскенін атап көрсете отырып былай деп жазады: «Индоевропейская лингвистика не может не признать, что она есть наука об языке за исторические эпохи. В вопросах генетических, ведущих в доисторию человеческой речи она бессильна что-либо сделать непосредственно» [102, 33].

Тілдің көне даму сатыларында алғашқы ата тілдің пайда болу, жасалу сипаты туралы ғылыми болжам айту қиын. Антикалық мифологиялық кезеңнен бастап зерттеліп келе жатқан бұл тақырып, адамзат танымының дәрежесі мен қоғамдық сананың өсу, қалыптасу сипатын көрсетсе керек. Тілдің шығуы туралы пікір мен тұжырым айту өз заманында қалыптасқан ойға, ағымға, ғылымның деңгейі мен саясатқа тікелей қатысты болған. Адамзаттық таным деңгейі ұлылардың ойы мен санасы, пікірі негізінде көрінер болса, онда тіл дамуы мен шығуы туралы айтылған ойлар сол дүниетанымның көрінісі болады деп бағамдаймыз.

Осы күнге дейін ғылымда өмір сүріп келе жатқан дыбысқа еліктеу, одағай, ым тілі, қол тілі т.б. теориялардың қай қайсының да тілдің шығуы мен дамуында белгілі дәрежеде орны мен рөлі бар деп есептейміз. Тілдің қалыптасып дамуында түбір тұлғаларының жіктелуінің негізінде жаңадан сөздер ерекше мән ала тұлғаланып, таңба мазмұны мен мағыналарының таңбалану жүйесі кешенді сипатта белгілі заңдылықпен орындалғанын дәлелдеуге болады.

Сондай-ақ зерттеу барысында, біздің эрамызға дейінгі 4000-3000 жылдықтарда таңбаға түскен тілдерді – санскрит, шумер, латын, көне түркі тілдерінің негізгі түбірлерінің тұлғалары мен мағыналарын салыстырғанда, ондағы тұлғалық және мағыналық бірлік пен ортақ сипатты анық бағамдадық. Біздіңше, бұл кездейсоқтық немесе тілдегі кірме элементтер емес, барлық тілдердің дамуына тән ортақ заңдылықтардың болатындығын көрсетеді. Тіл өз дамуында фонетикалық заңдылықтарға сәйкес тұлғалық өзгерістерге ұшырап, әйткенмен ішкі мағыналық және мазмұндық, біртектілігі мен мәндік ортақтығын сақтап қалған. Ортақ, біртекті бірліктердің мысалы келесі тараушада әңгімеленеді.

3.2. Этимон түбір мен туынды сөз арасындағы сабақтастық

Тарихи сөзжасам үдерісін диахронды аспектіде зерттеудің негізгі мәселелерінің бірі сөзжасамға негіз болып табылатын түбірмен, олардың архисемаларының, жіктелу жолдарымен, мағыналық ауқымдылығымен байланысты. Қазіргі тіл білімінде

түбір терімсөзін екі мағынада түсіндіруге болады: кең мағынасында кез келген жаңадан пайда болған номинативті мағыналы туынды сөздің жасалуына арқау болатын себепші негіз. Мысалы: *оқу-шы, оқу-лық; оқыр+ман, оқы+ғыш* т.б. Мұндағы номинативті мағыналы туынды сөздің жасалуына негіз болып тұрған себепші негіз, қазіргі түбірі – «*оқы*», тарихи көне түбірі – «*ұқ*». Тар мағынасында: барлық туынды сөздердің түбірінде сақталып, мағыналық және тұлғалық жіктеліске түсіп өзгерген, дамыған этимон түбірлер бар. Этимон түбірлерді табу, олардың архисемасын тану – тарихи сөзжасамның негізгі мәселелерінің бірі. Туынды сөздердің мағынасын тарихи тұрғыдан сараптау үшін, құрастырушы сыңарлар мағынасының тарихи қалыптасуын, даму жолдары мен бағытын көрсету лазым. Бұл, ең алдымен, туынды сөздердің жасалуына негіз болып тұрған түбірлерге тікелей қатысты. Сөзжасамдық ұялардағы этимон түбірлердің мағынасы мен тұлғасын, тарихи дамуын түсіндіру, архисемасын анықтау тілдің даму сатысының ең көне кезеңдеріне барлау жасауды қажет етеді.

Түркітануда туынды сөздің негізгі құрамды бөлігі ретінде, түбір сөздің мағынасы мен дамуын зерттеген еңбектер бар. А.А. Юлдашев [22], Н.К. Дмитриев [14,15], Э.Р. Тенишев [98], Б. Серебрянников, Н. Гаджиева [16], А.Н. Кононов [17, 18], Н.А. Баскаков [10, 12], А.М. Щербак [19, 20], Э.В. Севортян [26, 27], Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н.Т. Сауранбаев [32], Ф.А.Ганиев [28], Ә. Қайдаров [99], Е.З. Қажыбеков [100], Б.И. Татаринцев [101], Ә. Ибатов [47], М. Томанов т.б. ғалымдардың еңбектерінде түбір сөздің мағынасы, даму жолдары мен туынды сөз жасаудағы рөлі туралы айтылған.

А.А. Юлдашевтың еңбегінде түбір мен негіздің мағынасы салыстырылып, мынадай тұжырым жасалған: «Семантический объем корня всегда шире объема основы» (корень всегда многозначен, чем слова), а содержания корня наоборот бледнее, чем содержание семантики основы. Как правило, основа всегда более конкретна, тогда как корень по сравнению с ней более абстрактен, так как в нем меньше всего отражены частные моменты, хотя он и представляет собой синтез частных. [22,39]. Елуінші жылдарда айтылған автор пікірінің түбір сөздің табиғатын танудағы мәні ерекше. Пікірдің құндылығы – сөзжасамдық мағынаны зерттеу кезінде түбір мен негіздің арасындағы

семантикалық арасалмақ пен мағыналық байланыстың екшеленуінде, әрі түбірдің өзгеше сипатының айқындала түсуінде. Түбір мағынасының негіз мағынасымен салыстырғанда ауқымдылығы, кеңдігі анық көрінеді. Түбірді тану үшін, оның тұлғалық сипатына реконструкция жасау, тұлғалық жағын айқындау арқылы мағыналық тереңдігін бағамдау қажет болады. Осы ретте түбірлердің этимологиясын ашу, этимон түбірді анықтау арқылы архисемасын көрсету т.б. мәселелер түркітануда әлі күн тәртібінен түспеген. Этимон түбірді анықтауда біз сөздің мағынасына, ішкі терең семантикалық құрылымына басты назар аударамыз. Тек тұлғаның ішкі мағынасы мен олардың семантикалық-генетикалық байланысын зерттеу нәтижелері ғана этимон түбірлерді дұрыс тануға жетелейді.

Этимон түбірлер – гносеологиялық үдерістің жемісі, танымның алғашқы көріністері. Адам баласы қоршаған ортаны танып, түйсініп, табиғаттағы заттар мен құбылыстар туралы қалыптасқан ұғымды сөзбен таңбалайды. Танылған зат пен құбылыс, қоғам мен элем туралы ұғым кең, жалпылық мәнде болады. Адам танымының тереңдей дамуы барысында жалпыдан жекеге, жекеден ерекшеге бірте-бірте даму үдерісі арқасында атау дамиды. Зат пен құбылыстың әртүрлі ерекше номинативті белгілерінің танылуы нәтижесінде сол ерекше белгілер атауды туғызудың негізіне айналады. Қоршаған ортаны танып білу, атау беру қажеттіліктен туындайтын шындық.

Адам баласының зат пен құбылысқа атау беруі, ең алдымен, өзіне қажетті еңбек құралы мен жабдықтарына, табиғаттағы ұлы күштерге, қозғалу құралдарына т.б. байланысты болуы қисынды. Академик Н.Я. Марр былай деп жазады: «Есть эпоха этнического словотворчества, есть эпоха ему предшествующего космического, когда звуковых слов так мало, при том означавших конкретно в живых образах воспринимаемые космические силы, что им выражали множество осознавшихся постепенно в своем самостоятельном бытии существа» [102, 32]. Автор адам санасындағы имплицитті түрдегі танымдық бейненің жеке бейнелердің атауына бөлінгендігін, мифологиялық түсініктің заттар мен құбылыстардың атауына берілген сипатын байыпты дәлелдейді. Айталық, құстар аспан не оның бір бөлігі туралы түсінікпен түсіндіріліп, атауын қабылдайды. «*Ат, ит, түйе*» деген атаулардың шығуы олардың қозғалу, орын ауыстыру құралы

туралы болғандығымен байланыстырылады. «По мере того, как средство передвижения менялись, названия переходили с прежнего животного на новое, иногда без всякой дифференциации» – деп жазады академик Н.Я. Марр [102, 47]. Атау мен құбылыстардың қызметі мен ассоциативтік ұқсастығына байланысты беріледі. Кез келген зат пен құбылысты танып, атау беруде, атқаратын қызметі мен болмысының рөлі ерекше. Қазақ тіл біліміндегі номинация теориясы да бұл қисынды дәлелдеп отыр. Этимон түбірлердің аталуының негізгі шарттары мынадай:

- адам таныған денотатты атау қажеттігі;
- белгілі бір тұлға арқылы ассоциативті атау қалыптастыру;
- атаудың тууына тарихи-мифологиялық ұғымдардың тікелей әсері болуы;
- зат пен құбылыстың қызметіне сай тарихи-мифологиялық ұғымдардың атау ретінде жіктеліп берілуі.

Этимон түбірлердің табиғатын анықтаудың басты шарты – адам баласының таным деңгейі мен денотаттың танылу сипаты, дәрежесі. Олардың архисемасын анықтауда адамзат танымының сипатын бағамдаудың маңызы ерекше зор, бұл тіл біліміндегі глоттогенез теориясымен сабақтасады. Этимон түбірді зерттеу дәстүрлі грамматикада, негізінен, формалық деңгейде «формадан мазмұнға» қағидаты бойынша жүргізілді, түбірлердің тегін зерттеу, тұлғаны анықтаумен шектелді. Мұның өзінде де бірізді пікір болған жоқ. Н.А. Баскаков әуел бастағы түбір түрі – СГС деген пікір ұсынды [10, 100]. Г.И. Рамстедт түбір тұлға Г (дауысты) болған десе [103, 19], В. Котвич, Э.В. Севортян, А.Н. Кононов – Г, СГ түбірлері болған дейді [18, 26-27].

Қазақ тіл білімінде Ә.Т. Қайдар әуелгі түбір деп синкретті түбір теориясын мойындаса [99], Ә. Ибатов «түпкі түбір» терім-сөзін енгізіп, XIV ғасырдағы жазба ескерткіштердегі Г, ГС, СГ, ГСГ, ГССГ, ГСГС, СГСС түріндегі түбірлердің тұлғасын көрсетеді [47, 67]. Этимон түбірлердің тұлғасын мағынадан бөліп алып айқындау мүмкін емес. Әрі сөздің ішкі мағыналық құрылымын ашпай, тұлғалық болмысын көрсету тарихи-семантикалық зерттеуде дұрыс нәтиже бермейді. Сондықтан, біздіңше, этимон түбірдің семантикасын анықтап алу керек. Ол үшін жоғарыда атап көрсеткеніміздей, таныммен, ойлаумен, ұғыммен қарым-қатынаста қарастыру қажет. Екіншіден, көне түркі жазба ескерткіштері немесе орта ғасыр ескерткіштерінің тілі арқылы

этимон түбірдің ашық қалпындағы тұлғасын іздеу қиынсыз. Бұл жазба ескерткіштерде этимон түбір мүлде кездеспейді деген сөз емес. Кездеседі, бірақ ескерткіштер тілінде этимон түбірлер тұлғалық жағынан өзгеріске ұшыраған, мағыналық жағынан дамыған қалпында болады. Көне түркі жазба ескерткіштері түркі тілінің халық тілі ретінде дамыған сатысын анықтайтын, кемел тілдің көрінісі ретінде бағаланып, онда кездесетін түбірлердің өзі тарихи күрделі мағыналық дамудан өткен негіздер деп түсіндірілгені абзал. Бұл тарихи шындыққа сәйкес келер еді. Қазіргі қазақ тіл тұрғысынан «ары қарай бөлшектеуге келмейтін» тұлғаның бәрі бірдей этимон түбір бола алмайды деп есептейміз.

Этимон түбірлер көне ескерткіштер тілінде тұлғалық және мағыналық өзгеріске түскен қалпында жеткен. Тілдің ұзақ дамуы барысында ішкі флексиялық, жалғамалылық т.б. өзгеріске түскен. Сондықтан бұл таңбалардың тұлғалық көрінісі бойынша алғашқы этимонды тануға қол жеткізе алмаймыз. Көне түбірлерді айқындау үшін, көне түркілік мұрағаттар тіліндегі деректерге толықтай сүйене отырып, ретроспективтік, тарихи-салыстырмалы, типологиялық-модификациялық, ареальды әдістер арқылы, ең көне кезеңдерден бастап, сөз мағынасының дамуы мен қалыптасуы аясынан зерттеуге болады. Сөздің ішкі мағыналық дамуы, яғни семантикалық даму – танымның дамуымен сәйкес, ұқсату, абстракциялау, ассоциациялық түсінік негізінде жасалады. Сыртқы тұлғаның дамуы, яғни фонетикалық даму – ішкі семантикалық дамуға сәйкес болатын құбылыс. Дыбыстардың өзінің сәйкес дыбыстарына, құрамындағы сынарларына жекелей жіктелуі – тілдің табиғи дамуымен бірге жүреді. Тілдегі аффрикат дыбыстардың жіктелуі арқылы ерекше номинативті мағынаны белгілейтін тұлғалар туындайды.

Мағыналық және тұлғалық даму қатар жүретін үдеріс, айталық, қазіргі қазақ тілінде: *өкімет* – *үкімет*, *ауа* – *әуе*, *әкім* – *өкім* сияқты сөздердің мағыналық және тұлғалық жіктелісін түсіндірер болсақ, мұндағы дауысты дыбыстар бір-біріне сәйкес дыбыстар, олардың жіктелуі жаңа туынды дериват жасауға негіз болған. Түбірдің семантикалық құрылымындағы архисема кейін әртүрлі номинациялық белгілердің танылуына сәйкес айырушы семаларға бөлшектеніп, ерекше тұлғалық сипатқа, жаңаша мазмұнға ие болған. Сөйтіп, дыбыстардың жіктелуінің нәтиже-

сінде жаңа тілдік тұлға жаңа мағынаны белгілеп, туынды сөз жасайды. Сөздің архисемасы, өзексемасы арқылы бірнеше мағына пайда болып, әртүрлі денотаттық, референттік мағыналар жасалады, атау туындайды. Енді бір мағыналар тұлғасын сақтай отырып, лексикалық номинативтік мағынасын жоғалтады, тіл дамуы барысында грамматикалық мәнге ғана ие болып қалады. Грамматикалық мағынаға ие болған тұлғалар (сөз тудырушы жұрнақтар) өздерінің бұрынғы номинативтік мағынасынан біршама айрылғанымен, тұлғаның архисемасынан мүлде ажырап кетпейді. Тұлғаның шеткей өрісінде сақталып, бұрынғы номинативтік мағынасын айқындайтын туынды мағына жасауға себепкер болады.

Тарихи этимон түбірлерді тануда мынадай шек (шарт) қоюға болады:

- таңбаның семантикалық біртектілігі;
- таңбаның мағыналық-генетикалық сабақтастығы;
- таңбалық тұлғалық біртектілігі;
- екпін бірлігі.


Этимон түбірлерді анықтауда таңбалар арасында мағыналық біртектіліктің маңызы зор. Мағыналық біртектілікті туынды сөздердің ішкі генетика-семантикалық коды арқылы анықтауға болады. Туынды негіздердің құрылымында сақталатын архисема мен өзексеманың деңгейі әртүрлі болады. Тұлғалардың семантикалық біртектілігін айқындау үшін, түбірлес тұлғалар іріктеліп алынып, этимологиялық мағынасы сараланады, сөйтіп өзексема мен архисема анықталады. Таңбалар арасындағы мағыналық-генетикалық байланыс «семантикалық өріс» арқылы бағамдалады. Генетика-семантикалық байланыс негізінде таңбалардың бір-бірімен байланысын ғана анықтап қоймай, сонымен бірге даму жолын да пайымдауға болады. Тілдік таңбаның тұлғалық және мағыналық жағынан даму сипатын анықтаудың объективті жолы сөздердің генетика-семантикалық байланыстылығын көрсету деп есептейміз. Бұл байланыс туынды сөздердегі негізгі семалар арқылы көрініс табады.

Этимон түбірлерді тануда таңбаның тұлғалық көрінісінің рөлі де ерекше. Тек біртекті тұлғалар ғана этимон түбірді табу үшін қарастырылады, әртүрлі тұлғалы таңба алынбайды. Тұлға рөлінің өзгешелігі тілдің жүйелі дамуында фонетикалық заңдылықтардың қатаң сақталуымен тығыз байланысты. Дыбыстық

сәйкестіктер, дыбыстық алмасулар, протезалық, эпонтезалық, эпитезалық т.б. құбылыстар кешені сөз мағынасын өзгертуге, жаңа сөз туғызуға себепкер болады. Этимон түбірді анықтауда мұндай фонетикалық құбылыстар негізінде болған түбірдің тұлғалық өзгерістері үнемі есте болуы қажет. Ежелгі түбірлердің қалпын анықтауда сөз мағынасы басты назарда болады. Оның мәнісі номинативті атаудың мағынасы сөз қасиетінің негізі екендігінде. Номинативті атаудың тууы – қажеттіліктен туатын салдар. Жаңа тұлғаға мағына сыйғызғанда тұлғалық емес, ұғымның ішкі мәнділігі, ойға қонымдылығы басты назарда болады. Сондықтан сөздің ішкі семантикалық мағынасы ұғыммен тікелей қатынаста болып, ұғымның көрінісін, мазмұнын бейнелейді.

Сөз мағынасының тарихи өзгерісі мен семеманың әртүрлі семаларға жіктелуінің арасында айырмашылық бар. Жаңадан жасалған туынды сөз екіншілік денотаттық немесе сигнификаттық мағынаны атайды. Туынды сөз этимон түбірдің бір семалық қырын иемденіп, бір семалық қырының номинативтік белгісін ерекшеленіп, жеке «мағыналық отау» тігеді. Этимон түбірдің өзексемасы номинативті белгілер арқылы туынды сөздің мағынасына еніп, ортақсема түзіледі. Ортақсема арқылы жаңа сөзде генетикалық-семантикалық код сақталады. Этимон түбірдің архисемасының семалық жіктелуі нәтижесінде әртүрлі сөзжасамдық тәсілдер арқылы көптеген туынды сөздер жасалады. Оның архисемасын айналысына сәуле шашып тұрған шырақпен салыстырсақ, әрбір сәуле жеке сема болады. Бұл семалар арқылы жеке номинативті туынды бірліктер туындайды. Өз кезегінде туынды бірліктерден жаңа туынды сөздер жасалады. Этимон түбірдің архисемасы бірінші кезеңде екі негізгі туынды мағынаға жіктеледі. Жіктелістегі мағына түркітануда синкретті түбірлер деп танылады. Екі жаңа номинативті мағына басқа мағыналық атауларға негіз болып дамиды. Белгіленген семалардың арасын қосатын сызықтар семалардың бір семантикалық өрісте болатынын көрсетеді. Сөздің семантикалық өрісіндегі әуелгі архисема мағыналық даму алыстаған сайын кейінгі туынды сөздерде әлсізденіп, тек шеткі өрісте сақталады. Архисеманың біртекті болуына сәйкес семантикалық өрісте ортақ сема болады. Сондай-ақ бір этимон түбірден тара-

ған семалардың мағыналық қатынасын былай да көрсетуге болады:



Ежелгі түбір мағынасы арқылы туынды сөздердің денотаттық және сигнификаттық мағыналарының қалыптасу сипаты мен даму жолдарының жүйелілік, кешенді сипаты анықталады. Сөз мағынасының дамуы – жүйелі, қалыпты, бірізді заңдылықтарға бағынатын үдеріс. Бұл заңдылықтар номинация үдерісінде болатын жүйелі құбылыстарды анықтап, танымды, ұғымды дыбыстық жамылғыш көмегімен танбалау, оған мағына беру қызметін жүзеге асырады. Заңдылықтар деп отырғанымыз номинация үдерісінде болатын уәждемелік, абстракциялық, ассоциативтік, аналогиялық жолмен жүзеге асатын концептуальды жүйені құрайтын тілдік құбылыстар. Тарихи этимон түбірдің архисемасын номинация, когнитивті теория жетістіктеріне сүйене отырып анықтау орынды болмақ. Сөздің жасалуы адам ойындағы когнитивті құрылымға жататын: түйсіну, қабылдау, жадта сақтау, назар аудару т.б. қабілеттерге байланысты. Алдымен ұғым қалыптасуы шарт, ал ұғым – гносеологиялық үдерістің нәтижесі. Олай болса, таным тәжірибесі – заттар мен құбылыстарға атау тағуда ең маңызды рөл атқаратынын ескерсек, этимон түбірлердің семантикалық дамуын былайша бөліп көрсетуге болады:

- діни мифологиялық сема (құдайға, жаратушыға байланысты);
- табиғаттағы заттар мен құбылыстардың танылуына байланысты жіктелетін семалар;
- төтемдік нанымдардан туындайтын сема;
- қозғалу, қимыл-әрекет семасы;
- адамға байланысты семалар;
- үй жануарларына байланысты семалар (зоонимдер);
- тағы жануарларға байланысты семалар (зоонимдер);

- өсімдіктерге байланысты семалар (фитонимдер);
- табиғи климаттық құбылыстар семасы;
- географиялық-кеңістік семалары (топонимдер);
- геометриялық форма, түр-түске, сапаға байланысты семалар;
- абстрактылы ұғымдардың семалары; т.б. семалар.

Сонымен, этимон түбір мен туынды сөз арасында тікелей мағыналық сабақтастық бар. Туынды сөздің жеке номинативтік семасында сөзжасамдық ұяның мағынасы жалпы семантикалық өрісте сақталады, негізгі өзексеманы құрайды.

3.3. Сөзжасамның лингвогенездік табиғаты

Адам баласының табиғи дыбыстық тілі жасалып, қалыптасуын тіл білімінде глоттогенез ілімі зерттейді. Глоттогенез теориясы аумағындағы проблемалар онтологиялық, гносеологиялық, философиялық, әлеуметтік психо- физиологиялық т.б. жүйеде зерттеле алады. Тарихи-салыстырмалы және типологиялық талдау әдістері негізінде сөздердің этимон түбірлерін, олардың кейінгі ұғымдық және мағыналық даму сипатын мөлшерлеуге болады. Барлық сөздердің жасалуына негіз болатын тарихи этимон түбірдің архисемасын анықтауға болады. Архисема белгілі болғанда, бейнеленген ұғымдардың ортақ мағыналық белгілерін көрсетуге мүмкіндік туады. Мұның барлығы тіл білімінде қалыптасқан ретроспективті әдіс негізінде анықталады, яғни қазіргі тілдік деректерді саралау арқылы көне түбірлер мағынасын зерттеуге болады. Компоненттік талдау негізінде сөздердің ішкі семантикалық құрылымын анықтап, генетика-семантикалық код арқылы тілдің сөзжасамдық даму жүйесін пайымдауға мүмкіндік бар.

Референттік теория тұрғысынан зерттеу арқылы сөзжасамдық ұя мағыналары мен архисема сипатының объективті шындыққа қатысын бағамдаймыз. Тілдік тұлғалану яғни таңба мен ақиқат болмыс арасындағы қарым-қатынастың сипаты мен көрінісін көрсетуге талаптанамыз. Әлем бейнесі адам танымы арқылы танылған соң, сөзбен не таңбамен белгіленеді. Алғашқы таным негізінде жаңа туынды сөздер уәждеме арқылы негізделіп жасала береді. Референттік теория негізінде шартты түрдегі алғашқы номинация түсінігі мен құбылыстың байланысын көрсетуге болар еді. Сондай-ақ екіншілік номинацияның әлем бей-

несін танытудағы рөлін және абстрактылы келбетін берудегі орнын айқындау мүмкін болады.

Әлем бейнесінің тілде таңбаланып, әрі таным негізінде көптеген мағыналардың жіктелуіне негіз болған құбылыстар мен заттар: *күн, аспан-көк, жер, ай, от, су, жан-жануар, олардың қозғалысы* т.б. Яғни адамды қоршаған табиғат пен оның қозғалысын, белгісін, түр-түсін, қасиетін тану арқылы жаңа ұғымға жаңа атау беріледі. Тарихи сөзжасамның мәні мен мазмұны осындай теориялық қисындарды зерделеу барысында айқындалуы қажет. Адам танымы арқылы танылып, жаңа ұғымдар туғызуға себеп болған космологиялық нысандардың негізгісі – күн. Күннің тіршіліктің көзі, жарық беретін қасиеті, қозғалысы, жылулығы т.б. қасиеттерінің болуы адамдардың күнге табынушылығын туғызды. Күнге әлемдегі халықтардың бәрі де табынғанын әртүрлі мифологиялық аңыздар мен әңгімелерден анық көруге болады. Жер бетіндегі тіршілік тірегі болған басқа заттар мен құбылыстар кейін күнмен теңестіріліп, төтемдік т.б. сипат алады да, әртүрлі ұғымға негіз болады:

- Күн – бар;
- Күн – қозғалыс;
- Күн – жалғыз;
- Күн – табыну нысаны;
- Күн – сары, қызыл;
- Күннің қасиеті – жарық жылу, энергия беруі;
- Күн – өмір кепілі;
- Күн – дөңгелек;

Күн сипатының, қасиетінің адам таным-түсінігіне ұғым қалыптастыруды, аналогиялық, ассоциациялық үдерістер негізінде әртүрлі заттар мен құбылыстарға атау берілуі ұзақ уақыт ішінде іске асатын тарихи құбылыс. Аналогиялық ұғымның нәтижесінде аналогиялық таңбалар – сөздер қалыптасады. Күнмен аналогиялық байланыста болатын ұғымдар мен түсініктер негізінде зооморфтық, төтемдік атаулар дүниеге келді. Бұқа, ат, құс, жылан тағы басқа жануарлардың төтемдік мән алуының себебі адам ұғымында бұлар киелі саналып, Күнмен теңестіріле түсінілуі, Күннің, Жаратушының жердегі зооморфты бейнесі ретінде бағалануы. Алғашқы адам танымындағы ұғымдардың дамуы Күнмен теңестірілген мифологиялық ұғымдармен, осы ұғымдар

негізінде, олардың бүкіл болмыс, бітімі туралы таным-түсінікпен байланысты болады. Зат не құбылыстың заттық, қимылдық, сапалық, мөлшерлік, қатыстық мағыналары бір ғана тұлғамен таңбаланған, әрі бұл тұлғалардың мағыналары сол кезеңнің танымы мен түсінігіне сәйкес болған.

Адам танымының алғашқы түсініктері табиғатпен байланысты болғандығы, адамдардың Күнге, Аспанға, Айға табынғаны белгілі. Біздің тілдік таңбалар мағынасын тануда, «Күн» ұғымы арқылы сөздің мағынасы мен мәнін ашуға талаптануымыздың бірнеше себептері бар: Күн – тіршілік көзі, Күн – жарық, сәуле. Күн – қуат, Күн - жылылық... Тау-тастарда көне замандардан бері сақталған таңбаларда Күннің бейнесі қашалған. Әлемдік мифология түсінігі бойынша бүкіл адамзаттың табынған нысаны – Күн. Көне түбірлердің ең көне архимағынасында Күннің жарық, жылу, қозғалу, энергия беру, дөңгелектік (шенбер) т.б. семалары көрініс табады. Әлемдік мифологияда, төтемдік танымда қалыптасқан жан-жануарлардың бәрі – Өгіз (гуд – Гуз – Уд – От) – Күн мағынасын береді; Ит (Ыды – Ыду)- шумер тілінде Күн, Құдай мағынасында, Ыды – көне түркі тілінде Құдай мағынасында; Ат – «Күн, Құдай мағынасы, Аққу – Күннің сыңары; Бөрі – (бри-бра-Күн, Құдай мағынасы); РА – Египетте Күн құдайы мағынасы т.б. күн бейнесіне теңестірілген, күннің жердегі бейнесі болып саналған.

Көне этимон түбірлердің мағынасын семантикалық әдіс арқылы іздегенде, сөздердің мағыналарында Күннің көптеген ұғымдық қырларын пайымдадық. «Күн» ұғымының адам танымында бейнеленген әртүрлі номинативтік белгілері арқылы атау жасалып, сөзде мағыналық сапасы безендірілген. Ұғымда пайда болған жаңа сипат тіл дамуы барысында үнемі қайталанып, жіктеліп отырған. Сөйтіп танымдағы «Күн» ұғымының сөздегі сипатын былайша анықтауға болады.

Көне этимон түбірдің мағынасы ерекше күрделі, олар адам танымында қалыптасқан ұғымдарды таңбалау қажеттілігін өтеу үшін мағыналық және тұлғалық жіктеліске түседі. Ең көне күрделі мағынасында Күннің барлық сипаты, қасиеті туралы ұғымдар сыйғызылған, дүниетаным дамуында осы сипаттар мен қасиеттер, көзқарастар мен әрекеттер әртүрлі жеке мағынаға сараланып, тұлғалық жағынан ерекшеленген.

денотат референт	ұғым арқылы қалыптасқан негізгі мағыналар				уәждеме	туынды сипат	мағына сипаты
материя, тіршілік	қозғалыс	қасиет	сапа	сан	ассоциация, аналогия, абстрак	тұлғалық жіктелу сөзжасам тәсілі	синоним, антоним, көпмағыналылық
	қозғалыстың үнемі болуы	жарық, қараңғы, ыстық-суық	ақ, сары, күрең	аз көп			

4-сызба

Күннің *заттық, формалық сипаты, жарық беру, жылу беру, жану, ысыту, суыту қасиеті, жалқылығы, түсі, қозғалысының әртүрлі жағдайлары т.б.* көрсетілген тұлғалардың жіктелуі арқылы тілде таңбаланып, жеке-жеке туынды жаңа сөздерге айналады. Тұлға мен мағынаның жіктелуі – ұқсату, ассоциация, абстракция, уәждеме заңдылықтары негізінде жүреді. Күннің сипатына, қызметіне ұқсатылып, негізделіп, ауыспалы мағынасы арқылы жаңа ұғымдар танылып, туынды сөздердің ерекше мағынасы жасалады. Сөздің тұлғалық жасалу сипаты тілдегі заңдылықтарға сәйкес, әртүрлі сөзжасамдық тәсілдер арқылы орындалады. Сөз мағынасы әлем бейнесінің жақын белгілерін белгілеу сипатына айқындалып, синонимдік, антонимдік және көпмағыналылық ыңғайында жасалады. Осы үш негізгі сипат тілдің бүкіл даму жүйесінде сөз мағынасының жетілуіне өзгеруіне қызмет ететін, жүйелі әрі кешенді қалпын айқындайтын негізгі фактор болады.

Көне этимон түбірлер таңбасын ғылымда белгілі силлабофонемалар сипатында алып, олардың ұғымдық және мағыналық даму сырына үңілеміз. Силлабофонемалық құрылым дегеніміз дауыссыз дыбыс пен дауысты дыбыстың бірігуінен пайда болатын макромағыналы буын. Силлабофонемадағы негізгі мағына дауыссыз дыбыстың архисемасы арқылы танылады. Дыбыстардың әрбірінің жекелей алғанда терең семантикалық мағыналары болған. Дауыссыз архисемалар -*h, *н, *р, *Тс/ш мен дауысты архифонемалар *а, *у, *и, бірігуі арқылы мынадай гипотезалық силлабофонемалар жасалады.

Ah; yh, ih= ha; hy, hi;
An; un; ин;= на; ну; ни.
Ap; yp; ир= pa; py; pi;
Tc/ш = ц, ч; ac; yc, иц =ца; цу-ци;
Ac; yc; ич; =ча; чу; чи.

Көне архитұлғалық қалыптың бірі – *Атс және *Атш. *Атс силлабофонемасы АТ және АС тұлғаларына жіктеле дамиды. Бұдан «ат» тұлғасының тұлғалық даму моделі: Ат – Ет – Ыт болып шығады. «Ат» тұлғасының көне мағыналары бары айқын. ДТС-та санскрит тілінен енген «aditiya» сөзінің мағынасы: «солнце, день солнца, седмой день недели» деп берілген [116, 92]. Сондай-ақ санскрит тілінде at/at сөзінің негізгі мағынасы: 1. Странствовать, бродить; 2. Бегать; яғни қозғалу, қимылдау семасын береді [116, 25]. Н.А. Марр «Яфетикалық теория туралы» еңбегінде Кавказдың көне тайпалары танымында аттың төтем болғанын айтып, байырғы түсінігінде «күн» ұғымы болғанын жазады. «Конь – хоне – хуне – хра» тұлғалары арқылы «этот термин может восходить к яфетическому g-gos, племенному названию русов или этрусков, их тотему «лошадь», как в германском g-gos, что означает у яфетидов также «утренняя заря», «солнце», – деп мағынасын түсіндіреді [102, 20]. Бұл тұрғыда үндіран тілдеріндегі «конь» сөзінің тұлғасы қазақ тіліндегі «күн» сөзімен тұлғалас болуы да тегін болмау керек. Қазақ тіліндегі «аттың» әртүрлі жас мөлшерін танытатын, бір семантикалық өріске жататын «конь» тұлғалас сөздер бар екенін еске түсірсек: *күрең (аттың түсі), құн-ан (аттың жасы, айырушы сема), құл-ын (аттың жас төлі), құр-ау (жылқыны шақыру)*. Көрсетілген туынды сөздерге тән ортақ тұлға: *құр – құл – құн*. Архитұлға – *құ* (р-л-н дыбыс сәйкестігі негізінде туындайды). Ортақ сема – жылқыға, қозғалысқа байланыстылығы. Демек, *конь, хоне, хуне, хоро, хра* тұлғалары мағыналары мен дыбысталуы жағынан сәйкес келеді. Көне Кавказ тайпаларында «конь» сөзі төтем болса, якут тайпасында «ақ аттың», хакастарда «аттың» атын атамау – «ұзын аяқ» деп атауы туралы Ә. Ахметов жазған [112, 97-101].

«Am/ad» тұлғасының мағыналық қыры қозғалыспен байланысты, яғни «ат» – күннің бір сипатын танытатын, қасиетін көрсеткен сөз ретінде бағаланады. Аттың киелілік, қасиеттілік сипатының танылуы, жеті қазынаның бірі болып, ер қанаты саналуы – халық танымында, жадында сақталған, көнеден келе

жатқан дүниетаным. Ат – күннің (тәңірдің) жердегі елшісі сипатында танылып, алуан түрлі ұғым қалыптастыруға себеп, негіз болған. Ол сипат, қасиет – күннің қозғалыс сипаты, күннің шығуы, көтерілуі, жылжуы мағынасы арқылы – ат, аттау, адымдау т.б. номинативтік туынды атаулар жасалған. Ал «ат» сөзінің тек қимылдық емес, жалпы ұғымды белгілеуші тұлға ретіндегі мағыналық жүйесін, даму жолын былайша көрсетуге болады:

- қозғалу семасы – *аттау, аттану, адақ (айақ), адасу, адым т.б.*

- нысанның шығу семасы – *таң атты, тас атты, атып шығу, атып тұру;*

- нысанның бату, біту семасы – *ат, ад (тамұқ) ада болу;*

- нысан болу семасы – *ат;*

- субъектілік сема – *ата, аталық, адам т.б.*

Бұл мағыналар «ат» тұлғасының күрделі семаларынан жіктелген айырушы семалар. Айырушы семалар негізінде денотаттық, сигнификаттық мағыналар жасалып, туынды сөз пайда болған. «Ат» сөзжасамдық ұясынан жасалған туынды сөздердің барлығының ортақ, өзек мағыналарында «ат» тұлғасының архисемасы әртүрлі дәрежеде сақталған. Архисеманың ортақтығына сәйкес туынды сөздердің барлығы бір семантикалық өріске жатады. Түбірден өрбіген әрбір туынды негіз өз кезегінде басқа номинативті атаулар туғызуға себепші болады да, мұндай құбылыстар тілдің табиғи дамуының басты көрсеткіші болып есептеледі. Айталық: «Ата» тұлғасының нысанға есім беру, атау семасы арқылы көптеген номинативті мағыналы туынды сөздер жасалады. Тұлғалық өзексемасы негізінде әртүрлі номинативтік белгілер айқындалады, осы ерекше номинативтік белгілердің танылуы нәтижесінде: *атал – аталым – аталмыш – атану; атақ – атақты – атақтылық; атау – атаулы – атау – атастыру* т.б. *Ата – аталық, ата-ана, атан, ата-баба, аталас – аталастық, аталы – атасыз, атам заманғы, атаман, ата-тек, адам, аталы-балалы, аталау* т.б. туынды сөздер қалыптасып, жаңа атау болады.

Ал ретроспективтік тәсіл арқылы бүгінгі тілімізде қолданылатын «ат» түбірі кез келген сөздің мағынасын айқындау арқылы, олардың генетикалық шығу себебі мен архисемасын, айырушы семаның қалыптасу жүйесін бағамдауға болады. Мысалы: Адам сөзі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде

араб тілінен енген зат есім делініп, үш мағынасы көрсетілген: 1. Ойлау және сөйлеу қабілеті бар, өмірге қажетті өндіріс құралдарын өндіре алатын және оларды қоғамдық еңбек үдерісінде пайдалана алатын жан иесі, кісі; 2. Жалпы адам баласы, адамзат; 3. Көпшілік, барлық жұрт, халық [67,62-63]. Көрсетілген мағыналар «адам» сөзінің қазіргі қазақ тіліндегі айырушы семалары; ортақ сема – ойлау мен сөйлеуге қабілетті субъект. «Адам» негізі арқылы – *Адам Ата, адамгершіл, адамгершілік, адамдай, адамдық, адамзат, адамзаттық, адам-күн, адамсы, адамсымақ, адамсын, адамиа, адамишыл, адамишылдық* т.б. туынды сөздер жасалған. Аталған негіздің көне түркілік мағынасы ДТС-та: 1. Адам – человек. 2. Адам – кісі аты деп көрсетілген [86, 8]. Махмұт Қашқарида мұндай лексема көрсетілмеген. «Адам» тұлғасы дүниежүзі тілдерінің бәрінде де Құдай жаратқан Адам Ата пайғамбар атты – жалқы есім ретінде таныс. Ал түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде «адам» сөзінің жалпылық мәні бар. Яғни бүкіл адамзатқа қолданылатын ортақ семалық тұлға. Латын тілінде *atavia* – мать прапрадеда, *atavus* – отец прапрадеда тұлғалары бар [113, 109]. Б – М сәйкестігін ескерсек, *адаб-адам* сөздерінің тұлғалық және мағыналық бірлігін айқындап алу оңай. «Адам» сөзінің латын тілінде қатаң варианты сақталған. *Адам не ата* сөздерімен бір семантикалық өрісте жататын, ортақ, өзек мағынасы бір көне түркілік мынадай тұлғалар бар:

ад – оңтүстік араб тайпасы (адам тайпасы);
адаш – дос, жолдас;
адашлық – дос, жолдасы бар болу (адамдық семасы);
адаш – біреумен дос болу;
адаслық – достық, адалдық (адамға қатысты сема);
адат – әдет-ғұрып (адамға қатысты сема);
адап – *әдеп* (адамға ғана қатысты сема);
адамы – адам
ата – ата (адам семасы);
ата-ана – ата-ана;
аталық – әкесі болуы (адам семасы);
аталық – әкелік;
ат – кісі аты [86, 9-10].

Бұдан басқа сары-ұйғыр тілінде: «*ата воға*» – кіші туыс, «*атайым*» – менің сүйіктім, «*әтей*» – сүйікті кішкентай, «*аты*» – немере, «*ача*» – әке, өгей әке, «*ача*» – әйелдің күйеуіне айт-

атын қаратпа сөз [86, 19]. Көрсетілген туынды сөздердің барлығы бір семантикалық өрісте жатыр. Номинативті ұғымды беретін ортақ сема – адам, өзексема – адам, субъект, ортақ тұлға – Ата – ада; архитұлға – ат; семасы – субъектіге берілген есім, атау. «Адам» семасы арқылы адамның жеке қасиеті мен белгілерін танытатын сигнификаттық мағыналар да туындаған. Мұндай ұғымдар тек адамға ғана қатысты болғандықтан, бір семантикалық өрісте жатады: *ада – адал – адалдық, адалда, адалдан, адалдау, адалдылық, адалау; әдеп – әдепті – әдептілік* т.б.

Күннің батуы, көрінбей жерге түсіп, сіңіп кеткендей болған қалпы да адам танымында таңбаланып, ассоциациялық ұғымдар негізінде көптеген номинация жасауға себепкер болған: орыс тіліндегі – «ад» – *тамұқ* сөзінің мағынасы «ат» сөзінің «бату», «өту» семасынан шығады. Қазақ тіліндегі «ада» сөзінің көне түркілік мағынасы мағынасы – «бедствие», «опазность», «несчастие» [ДТС, 7]. Қазіргі қазақ тіліндегі «ада болу» – *таусылу, біту, жоқ болу* туынды сөзінің архисемасы, ат-жоғалту, бату, көрінбеу семасы арқылы ассоциацияланып қалыптасса керек. Латын тілінде: «*ater*», «*atra*», «*atrum*» тұлғаларының мағынасы – темный, зловещий, роковой, несчастный, непонятный, гибельный т.б. [113, 109]. «Ат» сөзінің нысандық, субъектілік, қозғалыстық т.б. мағыналары бір-біріне жақын, ортақ семаларының әртүрлі сипатта сақталуына қарамастан, тарихи тұрғыда генетикалық-семантикалық кодын анықтауға болады. Түштеп келгенде, мағыналық мәндестік ұғымының жақындығы мен әуелгі таным ортақтығынан келіп шығады. «*Ат*» сөзінің заттық, қимылдық мағыналары кей зерттеулерде анықталғандықтан, оған тоқталмаймыз.

Сөздің жасалуына ұғым мен түсініктің алғашқы екені, белгінің абстракциялық сипаты болғанын терең бағамдай отырып, ретроспективтік әдіс негізінде, таңба жүйесі арқылы сөз мағынасын барлаймыз. Себебі көне замандағы танымдық деңгей мен түсінік қалпын болжау мүмкін емес. Сондықтан таза таңбалық сипатта қалпына келтіру арқылы мағыналар жүйесінің ортақ көрінісіне сәйкес архисема мен қалыптасқан ұғымды көрсетеміз. Таңбалық жүйе тек дыбыстардың жіктелуі не алмасуы арқылы өзгерген, сондай-ақ ішкі флексиялық, протезалық т.б. құбылыстар да тілдің дамуы мен сөзжасамдық мағыналардың жасалуында үлкен рөл атқарған. Айталық, ішкі флексиялық, протезалық т.б. құбылыстар да тілдің дамуы мен сөзжасамдық

мағыналардың жасалуында үлкен рөл атқарған. Айталық, ішкі флексия құбылысы тілдердің дамуында, әртүрлі тілдік бұтақтарға жіктелуіне маңызды орын алғаны тілдік факты. Төменде біз бұл туралы дәлелдер келтіреміз.

«Ат» тұлғасы жабық буын ретінде түркі тілдерінде көптеген мағына туғызуға себеп болса, метатеза негізінде жасалған *ТА ашық буыны арқылы да көптеген жаңа номинативті атаулар жасалған. Ашық буынды сөздер жасалуы негізінен үндіеуропалық тілдік бұтаққа тән екеніне көз жеткізуге болады. «Ат» тұлғасы метатезалық тұрғыдан дами келе «*ТА-*ДА» тұлғаларына жіктеліп, жеке ұғымдық мағына беретін түбірлер жасалады. Бұл түбірлер архисемадан, бір архитүбірден тарағандықтан, Күн мағынасы арқылы даралық сипатқа ие болады. Тұлғалар мағынасында да күннің кешенді ұғымы мен мағынасы сақталып, дамытылады. Генетика-семантикалық код негізінде жаңа туындаған мағыналы сөздердің бәрінде көне архисема мағынасы сақталады, сол жүйе негізінде жіктеледі, дамиды, қалыптасады. Күн жүйесі бүкіл адамзат қауымына ортақ болғандықтан, оны тану да, таңбалау да ортақ болған. Сондықтан ең көне түбірлер мағынасы мен тұлғалануы тілдерде ортақ болып келеді.

***«ТА» этимон түбірінің тұлғалық дамуы:**

*ТА -*ТЕ; *ТА -*ДА; *ДА -*ДЕ.

***«ТА», * «ДА», – этимон түбірінің ұғымдық дамуы:**

ДТС – та «та» тұлғалас – «дад» – справедливость; «дана» – знающий, мудрый, мудрец – деген туынды сөздерінің мағыналары көрсетілген [86, 138]. *«Та» этимон түбірінің Күн құдай мағынасын бергеніне дәлел – «*тағала*» – всевышний; «*тағат*» – повиновение, послушание, смирение, совершение благородных поступков; «*таб*» – характер, натура, организм – туынды мағыналарының көне тілдік деректерге кездесуі [86, 525]. Сондай-ақ көрсетілген түбірлес сөздердің өзексемасынан мынадай туынды сөздер жасалады: *таң, тәңсәрі, таңертең, тақ, тамаша, таза, тәубә, таурат, тағдыр, тағзым, тауқымет, тәуекел, тәж, тәжім, тәжім ету* т.б. бұл туынды сөздердің көпшілігі араб тілінен енген кірме сөздер, қазақ тілінде актив қолданылады. Барлық тұлғаларға ортақ мағына – Құдай тағала, Күн, оның сипаты, қасиеті. Ортақ мағынаны негіздеу арқылы архитүбірдің кең мағыналы қырын пайымдауға болады.

Латын тілінде: *Idea/* – Құдай, түн құдайы, жұлдыз құдайы, түн деген мағынаны білдіреді [113, 287].

«ТА» ЭТИМОНЫНЫҢ МАҒЫНАЛЫҚ ДАМУЫ:

Ta – mah – tag – tau түбірлес әрі мағыналас ұғымдар. «*Тақ – трон*» хан не патша отыратын орын мағынасын береді. «*Тақ*» – биіктік пен үлкендіктің, жоғарылық пен даралықтың, биліктің бейнесін таңбалау үшін «*та*» ұғымының бір мағыналық қырын, оның сапалық қасиетін иеленіп, ассоциациялық таным негізінде жаңа номинация жасаған. «*Тағ – тау*» – бүкіл түркі халықтарының дүние танымында киелі саналады. Таудың халық танымындағы рөлі мен маңызы жөнінде М. Әуезовтің «*Времен связующая нить*» атты еңбегінде талданады [114]. «*Тау*» сөзінен тараған көптеген негіздердің мағынасы мен «*қыр*» ұғымы арқылы да жіктеліп пайда болған туынды негіздердің жасалу сипаты мен мағыналық ретінде жақын сипаттар бар. «*Тау*» – *қыр* (гора) ұғымы ұқсас бірліктер болғандықтан бұдан өрбитін ұғымдық лексемалар: *Қыр-қыр көрсету* – повелевать; гора – гордость, гордится, гордыня; гороскоп (тағдырын білу), хоромы (горница) т.б. орыс тіліндегі сәйкестіктер осы «*тау – қыр*» синонимиялық жұптың мағыналық сырын танытады. *Тау* сөзі – «*та*» түбірінің биіктік, жоғарылық семасы арқылы жіктеле дамыған, көптеген басқа номинативті атау туғызуға себепші негіз болған. Ал «*қыр*» сөзі арқылы туындаған мағыналардың да негізгі, өзексемасы биіктік, жоғарылық болғандықтан, бұл сөзден өрбіген туынды сөздердің генетика-семантикалық дамуында бірлік аңғарылады. аналогия, ассоциация, уәждеме ауыспалы мағынаға алмасып, «*Қыр – гора – гордость – гордыня*» т.б. мағыналарына дамуы тілдік ортақтық қана емес, таным ортақтығының жемісі. Демек, «*тау – қыр*» сөздерінің мағыналық жақындығы арқылы параллель сөзжасамдық мағыналар туындайды. Араб тілінен енген «*тәкаппар*» сөзінің де төркіні «*тағ*» түбірімен ұғымдық, мазмұндық жағынан жақын. Біздіңше, мұндай сөз жұптарының сәйкес келуі орыс тілі мен қазақ тілі арасындағы сөздердің тұлғалық және мағыналық біртектестігі ғана емес, түбір сөздердің шығуының генетикалық бірлігі болса керек. «*Ұқсастық*» халық танымындағы ортақ дүниетанымды танытады. «*Тау*» және «*гора*» негіздерінің әуелгі ұғымдық, танымдық бір негізділігі нәтижесінде, сөздердің семантикалық даму жолдарында, сөзжасамдарда бірізділік сақталған.

Жоғарыда айтылған этимон түбірден тараған архисема Күннің, аспанның (Көктің), жоғарыдағы киелі күштің образымен тығыз байланысты болып, көптеген ассоциативті-аналогиялық туынды образдарға тудырушы негіз болады. Негізгі архисемадан тараған бүкіл туынды сөздер, қазіргі көптеген тілдердің лексикалық қорын құрайды. Айталық: *«Та» – түбірінің «Құдай» мағынасын грек мифологиясынан кездестіруге болады. «Танатос» – грек мифіндегі өлім құдайы, латын тілінде; «*daemon*» – 1. Демон, дух, гений; 2. Демон, злой, дух, бес; «*daemonium*» – божество; дух Ман; злой дух, черт. «*Daemonius*» – божественный [113, 285]. Бұл сөздердің түбірі бір, мағынасы мен жалпы мазмұны – Құдай, өлім құдайы. Ағылшын тілінде «*dead*» – өлі, жансыз, өлім мағынасын береді [169, 143].

*«Та» тұлғасының көне мағынасындағы құдай, жер асты құдайы, өлімді білдіру семасының болуы, оның мағынасына байланысты болуы ықтимал. аналогия заңы бойынша, адамдар күндіз жер үстін «*үрін*» деп түске бөлсе, жер астын, өздері тұратын үңгірді «*қараң*» деп түсінген. У – ақ түстің, А – қара түстің дыбыстық символы болады» деген ғылыми болжамдар кейбір зерттеулерде айтылады. «Та» деген сөзжасамдық тұлғадан, қазақ тілінде «жер» мағынасын бейнелейтін мынадай туынды сөздер өрбіген: *там, тас, тап, тамыр, тамырлас, тамырлан, тамыршы, тамырсыз, табыт, табытшы, табыттық, табытсыз, тамұқ-тамұқтық; там, тамды; таман; төмен; тасты, тассыз* т.б.

«Та» тұлғасымен төркіндес «там» лексемасының екі мағынасы бар: 1) шатырлы және тоқал үй; 2) диал. Мола, бейіт [115, 574]. Мұндағы мола, бейіт мағынасы көне болу керек, себебі оның түбірінде мәйіт, өлім, қараңғы т.б. семасы сөз семантикасының шеткі өрісінде сақталған, яғни «там» өлгендер жататын орын деген номинативті мағынаны білдіреді. «Там» сөзінің мұндай ұғымды беру себебі, сөзжасамдық ұясындағы тұлғаның берген мағынасымен байланысынан. Диалектіде кездесетін «бейіт» мағынасы сөздің көне семасын сақтаған реликт ретінде бағалануы тиіс те, бұл сөзден дамыған «шатырлы үй, тоқал үй» мағынасы аналогиялық заңдылық негізінде кейін дамып шыққан екіншілік деривация. Яғни, бейіт үстіне қорған болу үшін салынған «там» сөзінің мағынасы дами келе, жалпы үй, пана, тұрғын үй сипатына алмасады. Орыс тіліндегі «*дом*» тұлғасы мағыналық және тұлғалық жағынан «*там*» сөзі арқылы

негізделіп, туынды екіншілік мағынаға ие болған. Демек, «там» сөзі мен одан туындайтын әртүрлі туынды сөздердің әуелгі төркіні мен этимон түбірі кең мағынада қолданған.

М. Қашқаридың «Дивани лұғат-ит түрік» атты еңбегінде «там» сөзінің мынадай екі мағынасы берілген: 1. Там – қабырға; 2. Там – тамшылау, етістік мағынасы. Яғни «там» сөзінің қазіргі тілде кездеспейтін «қабырға» мағынасы болған, кейін архаизмге айналған. Үй – қабырғадан тұрады десек, бұл арқылы «үй», «тұрғын үй» сөзі негізделуі мүмкін, себебі мағыналардың бәрі бір семантикалық өрісте жатып, бір генетика-семантикалық код арқылы байланыста жатады. Қазіргі тілімізде кездесетін «тамық, тамұқ, тамам» т.б. сияқты сөздердің мағыналары генетика-семантикалық жағынан *«ТА» этимонымен байланысты. *«Та» этимон түбірінің көне – Күн мағынасын сақтаған қазақ тіліндегі тұлға – *ТАҢ* сөзі. ДТС – та екі мағынасы көрсетілген: 1) Рассвет, заря; 2) Чудо, удивительное, необычное [86, 532]. «Таң» лексемасынан туындайтын туынды сөздер: *таң азаннан, таңсарі, таң атты, таң қылаң берді, таң саз берді, таң бозарып атты* т.б. Ассоциация заңдылығы арқылы жасалған екіншілік туынды мағына – *таңғы, таңғажайып, аң-таң болу, таңдану, таңдаулы, таңдама, таңданарлық* т.б. [115, 588-591].

«Таң» сөзімен түбірлес, әрі мағыналас тұлғалар басқа тілде де кездеседі. Ағылшын тілінде «sun» – күн, «day»- күн, dawn-заря; орыста «день», «солнце». Сөздердің көне түбірлерді ортақ болған деп бағамдаймыз. *«Та» этимон түбірінің архисемасын анықтау «*тәңірі*» сөзінің этимологиясын ашуға көмегін тигізеді. Көне шумер тілінде «*дингир*» – құдай, аспан мағынасында кездесетіні белгілі, ал көне түркіде – «*тенгир, тенри, теңір*» болып тұлғаланған. Екі сөздің мағынасы мен бірдей: *көк, құдай*. Мұндағы ортақ, өзек мағына мен тұлға – «*те*», «*де*» – көк, аспан, құдай. Ал «*ир, ер, ір*» тұлғасының көне түркіде «таудың күнгей беті» деген мағынасы болған [86, 211]. Демек, *Те, Де, Тен, Ден* – көк, аспан, құдай, ал «*Ир, Ар, Ер*» – күн мағынасын берсе керек. Египетте «Ра» күн құдайы, *Ра – Ар* күннің көне атауы. «Көктегі күн құдайы» мағынасын білдіру үшін екі этимон түбірдің бірігуінен жасалған номинативті атау – *Та + ир; Таң + ир = Таңір*. Екі силлабофонеманың бірігуі арқылы жаңа сөз жасау көне тіл дамуында өте белсенді қолданылған тәсіл.

Та түбірінен славян тілдеріндегі «күн» мағынасын беретін: «со-л-нце», «день» сөздерінде номинативтік мағына қалып-

тасқан. Қазақ тілінде «айдар» сөзі де «ай» және «күн» сөздерінің бірігуінен жасалған: ай+да+р.

Қазақ халқының танымында түйе түлігі аса киелі саналған. «Түйе» тұлғасының көне түркі ескерткіштеріндегі варианты – *тебе, теве* [86, 546]. Ескі қыпшақ ескерткіштерінде – *теве*, монғолша – *темээ*[к]. Барлығында этимон түбір та – те болады. Түйе атауының түп-төркіні санскрит тіліндегі – *дева* (бог, божественный, небесный) сөзінің калькасы [116, 284]. Көне түркіде түйе атауының «арқыш» вариантын кездестіруге болады, бұл сөз түйе малының жүк тасымалдау қызметіне байланысты пайда болған. Араб тілінде «джа-маль, кемаль, жемаль» деген атаулар қасиетті, киелі деген ұғымды білдірген. «Джамаль» сөзін жіктесек – «ие, те, же» – киелі, «маль» – мал, жануар мағынасын береді. Қазақ тіліндегі «желмая» сөзі осы «жемал» сөзімен төркіндес. Мұндағы сөз ортасындағы «л» дыбысы, орыс тіліндегі; *сол-нце* сөзіндегідей ұяң дауыссыздар алдында пайда болатын құбылыстың нәтижесі.

Қорыта келгенде, **Та* этимонының архисемасы күрделі де терең. Негізгі мағыналық сипатын былайша көрсетуге болады: **Та* – архитұлға; Архисемадан мынадай мағыналар жіктеледі.: та- «құдай» мағынасын беретін тұлғалар; та – «жер» мағынасын беретін тұлғалар; та – «зоонимдер» мағынасын беретін тұлғалар.

«Та» тұлғалы архисемадан тарайтын, мағынадан тарайтын, мағыналық жақындықты сақтап қалған тұлғаларды былайша кестеге түсіруге болады.

А	та	та	та	та	та
Р	Тәңір	там тамұқ	түйе	таң	от
Х	Тағалла	жер terra	тай та-	sun	отын
И	Teo	тас	йынша	солнце	ошақ
С	deos	тауземля	тайлақ	шам	очак
Е		твердь	тарпаң	day	
М			тазы		
А			тауық		
			тағы		

5-сызба

***АЗ - *ЗА = этимон түбірлері**

*АД түбірі негізінде, Д-З сәйкестігі арқылы қалыптасады.

*«АЗ» тұлғасының қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы: 1. Аз. сын.

Көп емес, шағын, азғантай; 2. Аз – етістік. Арықтап жүдеу, еттен арылу; ауыспалы мағынасы: дұрыс жолдан таю, бұзылу [67, 75]. «Аз» түбірінің көне түркі тіліндегі мағыналары: 1. Мало, немного; 2. Редко; 3. Немногочисленный, небольшой; 4. Желание, алчность, заблуждаться, терять дорогу, совращаться, сбиваться с пути [86, 71]. Сондай-ақ, азун – 1. мир, земля, свет; 2. жизнь земная; 3. будд. существование, перерождение, азда – алланың эпитеті (ұлы); азуншы – правитель правящий (миром) [86,73-74] туынды мағыналары көрсетілген.

-*Азат, -азиз, -азер, -азун* т.б. көптеген түбірлес сөздер бар. Барлық туынды сөздердің ортақ өзек мағынасы – әлем, аз (жалғыз мағынасы) құдай, жарық, өмір, дара т.б. «Азан» (зун) – парсы тілінде «Әлем», «Аз» көне шумер тілінде «бір/жалғыз» деген мағына білдірген. Кириллица жазуында «Азь» әрпінің сандық мағынасы – 1. Араб тіліндегі «азза» Алланың эпитеттік аты, «азуын» – әлем, жарық, жердегі тіршілік т.б. мағыналарын жаңғыртар болсақ, «Аз» тұлғасының мағынасы мен ішкі мәні *АТ-ТА этимон түбірлерінің мағынасына негізделген, осы тұлғалардың таңбалық сипатының дамыған түрі екенін бағамдар едік. Егер *АТ –ТА тұлғаларының негізгі мағыналары – Күн, Құдай, Жер, Жарық т.б. болса, «Аз» сөзінің архисемасы – Әлем, жер, жердегі тіршілік, Алла, жалғыз т.б. болып шығады. «Аз» тұлғасының осындай архисемасы арқылы, мынадай кейінгі туынды мағыналары өрбіген. Адития – санскрит тілінде / aditia/ – 1. Күн (солнце); 2. День солнца, 7-й день недели [86, 10]. Демек, санскрит тіліндегі ұсынып отырған түбірлердің мағынасымен (сөзжасамдық) сәйкес келеді.

Қазіргі қазақ тілінде «аз» – көп емес мағынасы көне шумер, санскрит, араб тілдерінде болған түбірлермен сабақтас, ал кириллицадағы «аз» таңбасының сандық мағынасы көне түркі тіліндегі «аз – адыр – адыра» сөздері арқылы қабылданса керек. «Аз» түбірімен тараған сөздердің, екінші синонимі «йалқы – жалқы – жалғыз» мағынасы семантикалық өрісте сақталып, «аз, көп емес» номинациясы қалыптасқан. Себепші негіз арқылы – *азай, азайғыш, азайтқыш, азайту, азайттыр, аз-аздап, аз-маз* т.б. туынды тұлғалар қалыптасқан. Араб тілінен енген «азан» сөзі мен одан туындайтын: *азанғы, азандат, азанышы* сөздері күннің атауымен байланысты туындаған. Парсы тілінде – заң, ағылшынша – sun, орыста – со(л)нце болуы буынның сипатымен байланысты өзгерістер. *Заң, сан, сон, азан* лексемалары түркі ті-

лінде «шам» тұлғасында қалыптасқан (ш-с-з сәйкестігі). Ортақ семаға, яғни «жарық» мағынасына ие болып, күннің бір қасиеті арқылы «көп емес», шағын, таза қалпына келу деген номинативтік белгі арқылы негізделген сема. Бұдан *азып-тозу, азушылық, аздырғыш, аздыру, аздырушы, аздық* т.б. сияқты номинативтік туынды мағыналар метафоралық ауыспалы мән алып қалыптасқан.

«Азу» туынды сөзінің «азып-тозу», «аздыру» т.б. мағынасының абстракцияланып, ауыспалы мағынада жұмсалуды негізінде *азғын, азғында, азғындау, азғындық, азғыру, азғырушы, аздық* т.б. сияқты туынды сөздер жасалады. Бұл мағынадағы туынды сөздер де алғашқы – «адасу» мағынасынан алшақтамайды.

«Аз» этимон түбірінің тұлғалық дамуы:

АТ-АД-АЗ; АЗ-ЕЗ.

Аз» этимон түбірінің ұғымдық дамуы:

- әлем, бірлік, алла ұғымы;
- сандық ұғым;
- қимылдық, әрекеттік ұғым;
- сапалық ұғым.

Аз» этимон түбірінің мағыналық дамуы:

АЗ: аз – сандық мағына; аза – әрекеттік мағына, азан (таңғы мезгіл), азан шақыру – әлемдік мағына, азу – сапалық, қасиеттік, сындық мағына, азық – заттық мағына т.б.

*Жа этимон түбірімен тереңдігі мен ауқымдылығын, одан тараған туынды сөздердің мағыналарынан, сөзжасамдық тізбектегі жіктелістері арқылы айқындауға болады. Нысанның қасиеті мен сапасын білдіретін ұғымды атау үшін әртүрлі мағыналар мен туынды тұлғалар желісі қалыптасқан. Мысалы, қазақ тілінде «жар» сөзінен жасалған сөздер: *жарау, жарамды, жарамсыз, жарайды, жарамау, нашар* («на» – антонимдік мағына тудырушы префикс, салыстырыңыз: *народу, наразы, нақақ (нақұқ)* т.б.)

Жақсылық, игілік семасымен байланысты пайда болған сөздер: *жәрдем, жар болу, жарлық* (бұйрық), орыс тілінде: *годный, пригожий, годиться* «жарамды» мағынасымен ортақ болады. Сондай-ақ, «біреумен жақсы болу» мағынасын білдіретін «якшаться» сөзі – араласу, жақсы болып сыйласу, достасуды белгілейді. «Жар» сөзінің тірек, құдай семасын басқа тілдерден кездестіреміз, мысалы, ағылшын, неміс тілдерінде – *Goot* – бог, *Good* – хороший яғни «жақсы жарамды» мағынасында қолданылады.

***ЖА – этимон түбірінің тұлғалық дамуы:**

ДЖА – ДА – ЖА – ЗА

ДЕ ЖЕ ЗЕ

***ЖА – этимон түбірінің ұғымдық дамуы:**

- жаратушылық ұғымы
- Күн жарық ұғымы
- қимыл, қозғалыс ұғымы

***ЖА этимон түбірінің мағыналық дамуы:** күн жүйесінің қасиетін, сипатын танытатын ұғымдарды атауда бір семантикалық өрістегі туынды мағыналы сөздер: – *жар – жарқыра, жарқыл, жарқын, жарқ-жұрқ; жарық – жарықтану, жарықтандыру, жарықты, жарықсыз, жарықтық; жарылқа – жарылқаушы, жарат – жарату, жаратқан, жаратушылық; жақ - жағу* т.б. Орыс тілінде «ЗА» этимон – түбірінен жоғарыда көрсетілген мағыналармен ортақ мынадай сөздер туындайды: *заря, зарево, зорька, зарница*; «йар-жар» этимон түбірінен: *жар, жара, жечь, жарко, яр, ярко, Ярила (Күн құдайы), яркость, жарить, жаркое, гореть, гарь* т.б. туынды сөздер қалыптасқан (ж-й сәйкестігі арқылы).

«Жер» жүйесіне қатысты семантикалық өрістегі сөздер – *жер, жерлік, жершіл, жерлеу, жермен-жексен, жергілікті, жерлі, жерсіз; жез*; Орыс тілінде «жерге» қатысты сөздер, *жертво (жерге көму), земля, земной, жесьть, землянка, замляника*, т.б. Неміс тілінде: *диер (тер)*, грек тілінде – *тер*, ағылшын тілінде – *earth* т.б.

Жарыққа шығару, көрсету, жариялау мағынасында қазақ тілінде мынадай сөздер орын алған: *жар – жарлау, жар салу, жариялау, жарлық, жыр, жырлау, жырышы* т.б. Орыс тілінде қолданыс тапқан сөздер: *ярмарка, яркий* (наглядный) т.б. Көрсетілген туынды түбірлер «*ЖА-*ЗА» этимонынан тараған барлық туынды сөздерді толық көрсете алмайды. Себебі кезкелген туынды сөз өзі себепші негізге айналып, әр түрлі сөзжасамдық тәсіл арқылы жаңа номинативті мән туғызады. Ассоциация, абстракция, аналогия, уәждеме үлкен рөл атқарып, тұлғаның мағыналық дамуы болған.

«АЙ» түбірі – «ат» этимон түбірінен туындайды. Бір буынды морфемалардың соңында *т* дауыссызы көп жағдайда сына – *и* дауыссызына ауысып кететіні белгілі. Қазіргі қазақ тілінде «Ай» сөзінің мағыналары: 1. Зат. Түнде жерге жарық сәуле түсіріп тұратын планета; 2. Жылдың он екіден бір бөлігін қамтитын

мезгіл, отыз күндік мерзім; 3. Одағай [67, 86-87]. Көне түркі тіліндегі мағыналары: 1 Ай – 1. «месяц, луна; астр. луна (планета); 2. Месяц (уақыт өлшем); 3. Жалқы есім; 4. Күшейткіш шылау; 5. Еліктеуіш сөз. II. Ай – 1. Говорить, рассказывать, разъяснять, толковать; 2. Называть, 3. Указывать, распоряжаться, руководить [86, 24-25]. «АЙ» тұлғасы арқылы мынадай туынды сөздер жасалады: айағы – 1.блогоговение, почетание, почести, почетное звание; аяғы – грех; айасы – чистое, ясное; айат – признаки, знамение; айт – сөйлеу; айғучы – ақылшы; айығ – слово, указание, предписание; айыл – быть сказанным; айыт – позволять говорить, спрашивать т.б. [86, 26-28]. Латын тілінде «*aiο*», «*aim*» – 1. Подтверждать, отвечать утвердительно; говорить, утверждать, заверять деген мағыналарды береді [113, 53]. Бәріне ортақ өзек мағыналар – мерзім, сөйлеу кимылын білдіру.

«АЙ» этимон түбірінің тұлғалық дамуы:

АТ-АД – АЗ –АЙ
ЕЙ

«АЙ» этимон түбірінің ұғымдық дамуы:

«Ат» силлабофонемасы мағынасы негізінде жіктеле дами келе, Күн ұғымы арқылы «ай» түбіріне екінші ерекше номинативтік белгісінің өзгеше сипатын белгілеу нәтижесінде ай, мезгіл мағынасы сыйғызылған. Себебі Ай мен Күн сияқты, түнде жерге сәуле шашады, жарық береді. Аспан денелерінің ішіндегі Күнге қызметі, қасиеті, сипаты жағынан ең жақын планета. Бірақ «Күн» мен «ай» бірдей емес. Сондықтан оның тұлғасы мен мағынасы өзгеріп, жаңа ұғым беретін тұлғаға ие болып, жеке екіншілік номинация ретінде қалыптасады. «Ай» – планета мағынасының, 30 күндік мерзімді білдіретін «ай» мағынасына өтуі де, ұғымдық бірліктің дамуы. Ай-ай семалары – көпмағыналылықтың нәтижесінде конверсиялық сөзжасам тәсілі арқылы пайда болған туынды деривация. Ай 30 күнде жаңарып, 30 күнде толып, туып отырады. Айдың қызметі мен қасиетіне сәйкес, мерзімдік мағынасы ассоциация заңдылығы арқылы туындайды. Ай аспанда айқын көрінеді. Айдың анық, айқын көрінуі арқылы қалыптасқан ұғым жаңа номинацияға негіз болған сыңайлы: *айқын, айдар, айбын, айдын, анық* т.б. Ай аспанда үнемі жылжып, айналып жүреді. Осы түсінік арқылы «айналу» қозғалысын кимылын білдіретін атаулар қалыптасқан: *айнал – айналыс, айналма, айналғыш, айналдыр, айналайын, аймалау* т.б. Ал Ай-

дың жарты ай кезеңіндегі формасына сәйкес *айла, қайқы, қайық (лодка), қайла* сияқты атаулар қалыптасқан. Мұндағы «қ» протезасы жаңа туынды сөз туғызуға қызмет етеді. Ұғым сөйлеу қызметіне қатысты болғандықтан, ал сөйлеу қызметі, сөйлеу әктісі орындалу үшін, міндетті түрде тыңдаушының ықылас, зейінін, көңілін өзіне аудару қажеттігі туады. Сөйлеу, айту үшін кемінде екі адам болып, оның біреуі тыңдаушыны болу керек. Осы ретте «ай» еліктеуіш сөзі тыңдаушының көңілін өзіне немесе құбылысқа, нысанға, қимыл-әрекетке аудару үшін қолданылса керек.

«АЙ» этимон түбірінің мағыналық дамуы:

1. Ай – ай – аспандағы планета (*айлы, айсыз*); ай – 30 күндік мерзім (*айлық, айлап, айлап-жылдап, айына бір, айында т.б*);

2. Ай – аспандағы айдың анық көрінуі арқылы негізделіп уәждемеленіп мынадай туынды сөздер қалыптасқан: *анық, айқын, айқыш, айғақ, айбар, айнадай, айна – қол айна, айқындау, айқындама, анықтау, анықтау, анықтама, айғақшы, айғақтау, айқыш-ұйқыш т.б.*

3. Ай – айдың жылжуы, қозғалу қызметіне мотивтенген номинациялық атаулар: *ай-айнал, айналу, айналғыш, айналдырғыш, айналдырған, айналмақ, айналмау, аймалау, айналайын, айналушы, айналсақтау, айналушылық, айналуы, айналусыз, айналыық, айналыс, айналысу, айналысушы, айналым.*

Айналыс, айналым, айналу семаларындағы қимылдың басталған нүктеден екінші бетке ауысуы, алмасуы деген ұғым арқылы – айны, айну мағынасы туындайды. Яғни, зат не қимыл айналу үшін шеңбер жасағанда, ол өзіне қарама-қарсы жаққа (бетке) өтіп барып айналыс жасайды. Осы екінші бетке орындалған сема арқылы жаңа дифференциалды туынды семалар түзілген. Мұндағы себепші – негіз «ай» емес, -айн – айны – айнығыш, айнымалы, айныт, айнымалы, айныт, айран ((май+суға айырған деген мағына немесе сүт айналып, өзгеріп барып, ұйыған айран пайда болады).

4. Ай – айдың жаңа туған кезіндегі тұлғасына байланысты негізделген туынды сөздер: айшық, айшықтау, қайық; қайла. Айдың ортақ формасына ұқсас түріне қарай жасалған (ассоциативті тәсіл арқылы) туынды сөз санскрит тілінде де болған «луна» және «udu-ра» «лодка» [116, 113]. Айдың толық, толған, шар формасына сәйкес қалыптасқан туынды сөздер: аймақ, айыл (ер-тоқымның тартпасы), айналым, айналу. Көне түркі ті-

лінде айдың атауы «*толу, толун*» [86, 573] орыс және латын тіліндегі айдын аталуының негізі болса керек: то + лун – лун + а – луна. Бұл атау (толун ай) айдың толу фазасына байланысты, көне түркінің – *той, тоғ, тоқ* түбірінен шыққан сөз.

Шеңбер формасына байланысты тағы бір лексема «*айа*», көне түркі тілінде «*айа*» – «*алақан*» деген мағынаны берген [86, 25], айға мотивтендіріліп пайда болған номинация. «Айалы алақан» тіркесінің мәні: айналайын, аялайын болса, тұлғасының сипаты – «*айа*» – *алақан*, «*ала*» – *алан* – *айлан*; «*қан*» – *кішкентай* мағынасын беретін тұлға, салыстырыңыз: *қошақан, ботақан, балақан*. Сонда «*алақан*» – «*алақан*» деген тұлғалық көрініс шығады. Демек «*аялы алақан*» тұрақты сөз тіркесі мағынасын бірдей екі сөздің тіркесуі аналитикалық тәсіл арқылы, көне тұлғаны жаңа тұлға одан сайын айқындай, анықтай түсу үшін жұмсалып жүр. Мағынасы бірдей екі сөздің бірігуі не тіркесуі арқылы көптеген жаңа номинациялық жасалғаны – тілдік факты. Мұның да тілдің даму барысында болған өзіндік ішкі заңдылықтары бар.

*«**АТШ**» силлабофонемасы арқылы «**АШ**» және «**АТ**» тұлғалары сараланғаны сияқты, *«**АТС**» арқылы – «**АС**», «**АТ**» тұлғалары жіктеледі.

* «**АС**» – этимон түбірінің мағыналық құрылымы терең де жан-жақты болған. Оның жіктелуінен пайда болған қазақ тіліндегі кей негіздер мыналар:

1. **Ас** – (иран сөзі деп көрсетілген) – адам баласының қоректік заты, тағамы.

2. Қайтыс болған адамға бір жыл болғанда еске түсіру салтына арналған мол қонағасы.

3. **Ас** – етістік. 1. Тамақ пісіру, әзірлеу. 2. Мойнына ілу, арту. 3. Дарға, не басқа нәрсеге ілу, өлтіру.

4. **Ас** – етістік. Бір жерден екінші жерге қарай өту, тауды, белесті басып әрі өрлеу. Белгілі мөлшерден, саннан, жастан өту. Биіктеу, ұзару, жоғары көтерілу. Бір заттың белгілі бір нысанадан, биіктіктен жоғары өрлеп кетуі. Көбею, төгілу, артылу. Біреуден – біреу артылу, озу, ерекшелену т.б. [65, 365-367].

Бір семантикалық өрісте жататын, көпмағыналылық арқылы дамып, семантикалық даму нәтижесінде конверсия жолымен жаңа семаға ие болған сөздер – «**АС**» [зат] «**АС**» [етістік]. «**АС**» сөзінің көне түркілік мағынасы: 1. Горнастай [яғни объект мағынасы]; 2. Прозвище [для рабынь] 3. Вещать, повесить,

казнить. Сондай-ақ, асан – легкий, асан – трон, сидение т.б. деген туынды дериваттарға негіз болған [86, 59]. М. Қашқари еңбегінде «аст» – чигиль, «*переулок*»; огуз. «подножие горы»; огуз. «кормить»; огуз. «*зерно, злаки*» т.б. болып мағыналық жағынан түрленген [1. 25].

«АС» сөзінің «асты» тұлғасында кез-келген нысанның төмені, асты деген мағынасы бар, көне мағынасы – құл-құтанға тағылған атау, бұл сема туынды ауыспалы номинация. Көне санскрит тілінде /*asta*/ -аста сөзінің мағынасы:

- үй;
- күннің батуы;
- өлу;
- ену, кіру [116, 86].

«АС» этимон түбірінің тұлғалық дамуы:

АТС АС – СА

ЕС СЕ.

«АС» этимон түбірінің ұғымдық дамуы:

«АС» сөзінің әуелгі мағынасы нысанның астын, төменін меңзеу, төменге қарай бағытталуы семасы болған. Тілдің кейінгі дамуында заттардың әртүрлі ерекше номинативті белгілері айқындалуы барысында, жерге қарай асу, төменге қарай бағыттау, іліп қою мағынасы арқылы, тамақты тасқа не темірге іліп, асып қою, асып пісіру ұғымы туындап, уәждеме нәтижесінде тамақты асу деген үдерістік сема туындайды да, кейін үдерістің атауы яғни піскен тағамның аты – «*Ас*» сөзінің заттық мағынасында жұмсалады. Яғни «ас» – ас ұғымдарының номинативтік белгілерінің ұқсастығынан екі ұғым: а) Ас – тамақ пісіру, әзірлеу, ә) Ас – піскен тамақ ұғымы пайда болады. «АС» тамақ, қорек мағынасы өз кезегінде жаңа себепші негізге айналып туынды дериваттар жасайды. Сонымен, «АС» ұғымының даму сипаты: жерге қарай бағытталған; жерге қарай нысанды ілу – асу; нысанды асып қою нәтижесінде болатын ас-тағам; биіктен төмен қарай түсу; белгілі нысаннан (мөлшерден) артылу, төгілу; адамдардың бір-бірінен озуы; уақыт мезгілінің өтуі.

«АС» түбірінің мағыналық дамуы:

1. Төменге қарай бағытталуының ұғымнан туған номинациялық атаулар: *асу, асып, қою, аспа, асар, асқыш, аспалы, асарлы, астан-кестен* т.б.; 2. Нысанды іліп, асу үдерісін белгілейтін сема арқылы туындаған атаулар: *ас, дарға асу, асқыш, астырту, асулы* т.б. 3. Белгілі нысанның төменгі жағын астын белгі-

лейтін сема арқылы жасалған атаулар: асты, астын-үстін, астыңғы, астар, астыртын т.б. 4. Тағам мағынасынан туындайтын сема арқылы жасалған атаулар: *ас-ас, ас беру, ас-тұз, асаба, асқыш, асату, аспаз, асқазан, асқабақ, асқатық, ас су, астау, астық, асын, бір асым, асыра* т.б. Орыс тілінде: *еш, есть, еда*; ағылшын тілінде: *eat* – ас жеу мағынасын береді. 5. Биіктен төменге қарай асып түсу ұғымынан туындайтын сема арқылы: *асу, асуды асу (бел)*; 6. Асып түсу, өрлеу, көбею семасы арқылы туындаған атаулар: *асқыш, асқын, асқыну, асығу, асық, асыра сілтеу, асқар, асқақ* т.б. Барлық семаларға тән ортақ сема – нысанды төменгі қаратып асу, сол асқан нысанның өзі.

*АС – силлабофонемасынан «СА», «СЕ» флексия бойынша жіктеліп пайда болады. Көне түркі тілінде * «СА» тұлғасы лексикалық бірлік ретінде жұмсалып, мынадай мағыналарда қолданылады: *СА – сен жіктеу есімдігінің түбір тұлғасы, субъектілік мән береді; СА – санау, есептеу; САБ – сөз, сөйлеу; т.б. Сондай-ақ, СА – санау, есептеу; САБ – сөз, сөйлеу, т.б. Сондай-ақ, СА – адамның лақап аты, шад – титул, шах – шах, ша-йыр – ақын семалары кездеседі [86, 519]. Орыс тілінде СА тұлғасы арқылы; *ца-рь, це-рковь, сердце, цирк, циркуль, центр, цилиндр* т.б. тұлғалар жасалған. Ортақ, өзек мағыналар – нысанның дөңгелектігі, субъект және оның қасиеттері.

*** «СА» этимон түбірдің тұлғалық дамуы:**

СА – ША

СЕ ШЕ

*** «СА» этимон түбірінің ұғымдық дамуы:**

Күн тұлғасының дөңгелек, түсінің сары болып танылуына сәйкес, «СА» – «ША» тұлғаларының ұғымдық сипаты қалыптасқан:

- күннің дөңгелектік сипаты арқылы дөңгелек тұлғалы заттар мен құбылыстардың ұғымдық ұқсатылуы;
- күннің сары түсіне байланысты ассоциацияланған ұғымдар;
- күннің қозғалысына байланысты анықталған ұғымдар.

«СА» этимон түбірінің мағыналық дамуы:

Көне түркі тілінде «Сарығ» тұлғасының екі түрлі мағынасы болған. I. Желтый; 2. Бледный; II. Сарығ=желчь. Яғни өттің түсі сары болатынына байланысты аналогия негізінде туындаған екіншілік мағына [86, 488]. Қазақ тіліндегі «сары», «сарғаю» сөздерінің қалыптасуына негіз болған – са түбірінің мағынасы

Күннің түсімен байланысты. Латын тілінде «*sol*, «*solis*» – *солнце, солнечное сияние, день, светило* т.б. мағыналарды береді [113, 937]. Күннің дөңгелектік сипатына сәйкес пайда болған дериваттар: *шар, цирк, циркуляция, шарлау, шарықтау (ассоциативті түрде), шарқ ұру (айнала іздеу)* т.б.

Қазақ тілінде «саралау» сөзінің мәні – таразылау, бағалау [т-с], ал «сара» сөзі «сары» – алтын, ақша, заттың құны мағынасында болуы ықтимал, *са түбірімен генетикалық жақындығы бар. Күннің жарық беру қасиеті негізінде мынадай тұлғалар жасалған: *са, *ша, *жа-жарық, жарқырау, жарқ-жұрқ, шам, шырақ, сәулә. Орыс тілінде – *свет, светло, светило, свято, солнце* т.д. Күннің қозғалысына негізделген мерзім, уақыт мәнін білдіретін араб тіліндегі сөздер – *сәт, сағат, заман*: қазақ тіліндегі – *шақ*. Орыс тіліндегі – *час* т.б. сөздер мағыналары мен тұлғасы адамзатқа ортақ түбір сөздер. Барлық тұлғалардағы көне этимон түбірлер *та, *са*, *ша силлабофонемаларының дыбыстық жіктелу негізінде пайда болған деуге болады.

***УТС-УТШ силлабофонемаларының тұлғалық дамуы:**

*УТС = УТ –УС, *УТШ =УТ=УШ.

УС-УЗ

*Ус, уз тұлғалары негізінде көне түркі тілінде жасалған туынды дериваттар: «узе» – *вверх, сверху, узекі – находящийся вверху, узеле – превышать, превосходить, узум – виноград* т.б. [86, 629-630].

***УС, УЗ тұлғаларының ұғымдық дамуы:**

Тұлғалардың көне түркілік мағыналары арқылы ретроспективті тәсіл бойынша, өзексемалары негізінде архисемаларын бағамдауға болады. Ортақ мағыналар: *жоғарылық, жоғарыда тұру, озу, арту, биіктік*. Осы ұғымдар негізінде көптеген туынды және екіншілік номинациялар қалыптасады.

***УС, УЗ тұлғаларының мағыналық дамуы:**

Ус, уз тұлғаларының көрсетілген ұғымдарды таңбалау арқылы мынадай екіншілік туынды мағыналар жасалған:

- жоғары тұру семасы арқылы туындаған тұлғалар: *үсті, үстем, үстемдік, үстелу, үстел*;
- артық тұру семасы арқылы туындаған тұлғалар: *үстем, үстемшілік, үстемдік, үстелу, үстел*;
- озу семасы арқылы – *үзу, үздік, озу, озат, қара үзу* т.б.;

• биіктік семасы арқылы туындаған тұлғалар: *үстірт, үстірттену, үстірттік, үстірттену* т.б. *Үстірт – теңіз деңгейінен орта есеппен 200 метрдей көтеріңкі биік жер;*

• биіктік семасы негізінде «жеңіл-желпі, шалағай, немқұрайлылық» мағыналары аналогия, ассоциация негізінде дамып, ауыспалы семаға ұласады да, туынды дериват жасайды: *үстірт, үстірттік, үстірттену, үстіртін, үстіртіндік.*

**Үс, үз* тұлғалары сингармониялық варианттар болғандықтан, олардан туындайтын туынды сөздер де бір семантикалық өрісте жатады. «Үс» тұлғасымен біртектес «үс» силлабофонемасының да өзіндік сөзжасамдық қалыбы мен мағынасы бар. *Үс* пен *үс* тұлғасынан туындаған сөздер бір-біріне қарама-қарсы ұғымдарды атайды. Мұның өзі сөзжасамның туу сипатындағы танымдық белгіні танытады. Яғни бір денотаттың әртүрлі қарама-қарсы жағының тұлғалануы, таңбалардың сәйкес дыбыстарға алмасуы негізінде болған. Мысалы: *үстеу – белгілі нысанның көбею семасы, ұсақ, ұқсату – белгілі нысанның азаю семасы. «Ұш» тұлғасының көне түркі тіліндегі және қазіргі тілдердегі негізгі мағынасы – жоғарыға, аспанға қалықтап ұшу, самғау. ДТС-та: Ұш-1. Летать, парить. 2. Исчезать, уходить. 3. Умирать. 4. Падать т.б. мағыналары көрсетілген [86, 603-604]. Мұндағы «ұшу, аспанға ұшу» сөзі «үс» тұлғасының ұғымдық мағынасы арқылы негізделіп пайда болған деп пайымдауға болады. Бұдан басқа «жоғалу», «өлу», «құлау» мағыналары қазіргі тілімізде сақталмаған. Мұндай өзгерістер болуының мәнісі тағы сол кезең танымымен тығыз байланысты, яғни қайтыс болған адамның жаны аспанға ұшады, кетеді деген танымдық сенімге сәйкес ұғым қалыптасып, тұлғаланған болса керек.*

Демек, *үсті, үстіңгі, үстірт, үстем, үстемшілік, озат, үздік, ұш, ұшақ, ұшқыш* т.б. сияқты сөздер генетика-семантикалық байланысты түбірлер деп танылады, әрі бір семантикалық өрісте жатады.

***УТ – *УД тұлғасының тұлғалық дамуы:**

*УТС- *УТШ

*ҰД-ОТ-ОД-ӨТ

*ҮТ-ҰС-ҮТ-ҰШ

*ҮС-ҮЗ-ҮД-ҮЙ;

*ҮС-ҮЗ-ҮД-ҮЙ;

Тұлғалардың әрқайсысы жеке алғанда макросемалардың бөлшегін бойына сақтаған, кейін көптеген сөзжасамдық мағыналарға негіз болған.

***ҮТ-ОТ** және ***ҮД-ОД** түбірлері әуелде бір ғана түбірдің сингармониялық варианттары болған. Адам таным-түсінігінің тереңдеуімен байланысты болатын когнитивтік үдерістер нәтижесінде жаңа ұғымдардың пайда болуына сәйкес, енді жаңа мағыналарды таңбалар қажеттігі туындағанда, сингармониялық варианттар жасап тұрған аллофон дыбыстар фонемалық қасиетке ие болады. Дыбыс аллофондық дәрежеде болғанда, бір ғана кең макромағынаны білдіретін сөз құрамында кездессе, фонемалық сипатқа ие болғанда, сол макросеманың негізгі өзексемасын сақтай отырып, ерекше ұғымды таңбалау қажеттігін өтеу үшін жіктеліп шығады. Сингармониялық варианттардың болуы, әрі олардың табиғи дамуы, жіктелуі тіл даму табиғатымен сәйкес келеді [137]. Мұндай варианттардың жіктелу себебі туралы М.Т. Томанов «бір ғана лексикалық мағынаның әртүрлі мәнерін білдіру жағынан ғана ажырайды» деп дәл айтқан [118, 84]. Сингармониялық варианттар дыбыстардың аллофондық жағдайында ғана мүмкін болады, ал фонемалық сипатқа ие болғанда, сөз өзгеріп, жеке жіктеуші мағынаға ие болады.

***«ҮТ» – «УД»** тұлғасының көне түркілік мағынасының бірі – «өгіз». Бүкіл адамзаттық таным қалыптастырған мифологиялық аңыздардың бәрінде «өгіз – бық» бейнесі құдаймен шендестіріледі. Құдайдың жердегі көрінісіндей бағаланады. Герман тілінде «гут», «гот» сөздерінің мағынасы: 1. Құдай; 2. Жақсылық; Мұндағы «г» префикс, уд – түбір. Шумер тіліндегі «гуд» – өгіз мағынасында жұмсалған. Сонда:

***УД – [г]** уд – гуд – гуз – огуз.

Шумер тіліндегі «уд», «уду» – күн, күн құдайы мағынасын берген. К-қ-ғ, ұ-у дыбыстарының сәйкестігі мен «б, к» дыбыстарының префистік қызмет атқарғанын еске алсақ, онда гуд, будда, құт – құдай негіздерінің бір түбірден шығатынын шамалауға болады.

Күннің негізгі қасиеті – оның қызу, жылу берумен байланысты көптеген ұғымдар ассоциацияланып, аналогиялық жолмен пайда болған.

***ҮТ-ҮД** – тұлғасының қазақ тіліндегі көрінісі – *ұт, ұту* тұлғасы арқылы сақталған. Негізгі мағынасы белгілі нәрсені, нысанды жарыста, көптің ішінде болған ойында ұтып алу. *Ұтыс, ұтымды, ұтырлы, ұтқыр, ұтыс, ұтушы, ұтылыс, ұтылушы, ұтқыш* т.б. сөздерге негіз болып, арнайы семалар қалыптастырады. «*Ұт*» этимон түбірінің бір өзексемасы –

ортақтық, бірігу, бірлік семасы болған (ұту мағынасының қалыптасуына ортақтық, көптік сема бар). Осы сема негізінде «От» тұлғасының мағынасы қалыптасқан. «От» сөзі қазақ тілінде көпсалалы, күрделі семантикалық тұлға. «Ұд» тұлғасының фоно-сема варианты бола отырып «күн» ұғымымен тікелей байланысты болады, яғни Күн мен Оттың функциялық қызметі ұқсас: Күн жылу, жарық береді; От жылу, жарық береді. Сөйтіп «уд» және «от» тұлғалары сингармониялық вариант негізінде дамып, кейін жеке номинативтік атауларға ие болады. Халық танымындағы отқа табыну үрдісінің болуы, оттың Күннің бір бөлігі ретінде қабылдануы болса керек (Зевс – От құдайы, Күн құдайы, «От ұрлаған Прометей» туралы аңызды еске түсірелік т.б.). Қазақ халқының әдет-ғұрпындағы отқа май құю, отпен аластау, отқа май салу т.б. ғұрыптар адамзат мәдениетіндегі ортақ құбылыстардың ұлттық көрінісі. Көне түркі тілінде «от» сөзінің мынадай мағыналары бар. «от» – *огонь*, «от» – *трава, зелень*; «от» – *лекарства* [86, 370-373].

Бұлардың арасында терең генетикалық-семантикалық байланыс бар. Мынадай параллель қолданысты салыстырайық: *көк – аспан, көк – шөп, от – аспан, от – шөп*; «*көк шықты*», «*көкті жұлма*» деген тіркестердегі «*көктің*» мағынасы мен ұғымның аталуының арасында түстік аналогия жоқ, яғни шөптің түсі көк деп аталуының мәнісі, олардың мағыналарының халық танымында ұқсату тәсілі арқылы негізделуі. Қазақ таным-түсінігінде шөптің шығуы, өнуі Көкпен, Күнмен байланыстырылды. «Көкті» құдай семасы деп түсінсек, онда «көк», «от» деген атаулардан шөптің шығуы көк аспанмен байланысты деген түсінікті байқауға болады.

Көне түркі тіліндегі «от» – *дәрі* мағынасы екіншілік номинация, бұл «от» – «*шөп*» мағынасы арқылы негізделген. Себепші негіз – *от*, мағынасы – *шөп*. Яғни түрлі дәрі-дәрмекті шөптен жасау мәні арқылы негізделіп, ассоциациялық, ұқсату тәсілдері арқылы жаңа ұғымды атайтын сөз пайда болған. Орыс тіліндегі *дәрі* мағынасындағы – «яд», «отрава» сөзінің қолданылуы осымен байланысты. Отрава түбіріндегі «от» тұлғасының мағынасы генетикалық жағынан бір.

«ОТ» тұлғасы арқылы жасалған мағыналар:

«Жану – жылу» мағынасы арқылы – *от, отын, оттық, отшыл, отсыз, оттегі, оттай*; абстракцияланып, метафоралық

мән алған тұлғалар: *от жүрек, от кешу, от ала келу, отқа түсу, көздің оты жарқ ету, от тастау, от шығу, от ала келу, от жігер т.б.* Шөп мағынасы арқылы *от, ота* (шөптен тазарту), *отай, отақ – отақта – отақтау, отал – отамалы – отта* (шөпке жайылу), *оттану, оттампаз* (көп сөйлеу, ауа жайылу), *оттаңқыра, отты жер, отығу, отық, отықтыр, отықтырғыш* т.б.

Бір оттың басына бірігу, жиналу ұғымы арқылы – *отан, отандас, отандасу, отандық, отаншыл, отас, отастыр, отау, ошақ, от басы, отағасы т.б.* туынды дериваттар туындаған.

Шөп мағынасы арқылы латын тілінде «*os, ossis*» – қость, сүйек сөзі, қазақ тілінде *оташы* (сынықшы) сөзі жасалған.

«Бірігу, туысу» мағынасы «оттың басына жиналу» ұғымы арқылы ассоциацияланған, одан мынадай туынды негіз жасалған: *одақ, одақтас, одақтастық, одақтық* т.б.

Қазақ тілінде кездесетін «*отты көз, күннің көзі, көзінде оты бар, көзі отша жану, отты жанар, отты көзін қадау*» тұрақты тіркестерінің қалыптасуында **оттың** мағынасы сақталған. М. Қашқари еңбегінде «от» – зрачок, қарашық мағынасы бар [1, 343]. Көз алдында болып жатқан оқиғаны, нысанды «осы» есімдігі арқылы көрсетуге болады. Сонда «от» тұлғасының көне архитұлғасы **ОТС-ОТШ** болады.

ОТС = ОТ-ОС, ОТШ=ОТ-ОШ.

Демек, *осы, вот, то, се, тот* сөздерінің негізгі «от» – *огонь* деп білеміз. Орыс тіліндегі «*очи*», «*око*», «*очно*», «*очная ставка*» тұлғаларында от тұлғасының көз, көз алдында болу мағынасы сақталған. Қазақ тіліндегі көз тұлғасы екі силлабофо-немадан бірігіп жасалған: көз = к + өз; к+ос, яғни от мағынасын беретін номинативті туынды атау.

Көз бен **от** арасында танымдық, ортақ когнитивтік сипат танытатын ұғымдық жақындықтың терең сипаты бар, олардың номинативтік белгілердің жақындығына сәйкес жаңа денотаттық сема туындаған. Көне түркі тіліндегі «*ку*» – «*кө*» сөзінің мағынасы: *молва, весть, слава; оберегать, охранять* [86, 322]. Демек, «*көр, көз*» семасы көне түркі тіліндегі «*кө*» тұлғасында болмаған. «Көз бен оттың» арасында ұғымдық аналогиялық жақындықтың негізі мынадай: от – жарық, сәуле беретін негізгі қайнар; көз – жарық, сәулені көретін негізгі мүше. От алыстан жарқырап көрінеді. Көз – жарық болса ғана көреді. От – қараңғыда жанып жарық береді. Демек, сөздердің ге-

нетика-семантикалық тегі мен танымдық (когнитивтік) тамыры бір деп түсінеміз.

***ИТС – *ИТШ силлабофонемаларынан жіктелген
тұлғалар қалыбы:**

Ең көне этимон түбірдің бірі – *ИТ- *ИД

Көне түркі тілінде **ат, ет, ит, ыт, іт, өт** түбірлерінің бәрі қимылдық мағына береді: *ыд* –посылать, *ыдук* – священный, светой; *иді*-1. Хозяин, 2. Обладатель. 3. Господин (о боге), *иді*-собрать. Қазақ тілінде: *ит* – *итеру, итеңдеу, итініктеу* – қозғалыс мағынасын береді. Орыс тілінде: *иди, идти* сөздері мен -ать, -еть, -ить тұлғаларының грамматикалық мағыналары арқылы тек қимылдық мағына жасалады: *волынить, волновать, вертеть, взбить, взволить* т.б. Латын тілінде: *iter, itineris* сөздерінің мағынасы: 1. Путь, движения, поездка, путешествие, переход, марш. 2. Пропуск, право перехода. 3. Дорога, тропа. 4. Ход, движение, развитие. 5. Путь, способ, средство т.б. [113, 560].

Көрсетілген тұлғаларға ортақ мағына, өзексема – қозғалыс, қимыл. Тұлғаларының ортақ мағыналарының ұқсас болуы, олардың генетикалық біртектілігін танытса керек.

«Ит» тұлғасының қасиетті, киелі семасы көне шумер, көне түркі тілдерінде «*ыдук*» сипатында келген. *Иду, ыду* – құдай мағынасын берген. Қазақ халқының итті жеті қазынының бірі ретінде санауының бастау тегі ең көне семасының құдай, күн түсінігіне жақындығымен байланысты. Ә. Ахметов еңбегінде түркі халықтарының арасында танылған тотемизмдерді талдай келіп, қазақтардың «Күшік, «Ителі» сияқты ру атауларының болуын төтемдік танымның негізінде қалыптасқан деп дәлелдейді [112, 97].

Академик Н.Я. Марр иттің ең алғашқы үйретілген, адамға үйір болған мақұлық екенін ескере отырып, былай деп жазады: «Нет ни одного народа, предки которого не прошли бы стадию социального развития с тем же осмыслением культовой собокой носимого сейчас им громкого национального названия» [102, 92]. Автор француз суретшісі Шарленнің «лучшее в человеке это – собака» деген дәйексөзін келтіре отырып, иттің де міну, қатынас құралы болғандығын, кейін атпен, түйемен алмастырылғандығын орынды атап өтеді. Сөздің мағынасы адам танымымен бірге пропорциональды дамидынын ескерсек, «ит» сөзі-

нің киелі, қасиетті күн, құдай мағыналарын да осындай адам танымының өсу, толысу дәрежесін сипаттайтын көрініс ретінде пайымдауға болады.

***ИТ-ЫТ – этимон түбірінің тұлғалық дамуы**

***ЫТ-ИТ –ЫД-ІД**

*** ИТ-ЫТ түбірінің ұғымдық дамуы**

Мифологиялық таным бойынша құдайдың жердегі елшісі ретінде танылған иттің қозғалу, қимыл, әрекет т.б. сипаты арқылы әртүрлі ұғымдар қалыптасқан. Қазақ халқы ұғымында ит – киелі саналғаны белгілі. Көне түркі тілінде «*ыт*» тұлғасы мынадай ұғымдарды таңбалаған: 1. Ит – собака; 2. Ит – толкаты; Әрекет пен қимылдық мағына арқылы бірнеше туынды мағыналар туындаған. Сондай-ақ, араб тілінен енген «іті қақ» – вера, «убеждение» мағынасы қолданған [86, 215].

Тұлғаның көне ұғымдық мағынасы – қозғалуға, әрекетке байланысты болуы ықтимал. Қозғалу құралы ретінде кейін ит – собака ұғымына алмасуы мүмкін.

***ЫТ тұлғасының мағыналық дамуы**

Ыт тұлғасы арқылы дамыған туынды сөздерінің ішкі семантикалық мағыналарын бағамдағанда, олардың ортақ мағынасы – қозғалыс семасы екеніне көз жеткізуге болады. Генетика-семантикалық код арқылы әуелгі архисема – қозғалу, қимыл, әрекет, қозғалыс жасаушы субъект екенін пайымдаймыз. Сонда туынды өзексемалар мынадай арнада дами алады:

- қимыл, қозғалыс мағынасы арқылы: *итеру, итергіш, итіну, итеңдеу, итеріліс, итініс* т.б. туынды тұлғалар;
- әрекет семасы арқылы – *ытқу, ытқыту, ытқытушылық, ытырыну, ытқытушы* т.б. Ортақ семасы – нысанның қозғалуы, әрекеті, қимылы;
- әрекет иесі, субъект мағынасы – *ит, итші, иттік, ит өмір, итсиген, иттену, ителгі, итарқа* т.б. туынды сөздер.

Көне фоно-семалық тұлға * «ИС»

***Ис** тұлғасы қажеттіліктерге байланысты номинативті атау үшін жіктелгенде **мынадай тұлғалық даму** болған:

***ИС =ЫС-ИС.**

***ИЗ=ЫЗ-ІЗ.**

***ЫЗ, ЫС және ІЗ, ІС таңбаларының ұғымдық дамуының** негізінде күннің сипаты мен қасиеті жатыр. Бұл тұлғалардың

жіктелуінің басты шарты адам танымындағы күн сипаты мен қасиетінің, белгісінің ерекше көріністерінің анықталуы болса керек. Күннің ыстықтық, қызулық, суықтық т.б. қасиеттері бұл этимон түбірінің жеке тұлға ретінде бөлініп шығуына уәж, себеп болған. Көне түркі тілінде осы тұлғалас мынадай негіздер кездеседі: Иса – название магического слога; Ысы – стоновится горячим, согреваться; Ысыг – горячий, теплый, приверливый; Ысы – женщина, ысығлығ – сердечное тепло, любовь, жар, лихорадка [86, 213-126].

Табиғаттағы ыстықтық қасиеттің негізгі қайнар көзі, бастауы – күн. Күннің бұл қасиеті адам танымның дамуына негізгі түрткі болып, барлық ыстық, қызу т.б. мағыналарды атау үшін сол ұғымды тірек сема ретінде алып, аналогиялық, абстракциялық, уәждемелік заңдылықтар негізінде туынды сөздер жасаған.

***ЫС, ЫЗ тұлғаларының мағыналық дамуы**

Негізгі өзексема – ысу, қызу, суық болады да осы семемалар арқылы көптеген жаңа туынды мағыналар жасалады:

1. Күннің ыстықтық қасиеті арқылы басқа да осындай қасиетті сипаттайтын туынды дериваттар жасалған: *ысу, ыстық, ыстықтау, ыстықтық, ыссы, ыстық-суық, ыстықшыл, ыстық қанды т.б.*

2. Бір нысанды қыру, ысу мағынасы негізделген. Негізделу себебі қыру, ысу үдерісі кезінде объект ысиды, сондықтан әрекеттік сема жасалып, кейін заттық семаға ауысқан: *ысу, ысқылау, ысқыш, ысқы т.б.*

3. Абстракция заңдылығы негізінде кісінің өмірге үйренуі мағынасы туындаған: *ысылу, ысаяқ, ысылгандық т.б.*

4. Қызу, ыстық мағынасы арқылы абстрактылық мән алған тұлғалар: *ыстық сезім, ыстық жүрек, ыстық қайрат, ыстық сәт т.б.*

5. Күннің суықтық семасы арқылы, антонимдік даму барысында: *ыз – ызғар, ызбар.* Бұл мағыналардың туындауын қарама-қарсы антонимдік мән берумен де байланысты қарастыруға болады: ыссы – ызғар.

«Ыз» тұлғасы арқылы жасалған ыстықтық және суықтық мағынасы латын тілінде сақталған: *истуло* – обжигать, ополнять, сжигать, заморозить, побить морозом, горение, пламя [113, 104]. Орыс тіліндегі: зной (ыз-ной), знойность, знойный, зима, зимовка т.б. туынды сөздердің де түпкі төркіні «ыс», «ыз» тұлғалас, мағыналас деп ойлаймыз. Демек, әртүрлі тілдердегі

ортақ тұлғалардың болуы, әрі мағыналық сипатының бірдей болуы, халықтың танымының ортақтығын танытады. Сөздер жақындығы мен байланыстылығы, мағынасындағы генетика-семантикалық код арқылы айқындалып танылады.

Көне этимон түбірінің бірі – ***ТИ**, -***ДИ** тұлғасы ішкі флексия нәтижесінде өзгеріп өзіндік семасы қалыптасқан. Көне түркі тілінде бұл түбірмен тұлғалас мынадай туынды сөздер кездеседі: *дідім (созд) – венец, корна; Диан (санск.) – размышление, созерцание; діл – сердце, душа, мысль; дін – вера, религия* [86, 160]. Көрсетілген түбірлес негіздердің өзек және ортақ семалары – ой, сана, таным. Санскрит тілінде *devi* – құдай, *tigima* – острый, калький, резкий [116, 287, 241] мағынасын береді.

***«ТИ» этимонының тұлғалық дамуы**

ТИ--ДИ;

ТИ--ТЫ --ТІ; ДИ—ДЫ—ДІ.

***«Ти» тұлғасының ұғымдық дамуы**

Номинация теориясы тұрғысынан қарастырғанда, заттың ұғымы оның қасиеті мен қызметіне сәйкес келеді. Көне замандағы адамдардың танымындағы мифологиялық түсінікте, тіл – Құдайдың адамзат баласына берген игілігі. Сондықтан да *тіл, де, айт* түбірлерінің ортақ мағыналарын, көне ұғымдық сипатын іздегенде этимон түбір «-*ти, ди*» мағыналы сөзге тіреледі.

***«ТИ» тұлғасының мағыналық дамуы:**

Ұғым таңбаланып, таңба арқылы мағынаның көрінетіні белгілі. Ұғым мен мағына бір-біріне тең бола алмайды. «Тіл» таңбасының қазіргі тілдегі негізгі мағынасы бірнешеу. 1. Тіл – анатомиялық атау; 2. Тіл – қоғамдағы қатынас құралы; 3. Тіл – тұтқын. Бұл мағыналардағы өзексема ортақ – айтатын, сөйлейтін мүше. Кейінгі семалар конверсия тәсілімен көпмағыналылық негізінде арнайы семаларға ие болған. «Тіл» себепші негізі көптеген деривациялық бірлік жасауға негіз болған: *тіл – тілі – тілек – тілекші – тілен – тілемпаз – тіленші – тілектес – тілеу – ақ тілек* т.б. «Тіл» – *тілде – тілеу – тілдеуші – тілдемек – тілдесу – тілден;* «Тіл» – *тілдік, тілдес тілші, тілазар, тілмәр, тілтану, тілшілік, тілді, тілсіз, тілашар, тіл-көз* т.б. Көрсетілген түбірлес сөздерінің негізгі өзексемалары бар, ортақ семасы бір болғандықтан, бір семантикалық өрісте жатады. Бұл түбірлес сөздердің қай қайсының да генетикалық түпкі түбірі «*тіл*»-«*ди*»-«*ті-ді*» этимонына ұласады.

*«Ті, ді» этимоны арқылы «тіл» сөзі орнықса, бұл тұлғамен де, деді сөздерінің шығуы да бірге. *Де – ті – тіл-* тұлғаларының негізі мағыналары ортақ. Ол – сөйлеу семасы.

***ТИ, ДИ** – этимон түбірінен тараған көптеген басқа да тұлғалық жағынан ерекше мағыналар тілдерде болуы мүмкін. Бұл силлабофонемаға әртүрлі тұлғалар қосылуы, бірігуі арқылы жаңа номинациялар жасала алады. Біз бір қырын ғана көрсеттік.

Фоносемалық ерекше этимон түбірінің бірі – *Си

***ШИ *СИ=СЫ-СИ**

***ШИ=ШЫ-ШИ**

***СИ, ШИ** тұлғаларының ұғымдық дамуы

Бұл тұлғалар арқылы заттар мен құбылыстардың сындық-сапалық қасиеттері және белгілері таңбаланған. Жеке этимон түбір ретінде танылған бұл силлабофонеманың әуелгі архисемасында күннің қызыл шапағын, қызыл түсін, сипатын бейнелеу жатса керек. Күннің әртүрлі сипаты: танның атуы, батуы т.б. негізделе отырып, сан түрлі ұғымдардың атаулық мағыналары сараланып таңбаланған.

Көне түркі тілінде «сыр» сөзінің мағынасы «краска, который китайцы разрисовывают чаши, глазурь» деп көрсетіледі [86, 505]. Қазақ тілінде *СЫ-ШЫ* түбірлерінің осы қызыл мағынасы туынды деривациялардың семантикалық ішкі құрылымында сақталып, өзексема ретінде көрініс табады. Айталық, *шие – қызыл түсті жеміс, шиеленісу – істің, әрекеттің қызуы, шегіне жетуі, шикан – қызыл түсті жара.* (шиқандай қызара бөрту), *шіл – қызыл түсті құс, шілде – жылдың ең ыстық, күннің ең қызған шағы, шоқ – оттың қызарған шоғы, шыжғыру – қызарта қуыру, шырай, шырайлы -бетінің қызылы бар, өңді мағынасы.* Сондай-ақ, *сыр – сырлау, сыра – қызыл түсті ішімдік т.б.*

«Р» дауыссызы арқылы жасалған силлабофонемалар жаңа мағыналар кешенін жасайды. ***РА, РУ, РИ, АР, УР, Ир** силлабофонемаларының тұлғалық және мағыналық өзіндік ерекше сипаты бар.

Силлабофонемалардың флексиялық алмасуы тілдердің ерекше сипат алып жіктелуінде үлкен рөл атқарған. Генетика-семантикалық байланысын сақтай отырып, флексиялық алмасулар тілдердің жіктелуінің негізі ретінде қызмет еткен, әрі әртүр-

лі ерекше мағыналар жасауға себепші негіз болған. Архисемалары арқылы ортақ сема сақталғанымен, тілдің көне дамуындағы құбылыстар болғандықтан, қазіргі күйінен семантикалық бірлік іздеу мүмкін емес, немесе тек шеткей семантикалық өрісте ғана сақталған.

Полисинтетикалық кезеңдегі тілдің дамуында, жаңа мағыналы сөз жасауда флексия рөлі ерекше болған. Бұл үдеріс негізінен силлабофонемалар ауысуынан айқын көрінеді. Ашық буын мен жабық буын жасалып, тілдің ішкі заңдылығына сәйкес, ашық буынды тілдерде **РА, РЕ** т.б. силлабофонемалары негізінде жаңа сөздер, жабық буынды тілдерде **АР, УР, ИР** тұлғасы негізінде жаңа мағыналы туынды сөздер туындаған. Айталық, көне Египеттегі Күн құдайының есімі – РА, бұл тұлға араб тіліндегі құдай сөзінің жасалуына негіз болған: *раб, раббым, Расул Алла* т.б. Алла сөзі **РА, АР** тұлғаларынан Р-Л дыбыс сәйкестігі арқылы пайда болған.

Ро [АР, РА, АРА, h-РА, РА-h, б-РА, РА-б].

Негізгі **Р** тұлғасы барлық әлем тілдеріне ортақ, сөз тудырушы тұлға. Ашық буыннан басталатын тілдерде (көне египет, латын, славян, араб) этимон түбір тұлғасы – Ра, БРА, пРА түрінде келсе, жабық буынды тілдерде АР, АРА түрінде келеді. Мысалы, түркі тіліндегі – арай, ару (ал), арығ т.б.;

«РА» этимонының мағыналық дамуы.

Ра-ның архисемасы Күн, жарық, құдай, қасиетті, киелі, таза, қызыл т.б.; осы макросема арқылы тіл-тілде ортақ мағыналы, жеке микросемалар жіктелген: герман тілінде – *рейх, райх, рейхс, рейз* т.б. империя мағынасын беріп, кейін басқа туынды номинацияға негіз болған. Араб тіліндегі – *Расул, Раман, Рахим, раббым, раб, рабат, рахат, рахмет, рақыш, рас* т.б.; орыс тілінде – *рай, раб, радуга* т.б. Біздіңше, «Ра» этимон түбірі түркі тілдерінен гөрі үндіеуропа тілдеріндегі ұғымдарды таңбалауға маңызды рөл атқарған. Негізгі себебі, жоғарыда көрсеткеніміздей, буынның ашық болуымен тығыз байланысты. Қазіргі қазақ және басқа түркі тілдерінде «р» -дан түбір сөз басталмайтынын ескерсек, оның мәнісі мен тарихи себебінің болғандығын байқаймыз: 1. Р-дың фонетикалық қасиетіне байланысты. 2. Буын құрау сипатына байланысты болады.

Көне этимон түбірлерінің бірі – ҰР

Көне шумер жазуларында «Ру, уру» тұлғаларының негізгі мағыналары: 1. Воздвигать; 2. Бить. Көне түркі жазбаларында –

«уру» 1. Бить; 2. Класть; 3. Вырезать; [86, 614]. Зерттеушілердің көрсетінінше, «Ұр» – аса ежелгі түркі тіліндегі саусақпен санарлық түбір етістіктердің бірі. Мұның қазірге дейін лексикалық мағыналарының аса көп, тіркесімділік қабілетінің ерекше оралымды болып келуі осы себептен. «Ұр» тұлғасы этимондық мағынасы көп мағыналы болғанында дау болмаса керек. Сөз мағынасы мен тұлғасының сөз таптарына ажырай бастауы грамматикалық категорияларының дамуымен байланысты болғандықтан, «ұр» тұлғасында тек қимылдық мән болған деуге келмейді. Ал көне этимон түбір мағынасы – макросемалы.

«Ұр» этимон түбірінің тұлғалық дамуы

Ұр – үр – ор – өр. Бұл тұлғалар әуелде сингармониялық варианттар сипатында пайда болып, танымның өсуіне байланысты, сөз мағынасы дамыған кезде, ерекше номинациялық бірлік ретінде таңбаланған. Бірліктер кейін сөзжасамдық ұяға айналып туынды негіздер жасаған.

«Ұр» этимон түбірінің ұғымдық дамуы

«Ұр» этимон түбірінің архисемасында Күннің қозғалысы, қызуы, жануы сияқты семалар жүйесі кешенді сипатта болған. Ондай семалардың болғандығын арнайы семалық жіктеліс негізінде пайда болған тұлғалардың мағынасы айқындайды. Мәселен, *ұру* – *бить*, *удалять* мағынасы арқылы туындаған семалар:

Ұр – *ұрғы*, *ұрғыш*, *ұрғыш*, *ұрғылау*, *ұрғызу* т.б.

Ұр – *ұрыс*, *ұрсу*, *ұрысыңқырау*, *ұрысу*;

Ұр – *ұрын*, *ұрынды*, *ұрыншақ*, *ұрыңқырау*;

Ұр – *ұрыш*;

Ұрт – *ұрт мінез*; *ұрымтал*;

«Ұр» тұлғасының қимыл-қозғалыс пен әрекеттік атауы мынадай туынды мағыналарды қалыптастырған: *ұрыс*, *ұран*, *ұрық* т.б. «Ұр» тұлғасының қимылдық мағынасының көне сипатының бір парасы көне түркі тілінде болған мынадай мағыналық сипатынан байқалады:

Уры – сын, мальчик, юноша, мужское потомство.

Урыг – зерно, семья, косточка,

Урыгла – выбивать семене, зерно.

Урыглыг – родовитый, знатный, благородный.

Урул – быть битым, ударяемым, быть поставленным.

Урагут – женщина [86, 614-615].

Көрсетілген тұлғалардың ішкі семантикалық құрылымын сараласақ, іс-әрекеттің қимылмен байланыстылығы екенін

аңғаруға болады. «Ұр» етістігінен *ұрық, ұрықтық, ұрғашы* сөздері туындап, тұлғалық және мағыналық жағынан генетикалық біртектігі мен бір сөзжасамдық ұя арқылы жасалғаны анық көрінеді. *Уры* – бала, ер бала мағынасының болуы, оның тұлғалық дамуының сипаты мынадай екенін дәлелдейді: *Уры – Ұлы – Ұл*; Р-Л сәйкестігі арқылы туындаған. «Ұл» сөзінің арғы тегі зерттеушілер көрсетіп жүргендей «оғлан» болмайды. «Оғлан» – ұлан болып өзгерген. Ал «Ұл» тұлғасының мағыналық мәне мәндік қалыптасуы жүйесі мынадай: **ҰР – ҰРҰҚ – ҰРҰ – ҰЛ** (ұрық сақтаушы мағынасы негізінде).

«Ұр» тұлғасының мағынасы десемантизацияланып, қимылдық мағына беретін грамматикалық мағынаға ұласады: *келур – барур* (қазіргі тілімізде *келер, барар* болып фонетикалық тұрғыдан дамыған).

Ұр» этимон түбірінің варианты бола жүріп, ұғымның даму нәтижесінде жеке семаға ие болған түбірдің бірі – ОР. «ОР» түбірінің негізгі өзексемасы ҰР тұлғасының «класть, помещать», «вырезать» мағыналары арқылы тарамдалып, кеңістіктегі не жазықтықтағы белгілі нысанды кесу, қию, орналастыру мағынасын береді:

1) қимылдық мағынасы арқылы: *ор – орақ, ору, орғызу, орулы, орушы, орулы, орым, орғыш т.б.*

2) орналастыру семасы арқылы: *ор – ора, орағыш, орағыштау, орай, орайлас, орайластыру т.б.* Мұндай мағынаның жасалуы «ора» атауының құрамындағы «а» тұлғасының «төмен», «қараңғы» мағынасын беруі арқылы туындайды.

3) мекендік семасы арқылы: *ор, орна, орлы, орман, орнал, орнық, орта, орда* т.б. туынды сөздер жасауға негіздер. Кейін бұл негіздер жаңа мағыналы туынды сөздер жасауға негіз болады.

«Орда» сөзінің мағынасы – *орта, орталық* себепші негіздері арқылы негізделген. Көне түркі тілінде орта негізі арқылы: *орту – средний, середина, средняк; ортула – достигать середины чегол., ортункы – средний, ортақ – друг; орын – место, трон* мағыналары туған [86, 370-372].

Көне этимон түбірдің бірі – *АР

Қазақ тілі жүйесінде көптеген номинативті мағыналы деривациялық негіздер жасауға себеп болған. Көне түркі тілінде қолданылған «АР» -дың мағыналары: 1) *Ар – рыжий, турый, красноватый*; 2) *лгать, обманывать, соблазнять*; 3) *уствовать,*

утомляться; 4) отделять: ара – промежуток, середина; ары – очищаться; арығ – чистый, незагрязненный, чисто, нравственно безупречный, благородный т.б. [ДТС, 50-53]. М. Қашқари еңбегінде «Ар» сөзімен байланысты мынадай мағыналар кездеседі: *ар-қоңыр, күрең; шаршау, жүдеу; алдау; арт-тау шыңы, асу; арт-арт, артқы бөлік; арт-көбею* [1993, 147-148].

* «АР» этимонының тұлғалық дамуы

Ар -----АЛ

І І

ЕР ЕЛ

* «АР» этимонының ұғымдық дамуы

«АР» тұлғасының ең көне мағынасы күнге қатысты болған. Латын тілінде /*azx/ аркс, ара /ara* сөздерінің мағыналарында «небесная твердь небо, заоблочная высота, цитадель, кремль мағыналары бар [113, 100]. Көне түркі тілінде «АР» тұлғасының «сары, қоңыр, күрең, қызыл» мағыналары болуы, күн сипаты арқылы ассоциацияланған. Күннің белгісі негізінде тазалық, пәктік, жақсылықты білдіретін ұғымдар туындайды. Санскрит тілінде / *ari/ 1. Верный, 2. Благочестивый, 3. Святой; /arina/ красноватый, оранжевый, 2. Утренняя заря. 3. Солнце т.б. [116, 69] мағыналары кездеседі.*

* «АР» этимонының мағыналық дамуы

*Ар тұлғасы көптеген мағыналар мен тұлғалар жасаған.

1. Қозғалыс семасы: Санскрит тілінде / *aguan/ 1. Бегущий, спешащий, 2. Быстрый. 3. Конь. Қазақ тіліндегі ар-лан, ар-уана, ар-ғымақ, ар-қар, сөздерінің құрамындағы «ар» сөзінің көне мағынасы қозғалысты білдіріп, қозғалатын жануарлардың атына берілген.*

2. Қасиетті семасы – *аруақ, ар, арша* (қасиетті ағаш) т.б.

3. Тазалық семасы – *ару, аршын төс, аруана* (таза тұқымды нар), *ар – арлы, ар – ождан, арлан* (таза тұқымды ит), *аршыл* т.б.

4. Арықтық семасы – *арық, арықтық, арықтау, арықсыну, арықша, арық-тұрық* т.б.

5. Арылу (тазалану) семасы – *арыл, арылу, арылту, арып-талмау, аршу, аршылау, аршулы* т.б.

«Ар» тұлғасы арқылы *-ар, -ер, -ыр* сын есім туғызушы тұлғалар жасалған да, шеткі мағыналық өрісінде күннің түрі-түсі мағынасын сақтаған: *қызар, көгер, жасар, сазар, бозар, қоңыр, күңгірт* т.б. «Ар» тұлғасының мағынасы арқылы, семасына қарама-қарсы антонимдік мәнде жаңа туынды сөз жасалған: *арам, арамза, арамдат,*

аран т.б. Сондай-ақ, *ар* – ал «қызыл» мағынасы арқылы *ал-қызыл*; *арайлы*, *арай*, *алау*, *алаулау* т.б. орыс тілінде – *алый* пайда болған; қызыл түстің аналогиялық сипаты арқылы, яғни қызылдың көз тартар алдамшы қасиеті негізінде антонимдік мәнді сөздер қалыптасқан: *ар* – *арбау*, *арбаулы*, *арбағыш*, *арбан* – *алдау*, *арбал*, *арбағыш* т.б. Антонимдік мәніне қарамастан бұл тұлғалар бір семантикалық өрісте жатады.

Қорытындылай келгенде, этимон түбірлердің тұлғалық және мағыналық сипатын айқындау тек ұғымды түсіндірумен, когнитивті құрылымды бағалаумен сабақтас жүргізілгенде ғана мүмкін болады. Таңбалық жіктелу мен мағыналық жіктелу нәтижесінде жаңа ұғымды белгілейтін сөз қалыптасып, атау жасалады. Этимон түбірлер көп семалы кешенді жүйе, олардың мағынасын талдау сөзжасамдық мағыналар мен туынды сөздерді айқындап, түбірлес сөздерді дәл анықтауға көмектеседі. Сол арқылы туынды сөздердің генетика-семантикалық біртектестігі анықталып, туыстығы белгіленеді, сөзжасамдық қалыптардың ерекше белгілері көрінеді.

Силлабофонемалардың жіктелуі мен мағыналық даралануы тілдің тарихи даму сипатын белгілейді. Силлабофонемалардың жіктелуі сәйкес дыбыстарға іштей саралану арқылы ғана емес, тілдегі әртүрлі фонетикалық заңдылықтар негізінде де жаңа тұлғалар мен мағыналар пайда болады. Мұндай құбылыстарға ішкі флексиялық, тарихи эпентезалық т.б. құбылыстар жатады. Бұл фонетикалық құбылыстар тек тұлға туғызып қана қоймай, сөздердің мағыналардың жіктелуі нәтижесінде жаңа сема туғызуға себеп болған. Силлабофонемалар мағынасының негізгі өзек мағынасы негізінде жасалған мағыналарды талдай отырып, ішкі семантикалық құрылымда сақталатын ортақ семаларды айқындаймыз. Ортақ сема негізінде генетика-семантикалық код табылады.

Этимон түбірлердің мағыналық жіктелуі танымда пайда болған ұғымға қатысты анықталады. Жаңа ұғымды белгілеу үшін, сөзжасамдық ұқсату, ассоциация, абстракция заңдылығы нәтижесінде архисеманың макросемалары деңгейінде туынды мағына қалыптасады. Жаңа таңбалар – тектес және әртектес дыбыстардың сәйкесуі, алмасу мен протезалық, эпентезалық т.б. құбылыстар негізінде жасалып, екіншілік мағына белгілеуде қолданады. Таңба мен мағынаның жіктелуі, даму сипаты ұғымның танылуына тікелей байланысты болып, сөйлеу тәжірибесінде болатын атау қажеттілігінен туындайды.

Көне сөзжасамдық ұя мағыналары негізінен табиғи құбылыстар туралы ұғыммен және содан туындайтын мағыналармен байланысты. Адам танымында танылып, атау қажеттігін туғызатын заттар мен құбылыстар қатарында, ең алдымен, тіршіліктің кепілі, кілті саналатын нысандар жатуы заңды. Бұған күн, күннің жарығы, қозғалысы, жылуы, от, оттың жылуы, жарығы, су, жер, тіршілікке қатысты қарапайым қозғалыс құралдары, еңбек құралдары т.б. адам түсінігі арқылы қабылданатын құбылыстар жатады. Танылған денотаттарды атау жалпылық мән алып, көп затқа атау ретінде танылып, келе-келе жіктеле даму нәтижесінде, жалқы ерекше мағыналар сипатына ассоциацияланған, абстракцияланған, ұқсатылған, сөйтіп жаңа атау туып, номинативтік мән иеленген.

Көне этимон түбірдің мағыналары жіктелу арқылы тілдік даму нәтижесінде, барлық сөзжасамдық үдерістер жаңа мағына жасауға қатынасады. Сөзжасамдық үдеріс сипаты әртүрлі тәсілдер мен қалыптар арқылы көрініс табады. Ең көне сөзжасамдық үдеріс екі силлабофонеманың бірігуі, фонетикалық дыбысталудың өзгеруі мен сәйкес дыбыстардың алмасуы, протезалық, ішкі флексиялық құбылыстар, сөз мағыналарының дамуы арқылы жасалған. Кейін түбір сөздердің мағыналары алғашқы лексикалық мағыналарының ажырап, десемантизацияланған кезде, грамматикалық тұлғалар пайда болып, олар сөз тудырушы тұлға ретінде жалғанып, жаңа мағыналы туынды тұлғалар туғызған. Қандай тәсілмен жасалса да, бір сөзжасамдық ұядан өрбіген туынды сөздер бір семантикалық өрісте жатады. Генетика-семантикалық коды біреу болып, ортақ бір семаның негізінде құрылады.

Біздің ойымызша, бір силлабофонемадан өрбіген тұлғалар мен мағыналар сипатының әртүрлілігі тілдердің қалыптасып, пайда болуына, дамуына себеп болған. Табиғаттағы және қоғамдағы құбылыстар ортақтығы мен ұғымның ортақтығы таным бірлігін туғызады. Ал ұғым таңбасының әртүрлілігі, негізінен, екіншілік номинацияға тән болады деп есептейміз.

4. ТАРИХИ СӨЗЖАСАМНЫҢ ФОНЕТИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

4.1. Дыбыс аллофонының фонемалық деңгейде даму қажеттілігі

4.1.1. Фонетика-семантикалық сөзжасамның зерттелуі

Сөзжасамдық үдеріс көне заманлардан бастау алатын тарихи күрделі үдеріс. Сөзжасамдық мағына қалыптастырып, жаңа мағына туғызу үшін, дыбыстардың жіктелуі, сәйкесуі, қосылуы т.б. фонетикалық үдерістер тілдің ішкі даму заңдылығына айналған. Қазақ тіл білімінде қалыптасқан сөзжасамдық теория негізінде синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық тәсілдер қарастырылып, фонетикалық сөзжасам тәсілі мүлде әңгіме болмайды. Дегенмен, атаулардың фонетика-семантикалық тәсіл арқылы жасалуы – тілдік факт. Тарихи фонетиканы зерттеген түрколог ғалымдар дыбыстардың сәйкестігі нәтижесінде туынды мағына жасалатынын ескеріп, бұл мәселе төңірегінде зерттеу жүргізудің зәрулігін атап көрсеткен. Фонетика-семантикалық сөзжасамы арнайы зерттелмегенімен, сөзжасамдық форманттар арқылы жаңа сөз жасалатыны туралы В. Төмсен, В. Банг, Ж. Дени, В.В. Радлов, К. Гренбек, К.Г. Залеман, В. Богородский, Г.И. Рамстедт, М. Ресянен, В.Л. Котвич, Н.К. Дмитриев, А. Зайончковский, Н.А. Баскаков, Б.М. Юнусалиев, А.Н. Кононов, Ф.Г. Исхаков, Э.В. Севортян, Ж. Аралбаев, М.Т. Томапов, Е.З. Қажыбеков т.б. ғалымдар зерттеу еңбектерінде атап өткен болатын. Көптеген түркологтар сөз мағынасының өзгеруіндегі интонацияның рөліне ерекше мән берген: А.Н. Кононов, Д.Г. Киекбаев, Ш.М. Абдуллаев т.б. ғалымдар дыбыстардың жіктелуінің себебін анықтауға, жаңа мағына туғызатынына мән берген. Айталық, А.Н. Кононов СГС тұлғалы түбірдің соңғы дыбыстарының қызметін былайша баяндайды: «Конечным согласным выступает формант, выполнявший в свое время определению грамматическую функцию, но позднее ее утративший и в силу этого вошедший в состав нового корня-основы» [18,

77]. Автор «жан», «жақ», «жарық» етістіктерінің – «жа» түбірінен, «кел», «кет», «кез», «кеш» сөздерінің «ке» түбірінен туындайтынын, жаңа сөздерді туғызушы соңғы форманттар екенін байыпты зерделейді [сонда, 104].

И.А. Батманов мұндай құбылыстарды «ішкі флексия» деп танып, түбір мағынасының семантикалық жағынан нақтылана түсу сипаты ретінде қарастырады [119, 11]. Н.А. Баскаков «л» және «т» дыбыстарының сөздің лексикалық мағынасын өзгертудегі рөлін айқындап, етістіктің сөзжасамдық көне тәсілі ретінде бағалаған. «Возможно, это древний способ словообразования, заключающийся в варьировании конечного коренного был когда-то весьма продуктивным» – деп жазады [11, 144].

Қазақ ғалымдарының ішінде фонетикалық сөзжасам жөнінде құнды пікір айтқан Е.З. Қажыбеков. Ғалым зерттеуінде дыбыстық өзгерістер арқылы сөз мағынасының дамитынын бірнеше жерде анықтайды. Екпін арқылы сөз мағынасының даму мүмкіндігін айта отырып, дыбыстық жіктелу нәтижесінде болған туынды сөздерді талдайды, бір буынды сөздердің соңғы дыбысының өзгеруі арқылы сөз мағынасының өзгеруі мен дауысты дыбыстардың сәйкесуі арқылы сөз мағынасының өзгеруі мүмкіндігін дәлелді көрсетіп береді [100, 87-95-106-111]. «Словообразование в тюркских языках также может осуществляться фонетическим способом» деген ашық айтылған пікірді де осы еңбектен оқимыз [100, 87]. Автор *л-т; и-қ; р-з* дыбыстарының сәйкестігі арқылы: *сал – сат, кел – кет, ал – ат, жой – жоқ, той – тоқ, көр – көз* т.б. сөздердің жаңа мағына алуына негіз болатын фонетикалық өзгерістер екенін көрсетеді.

4.2. Дыбыс жіктелісінің туындау себебі

Тарихи фонетика мен тарихи лексикологияда дыбыстардың жіктелу жағдайы мен жасалуы, сөздің даму және қалыптасу жүйесі кешенді түрде қарастырылады. Егер тарихи фонетикада олардың дыбыстық мәні, фонемалық ерекшелігі, жіктелу жағдайы әңгімеленсе, лексикология сөзді даяр қалпында зерттейтіндіктен, сөзжасамдық жаңа мағыналы нәтиженің даму жолы мен жүйесін сипаттайды. Демек, фонетика мен лексикология арасында сөзжасам саласы аралық буын ретінде тіл дамуына қызмет етеді.

Көне замандардағы тіл дамуында дыбыс жіктелісінің болғаны, бір дыбыстың өзінің жеке аллофондарына жіктеліп, кейін бұл аллофондар фонемалық дәрежеге дамығаны жөнінде Ж.А. Аралбаев, Ш.Х. Ақбаев, Н.А. Баскаков, Т.А. Бертагаев, Н.А. Кононов, А. Мартине, М.Т. Томанов, Э.В. Севортян, А.М. Щербак т.б. ғалымдар еңбектерінде айтылады. Зерттеушілер дыбыс жіктелісін тарихи фонетикада – фонетикалық заңдылық ретінде бағаласа, тарихи лексикологияда – дыбыстардың өзгерісі арқылы жасалған сөздерді тұлғалық-мағыналық даму жолы ретінде қарастырды. Дыбыс жіктелісі арқылы жаңадан номинативті атау жасалып, туынды сөз қалыптасқандықтан, дыбыс жіктелісі мен сәйкестілігі арқылы жасалған туынды сөздер тарихи сөзжасам нысаны. Себебі дыбыстардың жіктелуі, сәйкес дыбыстарға ажырауы сөздің жасалуымен, яғни жаңа танылған ұғымды атау қажеттілігімен тығыз байланысты.

Дауысты дыбыстардың жіктелуі *а-е-ә; у-ұ-ү-ө; и-ы-і*; және дауыссыз дыбыстардың: *п-б-в-у; ц-т-с; ч-т-ш; дж-д-ж-з-й; р-л; х-к-г-г* болып жіктелуі, ең алдымен, адам танымының өсіп дамуымен когнитивтік құрылыммен сабақтас қарастырылып, номинация теориясы негізінде ұғымды атауда ерекше номинативтік белгілерді танумен, жаңа туынды сөздер мағыналарының ерекшеленуімен байланыстырамыз. Күрделі ұғымның номинативтік ерекше белгілері жіктелуіне сәйкес, оны белгілейтін тілдік таңба ретінде дыбыстар жіктеледі. Сөйтіп, фонемалық мағынаны иеленіп, тілде екіншілік таңба жасайды. Біздіңше, дыбыстардың жіктелуі үдерісінің негізінде әлем бейнесінің көрінісі болатын ұғымды белгілейтін архитұлғаның (таңбаның) артикуляциялық өзгеруі жатады.

Номинациялық қажеттілікті өтеу үшін тілдегі бар аффрикат күрделі тұлғалар жіктеліске түседі, аллофондары мағына жасаушы фонемаға айналады. Осының нәтижесінде жаңа мағыналы туынды сөз жасалады. Сөйтіп, дыбыстық жіктелісті екі бағытта қарастырамыз: 1. Күрделі аффрикаттардың жеке фонемаларға жіктелуі [**ТС = Т – С; ТШ=Т-Ш; ДЖ=Д-Ж; ДЗ=Д-З т.б.**] 2. Жеке дыбыстар аллофондардың мағыналық дамуы арқылы, аллофондық дәрежеден мағына айырушы фонемалық дыбысқа дейін даму үдерісі [**Н-Ң-М-Б-П-Ф; Н-Б-В-У; Л-Р; А-Е-Э; Ы-І; У-Ұ-Ү; Х-К-Ғ-Қ-Г т.б.**]

Мұндай дыбыстардың жіктеліп немесе сәйкес дыбыстарға өзгеруі арқылы тұлғалық жағынан даралыққа ие болуының басты себебі:

- зат не құбылыстың номинативтік ерекше белгілерінің танылуы нәтижесінде ұғымның пайда болуы;
- жаңа ұғымды ерекше тұлға арқылы таңбалап, мағыналы атау жасау қажеттілігі.

Дыбыстардың тұлғалық өзгерістері мен дамуы көне алтай тілдерінің даму сатыларынан кейін, түркі тілдерінің де іштей диалектілерге жіктелуіне алып келеді. Дыбыстық өзгеру мен сәйкес дыбыстарға жіктелу бір жүйедегі тіл топтарында әр түрлі деңгейде және әр алуан сипатта жүреді. Бір тілде дыбыстық өзгеріс баяу қалыппен, екінші бір тілде қарқынды жүріп, тілдердің әр түрлі тіл бұтақтарына тарамдалуына объективті себептердің бірі болды деп есептейміз. Түркі тілдерін жіктеуде фонетикалық-морфологиялық өзгешеліктер мен айырым белгілерін академик А.Н. Самойловичтің этникалық түпкі негізіне қарай бөлуінде үлкен мән бар. Ғалым-зерттеуші тілдерді фонетикалық-морфологиялық ерекшелігіне сәйкес мынадай алты топқа бөлгені белгілі:

1. **Р – тобы.** Бұлғар немесе чуваш тобы, негізгі айырмашылығы: 1) тыхыр (тоғыз), 2. Ура (айак, р-з-й, у-а). 3. Пул-бол. 4. Тау-ту (ағу), 5. Сары (ғ-о), 6. Қалан-йулна.

2. **Д – тобы.** Ұйғыр немесе солтүстік батыс тобы. Негізгі айырым белгілері: 1. Токуз. 2. Адақ-азақ, 3. Пол. 4. Тағ. 5. Сарығ. 6. Қалған.

3. **Тау тобы.** Қыпшақ немесе солтүстік батыс тобы. Негізгі айырым белгілері: 1. Тоғыз. 2. Аяқ, 3. Бол/бұл. 4. Тау. 5. Сары. 6. Қалған. Бұлған алтай, қырғыз, құмық, қарашай-балқар, қарайым, татар, башқұрт, қазақ, ноғай тілдері енеді.

4. **Тағылық тобы.** Шағатай, оңтүстік-шығыс тобы. Негізгі айырым белгілері 1. Токуз. 2. Аяқ, 3. Бол, 4. Тағ, 5. Сарық, 6. Қалған. Бұл топқа көне шағатай, Қытай Түркістаны тілдері, өзбек, қара татар тілдері жатады.

5. **Тағлы тобы.** Қыпшақ-түрікпен немесе орта топ, айырым белгілері: 1. Токуз, 2. Аяқ, 3. Бол, 4. Тағ. 5. Сары. 6 Қалған. Өзбек тілінің Хорезм тобы жатады.

6. **Ол тобы.** Түрікпен немесе оңтүстік-батыс тобы. Айырым белгілері: 1. Токуз, 2. Аяқ, 3. Бол, 4. Тағ. 5. Сары. 6 Қалған. Бұл

топка түрікмен, азербайжан, түрік тілдері жатқызылады (Сілтеме М. Томанов еңбегінен алынды. 118, 27-28).

Бұл топтастыруды толық беруіміздің себебі, түбірі мен мағынасы бірдей тұлғалардың дыбыстық жіктеліс негізінде бірте-бірте бір-бірінен ерекшелене бастауын таныту. Қазіргі түркі тектес тілдердің әрқайсысының айшықты келбеті, тұлғалық ерекшелігі мол. Бір-бірін толық еркін түсінісе алмайды. Яғни тіл сөйлеу тәжірибесінде, уақыт өтуі мен кеңістік алшақтығы нәтижесінде іштей тұлғалық және мағыналық дамуға түскен. Әр халықтың өзіндік жазу тілі мен сөйлеу ерекшелігіне, ұстанған тарихи дүниетанымдық дәстүріне сәйкес ерекшеліктері де молайған. Осындай тілдік даму тек түркі тілдерінің өз ішінде ғана жүрген құбылыс емес, бұл тек микрожүйе деп ұғынамыз, ал макрожүйеде тілдік даму сатысы да осы сипатта танылуы қажет. Ең көне этимон түбірлердің дамуы жан-жақты болып, дыбыстық, мағыналық ерекшеліктері әр тілдің типологиялық, жазба, дәстүрлік, салт-саналық ерекшелігіне байланысты дамығанда, олардың бүгінгі көрінісінен жақындық аңғару тіпті мүмкін болмай, бір-бірін түсінбейтін жағдайға жеткен.

Дыбыстардың жіктелуі сөзжасамдық үдерісте айқын көрінеді, өйткені, түптеп келгенде, ескі ұғым негізінде (таңба, жазу үлгісі арқылы дамиды) жаңа атау қажеттілігінің туу салдары бар деп түсінеміз. Кең мағыналы, макросемалы архитұлғалар ұғымды атау үшін дыбыстық жіктеліске түседі, сөйтіп дыбыстық жіктеліспен қоса мағыналық жіктеліс қатар жүреді. Тұлғалық жіктеліс пен мағыналық жіктелісті бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес. Дыбыстардың жіктелуінің бір парасы аллофондардың фонемалық сипат алуымен байланысты. Айталық, «а» фонемасының аллофоны «е», кейін «ә» дыбысы болып қалыптасқаны белгілі. Дауысты дыбыстардың сингармониялық варианттары мен параллельдердің қалай болғаны жөнінде түркітануда бірізді пікірлер жоқ. Г. Рамстедт, Н.А. Баскаков, Э.В. Севортян, Д.Г. Кийкбаев, А.М. Щербак бірінші буындағы дауысты дыбыстардың алмасуы дауыссыз дыбыстардың әсерінен болған деп бағалайды. Яғни дауыссыз дыбыстардың комбинаторлық, позициялық жағынан сәйкестендіруінің нәтижесі деп бағамдайды. Э.В. Севортян, Е.И. Убрятова т.б. ғалымдар сингармониялық варианттар әр түрлі диалектілердің араласуынан пайда болған деген ой айтады.

Қазақ зерттеушісі Ж. Аралбаев тілдің ең көне дәуірінде «а», «у», «ы» болып кейін – «е», «ү», «і» варианттары қалыптасқаны туралы жазған [120, 120-121]. Жіңішке варианттар кейін пайда болған деген пікірді қолдасақ, мұның негізгі себебі қандай екенінің де мәнін білу қажет. Жіңішке дауысты дыбыстардың екіншілік құбылыс екені дәлелденген. Бұл құбылыстың орындалу мәнісі тарихи құбылыс. Дыбыстардың айтылуының артикуляциялық-акустикалық өзгешелігіне сәйкес аллофондар пайда болды. Диалектілерде кездесетін «қау – кеу», «бау – беу», «апа – әпке» т.б. көптеген сөздерде А-Е, Е-Ә, Е-Ы, Е-І бір-бірімен сәйкеседі, бірақ мағынаға әсер етпейді, жаңа мағына жасамайды. Тілдің ілгері дамуында да бұл дыбыстар алдымен аллофон ретінде туындаған, әр түрлі аллофондар арқылы таңбаланған. Кейін тіл дамуында, адам танымының толығып, ұғымдар көбейгенде, сөзді таңбалау қажеттілігінен бір фонеманың әр түрлі аллофондары мағыналы туынды сөз жасауға қатынасып, фонемалық қалыпқа жеткен. Яғни жіңішке вариантты фонемалардың қалыптасуының басты себебі, сөздің семантикалық дамуымен тікелей байланысты деп пайымдаймыз. Сөйтіп ұғымның номинативтік ерекше белгілері арқылы атау пайда болғанда, жуан фонемалардың жіңішке аллофондары сөзді жаңаша тұлғалауға негіз болған. Екіншілік номинация пайда болған. Екіншілік номинация екіншілік тұлғаның негізінде болған, бұл тұлға жіңішке дауысты дыбыстар болады. Жіңішке дауысты дыбыстар жуан дауыстылармен қатар қолданылып, сөз мағынасына ешқандай лексика-семантикалық мағына қоспаса, сол дыбыстың аллофоны ретінде қарастырылады, ал жекелей ерекше мағына үстеп, жаңа туынды сөз жасауға себепкер болса, жаңа фонема ретінде танылады. Мысалы, *ауа* – *әуе* тұлғалары әуелдегі бір ғана мағыналы сөз ұғымның дамуымен сәйкес жіктеле келіп, «*ауа*» – *воздух*, «*әуе*» – *аспан* мағынасында қолданып, «Ә» дыбысы орта ғасырда араб тілінің әсерінен пайда болған дыбыс емес, қазақ тілінің төл дыбысы, «а» дыбысының жіңішке аллофоны негізінде пайда болған. Сонымен, жуан дауысты дыбыстардың жіңішке аллофондардың фонемалық қасиетке ие болуының басты себебі – олардың сөзжасамдық қызметі. Сөзжасамдық мағына туғызып, жаңа номинация жасау арқылы жіңішке дауысты дыбыстар бөлініп шыққан, сингармониялық варианттар қалыптасқан. Сөзжасамдық варианттар сингармониялық параллельдер негізінде жасалады. Варианттар кейін синонимдерді туғызады.

Сөзжасамдық үдеріс жүргендіктен, бұл сөзжасамның бір тәсілі ретінде бағаланып, фонетика-семантикалық сөзжасам деп ерекше бөлініп қарастырылады.

Дыбыс аллофондарының дыбыстық сәйкесуі, олардың артикуляциялық-акустикалық жағынан жақындығынан ғана емес, генетикалық шығу тегінің бірлігімен де байланысты. Аллофон ретінде пайда болған дауыссыз дыбыстардың фонемалық деңгейде дамуының басты шарты – жоғарыдағыдай ретпен сөзжасамдық қызметі деп танымыз. Генетикалық тамыры бір аллофондар жоғалып кетпей, қайта мағына айырушылық қызметі бар фонемалық тұлғаларға айналған. Ал жеке дауыссыз дыбыстар жоқ жерден пайда болған жоқ, дыбыс аллофондарының жаңа мағыналы сөзді таңбалау қажеттігі негізінде қолданыла келіп, мағына айырушылық қабілетке ие болды. Сөйтіп сөзжасамдық үдерістер нәтижесінде тілдегі бар дыбыстар жіктеліп, жаңа мағыналы туынды сөздерді таңбалайды.

4.3. Дауыссыз дыбыстардың сөзжасамдық қызметі

Жаңа ұғымды атау үшін тілдегі бар тұлғаларды тиімді пайдаланып, оның мағыналық және тұлғалық сипатын өзгерте қолдануды тілдегі номинация заңдылығы арқылы түсіндіруге болады. Ең көне замандардан бастап, қазіргі кезеңдерге дейін жаңа туынды мағына жасау үшін дыбыстардың сәйкестігі мен алмасуы пайдаланылады. Дыбыстардың жіктелуі мен сәйкестенуі арқылы жасалған сөзжасамның бұл түрі сөзжасамдық мағына туғызудың негізі болған.

Дауыссыз дыбыстардың генеологиялық тектестігі мен туыстығын тектес сәйкестіктерге бөліп зерттеуге болады. Әр тектес сәйкестіктерге: *л – ш, р – з, ғ – у, ғ – й* дыбыстар сәйкестігі жатқызылады. Бұл дыбыс сәйкестіктері өздігінен пайда болған құбылыс емес, сөз жасау негізінде қалыптасып, олардың тұлғалық және мағыналық дамуында үлкен рөл атқарған үдеріс. Тектес және әртектес дыбыстық жіктелістер арқылы жаңадан сөз жасалу үдерісінде, сөзжасамдық мағынаның пайда болу заңдылығы сақталады. Яғни себепші негіз жаңадан пайда болатын туынды сөз мағынасын негіздейді. Аналогиялық, абстракциялық, ассоциативтік, уәждемелік заңдылықтар негізінде сөз мағынасы өзгеріске түседі. Сөз мағынасының өзгеруі мен номинативті атаудың арасында генетика-семантикалық код

арқылы болатын байланыстар бар. Кез келген ұғымды атау үшін, кез-келген таңба қолдана алмайтыны түсінікті. Ұғымды таңбалайтын сөз мағынасы сол ұғыммен, танылған зат туралы таныммен байланыстырылады. Уәж бола алатын себепші негіздің тура немесе ауыспалы мағынасы арқылы және дыбыстардың өзгеру нәтижесінде сөзжасамдық мағына жасалады. Себепші негіздің ортақтығына сәйкес туынды сөздің мағынасы заттың әр түрлі ерекше номинативтік белгісін айқындауға құрылады. Осыған сәйкес фонетика-семантикалық сөзжасамда көпмағыналылық, синонимдік, антонимдік мағыналары қалыптасады. Себепші негіздегі өзек мағына дыбыстар жіктелісі нәтижесінде туындаған сөздердің семаларында ортақ сема ретінде сақталады. Мысалы, көне түркі тілінде «өк» сөзінің өзек мағынасы: 1) разум, мысль; 2) мать; 3) хвалить, превозносить [86, 378]. «Өгіз» сөзінің тарихына келсек, мағынасы – 1) бык, вол; 2) река [86, 383]. Көне түркі тілінде – «уд» – сиыр дегенді білдіреді. Сондай-ақ, ағылшын тілінде «ох» [окс] – вол; орыс тілінде «гудда» – өгіз, құдай; ағылшын тілінде «год» – құдай деген мағына беретін сөздерді кездестіруге болады. Ал, санскрит тілінде *агния*, *га*, *ага* – сиыр мағынасында жұмсалады.

Қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесін зерттеуге арналған осы еңбекте біз, негізінен, көне түркі тіліндегі деректерге сүйене отырып, типологиялық және семантикалық әдістер негізінде санскрит, латын, араб, парсы, славян, ағылшын тілдеріндегі деректерді салыстыра отырып пайымдаулар жасаймыз. Адамзаттық танымның ортақтығынан, сөз жасаудың алғашқы үлгілерінің ортақ екендігіне көз жеткізуге болады. Оған дәлел болатын, жоғарыда көрсетілген «өгіз» сөзіне байланысты талдаулар.

Барлық тілдер үшін әлем бейнесін танудағы негізгі символ – шеңбер, оның адамзат тарихында, адамзат дүние танымында алатын орны ерекше екені даусыз. Адамзат діндерінің ішіндегі ең көнесі болып саналатын дін – зороастризм діні, бұл діндегі Күн құдайы – сиыр малын өсірушілердің Құдайы болғаны белгілі, олардың аса қастерлегендері – *От (Агни)*, *Митра*, *Жылқы*, *Жарық (Ахурмазда)*. Адамзат тілдерінде көп тараған ортақ лексикада – Күнге, Отқа, Жылқы мен Сиырға, жүйріктікке, желге, суға, қимылға, тіршілікке байланысты ұғымдарда, сондай-ақ, қоғамдағы адамдардың жақсы қасиеттерін бейнелейтін түсініктерде осы діни-мифологиялық сенім-нанымнан қалған түбір сөздердің мұрагерлерін көптеп табамыз. Қазіргі туынды сөздер-

дің мағыналарында, жеке атауда жиі кездеседі. Әрине, адамзат тіліндегі сөзжасам үдерісін бір не екі-үш түбір сөз арқылы анықтау мүмкін емес екенін біз жақсы түсініп отырмыз. Алайда, тілдегі фактілерді зерделей келе, мынадай негізгі тілдік жағдайларды ерекше атап өтуге тура келеді:

- 1) сөздің пайда болуы үшін, ұғым қажет болады;
- 2) тілдік таңбалар сөзжасам үдерісінде өзіндік үлес қосады;
- 3) сөзжасамда дыбыстардың ерекше рөлі болады; архи дауыссыз дыбыстар: Т, Н сөзжасамда негізгі рөл атқарады; Н, Ы – протезалық қызмет атқарады; дыбыстарға антонимдік, синонимдік ерекшеліктер тән болады (Р дыбысының синонимі – З дыбысы, антонимі – Л дыбысы). Н дыбысы, көбіне, қимылдың субстантивтенуін белгілеп, қарама-қарсылықты білдіреді.

- 4) дыбыстардың сәйкестену заңдылықтары бар.

Жеке тілдің табиғатын, қалыптасу жүйесі мен пайда болуын, тек синхрониялық аспектіден зерттеу еш нәтиже бермесіне, ал басқа тілдердегі ортақ мағынаны анықтап, салыстыра зерттеудің нәтижелі болуына, генетика-семантикалық тәсілдің қолданылу нәтижелері айқын көз жеткізіп отыр.

Дауыссыз дыбыстардың сәйкестігі негізінде жасалған сөзжасамдық үдерістер сөз таптарына бөлінудің де негізгі бір қайнар көзі болған. Сөзжасамдық үдерістер сөз мағыналарының жіктелуін тездетеді. Түбірдің макросемасы жаңа ерекше макросемаларға ажырағанда, бір заттың атауы мен сол заттың қимылын, белгісін білдіретін семаларға бөлінеді. Ал түптеп келгенде, мұның өзі сөз таптарына бөліну, жіктелу деген сөз. Мысалы: *ат – ет, ас – аш, көз – көр, өд – өт, бай – бақ, тоң – тон, көң – көн, күн – күй, бор – боз, аз – ар(ық), жай – жақ, қаз – қад(а), дақ – ақ, бес – мес, далаң – жалаң, атырау – ажырау, алақан – айа* т.б.

Әдетте, түркітануда «тарихи тұрғыдан сөздердің етістік және есім деп аталатын грамматикалық (мүмкін тек морфологиялық) кластарға жіктелуі тілдің грамматикалық құрылыстардың дамуымен, соның нәтижесінде аффиксация тәсілінің болуымен байланысты» деп қарастырылады [118, 111]. Ал біз сөздердің морфологиялық тұлғалар арқылы түрленіп, белгілі сөз табына өтуі, негізінен, сөздің семантикалық дамуымен қатысты болатын мағыналық жіктелуімен тікелей байланысты деп есептейміз. Сөз табына жіктелу үдерісінің болуын фонетика-семантикалық сөзжасам үдерісі жетілдірді, тездете түсті. Жалпы тарихи тұрғыдан алғанда, сөзжасамдық аспектіде сөздерді сөз

табына жіктеуден гөрі, оның мағыналық ішкі құрылымына сәйкес, семантикалық өріске бөліп талдау дәйекті нәтижелерге әкеледі.

Көне тілдердің жасалуы, тек қана белгілі бір түсінікке тәуелді болады. Мәдени ортақ ұғымды бейнелейтін конструкт одан силлабофонема, одан жеке дыбыстық жіктеліске түскен морфема – түбір, осылайша сөздің лингвогенездік сипатын таныған дұрыс деп тұжырымдаймыз.

Дауыссыз дыбыстардың сәйкестігі мен жіктелуі негізінде жасалатын туынды сөздердің негізгі қалыптарын былайша көрсетуге болады:

Л – Т сөзжасамдық қалыбы

Көне түркі тілдерінде *л-т* дыбыстарының сәйкестігі арқылы сөздің лексикалық мағынасының өзгеретіні туралы А.Н.Кононов [18, 77], И.А. Батманов [119, 11], Н.А. Баскаков [11, 176], Н.К. Дмитриев [13], Е.З. Қажыбеков [100, 101] т.б. еңбектерінде тұжырымды пікірлер айтылған. Л-Т дыбыстарының сәйкес өзгеруі арқылы жасалатын туынды негіздер мағынасы, көбінесе, антонимдер мағына болады. «Л» дыбысы арқылы нысанға бағытталатын, нысанның өзінде орындалатын іс-әрекет белгіленсе, «т» дыбысы арқылы нысаннан бөлектену, кету, айрылу мағынасы қалыптасып, антонимдік айырма туындайды. Антонимдік мән қалыптастырудың мәнісі себепші түбірдің бірлігінде жатыр. Яғни бір сөзжасамдық ұядан тараған номинативті бірліктердің өзек мағынасы ортақ болып, айырма мағыналары бір нысанның әртүрлі қасиеті мен сипатын анықтайды. Біздіңше, көне түркі тілінде **ЛТ** буынының өзіндік мағынасы болған. Ол мағына құрамындағы **л** және **т** дыбыстарының мағыналарынан жасалады:

кел – нысанға белгілі субъектіні жақындату, шақыру.

кет – объектіден субъектіні алыстату, кетіру.

ал – нысанды субъектіге беру.

ат – нысанды субъектіден алыстату, кетіру.

қал – нысанды белгілі субъектінің жанында қалдыру.

қат – нысанды белгілі субъектінің жанында қалдыру.

құл – субъектінің төмендік сипаты.

құт – субъектінің жоғарылық сипаты.

сал – нысанды субъектінің белгілі жерге орналастыруы, жайлауы.

сат – нысанды субъектінің біреуге беруі, алыстатуы т.б.

Л – Т дыбыс алмасуы арқылы тілде көптеген антонимдес жаңа туынды тұлғалар жасалған.

Қ – Й сөзжасамдық қалыбы

Бұл сәйкестік арқылы сөз жасалатыны, сөздің номинативтік мағынасының өзгеретіндігі түркітанудағы зерттеулерде жазылған. «И» дыбысының кез-келген дауыссызды алмастыру қасиеті бар сыналық, қыстырма дыбыс. Мұндай сәйкестікті кездейсоқ сәйкестік ретінде қарастырамыз. *Қ-й* сәйкестігі арқылы жаңа сөз туындағанда, туынды сөздердің мағынасында өзек мағына толық сақталады. Сөздер алдымен көпмағыналылық сипатта болып, айырушы семаны бірте-бірте иеленеді. Мысалы: *жоқ – жой, тоқ – той, соқ – сой, бақ – бай, жақ – жай, оқ – ой, ұқ – үй (ой)* т.б. *Қ* – дыбысы арқылы пайда болған туынды сөз алғашқы; *й* дыбысы екіншілік номинация жасаған. Көне түркі тілінде *йоқ – жоқ* сөзінің мағынасы – 1. Нет, отсутствующий, 2. Высокое, место, 3. Бедный, неимущий т.б. болған *vu etta sig jog* – бұл етте шыр жоқ [86, 272-273]. *Иой-жой* сөзінің мағынасы – *прятать, скрывать*: *iiti biccin Kens ovlinig bolunin bicip basin lezda joldi* [270]. Демек, *жой* – тығу, тығып қою мағынасы *жоқ* семасы арқылы негізделеді де, қазіргі тілдегі жойып жіберу, жою семасы кейін уәждеме нәтижесінде жаңа номинативтік сема ретінде ерекшеленіп бөлінеді.

Р-З сөзжасамдық қалыбы

Р-З сәйкестігінің пайда болуы жөнінде алуан түрлі пікір бар. Алтайлық тіл білімінде қалыптасқан ғылыми тұжырымдарды былайша топтастыруға болады. 1. Р-З дыбыстары бір уақытта жарыспалы сипатта қатар пайда болған [Клапрот, Шотт, Ашмарин]; 2. «Р» дыбысы «З» дыбысынан бұрын пайда болған [Рамстедт, Дмитриев, Поппе т.б.] 3. «З» дыбысы «Р» дыбысынан ерте пайда болған [Богородицкий, Радлов, Серебренников т.б.]. Р-з дыбыстары бір-бірінен туындайтын аллофондық сипаттағы дыбыстар емес, олар «рз» дыбыс тіркесінің жіктелуінен жасалғандығы тарихи зерттеулерден белгілі. Қалай болғанда да, р-з дыбыстарының сәйкес келуі арқылы жаңадан туынды сөздердің номинативті мағыналары түзілді. Біз тек олардың жаңа сөзжасам қызметін айқындауды ғана міндет етеміз.

Бұл сәйкестіктен пайда болған сөздер бір денотаттың не сигнификаттың әртүрлі мағыналық қырларын айқындайтынын, ұғымдық атаулардың бір-бірінен туындаған, мағыналық біртекті ұғымдардың әртүрлі сапалық қасиетін терең айқындаудан пайда болған туынды сөздер екенін бағамдауға болады. Жаңа туынды сөздердің бір денотатқа қатыстылығы, *P-3* сәйкестігінің генетикалық бірлігін көрсетсе керек: *көз – көр, аз – арық, боз – бор, тіз – тер, таза – тара, өгіз – өкір, езу – еру, ез – ер, тұзу – теру, сез – сер-гек, семіз – семір* т.б. Көрсетілген мысалдардағы жұптардың бірі – зат есім, екіншісі – етістік болғанымен, негізгі мағыналары бір денотатқа қатысты. Мысалы: *Көз* – адамның айналадағы заттарды көретін қасиетті бар мүшесі. *Көр* – айналадағы заттарды көз арқылы қарау, көру қимылы, әрекеті. Екі атаудың білдіретін ұғымы бір денотатқа қатысты: бір денотаттың өзі мен оның жасайтын әрекеті. Демек, бұл сөздердің екі сөз табына жатуы, олардың мағыналық айырмасының критерийі бола алмайды. Тек қызметтік тұрғысынан ерекшеленетін бұл тұлғалардың семантикасындағы өзексема ортақ, біртекті. Семамасындағы ортақтықты көрсететін генетика-семантикалық код – көру семасы. *P-3* дыбыстарының сәйкестігі жаңа мағынаның түзілуіне себеп болады да, арнайы сема жасалады.

Р-II сөзжасамдық қалыбы

«И» дыбысының сыналық қызметінің негізінде пайда болған таңбалар арқылы жаңа туынды мағыналар белгіленеді: *Тіре – тайа, қырқу – қый, бар – бай, жар – жай, қырсық – қыйсық* т.б. Мұндай модель арқылы қалыптасқан жаңа мағыналар әуелде вариант ретінде бірдей мағынада қолданылып, кең жаңа номинативтік белгілердің танылуына сәйкес, ерекше семалар иеленіп, жеке таңба ретінде жіктелген деп санауға болады. Айталық, «*тіре*», «*тая*», туынды сөздерінің негізгі және өзексемалары ортақ белгілі нысанның тірегі, сүйеуі таянышы. Көне түркі тіліндегі мағыналарының өзінде ерекшелік сипат болған: *тая* – «прислонять, ставит опору [86, 527]. *Тіре* – «подарить» [86, 561] мағыналарын білдіріп, жекелей номинативтік мағынада жұмсалған. Осының өзінен ортақ генетика-семантикалық біртекті аңғару қиын емес. Ал қазіргі қазақ тілінде бұл сөздердің мағынасы дамып, жетіле түскен: ҚТТС бойынша «*тая* – *тіреу, сүйеу; тіре* – *таяп қою, тақау, сүйеу* мағыналарын береді, тағы

бірнеше ауыспалы мағынада жұмсалып, көптеген мағыналардың жаңадан туындауына себепші негіз болады.

Р-Л сөзжасамдық қалыбы

Р және *л* дыбыстарының алмасуының негізгі себебі, олардың генетикалық біртектілігімен түсіндірілсе керек. А.М.Щербак «Сравнительная фонетика тюркских языков» атты еңбегінде чуваш тіліндегі *р-л* дыбыстарының сәйкестілігі жөнінде айта келіп, мұндай құбылыстың кейінгі дәуірде пайда болғанын жазады. [141, 85-8]. М.Т. Томанов еңбегінде *р-л* ауысуының кейбір морфемалар құрамында кездесетіні жөнінде пікір білдіріп, «*Р*» дыбысы «*Л*»-дан бұрын болған деген ой айтады [118-63]. *Р-Л* дыбыстарының сәйкесуі арқылы жаңа сөз жасалатыны бұрын соңды ғалымдардың назарына ілінбеген сыңайлы.

Тіліміздегі *ұлық – ұрық, ұры* (көне мағынасы), *алый* (орыс тілінде) – *арай, соль* (орыс тілінде) – *сор* т.б. сөздерінің кездесуі, көрсетілген тұлғалардың сәйкесуі арқылы мағынасы жақын синонимдес тұлғалардың жасалынатынын айқындайды.

Н-Ң сөзжасамдық қалыбы

Н-Ң дыбыстарының жасалып, қалыптасуы жөнінде әр түрлі пікірлер бар. Г.И. Рамстедт, М.Р. Рясянен көне *ң* дыбысы арқылы *н* дыбысы жасалған деп пайымдаса, А.М. Щербак пікірінше, *м* және *н* дыбыстарының көне дыбыс ретінде танылады [141, 81]. *Ң* дыбысының пайда болуы жөніндегі А.М. Щербактың *нк , нг, нк* дыбыстары тіркесі ретінде пайда болды деген пікір бар. *Н-Ң* дыбыстарының сәйкес келуі олардың генетикалық біртектілігімен, сөзді атау мақсатында «*н*» аллофонының бірте-бірте фонемалық деңгейде жүктелу үдерісімен түсіндіріледі. Мысалы: *тон-тоң, қон-қоң, он-оң, иең-жең, ену-енгізу, ін-үңгі* т.б. Аллофондық мән арқылы жіктеліп дамығандықтан, *н-ң* жақын, көпмағыналылықтың негізінде пайда болған туынды сема ретінде танылуы тиіс. Жаңа пайда болған семалар бір денотатқа байланысты болатын құбылысты белгіні, сапаны, қимылды т.б. танытады. Айталық, *тон* – суықта киетін киім, көне түркі тілінде жалпы киім атауы (*janı arıj ton kedır –жаңа, таза тон кийіп*) [86, 574], *тон* – суықтан тону қалтырау (*konakı neluk ton oı kunaska olurur ol*) [86, 575] т.б. ортақ өзексема – нысанды суыққа байланысты белгісі мен соған қатысы.

Н-Й сөзжасамдық қалыбы

Түркітанудағы әдебиеттерде *н-й* сәйкестігі арқылы сөз жасалуы жөнінде пікір кездеспейді. *Күн* – *күй* сөздерінің бір-бірімен байланысып, жақын келетінін Г. Вамбери, М.Р. Ряснен, Г.И. Рамстедт, С.Е. Малов, Ф.И. Исхаков т.б. ғалымдар еңбектерінде ескерткені жөнінде Е.З. Қажыбеков жазады [100, 60]. *Күн* – *күй* сөздерінің тұлғалық сәйкестігі түркі диалектілерінде сақталған: Қарайым тілінде – *куйаш*, татар тілінде – *қойаш*, якут тілінде *кйяс*- күн, ыстық күн мағынасында қолданылатыны ғалымдар еңбегінде көрсетілген. «Н» және «й» дыбыстары бір-бірімен сәйкес дыбыстар қатарына жатпайды. Мұндай сипаттағы туындайтын сөзжасамдық мағынаның сыры сына «й» дыбысының қасиетімен байланысты қаралады. Қай сөз табына жататындығына қарамастан, біздіңше, «н» тұлғасы арқылы жасалған сөздер атауы – біріншілік, «й» тұлғасымен жасалған сөздер екіншілік номинация болып саналады. *Күн* – *күй*, *қанша* – *қай* /*да*/, *қон* – *қой*, *жан* – *жай* /*жай оғы*/, *қонды* – *қойлы* т.б. туынды сөздер жасалуының негізі осы қалыптың дыбыстарымен байланысқа түсуі алдында тұрған дыбысқа жалғануы оның артикуляциялық-фонетикалық табиғатынан туындайды.

Б-М сөзжасамдық қалыбы

Б және М сөзжасамдық қалыбының жасалуы, сәйкесу себебі туралы әртүрлі пікірлер бар. Н.А. Баскаков «М» дауыссызын У– П –Б – В сәйкестігі қатарына қосса [12]. Қалай болғанда да, сөзжасамдық, ономаσιологиялық аспектіде зерттегенде Б-М қалыбы арқылы жаңадан сөз жасалады.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде анлаутта «б» дыбысы келеді де, қазіргі тілдерде «м» дыбысына ауысады: *бойын-мойын*, *бұз* – *мұз*, *бұрын* – *мұрын* т.б. Мұндай ауысуларда сөз мағыналары өзгермейді. Ал, *береке* – *мереке*, *бол* – *мол*, *бат* – *мат*, (*малты*), *жабы* – *жаман* сияқты сөздердің тұлғаларының өзгеруінде мағыналық жіктеліс нәтижесінде арнайы сема орнығады. Көне түркі тілінде «*бол*» сөзінің мағынасы 1. Случаться, происходить, совершаться, иметь место. 2. Быть в наличии, иметься, существовать. Мысалы: *ogi bolmasa er etumas isig* [86, 111]. Осы мағынасы арқылы *мол*, *көп* мәні туындайды. «*Мол*» тұлғасы Орхон-Енисей жазбаларында кездеспейді, көптік мағына «*бол*» тұлғасымен беріліп, кейін тұлғалық жіктеліске түскен.

«Жаман» сөзі көне түркі ескерткіштерінде кездеседі: *beduk jaman bir kik erdi* – биік жаман бір киік еді, ал *жабы* тұлғасы басқа сипатта келеді. *Йабыз – ничтожный, плохой, слабый: anca bilinlar jabis ol* – онда біліңдер жабы ол. Мүмкін бұл сөз негізі «jabus» емес, «йабы-жабы» түрінде, ал «с» – қосымша болуы ықтимал.

С-Т сөзжасамдық қалыбы

Т-С сәйкестігі «тс» аффрикатының жеке дыбыстарға жіктелуі негізінде пайда болады. Бұл дыбыстық сәйкестік арқылы жасалған сөзжасамдық қалып көне замандарда қалыптасқаны аңғарылады. Танымның дамуында сәйкес ұғымдардың жіктелу үдерісін белгілеу, таңбалау жүйесі «т» және «с» дыбыстарының мағыналық ерекшелігін айқындау қасиетімен байланысты болған. Әуелгі бір этимон түбірдің макросемасы «т» және «с» дыбыстарының ерекше фонема болып жіктелуі арқылы әртүрлі тектес мағыналарға жіктеліп, номинативті туынды атаулар түзген. Айталық «су» сөзі көне түркі тілінде, қазіргі түркі тілдерінде «вода» мағынасын, яғни «табиғи сұйық зат, адам тіршілігінің нәрі» мәнінде жұмсалады. С-Т дыбыс жіктелісі арқылы тілдік факт. «Тұ-ман» сөзінің құрамындағы «тұ» су мағынасын, «түкірік» сөзінің құрамындағы «тү» – су мәнін береді. Бұл тұлғалардың мағыналық құрылымындағы ішкі генетика-семантикалық код біреу, ол – «су». Семантикалық талдау арқылы «судың қазақ тіліндегі – *ылғал, шық, бұлақ*; орыс тіліндегі – *влага, вода*, ағылшын тіліндегі – *water*, санскритте – *var* т.б. варианттарын саралағанда, бұлардың бәрі ортақ сөзжасамдық қалыптарға негізделгенін, ортақ семадан өрбігенін көре аламыз. Қазіргі тілде қолданылатын «соғым» сөзінің түбірі – «соғ, соқ» емес екені түсінікті. Себебі екі тұлғаның мағыналарында ортақ семантикалық мән жоқ, сондықтан бір-бірін негіздей алмайды. «Соғым» сөзі тұлғалық жағынан өзгеріске түскен. Алғашқы тұлғасы «тоғым» болған. Көне түркі тілінде «тоқұм» – сойылатын мал мағынасында жұмсалған / [*tadi bir gutu asga barmas ogip / kisig asga undas togimlaz togip*]. Себепші негізі – тоқ [86, 576]. Демек «соғым» – екіншілік номинация.

Көне түркі тілінде «су» тұлғасының мағынасы – әскер екені белгілі [86, 516]. Біздіңше, бұл тұлға монғолдың «түмен» сөзімен генетикалық жағынан бірлікте. Ту – су түбірлерінің беретін

мағыналары – әскер, т – с дыбыстарының сәйкестігі арқылы екі негіз туғызып тұр. *Ту + мен* дегендегі «мен» – адам мағынасын береді де, әскери адам мағынасы туындайды. Сірә, Т-С дыбыстық жіктелу тек жаңа сөздер туғызып қана қоймаған, мұндай сөзжасамдық қалып тілдердің жіктелуіне септігін тигізген болуы керек. Қазақ тілінің Жетісу диалектісінде «түр», «сипат» мағынасын білдіретін «сүр» түрінде кездеседі [*сүрін қара, сүрін құрсын, сүрі жақсы*] т.б.

Сондай-ақ *тығу – сұғу, тұрық – сырық, тұр – сорай, тарығу – сарық – сарқыл* т.б. тұлғаларының номинативті мағыналары көпмағыналық қалыптан дамып, синоним сөздер ретінде қалыптасқан. *Толу – солу* негіздері т-с дыбыстарының жіктелуі нәтижесінде антонимдік сипатта дамып жаңа мағыналық ыңғайда қолданылған.

С-Ш сөзжасамдық қалыбы

Шығу төркіні бір болғандықтан, дыбыстар бір-бірімен алмаса алады. С-Ш дыбыс сәйкестігінде осындай генетикалық жақындықтың көрінісі ретінде бағалаймыз. Көптеген зерттеу еңбектерінде с-ш дыбыстарының сөз басында бір-бірін алмастыра алатыны жөнінде әңгіме болады. Біз байқаған және бір ерекшелік бұл дыбыстарының алмасуына жаңа сөздер де туындайды. Сондықтан жеке сөзжасамдық қалып ретінде бөлек көрсетуге болады. Мысалы: *ас – аш, өс – өш, бас – башай* т.б. тұлғаларының мағыналық дамуы антонимдік сипатта болған. *Ас – тағам, аш – тоқ емес*, яғни тағамның, астың жоқтығын білдіретін ұғымды белгілейді. Яғни бір денотаттың бір-біріне қарама-қарсы мәнін көрсететін ұғымды осылайша таңбалау – тілдік заңдылық болған. «*Өс*» денотаттық не сигнификаттық ұғымның жоғарғы өрлеуін, құлдырауын таңбалайтын таңба, орыс тіліндегі «*есть – ешь*» тұлғаларының дыбыстық өзгерісін де осы ретпен түсіндіруге болады.

Т-Ш сөзжасамдық қалыбы

Т-Ш дыбыс сәйкестігі «*тиш*» аффрикат дыбысының жіктелісінен пайда болған құбылыс. Т/Ш дыбысы негізінен тілдің аса ежелгі даму кезеңінде болған жіктелу жүйесі, түркі тілдерінің жіктелісін де туғызған. Алтай, тува, тофа, хакас, чулум, шор, татар, қырғыз тілдерінің өзге түркі тілдерінен ерекшеленуіне себеп болған. Қазақ диалектілерінде *т-ш* дыбыс ерекшеліктері арқылы жасалған

тұлғалар кездеспейді. Т-Ш дыбыстарының сәйкес келуі туралы М.Т. Томанов «аффрикат дыбыстардың ыдырауының нәтижесі болар» деген пікір айтады. Т-С, Т-Ш дыбыстарының жіктелуі түркі тілдерінің дыбысталу өзгерісін туғызған. Айталық, қазақ тілінде – *шын*, татар – *чын*, хакас – *сын* т.б.

Т-Ш дыбыстарының жіктелуі бір тілдің ішінде әртүрлі жақын мағыналы сөздерді атау үшін қолданыла келіп, ерекше сөзжасамдық қалып туғызған. Айталық: *тіре-шіре*, *торлау-шырмау*, *тарт-шарт*, *тармақ-шарбақ*, *тік-шік* (*шікірею*), *тіші* (*көне түркіде – айел*), – *шеше* [86, 563]. Мұндағы «*тіре*» – «*шіре*» т.б. сөздерінің мағыналары бір-біріне жақын болып, генетикалық тұрғыда бір өзексемадан тарағанымен, тіл дамуы барысында ерекше номинациялық мағыналарға ие болған: «*тіре*» – *таяп қою*, *тақау*, *сүйеу*, «*шіре*» – *күш салып шірене тарту* [115, 372; 174, 417]. *Торлау -шырмау* сөздерінің өзексемалары – белгілі нысанына тор етіп шандып, шешілмейтін етіп байлау, ал арнайы семалары ерекше: *торлау* – сымды не жіпті тор сияқты етіп шандып байлау, *шырмау* – шешілместей етіп байлап тастау т.б.

Демек, Т-Ш дыбыстарының сөзжасамдық сипаты көне замандарда белсенді болған, жаңа мағыналы туынды сөз жасаудың негізгі бір сипатын танытқан.

Т-Ж сөзжасамдық қалыбы

Т-Ж қалыбының сәйкес келу заңдылығын көне түркі ескерткіштер тілінде сөз басында *т-ж* сәйкестігі болатынын деректер арқылы көреміз. Олардың сәйкес келуінің себебі генетикалық тектес болуында. Т-Ж дыбыстары тек сөз басында тұлға туғызушы қызмет атқарып қана қоймайды, сонымен бірге жаңа сөз туғызатын да қабілеті бар. Тілдің дамуында бұл сәйкестік арқылы сөз жасау көне кезеңнен бастау алады. Айталық, көне түркі тіліндегі «*тат*» сөзі мен «*жат*» сөздерінің мағыналық сипаты бірдей. «Тат» – басқа тайпа адамы деген мағынаны берген [86, 541]. Бұл тұлғадан «*татлы*», «*татар*» лексемалары туындаған. Қазіргі тіліміздегі «*жат*» – бөтен, басқа мағынасында жұмсалады, «*тат*» тұлғасының сипаты сақталмаған. Орыс тілінде «*тать*» тұлғасының «*враг*» мағынасы да бар.

Көне түркі тілінде «тетік» – *сообразительный, понятливый* мағынасында жұмсалып, «*тарту*» – *порядок, закон, обычай, обряд* мағынасын берген [86, 541]. Бұл тұлғалар мағыналық жағынан дами келе «*тетік – жетік*» сипатына ауысып, жаңа

семаға ие болған, ал *«тетік»* тұлғасының көне мағынасы *«жетік»* сөзіне алмасқан. Тек «істің тетігін білу» тіркесінде сақталған. *Төру* – сөзінің көне мағынасы тұлғасының өзге *«жора»*, *«жоралғы»*, *«жол»* тұлғалары арқылы беріледі. Сөйтіп, жора, жол, жоралғы сөздері дәстүрлі салт-сананың, әдет-ғұрыптың жөнін білдіретін сөз ретінде танылады. Төру – жора – жоралғы – жол түрінде дамып, дәстүр, ғұрып, салт ұғымын таңбалайды. *«Тұл – жұл»* сөздері де т-ж дыбыстарының сәйкесуі негізінде пайда болған. Көне түркі тілінде *«тұл»-толкать* мағынасын береді. Кейінгі тіл дамуында *тұл – түй*, *түйіп жіберу* мағынасында, *тұл – жұл*, *жұлқылау* тұлғасында жіктеуші мағынада жұмсалған. Сөйтіп, тілдің лексикалық қоры дамып, адам ұғымы кеңейе түскен. Сондай-ақ, *тұр – жұр*, *атырау – ажырау*, *тақым – жақын – тақау*, *таяу -жақын* т.б. сөздер осы қалып негізінде жаңа сөз ретінде туындаған.

Т-Й сөзжасамдық қалыбы

Т-Й дыбыстарының сәйкестігі «ти» дыбыс тіркесінің жіктелуі негізінде тілдің көне даму кезеңінде пайда болған. Т-й сәйкестігі негізінен түбір инлауытында пайда болып, мағыналас синоним сөздерінің қалыптасуына себеп болған. *Ат – айт*, *жат – жай*, *қатты – қайсар*, *жұт – жой* т.б. тұлғалардың жасалуы осы сөзжасамдық қалып арқылы болған. «Й» фонемасы арқылы жасалған атау екіншілік номинация болады. Көне түркі тіліндегі *«қата»* сөзінің мағынасы – «раз, крат», кейінгі дамуында тұлғалық жағынан өзгеріске түсіп, «қайта, қайтара» сипатын иеленген. Мұндағы «й» сына дыбыс [86, 432].

Көне түркі тіліндегі *«кед»*, *«кет»* түбірлерінің мағынасы – киіну, киім: *toni kedti aj toedi tuzdi очи* – тонын киіп ай толды тұрды жоғары, *еч tonin ketti* –ер тонын киді. [86, 292, 303]. Бұл тұлға қазақ тілінде «кит кигізу» тіркесінде негізгі мағынасын сақтаған, Т-И сәйкестігі арқылы кейін, киім мағыналары туындап, жаңа деривация жасалған.

Д-Ж сөзжасамдық қалыбы

Д-Ж дыбыстарының сәйкес келіп, сөз тудыра алу қабілеті «ДЖ» аффрикаты жіктелуінің нәтижесінде болған. Қазақ тілінде *дж* аффрикаты диалектілерде сақталған, әрі д-ж сәйкестігі ретінде говорларда варианттық қалыпта жұмсала береді. Көне

түркі тіліндегі сөздік қорда «д» -дан сөз басталмайды: анлаутта да, инлаутта да кездеспейді. Тек араб-парсы, санскрит тілдерінен енген сөздердің құрамында болады. Д-Ж сөзжасамдық қалыбы негізінде сөз жасалу бір тұлға мен макросеманың жіктелуі, сөйтіп танылған ұғымды атау қажеттігін өтеу үшін орындалған. Сәйкес дыбыстар жіктелуі арқылы жасалған жаңа номинативті тұлға мағынасы синонимдес болады. Көне түркі тіліндегі «қадыр» сөзінің мағынасы «суровый, жестокий, лютой, свирепый» [86, 403]. Қазақ тіліндегі «қадыр, қадырлы» сөздері осы мағына арқылы негізделген екіншілік номинация. *Қажыр, қажырлы, қажырлылық* тұлғаларының мағынасында алғашқы сөз мағынасы шеткей өрісте сақталған. *Қадыр – қажыр* сөздері *д-ж* дыбыстарының сәйкестігі арқылы пайда болған.

Көне түркі тіліндегі «адыр» сөзінің мағынасы «разделять, отделять друг от друга, разлучать» [86, 11]. Д-Ж сөзжасамдық қалыбы негізінде *адыр – ажыр, адырат – ажырату* тұлғалары жаңа мағынаға ерекшеленген. *Ажырай – адырай; адасу – ажырау* сөздерінің ерекше семалары жіктеле дамыған. Көне түркі тілінде «өд – сөзінің екі мағынасы берілген: 1. Время, 2. Небольшой отрезок времени» [86, 377]. Д-Ж сөзжасамдық қалыбы арқылы орыс тіліндегі «уже» тұлғасы туындаған. Екі сөзге ортақ мағына – уақыт, аз уақыт мөлшері. *Жақ – дақ, жау – дау, жүр – дүр/дүр етіп ұшу* т.б. туынды сөздер де осы сөзжасамдық қалып арқылы дамыған.

Ж-Й сөзжасамдық қалыбы

Ж-Й сөзжасамдық қалыбы болуы «й» дыбысының сыналқ қасиетімен байланысты. Бұл сәйкестік қазақ тілі диалектілерінде жиі кездеседі [177, 55]. Й-Ж, Д-Ж сәйкестіктерінің болуын М.Т. Томанов «жалпы түркі тілдеріндегі жүйелі дыбыс сәйкестігінің ізі» ретінде бағалайды. [118, 69]. Сөзжасамдық қалып арқылы мынадай туынды сөздер мағынасы туындайды: *ажырау – айыру, ажырық – айырық, айырым, ұжым – ұйым, жиын – ішін, (ішін тіркескен), ырғау -жырғау, жек көру – иектеу (жек көру мағынасы)* т.б. Қалыптасқан мағыналар бір-біріне жақын, синонимдік мағыналар. Семалық ерекшелік жіктеуші семалар арқылы өзгешеленеді.

З-Й сөзжасамдық қалыбы

З-Й сөзжасамдық қалыбы «и» сына дыбысының негізінде жасалады. Сәйкестіктің орындалу кезеңі М.Т. Томановтың зерттеуінше, орта ғасырларда болған [118, 71]. М. Қашқари еңбегінде «дз» дыбысы чығыл тайпасының өзгешелігі ретінде, «з» – қыпшақ тайпасының, «й» – тухси тайпасының ерекше белгісі ретінде анықталады [1]. З-Й дыбыстары сәйкестігі арқылы жасалған сөздер бір-бірімен мағыналық жақындықта болады: *жай – жай, азу – айну, қаздио – қайқаю, құз – құй, күзек – күйек, сөз – сөй/ле*, т.б. Орыс тілінде *заря, зорька-ярко, Ярило* т.б. сөздерінде туындап, жаңа мағына алуына осы тұлғалардың алмасуы себеп болған. Көне түркі тілінде «аз» сөзінің өзге мағыналарымен бірге «сбиваться с пути, заблуждаться, терять дорогу» мағынасы бар. Осы сема кейін з-й дыбыс сәйкестігі негізінде «айну» тұлғасында дамыған. *Азу – айну* семалары синонимдес мағынада жұмсалады.

Д-Й сөзжасамдық қалыбы

Қазақ тілі лексикасы дамуында з-й, д-й сәйкестіктері сөзжасамдық үдерістердің тууына елеулі үлес қосқан. Бұл екі сәйкестік бір-бірімен тығыз байланысты. $дз=д-з, д-й, з-й$. Д-Й сәйкестігі арқылы жасалған туынды сөздердің мағынасы тектес, сабақтас болады. Яғни бір ғана денотаттың әртүрлі белгілері мен сапаларын айқындау үшін жасалады: *адақ/тау/-айақ, адыр-айыр, жадау-жайау, құдық-құйық, кід-кйй*, т.б.

Көне түркі тілінде «*үйдіз*» – палас, кошма [ДТС, 306], қазіргі тілде – *кйіз* сияқты сөздер жиі кездеседі. Демек д-й сәйкестігі үнемі жаңа сөз туғыза бермейді. Тіл дамуындағы мәнделес, ұштас ұғымдарды атау қажеттігі болғанда ғана жаңа туынды сөздер жасалады.

Д-З сөзжасамдық қалыбы

Д-З сәйкестігінің болуы әуелгі бір ДЗ аффрикатынан жіктеліп, жеке фонемалық сипат алуымен байланысты. ДЗ аффрикаты – «ТС» -ның ұяң варианты. Түркі тілдері ішінде сары ұйғыр және салар тілдерінде кездеседі. Д-З дыбыстарының жіктелуімен бірге сөз мағыналарының да өзгеруі байқалады.: *қызыр-қыдыр, азу-ада, адасу; қазық-қада; аза тұту – ада болу; қозы-қодық (кішілік семасы); құз-құдық тереңдік семасы; қаздио-қадау (тік тұру семасы)* бұл туындаған сөздердің мағыналары бір де-

нотатқа байланысты болып, оның белгісін, қасиетін сипаттайды. Сөзжасам заңдылығы бойынша, бұл туынды сөздер өз кезегінде жаңа сөзжасамдық мағыналарға негіз болады.

Қ-С сөзжасамдық қалыбы

Қ және С дыбыстарының сәйкес келуі жөнінде бұрын жазылған пікірлерді кездестірмедік. Тілдік деректер көрсеткендей, қ және с дыбыстары да бір-біріне сәйкес қолдана алады. Бұл өте өнімді сөзжасамдық қалып ретінде әлем тілдерінің бәрінде кездеседі, түркі тілінде аса маңызды рөл атқарған. Дыбыстар сәйкестігі ең көне замандарда тілдердің жіктелуіне ықпал еткен. Алтай және үндіеуропа тілдерінің саралануына мол әсері болғандықтан, түркі және латын тілдерінің тілдік деректерін салыстыра отырып аңғаруға болады. Мағынасы мен тұлғалануы бір латын және түркі сөздерінің тілдік өзгеруі тек кей дыбыстардың өзгеше оқылуы мен дыбыстық сәйкестіктердің болуымен сабақтас екеніне көз жеткіземіз.

Түркі тілдерінде – «Қ» дыбысы арқылы жасалған сөздер латын тілінде «С» дыбысы арқылы тұлғаланған. Мағыналық жақындығы мен біртектестігі айқын. Мысалы, лат. *Cervus-кербез, кер марал, certatio (ссора) – керісу; citer trp (находиться на той стороне) – шет тұру; civi, civicus (обходительный, вежливость) – сыпайы, сыпайылық; cogo, coegi (собирать, связывать) – көгендеу; cohor, chors, cors (двор, загон) – қора* [113, 115-190]. Мұндай тектес параллельдер саны өте мол. Бұл параллельдердің негізгі себебі бір кездегі аффрикат «х» (кс) – ның «к» және «с» дыбыстарына жіктелуінің нәтижесі. Мұндай сәйкестіктер жүйесі кірме элементтер ретінде емес, ортақ тұлғалар ретінде қарастырылуы тиіс. Орыс тіліндегі – «сорок» және қазақ тіліндегі «қырық» сөздері Қ-С дыбыстарының сәйкестенуі арқылы жасалған.

Латын тіліндегі (қазіргі айталық, ағылшын тілінде) «с» таңбасы бірде «к» бірде «с» болып оқылуында терең мән бар деп түсінеміз. Егер бұдан зейін қойсақ, онда «кс» аффрикатының тілдің ең көне даму шенінде болып, кейін «к» және «с» дыбыстарына жіктелгенін сөйтіп түрлі тілдерде әр алуан сөзтаңбалар туғызғанын мөлшерлеуге болады. Қазіргі қазақ тілінің материалдары негізінде де «қ» және «с» дыбыстарының сәйкестігін аңғаруға болады. Мысалы: *қыр – сыр, қыр – сыр (әңгіменің қыры мен сыры), қырыл – сырыл, құла – сұла, қылт – сылт, жаға – саға, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ, қыру – сыру*

(сызу) т.б. Бұл сөздерінің мағыналары тіл дамуы барысында жіктеліп, синонимдік мағынаға ауысқан. Айталық, құла және сұла сөздерінің негізгі өзек мағыналары тіл дамуы барысында жіктеліп, синонимдік мағынаға ауысқан. Айталық, *құла* және *сұла* сөздерінің негізгі өзек мағыналары ортақ нысананың көлбеу бағытта жатуы. Кейін сөз мағынасы дами келе «құла» – нысанның бір жерден құлауы, сүрінуі, белгілі жерге өте алмасуы т.б. абстракциялық мағыналары жасалады. *Сұла* – белгілі нысанның жай емес, қатты құлауы мағынасын береді. Демек, «сұла» варианты кейін дамып пайда болған да, құлау қимылдың ерекше сипатын нақтылай түсетін номинативтік тұлға ретінде қызмет атқарған.

Ғ-И сөзжасамдық қалыбы

Қ, Ғ дауыссыз дыбыстарының «и» – ға алмасуы жаңа ғылыми болжам бойынша комбинаторлық орын алмасуының себебінен қалыптасқан» [104, 63] деген пікір бар. М.Т. Томанов «ғ және «и» дыбыстарының ауысу заңдылығын зерттей келе, мұндай сөздердің семантикалық құрылымын бағамдап, мынадай тұжырым айтады: «бір кезгі мағыналық дублеттер даму барысында мағыналық жіктеліске түскен» [118, 60]. Шынында да, «и» қысқартырма дыбысы тек комбинаторлық орын алмастыру нәтижесінде ғана емес, сәйкес келіп, сөз мағынасына жаңа номинативті мағына үстейді. Ғ-и дыбыстарының алмасып қолданылуы түркі тілдерінің дамуында маңызды рөл атқарып, олардың жіктелуіне үлес қосқан сыңайлы. Мысалы: *байла – бағла, жай – жағ, тоғ – туу, йығыл – жыйыл* т.б.

Қ, Ғ–и дыбыстарының алмасуы негізінде жасалған туынды мағыналы жаңа сөздер заттың атауы мен оның қимылын білдіруі арқылы дәстүрлі сөз таптарының жіктелуіне де септігін тигізген: Мысалы: *соқ – сой, тоқ – той, жоқ – жой, жақ – жай, соғыс – сайыс, жық – жый, сайысу – сығысу, жағымды – жуысу* т.б. Көне түркі тілінде «соқ» сөзінің мағынасы: 1. Убить 2. Измельчать, толочь, крошить. «Сой» снимать кожу, обдирать [86.507-508]. Санскритте – «So» – кончать, убивать деген мағынаны береді [116,832]. Екі тұлға ортақ сема – нысанды ұру, майдалау, бөлу. Сой – кейін пайда болған екіншілік номинация, сондықтан оның ерекше мағынасы ортақ сема арқылы дамып, жаңа туынды мағынаға алмасқан.

Қ-У, Ғ-У сөзжасамдық қалыбы

Қ, Ғ дыбыстарының «у» -ға алмасуы комбинаторлық өзгеріс нәтижесі. Осы өзгеріс тіл дамуы барысында тек қана тұлғалық өзгерістер емес, мағыналық та даму туғызған. Сөздің мағыналық өзгерісі туынды мағына жасайтындықтан, мұндай құбылыстарды сөзжасамдық аспектіден қарастырамыз. Ғ-У дыбысының өзгерісін бағамдап М.Т. Томанов «сөз соңында айтылған ғ қазақ тілінде буын құрамайтын у дыбысына ауысты, бұл негізгі көрінісі» деп жазады [118, 60]. Дыбыс сәйкестіктерінің мынадай қызметтері болған:

- түркі тілдерінің ерекше халықтық тіл ретінде жіктелуі әсер етті;
- қазақ тіліндегі сөздер тұлғалық жағынан өзгеріске түсіп дамыды;
- қазақ тілінің сөздік құрамы жаңа мағыналы туынды сөздермен байыды;
- сөз таптарының жіктелуіне себеп болды.

Осындай тілдік қызметтер басқа да дыбыстық сәйкестіктер мен алмасуларға тән деп есептейміз. Қ, Ғ дыбыстары мен У дыбысының алмасуы арқылы жаңа сөз жасалу үдерісі тұлға мағыналарының дамуының екі сипатын туғызды. Осы тұлғалар арқылы сөздер зат есім мен етістікке жіктелді. Мысалы: *сақ – сау, жақ – дау, сезік – сезу, арық – ару, керік – керу, шерік – шеру, жасақ – жасау, тарақ – тарау, қарақ – қарау, сабақ – сабау* т.б. *Арық* – (семіз емес) мағынасы мен *ару* (сұлу) мағыналарының даму, қалыптасу сипаты мынадай болған. Көне түркі тілінде «*арығ*» -1. Чистый, незагрязненный, чисто; 2. Нравственно безупречный, благородный, порядочный, непорочный; 3. Чистый, истинный, неложный т.б. [186, 51]. Бұл мағыналардың негізгі өзек мағынасы – таза. Осы сема арқылы басқа арнайы мағыналар дамып жіктеліп, әртүрлі ұғымдарды белгілеген. Көне түркі тілінде «*ару*» сөзі осы тұлғасында таңбаланған, бұл тұлға кейін дамыған екіншілік номинация. Демек «*ару*» сөзінің ұғымдық мағынасы – жаны да, тәні де таза, аузынан ана сүті кеппеген мөлдір дегенді білдіреді. Қазіргі тілімізде «арық» сөзінің мағынасы тек тар мағынасында ғана қолданып, мағыналық бір парасын «ару» тұлғасына «берген» яғни жіктелген.

Ш-Ж сөзжасамдық қалыбы

Ш-Ж дыбыстарының сәйкестігі арқылы сөз жасалу мүмкіндігі Қазақ тіл білімінде бұрын-соңды сөз болмағанмен, мұндай дыбыстық сәйкестіктің диалектілік ерекшеліктерде кездесетіні туралы зерттеулерде жазылған. Батыс диалектіде «*келемеш – келемеж*», «*ештене – ежде*», «*ырғалып – жырғалып*» т.б. сөздер Ш-Ж тұлғалық варианттарында пайдаланады [177, 55]. Бұл сәйкестіктің кездесуінің тарихи себебі, тіл дамуындағы көрсетілген дыбыстардың генетикалық жақындығынан екендігі белгілі. Ш-Ж дыбыстары бір-бірімен тектес дыбыс болмағандықтан, сөзжасамдық қалып арқылы жасалған туынды сөздер мағынасы синонимдес болады. Мысалы: *шыр-жыр*, *шайыр – жырышы*, *шыр*, *шыр біту – жир*, *чир*, *шар – жарық* т.б.

Ш-Ж дыбысы сәйкестігі арқылы жаңа сөз жасау үдерісі ең көне кезеңнен басталып, сөздік құрамының дамуына қызмет еткен. Айталық, көне түркі тілінде «*шарла*» – громко плакать, реветь, трубить, звать мағынасын берген [86, 140]. Тұлғалық жағынан дамыған бұл форма мағыналық сипатта да дами түскен: *шар ету*, *шарылдау*, *шырылдау*, *шырыл – жылау*; дыбыс шығару мағынасы; *жар салу*, *жария*, *жарла*, *жариялылық т.б.-хабарлау мағынасы*; *зар*, *зарлық*, *зарлау – қиналу*, *еңіреу мағынасы*. Көне түркі тілінде «шек» сөзінің мағынасы «тянуть, завязывать, затягивать» деп көрсетілген [86, 140]. «Домбыраның шегі» дегендегі «шек» осы мағыналық семантикалық дамуының негізінде жасалған денотаттық мағына болуы керек. Ш-Ж сәйкестігі негізінде «*шек – жек*» тұлғалары қалыптасқан. *Жек*, *атқа жегу – атқа байлау* мағынасын береді.

Басқа тұлғалардың да мағыналық дамуын осындай ішкі семантикалық, компоненттік әдіспен анықтап, мағыналық шегі мен бірлігін, ерекшелігін анықтауға болады.

4.4. Дауысты дыбыстардың сөзжасамдық қызметі

Тілдің дамуы барысында сөздік құрамның молайып, ұғымда танылған заттар мен құбылыстардың белгісін, сипатын, сапасын, қасиетін айқындап таңбалау үшін дауыссыз дыбыстардың сәйкестігімен бірге, дауысты дыбыстардың да сәйкесуі мен алмасуы жүйелі түрде қолданылады. Дауыссыз дыбыстар кешені жүйелі түрде дами отырып, сөзжасамға, ондағы

номинация үдерісінің орындалуына қызмет етеді. Дауысты дыбыстардың сәйкес дыбыстарға жіктелу үдерісінде сөздің лексикалық мағынасын өзгерте алу қасиеті түркітануда бұрыннан белгілі. Э.В. Севортян зерттеулерінде жуан және жіңішке, ашық және қысаң дауысты дыбыстардың түбір морфема семантикасына аз да болса да өзгеріс енгізетіні жөнінде атап өткен болатын [122, 44]. Дауысты дыбыстардың сөз мағынасына өзгеріс енгізуі не өзгеріс енгізбеу мәселесі теориялық тұрғыдан ең түйінді мәселелерінің бірі болып саналады. Сингармониялық параллельдердің сөз жасаушылық қызметінің көне замандарда болып, кейін бұл үдеріс тоқтаған деген пікірді монғол тілінің маманы Г.Д. Санжеев айтқан. Ал Б.Я. Владимирев пен Т.А. Бертагаев сингармониялық параллельдердің сөз мағынасын дамытудағы рөлін мойындап, лексика-семантикалық қызметінің болуын кейін пайда болған құбылыс деп таниды.

Қазақ ғалымы Ж. Аралбаев түркі тілдерінде көне кезеңде «жіңішке дауыстылар болмағандығын, олардың жуан варианты ғана қолданылғандығын біздің заманымызға келіп жеткен тарихи ескерткіштер қалтқысыз дәлелдейді», – деп жазады [104, 95]. Яғни бір кезеңдерде тек *a*, *y*, *ы* дауыстылары тілдегі негізгі қызмет атқарып, олардың жіңішке варианттары тіл дамуы барысында кейін пайда болған. Ал дамудың негізгі себебі, дыбыстардың артикуляциялық-акустикалық дамуы ғана емес, сөзжасамдық қасиетімен де тығыз байланысты деп бағамдаймыз. Тілдің дамуы өзінен-өзі болатын құбылыс емес, әлем бейнесін белгілеу қажеттілігінен туатын күрделі де кешенді құбылыс десек, адам танымы таныған ерекше белгі мен сипатты белгілеу үшін дыбыстар жіктеледі, өзгереді. Дауысты дыбыстар да сөз жасау үшін, яғни ұғымға атау беру үшін жіңішке варианттарына жіктеліп дамыған. Сингармониялық варианттардың пайда болуының негізгі шарты – олардың сөзжасамдық қызметімен тікелей байланысты болуы. Дауысты дыбыстардың алмасуы мен өзгеруі сөз семантикасының жіктелу құралы болатыны туралы Е.З. Қажыбеков мынадай пікір айтады: «Чередование гласных в корне, также, как и все возможное соответствию согласных и другие фонетические изменения, часто приводят к дифференциации семантики комплексного пра-слова», – деп фонетикалық және семантикалық эволюцияның бір-бірінен байланысты екенін бағамдайды [100, 110].

Тарихи тіл дамуы барысында «а» фонемасы «е», «ә» -ге; «У» дыбысы у, у, о, ө-ге, «ы» дыбысы ы мен і-ге жіктеліп дамыған. Бұл дыбыстар өз кезегінде алғаш тек аллофон ретінде жұмсала келе, бірте-бірте мағына өзгертушілік қабілетіне ие болып, фонема сипатында қалыптасқан. Дауысты дыбыстардың сандық және сапалық жағынан өсуінің басты себебі – жаңа мағыналы туынды сөз жасау қажеттілігіне негізделеді деп бағамдаймыз. Көне түркі жазба ескерткіштерінің өзінде дауыстылардың жуан және жіңішке варианттары жіктеліп, жаңа туынды сөз жасау үшін жұмсалатындығын дәлелдеуге болады. Мысалы: «Ар» сөзінің мағыналары: 1. Рыжый, бурый, красноватый; 2. Обманывать, лгать, соблазнять; 3. Уставать, утомляться т.б. болып қолданған [86, 50]. «Ер» сөзінің мағынасы: 1. Муж, мужчина; 2. Быть, находиться. 3. Раскалывать. 4. Следовать, преследовать т.б. [86, 175] болып жұмсалған. Яғни а және е дыбыстары толық мағынасындағы жеке фонема болып жұмсалып, өзіндік ерекше сема туғызып тұр. «Ат» – «ет» тұлғаларының да мағыналарын салыстыра байқасақ, олардың да жеке фонема ретінде сөзжасамдық мағына туғызғанына көз жеткізуге болады:

Ат – 1. Имя; 2. Лошадь, конь; 3. Бросать; 4. Биться.

Ет – 1. Мясо; 2. Совершать, сознавать, строит; 3. Петь; [86].

Дауысты дыбыстардың сөзжасамдық қасиеті дауыссыз дыбыстар тәрізді жаңа мағыналы туынды сөз жасауға үлес қосқан. Дауыстылардың сөзжасамдық қызметінің болғанын көптеген тілдік деректер дәлелдейді. Жиналған фактілер негізінде төмендегідей сөзжасамдық қалыптың болғанын бағамдауға болады.

Дауысты дыбыстардың сәйкестігінен жасалған сөзжасамдық қалыптар:

А-Е сөзжасамдық қалыбы

А және е дыбысының сәйкестеніп, жаңа сөз жасауы бірден болған құбылыс емес, алдымен аллофондық сипатта қолданып, кейін фонемалық жағдайға жеткен. аллофондық сипаты, негізінен, диалектілерде дыбыс алмасуы ретінде кездеседі: *кемтір-самтыр, лапыру – лепіру, баба қағу – бебеу қағу т.б.* Сөзжасамдық мағына қалыптастыру қызметі жеке фонемалық сипатқа толық жеткенін танытады. Мұндай сөзжасамдық модельде жаңадан жасалған туынды сөздер себепші негіздің мағынасына негізделіп, бір нысанның қимылын, қозғалысын,

сипатын, қасиетін т.б. таңбалайды. Жаңадан жасалған номинативті мағына антонимдік және синонимдік жүйеде қалыптасып, халық танымының деңгейін айқындай түседі. Бұл зат не құбылыстың бірте-бірте танылуының көрінісін сипаттайды. *Қал – кел, қайт – кет* сөзжасамдық мағыналары нысанның әртүрлі қозғалу бағытын көрсету үшін жасалса, *ат (ас) – ес/ім, тас – тес, азу – езу, ару – еру* сөздерінің мағынасы бір денотаттың әртүрлі қозғалысы мен сол қозғалысты атау үшін қолданылады. Ашық – есік, аса – есе, қары – кәрі, ару (арып кету – арықтау) – еру, тар – тер(леу), бай – бей – бій т.б. сөздер тұлғалық өзгеріс негізінде дами келе ерекше мағыналарға ие болған, тұлғалардың мағыналық жақындығы өзексема арқылы шеткей өрісте сақталған.

А-Ә сөзжасамдық қалыбы

Ә дыбысы орта ғасырда араб тілінің әсерінен пайда болған деген пікір түркітануда біршама орныққан. М.Т.Томанов еңбегінде: «Қазақ тілінің фактілеріне қарағанда, ә фонемасы түркі тілдерінің бірсыпырасында шығыс тілдерінің әскерінен қалыптасты дейтін пікір бар», – деп жазады [118, 45].

Араб тілі жүйесінде *ә* фонемасы кездеспейді, тек айтуда «*а*»-ның аллофоны болып жұмсақ айтылғанымен, жазылуда ескерілмейді. Ә дыбысы араб тілінен енді деуге себеп болған нәрсе, бұл дыбыстың негізінен, араб сөздерінің құрамында кездесуі болса керек. Дегенмен, араб тілінің айтылу ерекшелігін қабылдамай, қазақ тілінің дыбыстық заңдылығы негізінде ғана кірме сөздерді айтқан қазақ халқы осы дыбысты араб тілінен алмай, бұрын атап өткеніміздей өзіндік төл топырағында қалыптастырған деп ойлаймыз. Себебі:

1. Араб тілінде *ә* фонемасы жоқ.
2. Қазақ тілінде араб сөздері ауызша қалыпта кіріп, өзіндік арабтық тілдік қалпын сақтамай, кірген тілдің дыбыстық заңдылығына бағынған (муаалим емес, мұғалім, қалаамун емес, қалам т.б.).
3. Қазақ тілінің төл сөздерінде таза *ә* дыбысы кездеседі: *бәрі, бәс, бәстесу, әктеу, әсіре, әсіресе, әк, әкіреңдеу* т.б.
4. Кейінгі тіл дамуында оңтүстік говорларда *-лә, -ләр* сияқты жалғаулар варианты қалыптасқан.

5. Басқа түркі тілдерінде «ә» фонемасы бар. Демек, біздіңше, «ә» дыбысы орта ғасырда «а» мен «е» дыбысының аллофоны ретінде қалыптасып, кейін фонема сипатына енген.

Сонымен, ә дыбысы кірме элемент емес, таза түркілік дыбыс деуге болады деп ойлаймыз. А-ә дыбысының сәйкесіп келуі арқылы мынадай жаңа мағыналы туынды сөздер жасалған: *ауа – әуе, ақ – әк, ақтау – әктеу, бар – бәрі, аса – әсте, асыру – әсірелеу, бас/тігу – бәстесу* т.б.

А-Ы сөзжасамдық қалыбы

А және Ы дыбысының сәйкесіп келуі бұл дыбыстардың генетикалық тектестігін танытады. А-Ы сәйкестігі түркі тілдерінде параллель қалпында жиі кездеседі. Айталық, тува тілінде – *тырт, ындығы, ында, хырын*. Қазақ тілінде: *тарт, аңдағы, анда, қарын* т.б. Мұндай дыбыстық ауысуларда сөз мағынасы өзгеріссіз қалады. Қазақ тілі диалектілерінде а-ы дыбыстық сәйкестіктері кездесіп, аллофондық сипатта көрінеді. Мағыналық өзгеріс туғызбайды: *қажырлы – қажарлы, айқара -айқыра, топшалады – топшылады* т.б.

Бұл сөзжасам қалыбы тіл дамуында жаңа мағыналы сөз де жасайды. Мысалы: *жар салу, жария, жария ету* тұлғаларының негізгі мағыналары белгілі хабарды жұртшылыққа жария ету, хабарлау. Осы семаның негізінде «*жырлау*», «*жыр*», «*жырғау*» тұлғалары жасалып, ерекше номинативтік мағына иеленген. Мұндағы ортақтастығы білдіретін ортақ сема – белгілі хабардың таралуы, жайылуы. «*қарау*», «*қара*» лексемаларының негізінде «*қырағы*» сөзінің номинативті мағынасы пайда болған. Ортақ сема белгілі нысанды көру, қарау. Сондай-ақ, *ағызу, ығып кету, жый, сарыл – сырыл, маңқию – мыңқию, жалтыра – жылтыра, атып шығу – ытып шығу, нақ – нық* т.б. Мысалдар когнитивтік құрылым негізінде белгіленген жаңа ұғымдарды таңбалау үшін қолданылады. А-Ы дыбыстары арқылы жаңа мағыналы деривация жасалады. Демек, сөзжасамдық үдерісті туғыза алатын қалып бар деген сөз.

Е-І-Ы сөзжасамдық қалыбы

Е-і сөзжасамдық қалыбы орындалу себебі бұл дыбыстардың алмасып келу жағдайымен байланысты. Диалектілік ерекшелік ретінде *е – і* дыбыс алмасуы қазақ говорларында кездесетіні жайында оқулықтарда жақсы айтылады [177, 51]. Мысалы: *кесірт-*

ке – кесертке, ерегісу -ерегесу, керпіш – кірпіш, елеген – ілеген т.б. Дыбыс алмасуларында сөз мағынасы өзгеріссіз қалады, сондықтан мұндай өзгерістер сөзжасамның емес, лексикологияның зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Е – і – ы дыбыс сәйкестігі арқылы жасалған тұлғалар көне түркі ескерткіштерінде жиі кездесіп, аллофондық сипатта жұмсалады: *егій – егіл – ійіл, егу – ійгі* т.б. Қазақ тілінде осы дыбыс алмасуы арқылы жасалған жаңа номинативті туынды сөздер көп: *ійілу – еңкею, еру – іру, ентігу – ынтығу, ынтығу – елігу, есілу – ысылу, ерік – ырық, ен – ін* т.б.

Көне түркі тілінде «ен» сөзінің мағынасы – спускаться, сходять. Сөз мағынасы дами келе жаңа ұғымды білдіру үшін ерекше тұлғалық жамылғышқа ие болып, ін сөзі қалыптасады: «Ін» – нора, берлога, убежище [86, 209]. Екі тұлғаға ортақ өзек мағына – қимылдың төмен қарай бағытталуы, сол қимыл негізінде пайда болған объект мағынасы жаңа семалық сипатқа ие болып, жеке номинативті бірлік туғызған. Көне түркі тілінде «еріг» сөзінің бірнеше мағынасы бар: 1. Место, местоприбывание стоянка; 2. Манера, поведение, образ жизни; 3. Грубый, неприятный, резкий [86, 177] т.б. Көрсетілген мағыналар кейін әртүрлі дыбыстық жамылғыш арқылы ерекшеленіп, жаңа номинациялар жасаған. Ерік – мінез, манера семасы негізінде «ырық» – өз қалауы, еркі, ыңғайы мағынасы ерекше номинациялық атау ретінде жіктеліп шыққан. Жеке лексема қалыптасуына е – ы дыбысының тұлғалық сипатын өзгертуінің септігі тиген.

О-Ұ сөзжасамдық қалыбы

О және ұ тұлғалары бір-бірімен генетикалық тектес дыбыстар, кейін дами келе жаңа сөзжасамдық мағына туғызуға қызмет еткен. Көне түркі жазбалары мен орта түркі жазбаларында жиі ұшырасатын бұл сәйкестіктің ізі қазақ диалектілерінде жақсы сақталған. Диалектолог ғалымдардың пікірінше, о – ұ алмасуы батыс говорларына тән: *құлдану -қолдану, ояну – ұяну, орпақ – ұрпақ, ар-ұждан – ар-ождан, оқсайды – ұқсайды* т.б. [177, 49]. Жаңа дериваттық мағына туғызу кейінгі кезеңдегі тіл дамуында жасалған құбылыс болуы керек. Алмасатын дыбыстардың генетикалық бірліктік сипатына сәйкес, жаңа мағыналар негізінен синонимдік қатынасты келеді. Айталық, *сом – сұм, сор – сұр, солық – сұлық, босау – бусану, бодан – бүтүн* т.б.

Көне түркі тілінде «у» дыбысымен айтылған кейбір сөздер дами келе «о» -ға түрленіп, жеке атау мағынасына ауысқан екен. Айталық, «*мұндыз*» сөзінің ескерткіштердегі мағынасы «*глупый, неумный*» [86, 349], кейінгі дамыған мағынасы мен тұлғасы «*мондыбай*» – жуас, момын; «*мондыбас*» – қой аузына шөп алмайтын момын [178, 229]. Екі тұлғаға ортақ екі сема – субъектінің момындығы. Жаңа мағынаның өзіне тән арнайы жеке семасы болғандықтан, жеке номинация ретінде танылады.

О-Ө сөзжасамдық қалыбы

О және ө дыбыстарының сәйкес келуі генетикалық жақын дыбыс болғандығымен байланысты. Танымның өсуіне сәйкес бір денотатқа қатысты кейбір атаулардың тұлғалануы дауысты дыбыс жұптарының жіктеліп, жалаң мағына беруімен сабақтас болған. О-Ө сөзжасамдық қалыбы антонимдік сипаттағы тұлғаларды қалыптастырған: *ор* – *өр* атауларының мағынасының қарама-қарсы мәні о және ө дыбыстарының алмасуымен байланысты. *Өр* – жоғарыға қарай баратын бағытты не нысанды, *ор* – төменге бағытталған бағытты не төмендегі нысанды танытады. Демек жеке-жеке номинативтік ұғымдар бір денотатқа қатысты болғандықтан, бір дыбыстың әртүрлі артикуляциялық-акустикалық өзгерісі арқылы орнығып, жеке семалар туғызған. Сондай-ақ, бұл сөзжасамдық қалып негізінде синонимдік мән де қалыптасқан: *соқ* – *сөзу*, *бос* – *бөз өкпе*, *боқ* -*бөк*, *оң* – *өң* т.б.

Көне түркі тілінде «*оң*» – правый, правосторонный мағынасын берсе [86, 367], «*өң* – перед, передний» [86, 385] мағынасында қолданған. Қазіргі тілдерде де осы мағынасы сақталған *оң*, *өң*. Екі сөздің ортақ мағынасы -белгілі нысанның кісіге қараған беті, оңы. Демек, о-ө дыбыстық сәйкестігі диалектілік ерекшеліктерде алмасып қолданылмағанымен, кейде сәйкестікке ұласып, сөзжасамдық мағына туғызғаны анық.

Ұ-Ы сөзжасамдық қалыбы

Ұ-Ы дыбыстардың сөзжасамдық қызметі дыбыстардың сәйкестігі арқылы іске асады. Қазақ диалектілерінің оңтүстік говорларында бұндай дыбыстық алмасулар жиі кездеседі. Әйткенмен, мұнда сөзжасамдық мағына болмайды: *бұзау* – *бызау*, *тұмақ* – *тымақ*, *тұман* – *тыман*, *бұлақ* – *былақ*, *шұбар* -*шыбар* т.б. [177, 51]. Ғалымдардың көрсетуінше, *ы* дыбысының даму жолының бір нұсқасы – *У* – *Ұ* – *Ы*. Яғни *ы* езулік дыбысы ерін-

дік у-дың варианты ретінде қалыптасқан деген пікір айтады. Ы-ның екінші бір даму жолы көне «и» дыбысымен байланысты: *и – ы – і*. Қалай болғанда да, *ұ – ы* дыбыстарының алмасуы тілде бар, әрі сөзжасамдық мағына туғызады. Сірә, «ы» дыбысы арқылы жасалған туынды мағына екіншілік болуы керек. Себебі мұндай сөздер денотаттың жеке ерекше сипатын айқындай түседі, демек, танымның белгілі бір дамыған кезеңін танытады. Айталық, *жұту – жытыру* – ортақ сема нысанның жоқ болуы, *жұм – жым* – ортақ сема нысанның көрінбей қалуы, *нұсқа – нысы* – ортақ сема субъектіге қатыстылығы, *тұқыл-тақыл, тұс – тыс, құшу – қысу, мұрын – мырындау* т.б. Ортақ семалары шеткей ерісте сақталып, жаңа номинация жасайды.

Ы-І сөзжасамдық қалыбы

Ы-І сөзжасамдық қалыбы дыбыстардың генетикалық біртектілігі негізінде орындалған құбылыс. Диалектілік ерекшелік ретінде оңтүстік говорда жиі кездеседі: *тірнектен -тырнақтап, нысқан – піскен, зәлім – залым, іләж – ылаж* т.б.

Ы-і дыбыстардың сәйкесуі арқылы жаңа номинативті тұлғалар жасалады. Мысалы: *ырық – іріктеу, ызу – із, ныс-ық-нісу* т.б.

О-Ы сөзжасамдық қалыбы

О және ы дыбыстарының сәйкесуі туралы бұрын айтылған пікірлерді кездестірмедік. Қазақ диалектілерінде де мұндай дыбыстар алмасуы немесе сәйкесуі дыбыстың сатылы даму сипатын танытса керек: *Ү– О; Ү– Ы* болып дамиды да, *О–Ы* сәйкесуі пайда болады.

О–Ы сөзжасамдық қалыбы арқылы көптеген туынды сөздер жасалып, жаңа мағынаны таңбалайды. Мәселен, *соқ - сық, тоқ - тық, тоқыл - тықыл, тоқылдақ - тықылдақ, олай - былай, қол - қыл, шоң - шың, орғу - ырғу* т.б.

Сөзжасамдық мағыналардың семантикалық мазмұны жақын, синонимдік қатынаста болады, мағына бір денотатқа қатысты анықталып, сол денотаттың әртүрлі белгісі мен қасиетін, сипатын таңбалайды.

ТҮЙІН

Сонымен, түйіндей келгенде, тілдің мағыналық және тұлғалық даму жүйесінде фонетика-семантикалық сөзжасамның рөлі өте зор болған. Тілдің көне даму сатыларында адам танымының дамыған жағдайында заттар мен құбылыстардың қасиеті мен сипатын таңбалау үшін мүлде жаңа таңба жасалмаған, тілде бұрыннан бар бірліктердің дыбыстық сәйкесулер арқылы дамуының нәтижесінде номинативтік мағына дамып, атаулар жасалған.

Бар таңбалардың дыбыстық жамылғышы өзгеруі, жіктелуі нәтижесінде, яғни тілдің ішкі резервтері арқылы атау жасалып, табиғи тіл дамыған. Фонетика-семантикалық сөзжасам жүйесі көне тәсілдің бірі ретінде танылады. Бұл тәсіл тек жаңа сөз туғызуда ғана емес, басқа да қызметтер атқарған:

1. Түркі тілдерінің өзге алтайлық тілдерден ерекшеленуінде ең маңызды рөл атқарды.

2. Түркі тілдерінің ішінде қазақ тілінің ерекше сипаты дыбыстық ерекшеліктерімен тікелей байланыста болды. Бұл жөніндегі А.Н. Самойлович көрсеткен жүйенің маңызы ерекше деп ойлаймыз.

3. Дыбыстық жүйенің алмасуы мен сөздік дыбыстарға өзгеруіне байланысты қазақ тілінің сөздік құрамы едәуір байыды.

4. Фонетика-семантикалық сөзжасам атаулардың сөз таптарына жіктеле дамуына игі әсер етті. Яғни сөздердің заттық және сындық, қимылдық т.б. мағыналары осы сөзжасам негізінде дамыды. Олардың мағыналық сипаты жақын болып, бір семантикалық өрісте жатқанымен, құрылымдық дәстүрлі тіл білімі тұрғысынан жіктегенде, әртүрлі сөз таптарына жататын мағыналық сөздер деп танылады (көз-көр, ас-аш т.б.).

Еңбекте түркітануда бірінші рет дыбыстық сөзжасам қалыптары айқындалып, семантикалық ішкі құрылым талданды. Дыбыстық сөзжасамның негізгі екі жүйеде қалыптасқаны бағамдалды:

- генетикалық дыбыстар сәйкестігі негізінде туындайтын сөзжасамдық мағына;
- әртектес дыбыстардың алмасуы арқылы жасалатын сөзжасамдық мағына.

Сөзжасамдық мағыналар антонимдік, синонимдік, көпмағыналылық сипатта болады, бір архисема арқылы негізделгендік-

тен, бір-бірімен генетикалық сабақтастығы үзілмейді. Генетика-семантикалық код арқылы мағыналық шегі айқындалып, ортақ-сема мен өзексемалары танылады. Фонетика-семантикалық сөзжасам тек тарихи тұрғыда ғана танылатын, бүгінгі тіл дамуына қатысы жоқ жүйе емес, керісінше, қазіргі қазақ тілі үшін де маңызды сөзжасамдық тәсіл ретінде бағалануы тиіс. Қазіргі тілімізде жасалып жатқан кей сөздер осы тәсіл арқылы туындаған: *өкімет – үкімет, аса -есе, әкім – өкім, үкім – өкім, ауа – әуе* т.б. сияқты сөздер фонетика-семантикалық дамудың нәтижесінде жасалған туындылар.

5. СЕМАНТИКАЛЫҚ СӨЗЖАСАМНЫҢ УӘЖДЕМЕЛІК НЕГІЗДІЛІГІ

5.1. Семантикалық сөзжасам (конверсия) және синкретизм

Сөзжасамның көне әрі күрделі тәсілінің бірі – семантикалық сөзжасам. Тіл білімінде сөздің ешқандай тұлғалық өзгеріске түспей-ақ, мағыналық даму нәтижесінде екіншілік мағына беруінің мұндай тәсілін конверсия деп те атайды. Түркітануда сөзжасамды арнайы зерттеу нысаны еткен ғалымдар А.А. Юлдашев [22], Б.О Орузбаева [25], Ф.А.Ганиев [28] және А.Н. Кононов [18] конверсия тәсілін арнайы зерттегенмен, көне сөзжасамдық тәсіл екенін жазады.

Тіл білімінде конверсия туралы, оның сөзжасамдағы рөлі жайында алғаш пікір айтқан ғалымдардың бірі А.И.Смирницкий, В.Н. Ярцева болды. В.Н. Ярцева «О внутренних законах развития языка» атты мақаласында конверсияның табиғаты, сөз мағыналарының дамуы туралы алғашқы теориялық тұжырымдарын айтады [123, 194]. А.И.Смирницкий ағылшын тілін зерттеу барысында, тілдік бірліктердің сөзжасамдық өзгерісін талдап, конверсиялық сөзжасамды бөлек қарастырады [124, 71-102]. Кейін бұл теориялық мәселеге арналған А.Н. Антышев, Ю.Д. Апресян, С.М. Костенко, В.Г. Гақ, А.А. Уфимцева, В.Н. Телия, Е.С. Кубрякова, Д.Н. Шмелев т.б. ғалымдар еңбектері жарық көрді.

Жалпы, түркітануда сөзжасам мәселелерін зерттеу, көбінесе, морфологиялық ыңғайында келе жатқаны жасырын құбылыс емес. XX ғасырдың 60-70 жылдардан бастап жазылған сөзжасамдық зерттеулердің бәрі, негізінен, суффикстік тәсіл арқылы жасалған туынды сөздері зерттеген (А.Г. Гулямов, А.Есенқұлов, Ф.А. Ганиев, Т.М. Гарипов, Т.М. Гарипов, Э.В. Севортян, Б.О. Орузбаева, Г. Садвакасов, В.В. Андреев, Б. Қайымова, Ә. Төлеуов, Ә. Керімов, А. Хасенова т.б.). Сөз мағынасы, оның даму сипаты, әсіресе, сөз мағынасының дамуы арқылы туынды сөз жасалуы туралы теориялық мәселелер күні бүгінге дейін же-

ке зерттеу нысанына айналған жоқ деуге болады. 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты зерттеу еңбекте семантикалық сөзжасам бөлек тәсіл ретінде анықталғанымен, толық зерттеу нысанына айнала алмаған (еңбекте екі беттік материал берілген). Сондықтан, біздің бұл тараудағы негізгі мақсатымыз – сөздің ішкі семантикалық құрылымының дамуы нәтижесінде жасалатын сөзжасамдық мағынаны пайымдап, туынды сөздердің ерекше номинативтік семасын айқындау.

Сөз мағынасының жіктеле дами келе, ерекше жіктеуші семаларға ие болып, жеке денотаттық және сигнификаттық мағына алып бөлініп, туынды сөз ретінде танылу үдерісін зерттеу сөзжасамның негізгі нысанына жататыны белгілі. Жаңа сөздің жасалуы семантикалық аспектіде қарастырылады. Атау болғандықтан, номинация теориясы арқылы туынды сөз мағынасы анықталады. Сөздің денотаттық мағына беруінің өзі затты не құбылысты атау қабілетімен байланысты. Тілдің мағыналық дамуы әлемдік бейнені атау қажеттігінен туындайды. Егер мұндай қажеттілік болмаса, жаңадан сөз жасалмайды, ал туынды сөз жасалмаса, тілдік даму да болмайды. Басқа сөзжасам тәсілдері арқылы жаңадан туынды сөз жасалғанда, сөздің ішкі семантикалық құрылымымен бірге, тұлғасы да өзгеріске түседі, яғни таңбаның дыбыстық жамылғышы өзгереді. Таңбаның дыбыстық жамылғышы мен мағына бірдей өзгерген соң, ондағы құрылымдық өзгешелік бірден аңғарылады, оны талдау, саралау үлкен қиындық әкелмейді. Мағынадағы болған өзгерістің көрінісі тұлға арқылы айқындалып тұрады. Ал дыбыстық жамылғыш еш өзгеріссіз қалып, сөз мағынасының көпмағыналылыққа немесе өзіне мағыналас жаңа номинативті мағынаға өзгеруін, алғашқы сема арқылы екінші жаңа мағына жасалуын, алғашқы мәнмен сабақтастығын, уәждік негізділігін, мәндік және мағыналық тектіліктің сақталуын саралап салмақтау үлкен байқампаздық пен терең теориялық талдауды қажет етеді.

Сөз мағынасының дыбыстық комплекстің өзгеруінсіз дамуы тілдегі үлкен қажеттіліктен пайда болған табиғи құбылыс деп түсінеміз. Тіл дамуының ежелгі сатыларында адам санасы танылған заттар мен құбылыстар жаңа дыбыстық комплекстермен таңбалау үшін дыбыс аллофондары пайдаланғаны өткен тарауда айтылды. Сонымен бірге танылған ұғымдарды сөз арқылы таңбалау үшін, тілдегі макросемалы сөздердің өзін іш-

тей семаларға жіктеп қолдану кең пайдаланылған тәсіл болды. Мұның тарихи ішкі заңдылығы да бар еді. Сөз қосарлау, сөзді біріктіру арқылы сөз жасау абстракциялы ойлаудың жемісі ретінде пайдалана бастаса, суффикстік тәсіл тілдің кейінгі даму кезеңінде пайда болған құбылыс. Аффикстердің өзі бір кезде толық лексикалық мағыналы сөз болып, сөзжасамдық грамматикалық мағынаны кейін иеленгендігі – түркітануда дәлелденген шындық. Яғни екі атау сөздің мағыналық және синтагматикалық жағынан сәйкес келіп, валенттілік ретімен байланысып, жаңа мағыналы туынды сөз жасауы – күрделі құбылыс, адам танымының тереңдеген кездерінің ізі болса керек.

Ал бұрыннан белгілі ұғымды бейнелейтін таңбаның сыртқы дыбыстық жамылғышын өзгертпей-ақ, бір денотаттың не сигнификаттың әртүрлі қызметі мен белгісін атау, немесе аналогия, абстракция, ассоциация заңдылықтары арқылы жаңа номинативті атау туғызу – адамның ойлауы мен танымы үшін ұтымды сөз жасау амалы болды. Бұрыннан белгілі таңбаның мағынасын жіктеу арқылы, оның макросемаларын микро-семаларға бөлшектеу арқылы, жаңа номинативті атау туғызады. Әрі мұндай мағына жасау барысында сөздің тұлғалық жағын өзгертіп жатпайды. Осындай қажеттілікті атқарған сөзжасамдық тәсіл – конверсия тәсілі немесе семантикалық сөзжасам тәсілі болды. Сондықтан біз конверсия тәсілін ежелгі заманда ең өнімді болған көне сөзжасау амалы ретінде бағалаймыз. Өнімді әрі көне тәсіл деп санаудың өзіндік бірнеше себептері бар:

- суффикстік тәсіл дамығанға дейін, сөз мағынасының дамуы арқылы көптеген жаңа сөздер жасалды;

- сөз мағыналарының іштей сараланып дамуы сөз таптарына бөліну тенденциясын тездетті;

- әуелгі этимон түбірлердің макросемалары микро-семаларға даму арқылы көпмағыналылық пайда болды. Көпмағыналылық үдерісінің нәтижесінде мағына мен атаудың ішкі мәні өзгере дамып, конверсиялық сөзжасам қалыптасты.

Бастапқы түбірлердің макросемалы архисемасы микро-семаларға даму арқылы бөлшектенеді. Бөлшектенген микро-семалар жеке сема ретінде бөлініп шығу үдерісін басынан өткізеді. Әрі өзексема архисемамен мағыналық байланысын сақтайды. Жеке сема ретінде бөлініп шығу үдерісі архисеманың көпмағыналылық қасиетін айғақтайды. Көпмағыналылық дегеніміз – мағынасында ерекше номинативтік белгіні көрсететін

жіктеуші сема бөлшегі бар тұлға мағынасы деген сөз. Жіктеуші сема әбден жетіліп номинативтік бірліктердің ерекшеленуі арқылы дамып, номинативті мағынаға айналғанда, туынды сөз жасалады. Туынды сөздің жасалуы конверсия сөзжасамы негізінде пайда болған деп түсінеміз.

Басқа номинация үдерістеріндегі сияқты, конверсиялық сөзжасамда да сөз мағыналарының алмасуы – аналогия, абстракция, ассоциация, уәждеме заңдылығы арқылы болады. Сөзжасамдық мағынаның пайда болғаны, жаңа атаулардың туында когнитивтік үдерістің таңбалануы арқылы белгілі болса, атаулар мағынасының семантикалық тіркестігі, жақындығы, мәндігі, шектестігі арқылы сөздердің бір-біріне негізделгендігін, уәжелгендігін көруге болар еді. Конверсия тәсілі арқылы жасалған атаулардың ең негізгі шарты осы. Туынды сөздер тұлғалық өзгеріске түспей-ақ, әртүрлі ерекше мағынаны бергенімен, араларындағы семантикалық байланыс сақталады. Алғашқы номинация арқылы жаңа ұғымның атауы негізделіп, екіншілік номинация туындайды. Немесе екі мағына семалары да алғашқы этимон түбірдің макросемасы шеңберінде болғандықтан, семалық жіктелу барысында екі сема номинативтік мағына алып, екі жеке атаудың мағынасын береді. Сонымен, сөз мағыналарының дамуы негізінде жасалған сөзжасамдық мағынаны айқындайтын негізгі шарт мынадай:

- көпмағыналылық негізінде номинативтік ерекше белгілер айқындалады, жаңа сөз жасалады;
- туынды сөз мағынасы ешқандай тұлғалық өзгеріссіз жасалып, жаңа денотаттық, сигнификаттық атау болып саналады;
- туынды сөз мағынасы себепші негіз мағынасы арқылы негізделеді;
- туынды сөз мағыналары мен себепші негіз мағыналары арасында семантикалық байланыс сақталады;
- архисема мен арнайы сема арасындағы байланысты генетика-семантикалық код арқылы тауып, сөздердің мағыналық тектестігін, бірлігін анықтауға болады;
- туынды сөздердің мағынасында тарихи тектестік сақталғандықтан, олар тарихи тұрғыдан омонимдік қатар жасай алмайды.

Конверсиялық сөзжасамның тарихи даму жолы өте терең де күрделі. Бұл тіл дамуының терең қатпарларында жүзеге асқан когнитивтік үдеріс. Өзара ұқсас, шектес, мазмұндас заттар мен құбылыстарға атау беруде, сапалық белгісінің қасиетіне ұқсас номинативтік белгілері негізге алынады. Ұқсас номинативтік белгілерді ерекшелей отырып, сөз мағынасын кеңейте ұғым тұғызады. Бұдан көпмағыналылық пайда болады. Көпмағыналы сөздердегі ерекше семалар жіктеле келе, жаңа атаулар туындап, номинативті ұғымды белгілейтін, ерекше мағынасы бар атау дүниеге келеді. Атаудың негізгі ерекшелігі – ешқандай тұлғалық өзгеріске түспейді. Мұндай сөздердің омоним бола алмайтын себебі жаңа мағыналы туынды сөз семалары бір-біріне жақын, мәндес, шектес болады. Сондықтан:

- омоним сөздер мағынасы бір-бірінен мүлде басқа болып, кездейсоқ тұлғалық бірлік ретінде анықталады. Конверсиялық сөзжасамдағы тұлғалық бірліктердің мағынасы кездейсоқ сәйкес келмейді, сөздің ішкі терең мағынасына негізделген, уәждеме көрінісі болады.

- омоним сөздердің сөзжасамға ешқандай қатысы жоқ. Яғни омонимдес мағына тууы арқылы тілде семантикалық даму болмайды.

Тілдің үнемі дамуда болатын құбылыс екенін ескере отырып, түркі тілдерінің дамуында үлкен рөл атқаратын семантикалық сөзжасам үдерісі нәтижесін омонимнен бөлек, ерекше құбылыс ретінде танимыз. Конверсиялық сөзжасамның семантикалық дамуы мен синтагматикалық қатынасын былайша өрнектеуге болады:

$$A = a+b+c+d;$$
$$*A = a+b+c+d+e+г;$$

Мұндағы:

A – себепші түбір мағынасы, *A – туынды сөз мағынасы, а, б, с, д, е, г – семалар.

A – туынды сөздегі ерекше номинативтік мағына жасаушы семалар: е, г. Туынды сөздің себепші түбірмен (A) байланысын, ортақтығын, мәндестігін сақтайтын семалар – а, б, с, д. Демек, туынды сөздің ішкі семантикалық құрылымында себепші негіздің (немесе түбірдің) семалары арқылы жаңа денотаттық мағына мен себепші негіз арасындағы мағыналық сабақтастығы, тектес-

тігі генетикалық бірлікті қамтамасыз етеді. Конверсиялық сөзжасам нәтижесі деп танылып отырған туынды сөздер жүйесі (барлық тұлғалануы ортақ сөзжасамдық жұптар) түркология ғылымында конверсия ретінде емес, омонимдес тұлғалар ретінде танылады. Түркология атты ғылымды жасаушы үлкен ғұлама ғалымдар: *аз – аз, ас – ас, аш – аш, би – би, бояу – бояу, соқ – соқ, бау – бау, бас – бас* т.б. сияқты түркі тілдерінде өте мол кездесетін жұптарды синкретті түбірлер деп таныған.

Көне түбірлердің зат есімдік және етістік мағыналары бар екенін алғаш аңғарған ғалымдар: Г. Вамбери, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, Г.И. Рамстедт, В. Банг, Ж. Дени, В.А. Котвич, Н.К. Дмитриев, И.А. Батманов, А.К. Боровков, Э.В. Севортян, А.М. Щербак т.б. болған. Қазақ ғалымдары Э.В. Севортян ұсынған «түбір синкретизмі» теориясын толық қабылдаған, «синкретизм» терімсөзін омоним ретінде ұғына отырып, түбір жұптары арасында мағыналық байланыстың бар екенін айтпай кете алмаған. Түбір синкретизмі туралы пікірлер М. Томанов, Ә.Т. Қайдаров, Ә. Ибатов, Е.З. Қажыбеков еңбектерінде зерделеніп, зат есім – етістік жұптарының гомогендігі анықталған. «Явление полифункциональной корней в тюркских языках – рефлекс доаффиксальной стадии пратюркского словообразования, восходящий к более ранним эпохам дописьменного функционирования» – деп жазған профессор Е.З. Қажыбеков пікірі құптарлық [100, 243].

Аффиксацияға дейінгі сөзжасамдық құбылыс түбірлер қызметінің кендігіне сәйкес орындалғаны туралы ой түркітанудағы жаңа пікір еді. Шынында да, түбірлердің қызметінің ауқымдылығына сай, олардың мағынасы өзгеріп, заттық және қимыл-әрекеттік мағынаға ауысады. Егер осы айтылған полифункциональдық құбылысты мойындар болсақ, онда көне түбірлер мағынасын тарихи-диахрондық аспектіде синкретті немесе омоним деуге бола ма? Омоним мағынасындағы негіз ретінде синхрондық жүйеде түсінуге болатын кейбір семантикалық мағыналары мүлде алыстаған сөздерді қоспағанда, *аш – аш, бояу – бояу, асу – асу, біл – біл, ер – ер* сияқты туынды тұлғалардың «мағыналары бір-бірінен мүлде бөлек» омоним түбір деу көңілге қонбайды.

Түбірлердің мағынасы мен мағыналық даму заңдылығын тарихи-диахрондық, лингвогенездік, семантикалық аспектіде зерттегенде, номинация теориясын басшылыққа алу қажет. Се-

бебі түбір мағынасының дамуы, көпқызметтілігі адам танымының дамуынан туындаған атау қажеттілігін өтеуден шығады. Ең көне тәсілдің бірі ретінде семантикалық сөзжасам көпқызметтіліктің, көпмағыналылықтың негізінде барып ерекше номинативті белгілерге ие болып, жаңа атау қалыптастырады. Көпмағыналылық негізінде дамығандықтан, бір түбірдің макросемасынан туындайтындықтан, олардың арасында генетика-семантикалық байланыс сақталған. «Синкретті» түбірлердің арасындағы генетика-мағыналық байланыстың бар екенін мойындар болсақ, онда мұндай түбірлерді тарихи омонимдер деуге болмайды. Омонимнің сөзжасамға ешбір қатысы жоқ. Омонимдік құбылыс арқылы жаңа сөз жасалмайды. Омонимдік қатынаста уәждеме қағидаты сақталмайды. Сөзжасамдық тәсілдер негізінде жасалатын, сөзжасамға қатысы бар мағыналар – синонимдік, антонимдік, көпмағыналылық. Омоним дегеніміз – мағыналары бір-біріне генетикалық жағынан сәйкес келмейтін, мағыналары шектеспейтін, тұлғалануының ортақтығы кездейсоқ сөздер: *алма – алма, ер – ер, (ер жігіт – соңымнан ер)* т.б.

Омоним сөздердің мағыналары бір-бірінен өзгеше болу қасиеті олардың сөзжасамға қатысы жоқ екенін дәлелдей түседі. Жұптардың мағыналық жағынан бір-біріне негізделмей, себепші негіз арқылы бір-бірінен туындамай, мағыналық сабақтастықтың болмауы – осының көрінісі. Омоним сөздер арасында мағыналық байланыс жоқ деген анықтаманы мойындар болсақ, онда тарихи тұрғыдан сөз мағынасының көпқызметтілігі арқылы көпмағыналылықтың даму нәтижесінде пайда болған туынды тұлғалар синкретті түбір бола алмайды.

Түбірлер мағыналарының дамуы сөзжасамдық үдеріс туғызады, нәтижесінде жаңа номинативті мағыналы туынды сөздердің барлығында семантикалық мәндестік сақталады. Семантикалық байланыс сөзжасамдық ұядан тараған сөзжасамдық тізбекке және оның өнімділігіне байланысты. Түркі тілдерінде синкретизм ретінде танылып жүрген көптеген түбірлер мағынасы арасындағы байланыс бар екенін алғаш рет ескертіп, нақты деректермен дәлелдеген ғалым А.Н. Кононов еді. Ол синкретизм теориясының әуелгі бастауында П.М. Мелиоранский пікірі, одан әрі Э.В. Севортян еңбектерінде теориялық тұжырымдамасы жасалғанын ескерте отырып, «Э.В. Севортян соншалықты көзімді жеткізе дәлелдеуге тырысқанымен синкретизм теориясын, яғни етістік – зат есім жұптарының омонимдес болуын

«безоговорочно» қабылдай салуға болмайтыны туралы салмақты дәлелдер келтіре отырып: «Несмотря на обстоятельно аргументированное Э.В.Севортьяном предложение о грамматическом синкретизме древнейших глагольно-именных корней-основ, мне представляется более убедительным считать глагольно-именную омонимию результатом конверсии, разумея под последней совпадение в единой звуковой форме разных по происхождение основ, что конечно, не мешает признать давно известное в русской тюркологии положение о происхождении имен от глаголов» – дейді [18, 79-82]. Біз зерттеу барысында А.Н. Коновтың осы ғылыми тұжырымына сүйенеміз.

Кез келген тілдің ішкі даму заңдылығы мен мағыналық иірімдерін аңғару оңай емес. Әсіресе, тұлғалық жағынан ерекшеленбеген таңбалардың мағыналық тектестігін пайымдаудан гөрі, олардың әртүрлі сөз таптарына жататындығына орайластырып, омоним ретінде тани салуға болады. Қазақ тілінің терең ішкі мағыналық құрылымының қыр-сырын меңгермеген немесе өзге тілдің өкілі болып тұрып зерттегендіктен, сөздің терең аңғарын пайымдай алмасы да түсінікті. Бірақ мұндай пікір тілдік дерекке қайшы. Сөйтіп, *оқу – оқу, айтыс – айтыс, кіріс – кіріс, бөлім – бөлім* т.б. сияқты сөздердің сөйлемдегі қызметінің өзгешелігіне сәйкес әртүрлі грамматикалық категориялармен түрленуін омоним ретінде тануға алып келді (М. Белбаева, Қазақ тілінің омонимдер сөздігінде). Сөздің синкретизмін осы бағытта қабылдар болсақ, онда транспозиция негізінде пайда болатын функционалдық-семантикалық мағыналарды қалай бағалауға болады? Оказиональды транспозицияны бағамдау оңай, ал толық транспозиция нәтижесінде заттанған, етістікке айналған, сын есімге не үстеуге айналған сөздердің мағыналарын қалай сипаттауға болады? Тарихи тұрғыда мұндай сөздер тектестігі сақтала ма немесе мағыналары омонимдік сипат ала ма? «Оқыған бала», «бала оқыған», «бала дұрыс оқыған», «оқығандар біледі» сияқты әртүрлі қызмет атқарған сөздердің семантикалық-функционалдық мағынасын да кейінгі ұрпақ омоним деп түсінер ме? Бұл мысалдағы «оқыған» тұлғасының мағыналары – біреу, қызметі – әртүрлі. Осы қызметінде тұрақтап, сөз кейін номинативтік мағына иеленіп, заттанса немесе адвербиалданса да, олардың арасындағы генетика-семантикалық код сақталады, сөйтіп өзексема арқылы мағыналық байланыс үзілмейді, демек, омоним бола алмайды.

М. Белбаеваның еңбегінде: *Аз – аз, азу – азу, азар – азар, ай – ай, айбын – айбын, айқас – айқас, айналма – айналма, айналыс – айналыс, аққу – аққу* т.б. көптеген жұптарды омоним деп тануы сөздің ішкі семантикалық құрылымына мән бермеуден туындаған жағдай деп бағамдаймыз [125, 18-24]. Сөздің номинативтік ерекше мағына беріп, бірдей тұлғалануының бәрі түбір синкретизмі бола алмайды. Омоним мен конверсияның арасындағы өзгешелік ішкі мағыналық құрылымында болады. Тіл тарихын зерделеп, түбірлер табиғатын ашуда бірнеше ғылыми зерттеулер жазған ғалым М. Томановтың: «Алайда есім мен етістік негіздердің синкретизмі туралы айтқанда, олардың арасындағы мағыналық байланысты ұмытуға болмайды», – деп жазуында мән бар [118, 107]. Сондай-ақ, түрколог ғалым Б.И.Татаринцев «омоним» мен «омонимия» ұғымының түсінігі анық емес екенін айта келіп, түркі тілдерінде көптеген омоним деп танылып жүрген сөздердің мағыналық жақындығын айқындайды. Дыбысталуы бірдей мағыналары әртүрлі деп танылып жүрген деп түркі тілдеріндегі сөздердің барлығы бірдей омоним анықтамасының шегінен шыға алмайтын орынды ескерттеді [101, 107]. Автор зерттеуінде көпмағыналылық пен омоним арасында шек қойып мынадай пікір айтады: «В случае омонимии мы имеем дело с разными словами, объединяемые только общностью звукового комплекса, а в случае многозначности – с разными значениями одного и того же слова» [101, 72].

Түбірлер арасындағы семантикалық байланыстың бар екенін біле тұрып, оларды синкретті түбір ретінде танудың басқа да жағдайы болды. Кеңес заманындағы тіл білімінде сөз семантикасын терең зерттеу идеализмге апаратын бағытта бағаланғандығын тарихи деректер растайды. Материалистік бағытта жазылған еңбектер тілдің тек тұлғалық яғни материалдық жағын ғана қарастыруға тиіс болды (қар. Э.В.Севортян «Об ошибках казахских языковедов», «Вопросы языкознания» 1953, № 2).

XX ғасырдың 80-90 жылдарынан бастап қазақ тіл білімінде тілдік тұлғаларды семантикалық аспектіде зерттеу қолға алына бастады. Түркітануда жарық көрген еңбектердің ішінде сөз табиғатының дыбысталу сипатын қарастырған зерттеулерде көне түбірлер мен жаңа түбірлердің генетикалық байланысы теориялық тұрғыдан сараланады. Басқа да тұлғалардың мағыналық дамуы конверсия ретінде бағаланады. Автор сөзжасамдық мағынаны арнайы сөз етпегендіктен, конверсиялық сөзжасам

арқылы жасалған туынды сөз мағынасын қарастырмайды. Сөзжасамдық туынды мағына себепші негіз семасы арқылы пайда болғандықтан, түркітануда синкретті түбір ретінде танылып жүрген көптеген тұлғалардың ішкі семантикалық құрылымы олардың генетикалық байланысын, семантикалық уәжділігін, бір тектілігін көрсетеді. Мысалы, Э. Наджип [127, 122-123] Ә.Ибатов [126, 43], Е.З. Қажыбеков [100, 49] «аш» тұлғасының мынадай мағыналарын синкреттілік қарым-қатынаста деп таниды: *аш* – быть голодным, изголодаться, проголодаться; *аш* – голодный, голод. «Аш» тұлғасының мағыналық қырлары: 1. Аш – сын есім. Мағынасы – ас ішпеген, тамақ жемеген, тоқ емес [86, 506]; 2. Аш – етістік. Мағынасы – ішіп-жемі жоқ, жетіспейтін.

«Аш» сөзінің заттық және сындық мағыналарының семантикалық құрылымын былай өрнектеуге болады: $A=[a+b+c]$; $A^*=[a+b+c+c]$. Мұндағы A – себепші негіз, A^* - туынды сөз мағынасы, a , b , c , c – тұлғаның жеке семалары. «Аш» тұлғаларының семантикалық құрылымында интегралды сема мен өзексеманың ауқымы басым, арнайы сема мөлшері аз. Яғни көрсетілген «аш – аш» тұлғалары мағыналарында номинативтік ерекше белгілері аса бөлек емес, мардымсыз, көпмағыналықтан енді бөлектене бастаған туынды тұлғалар. Мұны, әсіресе, ескерткіштер тілінде қолданылу ерекшелігінен анық байқауға болады: «ас не жемес – аш не жемес» деген сөйлемдегі «аш» тұлғасының ерекше мағынасын оның полифункционалдығы, яғни сөйлемдегі қызметі анықтап тұр. «Аш» тұлғасының заттық мағынасы сындық мағынаға негізделіп жасалған туынды екіншілік мағына. Субъектілік қатынаста келіп, сөйлемдегі ойдың иесі болу қызметі арқылы контекстік немесе окказиональды сипатта субстантивтене жүріп, бірте-бірте жаңа заттық мағынаға тұрақтаған. Сөздің заттық мағынасы тек контексте ғана айқындалуы, бұл тұлғаның номинативтік белгісінің ерекше сипаты әлі толық анықталмағанын, ортақ сема мөлшері молдығын танытады. Аш – *аш* тұлғаларының ортақ мағынасы «субъектінің тоқ еместігі, ас ішпегендігі».

«Аш» – *ашу* – открывать мағынасы мен «аш» – голодать, голод мағыналарының арасындағы тарихи байланысты семантикалық-генетикалық код арқылы айқындауға болады. Көне архисема мағынасы күрделі, макросемалы болып нысанның ашықтығы, жабық еместігі, белгілі нысанның «қуыстығы, ашықтығы» мағыналарын бергені. Одан негізгі сема ретінде бір өзексема –

ашу, ашылу мағынасы жіктеле дамып көптеген жаңа мағыналар туғызуға негіз болған: ашық – ашылу, ашқыш – ашқызу т.б.

Бұл мағынаның құрылымын шартты түрде былай өрнектеуге болады: $A = a + b + c + d$ болады. Мұндағы негізі сема арқылы қалыптасқан өзексема – субъектінің қарнының аштығы. Өзексема *аш* – *аштық*, *ашығу*, *ашығушылық* т.б. сөздер қалыптасқан. «*Аш*» сөзі мен «*ас*» сөзінің арасындағы байланыс бұл байланыстан гөрі жақын, Ш-С дыбыстарының сәйкес болуы негізінде қалыптасады. Т-Ш-С дыбыстарының тарихи бірлігі нәтижесінде қалыптасқан мағыналардың даму сатысы әртүрлі. *Аш* – *Аш* сөздерінің генетикалық байланысы тереңде, ортақ мағыналық сема тек семантикалық шеткі өрісте сақталған. Екіншілік туынды мағынада (А) – «Аш» – открывать мағынасы тек шеткі өрісте, архисеманың бір мағыналық қыры ретінде сақталған. Мысалы: *арандай аузын ашады, аяғын топ-топ басады, аш не жемес, тоқ не демес*. Яғни аш балаға тамақ керек болғанда, аузын ашады (бала, балапан тамақ сұраса аузын ашады). Бұған қарама-қарсы (антонимдік) мағына беретін «тоқ» сөзінде «толтыру, тол» (наполнять, закрывать) семасы бар.

Демек, ассоциативтік негізділік бойынша «*аш*» -«открывать» мағынасы, «*аш*» – «голодать» мағынасына себепші болып, екіншілік туынды сөз туғызған. Сыртқы тұлғасы өзгеріссіз қалып, мағыналық жағынан негізделіп, номинативтік ерекше белгілерге сәйкес туынды сема жасалған. Бұл туынды мағына семантикалық даму нәтижесінде конверсиялық сөзжасам арқылы тілдің ерте даму жүйесінде жасалады деп пайымдаймыз.

5.2. Семантикалық сөзжасам парадигмасы

Семантикалық сөзжасам парадигмасы (ССП) түбірлес сөздер мағынасы арқылы бір деривация деңгейінде жасалған, бір түбірден тараған туынды сөздер мағынасы арқылы анықталады. Бір түбір арқылы пайда болған туынды сөздердің мағынасы бір-бірінен бөлек бола алмайды, бір-бірімен сабақтасып, уәжділік қағидатына негізделіп жасалады. Мұның өзі семантикалық сөзжасам табиғатының омоним ұғымымен шектесе алмайтынын көрсетеді. Сөз мағынасының конверсиялық жолмен жаңа доминант мағынаға өтуі аз уақыт мөлшерінде іске асатын құбылыс емес. Тілдегі табиғи даму нәтижесінде, яғни сөздің қызметі өзгеруі арқылы болатын транспозиция құбылысына сәйкес бір-

те-бірте орындалатын күрделі де терең үдеріс. Транспозициялық құбылыстар – субстантивтену (заттану), адвербиаландану (үстеулену), адъективтену (сын-сапалану), вербалдану (етістіктену), прономиналдану (есімдіктену) арқылы сөз мағынасының сөйлемдегі қызметіне сай өзгеруіне тікелей байланысты. Транспозициялық құбылыстар контексте толық мағынада да, окказиональды мағынада да жұмсалады, кейін окказионалдық мағына тұрақтанып, толық жаңа мағына жасайды. Сөздің, алдымен, синтаксистік деривация нәтижесінде контекстік жеке мағынаға ие болуы, келе-келе ол мағына нақтылана түсіп, тұрақтанып, лексикалық деривация деңгейіне жетуі теориялық жағынан дәлелденген қисын. Тіл білімінде сөзжасамның синтаксистік және лексикалық деривациялық деңгейлері болатыны туралы алғашқы пікір айтқан ғалым Е. Курилович еді. Автор еңбегінде сөз мағынасында болатын семалық өзгерістің реңін қызметімен тығыз байланыста қарастырған [182, 20-45].

Сөздің контексте келу мәніне орай, сөйлемдегі қызметі өзгереді, сөйтіп мағыналық жағынан екіншілік реңкке ие болады (мыс.: Жақсы бала жақсы оқиды, Бала – жақсы оқиды, Оқыған – жақсы). Мұнда сөздің лексикалық мағыналарында айтарлықтай айырмашылық болмайды, тек сөйлемдегі қызметі өзгереді. Осы қызметте жиі жұмсалы барысында, сөз мағынасында қызметтік реңк орнығады да, алғашқы мағынасынан басқа ерекше номинативтік белгінің семасы сіңеді. Негізгі семадан өзге жаңа жіктеуші мағыналар орныға бастайды. Пайда болған лексикалық деривациядағы туынды сөздің мағынасы түбір сөздің мағынасымен тепе-тең келе алмайды. Тұлғалық жағынан ешқандай өзгеріске түспей-ақ, мағыналық байланыстылығы мен негізділігін сақтай отырып, туынды мағынаға көшуін, олардың мағыналық ерекшелігін тек контексте ғана айыруға болады. Яғни сөздің мұндай мағыналық дамуы, сөйлемдегі қызметімен тікелей байланысты болады. Семантикалық сөзжасам негізінде жасалған туынды сөздердің мағынасы сөйлемде туындайды, сөйлем ішінде анықталады. Жеке тұрғанда конверсиялық сөзжасамдарды бір-бірінен айыру мүмкін емес, өйткені тұлғалануы бірдей. Демек, семантикалық сөзжасамның негізінде жасалған туынды сөздің мағынасын нақты айқындау үшін, контекстің ролі ерекше деп атап көрсету қажет. Сөз жасалып, туынды мағына пайда болғаннан кейін, арнайы морфологиялық тұлғаларды қабылдап, жіктеле дамуы – номинативтік атаудың жасалғанды-

ғының айғағы. Транспозициялық құбылыстар тұлғалардың категориялық жағынан өзгеруі мен лексикалық мағынасының жаңа сапалық семаға дамуын, жеке номинация ретінде орнығуын қамтамасыз етеді.

Семантикалық даму мен сөзжасамдық құрылымның дамуында органикалық байланыс бар. Әрбір сөздің сөзжасамдық әлеуеті немесе сөз тудыру парадигмасы мынандай факторлар арқылы айқындалады:

- түбір сөздің лексикалық мағынасы;
- туынды сөздің сөзжасамдық мағынасы;
- сөзжасамдық құрылымның дамуы.

Осы тұрғыдан қарастырғанда, тұлғаның сөзжасамдық қасиетін дұрыс бағамдау үшін, сөзжасамдық ұяның немесе себепші негіздердің категориялық сипатын анықтау қажет. Себепші негіздегі сөздің категориялық сипаты мен туынды сөздің грамматикалық сипатының өзгеше болуы, бірақ тұлғалық жағынан еш өзгеріссіз қалуы транспозициялық үдерістердің орындалғандығын айқындайды. Транспозицияның кез келген түрінің орындалу сипатын шартты түрде екіге бөліп көрсетуге болады:

- 1) Толық транспозиция;
- 2) Окказиональды транспозиция.

Толық транспозиция тілдің ұзақ даму үдерісінде, сөздің қызметтік жағдайында ғана емес, жекелей тұрғанда да жаңа дара мағына ретінде ұғыныла алатындығымен айқындалады. *Толық транспозиция* – сөзжасамдық мағына жасалғанда, жаңа номинативті мағына туғанда ғана мүмкін болады. Мұндай сөздер толық мағыналы сөз ретінде жалпы халықтың деңгейде қолданылады, номинациялық талаптарға толық жауап бере алады. Яғни:

- толық мағыналы сөз ретінде сөздік тізбесіне енеді;
- жеке лексикалық бірлік ретінде жұмсалады;
- алғашқы категориялық мағынасы тек шеткі өрісте ғана сақталады;
- жеке, бүтін тілдік бірлік ретінде сөз тіркесінің бір сыңары болып жұмсалады.

Окказиональды транспозиция контекстегі сөздің қызметімен байланысты. Бір сөз табындағы сөздер контексте басқа сөз табының грамматикалық категорияларымен түрленіп, уақытша

сол сөз табының қызметін атқара алады. Ауызекі тілде де, жазба тілде де окказиональды мән жиі ұшырасады. Окказиональды транспозицияның өмір сүретін ортасы – тек контексте. Сөздің контексте пайда болатын мағынасы туралы Е.З. Қажыбеков былай деп жазады: «Именно контекст актуализирует виртуальное значение лексемы, именно конкретное употребление придает слову определенную семантику, хотя и не следует забывать того, что контекст не определяет, а всего лишь предопределяет выбор конкретного значения полисемантического слова» [179, 113]. Окказиональды транспозиция кезінде сөзжасамдық мағына туындамайды, тек оның бастау нүктесі, қайнар көзі сияқты рөл атқарады. Онсыз толық транспозиция жасала алмайды. Толық транспозицияның жасалуы үшін окказиональды транспозицияның атқаратын рөлі маңызды саналады.

Сөзжасамдық аспектіде қарастырылатын, негізінен, толық транспозиция. Транспозицияның бір түрі – сөздердің (субстантивтену) заттану құбылысы. Зерттеушілердің пікірінше, толық заттанған сөздер окказиональды сөздерден демотивациялану деңгейі мен относителді жиі қолдануымен ерекшеленеді. Сөз мағыналары толық заттанғанда, олардың категориялық семалары заттық семаға өтеді де, доминанттық мағынасы атаулық болады. Заттану үдерісі дегеніміз – өзге сөз табына жататын тұлғаның заттық мағынаға өтуі. Заттық мағынаға өту сипаты екі түрлі жағдайда өтеді:

- Зат есімнің грамматикалық тұлғаларының жалғануы арқылы.
- Ешқандай грамматикалық тұлғалардың көмегінсіз-ақ бастауыштық қызметте келуі арқылы.

Зат есімнің грамматикалық тұлғалар арқылы заттануы көбінесе окказиональды заттану болады. Ал сөздің нөлдік тұлғада келіп, деривациялық қатынасқа түсуі, әрі жеке тұлға ретінде қалыптасып, парадигма түзуі – конверсиялық әдіс негізінде жасалған сөзжасамдық мағына ретінде түсіндіріледі. Мысалы: *Жас келсе – іске, кәрі келсе – асқа*. Бұл мысалдардағы *жас, кәрі* сөздері деривациялық қатынасқа түсіп, сөзжасамдық мағына туғызып тұрған тұлғалар. Заттану үдерісі, жалпы алғанда, сөз таптарының бір-біріне өтуі, дамуы арқылы жасалады. Кез келген тұлғадағы сөздер заттана алмайды. Семантикалық даму арқылы заттанатын тұлғалар, негізінен, қимыл есімі, есімше, сын есім мен сан есім, есімдік.

Қимыл есімдерінің субстантивтену, яки заттану үдерісіне туғызудағы рөлі ерекше. Көне түркі тілінде қимыл есім тұлғаларының рөлі көп, мағыналары сан қырлы болған. Профессор М.Т. Томановтың пайымдауынша, «Қимыл есімдері – есім мен етістік қызметін қоса атқарған синкретикалық түбірлерден жіктеліп шыққан топ» [118, 223]. Осыған сәйкес көне түркі тілінде –*ма*, –*мақ*, –*ыш*, –*ыс*, –*ық*, –*ғын*, –*ған*, –*ген*, –*а*, *у*, –*ар*, –*ыр* т.б. тұлғалар арқылы туындаған сөздер әрі зат есім, әрі етістік бола алады. Мағыналық даму нәтижесінде пайда болған *айтыс*, *жеңіс*, *тартыс*, *күрес*, *сабау*, *қамау*, *бояу*, *тіреу*, *жамаяу*, *оқу*, *шешу*, *тұрмыс*, *баспа*, *шаппа* т.б. лексемаларының екі түрлі сөз табына жатуы мен олардың категориялық мағыналарының контексте ғана айқындалу сипатын тарихи-генетикалық жақындығы тұрғысынан оңай түсіндіруге болады. Яғни ең көне сөз семантикасында болған макросема арқылы жіктелген мағыналар үдерісі негізінде зат есім мәніне еніп, грамматикалық тұлғалары арқылы түрлене алған. Іс-әрекет, қимыл мағынасын берген тұлғалар әуелгі макросемасынан ыдырап, жіктеліп, заттану үдерісі негізінде жаңа атаулық мағынаға ие болған. Атаулық, заттық мағына заттану үдерісінде бірден пайда болған жоқ. Ол мағына сөз мағынасында бұрыннан болған. Әйтпесе кез келген сөз заттанып, кез келген тұлғада заттана алатын қасиеті болар еді.

Айталық, етістіктің тек есімше мен қимыл есім тұлғасы ғана заттана алуы М.Т. Томанов ескертіп отырғандай-ақ, олардың мағынасында атаулық мағынаның бұрыннан болуымен байланысты ұғынылуы қажет. Заттану үдерісі ең көне заманнан келе жатқан құбылыс ретінде бағаланады, мұндай транспозициялық сөзжасам тіл дамуында өте баяу жүреді. Заттану үдерісі тілдік құрамды дамытуға қызмет етеді. Тілдің кейінгі дамуында бұл үдеріс жақсы байқалады, негізінен окказиональдық заттану үдерісі басым, әрі контексте жеңіл қабылданады.

Басқа сөз таптарына қарағанда сөздердің сындық-сапалық мән-мағынаға өту үдерісі тілде ерте замандарда қалыптасқан құбылыс. Қазіргі тіл тұрғысынан зат есім, есімше, қимыл есім т.б. адъективтенеді делінсе, оның тарихи желісі көне тілдік дамудан бастау алады. Заттану үдерісіндегі сияқты сөздің көне мағынасында сақталған денотаттың белгісі, сапасы, қасиеті т.б. білдіретін белгілер таным дамуының негізінде жіктеле дами келе, басқа сөз табы категориясына жақындап өзгерген. Қимыл

есімдердің адъективтенуінің белсенді болу себебі, сөз мағынасының ішкі құрылымының күрделілігі деп бағамдаймыз. Қимыл есімдері бірде зат пен құбылыстың қимыл мен әрекетін, бірде заттың атауын, кейде сапалық-сындық қасиетін танытқан. Яғни әуелгі макросема қимыл есімінің мағыналық жіктелуі арқылы әртүрлі сөз таптарына бөлінген. Конверсиялық сөзжасам негізінде сөз мағыналары сараланып, бір-бірінен номинативтік белгілері арқылы әртүрлі сөз таптарына бөлінген. Конверсиялық сөзжасам негізінде сөз мағыналары сараланып, бір-бірінен номинативтік белгілері арқылы ерекшеленетін туынды сөздер қалыптасқан. Туынды сөздердің екіншілік, үшіншілік мағыналары дараланған.

М.Т. Томанов қимыл есімдерінің дамуын, олардың қызметі арқылы түсіндіре отырып былай деп жазады: «Қазіргі қазақ тіліндегі *жағымпаз, жарамсақ, бұралқы, жинақы, оралғы, өлі, тірі, сары, қызыл, жүргіш, тапқыр, тапқыш* тәрізді сын есімдердің пайда болуы осы тәрізді сын есімдердің пайда болуы осы үдерістің нәтижесі» [118, 194]. Автор пікірінше, тарихи тұрғыда туынды сын есімдердің өзі, түптеп келгенде, мағыналық даму негізінде пайда болған екіншілік номинация. Яғни контекстік қызмет арқылы, сындық белгінің сипатын білдіру арқылы пайда болған. Тілдік дамуда сын есімдер – екіншілік номинация. Яғни контекстік қызмет арқылы, сындық белгінің сипатын білдіру арқылы пайда болған. Тілдік дамуда сын есімдер екіншілік номинация ретінде танылуға тиіс. Олардың дамуына негіз болған себепші негіз – етістік пен зат есім. Сөзжасамдық тұрғыда зат есім, етістік т.б. деп бөлуді біз шартты түрде аламыз. Себебі тіл дамуы оларды қалай бөлуімізге байланысты емес, сөйлеу тәжірибесінде болатын қажеттілікке қатысты, яки, танымның дамуымен сәйкес болатын құбылыс. Айталық, «ақ» сөзінің сындық мағынасының пайда болуы ғалымдар дәлелдегендей, алдымен жаңбырдың ағып жаууымен, жауатын заттың қимылына қатысты «ақ» аталуымен, ол заттың түсінің «ақ» (қар) екендігімен тікелей байланысты. Адам танымы ұқсас заттар мен олардың сипатын, қасиетін танығанда, бір-бірімен байланыстырып, сабақтастыра таниды да, сол ретпен атау береді. Мағыналық жағынан дамып, бірақ тұлғалық еш өзгеріске түспегендіктен, конверсия жемісі болады.

«Көк» сөзінің де «голубой» мағынасына орнығуы адам танымы арқылы танылған зат пен құбылыстың когнитивтік құрылым

арқылы танылған бейненің ортақ мәнімен байланысты. Аспанды «көк» деп атап, көк тәңірге табынған, көк бөрінің ұрпағы саналған түркі халқының танымында аспанның түсі өзге де осы түстес денотаттарға атау ретінде берілген.

«Қызыл» сөзінің арғы төркіні «қыз, қызу» етістігіне алып барады. Оттың қызып жануы, қызу шығаруы, қызыл жалыны болуы арқылы негізделіп, осындай түстің бәрі «қызыл» сипатында болған, -ыл тұлғасы сөз тудырушы тұлға. «Қыз» - «қызыл» сөзінің шығуы, жанған оттың қызыл алауынан аналогия арқылы туындап жасалған екіншілік номинация. Адъективация үдерісі барлық сын есімдердің тууына себеп болған маңызды үдеріс. Тілдің кейінгі дамуында да -у тұлғалы қимыл есімі арқылы негізделіп, мағыналық даму нәтижесінде көптеген сындық, сапалық мағыналар туындады. *Баяу, бітеу, жаяу, таяу, жүдеу, қызу, жабырқау, жеңілдеу, жадау*, т.б. сөздер мағынасы адъективация негізінде бірте-бірте пайда болған туынды мағыналар. Транспозиция үдерісі тіл дамуында үнемі болатын, әрі барлық сөз таптарына қатысты құбылыс. Себебі сөз таптарының бәрі бір-бірінен мағыналық жағынан байланысты. Барлық сөз таптарындағы сөздер табиғаттағы немесе қоғамдағы заттар мен құбылыстардың әр алуан белгілерін танытуға арналған. Ал бір заттың аты, қимылы, әрекеті, белгісі, сапасы т.б. бір-бірімен жақын, сабақтас болып, шығу нүктесі ортақ болады.

Лингвогенездік тұрғыдан қарастырғанда, кей бір буынды етістіктің де жасалу сипатында екіншілік номинация бар. Б.И.Татаринцев монографиялық еңбегінде етістікті лексика-грамматикалық варианттарының мағынасы – қимыл, әрекет, ал есім сөздер, ең алдымен, үдерістің нәтижесін, үдерістің белгісін білдіруі кездейсоқтық емес дей келіп, мынадай тұжырым айтады: «Фактический на современном этапе между ЛГВ глагольно-именных лексем можно считать глагольные варианты» [101, 128]. Осындай пікірмен келісе отырып, мынадай пікірді қосуды жөн санаймыз. Тілдің дамуы өте ұзақ үдеріс. Тілдің ең көне жүйесінде бір тұлғаның мағынасы макромағыналы болғанын жоққа шығара алмасақ, сол макромағына тек қимылдық, әрекеттік болды деу қисынсыз. Ол мағынада адам танымы жеткен ұғымның бәрі белгіленген. Демек, кең тұрғыда танысақ, етістіктің өзі шартты түрде біріншілік номинация бола алмайды. Сөз мағынасы дамуы нәтижесінде ғана, тек іс-әрекет, қимыл

мағынасы бір тұлғаның жеке номинативті семасы ретінде айқындала алады.

Архисеманың жіктелу үдерісі негізінен контексте болатындығы шындық. Сөздердің предикативтік қызметте жұмсалуды, сөйлем соңында тұрақты қолданылуы мен ойды тұжырымдауы – олардың вербализациялануына яки етістікке айналуына алып келеді. Тұлғаның етістік пен зат есімге жіктелуінің негізінде етістіктену үдерісі жатады деп есептейміз. Сондықтан, етістік – зат есімдік жұптарының дамуы осы негізінде тарамдалады. Тұлғалық жағынан еш өзгеріссіз қалып, мағынасының етістік болуының негізгі себебі:

- мағынасындағы қимылдық, әрекеттік, қозғалыстық семаның болуы;
- үнемі сөйлемде предикаттық қатынаста болуы;
- сөйлемдегі ойды тұжырымдап, түйіндеуі, баяндауы;
- тұлғалық тиянақтылығы, яғни жіктік жалғауымен келуі.

Қазіргі тілімізде мұның айқын көрінісі – қимыл есімдері. Қимыл есімдердің дамуы, заттық және қимылдық мағынада қатар қолдана алу қабілеті, олардың көнелік сипатын танытпайды, тарихи дамудың кешенді жүйелілігін көрсетеді. Қимыл атауларының жіктелуі көне замандағы зат есім мен етістіктің даму жолынан хабар береді деп пайымдаймыз. Вербализация үдерісі тілдің көне даму кезеңінде аса белсенді пайдаланған да, тілдің дамуына зор әсер еткен. Тілдегі негізгі қабат саналатын етістіктің ерекше тұлға ретінде жіктеліп, номинациялық мағына беретін атау ретінде қалыптасуына негіз болған үдеріс.

Қазіргі тіл білімінде зат есім, сан есім, сын есім, есімдік, үстеу, еліктеуіш сөздердің етістікке айналуы негізінде окказиональды транспозиция болады. Бұл мәселе, біздіңше, үлкен зерттеуді қажет ететін күрделі үдеріс.

Адвербиалдану немесе үстеулену үдерісі – үстеулердің жасалу сипаты мен жүйесін көрсететін тілдік құбылыс. Адам танымында зат пен құбылыс танылған соң, оның әртүрлі белгісі, қимылдық амалы, мекені, мезгілі, бағыты, мөлшері анықтала бастайды. Айтылған қасиеттер тек белгілі нысанға қатысты болғандықтан, нысанның өзі мен оның қимылын айқындайтындықтан, мұндай номинативтік белгілердің танылуы екіншілік немесе үшіншілік сипатта болады. Номинативтік белгілер арқылы жаңа мағына қалыптасады десек, үстеулердің номинативтік белгілерінің танылу сатысы кейінгі дәуір жемісі. Сондықтан

тарихи тіл дамуының кейінгі дәуірлерінің нәтижесі ретінде қарастырылады.

Үстеудің қалыптасуының негізгі көзі – есім сөздер мағынасының макросемалығы негізінде, жіктелу барысында үстеулердің жеке номинативтік мағыналары қалыптасқан. Себебі, зерттеушілердің пікірінше: «Разряд качественных наречий в основном составляют качественные имена, нередко называемые функциональными наречиями. Материалы древнетюркские памятников показывают, что большинство имен качественным значением, независимо от их генезиса, были полифункциональные» [181, 256]. Яғни қызметтің рөлінің маңыздылығын ескере отырып, сөз мағынасының дамуына ететін әсерін бағамдауға болады. Демек, үстеулену үдерісінің орындалуына екі негіз бар:

- макросеманың жіктеліп, микросемаларға ыдырауы мен ерекше номинативті мағынаны белгілеу қажеттілігінен жаңа туынды сөзжасамдық мағынаның жасалуы;

- сөз мағынасының аналогиялық жақындығына сәйкес, контексте ұқсас ұғымды белгілеу үшін, әртүрлі қызметте қолданылу арқылы, жаңа туынды номинативті мағынаға ұласуы.

Осы екі негізгі шарттың орындалуы нәтижесінде адвербиалдану үдерісі орныққан деп есептейміз. Адвербиалдану үдерісінің орындалу сипаты әртүрлі болуы ықтимал. Сөзжасамдық барлық тәсілдер арқылы үстеуленуі мүмкін. Соның ішінде конверсиялық жолмен де үстеулер пайда болған. Басқа түрлерімен (тәсілдерімен) салыстырғанда, сөз мағынасының дамып, тұлғалық өзгерістерінің болмай-ақ, жаңа мағына беру тәсілі тілдің көне деңгейінде болған құбылыс. Айталық көне түркі жазба ескерткіштеріне кездесетін септік жалғаулары орта түркілік ескерткіштерінде үстеулік сипатта орныққан. Орхон жазбаларының – *ілгеру, біргеру, йырғару, тарқанғару* т.б. сияқты барыс септік тұлғасында келіп, нысанның бағытын, мекенін білдірсе, кейін бұл тұлғалар дами келе *ілгері, бірге, алға* т.б. сияқты үстеулерге айналған. Басқа септіктер жөнінде де осындай пікір айтуға болар еді. Қазіргі таңда үстеулену үдерісін жүйелі зерттеп жүрген ғалымдар бар, сондықтан нақты ғылыми тұжырым болашақта берілуі хақ.

Сонымен, тілдің даму жүйесінде, негіздердің парадигмалық жүйеде семантикалық өзгеруіне транспозициялық құбылыстардың қосатын үлесі мол. Түбірлес сөздердің мағыналық даму сипатын танытатын мұндай құбылыстар бір семантикалық

сөзжасам парадигмасын құрайды. Сөзжасам парадигмасын құрайтындығы арқылы, мағыналық ішкі құрылымы мен генетикалық байланыстылығы анық аңғарылады. Конверсиялық сөзжасам парадигмасын анықтау және оның ішкі семантикалық құрылымын пайымдау оңай емес. Тұлғалық жағынан дараланбай, тек мағыналық жағынан ғана ерекше номинативтік сема иеленіп, жеке ұғымды анықтайтын мұндай тілдік таңбаның айырымын бағамдау үшін, бұрын атап көрсеткеніміздей, атаудың тек контекстік мағынасын айқындау қажет болады. Тұлғасы бірдей сөздердің қай мәнде жұмсалып тұрғанын тек контексте ғана айыра аламыз. Түбірлес сөздердің парадигмалық ерекшеліктері болса ғана жасала алады. Сондықтан сөздердің парадигмалық мазмұнын анықтауда семантикалық ішкі құрылымын айқындаудың маңызы зор.

Кез келген грамматикалық тұлғада келген түбірлес сөздердің барлығы бірдей парадигмалық шеп құрай алмайды. Сөзжасамдық парадигмалық шептегі сөздердің мағыналарында жаңа сөзжасамдық мағына болуы шарт. Ал жаңа сөзжасамдық мағына болу үшін, олар белгілейтін семаның арнайы семасы мен номинативтік ерекше белгісі болуы қажет. Айталық, *оқы, оқырман, оқырманның, оқығыш, оқығышпен* т.б. тұлғалары сөзжасамдық парадигма жасай алмайды. Себебі, ілік, шығыс, барыс септігіндегі сөздерде сөзжасамдық жаңа мағына жоқ.

Сөзжасамдық парадигмалық шеп дегеніміз сөзжасамдық жаңа мағынасы бар, түбірлес сөздер арқылы жасалған туынды сөздер жиынтығы. Конверсиялық сөзжасам нәтижесінде пайда болған жаңа денотаттық не сигнификаттық мағына тек басқа сөзбен тіркесіп, болмаса морфологиялық тұлғалармен түрленіп, валенттілік байланысқа түскенде, контексте қызмет атқарғанда өзінің толық мағыналық қалыбымен анықталады. Мысалы: *ат – ат – ат, шаш – шаш, бас – бас – бас, асу – асу* т.б. сияқты сөзжасамдық жұптардың мағынасын жеке тұрғанда жалпылай шамалауға болғанымен, нағыз ішкі мағыналық сипатын айқындау мүмкін бола бермейді.

Морфологиялық парадигма арқылы туынды сөздің қай сөз табына жататындығы анықталады. Айталық «*жаз*» сөзінің туынды негіз мағыналары: *жаз – жаз – жаз – жаз – жаз* түрінде келгенде айқын болмайды да, семантикалық сөзжасам парадигмасы (ССП) айқындалмайды. Сөздердің жіктелген, нақты, жеке самаларын аңғарып, пайымдау үшін, оларды мор-

фологиялық қатынасқа түсіп, синтагматикалық байланысу жолдарын саралау лазым. Синтагматикалық байланыс арқылы парадигмалық қатынас анықталады, яғни: *хат жаз, қамырды жаз, жаз келді, дәм жазса* т.б. сияқты тіркестермен келу арқылы, валенттілік ыңғайымен контексте келгенде, сөздердің денотаттық, референттік мағыналары ашылады.

«Жаз» сөзінің мынадай ерекше номинативтік мағыналары бар:

жаз – жаз айлары, жыл маусымы, (зат есім);

жаз – жаймалап тегістеу (етістік);

жаз – хат жазу. Ойды, пікірді нысанның бетіне түсіру (етістік);

жаз – жазық жер, тегіс жер (зат есі)];

жаз – аурудан, дерттен жазылу (етістік);

жаз – кінәлі, айыпты саналу (етістік);

жаз – ырзық, несібе бұйыру. Алланың жазуы, тағдыр (зат есім);

жаз – бетінен жаңылу, адасу (етістік);

Контекстік ауыспалы мағыналары: *көңілі жаз, бой жазу, бауырын жазу, қабақ жазу, құшақ жазу, құлаш жазу, бас жазу, жаза басу, дәм жазу, Алланың жазуы, көз жазып қалу* т.б. Бір ғана себепші түбірден туындаған семантикалық сөзжасам негізінде жасалған туынды сөздер парадигмасы – ортақ, өзек мағына болуымен ерекшеленеді. Көне түркі тілінде «жаз» (jas) тұлғасының негізгі мағыналары былайша сараланған:

жаз – весна,

жаз – писать, писать;

жаз – развязывать, распускать;

жаз – ошибаться, допускать промах, грешить [86, 250].

Бұл мағыналардың қай-қайсысы да – туынды мағыналар. Негізгі өзек мағына – белгілі құбылыстың не заттың нысан бетіне жайылуы, төселуі, жазылуы. *Көрпені жазу, дастарханды жазу топырақты жазу, орамалды жазу* т.б. тіркестерде негізгі мағына беріледі. Ал ойлаудың, адам танымы мен түсінігінің дамуы барысында абстракциялық пен ассоциациялық нәтижесінде, сөздің нақты мағынасы абстракттылы мәнге ауысып, ауыспалы мағыналы тұлға жасалады. «Жаз» сөзінің нысан бетіне жайылу, жазылу семасы дами келе, ойдың қағаз бетіне түсуі, жайылуы, жайнауы, төселуі, жазылуы т.б. семаларына ыдырайды.

Жаз – жазу – ойдың, ұғымның қағаз бетіне «жайылып түсуі, төселуі» мағынасы арқылы негізделіп, жаңа номинативтік белгілер арқылы туынды сөзге ұласқан. Не болмаса, теріге не матаға, қағазға жазылған буулы буманы («папирус, свиток») жазып, оқу семасынан да «жазу» – письмо мағынасы шығуы ықтимал. Орыс тіліндегі «бумага» сөзінің төркіні – «бума» (бір буылған қағаз) сөзінен негізделген. Яғни жазылған жазуы бар теріні не матаны алып, ондағы хабарды білу үшін, буманы ашып, жазып оқу, жазылған хабарды білу белгілері номинативтік ерекше белгі ретінде бағаланып, жаңа атаудың «жаз», «жазу» аталуына себеп, негіз болған.

Жаз – «жазу» семасының бұдан басқа семантикалық мағынасы *жар, жар салу, жарлық (ярлық), жыр, жырлау* сөздерінде сақталған. «Жар – жаз – йар – йаз» тізбегінің ол бастағы бір семасы – жарлық, жария ету болса керек. Өйткені көне замандарда негізінен билік атқарушы адамдар (ханның үкім шығаруы, соты т.б.) өзінің әмірін хатқа түсіріп халыққа жария еткен. Р-З сәйкестігі негізінде жіктеле келіп дамыған сөз мағынасы, келе-келе ойды «жазу» яки, жария ету» деген ерекше номинативті семаны иеленген.

«Жаз» – (лето) сөзінің туынды мағына екеніне көз жеткізуге де болады. Қыс бойы қар астында көміліп, қатып, үнсіз бейжай жатқан табиғат, көктемде дүр сілкініп, жер аяғы кеңейген тұста, құшағын жазып, ашылып, жайылып, жазылып, тіршіліктің қоңыр күйін бастайды. Біздіңше, *жаз* – маусым атауы, жаз, жазылу семасы арқылы негізделіп жасалған туынды сөз. *Жайылу, жайлау, жайдары*» т.б. атауларындағы семалар да «жаз» түбірімен тектес, генетикалық байланысы тереңде. Мұндағы этимон – түбір «жа» екені түркітануда белгілі қисын.

ЖА	Р	жар – жарқын
	З	жаз – жазғы
	Д	жад – жадырау
	Й	жай – жайлау

Архисема мен негізгі сема көрсетілген қалыптар мен одан тарайтын туынды сөздердің семантикалық өзегін құрайды.

«Жаз» тұлғасының дерттен айығу, сауығу семасы – абстрактылы ойлау нәтижесінде негізделген туынды мағына. Әуелгі «нысанның жазылуы», бүктеліп, үйіліп тұрған нәрсенің басқа формаға ауысып «жазылу» семасына негізделіп, номинативтік ерекше белгілер арқылы жаңа сигнификаттық сема қалыптасады. Сондай-ақ, «жаз» етістігі уәжделіп, «Алланың жазуы, пешенедегі жазу» т.б. сияқты ырзық, несібе бұйыру мағынасын білдіретін «жазу» (писать) семасы жасалған. Халықтың діни түсінігі мен танымы бойынша, адам баласының маңдайына жазылған Алланың жазуы орындалады (Алланың бұйрығы). Ол жазуды жұлдыз, сан, адамның түрі, алақанның формасы т.б. толып жатқан көріпкелдік тәсілдермен астрологтар (жұлдыз жорамалшы), хироманттар т.б. оқи алады деп есептелген.

Сонымен, «жаз» тұлғасының сөзжасамдық парадигмасы күрделі. Ол, негізінен, сөздің семантикалық-функционалдық дамуымен тығыз байланыста қарастырылады. Конверсия тәсілі арқылы денотаттың іс-әрекеттік, қимылдық, заттық, сапалық, абстрактылық мағыналары туындайды, денотаттық жеке мағынасы бар, тұлғасы бірдей сөз – атау қалыптасады. Тіл дамуы барысында макросемалардағы әрбір сема доминанттық сема ретінде бөлініп шығып, жеке мағына иеленіп, бірнеше түбірлес атау туындайды. Түбірлес сөздер мағыналары генетикалық байланысты сақтайды. Сөзжасамдық қажеттілік туғызатын салдар – бір тұлғадан әртүрлі мағыналы сөз жасау. Жаңа ұғымды білдіретін номинативті мағыналы туынды сөз жасау үдерісінде сөздің зат есім бе, етістік пе немесе үстеуге айналуы ма деген мәселе принципті мәселе бола алмайды.

Сөзжасамдағы ең негізгі нәрсе – номинативті мағыналы туынды сөз жасау. Ал ол сөздің қай сөз табына жататындығын бағамдау – морфологияның зерттеу нысаны. Сөзжасамдық тұрғыда зат есім мен етістік бір-біріне қарсы қойылмайды, бөлінбейді. Зат есім мен етістік деп бөлу грамматикалық ұғым. Ал олар беретін мағына бір денотатқа не сигнификатқа қатысты болуы әбден мүмкін. Айталық, жоғарыда ескерткеніміздей, зат есім арқылы бір ұғымның атауы белгіленсе, етістік арқылы дәл осы ұғымның қимылдық атауы таңбаланады. Сондықтан оларды бір-бірінен бөлектемей, бір сөзжасамдық ұядан тараған тізбек ретінде бірге қарастырамыз. Яғни сөзжасамдық аспектіде сөздерді тапқа бөліп қарастырудан гөрі, сөзжасамдық ұя арқылы

таратып, сөзжасамдық мағынасы арқылы семантикалық өрістерге бөліп жіктеуге талаптанамыз. Мәселен, *көз – көр, тіз – тер, аз – аз, ай – ай, ат – ат* т.б. сияқты жұптарды зат есім, етістік деп бөлмей, ішкі семантикалық құрылым бірлігіне сәйкес бірге қарастырамыз. Егер сөз бір ғана денотаттың не сигнификаттың әрекеті мен атына, сипаты мен сапасына, белгісі мен қасиетіне қатысты айтылып, әртүрлі мағыналық қырларын танытатын болса, мұндай сөздердің ішкі мағыналық құрылымында сол денотаттың мағыналық негізгі ортақ белгілері сақталады. Сөйтіп, бір денотат атауын, қимыл-әрекетін, қасиетін, сапа-белгісін білдіретін бір ғана дыбыстық кешен болуы ықтимал. Тіл білімінде конверсия құбылысы ретінде танылатын мұндай тілдік бірліктер сөзжасамдық парадигма арқылы айқындалады.

Семантикалық тәсіл (конверсия) дегеніміз – сөздің тұлғалық жамылғышы еш өзгеріске түспей, ішкі мағыналық жағы дамып, бір денотаттың заттық, қимылдық, сапалық белгісі мен қасиетін таныта алатын, ортақ өзексеманы сақтай отырып, номинативтік туынды мағына жасайтын сөзжасамдық тәсіл. Конверсиялық сөзжасам негізінде пайда болған жаңа мағыналы сөздің жіктеуші семасы тек синтагматикалық және парадигмалық қатынасқа түскенде ғана анық байқалады. Яғни: *ақ – ақ – ақ – ақ* сөздерінің мағынасы *судың ағуы, ақ түсті, ақ құйып шығару, ақ пейіл* т.б. сияқты болып, сөздердің парадигмалық және синтагматикалық қарым-қатынасқа түсуіне сәйкес, мағыналық шегі анықталып отырады.

Конверсиялық сөзжасамдағы мағынаны айырудың негізгі критеріі – сөздің ішкі семантикалық құрылымын анықтау, семалар жүйесін саралау. Сөзжасамдық мағынаның туғанын айырушы сема (жіктеуші сема) арқылы пайымдаймыз. Ал айырушы сема заттың ерекше номинативтік бірліктерінің тілдегі көрінісі ретінде танылады. Сөз құрамындағы кез келген ерекше сипат сөзжасамдық мағына жасалғанының кепілі бола алады. Демек, конверсиялық сөзжасам парадигмасының парқын білу деген сөз – сөздің ішкі семантикалық құрылымын анықтау қажет дегенмен пара-пар. Ендігі мәселе конверсиялық сөзжасам парадигмасына енетін тұлғалардың ішкі семантикалық құрылымын анықтап, негізделу ерекшелігін түсіндіру.

5.3. Конверсиялық сөзжасамның негізделуіндегі ерекшеліктер

Конверсиялық сөзжасам негізінде жасалған сөздердің парадигмалық байланыстарының сыры мен сипаты – олардың негізделу ерекшелігімен анықталады. Бір парадигмалық шептегі сөздер түбірлес тұлғалар бірлігі арқылы ортақ мағынаға ие болады. Түбірі бірдей сөздердің мағыналары әртүрлі болуы – түркітануда әралуан сипатта танылып жүргені жөнінде айтылды. Тұлғасы бір сөздердің мағыналарында айырмашылығы болуы – танымның өсуімен байланысты болған ұғымдарды атау қажеттігі. Осындай сөздер мағыналарының бір-бірімен байланысы бар ма, бар болса, олардың генетикалық байланысының сипаты қандай екенін анықтап, туынды мағыналардың семалық жігін бағамдау керек болады. Сөз мағыналарын конверсия дамуы деп дәлелдеу үшін, ең алдымен, олардың арасындағы ішкі семантикалық байланысты көрсету қажет. Біз бұл тараушада семантикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы туындаған сөздердің семалық жігін анықтап, генетикалық байланысын көрсетеміз.

Ай -ай

«Ай» сөзінің бірнеше мағынасы бар екені белгілі. Бұл туралы тұңғыш түрколог М. Қашқаридан бастап, көптеген ғалымдар пікірі мен тұжырымдары бар. М. Қашқари «айдың» мынадай мағыналарын көрсеткен:

- ай – менсінбеуді білдіретін одағай;
- ай – қызғылт-сары түсті мата;
- ай – «ей» одағайының варианты;
- ай – әскерлер аты мен азығы тіркелген тізім;
- ай – айту;
- ай – ай;
- ай – ай (30 күндік мерзім) [1].

Түрколог ғалымдар Н.К. Дмитриев, Э.В. Севортян «ай» – луна мағынасынан «айналу, айлану» – «крутится» мағынасының туындағанын жазады. Сондай-ақ Э. Наджип М. Қашқари еңбегінде «ай» – «аймақ» сөзінің – «говорить» болып жұмсалғанын ескере отырып «айту» семасының да «ай» сөзінен туындағанын дәлелдейді [127, 393]. Қазақ ғалымы А. Нұрмағамбетов «Кейбір сөздер тарихынан» атты мақаласында:

«*айт* – *үйт* – *бүйт* – *сүйт*» сөздерінің фонетикалық варианттар екенін дәлелдеп, бұл сөздердің негізгі мағынасы: «айту, атау» (говорить, сказать, называть) екенін көрсетеді [129, 72-73]. Адам баласы танымында «ай» сөзінің мәні сан қырлы. Адам айды аспан әлемінен көріп, тани бастағанда, ең алдымен, қозғалыста болатынын, өзін (яғни жерді) айнала қозғалатынын аңғарады. Сөйтіп, «ай(налу)» етістігі жасалады. Яғни айналатын нәрсенің аты – «ай» – планета мағынасы пайда болады. Ай 30 күнде толып, қайтадан туып отыратындықтан, көне түркі тілінде: «толун ай» (толған ай) тіркесі пайда болған, бірге-бірте 30 күндік мерзім «месяц» туынды сөзі жасалады. «Ай» – айналу, «ай» – луна, месяц мағыналары бір-бірінен туындаған туынды екіншілік мағыналар. «Ай» сөзінің айналып жүру, қозғалу семасы абстрактылы фразеологиялық мағынаға дейін дамып жетілген:

- ай – айналу, дөңгелек семасы арқылы қалыптасқан сөздер: *айқара* (құшақтау), *аймалау*, *айналайын*, *айыл* (*тартпа*, *айналдыра тарту*), *аялау*, *аймақ*; Таңбалық символы – (дөңгелек);

- ай – айналу семасының фразеологиялық екіншілік мағынаға ұласуы нәтижесінде қалыптасқан туынды сөздер: *айла*, *айлашыл*, *айлакер*, *айну*, *айран*, *айналдыру*;

- ай – ай жүзінің айқын, анық көріну семасы арқылы (анықтық семасы): *айбар*, *айбат*, *айбын*, *айдар*, *айдын*, *айна*;

- ай – айдың 30 күндік мерзімде жаңару семасы арқылы мерзімдік семасы: *айлық*, *айлық жол*, *айлық* (*жал+ақы*), *айлап*;

Ал «айт» сөзі мен «ай» сөзінің түбіріндегі тұлғалық бірлік генетикалық бірлік емес, кездейсоқ таңбалық жақындық. *Айт* – араб тілінен енген кірме сөз. Тілдің тарихи даму нәтижесінде пайда болған әртүрлі сөздердің тұлғалық қалыбының бірдей болуы кездейсоқтық. Тегінде «айт» сөзінің ол бастағы тұлғасы «ай» емес. Бұл тұрғыда осы екі түбірді синкретті деп түсіндірген Е.З. Қажыбеков пікірі дұрыс, себебі екі сөздің арасында ешқандай мағыналық байланыс жоқ. Ж.Манкеева «ай» түбірі жөнінде мынадай пікір айтады: «ай» элементінің өлі түбірге айналуына, біріншіден, оның етіс тұлғасымен сіңісуі; екіншіден, бұл мағынада басқа етістіктің (сөз+э=сөзлэ=// сөйле) қолданылуы себеп болған [130].

Сонымен, әуелде айдың мынадай ерекше мағыналары пайда болған да, кейін бұл семалар әртүрлі сөзжасамдық мағыналарға негіз болған:

ай – луна, месяц, планета мағынасы;

ай – дөңгелек, айналу мағынасы;

ай – сакральды, қасиетті мағынасы.

Номинативті атаулар конверсиялық тәсіл арқылы пайда болған туынды мағыналар. Осы мағыналар сөзжасамдық парадигмалық шеп құрайды.

Бай-бай

Конверсиялық жолмен дамыған туынды сөздің бірі – *бай*. Көне түркі тіліндегі мағыналары: 1. Бай – богатый; 2. Перен. богатый, мудрый. Қазіргі тілдегі мағыналары: 1. Иелігінде көп мал бар үстем тап өкілі, феодал; 2. Әйелдің некелесіп қосылған күйеуі, ері [86, 79]. Зерттеушілер «бай-бай» сөздерінің арақатынасын тарихи синкретизм құбылысы ретінде сипаттайды [ЭСТЯ, РСЛ]. *Бақ, бай, бар* сөздер «ба» түбірі арқылы жасалған, ортақ бір архисемадан жіктеледі. *Бай* сөзінің интегральды, өзексемасы – белгілі нысанның, нәрсенің көптігі, молдығы. Осы өзексема арқылы бірнеше нақтылы номинативті семалар жіктеліп пайда болады. Көпмағыналылықтың нәтижесінде әртүрлі номинативтік белгілері бар сөздер жасалады: *сөзге бай, сырға бай, өнерге бай, сезімге бай, жері бай, тілі бай* т.б

«Бай» сөзінің жеке номинативті мағыналарға ауысуы функционалдық семантикалық қызметімен байланысты. Нәрсенің, заттың бір адамға көп болуына байланысты, «бай» сөзі субъектілік «бай адам» мағынасына жіктелген. Яғни атрибуттық қызметте жиі жұмсалудың нәтижесінде адъективация үдерісі арқылы сын есімге ауысқан. Осы мағынада жұмсала жүріп, даму нәтижесінде «бай адам» тіркесіндегі «бай» сөзі конверсиялық сөзжасам негізінде арнайы мағынаға ие болған. Анықтауыштық қатынаста қолданған сөз заттық денотатқа алмасып, «иелігінде көп малы бар, үстем тап, феодал» мағынасын иеленген. «Бай – бай» сөздеріндегі өзек, ортақ сема біреу – жалпылық сема басым, заттың не құбылыстың көптігі, молдығы. Бай – көп, мол заттың, нәрсенің иесі, субъект. Арнайы сема дәрежесінің әртүрлі болуына сәйкес сөздер жеке номинативті атау ретінде денотатты білдіретін мағына болып ұғынылады.

Генетика-семантикалық байланыс ортақ сема арқылы айқын көрінеді. «Бай» тұлғасының «әйелдің некелесіп қосылған ері» түрінде жұмсалуды, екінші мағынадан уәждеме нәтижесінде жасалған үшінші номинациялық мағына. «Күйеу, ер» мағынасының пайда болуы – бар болу, ие болу семасының бір қырының жіктелуі. Мұндағы «бай» сөзіне ие болу, бас ие болу семасы арнайы сема болып табылады:

- бай – бай болу, бар болу;
- бай – бай адам, феодал;
- бай – әйелдің күйеуі, ері.

Түбірлес сөздерден тарай жіктеліп, әртүрлі мағына беретін мұндай тұлғалар конверсиялық сөзжасам нәтижесінде туынды парадигмалық шеп құрайды.

Бау – бау

Бау және бау тұлғалары етістік және зат есім ретінде омоним деп танылады. ДТС-та «ба» – привязывать, связывать, отвязывать; «бағ» – оковы, узлы, повязка мағыналарында түсіндіріледі [86, 76]. Э.В. Севортян «ба – бағ – бау – бай – бұғ – буу» тұлғаларын омоним ретінде таниды [ЭСТЯ, 183, 11-14]. «Ба» түбірінің өзексемасы белгілі – бір нысанды байлау, түйіндеу т.б. Түбір мағынасының кеңдігінен көптеген жаңа сөздер жіктеліп шығады: *бағ – байла, бұғ – бұғау, бұғаз, бұғақ т.б., бұй – бұйда, буу – буулы, бай – байла, байлау т.б.*

Екіншілік мағыналы туынды сөздердің барлығының ішкі семантикасында негізгі өзексема сақталады, генетика-семантикалық код арқылы олардың тектестігін тануға болады. «Бау» зат есімнің *бай – байла* етістігінен уәждеме арқылы жасалғандығын аңғару қиын емес. Танымдық даму нәтижесінде конверсиялық сөзжасам арқылы қимыл атауының мағынасы сол қимылды атқаратын заттың атауына негізделуі нәтижесінде пайда болған. «Бау» сөзі құрамындағы у әмбебап сына дыбыс заттық мағына туғызып тұр. Сонда: *бағ – бау – бу* тұлғалары бір «БА» түбірі арқылы жасалып, мағыналық дамуға жеткен.

Бат-бат

«Бат» сөзінің – «погружаться, нырять, заходить» мағыналары мен «осадок, накипь» мағыналары Е.С. Қажыбеков еңбегінде омонимдес түбірлер ретінде сипатталған [100, 135]. «Бат» сөзінің негізгі – өзек мағынасы нысанның не құбылыстың екін-

ші бір нысанға енуі, кіруі, сіңуі, көрінбей кетуі. Қазіргі қазақ тіліндегі семалар: 1. Сұйық заттың түбіне шөгіп көрінбей кету, сіңу; 2. Батпаққа, құмға аяқтың кіруі, енуі; 3. Қатты тию, ауру, табанға тас бату; 4. Сіңу, бойға тарау; 5. Құру, жайылу; 6. Жарылқану, кенелу т.б. [131, 143-145]. Көптеген ауыспалы мағынаға негіз болады: азуы батты, ақшам батты, арқаға аяздай батты, белшесінен батты, борышқа батты, нұрға батты, сыйға батты, тізесі батты т.б. бұл көрсетілген тіркестердің барлығы көп мағыналық арқылы дамып, пайда болған туынды сөздер. Негізгі өзек мағынадағы интегралды, ортақ сема барлық туынды тұлғаларда әртүрлі деңгейде сақталып отырған.

Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде, Жамбыл, Шу өңірінде кездесетін «бат» – судың қағы, кірі, самауырын ішіндегі қатып қалған кір мағынасында жұмсалатыны баяндалады. Біздіңше, «бат» сөзінің мағынасы жоғарыдағы «бат» сөзінің архисемасы арқылы жасалып, кейін конверсиялық жолмен жеке денотаттық семаға ие болады. Диалектідегі «бат» атауы – су ішіндегі әр түрлі ерітінділердің ыдыс ішіне бірте-бірте сіңуі, жабысуы, батуды үдерісі негізінде пайда болған зат – «бат» деп аталады да, алғашқы архисеманың өзек, ортақ мағынасын өз бойында сақтай отырып, жеке денотатты атау үшін жіктеушілік мағынаға ие болған. Конверсия үдерісінде жеке мағынаға ие болып, бір сөз табынан басқа сөз табына ауысқан сөз. Ол бастағы ортақ, өзек мағынадағы сіңу, жабысу, ену семалары жаңадан жасалған екіншілік туынды мағынада сақталып, жіктеуші ерекше сипат алған. «Бат» сөзінен көптеген сөздер туындаған: *бат+пақ+та+у*, *бат+қақ+тау*, *бат+ыр(у)*, *бат+ыс т.б.*

Без-без

Э.В. Севортян «без» сөзінің 1) *иметь отвращение*; 2) *неприятный, почувствовать неприязнь* деген мағыналарын оморфты негіздер ретінде түсіндіреді [26, 408]. «Без сөзінің» ДТС-те көрсетілген мағынасы: 1) *железа, бубон*; 2. *Материя, ткань* (бұл, сірә «без емес», «бөз» болуы керек, тексте «*bozun*»;) [86,97]. ҚТТС-де: *қашу, зыту, босып кету*; 2. *Жорту, кезу, зымырау*; 3. *Күдер ұзу, қол ұзу, түңілу*; 4. *Ат тонын ала қашу, жоламау, тану, мойындау*. Ауыспалы мағыналары: *безе қашу, безер болу, жаннан безу, құдайдан безу, ұяттан безу* т.б. [131, 209]. «Без» сөзінің негізгі, өзек мағынасы – субъектінің белгілі заттан не құбылыстан қорқуы, кетуі, қашуы т.б. Көпмағыналы

тұлғадан бірнеше сема жіктеліп бөлініп шығады. Бұл семалар: 1. Нысанның бір заттан не құбылыстан қорқып қашуы, зытуы семасы; 2. Нысанның кету семасы; 3. Нысаннан күдер үзу, түңілу семасы т.б. Э.В. Севортян көрсеткен сөздер арасында –генетика-семантикалық жақындық анық. Мағыналық біртектілік айқындылығы сөздердің аморфтығынан гөрі, конверсиялық жолмен пайда болған туынды мағыналы сөздер екенін байқатады.

Адамдар мен жануарлар организмдегі арнаулы заттар мен секреттер бөліп шығаратын бездің орган ретіндегі денотаттық мағынасы – алғашқы қимылдық мағынадан уәждеме нәтижесінде туындаған екіншілік ауыспалы сема. «Без», «без шошу» – адамның, жануарлардың организмінде әртүрлі ауруға байланысты, не аса қорыққанда пайда болады. Сонымен «без» тұлғасынан мынадай туынды сөздер жасалады: *без – безек, безеу, безер, безен, безілдеу, безеру, безірею* т.б.

Буу-буу

Е.З. Қажыбеков еңбегінде «*боғы*», «*буу*» (душить – удушье) мағыналарының етістік және зат есімді жұп ретінде түркітануда зерттелгені баяндалады. Л.З. Будагов «буу» – *задыхаться, стягиваться*», «буу» пар, испарение мағыналарын байланыстыра қарастырады. ДТС-та «буу» сөзінің осы екі мағынасы көрсетілген [86, 119]. Қазақ тілінде: 1. Жылу әсерінен судың тұман тәрізді дымқыл күйге ауысуы. 2. Бір нәрсені қатты қысып байлау болып жұмсалады [131, 443-444]. Көне түркі тарихи жазба ескерткіштерінде «буу» зат есімдік семасы кездеспейді. Егер болған күннің өзінде «буу» сөзіндегі негізгі ортақ мағына жіктеліп пайда болған. Л.З. Будаговтың көрсетілген тұлғалар арасындағы байланыс бар деген пікіріне ден қою абзал. «Буу» – (*боғ*) – тұлғасының әуел бастағы архисемасы кең: белгілі нысанның мөлшерін, шамасын азайту, кішірейту, нысанды қылқындыру, буындыру, езу, қысу т.б. Осы семалардың жіктелуі арқылы мынадай туындылар жасалған: көне түркі тілінде – *боғ – боғмақ, боғаз, боғла, боғлун, боғум, боғұқ* [86, 109]. Қазіргі қазақ тілінде – *буу – буыну, буысы, бугыш, будақ, буалдыр, булау, булығы, бума (бумажник), бунақ, бусану, буушы, буыл, буын; бұғаз, бұғақ, бұғалық, бұғау, бұғыншақ* т.б. Туынды сөздердегі генетика-семантикалық код қысылу, қысу семасы арқылы көрінеді.

Бір нәрсені қатты байлау семасы негізгі архисема емес, туынды айырушы мағына. Архисемадағы нысанның мөлшерін азайту, қысу семасы жіктелгенде, «буу – пар» сөзі жеке денотаттық мағына иеленген. Яғни, «пар» булану үдерісінің қимылдық атауы ретінде пайда болған үдерістің нақты көрінісі. «Буу» сөзінің екі мағынасында ортақ мағыналық байланыс анық. Демек, бұл сөздердің ерекше сема болып дамуы конверсия нәтижесі деп есептеледі.

Бояу-бояу

Э.В. Севортян және басқа түрколог-ғалымдар «бояу» – *красить*; «бояу» – *краска* мағыналарын омоним ретінде таныған. М. Белбаева «боя» түбірінен туындайтын «бояу – бояу» сөздерін омоним деп сипаттаған [125, 58]. ДТС-та «боғу» – *красить*, *украшать*, «боғук» – *краска* деп көрсетілген [86, 109]. М. Қашқари еңбегінде етістіктен заттық мағынаны туғызу үшін -уғ, -ғ сөз тудырушы аффикс жалғанатыны баяндалады. Сонда, «боғу – боя – бояу» тұлғаларының дамуына сәйкес, ішкі мағыналарының жіктеле дамығанын байқау қиын емес. «Бояу – бояу» сөздері қазіргі тілімізде екі түрлі сөз табына жатқанымен, мағыналық жағынан бір-біріне өте жақын. Кез-келген үдеріс пен іс-әрекетті атайтын дыбыстық тұлға көп жағдайда сол әрекетті жасаушы заттың денотаттық мағынасына алмасып, есім болып қалыптасады. Мұндағы денотаттық туынды мағына – конверсиялық тәсілдің жемісі. *Бояу* – белгілі бір нысанға сыр жағу қимыл-әрекетін білдірсе, *бояу* – белгілі бір нысанға жағылатын зат. Сөздердегі ортақ семаның болуы талас туғызбасы анық. «Бояу» сөзінен мынадай туынды сөздер жасалған: *бояғыш*, *боял*, *бояма*, *боямалау*, *боян*, *боят*, *бояушы*, *бояулы*, *бояусыз*, *боямпаз* т.б.

Бөлік-бөлік

Бұл тұлғаның «бөліктену» және «бөлік» мағыналары түрколог ғалымдардың еңбегінде синкретті түбірлер ретінде анықталған. ДТС-та «бөл» – *делить*, *разделять*, «бөлік» – *часть*, *доля*; «бөлек» – *разделяться* на группы деген мағыналар берілген [86, 117-118]. «Бөл» сөзінен туындаған мағыналар: *бөлшек*, *бөлік*, *бөлім*, *бөлек*, *бөліс*, *бөлме*, *бөлтөк*, *бөлке*, *бөле*, *бөле-жара* т.б. Көрсетілген тұлғаларға ортақ мағына белгілі нысанның бірнеше нысанға жарылуы, бөлшектенуі т.б. Осы өзексема әуел бастағы этимон түбірдің архисемасы арқылы жасалып туынды

сөздерге негіз болған. «*Бөлік*» сөзінің часть, доля – мағынасы туынды екіншілік мағына. Бүтін затты бөлгенде пайда болатын бөлшектің заттық мәні. Ал үдерістік мағынасы бүтін затты бөлгенде жасалатын үдерістің сигнификаттық мағынасы. Арасында жіктеуші семалар бар болғанымен, екі сөзді мүлде бөлек омоним сөздер деп тану тілдік дерекке қарама-қайшы. Сөздер конверсиялану деңгейіне де жете қоймаған, әрі туынды сөз болып қалыптаспаған көпмағыналы сөздер.

Ал көне түрік тіліндегі «бөлек» сөзінің етістік түрінде жұмсалуды сөздің контексте окказионалдық мағынада қолданылуының көрінісі. «Бөл» етістігінің төркіні «бө» – бо» этимонына барып тіреледі: *бөл, бөле, бөл-ме* тұлғаларында дамиды. «*Бөле*» сөзінің семасы апалы-сіңлілі әйелдердің балаларына берілген атау. Атасы бөлек болғандықтан «айырылған», «бөлінген» деген ұғымды танытып, «бөл» лексемасының өзек мағынасы арқылы туындайды.

Бүт-біт-біт

Бұл атаулардың мағыналары түркітанудағы еңбектерде синкретизм ретінде қарастырылған [100, 143-144]. Көне түркі тіліндегі мағыналары: 1. Бүт – кончатся, заканчиваться, завершаться, исполняться. 2. Осуществляться; 3. Зарастать, заживать; 4. Истощаться, иссякать; 5. Одеваться, сбрасывать лохматься т.б. [86, 133-134]. Омоним немесе конверсиялық сөзжасам екенін айқындау үшін, ішкі семантикалық құрылымын талдау орынды. *Бүт – біт* сөзінің негізгі өзек мағынасы белгілі үдерістің аяқталып, орындалып болғанын анықтайды. Өту үдерісінің соңын белгілейді. Қазақ тілінде езулік, жіңішке варианты «*біт*» тұлғасында әдеби тілде қолданылады. ҚТТС-де «*біт*» сөзінің бірнеше мағынасы айқындалған: *таусылып қалу, іс аяқталып дайын болу, жаралу, орнау, бітімге келу, келісу, бітелу, болу, жету, жойылу, құру*. Өуелгі өзексемадағы мағына барлық туынды тұлғаларда сақталған: «*бүтін*» сөзінің өзек мағынасы – *тұтас, түгел, бүкіл*. Ауыспалы мағынасы – тозбаған, бүлінбеген, яғни іс-әрекет пен үдерістің аяқталып, орындалу семасы түгелдей «бүтін» сөзінде бар. *Бүтін* – аяқталған үдеріс, заттың бүтіндігі, толықтығы, қимылдың нәтижесі ретінде көрінеді де жеке денотаттық, сигнификаттық мағына иеленеді. «*Біт – біт*» тұлғаларының омоним емес, конверсиялық сөзжасам нәтижесі екенін, осы негіз арқылы жасалған сөздердің ішкі семантикалық

құрылымының жақындығынан аңғаруға болады: *біт* – *біте*, *бітеу*, *бітім*, *бітік*, *бітір*, *бітіс*, *бітім*, *бүт* – *бүтін*, *бүткіл* т.б. Барлық туынды түбірлес сөздердің негізгі өзексемасы мен узуальды семасы – іс-әрекеттің, не үдерістің аяқталуы, толығу, болу, жетілу, толығу семасы. Кез-келген осы негіздегі номинативті атауда аяқталу семасы сақталып, жаңа мағынаға айырушы сема қатынасады. «*Бүтін*» сөзінің күрделі семантикалық құрылымы мынадай: бүтін негізі арқылы аяқталу семасы, тұтастық семасы *-ін* тұлғасы арқылы заттың сипаты орнығады. Сондықтан, *бүтін* сөзінің барлық ерекше семалары конверсиялық сөзжасам нәтижесі ретінде бағаланып, бір семантикалық, парадигмалық шеп құрайды.

Би-би

Синкретизм теориясы бойынша «*би*» сөзінің «плясать», «танцевать» мағынасы мен «танец», «пляска» мағыналары етістік-есімді омоним мағынасында танылады. Ә. Құрышжанов орта ғасыр ескерткіштерінде «плясать» мағынасы кездесетінін жазады [131, 190]. «*Би*» тұлғасының негізгі өзексемасы – белгілі ырғаққа сай нысанның қимылын, әрекетін бейнелеу. Конверсиялық сөзжасам арқылы семантикалық жағынан дамып, «*би*» – дене қимылын, ырғағын таңбалайтын әрекеттің атауына алмасқан. Денотаттық сипатқа алмасуына уәждеме құбылысы себеп болған. Сондықтан екі сөзде бір ортақ, өзексема – ырғаққа сәйкес нысанның қимылын, әрекетін бейнелеу семасы айқын көрініс тапқан. Мұндай айқын семантикалық байланыстағы сөздерді омоним деп тани алмаймыз.

Сөздердің бір-бірінен туындап, ешқандай аффикссіз, туынды мағынаға ауысуы, яғни лексика-семантикалық сөзжасам нәтижесінде ерекше жіктеуші тұлға жасауы айдан анық көрініп тұр. Яғни, *би* – қимыл, әрекеттің атауы, есімі. Ал осы «*би*» сөзі мен «*дау* – жанжалға билік айтушы үстем тап өкілі» мағынасындағы – «*би*» сөзінің синхрониялық аспектідегі мағынасын М. Белбаеваның омоним ретінде көрсетуі дұрыс [125, 54]. Себебі бұл сөздердің шығу төркіні бөлек. Мағыналық жағынан бір-бірімен сәйкес келе алмайды. *Би* – шешен лексемасының төркіні «*бек*, *бай*, *бей*» сөздерімен байланысты болады. Яғни *би* – *билеу* мен *би* – *билік* айту мағыналары кездейсоқ тұлғалық жақындық болады да, мағыналық жағынан бір-бірімен генетикалық

байланысы болмағандықтан, бір парадигмалық шеп құра алмайды.

Ен-ін

ДТС-те «ен» сөзінің мағынасы – низ, спуск, спускаться, сходить [173], «ін» сөзінің мағынасы – нора, берлога, лежбище [209]. «Ен» сөзінің қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы: 1. Ішке кіру, өту, сұғыну; 2. Араласу, қатысу, ішінде болу; Ауысу, қабылдан, түсу, өту; 4. Қолдану, жүзеге асу, кәдеге жарату; 5. Қосылу, пайда болу, көріну т.б. [134, 355]. «Ін» сөзінің мағынасы – жерді үңгір қазып жасаған, жабайы аңдар жататын орын, үңгір [86, 438]. Біздіңше, «ен», «ін» тұлғасының екеуі де этимон түбір емес, туынды түбірлер. Бұл түбірлердің қай-қайсысы болсын жермен қатысты.

«Ін» тұлғасы «ен» сөзінен туындаған, «іннің» ішке кіру, өту, сұғыну – мағыналары арқылы конверсиялық тәсіл негізінде сөзжасамдық мағына жасалған. «Ен – ін» тұлғалары фонетикалық өзгеріс нәтижесінде туындайды. Яғни, ен – жерге ену, сұғыну мағынасын берсе, одан туындаған «ін» жерге кіре, ене жасалған үдеріс негізінде пайда болған денотаттың аты. Фонетикалық өзгерісіне қарамастан, ен – ін тұлғалары бір сөзжасамдық парадигма жатады. Е.З. Қажыбеков «ен» – спускаться, сходить; «ен» – низ, спуск мағыналарын омоним ретінде түсіндіреді [100, 104]. Көрсетілген семалардың мағынасындағы ортақ сема – төменге қарай бағытталған үдеріс, қимыл және сол қимыл атауы. «Ен» сөзінен мынадай туынды тұлғалар жасалған: ен – енгіз, ендеу, ендес, енсіз, енді, ениші – дей (-ле, -лену, -лес т.б.), еніңкі, ентелеу, ендіру т.б. Мағыналардың ортақтығы өзексема мен негізгі семалардан аңғарылады. Мұның өзі түбірлес сөздердің генетикалық біртектілігі мен генетика-семантикалық кодтың біреу екенін көрсетеді.

Жар – жар

Көне түркі тіліндегі «йар» – раскалывать, расшеплять; «иар» – обрыв, расщелина мағыналары түркітанудағы еңбектерде омонимдік сипатта танылған. ҚТТС-та «жар» сөзі былай сараланған: 1. Табиғат әсерінен пайда болған – биік қабақ, тік жар; 2. Некелі ерлі-зайып, қосақ; 3. Балта т.б. құралдармен ағашты кіші бөлшектерге бөлу, жаңқалау; 4. Бұйрық, жарлық. Негізгі өзексемасы – белгілі нысанның бөлінуі, бөлігі, жарылуы,

бөлікке жіктелуі. Семалар жіктеле келе, жеке-жеке номинативті атауларға негіз болған. Уәждеме нәтижесінде «жар» бөліну семасы – *өзеннің жары, жарқабақ, тік жар* мағынасын иеленген, яғни *жарқабақ* судың әсерінен топырақтың екіге жарылып, құлауынан пайда болатындықтан, «жар» туынды денотаты жасалған. *Жар* – «үй қабырғасы» сөзі үйді бөліп тұру семасына негізделеді. Арнаулы сема – қабырға, өзексема – бөлік, бөліну. «*Жар*» – некелі, ерлі-зайыпты сөзі ұқсату жүйесі бойынша екі жарты бір бүтін, екі бөлік мағынасы арқылы негізделген. Екі адам бір бүтін болып бірігіп, отбасы болатындықтан «жарты», «жар» семасы туындаған. Сонда, негізі арнаулы сема – адам, өзексема – бөлік, жарты болады.

Төрт түрлі номинативті атаудың мағынасына ортақ сема -бөліну, жарылу семалары. «*Жар*» тұлғасының «раскалывать, обрыв» мағыналары бір үдеріске, әрекетке байланысты таңбаланған атаулар. Сондықтан морфологиялық аспектіде бірі – зат есім, бірі – етістік болып жіктелгенімен, семантикалық тұрғыда бұл сөздер генетикалық шығу тегі жағынан байланыста, бір семантикалық өрісте жататын сөздер ретінде танылады. Тұлғалық жағынан өзгермей-ақ, мағыналық мұндай жіктеулер конверсия жемісі деп саналады.

Жақ – жақ

М. Рясянен, Л.З. Будагов, В.В. Радлов «*жақ*» – жақындау мағынасы мен *жағу* – мазать мағынасын ұқсас деп таныған. «*Жақ*» сөзінің этимон түбірі «жа» екенін Г.И. Рамстедт пен В. Банг топшыласа, Э.В. Севортян пікірінше: *йан, йағ, йак, йан* схемасы бойынша туындайды [26, 380-383]. Біздіңше, «*жақ*» сөзінің этимон түбірі: *джа – жа – жағ – жай – жан*. Тұлғаның көне мағынасы – нысанға жақындау, жақындық белгі бағдардағы кеңістік. Сөздің дыбыстық жамылғышы өзгермей-ақ конверсиялық жолмен көне мағынадағы жалпы мағыналар жеке семаларға жіктеледі: 1. *Жақ – жақын*: белгілі нысанға жақындау, жақын келу. Осы семаға негізделуі арқылы:

- тәуір көріну, ұнау немесе ұнамау, (жақ, жағымды, жағымпаз, жағыну т.б.);
- пайдалы болу, жанына жағу (жанына жағу, көңілге жағу т.б.);

- серік болу, пікірлес болу мағыналары туындайды (жақтасу, жақын, жақындық, жақындасу);
- 2. *Жақ – белгілі бағдардағы кеңістік, тұс.* Бұл семаға негізделу арқылы:
 - нысанның мекендік мағынасы (оң жақ, сол жақ, бұл жақ т.б.);
 - нысанның жақтауы семасы туындайды (есік жақтауы).

Жақ сөзінің өзексемасы нысанға жақындау, жағу, ұнату, жақын бару болғандықтан, дами келе ассоциативтік және абстракттылық заңдылықтар негізінде сөз мағынасы әртүрлі сипатта дамыған. Сондықтан, В.В. Радлов, Л.З. Будагов т.б. ғалымдар көрсеткен «*жағу – мазать*» мағынасының да ортақтығы бар деп топшылауға болады. Екі сөзге ортақ мағына немесе генетикалық код – жақындау, таяу келу. Яғни майды жағу үшін, нысанға жақындау қажет болады, осы сема арқылы негізделіп, жақ – номинативті мағына ассоциация, абстракциялану арқылы орнығуы мүмкін. Этимон түбірдің ортақ екендігіне сәйкес, туынды сөздерде негізі өзексема сақталып, әртүрлі деңгейде арнайы сема құрамында көрініп отырған. «Жақ» – жақындау, «жақ» – кеңістік мағынасының дамуы конверсия нәтижесі деп есептеуге болады. Бұл мағыналардан туындаған басқа көптеген туынды сөздер бар парадигмалық шепте жатады.

Жақ – жақ – жақ сөздерінің генетикалық бірлігін тереңірек пайымдау үшін, қарама-қарсы мән туғызатын тұлғалардың мағынасымен салыстыруға болар еді: жақын сөзінің антонимдік мағынасы – алыс. Алыс сөзі арқылы туындайтын мағынаның семасында «жағу» – мазать семасы болуы мүмкін емес. Себебі табиғи қалыпта алыста тұрып жағу үдерісінің орындалуы мүмкін емес, немесе, бір-бірінен алыс жүріп, жақын болу, ұнау, жақындық таныту қиын. Сөздің табиғи дамуы адам танымының дамып, өзгеруімен байланысты десек, онда біздің тіршілігімізде таныған, түсінген, түйсінген заттар мен құбылыстар ғана атаулық сипат алады.

Жан – жан

Көне түркі тіліндегі «жан» сөзінің мағынасы Ғ. Айдаров [49, 359], А.К. Боровков [135, 138] т.б. еңбектерінде «сторона, бок, бедро» деп анықталған. Сондай-ақ, С.Е. Малов, Ә. Наджип, Ә. Ибатов, Н.А. Баскаков, Э.Р. Тенишев, Е.З. Қажыбеков т.б. еңбектерінде талданады. Э.В. Севортян «жақ – жан» сөздерін

түбірлес деп таныған. Қазақ тіліндегі «жан» атауының мағыналары «жақ» сөзімен тектес, туыстас екеніне көз жеткізуге болады.

Мұның негізгі себебі, олардың генетикалық тектестігі.

- жақ – кеңістік семасы (оң жақ, сол жақ);
- жан – кеңістік семасы (үйдің жаны);
- жақ – нысанға жақындау, жағу семасы (отты жағу);
- жан – жағу үдерісінен кейінгі болатын құбылыс – жағу семасы;
- жақ – нысанға жақындау, таяу семасы (жақын бару);
- жан – нысанның жақындауы, таяу үдерісі семасы (жанына жанай келу).

Көне түркі тілінде «жан» сөзінің мынадай мағыналары берілген: 1. Жан – сторона, бок; 2. Жан – возвращаться т.б. [86, 231]. Көрсетілген екі мағына Е.З. Қажыбеков еңбегінде синкретизм ретінде танылады. Қазіргі қазақ тілінде «жан» сөзінің «жанай қайту» деген сөз тіркесінде келіп, қимылдық мағына беру мәні кең қолданылады. Көне түркі тілінде және кей түркі тілдерінде «жан» сөзінің үдерісті, қимылдық, мағынасының сақталуы сөздің көне кезде болған архисемасының бір қыры деп бағамдаймыз.

ЖА – этимон түбірінің жақындау, жақын келу семасы арқылы «жақын келу» арнайы семасы қалыптасады. Архисеманың негізінде заттанып пайда болған «жан» «жақ» көмекші есімінің мағынасы тек ерекше сема иеленгені болмаса, екеуінде ортақ сема мөлшері көп. Яғни, *жан – жақындау, жан – жақын, жер* мағынасын білдіреді. Бір сема – белгілі нысанның қимылын білдірсе, екінші сема сол қимыл нәтижесінде орындалатын сигнификаттық мағынаны білдіреді. Сондықтан бұл мағыналар бір-біріне генетика-семантикалық жағынан жақын, бір-бірінен негізделіп дамыған деп танылып, конверсиялық сөзжасам нәтижесі ретінде бағаланады. Әрі *жан – жақ* сөздері мен олардан туындайтын екіншілік мағынадағы туынды сөздер бір семантикалық өрісте жатып, бір парадигмалық шеп құрайды.

Жел – жел

А.М. Щербак, Л.З. Будагов т.б ғалымдар «жел» және «желу» сөздерінің мағыналық жақындығын көрсеткенімен, кей ғалымдар (Е.З. Қажыбеков, 150) *жел* сөзінің «ветер», «ис-

пускать ветры» мағыналарын синкретті түбір ретінде таниды. «Жел» сөзінің көне мағынасы – жылдам қозғалу, жылдам жүру, жылдамдық болуы ықтимал. Жылдам жүру, асығу семасы арқылы «аттың аяны мен шабуы арасындағы қатты жүріс» мағынасы жасалған. Табиғаттағы ауаның қатты ағынынан пайда болатын «жел» сөзі «жылдам қозғалу» семасы арқылы негізделген. Барлық тұлғаларға ортақ мағына – қозғалыс, жылдам жүріс. Конверсиялық сөзжасам нәтижесінде «жел» сөзі жеке номинативті мағынасы арқылы абстракция заңдылығы негізінде жасалған екіншілік туынды сема. «Жел» сөзінен мынадай туынды мағыналар пайда болған: *Желік, желбіре, желбегей, желдік, желу, желкілдеу, желең, желек, желіс, желті, желек, желбіршек, желдену* т.б.

Сөйтіп, *жел – жел* сөздері омонимдік қатынастағы сөздер емес, керісінше, бір-бірінің мағыналарына негізделе отырып, конверсиялық сөзжасам негізінде туындаған жаңа туынды сөздер. Тарихи тұрғыдан қарастырғанда, бұл семалардың жақындығы өте айқын. Жеке номинативтік ерекше семалар кейін тіл дамуы арқылы қалыптасқан. *Жел – жел – жел – жел* сөздері әртүрлі мағынада жұмсалып, ерекше денотатты айқындалғанымен, тарихи-семантикалық қалпы тектес, ортақ бір архисема арқылы жіктелген парадигмалық топ. Сондықтан бір семантикалық өрісте жатады.

Жұм-жұм

«Жұм» сөзінің «сжимать, закрывать, жмурить» және «зажатый, сжатый, воздержание» мағыналары синкретті түбір ретінде қарастырылады [100, 101]. «Жұм» сөзінің архисемасы белгілі нысанның *жабылуы, жұмылуы, жабысуы*. Жұ – түбірі арқылы: *жа – жаб-ылу, жаб-ысу, жұм-ылу, жұдырық, жыйылу* т.б. сөздер туындаған. Орыс тіліндегі «зажмурить, жмурить» сөздерінің де түбірі – *жм*. Көрсетілген тұлғалардағы ортақ сема – нысанның жабылуы. Өзексема ортақтығын мойындасақ, онда түбірлердің конверсия негізінде негізінде жасалғанын тануымыз керек. Әрбір негіздегі жаңа мағына сол денотатты немесе сигнификатты анықтап, ерекшелендіретін айырма сема. Бір семантикалық өрісте жатып, жақын мағыналық біртектілігін көрсететіндіктен, түбірлер тарихи тұрғыдан синкретті деп таныла алмайды. Жұму үдерісі мен сол үдерістің атауы болып тұрған мағыналар бір-бірімен омоним болып саналмайды.

Жұт – жұт

«Жұт» сөзінің «глоток» – «глотать» мағыналары синкретті түбір ретінде зерттелген. Көне түркі және орта түркі тілдеріндегі мағынасы: 1. Жұт – гололедица, вызывающая гибель животных. 2. Жұт – глотать, испытывать чего-л. [86. 282]. Тұлғаның әуелгі мағынасы «джо» этимон түбірі арқылы негізделіп *жоқ, жой, жұм* т.б. сөздермен түбірлес әрі мағыналас болған. Барлығына ортақ сема – нысанның жабылуы, көрінбеуі, жоқ болуы. «Жұт» – «жұт» – тұлғаларының ішкі семантикалық құрылымы жақын, негізгі сема ортақ, арнайы сема деңгейі, мөлшері аса көп емес. Тек контекстегі қызметі мен грамматикалық категориялардың жалғануындағы өзгешелік арқылы ғана, олардың есім және етістік сөз таптарына жататындығы аңғарылады.

«Жұт» – глотать; асты өңештен өткізу үдерісі; негізгі, өзексема – нысанның көрінбей кетуі, өтуі, жабылуы. Арнайы сема – нысанның, өңештен өтуі. «Жұт» – глоток – асты өңештен өткізу, қылғыту үдерісінің қимылдық атауы, негізгі сема – нысанның көрінбей кетуі, арнайы сема – асты өңештен өткізгендегі үдерістің қимылдық атауы. Бұл мағына қимыл есімдердің қатысуымен емес, конверсиялық тәсіл арқылы берілген. Демек, мұндай мағыналық өзгешелік – полифункциональдық қызмет нә-тижесі. Көрсетілген лексеманың бірде баяндауыштық, бірде нысандық қызметте келуі, олардың заттануына, сөйтіп нысандық мағынасының тұрақталуына әкелген.

Қимылдық мағына бірте-бірте қимылдың аталу семасына субстантивтеніп, жаңа номинативтік мән иеленген. «Жұт» мағынасынан конверсиялық тәсіл арқылы «жұт» – *жоқ болу, жоқ ету, құрту, жоқ, ашаршылық, қуаңшылық, аштыққа ұшырау* семалары аналогиялық және ассоциациялық заңдылық негізінде туындайды. «Жұт» сөзінің узуальды, өзексемалары белгілі нысанның екінші нысан арқылы жойылу, жоғалуы – конверсия тәсілі арқылы семалық жіктеліске түскен. Сөйтіп «жұт» – құрту, жою деген жеке сигнификаттық мағыналы сөз бөлінген. Абстракциялану негізінде: *ақ сүйек жұт, жұтқа жаға жыртқызбау, антын жұтты, басын жұтты, жер жұтты, жүрек жұтқан, жылан жұтқан, оқтау жұтқандай, жұтып жіберердей, жұт жеті ағайынды, у жұтты, көз жасын жұтты* т.б. номинативті ауыспалы мағыналы тіркестер жасалған.

Генетикалық тектестігі мен ішкі семантикалық жақындығына сәйкес, жұт – асты өңештен өткізу қимылының атауы семасы, жұт – жоқ болу, ашаршылық семасы бір парадигмалық шеп құрайды, бір семантикалық өрісте жатады. Бұлардан туындайтын екіншілік мағынадағы номинативті туынды атаулар да бір семантикалық, өрісте болып, парадигмалық, шепке енеді.

Жүк – жүк

Көне түркі тілінде «жүк» сөзінің мағынасы екі түрлі сепада жұмсалған: 1. Поклажа, груз, вьюк; 2. Собирать, накапливать [86, 285]. «Жүк» сөзінің шығу тарихын Г.И.Рамстедт – «үй, үю» сөздерінен шығарады [103, 128]. Бұл түбірдің архисемасы белгілі нысанның бір жерге жиналуы, қосылуы, көп болып үйілуі. «Үйю» – жиналу негізгі семасының бір ғана қыры, ал «жию» – тұлғаның екінші бір фонетикалық көрінісі ғана. Сонда, үйю = жию – *жиын, жиналыс, жүк* т.б. сөздер түбірлес туындылар болып шығады. Орыс тіліндегі "вьюк, навьючить, кладь" сөздері де түркі тілінен алынған, осы мағынаны білдіреді [83, 112]. «Жүк» – сөзінің семантикалық, құрылымы ортақ. «Жүк» – собирать, накапливать мағынасының арнайы семасы белгілі нысанды бір жерге жинау болса, «жүк» – груз тұлғасының арнайы семасы, тиелген не жиналған зат. Демек, қимыл атауы. Олай болса бұл түбірлердің генетика-семантикалық бірлігінде шек болмаса керек. Сондықтан мұндай сөздерді тарихи-омоним деп тануға еш негіз жоқ. Жоғарыдағы мысалдардағы сияқты, сөздің жеке номинативті бірлік ретінде дамуы, қимыл есімі арқылы емес, конверсиялық негізде дамиды. «Жүк» сөзінің негізгі мағынасы – әрекеттік, қимылдық; заттану үдерісі негізінде екіншілік туынды сепа пайда болған.

Кес – кес

«Кес» сөзін талдаған Е.З. Қажыбеков «кес» – кусок, часть, резать, делить мағыналарын синкретті түбір ретінде қарастырады [100, 250]. «Кес» сөзінің көне түркі тілінде екі мағынасы бар: 1. Кусок, часть. 2. Резать, делить, отрезать, прерывать, преграждать, прекращать, грызть [86, 302]. Сөздің негізгі өзек мағынасы – нысанды бірнеше бөліктерге бөлу, кию, тілу т.б. Мағыналар дами келе өзексема негізінде бірнеше көпмағыналы сөздердің қалыптасуына себеп болған. Жоғарыдағы мағыналар бірі заттың атауын, бірі үдерістің атауын білдіру арқылы қыз-

меттік функционалдық жағынан өзгеше болғанымен, семантикалық тұрғыдан бөлек бола алмайды. Бір семантикалық өрісте жатып, тек бір ұғымға қатысты семаларды білдіретіндіктен, тарихи байланысы айқын. Арнайы семалары конверсиялық дамудың тікелей жемісі ретінде бағаланады.

Қақ – қақ

Көне түркі тіліндегі «қақ» тұлғасының мағыналары әртүрлі сипатта көрінеді. ДТС-та алты номинативті мағынасы көрсетілген. Зерттеушілер осы алты номинативті мағынаның бір-біріне семантикалық жағынан жақын келетін тобын үшке бөліп, синкретті түбір ретінде сипаттайды: *қақ* – *сердиться, гневаться, кричать громко* – гнев, крик, громкая речь; *қақ* – *бить, битый*; *қақ* – *сушить, сушенный* [86]. Біз бұл жұптардың етістік және есім сөз таптарына жататындығына қарап, оларды синкретті түбірлер ретінде тани алмаймыз. Себебі, сөздердің ішкі семантикалық құрылымының жақындығы мен өзексемалардың ортақтығы анық. «Қақ» сөзінің көрсетілген туынды мағыналары конверсия нәтижесінде, тұлғалық өзгеріске түспей-ақ, арнайы семаларға ие болған. Айталық: *қақ* – *злиться, сердиться* мағынасы мен *гнев, крик* мағынасының ортақ өзексемасы – ызалану, ашулану, ренжу. «Қақ» сөзінің өзексемасы арқылы қимылдық, әрекеттік мағыналары қалыптасады да, кейін заттану үдерісінде «қақ» тұлғасының заттық ашу, ызалану мағынасы жіктеледі. Екі атау бір денотаттың әртүрлі белгісін анықтайды, сөйтіп бірі – денотаттық, бірі сигнификаттық мәнге ие болған.

Қақ – *қақ* – сөздерінің ұру, ұрылған мағыналарының бір-біріне негізделгені айқын, мұны дәлелдеп жату артық. Ал «қақ» – ашулану мен ұру, ұрылған сөздерінің мағыналарының ішкі семантикалық жақындығын дәлелдеуге болады. Екі түбірдегі ортақ сема – *ұру, ұрылу*. Ұрылған соң барып, кісіні ашу ыза кернейді. Демек, бірі екінші сема арқылы негізделіп, туынды мағынаға ие болған. Сөздің ерекше мағынасының жекеленуіне, ассоциация арқылы туындаған әртүрлі танымдық өзгерістер мен олардың номинативтік белгілерінің ерекше маңызды сипатының өзгешелігі себеп болған.

Қақ – *қақ* «сушить – сушенный» мағыналары да бір-бірімен туындап, алғашқы мағынасына негізделу арқылы пайда болған. Қауыннан жасайтын «қақты» алдымен тіліп алып, яғни қақтап қояды, сөлінен айрылған, яғни қағудың нәтижесінен туған затты

«қак» дейді. Сондай-ақ сойылған мал етін тілгілеп, қақтайды да, тұздаған соң, кепкен етті қақталған деп атайды. Тұлғалық жағынан еш өзгеріске түспей-ақ, мағыналық ерекше сипатқа ие болатын сөзжасамдық тәсіл – конверсиялық тәсіл болады да, ол арқылы сөзжасамдық жаңа туынды мағына жасалады.

Қоз – қоз

Ғылыми еңбектерде «қоз» сөзінің – *возбуждаться, раздражаться, увлечься* және – *горячий уголь, жар* мағыналары синкретті түбірлер ретінде сипатталады. Қазақ тіліндегі мағынасы – *шоғы сөнбеген ыстық күл, қоламта*; белгілі әрекеттің не оқиғаның өрши түсуі, асқынуы. Н.К. Дмитриев «қоз» сөзін туынды сөз болуы мүмкін екенін ескерткен [13, 325]. Мұнда автор қ – к, з – р дыбыс сәйкестіктерінің болатынына сүйенеді. Түбірдің архитұлғасы «ко – кө», кейін *қоз, қод, күн, күй* болып жіктелуі ықтимал.

Көне түркі тіліндегі «тітіркену, түршігу, қызығу, елігу, құштарлану» мағыналары – туынды, ауыспалы мағыналар. Негізгі архисеманың «күйдіру» семасы арқылы абстракцияланып, уәждеме нәтижесінде жасалған. Себебі мағыналардың өзексемасы – күйдіру, ысыту.

«Қоз» сөзінің қимылдық мағынасы туынды екіншілік номинация жасайды. «Күйдіру, ысыту» семемасының бір семалық қырын иелену арқылы «қоз» – қоламта деген заттық мағынасын иеленген. Көрсетілген түбірлер арасында генетика-семантикалық байланыс бар деп есептейміз.

Қол – қол

«Қол» сөзінің *просить, добиваться, вымалывать* және *рука* мағыналары бір-біріне синкретті деп көрсетіледі [100, 168]. Бұл сөздің шығу төркіні туралы Г.И. Рамстедт, С.Е. Малов, Э.Р. Тенишев, И.А. Батманов, Ә. Ибатов т.б. ғалымдардың пікірі бар. И.А. Батмановтың «қол – қыл» түбірлерін салыстыра отырып, ішкі флексия құбылысы деп тануы біз үшін құнды пікір. Шынында, «қол-қыл» сөздерінің архитұлғасы мен архимағынасы бір болған. Тұлғалық және мағыналық жағынан дами келе, бір денотаттың не сигнификаттың әртүрлі сипатын айқындау үшін, үдерістік және заттық мағыналарға жіктелген. Осы ортақтық негізінде жаңа атау сөздерде – *ұстау, жасау, өндіру, істеу, қылу* семалары сақталған. Тұлғаның өзгеріссіз қалып, мағыналық

дамуы конверсия нәтижесі. «Қол» сөзінің ішкі семантикалық дамуы: 1. Қол – ұстау, жасау мағынасындағы үдерістік сема; 2. Қол – ұстау, жасау әрекетін атқарушы денотаттық сема; 3. Қол – ұстау, жасау үдерісін атқарушылардың көптігін білдіретін сема (қол – әскер); 4. Қол – ұстау, жасау үдерісінің жөні, ыңғайлы, лайығы семасы (қол – қол емес, қол көру т.б.). «Қол» сөзінің мағыналық ауқымдылығын қазіргі қазақ тіліндегі оның көп мағыналылығы мен ауыспалы семаларынан көруге болады [136, 279-290]. Қол сөзінің сұрау мағынасы *жасау, қылу* семасы арқылы негізделіп, аналогия заңдылығы негізінде қалыптасқан деп пайымдаймыз. Себебі қолды жайып сұрау семасы арқылы туындап, екіншілік ауыспалы семаға жіктелген. Бұл мағыналардың бәріндегі ортақ сема – ұстау, жасау, өндіру, қылу т.б. Осы семаға негізделе отырып, басқа семалар жіктеліп шыққандықтан, арасында генетикалық байланыс сақталған.

Құр-құр

«Құр» – *құрау, жасау, дайындау мағынасы мен құрғақ, құрылыс, қорға, қорған* т.б. мағыналарының омоним еместігін дәлелдеу үшін, негіздің семантикалық құрылымына талдау жасау қажет. ДТС – тағы мағыналары: 1. Пояс, құшақ; 2. Положение, чин, достоинство, ранг; 3. Ряд, очередь, последовательность; 4. Урчать; 5. Сухой; 6. Устраивать, сооружать, собирать т.б. [86, 467]. Осы көрсетілген жеке номинативті атау мағыналарының айқындауға болады. «Құр» түбірінің негізі өзексемасы – белгілі нысанды орнату, тұрғызу, жасау, негізін салу. Сөздің арнайы семалары негізі сема арқылы абстракция, аналогия, уәждеме нәтижесінде түрленіп дамыған. «Құр» – *стена, строение* мағынасы қимылдың нәтижесі ретінде, заттық сема сипатында қалыптасқан. Қимыл, әрекет мағынасының денотаттық мағынаға айналуы – лексика-семантикалық сөзжасамның көрінісі.

Қатар, кезек мағынасының пайда болуы «орнату, тұрғызу, жасау» семасының бір қатарда, кезекпен болатын қимыл болғандықтан, сөз мағынасы уәждеме арқылы екінші денотатты атауға себеп болған. Сондай-ақ, *положение, чин, достоинство* т.б. мағыналары өзек диахрондық аспектіде синкретті түбір ретінде тану қисынсыз. Орыс лексикасындағы – *курить, курится, курень (үй), курчавый* – сөздері «будақтап шығатын түтін, ошақ, жағу» семаларын иеленген.

Сонымен, қорыта келгенде, семантикалық сөзжасам тәсілі арқылы сөз тудыру ең ежелгі замандарда аса белсенді қолданылған деп пайымдаймыз. Мұндай сөз жасау тәсілі, біздіңше, аффиксацияның пайда болуына дейін сөз мағыналарының жіктелуінде үлкен қызмет атқарған. Макросемалы таңбалар тұлғалық жағынан өзгеріске түспей-ақ, микросемаларға ажырап, мағынаның дамуын туғызған. Сөздің семантикалық дамуы транспозиция нәтижесінде іске асады, бұл мағынаның полифункционалдық қызметімен тікелей байланысты. Бір лексеманың әртүрлі қызметте келіп үдерістік, нысандық, субъектілік, предикаттық, атрибуттық қызметте жұмсалуды тұлғаның мағыналық тұрақталуын туғызады, нәтижесінде ерекше мағыналы номинативті атау жасалады. Семантикалық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған туынды сөздің ішкі семантикалық құрылымы күрделі болып, сыртқы тұлғалық жамылғышы өзгеріссіз қалады. Сондықтан мұндай сөздерді тек «тұлғадан – мазмұнға» қағидасы бойынша зерттеу дұрыс нәтиже береді.

Конверсия тәсілі арқылы жасалған сөздердің мағынасын семантикалық, лингвомәдени, лингвогенездік аспектіде қарастыру орынды. Мағына дамуы ұғымның, танымның даму көрінісін бейнелейді. Синкретті түбірлер арқылы мағыналық өзгеру болмайды. Мағыналық даму тоқтаған жерден, сөздердің бір-бірімен генетикалық байланысы үзілген кезде ғана омонимдер пайда болады. Сөздердің генетика-семантикалық жақындығын олардың құрамындағы семалардың – негізгі семасы, өзексема, узуальды сема – ортақтығынан айқындауға болады. Сөздердің мағыналық дамуында себепші негіз бен туынды сөз арасындағы байланыс айқындалса, мотивтендіруші тұлға мен туынды сөз арасында семантикалық байланыстан номинативті туынды мағына жасалады.

Конверсиялық сөзжасамды синкретизмнен ерекшелейтін негізгі шарт – негіз мағынасының уәжделуі, тұлғалар арасындағы генетика-семантикалық байланыстың болуы. Конверсиялық сөзжасам тәсілі арқылы сөз мағынасы дамығанда, макросемалар жеке семаларға ыдырап, арнайы сема туғызады. Сөйтіп, тарауда талданғандай, түркітануда синкретті түбірлер деп танылып жүрген көптеген мағынасы ортақ лексемаларды конверсиялық сөзжасам негізінде пайда болған туынды сөз деп танимыз.

6. СИНТЕТИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СӨЗЖАСАМНЫҢ ПАРАДИГМАТИКАСЫ МЕН СИНТАГМАТИКАСЫ

6.1. Синтетикалық сөзжасамның зерттелуі мен мәселенің қойылысы

Синтетикалық сөзжасам – қазіргі тіл деңгейінде ең өнімді тәсіл. Сөзжасамның бұл түрі түркітануда, оның ішінде, Қазақ тіл білімінде жақсы зерттелген. Морфологияны зерттеген ғалымдар еңбектерінде, жалпы грамматикалық еңбектерде сөз тудырушы тұлғалар егжей-тегжейлі зерттеліп, іргелі ізденістерге арқау болған. XIX ғ. орыс және еуропалық зерттеушілер: Н.Ф. Катанов [1803], М.А. Казембек [1846], В.В. Радлов [1870], Н.И. Ашмарин [1898], П.М. Мелиоранский [1894, 1897], Г. Ильминский [1861], В.В. Катаринский [1897] т.б. еңбектерінен бастап, XX ғасырда, әсіресе Кеңес өкіметі тұсында жарық көрген түркітанудағы грамматикалардың бәрінде сөз жасаушы тұлғалар жөнінде әртүрлі дәрежеде, әрқилы аспектіден зерттеулер жүргізілді: У.Д. Алиев [1930], Н.А. Баскаков [1952, 1962], И.А. Батманов [1963], А.Ю. Бозиев [1965], А.К. Боровков [1935], Н.К. Дмитриев [1948, 1962], Ф.Р. Зейналов [1959], Ф.Г. Исхаков, А.А. Пальмбах [1961], А.Н. Кононов [1956, 1960, 1980], К.М. Мусаев [1964], С.Е. Малов [1951], Э.В. Севортян [1966], М.А. Хабичев [1971], В.Н. Хангильдин [1959], А.М. Щербак [1962, 1970] т.б.

Сөзжасамды бөлек сала ретінде морфологиядан бөліп қарастырған зерттеушілер: А.А. Юлдашев [1958], Ф.А. Ганиев [1974], Т.М. Гарипов [1959], А.Т. Гулямов [1955], Э.В. Севортян [1957, 1966], М.А. Хабичев [1971], Б.О. Орузбаева [1964] т.б. еңбектерінде негізінен синтетикалық сөзжасам жан-жақты баяндалады.

Қазақ тіл білімінде А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов [1959], Ә. Төлеуов [1973], А.А. Есенқұлов [1969, 1976], А. Хасенова [1959], Ғ. Қалиев [1985], А. Ысқақов [1974], Ә. Керімов [1979], т.б. ғалымдар зерттеулер жүргізген. Еңбек-

тердің бәрінде қазақ тілінің синтетикалық сөз жасау жүйесі морфологиялық аспектіден терең, жүйелі түрде зерделенген. Сөз таптарының жасалу жүйесі бөлек-бөлек қарастырылып, өнімді және өнімсіз сөз тудырушы жұрнақтардың тұлғалық және мағыналық сипаты бағамдалған. Әдеби тілде және диалектіде кездесетін сөз тудырушы тұлғалар түгелдей жинақталып, жүйеге түсіріліп, жаңа мағына туғызу қызметі терең сараланған. Тарихи қалыптасу жүйесі анықталған.

Синтетикалық тәсілді сөзжасамдық аспектіден зерттеудің үлгісі "Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі" атты монографияда берілген [55]. Мұндай терең зерттеулердің болуы, біздің мәселеге басқа қырынан келуімізге мүмкіндік береді. Бұл тарауда синтетика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздің өзіндік номинациялық ерекшеліктерін айқындап, парадигматикалық және синтагматикалық қатынасын көрсетуге, кей тұлғалардың этимологиясын айқындауға талаптанамыз.

Кез-келген туынды сөз сияқты синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөздердің де семантикалық табиғаты күрделі. Семантикалық құрылым күрделілігі туынды сөз тұлғасының күрделілігімен байланысты. Синхрониялық аспектіде синтетикалық тәсілмен жасалған кез-келген туынды сөз негіз арқылы пайда болады. Себепші негіздің түбір бола алмайтын себебі, тарихи-диахрондық аспектіде олардың бәрі дерлік түбір және қосымша морфемаға жіктеліп кетуіне байланысты. Өуелдегі түбір сөздер тілдің тарихи дамуында синтетикалық сөзжасамға дейін бірнеше тұлғалық және мағыналық даму сатысынан өтеді. Синтетикалық сөзжасам күрделілігі мынандай екі жағдайдан көрінеді:

1. Туынды сөз жасауға негіз болатын себепші негіздің мағыналық жағынан күрделілігі. Яғни себепші негіз тарихи тұрғыда өзі туынды тұлға болып саналады да, жаңа үшіншілік мағына туғызуға себепші негіз болады.

2. Сөз туғызушы морфеманың мағынасы да тарихи тұрғыдан алғанда күрделі мәселе. Қосымша морфеманың дені (бәлкім бәрі де) тарихи-диахрондық аспектіден байыптағанда, түбір сөздердің десемантизацияланып, лексикалық мағынаның грамматикалық мағынаға алмасқанынан туындаған деген пікір түркітануда бұрыннан белгілі. Олай болса, сөз тудырушы қосымша морфеманың мағыналық құрылымы жөнінде де келелі мәселелерді сөз ету қажеттілігі туындайды.

Синтетика-семантикалық сөзжасам тәсілінде (СССТ) жаңа сөз мағынасы негіз сөз бен сөз туғызушы тұлғалардың қосылуы арқылы жасалады. Басқа да сөз тудырушы тәсілдердегі сияқты, бұл тәсілде сөзжасамдық туынды мағына екіншілік сипатта болады, әрі құрамындағы бірліктер негізінде құралады. Синтетика-семантикалық тәсілдің басқа тәсілдерден өзіндік ерекшелігі бар. Айталық, конверсиялық тәсілде жаңа сөздің пайда болғандығын тек сөздің ішкі семантикалық құрамындағы ерекше сема арқылы айқындасақ, синтетикалық тәсілде туынды сөз мағынасын негізгі сөздің мағынасы мен сөз туғызушы жұрнақтың жалғануы арқылы айқындаймыз.

Синтетика-семантикалық сөзжасам өзге сөзжасамдық тәсілдермен салыстырғанда кейін пайда болған деп есептейміз. Синтетикалық сөзжасам құрамын құрайтын тұлғалар мағынасы мен олардың тарихи тұрғыдан қалыптасу жолы мен жүйесінің өзі тарихтың терең қойнауына енеді. Негіздер мен сөз тудырушы тұлғалар мағынасы бір сәтте пайда болған жоқ. Олардың тұлғалық және мағыналық жағынан ерекше қалып алуы үшін, өзіндік қалыптасу жолы мен кешенді даму жүйесі болғаны даусыз. Сондықтан тарихи тұрғыдан келгенде, бұл сөзжасамдық тәсіл арқылы жаңа сөз жасалуын айқындау күрделі іс. Сөз мағынасы мен грамматикалық тұлға мағынасы арқылы сөзжасамның пайда болуы – мағыналардың әбден қалыптасып болғанынан кейінгі екіншілік құбылыс. Демек осының өзі-ақ, бұл тәсілдің кейін пайда болғанын байқатады.

Синтетикалық сөзжасам – ең өнімді тәсіл. Бір мағынаны үстеп, жамайтын тұлға бірнеше негіздерге жалғанып, себепші мағынадағы семаға сәйкес, көптеген жаңа номинативті мағына туғыза алады. Екіншілік мағына туғызуда екі тұлғаның бір-біріне валенттілік қасиеті сақталады. Яғни жаңа сөзжасамдық мағына туу үшін, тұлғалардың тарихи-генетикалық мағыналары бір-бірімен сәйкес болуы шарт. Жай көзбен қарағанда байқала бермейтін тарихи валенттілік қасиеті - сөздердің бір-бірімен қосылуынан, жалғануының кепілі. Сөзге кез-келген сөз тудырушы тұлға жалғана алмайды. Сөз туғызушы тұлғалардың көне мағынасымен, яғни бұрынғы лексикалық мағынасымен сәйкес келгенде ғана валенттілік заңы орындалады, сөйтіп парадигматикалық және синтагматикалық құбылыстарға толық жауап бере алады.

Қазіргі синхрондық тіл білімінде бұл аталған тәсілдің белсенді қолданылуының себебі, өзіндік ішкі ерекшеліктері арқылы анықталады:

- бір сөз тудырушы тұлға бір семантикалық өрісте жататын сөздерге жалғана алады;
- бір сөз туғызушы тұлғаның туғызатын мағынасы ұқсас, жақын болады;
- бір сөз туғызушы тұлға арқылы жасалған сөзжасамдық мағыналардың ортақ семасы пайда болады, олар бір парадигмалық қатар құрай алады.

Синтетикалық сөзжасам тәсіл ретінде морфологиялық аспектіден зерттелгендіктен, сөзжасамдық көптеген теориялық мәселелерді анықтай алмады, әрі сөзжасамдық мағынаның сырын байыпты тексере алған жоқ. Жоғарыда көрсетілген ғалымдар еңбектерінде сөз тудырушы тұлғалардың мағыналық сипаты мен себепші негіз, сөзжасамдық мағына т.б. айқындалмайды. Жалпы зерттеулер морфологиялық аспектіде жазылған соң, тілдік дерек ретінде жана сөздің жасалуын көрсеткенімен, оның орындалу үдерісі мен ерекшелігін анықтау қажет болады.

6.2. Себепші негіз мағынасы

Кез-келген түбір не негіздің мағынасы кең де көлемді. Сөздіктердегі тізбе сөз ретінде берілетін негіз сөздердің көпшілігі СССТ арқылы болған туынды сөздің себепші негізі бола алады. Себепші негіздің мағыналық тереңдігі әртүрлі сипатта көрінеді. Бір сөзге бірнеше сөз тудырушы морфемалар жалғанып, әртүрлі денотаттық және сигнификаттық мағыналар туындайды. Түбірлес сөздерді жасаушы түбір сөздің семасы барлық туынды сөздер мағыналарында жіктеуші түрде сақталады, яғни әрбір жаңа туынды сөздің мағынасында себепші негіздің бір семалық қыры болады. Түбірлес сөздер тек тұлғалық жағынан ғана ұқсас емес, ішкі семантикалық құрылымы жағынан да ұқсас сабақтас.

Түбірлес сөздердің сандық жағынан өсіп көбеюі, өзексема мағынасының сапалық тереңдігін байқатады. Түбірлес сөздер көп болса, өзексема мағынасының ауқымдылығы, ал екі не үш сөзден аспаса, өзексемалы түбір мағынасының солғындығы. СССТ арқылы жасалған туынды сөздің семемасындағы негізгі желі түбір сөз арқылы жасалады. Яғни туынды сөздің семантикалық құрылымы өзексемалы түбірдің мағынасына тіке-

лей тәуелді болып, түбірлес сөздермен ортақ семаны сақтайды. Түбірлес сөздердегі ортақ сема – олардың генетикалық тектестігінің кепілі. Егер тұлғалас сөздердің өзексемасында ортақ сема болмаса, мұндай сөздер түбірлес деп таныла алмайды. Кездейсоқ тұлғалас болатын сөздер омонимдер ретінде танылады. Түбірлес сөздерді сөзжасамдық аспектіде зерттеудің негізгі шарттары мынадай:

- түбірлес сөздердің өзегінде бір ғана түбір не негіз болады;
- өзексема арқылы қалыптасқан туынды мағынада ортақ сема сақталады;
- жаңа номинативті мағынада сөзжасамдық мағына болады.

Осы шарттар орындалғанда түбірлес сөздерді сөзжасамдық аспектіде номинация теориясы негізінде қарастыруға болады. СССТ арқылы жасалатын сөздер бірнеше саты бойынша дамып, бірнеше тәсілмен түрленіп келуі мүмкін. Айталық: «Түн» сөзінің көне тұлғасы – тү, архисемасы – жабылу, қараңғы, басылу, тұту т.б. Көне түркі тіліндегі мағынасы *закрывать, преграждать, покой, спокойствие, затихать* т.б. [86, 584-585]. Негізгі өзек түбір мағынасы арқылы мынадай сөздер жасалады: *түн, түс, түй, түк, түт, тын*. Бұл мағыналардың дамуы негізінде мынадай туынды атаулар жасалады:

түн – түнеу – түнек – түнеру – түнгі – түндік (жабылу семасы);

түс – түс көру, түс мезгіл, аттан түсу (аялдау, бөгелу семасы);

түй – түйін, түйілу, түйінделу (бөгеу семасы);

түн – түншығу, түнық, түнықтыру, түну (бөгелу семасы);

тұм – тұмшалау (жабу, көрсетпеу семасы);

тұт – тұту, тұтқыш, тұтқындау, тұтылу (жабу, бөгеу семасы).

тын – тыныш, тыну, тынышталу (қозғалмау, демалу семасы).

Көрсетілген мысалдарда, алдымен, фонетикалық, конверсиялық, содан соң аффикс жалғану арқылы жаңа сөз туындаған. Бұлардың архитұлғадан сөз тудырушы морфемалар арқылы жаңа сөз жасауы, үшіншілік не одан да көп мағынаның тууымен байланысты. Архисеманың өзексемасы – жабылу, бөгеу, аялдау семасының арнайы семаға жіктелуі нәтижесінде жаңа номинативті туынды мағыналар жасалған. СССТ арқылы жасалған туынды сөздерге негізгі ортақ мағына үзілмей, генетикалық байланыс сақталады. Генетика-семантикалық байланыстың үзіл-

меуінің себебі, негіз бен қосымша арасынан туындайтын сөзжасамдық мағынада себепші негіздің өзексемасының сақталу қабілетінен. Сондықтан СССТ арқылы болған туынды сөздердегі арнайы семаның арақатынасы мынадай болады: 1. *Түн* – күннің батуы, қараңғылық семасы; түнеу – түн сөзі арқылы туындайтын бір нысанға қону, жату семасы. 2. *Түс* – түс мезгілі; демалу, аялдау семасы шеткі өрісте сақталады. Аттан түсу – аялдау, демалу семасы. 3. *Түй* – белгілі нысанның шетін жабу, бөгеу байлау семасы. 4. *Тұн* – нысанның төменге тұнуы, бөгелуі сияқты үдерістік сема. 5. *Тұқ* – нысанның жабылу, жоқ болу семасы. 6. *Тұм* – нысанның өңін жасыру, жабу, өшіру семасы. 7. *Тұт* – нысанды ұстау, жабу, бөгеу семасы. 8. *Тын* – нысанның демалу, тоқтау, тыңаю семасы.

Осы жіктеуші семалар кейін үшінші рет сөз тудырушы тұлғалар жалғану арқылы басқа туынды сөз жасауға себеп болып, одан әрі жіктеліп, тіл дамуына қызмет етеді. Сондай-ақ *су* – *сө* көне түркіде әскер мағынасын берген түбір сөз ретінде ғана көрсетілгенімен, мағыналық ауқымы кең [85, 516]. Оның әртүрлі сөзжасамдық мағыналар туғыза алатын қабілетін аңғарамыз: *со* + *қ* = *соққы*, *соғыс*, *соғыстыру*, *соққылау*, *соқпа*, *соққыш*, *соқтығу* т.б. *Со* + *р* = *сұрқия*, *сұрқылтай*, *сор* т.б. *Сұ* + *с* = *сұс*, *сұсты*, *сұстылық*. *Со* + *л* = *сұлба*, *сұлау*, *сулық*. *Со* + *қ* = *сұғы*, (*көз сұғы*) *сұққыш*, *сұққылау*, *сұқтыру*. *Сү* + *з* = *сүзу*, *сүзгі*, *сүзгілеу*. *Сө* + *н* = *сүңгі*, *сүңгуір*, *сүңгігіш*. *Сө* + *л* = *сүлік*, *сүлікше*, *сүліктей*. Яғни нысанды ұру үдерісі ұрып-соғатын құрал нысанды ұрып-соғу үдерісіндегі денотаттық мағына, сол үдерістің сипатын, көрінісін, нәтижесін сипаттайтын семалар әртүрлі таңбаланған. Демек, СССТ арқылы сөзжасам үдерісінде түбірдің рөлі ерекше. Түбір сөз жаңа туынды сөз мағынасын туғызуда негізгі қызмет атқарады. Сөз тудырушы қосымшалар жалғанғанда, әуелгі мағынаны толық өзгерте алмайды. Тек өзексема арқылы өрбитін жаңа туынды мағына жасауға себепкер болады. СССТ арқылы жасалған дериваттар сөз тудырушы тұлғалар негізінде өзгеріске түскенімен, түбірдің жетегінде болып, оның мағыналық ауқымынан алыс кете алмайды. Сонымен, мынадай тұжырым жасауға болады:

- түбір сөздің мағынасын туынды сөздің семантикалық құрылымына толық еніп, арнайы семаны қалыптастырады.
- түбірлес сөздердегі ортақ семаны туғызушы – өзексема.

- түбір сөздің мағынасы мен туынды сөздің мағынасы, түбір сөз бен себепші негіз мағынасы семантикалық құрылымы және тұлғасы жағынан бір-бірінен ерекшеленеді.

6.3. Сөз тудырушы тұлғаның парадигматикалық және синтагматикалық байланысы

СССТ арқылы туынды сөз жасауда түбір сөздің атқаратын рөлі ерекше болса, сөз тудырушы аффикстің де өзіндік орны бар. Түбір сөздің мағынасы болмаса, туынды тұлғадағы өзексема қалыптаспайтыны сияқты, негізге сөз тудырушы тұлға [СТТ] жалғанбаса, жаңа мағыналы туынды сөз жасала алмайды, сөзжасамдық мағына туғызуда ССТ-ның рөлі ерекше. Жалпы тіл білімінде ССТ-ның орны әртүрлі бағаланады. Ғалымдардың бір тобы жаңа сөз жасаудағы доминантты мағына түбір арқылы беріледі десе, кей ғалымдар қосымша формант арқылы туындайды деген пікірде: И. Улуханов [144], Е.С. Кубрякова [145, 150], В.В. Лопатин [146], Р.С. Манучарян [147], П.А.Соболева [148], А.Н. Тихонов [149] т.б. (Түркітануға, қазақ тіл біліміне қатысты болмағандықтан, бұл пікірлерге тоқталмаймыз).

Қазақ тіл білімінде туынды сөздің теориялық жағы сөзжасамдық аспектіде енді қарастырылып жатқандықтан, СССТ арқылы жасалған туынды сөздің мағыналық құрылымы мен оның қалыптасу жүйесі туралы айтылған пікірлер көп емес. Алғаш түркітануда басталып, кейін Қазақ тіл білімінде жалғасқан грамматикалық тұлғалардың бөлінуі туралы теориялық пікірлер өз шешімін тапты деп түсінеміз (К. Аханов, Ы. Маманов, Ә.Төлеуов, А. Ысқақов, Ә. Ибатов, С. Исаев т.б.). Сондықтан бұл мәселелерге тереңдемей-ақ, сөз тудырушы тұлғаларды танудың сөзжасамдық аспектідегі ерекшелігі мен шарттарына тоқталамыз. Басқа сөз түрлендіруші аффикстер морфологияның аспектісінде қаралатындықтан, сөзжасамның зерттеу нысанына енбейді.

Сөз тудыратын аффикстік тұлғаларды анықтау үшін, ең алдымен, тұлғалардың ішкі мағынасын саралаған лазым. Оларды танып-білудің мынадай шарты бар:

- ССТ мағыналық валенттілігі сәйкес келетін негіздермен ғана синтагматикалық байланысқа түседі;
- ССТ жаңа номинативті атау туғызуға қатысады;
- ССТ туынды сөз жасаушы сыңарлардың бірі;

➤ ССТ-ның ішкі семантикалық құрылымында әуелгі көне түбірдің өзексемасы сақталады;

➤ СТТ бір ғана лексикалық рең беріп, өзі тудырған туынды сөзге бір семалық мән қосады;

ССТ-ны басқа тұлғалардан ерекшелейтін де осы белгілер. ССТ-ның номинативті атау туғызудағы орны мен сөзжасамдық мағынаға қосар үлесін айқындау оңай емес. Туынды сөздің мағынасын күрделі семантикалық құрылым деп түсінсек, ондағы семеманы қалыптастырып негіздейтін негіз бен СТТ. Егер өзек түбір болмаса, туынды сөздің материалдық базасы жасалмас еді. Ал СТТ болмаса, екіншілік мағыналы атау туындамайды, сөзжасамдық мағына пайда болмайды. СТТ-ның сөз жасауға қосар үлесі мен рөлін айқындау үшін, оның мағыналық сипатын ашып, сөзжасамдық семалық деңгейін бағамдау қажет. Мағыналық құрылымын тек этимологиялық зерттеу нәтижелері арқылы айқындауға болады. СТТ-ның этимологиясын айқындау кезінде әуелгі лексикалық мағынасы анықталады. Осы лексикалық мағынасының бір қыры арқылы ғана сөз тудырушы тұлғалар белгілі бір семантикалық өрістегі сөздерді ғана туғыза алатынын барлауға болады.

6.3.1. СТТ-ның парадигмалық байланысы

Қазақ тіл білімінде *парадигма* терімсөзі әртүрлі аспектіде қолданылып келгенімен, оны семантикалық жүйеде зерттеу нысаны ретінде ғылыми тұрғыдан алғаш талдаған ғалым Мейірбек Оразов болды. Ғалым «Қазақ тілінің семантикасы» атты еңбегінде парадигмалық мағына, лексика элементтері арасындағы парадигмалық қатынастар жөнінде талдаулар жасап, шетел және орыс ғалымдарының еңбегіне сүйене отырып, парадигма мен оның семантикалық түсінігін орнықтырды. "Семантикалық парадигма дегенде біз белгілі бір топтағы сөздердің өзара мағыналық жақындығымен, сыбайластығымен байланысты топтастырылып, араларындағы семантикалық байланысты белгілеуді айтамыз", – дей келіп, автор парадигмалық мағыналық ерекшеліктерін көрсетіп берді [82, 134-135]. Семантикалық парадигма арқылы тұлғалар арасындағы парадигмалық мағынаны айқындауға болады. Парадигмалық мағына негізінде парадигмалық байланыс түзіледі. Сөздер немесе тұлғалар арасындағы парадигмалық байланысты айқындай үшін, семантикалық құрылым бірлігін, яғни олардың парадигмалық байланысын білу шарт. Мор-

фемалардың парадигмалық байланысы тік түзу сызық (вертикаль) арқылы түсіндіріледі. Яғни бір-біріне валенттілігі мен байланысуы жағына тәуелсіз, мағыналары бір-біріне жақын, мәндес, ыңғайлас тұлғалардың шектестігі парадигмалық байланысты айқындайды.

Сөзжасамдық тұлғалардың парадигмалық мағынасы мен байланысы жөнінде Қазақ тіл білімінде семантикалық аспектіде зерттеу бола қойған жоқ. Басқа тілдік бірліктер сияқты сөзжасамдық тұлғалар да жүйелі тілдік құрылым болғандықтан, парадигмалық байланысқа түсе алады. Сөзжасамдық аффикстердің мағыналық қырлары әртүрлі. Диахрондық тұрғыдан қарастырғанда, мағыналы түбірден өрбіп, тіл дамуы барысында біртіндеп лексикалық мағынасынан айрылған СТТ-ның беретін грамматикалық мағыналары кездейсоқ сема емес. Керісінше, бұрынғы лексикалық мағынаның өзексемасын бойында сақтай отырып, сондай семаны жаңа туынды сөздің мағынасына үстейді, қосады. Сондықтан сөз тудырушы аффикстер кез-келген парадигмада тұрған мағыналы сөзге жалғана бермейді, тек өзінің ол бастағы архисемасына сай келетін, мағыналық тегіне сәйкес болатын сөздерге ғана жалғанып, номинативті туынды мағына жасайды. Демек, СТТ-ны парадигмалық тұрғыдан сараптағанда, олардың грамматикалық мағыналары мен реңдері айқындалады. Парадигмалық байланысты екі түрлі ыңғайда қарастыруға болады:

- бір СТТ-ның бірнеше мағынада жұмсалып парадигмасы;
- бірнеше СТТ-ның ұқсас мағына беру парадигмасы.

Бір СТТ-ның бірнеше мағынада жұмсалып парадигмасы

Бір СТТ-ның бірнеше грамматикалық мағынада жұмсалып, әртүрлі дериватты сөздер тобын туғыза алу қабілеті болуы ықтимал. СТТ-ның туынды сөз туғызудағы семалық деңгейі айқындалғанда, себепші негіздің лексикалық мағынасы есепке алынбайды, тек оның өзіндік туынды сөзге қосатын мағыналық үлесі сараланады.

-Шы, -ші сөзжасамдық тұлғасы

Көне түркі тіліндегі ескерткіштерде бұл тұлға етістіктен де, есімнен де ат, есім мағынасын туғызып, актив жұмсалатын

форма. -Шы, -ші-нің шығуы жөнінде бір-біріне қарама-қарсы бірнеше пікірлер бар. Айталық, Г.И. Рамстедт қытай-корей тілдеріндегі "ча" – мужчина, человек, лицо, персона мағынасынан шығарса [103, 209.], Н.А. Баскаков пен Г.Д. Санжеев бұл пікірді терістей отырып, *-чыл, -чил, -чан, -чен, -чин* аффикстерімен төркіндес деген тұжырым айтады [152, 60]. -Шы, -ші тұлғаларының негізгі сөз туғызушы мағынасы – адам, кісі семасына ғана қатысы. Себепші негіз арқылы туындаған мағыналардың бәрінің жалпы ортақ мағынасы – кісінің атына, қызметіне, мамандығына қатысты болады. Парсы тіліндегі *"заде", "зада"* – "рождать, родиться" және "аристократтық тек" мәнінде жұмсалады екен [103, 115]. Қазақ тіліне енгенде: *"зада"* – нәсілі, ата-тегі, тұқымы асыл, жақсы адам, *"зады"*- тегі, негізі, тұқымы мағынасын берген. *"Зада"* сөзі тек адамға қатысты айтылып кісі есімін жасауда қатынасады: *Айзада, Нұрзада, Айзат, Нұрзат, Гүлзат, Бекзат, Бекзада, Тұрсынзада* т.б. сөздерде жиі кездеседі. Грузин тіліндегі адамның тегін білдіретін – дзе, тұлғасы да (Кикабидзе, Георгадзе т.б.). Біздіңше, кісі есімнің мағынасын беретін -шы, -ші тұлғасының көне тарихы парсы тіліндегі асыл текті, асыл тұқымды білдіретін *"зада", "заде"* сөздерімен тектес, тамырлас. Олай болса қытай тіліндегі *"чие"*, парсы тіліндегі *"зада"*, грузин тіліндегі – *"дзе"*, қазақ тіліндегі *"шал", "шы, - ші"* (басқа түркі тілдерінде де бар) тұлғаларының бәрінің өзексемасы – адам, кісі. –Шы, -ші тұлғаларының әуелгі мағынасы – адам, кейін осы өзексемадан десемантизацияланған да, адам мағынасын туғызатын грамматикалық тұлғаға алмасқан.

Тілде аса өнімді СТТ ретінде мол кездесетін бұл тұлғаның А.Ысқақов еңбегінде түрлі парадигмасы көрсетіледі:

1) кәсіп иелерінің я мамандықтарының атауларын, белгілі бір кәсіппен шұғылданатын адамды білдіреді (*қойшы, тілші, адебиетші т.б.*);

2) адамның белгілі бір дағдыға айналған іс-әрекеті мен қабілет-қасиеттерінің аттарын білдіреді (*бастаушы, тергеуші*).

3) қоғамдық ағымды я көзқарасты жақтаушының және белгілі бір қоғамдық ұйымға қатысушының атын білдіреді (спортшы, жақаевшы, кітапханашы т.б.) [44, 150].

-Шы, -ші тұлғасы адамның кәсібі мен қызметіне сәйкес иелік мән туғыза отырып, мынадай парадигмалық байланысты көрсетеді:

– табиғат құбылыстары мен өсімдік атауларынан "кәсіп иесі" мағынасын туғызады: *орманышы, ағашшы, жұлдызшы, егінші, сабанышы т.б.*

– тірі жан иесі атауларынан "иелік мағына" туғызады: *атишы, жылқышы, малышы, бұзаушы, сиыршы, түйеші, балықшы, аңшы т.б.*

– дене бөліктері атынан есім, мамандық мағынасын туғызады: *басшы, аяқшы т.б.*

– тағам аттарынан "мамандық иесі" мағынасын туғызады: *асшы, бозашы, балшы, етші т.б.*

– зат атауларынан "кәсіптік" мән туғызады: *қорықшы, арбашы, бақташы, қоймашы, үйші, тарақшы.*

– еңбек құралдары атаулары негізінде "мамандық" мәнін туғызады: *қазанышы, садақшы, кетпенші, қалақшы, табақшы т.б.*

– жер, ел мағынасында жалпы есімдерден "адам" мағынасын туғызады: *жерші, елші, қалашы, колхозшы т.б.*

– дерексіз атауларға жалғанып "кәсіп иесі" мағынасын туғызады: *жыршы, өлеңші, сиқыршы, ақылшы, сыншы, көрші т.б.*

– қимылдың иесі мағынасын туғызады: *оқушы, жазушы, көруші, іздеуші, жүргінші, барушы т.б.*

Көрсетілген парадигмалық мағыналар – мамандық, мамандық иесі, қимыл иесі, кәсіп иесі, иелік мән т.б. тек -шы, -ші тұлғаларының ішкі құрылымдық мағынасы. Мұнда себепші негіздің мағынасы жоқ. Ал "елші" – ел, мемлекет атынан сөйлейтін адам мағынасын білдіретін жіктеуші сема – сөйлейтін негіз бен СТТ-ның семаларының бірігуі нәтижесінде жасалған күрделі сема. Олай болса, -шы, -ші тұлғаларының тек өзіне тән мағыналары болады, олар контекстке қатысты емес, семантикалық валенттілік жағдайына тіркесу қабілеті бар сөздердің кезкелгеніне жалғанғанда, сол – иелік, адамдық мағынаны ғана білдіреді.

-Лық, -лік сөзжасамдық тұлғасы

Бұл тұлғалар түркітануда көптеген зерттеулерге арқау болған. М.А. Казамбек [1846], У.Д. Алиев [1930], Н.А. Баскаков [1952], И.А. Батманов [1940], Ф.А. Ганиев [1974], Н.К. Дмитриев [1940], А. Есенқұлов [1969], А.Н. Кононов [1980], Э.Н. Наджип [1960], Э.В. Севортян [1952], М.А. Хабичев [1971], А.М. Щербак [1977], А. Ысқақов [1991] т.б.

ғалымдар жазған грамматикалық зерттеулерде көрсетілген тұлғаның тарихы мен мағыналық қырлары терең зерттелген.

Айталық, Н.К. Дмитриев -лық, -тың тарихи шығу жолын – *лық*: полный, наполненный, толы мағынасын беретін сөзбен бір деп қарастырса [15, 68], М.А. Хабичев *тең* – ровный, соразмерный, равный мағынасындағы сөздің мағыналық дамуынан деп дәлелдейді [140, 137]. -Лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жұрнағы арқылы жасалған сөздерді А. Ысқақов былайша саралайды: 1. Абстракт ұғымды атау, сөз туғызу; 2. Нақтылы зат атауын туғызу; 3. Мекендік, мезгілдік мағынаны білдіретін есімді туғызу; 4. Есептік сан есіммен қатысты заттың ұғым атауларын туғызу [4, 150-151].

-Лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік СТТ-ның семантикалық байланысы мен парадигмалық мағыналары: 1. Мол, көп, мағынасын беруі. Мыс. Балалық, кісілік, жақсылық, көпшілік, аздық, байлық т.б. 2. Өлшем мағынасын беру; арқандық (жіп), перделік, көйлектік, шайлық (сүт), асымдық (ет) т.б. 3. Тәндік мағына беру: қалалық, далалық, оқулық, көрегендік, білімділік, сезімдік, өткірлік т.б.; 4. Тең бара-барлық мағына беру: айлық, жылдық, апталық, түстік күндік т.б. 5. Қатыстылық мағынасын беруі: жаңалық, ыстықтық, суықтық, саулық т.б. 6. Ұқсату мағынасын беруі: инелік, кездік, қымыздық т.б. 7. Сипаттау мағынасын беруі: сұлулық, асылдық, әдемілік, кеңдік, тарлық, қызықтық т.б.

Грамматикалық тұлғалардың мағыналық байланысын ашудың қиындығы: өзі жеке тұрып мағына бере алмайтындықтан, тек лексикалық бірліктермен бірге қарастырамыз. Сондағы СТТ-нің беретін мағынасы мен негізгі өзексема арқылы берілетін мағынаны және осы екеуінің қосындысынан туындайтын жаңа семаны шатастырмау қажет. Яғни СТТ-ның мағыналық жігін сезу, аңғару үшін, негіз сема мен туынды семаның айырмасын табу жөн. Егер шартты түрде, туынды сема – нәтиже = А; негізгі өзексема – түбір = а1, СТТ семасы = а болса онда :

$$a1 + a = A;$$

$$a1 = A - a;$$

$$a = A - a1;$$

Осы формула негізінде барып СТТ-ның парадигмасын пайымдауға болады. Көптеген ғылыми зерттеулерде СТТ-ның мағынасы ретінде туынды сөздің мағынасы қоса көрсетіледі. Біздіңше, туынды сөздің күрделі құрылымдық мағынасының бір ғана семалық сыңары ретінде СТТ-ның мағынасы ерекшеле-

нуі тиіс. Айталық, -лық тұлғасының мағынасы ретінде зерттеушілер: мекендік, мезгілдік, кеңістік, сапалық, сандық т.б мағыналарды қоса көрсетеді [44, 138-143]. -Лық тұлғасында мұндай мағыналар жоқ, ал көрсетілген мағыналар СТТ-ның емес, сол арқылы жасалған туынды сөздердің күрделі мағынасы.

-Ма, -ме сөзжасамдық тұлғасы

Түркітануда –*ма, -ме* тұлғаларына байланысты айтылған пікірлер біршама: Н.А. Баскаков [11,39.], Ф.А. Ганиев [28,94.], А.Н. Кононов [18,25], Э.В. Севортян [27], М.А. Хабичев [140, 166-167] т.б. Тұлғаның шығу тарихы жөніндегі көзқарастардың негізгі желісі –*мақ* тұлғасынан тараған деген пікір саяды. -Ма, -ме тұлғасы, негізінен, іс-әрекетті, үдерісті, қимылды білдіретін себепші негізге жалғанып, қимыл атаулық мағына туғызады. -Ма, -ме тұлғасы тіл дамуының көне түркілік және орта түркілік кезеңдерінде қимыл есімдік мағына туғызып, барлық етістіктерге жалғана алған. XVIII-XIX ғғ. бастап –у қимыл есімінің активтенуіне сәйкес –ма, –ме тұлғасы бұл позициядан ығысып, сөз тудырушы мағынаға тұрақтанған (А.Б. Салқынбай «Қимыл есімінің семантикасы мен функциясы», 1991).

-Ма, -ме тұлғасының мағыналық парадигмасы осы ерекшелікпен айқындалады. 1) іс-әрекет нәтижесінен туындайтын атаулық мағына: *жайма, сүзбе, көмбе, қатырма* т.б.; 2) іс-әрекет, үдерістің атаулық мағынасы: *ілме, суырма, тапсырма, баяндама, жолдама, ескертпе* т.б.; 3) нысандық мән туғызу: *басқарма, баспа, болма, үйме, қойма* т.б. 4) құралдық мағына: *тартпа, түйме, шалма, тартпа* т.б.

б-сызба

Мағыналар (сема)	Негізгі тип		
	Баспа	бөлме	баяндама
Іс-әрекет			
Нәтижесі	+	+	+
Іс-әрекет үдерісінің атауы	-	-	+
нысандық мәні	+	+	-
Құралдық мәні	-	-	-
Кеңістік мәні	+	+	-
Субъектілік мән	-	-	-

Бұл сызбадан аңғарылатын жайт себепші негізге әртүрлі сөздерге –ма, –ме тұлғасы жалғанып, жаңа туынды номинативті

атау жасалғанда, олардың СТТ ретінде белгілейтін мағыналары да әртүрлі болады, СТТ-ның мағынасы мен байланысының сипаты анықталады.

-Ла, -ле сөзжасамдық тұлғасы

Барлық түркі тілдеріндегі сияқты, қазақ тілінде де бұл жұрнақ ең өнімді сөз туғызушы морфема саналады. -Ла, -ле тұлғаларының аллофоны -да, -де, -та, -те.

-Ла, -ле тұлғасы жөнінде түркітануда біршама пікір айтылған. А.Н. Кононов [1980, 116], Г. Серебренников [1972, 64] бұл тұлғаның монғол және тұңғыс-манчжур тілдерінде, көне түркі жазбаларында кездесетініне сәйкес ең көне праформа ретінде қарастырады. Н.К. Дмитриев -ла, -ле тұлғасының өте белсенді жұмсалғанына қарап, барлық зат есімдерден тегіс жаңа сөз туғыза алатын ең көне тұлға деп бағалайды [15]. Шынында да, тұлғаның деривациялық қызметі ерекше. Көне түркі тілінің өзінде зат есімге жалғанып, көптеген туынды сөздер туғызған: Мысалы: *авла, көзла, арзула, арала, азла, тенле, бутла, басла, бутарла, емла, көзла, атла* т.б.

Көрсетілген еңбектерде -ла, -ле тұлғасының генезисі туралы пікір кездеспейді. Тұлғаның негізгі жамайтын мағынасы іс-әрекеттің белгілі нысаны, құрал, құбылыс арқылы қайталана орындалуы, дүркіндігі. Осыны өзексема деп түсінуге болар еді. Себебі -ла, -ле тұлғасының негізінде туындайтын -лат, -лет, -лас, -лес, -лан, -лен тұлғаларының негізгі, өзексемаларында осы сема сақталып, кейін ерекше семаға ие болады. Тұлғаның негізгі қызметі – денотатты қимылға, қозғалысқа келтіру, демек, архисемасы қимылға, қозғалысқа байланысты, әрі қозғалыс пен әрекеттің дүркіндігі, қайталауы, созылыққылығы семасы бар болған деп пайымдауға болады. Біздіңше, -ла, -ле тұлғасының архитұлғасы қозғалыстың, іс-әрекеттің орындалу сипатының жалғасатыны, дүркіндігі, орындалу амалы мен сипаты (бұл негізінен себепші негіздегі зат есімнің мағынасымен сабақтас келеді). -Ла, -ле СТТ-ның архитұлғасы «лап беру, тап беру» тұлғалары арқылы берілетін, «лап», «тап» сөздерінің көне мағыналарымен төркіндес деп танымыз. «Лап», «тап» сөздерінің мағынасы белгілі нысанды қозғалысқа келтіру, бірден, тез арада әрекетке келтіріп, одан әрі жалғастыру. Лап, тап сөздерінің мағыналары түгелдей -ла, -ле жұрнағында сақталмайды, тек өзексема арқылы беріліп, оның негізгі сөз тудырудағы

мағынасын жасайды. Сондықтан да -ла, -ле тұлғасы семантикалық жағынан үйлесімді болатын зат есімге бірден жалғанып, іс-әрекет, қимыл мағынасын үстейді. Әрі өзінің ерекше семасын жамайды. -Ла, -ле тұлғасының сөзжасамдық мағынаға қосатын семалық қырын былай саралауға болады:

- іс-әрекеттің орындалуын, аяқталу сипатын танытады – *бұзаула, балапанда, қозда, лақта, аяқта, олжала, ауызда* т.б.
- іс-әрекеттің дүркіндік семасы – *жұдырықта, арқала, білекте, езуле, төбеле, қасықта, тырмалы, көсеуле, сабаула, тістеле* т.б.
- іс-әрекеттің қалпын білдіретін сема – *тізерле, танаура, өкпеле, көзде, күңкілде, мыңқылда, іркілде, тыраңда, кердеңде, бұрқылда* т.б.
- іс-әрекеттің көп болып, не кемінде екеу болып жасалу семасы – *үймеле, қаумала, арашала, жаманда, жақсыла* т.б.
- іс-әрекеттің орындалу амалын білдіретін сема – *ойла, тазала, адымда, тақтайла, жүнде, майла, сүйреңде, күлімде, амалда* т.б.

Бұл көрсетілген мағыналар туынды сөздің мағынасы емес, тек СТТ-ның көрсететін парадигмалық семалары. Мағыналардың әртүрлі сипаты мен көрінісі бір тұлғаның әртүрлі семантикалық мәнін танытады, сөйтіп бір парадигмалық шеп құрайды.

-Лан, -лен сөзжасамдық тұлғасы

-Лан, -лен тұлғасы көне ескерткіштерде сөзжасамдық мағынада жұмсалған тұлғалардың бірі. -Ла, -ле тұлғасына -н көне силлабофонемасының жалғануы арқылы жасалған. Зерттеушілердің көрсетуінше: «она производила и производит главным образом глаголы состояния с объединяющим их типовым деривационным значением приобрести свойство названное производящей основой» [181, 429]. Яғни өзі негізделген сөздің мағынасына сәйкес, қимыл-қозғалыстың қасиеті мен сипатын көрсетуі негізгі семантикалық ішкі құрылымы ретінде танылған. Көрсетілген жұрнақтың мағынасын талдаған А. Ысқақовтың пайымдауынша, «Бөлшектенбейтін -лан, -лен жұрнағының семантикалық құрылымы, көбінесе, -ла жұрнағының салт етістікке тән мәні мен –н жұрнағының өздік етіске тән мәнінен

құралады және бұл күрделі жұрнақ, әдетте, амалдың я істің құралын, нысанын немесе оның формасын, нәтижесін білдіретін есім сөзге жалғанады» [42, 244.]

-Лан, -лен жұрнағы негізге жалғанып, мынадай семалар үстейді:

- іс-әрекеттің, қимылдың көбеюі, молдығы семасы: *малдан, батырлан, намыстан, сараңдан, рухтан, үйлен, күйлен, борыштан;*
- іс-әрекет, қимыл, қозғалыстың амалын білдіру семасы: *мейірлен, күлімден, рахаттан, желімден, елгезектен, сезіктен, бұлттан* т.б.
- іс-әрекеттің, қимылдың қозғалысқа келу сипаты: *машықтан, қамсыздан, ойлан, тазалан, ашулан, пайдалан, әлден, күштен, гүлден* т.б.

Бұл семалардың ішкі мағыналық құрылымы бір-бірінен бөлектеніп кетпегенімен, ерекше семалары бар. Сондықтан бір семантикалық парадигмалық шеп құрайды. –Ла, –ле тұлғасы арқылы жасалған басқа да тұлғалардың генетика-семантикалық коды біреу, негізгі, өзексемалары – ортақ.

-А, -е сөзжасамдық тұлғасы

-А, -е жұрнақтары ең көне сөзжасамдық тұлға ретінде саналады. Алтайст ғалым Г.И. Рамстедтің пікірінше, бұл тұлға монғол және түнгүс-манчжур тілдерінде кездеседі [103, 173-179]. Көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін тұлғаның монғол және түнгүс-манчжур тілінде де болуы – тіл дамуындағы ортақ сипатты танытады. Етістік категориясын жүйелі зерттеушілердің бірі М.Т. Томанов өзге ғалымдар еңбегіне сүйене отырып, «қимыл есімдері – есім мен етістік қызметін қоса атқарған синкретикалық түбірлерден жіктеліп шыққан топ», – деп түйіндейді де, қимыл есімдерінің бірі -а, -е тұлғасы екенін жазады [118, 223]. Шынында да, қимыл есімдерінің тіл дамуы барысындағы рөлінің ерекше зор екенін мойындау қажет. Олар кейін әртүрлі грамматикалық мағыналарға тарамданған. Айталық, қимыл атаулары шақ пен рай тұлғаларының семантикалық көп түрлілігіне себеп болған т.б. Осы тұрғыдан қарастырғанда, сөзжасамдық мағына туғызған, әрі қазіргі тілімізде көсемше тұлғасында белсенді қолданатын «а» тұлғасын функционалдық-семантикалық жіктеліс нәтижесінде туындаған грамматикалық морфема деп түсінеміз. Себебі –а, -е көсемше тұлғалары – іс-

әрекеттің болу, жасалу сипаты мен амалын көрсетіп, ауыспалы осы шақ пен ауыспалы келер шақтық мағына береді. -А, -е тұлғаларының көсемшелік мағынасы – кейінгі екіншілік мағына. Қазіргі сипаттамалық грамматика тұрғысынан жаңа сөз туғызбайды, тек грамматикалық мән үстейді. Ал, тарихи тұрғыда, деривациялық мағынасы болғанын, екеуінің бір негізден туындағанын пайымдау үшін, тұлғалардың ішкі грамматикалық сипатын салыстыру қажет. -А, -е тұлғалары зат есімге жалғанып, іс-әрекеттің басталатынын, енді басталғанын танытады. Іс-әрекеттің бейтарап қалпында емес, қазіргі мезеттегі не келер шақтағы қимыл жасау сипаты көрінеді. Осы тұрғыдан келгенде -а, -е деривациялық жұрнақ пен көсемше арасындағы мағыналық байланыс кездейсоқтық емес, генетикалық тарихи байланыс деп пайымдаймыз. Мәселен, деривациялық мағынасы: *ат – ата, жас – жаса, сан – сана, тіл – тіле, тең – теңе, орын – орна, күз – күзе, от – ота, бос – боса, дем – деме* т.б. Себепші негіздегі заттық мағынаға сәйкес туындайтын сөзжасамдық мағынада, іс-әрекеттің қимылдың орындалу сипаты емес, әрекеттің басталуы, жасалуы, енді орындала басталатын жағдайы көрініс тапқан. Көсемше мағынасы: *келе, жүре, достаса, тұра, сүйене, жақсара, айта, ала, бере, билей, сөйлей, жата, жығыла* т.б. сөздерде жаңа деривациялық мағына туғызбайды, етістік негізге жалғанып, тиісті дәрежеде шақтық мағына үстейді. Көсемше тұлғалардың ең негізгі грамматикалық мағынасы, А. Ысқақовтың көрсетуінше, «шақтық, модальдық мәндер» деп түсінсек [44, 316], онда бұл мағына -а, -е тұлғасының бір ғана қыры болған деп пайымдаймыз. Қазіргі қазақ тілінде -а, -е тұлғасының деривациялық қызметінің бәсеңдеп, «самарқаулана» бастауы [44, 245] грамматикалық яғни көсемшелік семасының белсенділігімен байланысты. Сөйтіп, тарихи тіл дамуында сөзжасамдық мәнде актив қолданылған бұл форма бірте-бірте шақтық мағынаға алмасып, деривациялық қызметінен алшақтай бастаған.

-А, -е тұлғасының сөзжасамдық мағынасы мынадай:

- іс-әрекеттің тез туу, орындалу сипаты: *ата, деме, аса, жаса, біле, тіле* т.б.
- іс-әрекеттің, қимылдың қозғалысы: *ойна, жадыра, өрте, сына, теңе, қина, жина* т.б.
- іс-әрекеттің қайталану, қосарлану сипаты: *салдыра, сылдыра, түзе, үсте* т.б.

-А, -е тұлғасының мағынасын тарихи тұрғыдан зерттеген ғалым М.Т. Томанов бұл морфема жөнінде былай деп жазады: «-а аффиксі есімдерден етістік жасауда -ла аффиксімен параллель қолданылады». Автордың пікірінше, -ла, -а тұлғалары көне тілде параллель қолданылып, бір семантикалық өріске жататын сөздер тобын туғызған [118, 260]. Біздіңше, бұл пікірде де ғылыми негіз бар. -Ла және -а, -е тұлғаларының арасында мағыналық жақындық, әрі генетикалық тектестік болуы әбден мүмкін. Орта ғасыр ескерткіштерінде -ла және -а, -е тұлғаларының бірдей мәнде жұмсалып, бір семантикалық мазмұндағы сөздерді туғыза алуының өзіндік ішкі заңдылығы бар. Қысқасы, -ла; -а, -е; және -лан, -лен, -лас, -лес, -лат, -лет тұлғаларының генетикалық тектестігі нәтижесінде бұл тұлғалар бір сөзжасамдық типке жататын сөздер жасай алады. Парадигмалық қатар құрып, мағыналық-генетикалық жағынан өзексеманың негізінде жаңа сөз туғызады. Бұл тұлғалар арқылы қалыптасқан сөзжасамдық мағыналар ішкі семантикалық құрылымы жағынан бір-бірімен байланыста бола алады.

-Сы, -сі сөзжасамдық тұлғасы

-Сы, -сі – көне түркі ескерткіштерінен бастап, сөзжасамдық үдерісті жүргізуге белсенді қолданып келе жатқан тұлға. М.Т. Томановтың пайымдауынша, көне түркі тілінде аталған тұлға зат есімнен де, етістіктен де жаңа сөз жасаған [118, 256]. М. Қашқари -сы, -сі тұлғасының сөзжасамдық мағынасына тоқталып талдау жасайды. Сөйтіп аталған тұлға қосылғандығы сөз мағынасының өзгеру сипатын зерделейді [1,2 79].

-Сы, -сі тұлғаларының сөзжасамдық мағыналары мынадай:

– нысанды менсінбеу семасы: *оқығансы, білгішсі, батырсы, әкесі, апамсы* т.б.

– іс-әрекеттің өту амалы: *босаңсы, тосаңсы, өгейсі* т.б.

– іс-әрекеттің өту сипаты: *білгенсі, қамқорсы, ширақсы, басқансы, көргенсі, тұрғансы* т.б. Бұл семада менсінбеу семасы жоқ, іс-әрекетті істеген сияқты болып, амалын көрсету мағынасы қатысады.

Сонымен, әртүрлі мағыналық сипатта келе алатын сөзжасамдық тұлғалардың парадигмалық қатарын осылай бағамдауға болады. Бұл парадигмалық қатарлар семантикалық өрісте орындалады. Мағыналары бір-біріне жақын, генетика-семантикалық коды ортақ. Бір СТТ-ның мұндай бірнеше мағыналық

мазмұнда келе алуы, тілдің өсуі, даму қабілетін көрсетеді. Сөзжасамдық тұлғалардың жаңа сөз жасаудағы жан-жақты белсенділігі мен деривациялық мағына жасау қуатын танытады. Жаңа сөз жасауда тұлғалардың тек белсенді болып қоймай, олардың мағыналық парадигмаларының көлемінің де кең болуы, тілдік жүйенің сөзжасамдық қабілетінің молдығы мен тереңдігінің кепілі болады.

Бірнеше СТТ-ның жақын мағына беру парадигмасы

Дәстүрлі грамматикада жұрнақтар: жалаң, құранды, синонимдес, омонимдес, тірі, өлі, өнімді, өнімсіз т.б. болып бөлінеді. СТТ-ның парадигмалық байланысын айқындауда бұлайша бөлу мақсатымызға жеткізбейді. Парадигмалық қатынасты білдіру үшін СТТ-ның мағыналық қырлары айқындалатын синонимдік, антонимдік, көпмағыналылық сипаты алынады. А. Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» атты еңбегінде *-қыш, -ғыш, -кіш, -гіш, -шақ, -шек, -қақ, -ғақ, -геш, -кеш, -қыр, -ғыр, -гір, -кір* тұлғаларын синонимдес деп пайымдайды [44, 34-35]. Мысалы, *білгіш – білгір, ұшқыш – ұшқыр, ерінгіш – еріншек* т.б. Бұл сөздер бір парадигмалық байланыста қаралатын, мағыналары бір-біріне жақын сөз болғанымен, олардың ішкі семантикалық құрылымының бірдейлігін көрсете алмайды. Контексте бұндай тұлғалар бірінің орнына бірі жұмсалмайды. Айталық, «ұшқыш ұшаққа отырды» деген сөйлемдегі «ұшқыш» сөзін «ұшқыр» сөзімен алмастыруға келмейді. Олай болса, әртүрлі СТТ-ның парадигмалық байланыстылығы олардың мағыналық құрылымындағы семалардың түгелдей сәйкес келуінің шарты емес.

Қазақ тілінде бірнеше сөз тудырушы тұлғалар жақын бір мағыналық парадигмада жұмсала алады.

-Ша, -ше, -тай, -тей, -дай, -дей, -лай,- лей

Дәстүрлі грамматикада *-ша, -ше* үстеу тудыратын негізгі әрі өнімді жұрнақ деп түсіндіріледі. Есім сөздерге жалғанып, әртүрлі сема туғыза алады:

- іс-әрекеттің істелу сипаты: *батырша, адамша, менше, сенше...*
- іс-әрекеттің орындалу амалы: *қысқаша, басқаша, көнеше, жаңаша т.б.*
- іс-әрекеттің орындалу сипатын салыстыру мағынасында: *Құнанбайша, Оразбайша, құсша, сұңқарша, итше т.б.;*

- **Дай, -дей, -тай, -тей, -лай, -лей** жұрнақтары да үстеу тудыратын өнімді жұрнақ. Негізге жалғану барысында мынадай семалар туғызады:
- іс-әрекеттің өту амалы: *күздей, жаздай, қыстай, екіншілей, осылай* т.б.
- іс-әрекеттің орындалу сипаты: *жақсылай, жамандай, басқадай, кәдімгідей* т.б.
- іс-әрекеттің орындалу сипатын салыстыру мағынасында: *құстай, түлкідей, мысықтай, Абайдай, Құнанбайдай, Қобландыдай* т.б.

Байқап отырғанымыздай, -дай, -дей, -тай, -лай, -лей жұрнақтары мен –ша, -ше тұлғаларының сөзжасамдық мағыналарының арасында парадигмалық байланыс бар. Контексте келген кей тұстарда –дай, -дей, тұлғасы –ша, -ше-ні ауыстыруы да мүмкін, дегенмен кейде стильдік мәні мен маңызы ерекшеленетін тұстары да мол. Мысалы: *Ғабитше айтсақ, Ғабит айтқандай, Ғабиттей айтсақ* деген тіркестердің мағыналары бөлек. *Ғабиттей айтсақ, Ғабитше айтқанда* – Ғабитке еліктеп, Ғабит сияқты деген мағына береді де, *Ғабиттей айтсақ* – автордың сөзі төл сөз ретінде мағынасы өзгертілмей алынады.

-Лан, -лен, -лас, -лес, -лат, -лет; -ла, -ле, -да,- де, -та, -те жұрнақтары

Зат есімнен етістік тудырушы жұрнақтар: **-лан, -лен, -лас, -лес, -лат, -лет; және -ла, -ле, -да,- де, -та, -те** жұрнақтары етістік түбіріне я негізіне жалғанады да, еселік рең береді:

➤ орындалу іс-әрекеттің жиілену сипаты: *сабала, төпеле, үймеле, үйкеле, ұрғыла, жұлмала* т.б.

➤ орындалатын іс-әрекеттің өту амалы: *белгіле, алтында, тұзда, сабында, жақында* т.б.

➤ орындалатын іс-әрекеттің нысанның қатысуымен байланысты өту сипаты: *аяқта, қамшыла, өкшеле, көзде, арқанда, уыста, тісте, үтікте, тырмала, арбала* т.б.

➤ орындалатын іс-әрекеттің еселенетін сипаты: *екеуле, үшеуле, ойбайла, іріле, ұсақта, күлімде, сүйреңде* т.б.

➤ орындалатын іс-әрекеттің үнемі болуы, дағдылануы: *өрле, мекенде, орында, тұрақта* т.б.

-ғышта, -гіште (-қышта, -кіште) жұрнағы етістік негізіне жалғанып, туынды мағына жасайды:

➤ орындалатын іс-әрекеттің жиілену сипаты: *барғыштау, келгіштеу, отырғыштау, үйренгіштеу* т.б.

➤ орындалатын іс-әрекеттің еселену сипаты: *ұрғыштау, қорғаштау, жолығыштау, қарағыштау* т.б.

➤ орындалатын іс-әрекеттің өту амалы: *итеңдеу, бүрсеңдеу, көлбеңдеу, соққылау, тепкілеу* т.б.

-Ла, -ле, -да, -де, -та, -те жұрнағы мен -ғышта, -гіште тұлғасының ұқсас парадигмалық қатынастарға келуінің мәнісі – -ғышта, -гіште тұлғасының күрделі сипатымен байланысты. Сын есім тудыратын -ғыш тұлғасы мен –та, -те жұрнағы жалғанып күрделі семантикалық құрылым жасайды да, осы тұлға негізінде еселену, жиілену мағынасы негізгі ортақ семаға енеді. -Ғышта тұлғасы мен -ғыш тұлғасының мағыналық семасы бірдей болмайды. -Ғышта түбірге немесе негізге жалғанғанда ешқандай сындық мағына туғыза алмайды, тек іс-әрекеттің амалын, өту сипатын көрсетеді.

-Шы, -ші мен **-кер, -гер** сөз тудырушы тұлғаларының бір парадигмалық мағына беруі мен парадигмалық байланысқа түсе алуы, олардың сөз туғызудағы мағыналарымен байланысты. -Кер, -гер жұрнағы іс-әрекет иесінің атауын, есімін туғызады: *саятшы – саясаткер, суретші – суреткер, сайысшы – сайыскер, қызметші – қызметкер, жұмысшы – жұмыскер, даушы – даукер* т.б. «Кер[тұлғасының мағынасы іс-әрекет иесі атауын білдіреді, яғни оның әуелгі семасында адамның іс істеуі, қызметі, әрекеті семасы бар болған да, көне тұлғасы «қар» – қолдың қары мағынасы арқылы қалыптасқан. «Қол, қар» – іс істейтін негізгі құрал болса, оның грамматикалануы арқылы «қар», «кер» – іс істеуші мағынасын беретін грамматикалық тұлға қалыптасқан деп бағамдаймыз. Демек, «қар», «кер» тұлғаларының архитұлғасы «қар» – қол, күш мағынасына барып тіреледі.

-Гөй, -көй, -ғой, -қой тұлғаларының мағыналары да негізінен адам семасына қатысты: адам мінез-құлқының сипаты: *сәнқой, әзілқой, жәдігөй, арызқой* т.б. адам қасиеті семасы: *ақылгөй, кәсіпқой* т.б. Грамматикалық еңбектерде есімдерден зат есім туғызатын өнімсіз жұрнақ ретінде танылатын «қор», «қой» тұлғаларының этимологиясы көп талданбаған. Біздіңше, бұл екі тұлғаның беретін грамматикалық мағыналарының ұқсастығы кездейсоқтық емес, заңдылық. Іс істеуші, оның қасиеті мен сапасын білдіру семалары негізінен адамға қатысты болады. Сондықтан бұл тұлғалардың көне архитұлғасы «қол, қар» сөзде-

ріне барып тіреліп, архисеманың бір семалық қыры – іс, істеу сипаты, амалы мағынасы арқылы десемантизацияланып, грамматикалық мағынаға ие болған деп есептейміз. Негізгі сема адамға қатысты болғандықтан, -қой, -гөй тұлғалары -шы, -ші жұрнағымен бір парадигма жасай алады. Көрсетілген тұлғалар бір парадигмада жатқанымен, олардың арасында мағыналық айырма да бар. Айталық, *сәнқой – сәнші, әзілқой – әзілші* бола алмайды.

-Қыш, -ғыш, -гіш, -кіш тұлғалары мен **-шақ, -шек** тұлғалары арасында да мағыналық жақындықтан туындайтын парадигмалық байланыс бар. Мысалы: *ашуланғыш – ашуланшақ, аянғыш – аяншық, қызғанғыш – қызғаншақ, сөйлегіш – сөйленшек, ұрынғыш – ұрыншақ, жасқанғыш – жасқаншақ* т.б. Негізгі беретін грамматикалық мағына – адамның қасиеті, белгісі, амалы мен әрекетінің сапалық сипаты т.б. Демек, екі не бірнеше сөз тудырушы тұлғалар этимологиялық шығу тегі жағынан жақындығы мен мағыналық сипатының ұқсас, мәндес болуымен байланысты, бір парадигмалық қатынаста бола алады. Парадигмалық байланысы бар морфемалардың ішкі құрылымдық семантикасын ашудың мәнісі, олардың экспрессивті-эмоциональді мәні мен мағынасын айқындауда үлкен рөл атқаратындығында.

6.3.2. СТТ-ның синтагматикалық байланысы

Синтагматикалық байланыс – жүйелі құбылыс. Тілдік құрылымды жүйелеп, сөздердің, морфемалардың бір-бірімен семантикалық, синтаксистік, стилистикалық байланысын құрылымдық не тұлғалық заңдылықтар негізінде реттеп отыратын осы синтагматикалық байланыс. Синтагматикалық байланыс заңына бағынбай жалғанатын тілде бірде-бір мүше болмайды. Яғни тілдік бірліктер бір-бірімен байланысуы үшін, ең алдымен, олардың ішкі семантикалық құрылымы мәндес, ыңғайлас болуы шарт. Екіншіден, олардың тұлғалық жағы сингармонизм заңына лайықталып, позициялық бағыныштылықта болуы қажет. Үшіншіден, стилистикалық жағынан жатық, «сылдырлап өңкей келісім, тас бұлақтың суындай» болып, келісті келуі керек.

Бұл негізгі үш шарттылық фонетикаға, лексикологияға, семантикаға, синтаксиске, сондай-ақ сөзжасамға да қатысты. Синтагмалық мағынаны М. Оразов: «Сөздердің сөйлеу не жазу кезінде бірінен кейін екіншісінің келіп байланысуы негізінде

анықталады» деп жазады [82, 151]. Сөзжасамдық синтагматикалық байланыс дегеніміз – туынды сөз құрамындағы себепші негіз бен сөз тудырушы тұлғалардың жүйелі байланысуы. Себепші негіз бен СТТ арасындағы жүйелі байланыс қазақ тілі білімінде әзірге зерттеле қойған жоқ.

Жалпы тіл білімінде, әсіресе орыс тілі білімінде бұл мәселелер терең зерттеулердің нысанына айналууда. Испан тілінің сөзжасамы бойынша – Н.Д. Арутюнова [153], славян тілдері бойынша – В.Н. Топоров [154], Е.А. Земская [155], И.С.Улуханов [144] т.б. ғалымдар зерттеген, зерттеуде. Сөзжасамдық синтагматикаға байланысты зерттеудің маңызы, тілдік жүйедегі морфемалардың бір-бірімен байланысу қабілеті мен ерекшелігін айқындау. Себепші негіз бен сөз тудырушы тұлғаның байланысуы ішкі мағыналық құрылымының мәндес, ыңғайластығына негізделген. Кез-келген СТТ себепші негізге талғамай жалғана бермейді. Ал олардың жалғана алу қабілеті белгілі жүйені құрайды да, бұл жүйе әдеби тілдік норма ретінде қабылданады. Бір СТТ-ның бір сөз табындағы сөздерге, кейде бір семантикалық топтағы сөздерге де талғап жалғанатыны белгілі. Бұлай талғап жалғануының себебі:

- СТТ арқылы жасалатын сөздің ұғымдық мазмұнға сәйкес болуы;
- СТТ-ның әуел бастағы лексикалық мағынасы немесе кейінгі әртүрлі грамматикалық мағыналарының шенінде ғана сөз тудыру қабілетінің болуы;
- СТТ мен себепші негіздің мағыналық мәндес, ыңғайлас келуі;
- жасалған туынды сөздің мағынасы мен тұлғасы әдеби нормаға сәйкес келуі.

-Та, -те, -ла, -ле, -да, -де сөз тудырушы тұлғасы есімнен етістік туғызатын ең өнімді жұрнақ. Дене мүшелеріне байланысты сөздерден (*міс+те, қол+да, аяқ+та, бас+та*), құрал-жабдық атауларынан (*балта+ла, ауыздық+та, шеге+ле*), зат пен бұйым: (*жүн+де, алтын+да, күміс-те*), өлшем (*құлаш+та, метр+ле*), көрініс, бейне атауларынан (*іркілде, зіркіл+де*), мал төлі (*қоз+да, құлын+да*) әлеуметтік, мәдени, саяси, тұрмыс, салт т.б. байланысты атаулардан туынды етістік жасайды.

-Та, -те, -да, -де, -ла, -ле жұрнақтарының парадигмалық мағынасына дәл, мәндес келмейтін себепші түбірлермен синтагматикалық байланысқа түсе алмайды. Айталық, *қаламда*,

қағазда, шепте, кітапта, бесікте, құдықта, жүректе, дастарханда т.б. сияқты жаңа сөзжасамдар әдеби тілімізде кездеспейді. Яғни мұндай сөздермен көрсетілген тұлға синтагматикалық байланысқа түспейді. Себебі, ішкі семантикалық құрылымы сәйкес болмайды, екіншіден тілдік қажеттілік жоқ. *-Та, -те, -ла, -ле, -да, -де* жұрнақтары сын, белгі атауларынан да көптеген жаңа туынды сөздер жасай алатындығы оқулықтарда көрсетілген [44, 232]. Мысалы: *ақта, қарала, қызылда, ірікте, ұсақта, жақсыла, жаманда, көкте* туынды сөздері сапалық сын есімдерден жасалған да, іс-әрекеттік мағынаға ауысқан. «Ақ» заттың ақ түсін білдіреді; «ақта» – белгілі бір нысанды ақтау, ағарту сөзін белгілейтін көпмағыналы сөз: 1. Айыпты деп танылған адамның кінәсін ақтау; 2. Үйді не басқа нысанды ақтау (бояу) мағынасында; «Ақ» себепші сөзінен «ақта» туынды сөздің пайда болуында уәж бар. Яғни біріншіден, когнитивтік құрылым нәтижесінде туынды сөз жасауға тілде қажеттілік пайда болды, екіншіден, сөз мағыналары мәнделсе, ыңғайлас, сабақтас жаңа ұғымды білдіретін семаларға алмасты. Ал дәл осындай ретпен – *жасылда, қоңырла, ақшылда, семізде, сарғышта* сияқты туынды сөздер әдеби тілде жасалмайды. Яғни көрсетілген түбірлерге *-да, -де, -та, -те, -ла, -ле* жалғана алмайды. Қазақ танымында мұндай ұғым жоқ, сондықтан атау қажеттігі болмайды. Атау қажеттігі болмағандықтан, мағыналық мәнделік те бола алмайды. Аталған тұлға сан есімді себепші негізбен бірігіп, көптеген туынды сөздер жасайды. Мысалы: *бірле, үште, екеуле, үшеуле, мыңда* т.б.

Бірақ, *сегіз+де, тоғыз+да, он тоғыз+да, жиырма екі+де* сияқты туынды сөздер жасалмайды. Бұл жердегі туынды сөздің жасалмауының мәнісі – стильдік қолданысқа сай келмеуінен, әдеби норма болып қалыптаса алмауынан болса керек. Асылы, сөз саптауына салмақтай қарайтын қазақ халқы сөзжасамға кірпиз. «Сегізде, тоғызда, жиырма үште» деуден көрі жалпылық мәнді білдіретін: *топта, қоста, жұпта, қосақта* т.б. сияқты сөздердің стильдік бояуын қалыңдатып, көпмағыналы сөздердің семаларын жіктеп пайдаланған.

Еліктеуіш сөздерге *-та, -те, -да, -де, -ла, -ле* жұрнағы жалғанып, жаңа туынды сөздердің негізі еліктеуіш сөздердің ішкі құрылымдық табиғатымен сәйкес келеді. Табиғаттағы заттар мен құбылыстардың қимыл-қозғалысын, әрекетін, үдерісін бейнелейтін сөздер болғандықтан, еліктеуіштер мен бейнелеуіштер-

дің ішкі семантикалық табиғаты егістік жасауға бейім де ыңғайлы. Өзі қозғалыс пен қимылды білдіретін сөзге –ла, –ле, –да, –де, –та, –те сөз тудырушы жұрнағы жалғанғанда, сол қозғалыс пен қимыл бейнесінің әрекеті, әрекеттің қайталану үдерісін білдіретін семалар туындайды: *секіл+де, борсаң+да, митың+да, сырдыр+ла, шиқыл+да, пысыл+да, бұрқыл+да, сыртыл+да, күйбең+де* т.б. Оқулықтардағы сөз тудырушы тұлға делініп көрсетілген –*лас/лес, -дас/дес, -тас/тес, -лан/лен, -дан/ден –тан/тен, -лат/лет, -дат/дет* жұрнақтары –*ла/ле, -да/де, -та/те* жұрнақтарынан туындайтын құранды жұрнақтар. Сондықтан жұрнақтар құрамында –*ла/ле*-нің грамматикалық мағынасы сақталады да, –*с* арқылы – ортақтық, –*т* арқылы – өзгелік, –*н* арқылы – өздік мағыналары қосылады. Сөз тудыру жүйесінде бұл тұлғаларды бөлек қарастыру орынды. Өйткені сөзжасамдық парадигматикасы мен синтагматикасында айт-арлықтай ерекшелік пен өзгешеліктер бар.

–**Лык/лік, -дык/дік, -тык/тік** жұрнағы есімдерден зат есім тудыратын өнімді жұрнақ. Заттық атауды, өлшемді, нақтылықты білдіріп есімге жалғанады. Белгілі нысанға не құбылысқа өлшем бола алатын ұғымды білдіретін сөздерге жалғанып, өлшемдік мән туғыза алады: *кісілік, кішілік, жақсылық, жалғандық, жамандық, әдемілік, сұлулық, сезімдік, батылдық, көйлектік (мата)* т.б. Өлшемдік мағына туғызу үшін, себепші негізді талғап жалғамайды. Кез келген заттық, құбылыстық, әрекеттік, өлшемнің сипатын білдіруге танымдық жағынан ыңғайлы сөздер –*лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік* жұрнақтарын қабылдап, синтагматикалық байланысқа түсе алады. Ал зат есім болғанмен, ұғымдық сипатында өлшем боларлық мән болмаса, онда мұндай тұлғаға жалғана алмайды. Табиғаттағы кез келген зат не құбылыс туралы ұғым басқа бір нысан арқылы сараланады, теңгеріледі, өлшенеді. Адам баласының осындай табиғи қабылдау қабілетінің бір көрінісін сипаттайтын тұлға болғандықтан да, –*лық, -лік, -дық, -тік,* жұрнақтары көптеген сөздерге жалғанып, өнімділік сипат алады. Бұл жайт көрсетілген жұрнақтардың синтагматикалық байланысы кендігінің бір себебі. Ал салдары – туынды сөздер. Мысалы: *кітаптық, оқулықтық, қағаздық, қаламдық, дәптерлік, сиялық, жазулық, мектептік, аудиториялық, дәрістік, оқушылық, мұғалімдік, мәтіндік, студенттік, жаңабалық, күнделіктік, кеңселік, декандық, қаламдық, өшіргіштік, директорлық, жетекшілік, кураторлық*

т.б. сөздердің бәрі де бір семантикалық топтағы семасына байланысты туындаған сөздер. Мұндай семантикалық топтардың саны мен ондағы *-лық/лік, -дық/дік, -тық/тік* тұлғасының синтагматикалық байланысын көптеп келтіруге болады. *-лық/-лік* жалғанатын семантикалық топтар:

- болмыстағы табиғи құбылыстар атауы: *айлық, күндік, жерлік, таулық, сулық, құрлық* т.б.
- шаруашылыққа байланысты атаулар: *қазандық, үйлік, түндік, орындық* т.б.
- тағам атауларына байланысты: *тұздық, нандық, ұндық, астық, шайлық, астық* т.б.
- сан есімге қатысты: *бірлік, екілік, ондық, жүздік* т.б.
- адам сезімі мен қасиетіне қатысты атаулар: *жақсылық, биіктік, кеңдік, адалдық, батылдық, семіздік, ірілік* т.б.
- мекендік мағыналы атаулар: *үйлік, шабындық, егіндік, далалық, қабаттық* т.б.
- мезгіл мәндес атаулар: *күндік, түндік, апталық, айлық, сәттік, сағаттық, минуттық* т.б.
- абстрактылық атаулар: *шексіздік, мүмкіндік, шындық, қателік, талғампаздық* т.б.
- өсімдіктерге байланысты атаулар: *ағаштық, гүлдік, жапырақтық* т.б.
- жалқы есімдерге түгелдей жалғанады: *Алматылық, Қарағандылық, Сәкендік, Ботагөздік* т.б.

-Лық, -лік тұлғаларының мағыналық сәйкессіздіктен синтагматикалық байланысқа түсе алмайтын жағдайлары кездеспейді. Себепші негіздің ішкі семантикалық құрылымы көрсетілген тұлғаның ішкі грамматикалық семасына сәйкес келмесе, синтагматикалық байланыс түзіле алмайды.

-М, -ым, -ім етістіктен зат есім жасайтын өнімді жұрнақтың бірі. Іс-әрекет пен үдеріс мағынасы жалпылық мәнге ие болса *-ым, -ім, -м* жұрнақтарының жалғануы негізінде нақтылы заттық атаулар жасалады. Айталық: 1. Мекендік мағыналы ұғымдар: *ұйым, бөлім, жайылым*; 2. Абстрактылы мағыналы ұғымдар: *білім, төзім, сезім, күтім, ұғым, жазым, тыным, таным, алым, салым* т.б.; 3. Заттық мағыналы сөздер: *киім, тізім, соғым, желім, басылым, жүзім, тоқым, түсім, орам* т.б. 4. Табиғи құбылыстар атауы: *иірім, жылым*, т.б. 5. Іс-әрекет нәтижесін білдіретін заттық атаулар: *сөйлем, байлам, тоқтам, келісім, оқылым* т.б.

Бұл жұрнақ ішкі мағынасы сәйкес келетін себепші негіздермен ғана синтагматикалық байланысқа түсе алады. Себепші негіз мағынасының нақтылы мәнді білдіруі талап етіледі. Жеке тұрғанда туынды сөз ретінде даяр күйінде жұмсала алмайтын кейбір тұлғалар қос сөз, тұрақты тіркес құрамында *-ым, -ім, -м* тұлғасымен түрленіп келе береді. Бірақ мұндай деректер сөзжасамдық тұрғыдан басқаша сараланады. Айталық, *келімді-кетімді, өрім-өрім* т.б. жаңа сөз жасалуы сөздердің қосарлануы негізінде пайда болған. Кейде мұндай тұлғадағы сөздер окказиональды мағынада жұмсалып, контексте туынды мағынада келуі де ықтимал. Ал контексте пайда болған окказиональды мағына сөз тудырушы тұлғалардың жалпы синтагматикалық байланысының анықтағыш көрсеткіші бола алмайды.

СТТ-ның себепші негізбен синтагматикалық байланысқа түсуінің өзіндік семантикалық өзгешеліктері болады. Сөздердің бір-бірімен тіркесуіндегі байланыс валенттілік құбылысымен ұқсас. Сөз бен сөздің тіркесуінде ішкі семантикалық мәндестік, ыңғайластық болатыны сияқты, себепші негіз бен СТТ арасында да синтагматикалық байланыс түзілуі үшін, міндетті семантикалық мәндестік болуы шарт. Ондағы семантикалық байланыстың екі жақтық сипаты бар. Халық танымы қабылдаған ұғымды атаушы туынды сөз жасалу үшін, себепші негіздің ішкі семантикалық мазмұнына СТТ ішкі мағынасы мен сыртқы тұлғалық сипаты толық сәйкес келуі тиіс. Тек сонда ғана жаңа ұғымды бейнелеп, таңбалайтын атау дүниеге келеді.

Валенттілік құбылысы тіл білімінде жан-жақты түсіндіріледі. Сөздің ішкі құрылымдық сипатының валенттілікке байланысты болатыны, сөйтіп сөздердің және сөз тұлғаларының бір-бірімен валенттілік қатынас арқылы тіркесетіні туралы неміс тілінің маманы, әрі орыс тілі біліміне неміс тілінде жасалған валенттілік теориясын енгізген ғалымдардың бірі М.Д. Степанова жазады. Автор неміс тілінде жазылған теориялық еңбектерге шолу жасай отырып, валенттілікті сыртқы сипатына қарай екі топқа бөледі:

1) ішкі валенттілік – туынды сөздердің арасында болатын морфемалардың байланысы.

2) сыртқы валенттілік – сөйлемдер ішінде келгендегі сөздердің бір-бірімен байланысы [184, 185, 150-155 б.]. Қазақ тіліндегі туынды сөздер жалпы тілдік заңдылықтарға бағынады, сөйтіп ішкі валенттілік арқылы байланысады. Тұлғалардың бір-бірімен

тіркесуінде мағынаның алатын орны ерекше. Туынды сөздің мағыналық құрылымын анықтау арқылы, олардың тұлғаларының байланысына да талдау жасауға болады.

Туынды сөздің табиғатын құрылымдық және семантикалық аспектіде зерттеудің қажеттілігі мынадай себептерден туындайды:

- туынды сөз құрамындағы сөзжасамдық тұлғалардың байланысуында, олардың тұлғалық жағы ғана емес, ішкі мағынасының да маңызы ерекше;

- әр сөзжасамдық тұлғаның сыртқы сипатын ғана танытып, қай тұлға қай сөз табынан жаңа сөз жасайды деп қана қоймай, оның семантикалық байланысу дәрежесін де зерттеу қажет.

Дж.Мак Коли «О месте семантики в грамматике языка» деген мақаласында, сөздердің байланысуының мүмкіндігі мағынамен тікелей байланысты екенін талдай келе, «сөздердің байланысу шектеулілігі» терімсөзін енгізген. Шектеуліліктің тек сөздің ішкі семантикасына қатысты екенін айтқан еді [186, 249]. Осы еңбектен кейін, біздіңше, көптеген тілдерде сөздер мен сөз тіркестерінің бір-бірімен байланысуындағы семантикалық мағынаның рөліне бұрынғыдан да ерекше көңіл бөліне бастады. Валенттілік теориясын тікелей зерттеу нысаны еткен бірнеше еңбектер жарық көрді. Түркітануда З.Н. Бердиева [187], З.С. Зейналова [189], А.А. Цалкаламанидзе [188] т.б. еңбектері жарыққа шықты. Көрсетілген еңбектерде етістіктің ішкі семантикалық мағыналары сараланып, олардың басқа сөздермен тіркесу сипаты валенттілік теориясы тұрғысынан зерттелген. Сөзжасамдық мағынаның жасалу сипаты мен сөзжасамдық тұлғалар арасындағы валенттілік жүйесі әлі зерттеу нысанына айналған жоқ. Сөзжасамдық тұлғалардың бір-бірімен синтагматикалық байланысқа түсуін зерттеуде, валенттілік теориясында жасалған ілімнің маңызы ерекше деуге болады. Яғни сөзжасамдық мағынаның мәнін танып, байланысу жүйесін айқындау үшін, осы теориялық қисын арқылы кешенді түрдегі көрінісін көрсетуге болады. Кез келген сөзжасамдық тұлғалар бірімен-бірі байланыса алмайтыны белгілі. Ал сөзжасамдық тұлғалардың сөзге тек таңдап, талғап жалғанатынын еске алсақ, олардың жалғану сипатын анықтау қажеттілігі арта түседі.

Сөзжасамдық тұлғаның негізбен байланысып, жалғанып, жаңа мағына туғызуының негізгі ішкі жағдайлары (шарты) бар. Негізгі шарт – екі тұлғаның мағыналарының бір-бірімен сәйке-

суі. Айталық, есім түбірден етістік туғызатын ежелгі сөзжасам аффикстерінің бірі **-қар, кер**. Көне түркі жазбалары мен орта ғасыр ескерткіштерінде сөзжасамдық мағынада жұмсалған. Мысалы: *баиғар, суғар, отғар, сарғар* т.б. Қазіргі қазақ тілінде өнімсіз тұлғаға айналған. Сөзжасам қызметі шектелген. Мұның себебін М.Т. Томанов былайша түсіндіреді: «*-ғар* аффиксінің әртүрлі фонетикалық өзгерістерге түсуінің нәтижесінде сөз құрамындағы аффикс бірде – *ар*, бірде *-ай*, бірде *-ғыз* сипатын алған да, бір ғана морфологиялық сипаттағы сөздер әртүрлі болып қалыптасқан» [118, 259]. Яғни *р-з-й* сәйкестігі нәтижесінде *-ғар* сөзжасамдық тұлғасы бірнеше тұлғаларға жіктелген. **-Қар, -ғар** тұлғасы арқылы – *басқар, ескер, атқар, теңгер, суғар* т.б. сияқты сөздердің жаңа мағыналары қалыптасқан. Сөзжасамдық мағынаға қосар үлесі – нысанның іс-әрекетті, қимылды, істі жасауы, субъекті арқылы орындалуы. Бұл тұлғадан туындайтын *-ар, -ер* жұрнағының мағынасы осы мағынамен тектес: *жанар, тазар, ескір, жақсар* т.б. *-Ай, -ей* жұрнағының да мағынасы осындай: *күшей, құтай, мұңай, отай, сарғай, кеңей, зорай, көбей* т.б. Бұдан шығатын бір қорытынды, тұлға туғызатын жаңа сөзжасамдық мағыналы туынды сөздердің саны азайғанымен, олардың тұлғалық өзгерістері арқылы басқа туынды сөзжасамдық тұлғалар жасалған.

-Қар, -кер тұлғаларының негізгі өзек мағынасы – іс-әрекетті, қимылды, істі жасаудың көрінісі мен ол істі субъектінің өзі жасайтынын анықтап көрсетеді. Ал *-ай, -ей* және *-ар, -ер* морфемалары сындық, сапалық қасиеттік, іс-әрекеттік амалын білдіретін сөздерге ғана жалғанып, жаңа сөзжасамдық мағына туғыза алады. Демек, бұл тұлғалардың ішкі семантикалық құрылымы негіздің осы сипатта болуын талап етеді. Басқа сөздерге жалғана алмайды.

-Ар, -ер тұлғасының сөзжасамдық мағынасында сындық ұғымға жалғана алу қабілетінің болуы мен *-ар, -ер, -р* есімшесінің негізінен зат есім морфемасын қабылдай алуы, адъективтік қызметте жұмсалуды, генетикалық сипатының бір болуы мүмкін деген ойға жетелейді (*жасар, қызар, білері, келерім*). Сондай-ақ, *-қар, -кер* тұлғасының негізінде жасалған *-қыз, -кіз, -ғыз, -гіз* тұлғалары да семантикалық жағынан сөзжасамдық көне тұлғасына жақындайды. Қазіргі қазақ тіліндегі өзгелік етіс ретінде танылатын бұл тұлғаның сөзжасамдық мағына білдіретін тұлғамен генетика-семантикалық тектестігі болған. *-Кіз, -қыз,*

-ғыз, -гіз тұлғаларының беретін негізгі грамматикалық, мағынасы іс-әрекет пен үдерістің орындалуының субъектінің өзі арқылы емес, үшінші біреу арқылы орындалуы. Екі тұлғаның ортақ мағынасы етіс мәнін білдіруі деп ойлаймыз. -Қыз, -гіз тұлғаларының ішкі семантикасында сөзжасамдық мағына шеткей өрісте сақталған деп бағамдаймыз. Бұның тарихи-генетикалық себебі бар. Ал сөзжасамдық мағынаның болуын мысалмен дәлелдеуге болады: *көн – көнгіз, аш – ашқыз, бер – бергіз, жап – жапқыз, тап – тапқыз, жүр – жүргіз* жұптарының арасында мағыналық айырма бар. Яғни -қыз, -ғыз жұрнағы жалғанғанда, іс істеуші субъекті өзгереді, іс істеуші туралы адам танымындағы өзгерісті туғызады. Демек, жаңа мағына қалыптасып, жаңа ұғымды белгіледі деуге толық негіз бар.

Сөзжасамдық аспектіде тұлғалардың мағынасын айқындау – туынды сөздің жасалу жүйесін, қалыптасу сипатын тану деген сөз. Олардың арасындағы валенттіліктің, байыбына бару ішкі семантикалық құрылымын айқындау болып шығады. Синтаксистік валенттілік синтагматикалық деңгейде сөздің басқа тұлғамен синтаксистік қарым-қатынасқа, байланысқа түсуінің потенциалды мүмкіншілігі ретінде танылады. Семантикалық даму нәтижесінде көрсетілген тұлғалардың синтаксистік валенттілігі дами келе, барлық етістік негізге жалғана алатын етіс тұлғасы болып дамып, жаңа грамматикалық сипатқа ие болуы деп ойлаймыз. Сөз семантикасының дамуы негізінде тіркесімділік қуаты артары белгілі. Тіркесімділік пен валенттілік арасында айырма бар. Валенттілік – тұлғалар арасындағы семантикалық және синтагматикалық байланыстардан тұрса, тіркесімділік кейде мұндай заңдылықтарға бағына бермейді. Айталық, сөздер ауыспалы сепада келгенде, контекстік мағына негіздің мағынасымен сай келмеуі ықтимал. *Сағыныштан сарғайған жапырақтар, үнсіз түнерген аспан, тұнжырай мұңайған күзгі бақ, қылышын сүйреткен қыс* т.б. сияқты сөздердің ішкі мағыналық құрылымы мен контекстегі мағынасы валенттілік заңына сай келмейді. Яғни *мұң* сөзімен *күз* сөзінің тіркесуі валенттілік заңына сәйкес емес. Бұл – сөз мағыналарының ауыспалы мағынада келген тіркесімділігі деп есептейміз.

Сөзжасамдық тұлғалар негізінен валенттілік заңына сәйкес орындалғанымен, кейде ауытқу да кездеседі. Тіл білімінде асимметрия деп танылатын бұл құбылыс сөзжасамда да қолданады. Асимметриялық құбылыстар тілдік бірліктің өзіне тән ішкі

семантикалық құрылымынан басқа мағына беруі делінеді. Айт- алық, *-ша* жұрнағының негізгі сөз тудырушылық мағынасы: 1. зат есімдерге жалғанып, үстеу туғызу. Мағынасы – белгілі нысанға, оның тұлғасы мен қасиетіне ұқсату: *балықша, адамша, батырша, құсша, сұңқарша, тұлпарша* т.б. 2. Зат есімдердің шағындық, кішілік мағынасын туғызу. Мысалы: *кітапша, кілем- ше, көрпеше*. Ал «*барша*» тұлғасындағы көптік мән «бар» тұлғасының мағынасы арқылы беріледі.

Демек, валенттілік пен тіркесімділік бірдей құбылыс емес. Бір-біріне жақын болғанымен өзіндік ерекшеліктері бар. Туын- ды сөздің жасалуында валенттіліктің рөлі мен маңызы ерекше. Тұлғалардың тіркесуіндегі мағыналық сәйкестік, олардың тари- хи қалыптасу жүйесімен байланысты. Сөзжасаушы тұлғалардың бір-бірімен мағыналық сәйкес келуі, не келмеуі кездейсоқтық құбылыс емес, тарихи тұрғыдан қалыптасатын кешенді дүние. Тарихи мағыналық даму сипаты мен семантикалық өрісіне байланысты орындалады. Архисема арқылы жіктеле дамитын кез келген тұлға сөзжасамдық мағына жасағанда, адам таны- мында қалыптасқан ойды таңбалау үшін, сол танымға қызмет етеді. Сөзжасамдық мағына туғызушы тұлғалар семасы да әр- түрлі өзгерістерге түсіп, немесе лексикалық мағынасынан айры- лып, тек грамматикалық мағына иеленгенімен, әуелгі семасын сақтай отырып, сол мағына шегінде қызмет етеді, әрі семан- тикалық өрісіне сәйкес келетін морфемалармен ғана мағыналық және тұлғалық байланысқа түседі. Яғни сөзжасамдық мағына туғызушы сыңарлардың валенттілігін мағынаның тарихи даму жүйесімен, мазмұндық өзгерістермен байланыстырып, сабақтас- тыра қарастыру керек.

Сонымен, синтетика-семантикалық сөзжасам тіл дамуында біршама кейін қалыптасқан, тілдік жүйеде өте белсенді әрі өнім- ді сөз туғыза алатын сөзжасамдық тәсіл. Сөзжасам үдерісінің орындалу сипаты сыңарлары арқылы анық көрініп тұрады, сон- дықтан сипаттамалы грамматикада синхронды аспектіде жақсы зерттелген. Сөзжасамдық мағына, туынды сөз құрамындағы же- ке тұлға арқылы емес, екі сөз тудырушы сыңардың толық қаты- суы негізінде жасалады. Тарихи тұрғыда синтетикалық тәсіл арқылы сөз туғызуға қатысатын екі морфеманың да мағынасын лексикалық мағына деуге болар еді. Бұл жердегі негізгі қиын- дық – жұрнақтардың тегін тану мен этимологиясын айқындау. Түптеп келгенде, мұның өзі екі силлабофонеманың бірігуінен

жасалған сөзжасамдық мағына яғни, туынды сөз болып шығар еді.

Қазіргі тілде синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің сандық жағынан басымдылығы байқалады. Олардың тіркесуінде валенттілік заңы қатаң сақталып, синтагматикалық қатынас орнайды. Синтагматикалық қатынас сөз мағыналарының тарихи тұрғыда қалыптасқан семантикалық кешеннің болуымен түсіндіріледі. Сөз тудырушы жұрнақтардың басқа қосымшалардан негізгі айырмасы олардың мағыналық сипат танытуында. Сөзге ерекше номинативтік мағына үстеу үшін, өзінің лексикалық мағынасы болуы керек. В.фон Гумбольдт ескерткендей, егер тілді энергияға теңесек, онда энергия жоғалмайды, бір күйден екінші күйге өзгереді. Яғни тілдегі сөз мағынасы жоғалмайды, әрі жоқ жерден пайда болмайды, тек тұлғасы мен семантикалық мәнін өзгертеді. Жұрнақтардың мағынасы да осы қалыппен түсіндіріле алады негізге жалғанып, олардың мағынасын өзгерте алу қабілеті аяқ астынан туындайтын жағдай емес, даму тарихында бұрыннан бар. Тұлғалық өзгеріске түсіп, негізгі лексикалық мағынасы ұмытылып, грамматикаланған, ал сөзге жалғанғанда, бұрынғы өзексемасын қайта иемденіп, жаңа туынды номинативті дериват жасау қасиетіне ие болады. Әрбір СТТ-ның өзіне тән сөз тудырушылық мағынасы бар. Бір СТТ негізінен бір ғана не бір-біріне жақын ғана мағына жасай алады. Бір СТТ арқылы жасалған сөздер мағынасы ұқсас болғандықтан, бір семантикалық өрісте жата алады, ерекше парадигмалық шеп құрайды.

Синтетика-семантикалық тәсілде негізгі мағына себепші негіз арқылы берілері даусыз, дегенмен СТТ-ның рөлі ерекше бағалануы керек. Егер СТТ жалғанбаса, жаңа мағыналы сөз жасалмайды, сондықтан, екі тұлғаның сөзжасамдық мағына тұғызудағы рөлі бірдей деп бағалаймыз. СТТ-ны «сөнген» лексикалық бірлік ретінде танығандықтан, сөзжасамдағы оның мағыналық үлесін дұрыс тану шарт.

Тілдік деректер көрсеткендей, бірнеше СТТ бір жақын мағынаны көрсете алады. Стилистикалық айырмасы бар болғанымен, тұлғалық жағынан әртүрлі морфеманың мағыналық сипаты жағынан ұқсас мәнде жұмсала алуының мәнісі, адам танымының дамуы барысындағы бір денотаттың әртүрлі белгілерін айқындау мақсатынан туындаған қажеттілік деп есептейміз. Бірнеше СТТ-ның берген мағыналары бір-біріне сәйкес кел-

мейді, бір денотаттың әртүрлі денотаттық не сигнификаттық ерекше белгілерінің жақын тұстары, иірімдері белгіленеді. Әрі барлық жағдайда бірінің орнына екіншісі жұмсала алмайды. Демек, қазақ танымында танылған бір нысаны екі тұлғамен таңбалана алмайды. Екі тұлға әр түрлі номинативтік ерекше белгіні атау үшін ғана жұмсалады. Лексикалық болсын, грамматикалық болсын бір-бірін мағыналық жағынан мүлтіксіз қайталап, барабар семада жұмсалатын тілдік бірлік жоқ деуге болады. Оның себебі: халықтық сөзжасамдық жүйеде мұндай қажеттілік жоқ. Бір қабылданған таңба атау ретінде жатталып, сол мағынасында тұрақталады, әрі қарай мағыналық сипатта дамиды.

СТТ-ның тарихи лексикалық мағынасын айқындау қиын да күрделі ғылыми жұмыс. Бұл болашақта жүйелі түрде қолға алынатын зерттеулер деп ойлаймыз. Біз еңбегімізде кей СТТ-ның лексикалық мағынасын айқындауға талпыныс жасадық.

7. ТІРКЕСТЕРДІҢ АТАУЛЫҚ СИПАТЫ МЕН РӨЛІ

7.1. Аналитикалық сөзжасамның тіл дамуындағы рөлі

Таңбалау жүйесінің көнеден келе жатқан бір тәсілі – сөздердің бірігуі не аналитика-семантикалық тәсіл делінеді. Сөз жасаудың мұндай тәсілі ең көне замандарда-ақ қолданылып, ғылымға белгілі болған. Сонау антикалық кезең грамматикаларынан бастап, тіл дамуының негізгі сөзжасам тәсілі ретінде тұлғалардың бірігуін атап көрсеткен.

Платон «Кратилінде» этимологиялық тәсілдерді қолдана отырып, сөздердің әртүрлі мағыналарын анықтайды. Ешқандай морфологиялық тұлғасыз келген, екі сөздің бірігуі арқылы жасалған сөздердің этимологиялық мағыналарын көрсетеді. Айталық, грек тіліндегі /*ajadov*/ – жақсы мағынасын беретін сөз екі түрлі тұлға арқылы бірігіп жасалғанын жазады: /*ajadov*/ -ы, -таң қалу, /*woov*/ – тез, шапшаң [190. 46]. Ал /*woov*/ сөзінің өзінің әртүрлі жеке бірліктерден құралатынын ескерте отырып, автор былай дейді: "а о "быстром" мы могли бы сказать, что оно составлено из других, а эти последние еще из других, но если бы мы взяли имя, которое уже не составлено из каких-нибудь других имен, то мы справедливо сказали бы, что мы уже дошли до элементов, и для нас нет необходимости возводить их к другим именам" [190. 46]. Мұндағы айтпағымыз, Платон заманының өзінде-ақ түбір мен негіз мағынасы ерекшеленген, екшелген. Сөздердің бірігуі арқылы жаңа сөз жасалатынын айқындап көрсете отырып, жеке алғанда туынды сөз құраушы бірліктердің өзін басқа бірліктер туғызатынын көрсетеді. Яғни аналитика-семантикалық сөзжасам туғызатын тұлғалардың әрбірінің өзіндік ішкі семантикалық күрделі құрылымы бар деген ойды анық байқаймыз. Түптеп келгенде, мұның өзі көне тілдің мағыналы бөлшектерінің жіктелетінін, ғалымдар айтып жүргендей, бір буынды силлабофонемаларға дейін этимологиялық негізін айқындауға болатынын анықтай түседі.

Аналитика-семантикалық тәсіл, ең көне сөзжасамдық, тәсіл ретінде тілдің ежелгі даму сатыларында екі силлабофо-

немалардың бірігуі арқылы жаңа номинация жасаған. Түркітануда мұндай тұжырымдар А. Зайончковский еңбегінде кездеседі [156]. Силлабофонемалар толық лексикалық мағына білдіріп, олардың бірігуі арқылы жаңа номинация жасалғанын ескере отырып, мұндай құбылысты сөзжасамның алғашқы қалыбы (модель) ретінде қарастырып, аналитика-семантикалық сөзжасам көрінісі деп танымыз. Әрі бұл тәсілдің көнелігін осы қасиеті мен көрінісі арқылы бағалаймыз. Алғашқы силлабофонемалар толық белгілі болмағандықтан, олардың ішкі мағыналық, құрылымы ғылымда анықталмағандықтан, олардың бірігуі арқылы әңгіме қозғау ертерек. Дегенмен, мұндай сөзжасамдық тәсілдің тілде белсенді жұмсалғанын жорамалдауға болады.

Аналитика-семантикалық сөзжасамның тіл дамуындағы рөлі ерекше болған. Танымда бұрыннан қалыптасқан атаудың қатысуы арқылы ұқсас әрі ұғымдық сипаты жақын заттар мен құбылыстарға атау беру ыңғайлы, оңтайлы. Кез келген екі сөздің немесе көне силлабофонеманың бірігуі не қосарлануы мүмкін бола бермейтіні түсінікті. Басқа сөзжасамдағы сияқты парадигматикалық және синтагматикалық қатынастар орындалуы қажет. Сондықтан сөздердің аналитикалық тәсіл арқылы жаңа номинативті атау туғызуы үшін, лингвистикалық және экстралингвистикалық заңдылықтар орындалуы қажет болады:

Лингвистикалық фактор:

- сөздердің ішкі семантикалық құрылымының сәйкес келуі;
- валенттілік заңының орындалуы;
- уәждеме негізінде айқындалған ұғымды білдіруде таңбалаушы тұлғалардың бір-бірімен сәйкес келуі, мазмұн бірлігінің сақталуы;
- синтагматикалық қатынасқа түсу ерекшелігі;
- номинативті ерекше белгілерді айқындайтын ортақ семаға бірігу, сөйтіп жаңа ұғымды таңбалау;
- коннотациялық мағынасының қонымдылығы.

Экстралингвистикалық фактор:

а) номинативті мағына мен атаудың семантикасы тұрақталып қалыптасуы үшін қажетті негізгі фактор – уақыт. Уақыт ішінде жаңа ұғым мен сөз-таңба бір-біріне етене сіңіп қалыптасады. Жаңадан жасалған туынды сөздің қалыптасуына, қабылдануына уақыт қана төрелік айтады;

ә) жаңадан жасалған атаудың жеке-дара сөз ретінде қабылдануы не қабылданбауы.

Жаңа атау сөздің халықтың сөйлеу тілінің қажеттілігін өтеуде қабылдануы не қабылданбауы таңбаның ішкі семантикалық құрылымы мен ұғым арасындағы байланыстылықпен сабақтас болады. Айталық, І. Жарылғапұлы енгізген "*балмұздақ*", "*саяжай*", "*аққайнар*", "*аялдама*" т.б. сөздердің белгілі уақыт өткен соң, халықтық қолданысқа түсіп, жеке атау сөз ретінде жұмсалып, халық игілігіне айналуының басты себебі де осында. Яғни сөздің ішкі семантикалық мағыналары олар атап көрсететін денотаттық мағынамен, ұғыммен дәл, айқын сәйкес келеді, Көрсетілген туынды сөздердің мағыналары сол ұғымның ерекше номинативтік белгілерін анықтай алады.

Аналитика-семантикалық сөзжасамның ерекшелігі толық мағыналы сөздердің семалық бірігуі арқылы жаңа номинация жасай алу қабілетінде. Толық мағыналы сөздер арқылы сөзжасамдық жаңа мағына жасаудың екі жақты сипаты бар: біріншіден, жаңа сөзжасамдық мағына белгілейтін атаудың уәждемелік негізделуі айқын болады, яғни тұлғаның мағынасынан адам өзіне бұрыннан таныс информацияны тану арқылы затты не құбылысты көзге елестете алады. Айталық, балмұздақтың қандай екенін, қандай денотатты атап тұрғанын білмесе де, субъект оның "*балға*" тәттіге және мұзға қатысы бар екенін бағамдай алады. Бұл аналитикалық тәсілдің оңтайлы жағы. Екіншіден, құрамындағы екі тұлғаның да әуелгі мағынасы айқын, әрі танымда әбден қалыптасқан атаулар болғандықтан, олар жасаған жаңа сөзжасамдық мағынасы бар бірлік ерекше таңба ретінде бірден бағалана алмайды, сондықтан оны басқа күрделі тіркестерден айыру қиындық келтіреді. Айталық, терімсөз ретінде қолданылып, жеке номинативті мағына беретін сөздері жеке бірлік ретінде тани алмай, күрделі тіркес ретінде қарап, реестр сипатында сөздікте бере алмауымыз осыдан. Мысалы ҚТТС-та тек «*темір*» сөзі тізбемен беріледі де, жеке номинативті атау, ерекше номинативті бірлігі бар арнайы семалы сөздер – *темір жол*, *темір қазық* сөздері көрсетілмейді. «*Теміржолшы*» жеке бірлік ретінде танылады, себебі, *-шы* жұрнағы арқылы жаңа туынды мағына жасалғаны анық көрінеді, ал *темір жол* лексемасы берілмейді. Мұнда да жаңа туынды мағына бар екеніне дау жоқ, «*кінәсі*» аналитикалық-семантикалық сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалғанында [ҚТТС, 111-112].

«Теңіз» сөзі тізбеде беріледі, *теңіз жуасы, теңіз жыландары, теңіз шошқасы* т.б. номинативті мағыналы сөздер жеке тұлға ретінде анықталмайды [ҚТТС, 121]. Теңіз шошқасы деген жануардың басқа атауы жоқ, әрі басқа осы тектес жануарлардан айырмасы бар. Яғни жеке номинативті белгі арқылы деривациялық атау жасалып тұр, әрі биологиялық терім-сөз. Сондықтан мұндай сөздерді ерекше мағыналық белгісі мен семалық айырмашылығына сәйкес туынды сөз ретінде бағалап, тізбеге енгізу орынды. Мүмкін болған жағдайда, туынды сөздерді біріктіріп жазуды заңдылыққа айналдыру қажеттілігі де бар. Туынды күрделі сөздерді біріккен сөз қалпына көшірсе, сөздердің жеке бірлік ретіне танылуы оңай болады да, сөзжасамдық мағына анық көрінеді. «Тері» сөзі арқылы туындаған: *тері безі, тері майы, тері сезімдері, тері шелі* секілді туынды сөздер жеке мағыналы лексема болғандықтан тізбемен берілуі қажет [ҚТТС, 139].

«Той» сөзі арқылы аналитикалық тәсілмен жасалған – *той ағасы, той асы, той басы* т.б.; «Тоқал» лексемасы арқылы жасалған – *тоқал ешкі, тоқал мүйіз, тоқал там; тоқ* сөзі арқылы *тоқ бәйге, тоқ жарау, тоқ ішек* т.б. сияқты аналитика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер өз еншісін алып, жеке тұлға ретінде танылған жеке лексема болғандықтан, сөздіктерде ерекше сөз ретінде танылғаны дұрыс.

Тегінде, кимыл есімдері мен етіс тұлғаларын сөздікте реестр-тізбе сөз ретінде бергені сияқты, аналитика-семантикалық сөздерді, әсіресе пәндік терімсөзге айналған туынды сөздерді жеке мағына беруіне байланысты тізбе сөз ретінде беруге болады.

Мұндағы негізгі қиыншылық – анықтауыштық сипатта келетін, бірақ жеке номинативті мағына бермей, тек айқындап тұратын мүшелер мен туынды сөз мағынасының ерекшелігін саралау. Жаңа мағыналы туынды сөздің жасалу сипатын анықтайтын негізгі шарт – сөздің ішкі семантикасы, екіншілік мағына беруі. Екіншілік туынды мағына беретін сөздер жеке лексема болады. Жаңа мағына бар жерде – жеке номинация, жаңа атау бар.

Аналитика-семантикалық сөзжасамның тағы бір ерекшелігі толық мағыналы сөздер арқылы жасалған жаңа сөзжасамдық мағынаның сипатына байланысты. Туынды сөздің жаңа сөзжасамдық мағынасының ішкі семантикалық құрылымы күр-

делі болады, әрі оған екі негіз мағынасы да бірдей қатынасып, ортақ жаңа сема жасайды. Туынды сөз мағыналарында себепші негіздердің тура не ауыспалы мағынасы болуы мүмкін. Сөз мағынасының туындауына уәждеме, ассоциация, аналогия, абстракция заңдылығы қатынасады, сөйтіп екі себепші мағынасы да тәуелсіз жаңа екіншілік семаны иеленеді. Айталық, «баспа-сөз» лексемасының екіншілік мағынасының жасалуына себепші негіз болған «баспа» және «сөз» тұлғаларының қайсысының мағыналық деңгейі жоғары не қайсысы тірек сыңар екенін айыру мүмкін болмайды. Себебі екі тұлғаның да жаңа сөзжасамдық мағына үшін қосары бірдей, бірақ жаңа номинация бұл екеуінен басқа үшінші бір денотаттың атауы болып, себепші негіздерден тәуелсіз өмір сүреді. Ол себепші негіз мағыналары арқылы жеке номинация ретінде өзінше түрленіп, ерекшелік сипатқа ие болады.

Біз сөзжасамдық мағына туғызушы тұлғаларды ерекшелеп, тірек сыңарларға бөліп қарастырмаймыз, олай деуге сөзжасамдық туынды сөздердің бір бүтін тұлға ретіндегі сипаты себеп болады. Жаңа номинация жасауға екі себепші негіз бірдей деңгейде қатысады. Сөз тіркесін құрайтын тұлғаларда тірек сыңар болуы заңды, онда жеке ерекше мағыналар толық сақталып, тек синтаксистік тіркес ретінде белгілі контексте ғана келеді. Тірек сыңар болған жерде олардың мағыналарының арасында тәуелділік болып, сабақтаса байланысуы шарт болады. Салаласа байланысқан тіркес арасында тірек сыңар болмайды, олар тең дәрежеде байланысады. Ал сөзжасамдық мағына туғызушы сыңарлар жағдайы мүлде бөлек деп есептейміз. Мұнда салаласа не сабақтаса байланысу жоқ, жеке бірлік ретінде танылу, бір лексема болу сипаты бар.

Қазақ тіліндегі біріккен сөздер сабақтаса не салаласа байланысады деген А. Ысқақов пікіріне қосылмай, сөзжасам ретінде келген тіркестер арасындағы байланыстың ерекше болатыны жөнінде алғаш пікір айтқан ғалым С. Исаев болды. Автор біріккен сөз бен тіркесті сөздер арасындағы байланыстың өзіндік ерекшелігін айқындай келіп, олардың арасында салаласа байланысу болмайды деп, мынадай тұжырым айтады: «Бірнеше сөздің бірігіп, тіркесіп барып күрделі сөз қатарына өтуі нәтижесінде біріккен сөздердің де, тіркесті сөздердің де сыңарлары арасындағы синтаксистік байланыс өшіріліп, олар тұтасып кетеді де, сөйлемде бір сөз мәнінде жұмсалып, бір ғана синтаксистік

қызмет атқарып, өзі байланысқан сөзге бірдей қатысты болады» [57, 277].

Ал бір лексема ішіндегі тұлғалар бір-бірімен тек синтагматикалық заңдылық негізінде, валенттілік заңдылығына негізделіп қана байланыса алады, салаласа, сабақтаса байланысу жоқ. Осы тұжырым негізінде ой түйіндеп, біз Н. Оралбаева айтқандай, «Ондық пен бірлік араласқан сандарда тірек сыңар бірінші орында», ал «жүздік, мыңдық пен бірлік араласқан санда тірек сыңар екінші орында тұрады» деген қисынмен келісе алмаймыз [55, 96-97]. Біздіңше, қазақ тілінің ішкі табиғи қалпында тірек сыңар ешқашан бірінші орында келе алмайды. Синтаксистік тұлғалардың бәрі де, сөз тіркесі, сөйлемдегі предикативтік тұлғалар, сөз тіркесін немесе сөйлемді аяқтап қана тірек сыңар бола алады. Мұның себебін қазақ халқының ұлттық психологиясымен, дүниетанымымен сабақтас қарау жөн. Бұл зерттелетін үлкен ғылыми мәселе, яғни халықтық дүниетаным мен ұлттық психология ерекшелігі тек лексикалық бірліктер мағынасы мен интонацияда, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтелде ғана емес, сөздердің, сөйлем мүшелерінің орын тәртібі мен олардың, құрылыстық сипатына да тән болуы мүмкін. Қазақ тіліндегі баяндауыш орнының тек сөйлем соңында келуі, матаса байланысу құбылысының болуы (яки меншіктілік қатынас) т.б. мәселелердің болуының әлі зерттеле қоймаған ғылыми негізі бар деп есептейміз.

Сонымен, сөзжасамдық қатынасқа түсетін себепші негіздердің бір-бірімен байланысуында бағыныштылық сипат жоқ, синтагматикалық қатынас бар. Бұл жердегі байланыс та морфологиялық жолмен туынды сөз жасау үдерісіндегі байланыстан ерекше емес. Барлығына да тән негізгі қажеттілік – жаңа туынды сөз жасау.

Аналитика-семантикалық сөзжасамның негізгі үш қалыбы қалыптасқан: бірігу, қосарлау және тіркесу. Біз бұл үш сипатты сөзжасамдық қалып ретінде бағалаймыз. Жеке-жеке сөздердің бірігуі не қосарлануы сөзжасамдық қалып (модель) сипатын айқындай алмайды. Онда сөзжасамдық қалыптардың санына жете алмаймыз. Бұл туралы С. Исаев өте дәл тұжырым айтқан: «...біріккен сөздер, қос сөздер, тіркесті сөздер сөзжасам тәсілдері емес, сол сөзжасам тәсілі (аналитикалық немесе синтаксистік) негізінде пайда болған нәтиже яғни жана туындылар, олар біріктіру үдерісі арқылы, қосарлау я қайталау тіркестіру нәтижесінде

туған тілдік единицалар» [57. 274-275] Шынында да, бірігу, қосарлау, тіркестіру – үдеріс. Аналитика-семантикалық тәсіл ішінде жаңа сөз жасаудың жолдары мен қалыбын белгілейтін үдеріс. Демек, олардың сөзжасамды қалып болып қалыптасуы нәтижесінде кейбір себепші негізде бірігеді, кейбіреуі тіркеседі, яғни сөзжасамдық үдерісті жүйелеп негіздеп бір қалыппен өргізетін тілдегі кешенді жүйе саналады.

Аналитика-семантикалық жүйенің бұл қалыптары тілді дамуында ең көне кезеңдерден бастап-ақ қалыптасқан. Әсіресе біріккен сөздер арқылы сөз жасау көне замандар жемісі екенін кезінде бірігу арқылы жасалған сөздердің қазіргі тілімізде әбден кірігіп, жеке түбір ретінде танылатыны жөнінде айтуға болады. Бастауын сонау силлабофонемалардың бірігуі арқылы жаңа сөз туғызудан алатын бұл қалып, көптеген жаңа туынды негіздерді туғызған. Қазіргі тіліміздегі кіріккен сөздер деп танылатын сөздер тұлғалық, жіктеуге болатын, кейіндеу біріккен тұлғалар болуы керек. Сондықтан олардың қандай негіз арқылы кірігіп, жаңа атау туғызып тұрғанын айқындау мүмкін болады. Тіл дамуында сөздер бірігуі арқылы бірте-бірте кірігіп, кейін бір түбір не негіз ретінде қолданысқа түсті. Олардың тұлғалық әртектілігі білінбей кеткен.

Тілімізде қолданылатын «шынар» сөзі екі тұлғадан бірігіп жасалған, «шын» – биік мағынасы және «ар» – латын тілінде ағаш мағынасын берген (арбор – дерево) [113, 98]. Яғни «шынар» – биік ағаш деген мағына береді. «Ар» – ағаш мағынасы арқылы «*арша*», «*арба*» туынды сөздері қалыптасқан.

Оқулықтарда «*ағайын*» сөзі – «аға» – «іні» сөздерінің, кірігуі арқылы жасалған деп түсіндіріледі. Аға-іні – туысқан адамдар. «Ағайын» сөзінің мағынасы «туыстығы жақын, аталас адамдар» [ҚТТС, 1, 50]. Екі тұлға екі ерекше семада жұмсалады. Біздіңше, «ағайын» сөзінің әуелгі тұлғасы «аға, ағай» және «он, ын» – көптік, заттық мағына беретін тұлғалардың бірігуі арқылы жасалған. Қазақ тіліндегі «ын – ін» жұрнағы сөз тудыруда өте белсенді қолданылған, әрі жалғанған тұлғаға заттық мағына беріп, жалпылық, көптік сема үстеген: *жауын, сауын, жиын, толқын, боран, шығын, егін* т.б. Сондай-ақ етістіктен сын есім тудыратын өнімді жұрнақ: *-ынды, -інді* құрамында кездесіп, етістікті заттандыруға қатынасады, мысалы: *асыранды, құранды, серпінді* т.б. Сына дыбыс ретінде ғана кірікпей, заттық мағына үстеп, сындық мәннің тууына алғы шарт болады. Етіс-

тіктен зат есім туғызатын *-ынды, -інді* қосымшаларының да құрамында кездеседі: *жуынды, ертінді, қорытынды* т.б., Мұндағы заттық мағына *-ын* тұлғасы арқылы берілген. Демек, «ағайын» сөзінің жалпылық денотаттық мәні *-он, -ын* морфемасы арқылы туындаған деп пайымдаймыз. Бұл сөз екі сөздің бірігуі арқылы емес, синтетикалық, тәсіл арқылы туындаған. *-Он, ын-* мағынасы көмескіленген силлабофонема.

Біріккен, кіріккен сөздермен салыстырғанда, қос сөздердің қалыптасу дәуірі – кейінгі кезең. Зерттеуші А. Есенғұлов пікіріне сүйенсек, «көне түркі жазба ескерткіштердегі сөз жасау тәсілдерінің ең өнімді түрі жұрнақпен байланысты» да, қайталама қос сөздер кездеспейді, тек қосарлама қос сөздер қолданылады [191, 137-138]. Автор қосарлама қос сөздердің табиғатына байланысты мынадай ой айтады: «Әрқашанда қос сөздердің бірінші сыңары сөйлеу үдерісінде ертеден актив болған сөздер де, екінші сыңары пассивтеу болған» [сонда, 139]. Демек, қосарлама қос сөздер жаңа мәнді белгілеуде белсенді және белсенді емес тұлғаларды қосу арқылы қолданысқа түсірген. Танымда қалыптасқан ерекше ұғымды атау үшін бұрыннан қолданылып жүрген сөздердің мағынасын қосарлап, жинақтық, жалпылық, кеңдік семаларын туғызған. Сөйтіп, негіздердің мағыналары тарылу арқылы ғана ұғымды білдіретін туынды атаулар қалыптасқан.

Аналитика-семантикалық сөзжасамның тіл дамуындағы маңыздылығы оның сөзжасам қабілетінің мүмкіндігінің молдығымен сипатталады. Айталық, фонетика-семантикалық сөзжасамда дыбыстар сәйкесуі мен алмасуы шектеулі, конверсиялық сөзжасамда да сөздің мағыналық дамуы архитұлғадағы архисема көлемімен тікелей байланысып, сол негізде ғана өрбиді т.б. Ал аналитика-семантикалық сөзжасамда тілде бар бірліктерді парадигмалық және синтагматикалық жүйе негізінде біріктіру, қосарлау, тіркестіру арқылы жаңа туынды мағына жасауға болады. Сөздердің себепші негіз ретінде жұмсалып мүмкіндігі мол, әрі сөзжасамдық қалып сипаты кең. Сондықтан бүгінгі, ежелгі замандарда да бұл тәсіл арқылы сөзжасау маңызды, көлемі жағынан мол. Сөзжасамдық мағына белсенді қолданылғандықтан, біріккен сөзбен қос сөз құрамында ежелгі негізгі семасы мүлде өшкен не көнерген тұлғалар қолданыла береді. Ортақ сөзжасамдық мағына айқын болғандықтан, жеке сыңардың мағынасыздығына назар аударылмайды. Мысалы: *жігіт-желең,*

алем-тапырық, ығай-сығай, көрші-қолаң, ту-талақай, некен-саяқ, ым-жым т.б. Сөйтіп, анық сөзжасамдық мағына болуымен байланысты тіліміздегі көне заманда қолданыста болған сөздер сақтала алады. Тегінде кез-келген көне сөз – сөзжасамдық тұлға ретінде қатысқанда, өз мағынасын беріп тұрады. Мағыналық жағынан қос сөздің бір сыңары түсінікті, екінші сыңарының мағынасы онымен мағыналас синонимі немесе мағынасын толық қайталайтын сыңары болуы әбден мүмкін.

Қазіргі тіл тұрғысынан алғанда, қос сөз немесе біріккен сөз құрамындағы көмескіленген немесе мүлде десемантизацияға ұшыраған деп танылатын сыңарлардың мағынасы бір кездерде бір-біріне барабар (эквивалентті) мәнде жұмсалған. Тілде мағынасы көмескіленген сөз дәл осы мағынаны беріп, белсенді жұмсалатын тұлғамен бірігіп не қосарлана қолдану арқылы ерекше мағына үстейді. Қос сөз не біріккен сөз түрінде жұмсала келіп, бұрынғы мағынасын қоюлата түседі. Яғни қосарлау, жалпылау, ерекшелеу, еселеу сипатын береді. Мысалы, **«ортасынан қақ жару»**, **«көпті қақ жарып өту»**, **«затты қақ жару, қақ бөлу»** тіркестерінде кездесетін «қақ» сөзінің мағынасы қазақ тілінде түсініксіз. Оңтүстік қазақтарының диалектісіндегі **«қауын қақ»**, яғни қақталған **«қауын, сондай-ақ қақталған ет, қақталған балық, қақаш нан** (кепкен нан) т.б. тіркестерде – кепкен, кептірілген деген мағынада қолданылады. Ал көмескіленген мағынасы – кесілген, жұқартып тілінген, яғни бөлшектенген болады. Бұл сөз жеке қолданылмайды (қақ – етістік емес), тек «жару, бөлу» етістіктерімен бірігіп келгенде ерекше номинативтік мән туғызады. «Қақтың» фин тіліндегі – екі (два) мағынасында жұмсалатынын ескерсек, бұл сөз өте көне прототілден (ата тілден) қалған, қазақ тілінде «көне сема + жаңа сема» формуласына сәйкес өмір сүріп келе жатқан тұлға. Демек «қақ бөлу» - екіге бөлу, «қақ жару» – екіге жару мағынасын беру арқылы жеке номинативті бірлікке айналған, «Қақ» сөзінің шынайы мағынасы басқа тілде сақталып тұр.

«Қоян қолтық араласу» деген тіркестің құрамындағы «қоян» сөзінде өзгеріп кеткен «қойын» сөзі екенін бірден ажырату қиын. Бұл сөздің қоянға еш қатысы жоқ, *қойны- қоншы* қос сөзінде сақталған. «Қойын» – подмышка, «қолтықпен» синонимдес, жаңа сигнификаттық ұғым (тығыз араласу, байланыс) туғызу үшін қолданылған. Бұл сөз фин тілінде -подмышка, яғни «қолтық» деген мағынада қолданылады.

Сондай-ақ *ірі қара, қара мал* деген тіркестердегі «қара» сөзінің мағынасы фин тілінде *скот* деген мағынаны береді [193,7]. Біз бұл сөздерді кірме сөз ретінде емес, ортақ тұлға ретінде танымыз. *Қара* сөзінің, *мал* деген екіншілік мағынасы қазақ тілінде ауыспалы мағына ретінде танылса, фин тілінде тура мағынасында қолданылатын сөз.

Сары сөзінің мағынасы фин тілінде «безлюдная степь, остров», қазақ тіліндегі – *Сарыарқа, сары дала* тіркестерінің құрамындағы *сары* сөзінің мағынасымен генетикалық тектес, шектес деп түсінеміз. Даланың түсі сары болатынын көк шөптің қураған кезінде көреміз, ал көктемде, қыс айларында дала басқа түсте болады. «Сарыарқа» сөзінің этимологиясы «желтая спина» немесе «желтая степь» емес. «Дала Арқа, Дала Арғу» яғни «Арғу даласы» болуы ықтимал. «Дешт-и-Кипчак» – *Қыпшақ даласы* деген атау кейін пайда болған, басқа елдердің берген аллотопонимі екенін ескерсек, *Сарыарқа* топонимі тілде сақталған жердің көне атауы деуге болады.

«*Тал түс*» сөзінің құрамындағы *тал* сөзінің де **тал** – **ағашпен** еш байланысы жоқ. «Тал» чуваш тілінде – *түс* деген мағынада жұмсалады. Қазақ тіліндегі: *талма түс, тал түс* атауының мәні «**түс** – **түс**» болып, номинативтік ерекше мағынасы «нық түс» семасы қалыптасқан. Сонымен, аналитика-семантикалық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған сөздерді когнитивтік, лингвомәдени, лингвогенездік аспектіде зерттеу қажеттілігі бар. Ашылмаған, айтылмаған сөз қыртысында сақталған дүниетанымдық тағылымдар сансыз мол екеніне көз жеткізе аламыз.

7.2. Тұрақты тіркес – аналитикалық сөзжасам нәтижесі

Сөздердің бірігуі мен қосарлануы, тіркесуі арқылы сөз жасалатыны, олардың ерекшеліктері туралы қазақ тілі білімінде біраз зерттеулер жарыққа шыққан еді [55]. Бұлар аналитикалық тәсілдің сөзжасамдық қалыбы болып танылады да, номинативті мағына қалыптастырып, белгілі бір денотаттық немесе сигнификаттық мағынада жұмсалады. Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған номинативті тұлғалардың мағыналық тұрақтылығы мен дайын лексикалық бірлік ретінде жұмсала алу қабілеті бірдей емес.

Сөзжасам – тіл дамуын танытатын үдеріс болғандықтан, ұғымды білдіретін номинативті мағыналы атаудың қалыптасуының да өзіндік даму жолы болады. Сөздердің тіркесуі – бірден туынды номинация жасалғандығының шарты емес. Бұл өте күрделі де ұзақ үдеріс. Адам танымы арқылы танылған ұғымды бірнеше сөздердің тіркесі арқылы таңбалау, күрделі құрылымдық жүйенің дара бірлік ретінде қалыптасу сипатын танытады. Әртүрлі мағынада жұмсалып келген еркін тіркесті сөздердің бір номинативтік мағына беретін тұлға ретінде жаңа қызметте жұмсалуды үшін, ұзақ даму үдерісін басынан өткізу қажет. Ұғымдық бір мағынаны бойына сыйғыза отырып, дара тұлға ретінде, даяр күйінде жұмсала алу қабілетіне ие болу үшін еркін тіркестер алдымен шектеулі мағынада қолдана келіп, бірте-бірте тұрақты мағынаға ие болып, лексема ретінде пайдаланады. Шектеулі мағынада жұмсалатын шектеулі тіркестер тұрақты мағынаға барар жол, аралық буын.

Қазақ тіліндегі сөз тіркесі туралы іргелі еңбектердің авторы М. Балақаев «Сөз тіркесі туралы кейбір ойлар» атты мақаласында сөз тіркесінің номинативтік қызметте жұмсалудың мысалдары баспасөздік мақаланың, хабарлардың т.б. тақырыптары құрамында жиі кездесетін деректер екенін ескере отырып: «Сөз тіркесінің номинативтігін олардың әдеби тілде жұмсалудың қызметі орайында ғана пайда болатын құбылыс деп тануға тиіспіз» деп жазады [34, 95]. Автор сөз тіркесінің мынадай қызметте жұмсалатынын бөліп көрсеткен:

1. Номинативті – сөйлемнен тыс.
2. Номинативті емес. Сөйлемнің құрылыс материалы.

Сөз тіркесі	
номинативті сөз тіркесі	номинативті емес сөз тіркесі
фразалық	фразалық емес

(Сонда, 102)

Автор одан әрі заттардың сөз тіркесі арқылы аталуының тілімізде өте жиі кездесетінін атап өтіп, көпшілігі сөз тіркесіне тән анықтауыштық, толықтауыштық қатынасын жойып, лексикалық тұтастыққа айналғанын өте дәл анықтап, орынды атап өтеді. «Бір есімнің көптеген сөзге қатысты болып, атауыш сөз тіркес-

терін құрау нәтижесінде олардың көбі фразалық тіркеске, кейінгілерінің бірқатарының лексикалық мағыналары шындалғанда – біріккен сөзге айналуы солардың жұмсалу тарихының ұзақтығымен байланысты», – деп жазуы [34, 104], бізге сөз тіркесінің фразалық тіркеске, фразалық тіркестердің жеке номинативті мағына бере алатын туынды сөзге айналуын тілдің даму заңдылығы деп тұжырым жасауға бағыт-бағдар береді. М. Балақаевтың фразалық тіркестерді номинативті мағыналы деп тануы өте орынды айтылған пікір. Ал кез келген номинативті мағына беретін атауыш туынды сөз ономасиологиялық ілімнің зерттеу нысанына жатады.

Номинативті мағыналы сөз сөйлемде номинативті қызмет атқарады. Коммуникативтік жүйеде белгілі бір мағына беріп, ұғымды ұғындыруға септігін тигізеді, экспрессивтік-эмоциялық қызмет атқарады. Демек, тұрақты тіркестердің номинативті мағына беруі, жаңа мағынада жұмсалуы когнитивтік үдерістер нәтижесінде ерекше ұғым пайда болғанда ғана мүмкін болады. Жаңа мағына бар жерде ерекше таңба бар. Олай болса тұрақты тіркестер тек сөзжасамдық үдерістің нәтижесінде ғана деривациялық мағынаға ие бола алады. Пайда болған номинативтік мағына туынды сөз жасалғандығының көрінісі, фактісі. Сондықтан тұрақты тіркестерді сөзжасамдық аспектіден қарастырып, екіншілік мағынасы бар туынды сөз есебінде бағалаймыз.

Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. «Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі» атты еңбектерінде сөз тіркесінің тарихи даму бағыттары мен лексикалану үдерісінің орнын айқындаған. Авторлар сөз тіркесінің бірте-бірте тұрақталып, жеке атау болып қалыптасу үдерісінің байқалатынын ашық жазады: «Сөз тіркестерінің сөйлеу үдерісінде біртіндеп лексикалық единицаға айналуы (номинативтену) қазақ тіліндегі сөз жасаудың ең бір өнімді тәсілдерінің және оның ішінде көне тәсілдерінің бірі болып саналады» [157, 310].

Демек, қазіргі ғылыми зерттеулердің жетістігі ретінде еркін сөз тіркестерінің лексикалану үдерісі нәтижесінде бірте-бірте жеке номинацияға ұштасу заңдылығын айтқан деуге болады. Қазақ ғалымдары ішінде тұрақты тіркестің әуел бастағы табиғаты еркін тіркестерден құралған туынды сөздер екенін алғаш айтқан І. Кеңесбаев болатын. Автор фразеологизм мен түбір сөздің ерекшелігін аша отырып: «Ф.Е. туынды мағынаны білдіреді» дейді [158, 597]. (Ф.Е. – фразеологиялық единица).

«Фразеологиялық мағынаның қалыптасуы» атты мақаласында І. Кеңесбаев: «Ф.Е.-лердің (демек идиомалардың да) бірден жасала қоймағаны, уақыт ұзаған сайын бірте-бірте барып қалыптасқаны, еркін тіркестердің негізінде жасалғаны сөзсіз. Олар сол дәуірдегі нақты өмір шындығына, халықтың ерте кездегі ұғымына, ой-санасына сай келуі де фразеологиялық мағына екінші кезекте бертін келе өрбіген», – деп жазады [158, 605]. Аса көрегендікпен айтылған бұл пікірдің астарына үңілу орынды болмақ. Сонда кез келген тұрақты тіркестің, ішкі мағыналық, құрылымы айқындалады, анықталады. Мәселен, *жүрегі тас төбесіне шығу* – қорқу, шошу, *қас пен көздің арасында* – лезде, тез, жылдам мағынасында деп түсіндірудің семантикалық, лингвомәдени аспектіден зерттегенде, үстірттеу түсінік екендігі айқындалады.

Сөз қадірін, қасиетін саралаған қазақ халқы бір ұғымды әртүрлі сөзбен атауға өте сирек барған. Тілдегі мағыналас, синоним сөздердің, көбінесе, бір денотаттың және құбылыстың бір-біріне жақын, бірақ тең емес белгілерін анықтаудан туындайтыны белгілі. Демек, тұрақты тіркестердің шығуы да осы номинативті ерекше белгілерді атау қажеттігінен туындайды. Табиғаттағы әртүрлі әлем бейнесін тану барысында адамзат санасында ұғым қалыптасады, сол ұғымды атау қажеттілігінен сөз жасалады. Адам баласының ойы, санасы түбір сөздерді мольнан тоғытып, туғызуға қауқарсыз. Сондықтан түбір сөздер негізінде туынды сөздер тобы жасалады. Тұрақты тіркес арқылы тілімізде бұрыннан бар сөздердің варианттық мағынасы жасалмайды, керісінше, жаңа ерекше ұғымды белгілейтін туынды сөз пайда болады да, ол өзгеше мағына береді. Яғни, *төбе шашы тік тұру* деген тіркес қорқу мағынасын емес, одан ерекше семалық мағынаны анықтайды. Екі лексема арқылы танылатын сигнификаттық мағынаның номинативтік белгілері ерекше, бір-бірінен бөлек.

Туынды сөздердің жасалуындағы негізгі заңдылықтар: уәждеме, абстракция, аналогия, ассоциация екенін жоғарыда жазған болатынбыз. Тұрақты тіркестердің пайда болуында да осы заңдылықтар орындалады. Тұрақты тіркестің туынды сөз екенін, еркін сөз тіркесінен болғанын дәлелдеу үшін:

- тұрақты тіркес пен сөздің бірлігі мен ерекшелігі;
- тұрақты тіркес пен еркін тіркес арасындағы мағыналық айырмашылық пен ерекшелік;

- тұрақты тіркестің номинативтік белгісінің құрамындағы сыңарлар мағынасымен тектестігі сияқты теориялық мәселелерді айқындау шарт.

Фразеологияны зерттеуші ғалымдардың көпшілігі тұрақты тіркес пен сөздің бірлігін және олардың ерекше белгілерін анықтаған еді. Айталық, К. Аханов «Тіл білімінің негіздері» атты еңбегінде фразеологиялық оралымға тән негізгі белгілерді жіктеп көрсетеді, 1. Даяр қалпында жұмсалыу белгісі (сонымен бірге лексикалық единица – сөзге де тән); 2. Мағына тұтастығы; 3. Тұрақтылық қасиеті; 4. Құрам тұтастығы [92, 166-170]. І. Кенесбаев Ф.Е.-ны танып-білу үшін мынадай үш шарт ұсынады:

- мағына тұтастығы;
- тіркес тұрақтылығы;
- қолдану тиынақтылығы.

Осы қағидаттарды басшылыққа ала отырып, сөз бен тұрақты тіркес арасындағы бірлік пен ерекшелікті сарапталық. «Сөз» – терімсөзінің беретін мағынасын саралаған еңбектер бір қыдыру. Біз К. Аханов еңбегінде көрсетілген сөздің басты белгілерін танытар ерекшеліктерді шарт (шек) ретінде алалық: 1. Дыбыстық құрылым бірлігі; 2. Сөздердің бәрі белгілі бір мағына береді; 3. Сөз – грамматикалық жағынан бір тұтас тұлғаланған единица; 4. Сөздің құрылымдық тұйықтығы, тұтастығы; 5. Белгілі – бір сөз табына қатыстылығы; 6. Сөздің даяр күйіндегі тұтас дүние ретінде пайдалануы [92, 113].

Осы ерекшеліктерді салыстыра отырып, сөз бен тұрақты тіркестің бірлігін және айырмашылығын былайша көрсетуге болады;

7-сызба

	сөз	Тұрақты тіркес	Еркін тіркес
Дыбыстық құрылымы бірлігі	+	+	-
Белгілі бір мағына беруі	+	+	-
Грамматикалық жағынан біртұтас единица	+	+	-
Сөздің құрылымдық тұтастығы	+	-	-
Белгілі сөз табына қатыстылығы	+	+	-
Даяр күйінде жұмсалыуы			

Демек, сөз бен тұрақты тіркестердің айырмасынан гөрі жақындығы көп те, еркін тіркес пен сөз, тұрақты тіркес

арасында принципті айырмашылықтар бар. Мұндай жақындықтың басты себебі – сөз бен тұрақты тіркестердің ішкі табиғатының біртектілігінде. Яғни сөз – табиғаттағы заттар мен құбылыстардың адам санасында сәулеленген белгілерін бейнелеу нәтижесінде пайда болған тілдік категория болса, тұрақты тіркестер де әлемдік бейне сипаты, сапасы, қасиетінің адам санасында сәулеленген белгілерін бейнелеу, таңбалау нәтижесінде пайда болған. Сөздің пайда болу жолы – ұғымның тілдегі көрінісін бейнелеумен қатысты айқындалса, тұрақты тіркестер белгілі ұғымды, атау қажеттілігінен пайда болған. Демек, тұрақты тіркестерде номинативтік атау мағынасы айқын.

Тіл – таңбалық жүйе, сондықтан сөз ономазиологиялық позициядан қарастырылып, лексикалық мағынасы бар таңба ретінде түсініледі. Сөз – адам мен оны қоршаған әлем аралығын байланыстырушы құрал, яғни объективті өмірдегі әлем бейнесінің тілдік жүйедегі референт. Сөздің бұл қасиеті арқылы оның екі жақты сипаты түсіндіріледі:

- 1) сөз – дыбыстық жүйедегі тұлға (лексема);
- 2) сөз – мағыналық тұлға.

Тіл білімінде «лексема» ұғымы құрылымдық бірлік ретінде, тұлғалық жамылғышы деп түсіндірілсе, «семема» – сөздің мағынасы, заттық мазмұны ретінде танылады. Осы тұрғыдан қарастырғанда, сөз бен тұрақты тіркес бір-бірімен жалпы ішкі табиғаты жағынан жақындай түседі. Яғни сыртқы тұлғасы жағынан сөз – дыбыстардан, ал тұрақты тіркес – екі не бірнеше сөздерден тұрады. Семантикасы жағынан сөз белгілі зат не құбылыс туралы бір ұғымды береді, тұрақты тіркес те белгілі зат не құбылыс туралы ұғымды, мағынаны береді.

Д.Н. Шмелев сөзге мынадай анықтама береді: «Слово – это единица наименования, характеризующаяся цельюоформленностью (фонетической и грамматической) и идеоматичностью» [88, 53]. Жалпы сөз атаулының тура және ауыспалы мағынасы болатыны белгілі. Тіл біліміндегі әдебиеттерде тура және ауыспалы мағына көптен зерттеу нысанына айналғаны, әрі көбінесе біріне-бірі қарама-қарсы қойылатыны мәлім. Тура мағына мен ауыспалы мағынаға А.А. Реформатский берген анықтама олардың ерекшелігінің мәнін көрсетеді: «Переносное значение любого типа объяснимо через прямое значение, но прямое значение не производных слов данного языка, где это слово существует, необъяснимо» [159, 81-82].

Сөздегі тура және ауыспалы мағынаны анықтау үшін, себепші негіздегі мағына мен туынды сөз мағынасын бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы зерделеу қажет. Яғни түбір сөздің негізгі бір мағынасы ғана тура мағына болады, әрі ол ешуақытта туынды мағына бола алмайды. Ал әрбір туынды сөздің мағынасы себептілік, уәждемелік болады, өйткені өзі түбір арқылы айқындалатындықтан, сол себепші түбірдің өзексемасы арқылы туындайды. Туынды сөздің лексикалық мағынасы түбір сөздің лексикалық мағынасымен тең, барабар емес (*оқу – оқушы, бала – балалық, қызыл – қызылша т.б.*).

Туынды сөздегі тура және ауыспалы мағына туралы О.П. Ермакова «Лексические значения производных слов в русском языке» атты еңбегінде былай деп түйіндейді: «Прямое значение производного мотивированно значением производящей основы, а переносное – этим прямым» [160, 55]. Яғни туынды сөздің тура мағынасы түбір сөздің тура мағынасы арқылы жасалады, түбір сөздің мағынасы туынды сөздің мағынасына себепші болады, ал туынды сөздің ауыспалы мағынасы – туынды сөздің тура мағынасы арқылы немесе ауыспалы мағынасы арқылы жасалады. Демек, сөз бен тұрақты тіркестің мағыналарын зерттегенде «сөз» терімсөзін «түбір» немесе «туынды сөз» ретінде қараудың маңызы өте зор. Егер «сөз» терімсөзіне туынды сөздер де енеді десек, онда туынды сөздің мағынасы мен тұрақты тіркестердің мағыналық сипатын салыстыру орынды болмақ. Туынды сөздің мағынасы өзін құрайтын бөлшектердің (сыңарлардың) мағынасы арқылы жасалатыны дәлелденген. Біз бұл туралы алдыңғы бөлімдерде жаздық (*бала+лық, жаңа+лық кітап+құмар т.б.*

Енді тұрақты тіркестердің өзін құрайтын сыңарларының мағынасы арқылы жасалатынын дәлелдесек, олардың да туынды сөз екенін анықтаймыз. І. Кеңесбаев тұрақты тіркесті туынды сөз ретінде атап көрсетпегенімен «Ф.Е. тікелей мағынада емес, туынды мағынада ғана жұмсалады» – деген ойды айтқан еді [158, 597]. Егер тұрақты тіркес туынды мағына берсе, бұл семемалық жағы болады, ал туынды сөз екендігі оның лексемалық жағы болып шығады. Тұрақты тіркес туынды сөз екенін дәлелдеу үшін оның сыңарларының мағыналары арқылы жасалатынын көрсету шарт. Тағы да І. Кеңесбаевқа сүйенсек, ол: «Ф.Е.-лердің (соның ішінде идиом) мағынасы тарихи тұрғыдан

алғанда өз сыңарларына апарары даусыз" деп көрсеткен [158. 605].

Тұрақты тіркестің туынды сөз ретінде танылу себебі:

- құрамындағы сөздердің мағынасы арқылы жаңа екіншілік мағына жасалады;

- бірнеше сөздерден құралып, бір ұғымды білдіреді;

- бүтін тұлға ретінде даяр қалпында жұмсалады;

- бір грамматикалық категориямен түрленеді;

- бір бірлік ретінде ұғынылып, бір сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесі болады.

- туынды тұлға ретінде тізбесөз болып сөздікке енеді.

Тұрақты тіркестер туынды сөз деп танылғандықтан, сөздің атқаратын қызметін де толық атқара алады. Мәселен:

Номинативті қызметі – яғни белгілі зат не «құбылыс туралы ұғымның атын атау болса, тұрақты тіркес туынды сөз ретінде номинативті қызмет атқарады: – *наз айтты, (әрекет семасы), қас пен көздің арасында (уақыт өлшемі), таяқ тастам жер, ат шаптырым жер (кеңістік өлшемі), ит өлген жер (кеңістік өлшемі), төбе шашы тік тұрды (қорқу семасы)* т.б.

Коммуникативтік (байланыс) қызметі – қоғамдағы қарым-қатынас құралы болуы. Сөйлеуде даяр күйінде жұмсалып, тыңдаушы мен сөйлеушіге байланыс жасауда сөйлеу құралы болады. Сөйлеу барысында тұрақты тіркес сөйлеуші мен тыңдаушыға бірдей түсінікті болып, толық негізгі мағынасында қабылданады. Тұрақты тіркестің тұрақты мағынасын сол халық өкілі мүлтіксіз түсінеді, әрі даяр қалпында пайдаланады.

Экспрессивтік қызметі. Кез келген сөз сөйлеуде, контексте өзінің әртүрлі реңінде көріне алады. Тұрақты тіркестің, экспрессивті қызметі мен қабілеті ерекше, экспрессивтік-эмоциялық қасиеті ұғымның ерекше белгілерін атай алу қабілетімен тығыз байланысты. *Қорқақ, әлсіз* сөздері арқылы адамның қасиеті жалпылай көрсетілсе, *су жүрек, қоян жүрек* тіркестері арқылы ұғым одан әрі нақтылана, қырлана түседі де, көркемдік бояуы әсерлі шығады.

Куммулятивті қызметі атау бен табиғаттағы алуан түрлі заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстан келіп туындайды. Атау болмыстағы деректер туралы білімнің жиынтық таңбасы ретінде айқындалады да, лексикалық мағына арқылы көрініс табады. Бұның нәтижесінде ұлттық дүниетанымның кө-

рінісі бейнеленеді. Тұрақты тіркестер халық танымындағы ұғымдармен тікелей байланысты болып, ұлттық менталитетті танытатын тілдік көрсеткіш ретінде сипатталады. Тұрақты тіркесті туынды сөз деп тани отырып, белгілі мағынаға ие болған бірлік, тұрақталған сөзжасамдық тұлға деп қарастырамыз. Тұрақты тіркес күйіне жету үшін еркін тіркестердің өзіндік өзгеше сипаты болады. Кез келген еркін тіркес, тұрақты тіркес бола алмайды. Еркін тіркес қалпындағы сөз тіркесінің мағыналық өзгешелік сипаты айқындалып, шарты болуы тиіс. Тұрақты тіркес болуы үшін ұғымдық мәнге ие болуы;

- белгілі зат не құбылыс атауы болуы;
- теңеу мағынасында қолданып тұрақталуы;
- мағынаның абстракцияланып, бір денотаттық мағына беруі қажеті.

К. Аханов тұрақты тіркестердің пайда болуы мен шығу негіздерінің бес түрін көрсеткен: 1. Фразеологиялық оралымға (ФО) әртүрлі құбылыстардың адам ойына қорытылған образды бейнесі негіз болуы мүмкін. 2. Кейбір тұрақты тіркестердің жасалуына түрлі аңыздар, ұғымдар мен түсініктер негіз болған; 3. ФО тарихта болған кейбір жағдайлардың, дағдылардың негізінде пайда болуы мүмкін. 4. Уақыт өлшемі – сағат, минут, секунд деген ұғымдар және олардың атаулары бірден пайда болмаған. 5. ФО кейбіреулері профессиональды лексикадан ауысқан [92, 182-185].

Біздіңше, тұрақты тіркестің туынды сөз ретінде қалыптасуының мынадай негізі бар:

- тұрақты тіркестің зат не құбылыс атауы болып денотаттық мағынада жұмсалуды;
- теңеу мағынасында қолданылу барысында тұрақты тіркеске айналып, дербес бүтін мағынаға ие болуды;
- этнологиялық таным негізінде денотаттық мағына иеленуі;
- мағыналық абстракциялану нәтижесінде туынды денотаттық және сигнификаттық мағына иеленуі.

Тұрақты тіркестің қалыптасуында уақыт факторының рөлі ерекше. Олардың «уақыт ұзарған сайын бірте-бірте барып қалыптасқаны, еркін тіркестер негізінде жасалғаны» жөнінде Р. Сыздықованың «Қ. Жалайри «Жами-ат тауарих» атты еңбегіндегі тұрақты тіркесті зерттеуге арналған мақаласында айтылады. Автор *күнтуғыш, күн көзі, ер оғыл, оғылының оғлы, қыз*

қарындаш, ер оғыл, ата йурты, шахар отырушылық, сахарада отырушылық сияқты көптеген тіркестердің тұрақты қолданыла бастағанын дәлелдей отырып, бұлардың әлі де болса фраза не идиома дәрежесіне жете қоймағанын атап өтеді, мұндай тіркестерді «лексикаланған тіркестер» деп атауды ұсынады [161, 37]. Қ. Жалайридің еңбегіндегі осы лексикаланған тіркестер қазіргі қазақ тілінде фразалық деңгейге жетіп дамыған. Мысалы: *күн шығыс, күн көзі, жер жүзі, көңіл жүзі, ата жұрт* т.б. Яғни, тіл дамуының белгілі сатысындағы еркін тіркестердің бірте-бірте тұрақты тіркеске айналғандығының көрінісін байқаймыз. Р. Сыздықованың айтуынша «Белгілі бір ұғымды екі (кейде үш, төрт) сөздің тіркесімен білдіру орта ғасырлардағы түркі әдеби тілінің де грамматикасындағы өнімді тәсілдердің бірі болған» [161, 37].

Б. Әбілқасымов Әбілғазы Бахадүрдің «Шежіре-и түрки» шығармасын зерттеу барысында, тұрақты тіркестердің қолданылуын, олардың ерекше сипатын айқындай отырып, мынадай пікір айтады: «Оларды қазіргі тіл тұрғысынан қарағанда, фразеологизмдерге жатқызуға әбден болар еді, бірақ сол тұстағы беріп тұрған мағыналарына қарағанда, олар әлі ауыспалы мағынаға ие бола алмай, тіркестегі сөздер өздерінің негізгі тура мағынасында қолданылып тұрғанын көреміз» [164, 83.]. Автор *ор қазу, аяққа жығылу, от салу, бас көтеру, төрелік қылу* т.б. тіркестердің ескерткіштерінде өзінің тура мағынасында еркін тіркес қалпында жұмсалғанын ашық жазады. *Аман беру, аманат беру, құлақ кесу – құлақ кесті құл болу, патша көтеру, аяқ беру – аяғына жығылу* т.б. сияқты тіркестерінің еркін тіркес түрінде жұмсалып, тура мағынасында қолданылғандығын нақты деректермен дәлелдейді [164, 93-97].

Кей тұрақты тіркестердің ол баста еркін тіркес ретінде жұмсалып, тура мағынасында қолданылғандығы туралы Р. Сыздықованың «Сөздер сөйлейді» еңбегінде де кездеседі: *Аб-жыландай толғану* – арбаушы, сиқырлаушы жыланның адамды өзіне тартуы, арбауы деген мағынада жұмсалған деп дәлелденген [163, 9-10]. *Айдынды туған, айпарадай ақ жүзім, аламанға дем берген, аса жұрт, байтақ, ел, байтақ жұрт, дем тарту, дем беру, жер болу – жер қылу, кішілікке алу, мұздай темір құрсану, тәу ету, үдере көшу* т.б. сөздердің этимологиялық және семантикалық мәнін ашқан ғалым көрсетілген тіркестердің әуел баста тура мағынасында жұмсалғанын дәлелдейді [163, 10,

60-61]. Олай болса, еркін тіркестердің тұрақты тіркеске айналуы жүйелі құбылыс ретінде анықталуы қажет. Мұның өзі, түптеп келгенде, тілдің жүйелі түрде дамуда болатындығының көрінісі бола алады. Тілдік даму барысында тұрақты тіркес ұғымдық жағынан бір мағына бере алатын қабілетке ие болып, жеке номинативтік семада жұмсалады. Қоғам дамуы барысында, адам танымында қатталып, жатталған іс-әрекеттер мен құбылыстар болады. Сол іс-әрекет пен құбылыстарды, затты алғашқы танылған қалпында атау – табиғи заңдылық. Ал тілдегі түбір сөздердің мағынасы шексіз-шетсіз нәрсе емес, танымда қабылданған ұғымның бәрін түбір негізінде белгілеу мүмкін емес. Сондықтан белгілі әрекетке байланысты, немесе зат не құбылыстың белгілі сапалық қасиетіне сәйкес айтылған еркін тіркестер қатталып, тұрақталып, даяр қалпында жұмсала алатын бүтін бірлік сипатында тілге ене алады.

Барлық тұрақты тіркестердің әуелгі еркін тіркестік мағынасын қалпына келтіруге мүмкіндік бар. Тарихи тұрғыда тұрақты тіркесе толық өзіндік лексикалық тура мағынасында жұмсалған сөздер болған деуге әбден болады. Айталық, *аманат беру*, *аманат сөз тапсыру*, *аманат тапсыру*, *аманатқа мал айту* тіркестерінің қалыптасуына белгілі халықтық дәстүрдің болуы септігін тигізген. Жеңілген ел, жеке адам, хан өзінің жеңілгендігін мойындап, жеңген елге кепілдікке туған баласын беретін болған. Немесе сөзді, істі аманат ретінде біреудің, мойнына сеніп тапсырады. Осындай оқиғаны, үдерісті білдіретін атау сөз *аманат беру*, *аманат тапсыру* тұрақты тіркесі арқылы таңбаланған. *Аманат беру* үрдісі кешегі Абай заманына дейін келгені М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан белгілі.

Барлық тұрақты тіркестер мағынасының номинативтік сипатын анықтауға болады, мәселен:

Ақ түйенің қарны жарылды деген сөз тіркесінің әуелгі мағынасы ертеде үлкен қуаныш болып, той жасағанда ақ түйенің қарнын жарып, түйені сояды екен. Екіншіден, басқа малмен салыстырғанда, түйе малы өз төлін ұзақ уақыт көтеретін жануар, жыл өте барып боталағандықтан, көптен күткен хабарды естігенде айтылатын тіркес ретінде қолданылып, кейін үлкен қуанышты белгілейтін лексикалық бірлік ретінде қалыптасқан болуы мүмкін.

Ит жеккен жер тұлғасының мәні итті шанаға жегіп жүретін Сібір жері Қазақ танымында ең алыс, ең түкпір жер ұғы-

мында қабылданғандықтан, «өте алыс» мағынасын беретін тіркес болып қалыптасады. «Ит жеккен жер» кейін айдау (ссылка) мағынасын да берген. Бұл тұрақты тіркестің мағынасы мен ұзақ, алыс тұлғасының мағыналары бір емес, номинативті ерекше белгілері бар.

Су жүрек, жүрегі зу ете қалды -деген тіркестегі «зу», «су» еліктеуішінің тұлғалық өзгерісі с~з дыбыстар сәйкестігі негізінде пайда болады. «*Су жүрек*» тұрақты тіркесі жүректің *зу ете қалу* мағынасынан негізделіп қалыптасады да, кейін айтылуда алғашқы *зу* сөзі екпінмен айтылғандықтан, *су* тұлғасын өзгерген.

Көзді ашып-жұмғанша тіркесінің жасалуына көздің ашылуы мен жұмылуы арасындағы ең қысқа сәт өлшемі ұғымдық негіз болған. Далалықтар танымында уақытты сағатпен өлшеу дағдысы кейін пайда болған, «көзді ашып-жұмғанша» тіркесі мезгілді білдіретін тіркес ретінде тұрақталып, даралық қалыпқа ие болып, сигнификаттық мән туғызған. «Көзді ашып-жұмғанша» тіркесінің номинативтік мәні *тез, жылдам* деген ұғымды береді. Осы қимылдың өзгеше бір даралық, ерекше қырын айқындау үшін қолданылатын лексема. *Тез, жылдам, көзді ашып-жұмғанша, сүт пісірім уақыт, ет асым уақыт* т.б. сөздер бір-бірінің орнына жұмсалмаған, әртүрлі уақыт өлшемі ретінде қолданылған. Сонда, *көзді ашып-жұмғанша* лексемасының мағынасы – сәттік, секундтық уақыт өлшемін белгілейтін тұрақты тіркес.

Тайға таңба басқандай. Жылқыға тай кезінде жамбасына таңба (тавро) басылады. Таңба бойынша оның кімнің меншігі екені анықталған. Осы ұғымға негізделген еркін тіркес тұлғасындағы көрінісі нақтылана келе, бірте-бірте даралық қалыпқа түсіп, Қазақ халқының таным-түсінігінде болатын ұғымды білдіріп, *айқын, анық* мағынасына ассоциацияланған. Әуелде еркін тіркес ретінде жұмсалып, белгілі бір ұғымды білдіретін сөздер тобы, келе-келе тұрақталып, бір бүтін тұлға ретінде қалыптасады. Әртүрлі морфемалардың тіркесуі арқылы жаңа сөздің жасалуы туынды сөз жасаудың негізгі тәсілі. Айталық, біріккен сөз арқылы жасалған туынды сөздің құрамында екі не бірнеше номинативті сөз болады, кейін екіншілік мағынаға ие болады. Демек, тұрақты тіркестердің бірнеше сөздерден құралып ерекше мағынаға ие болуы, туынды сөзге тән қасиет болып саналады.

Біреудің арқасында күн көру тұрақты тіркесінің, мағынасы – біреуге сүйеніп күнелту. Бұл тіркестегі «арқа» сөзінің көне түркі тілінде екі мағынасы болған: 1. Арқа – спина; 2. Арқа – под-держка, опора [86, 53]. Біреудің сүйенішімен, тірегімен күн көру, өмір сүру деген еркін тіркестің тура мағынасы келе-келе тұрақты тіркеске айналып, туынды ауыспалы мағынаға алмасқан. Өмір сүру халық танымында жарық күннің сәулесін көру деп бағамдалып, ұлттық менталитет көрінісін танытады. Ақын М. Мақатаевтың «Өмір деген бір күндік сәуле екен ғой» деп жырлауында мән бар.

Төбе шашы тік тұру, **төбесінен суық су құйып жібергендей**, **төбе шашын жыбырлатты** тіркестердің мағынасы – шошу, зәресі ұшу, қорқу семаларына жақын [158, 512]. Бұл туынды тұрақты тіркестер кәдімгі еркін тіркес қалпында, өзгеріссіз жеткен. Қорқыныш сезімінің терең иірімдері мен деңгейін айқындау үшін, бір бүтін лексикалық бірлік ретінде тұрақтаған. Кісі қатты қорыққанда дене түктері, төбесіндегі шашына дейін тікірейіп кетеді, сондықтан «төбе шашы тік тұру» мен қорқу сезімі бірдей емес. Тұрақты тіркестің эмоциялық-экспрессиялық мәні де, номинация ретінде беретін ұғымы да өзгеше. Яғни, мұндағы берілетін ұғым үрей сезімінің терең сипатын, көрінісін білдіретін сигнификаттық мағына, «*қорқу*» сөзі арқылы берілмейтін сезім иірімін атау үшін жасалған номинативтік атау. Екі түрлі атау бар жерде әртүрлі номинативтік белгі бар, әртүрлі түсінік бар.

Төбесінен суық су құйып жібергендей тіркесінің де өзіндік ұғымы мен номинативтік белгісі бар. Жоғарыдағы қорқу мәнінен бөлек, іс-әрекеттің аяқ асты, тосын болғандығынан пайда болған қорқу сезімінің бір сипатын анықтайды, Сөйтіп, бір кезде еркін тіркес ретінде тура мағынасында жұмсалған тіркес, өзгеше ситуацияны айқындау қажеттігінен тұрақты қолдана жүріп, даяр қалпында жұмсалатын бүтін бірлік ретінде қалыптасқан.

Ту бие – қысыр қалған жылқы [158, 519]. Бұл фразедағы «ту» сөзінің мағынасы – *тыг*, *тыгда*, *тыгра* – становится сильным, крепким [86, 566]. *Тыг* – *ту* болып өзгеру нәтижесінде (ығ—у) күшті болу, мықты болу мағынасын беріп, *тумаған*, *күшті*, *мықты*, *семіз бие* деген тура мағынасында жұмсала жүріп, келе-келе жаңа туынды сигнификаттық мағынаға алмасқан. Сондай-ақ, *ту қой*, *ту жер*, *тұсыраған ен дала* тіркестері

құрамындағы *ту* сөзінің мағынасы өнім бермей, дем алған, күші бойында, мықты, берік т.б. мәнде қолданылады.

Тоқал ешкі, тоқал ешкідей қылу, тоқал үй, тоқал қатын тіркестері құрамындағы *тоқал* сөзінің мағынасы көне «тоқ» сөзімен түбірлес: **тоқ** – 1. Лысый 2. Безрогатый [86, 576], яғни мүйіссіз, шашы жоқ мағынасы арқылы: *тоқ* – *түк* – *тұқыл* – *тоқал* – *тоқалдық* т.б. сөздері туындаған. *Тоқал ешкі* – мүйізі жоқ ешкі, *тоқал үй* – төбесінде шифері жоқ үй мағыналары алдыңғы мән арқылы ассоциацияланып жасалған. *Тоқал ешкідей қылды* тіркесі еркін тіркес сипатында ешкілер бір-бірімен сүзіскенде, сүзісіп ойнағанда тоқал ешкінің мүйізі болмағандықтан, сүзісе алмайды, шетке шығып қалады деген түсінікте жұмсалады. Осы ұғым арқылы кейін номинативтік мән алып – *жатсыну, бөтенсу, жамансу, бәрі түртпекке алу* мағынасына ассоциациялана отырып алмасады.

Тоқал қатын, тоқал әйел деген тұрақты тіркес мағынасы да екіншілік туынды деривация. Әдетте, *тоқалдың* құқы шектеулі. Көбінесе, қызметші, күң есебінде қызметте жүрген. «Кішілікте жүрген, бәйбішенің айтқанынан шықпайтын, шеттетілген» деген мағына арқылы тұрақталып, екіншілік номинацияға алмасқан. Әуелгі *тоқал* сөзінің – жамансыну, түртпекке алу семасы арқылы арнайы мағынасы жіктеліп, ерекше сема ретінде қолданыла бастаған туынды екіншілік тұлға.

Ит арқасы қиянда идиома ретінде қалыптасқан тіркес. Фразалардың әуелгі еркін тіркес ретінде қабылданған мәні анық көрінеді; ал идиомаларда әуелгі семалық мазмұны күңгірттенген, тұрақты тіркестің көнелігі, ерте заманда қалыптасқаны себепті, әуелгі тура мағынасынан ажырайды. *Ит арқасы қиянда* деген тіркесті екі түрлі түсінуге болады: а) *итарқа* сөзін *лашық* мағынасындағы сөз деп қабылдап, *үйі, лашығы, итарқасы алыста* деп түсінуге болады; ә) *итарқасы қиянда* тұлғасының алғашқы *ит* сыңарының архиформасы көне түркі тіліндегі «ыд», архисемасы – хозайн, владелец, обладатель, господин (о боге) [86, 203]. «Арқа» – спина, поддержка, опора, обыскивать, искать, подвергать осмотру [86, 53-54]. Сонда «ие, иегер, пана, лашық үй, қиянда (алыста)» деген тура мағынасында қолданыла келіп, бірте-бірте *-ыд* түбірі – ит тұлғасына сәйкес жұмсалып, өте алыс, жырақ ұғымын білдіретін туынды сөз қалыптасқан. *Ит арқасы қиянда* тұрақты тіркесінің беретін номинативті мағынасы мен ұғымы басқа осы мағыналас сөздерден – *ит*

жеккен жер, алыс, жырақ т.б. тұлғалардан сәл өзгеше. Сондықтан бұл тұрақты тіркестің беретін номинативтік мағынасы жеке лексикалық бірлік ретінде танылады.

Соғым сойды, соғым шүйгін болсын тіркесінің пайда болуы *соғым сою* үдерісімен байланысты, көрсетілген үдерісті тек осы тұрақты тіркеспен бейнелеуге, атауға болады [158, 710]. *Соғым* сөзінің түбірі *соғ* бола алмайды, себебі «*соғу*» -соқ етістігімен *соғым* сөзінің арасында мағыналық байланыс жоқ. *Соғым* туынды сөзінің архитұлғасы – *тоғым*. ДТС-тағы мағынасы: 1. Скот, предназначенный на убой; 2. Туша убитого животного [86, 571]. Бұл тұлға «тоғра» – резать, разрезать на куски [86, 570] сөзімен түбірлес әрі мағыналас. Олай болса, ***тоғым – соғым*** сөздері тұлғалық және мағыналық жағынан бірдей, тек сөз басындағы **т-с** дыбыстарының жіктелуі нәтижесінде жаңа дыбыстық жамылғыш пайда болған. *Соғым сойды* тіркесінің мағынасы *мал сойды* деген еркін тіркестен туындаған екіншілік деривациялық мағына да, кейін, *тоғ – соғ -сой* сипатында тұлғалық даму болған. Жаңа мағына жасалғанда оның ішкі семантикалық құрылымында жаңа сема қалыптасқан. *Мал сою* мен *соғым союдың* арасында семалық, айырмашылық бар. Бұл семалық айырмашылық қысқа арналып семірітілген малдың сойылуы деген ұғымдық номинативтік белгіден туындайды.

Қазақ халқында түйеге, оның әртүрлі қасиеттеріне байланысты көптеген тұрақты тіркестердің қалыптасуы түйенің киелілік қасиетімен сабақтасады. А. Қыраубаева Рабғузи қиссаларын талдау барысында мұндай жайдың баяндалуына тоқталады: «Оянған соң жұртты тағы дінге үндеді. Жұрт сенбеді. Шын пайғамбар болсаң тастан өзі буаз, қызыл түйе шығар, көз алдымызда боталасын, – деді. Салық дұға қылып еді, тастан түйе шықты, боталады. Уыз сүгін жұрт ішіп тауыса алмады» [165, 28-29]. Қазақ халқы аңыздарындағы *Бурабай аңызы, Бұрахан туралы аңызды* т.б. еске түсірсек, түйе малының киелілігі мен қасиеті анықтала түседі. *Нар атандай, нар еді, нарға жүгін салғысыз, нар бурадай шабынды, нар кескен, нарлық көрсетті, нар тәуекел, түйеден түскендей сөйлеу, түйе мұрындық бер, түйені түгімен жұту, ботадай боздау, боталаған нардай зарлау, бота-тірсек бозбала, жігіттің жампозы, нар бура, нар тайлақ, нар мая, құба інген, жел мая, нар жолында жүк қалмас, кәрі түйедей бақырауық, мырза қоспақ, атан жілік жігіт, атан түйеіше кері тарту* т.б. сияқты тұрақты тіркестердің

бәрі алғашында тек еркін тіркес мәнінде жұмсалып, халықтың ұлттық танымының көрінісі ретінде бірте-бірте номинативтік мағынаға алмасқан. Бұлардың бәрінен заттың аты, қимылдың аты, әрекеттің, белгінің, сипаттың атауы көрініс тауып, халық танымының түйе малына қатысты білік дәрежесін танытады.

Нар кескен деп қылыштың аталу себебі, нар – бір өркешті, ең шыдамды түйе. Нар басын кесу үшін, жай пышақ не қылыш жарамайды. Сондықтан нардың басын алатындай жалпақ та өткір қылыш, семсер қажет деген сема арқылы негізделіп, атау жасалған.

Нарлық көрсетті тіркесінің мағынасы – шыдамдылық, төзімділік мағынасымен дәлме-дәл емес. *Нарлық, көрсету* сөзінің семасы – шыдамды болудың ең биік санасын белгілеу үшін қолданылады, *нар түйедей күштілік, мықтылық таңыту* деген мағынаны таңбалайды.

Ботадай боздады тіркесінің мағынасы *жылау* семасынан ерекше. Ботаның боздағаны – адамның сай-сүйегін сырқырататын үн. Бұл үнді басқа түліктің маңыраған, мөңіреген үнімен салыстыру мүмкін емес. Адам көңіл-күйінің ең қиналған сәтін белгілейтін ботадай боздау сөзінің номинативтік мағынасы ботаның боздаған үніне ұқсатылып, аналогиялық негізде қалыптасқан. Ботаның көзі – адамның көзіне, жанының нәзіктігі -сәбидің қорғансыз халіне өте ұқсас. Ботагөз деп ат қоюдың да терең мәні бар.

Сонымен, тұрақты тіркестер мағынасы казіргі тілдік қолданыста құрамындағы сөздер мағынасынан өзгеше, жаңа мағына бергенімен, тарихи тұрғыда еркін сөз ретінде жұмсалып, толық, тура мағынасында қолданған. Адам танымының өркендеуіне сәйкес, танылған ұғымды атау мақсатында жаңа номинативті мағына берудің құралы ретінде пайдаланылып, атау қалыптастырған. Сондықтан кез келген тұрақты тіркестің көне мағынасы мен еркін тіркестік қалпын қайта пайымдауға болады.

7.3. Теңеудің туынды сөз жасаудағы рөлі

Тұрақты тіркестің (ТТ) жасалуында теңеулер үлкен рөл атқарады. Теңеу арқылы адам танымында зат не құбылыс туралы ұғымның жаңа бір сапасы, реңі айқындалады, бағаланады. Теңеудің тұрақты тіркес жасаудағы рөлі Т.Қ. Қоңыровтың еңбегінде терең ғылыми талдау негізінде ба-

йыпты жазылған. Автор теңеудің семантикалық, құрылымын айқындау барысында, олардың фразалық тіркес жасауға белсенді қатынасатынын анықтайды. «Чтобы конструкция был устойчивым сравнением, она должна обладать также устойчивостью употребления, смысловой, семантической лексической и синтаксической устойчивостью» -деу арқылы теңеулердің ТТ деңгейіне көрсетілуі үшін қажетті шарттарын атап көрсетеді [167, 80-92].

Теңеудің барлығы бірдей тұрақты тіркеске айнала алмайды. Ол үшін, ең алдымен, номинативтік қызмет атқару қабілетіне ие болып, дайын күйінде жұмсалып, белгілі ұғымдық мағына беретін денотаттық мағынаға көшуі шарт. Басқа теңеулерден тұрақты тіркеске айналған теңеулерді бөліп алу үшін Т.Қ. Қоңыров «Фразеологиялық компаративтер» деген терімсөзді қолданған. Бұлай атауының себебін автор: «...такие типы словосочетания следует называть фразеологическими компаративами, потому что, подавляющее большинство из них отличаются во-первых, устойчивостью компонентного состава, во-вторых, воспроизводимостью, и в-третьих, ярко выраженной компаративной семантикой», – деп түсіндіреді [167, 82].

Теңеу сөздердің фразеологиялық компаративтерге айналуы бірден орындалатын құбылыс емес, тілдік дамуда бірте-бірте қалыптасатын, нысанның сипатын тануда номинативті ерекше белгілердің анықталуына сәйкес болатын сөздердің тұрақталуымен түсіндіріледі. Теңеу – еркін тіркес пен тұрақты тіркес арасындағы аралық буын. Сөзжасам үдерісі арқылы теңеу сөздер тұрақты тіркеске айналады. Еркін тіркестердің тіркесуі белгілі зат не құбылыстың сияатты белгісі мен реңі, екінші затпен теңелуі, салыстырылуы арқылы жасалады. Алғашқы заттық белгісі туралы ұғым атауға көшіп бейнеленеді де, екіншілік мағыналы туынды сөз жасалады. Демек, теңеу сөздер туынды сөз жасалуына негізгі көз болып, сөзжасамдық үдерістің жүруіне тікелей қатысатындықтан, сөзжасам үдерісінде аралық, делдал буын болады. Компаративті тұрақты тіркестердің мынадай жасалу жолдары белгілі: морфологиялық, лексика-морфологиялық, лексика-синтаксистік, фраза-синтаксистік тәсіл. Көрсетілген тәсілдер арқылы тілімізде көптеген еркін тіркестер алдымен теңеуге, одан фразеологиялық компаративтерге, яғни туынды тұрақты тіркестерге айналған. Мәселен:

Бетегеден биік, жусаннан аласа сөзі теңеуден тұрақты тіркес дәрежесіне жеткен. Бетеге мен жусан аралығындағы биіктік өлшемді салыстырып көрсету арқылы, екінші бір жаңа денотаттың өлшемін танытатын туынды мағына қалыптасқан. Тұрақты тіркес екі мағынада – өлшемдік; қасиет – аса сыпайы, кішіпейіл, әркімнің бабын табатын деген мағынада жұмсалады. Өлшемдік мағына бере алуы әуел бастағы еркін тіркестен шығып, сол тура семадан алыстамағанын аңғартса, екінші мағынасы алғашқы тура мағынадан ассоциация нәтижесінде туындап жаңа ауыспалы мағынаға ие болғанын көрсетеді. *Бетегеден биік, жусаннан аласа* биіктік өлшем, қасиет мағынасындағы сигнификатты туынды сөз.

Беті шиқандай – нарттай қызыл, семіз, екі бетінен қан тамған мағынасында жұмсалады [КТФС, 119]. *Шиқандай* сөзі екі силлабофонемадан біріккен көне түбір: ши – шир – краска, которой китайцы разрисовывают чаши глазурью [86, 505], қан – қан мағынасында. Сонда *шиқан* сөзінің мағынасы – қанмен боялғандай дегенді білдіреді. Демек, *беті шиқандай* ТТ – беті қызыл қанмен боялғандай деген еркін тіркес семасы арқылы қалыптасқан. Жек көру, ұнатпау реңі эмоциялық-экспрессивті бояу арқылы берілген.

Бидайша қуырды – екі аяғын бір етікке тықты [158, 119]. Қазанға бидайды қуыру үдерісі мен адамды жазғыру, кіналау әрекеті салыстырылып, – ша жұрнағы жалғану арқылы теңеу пайда болады да, сөз семантикалық және структуралық жағынан бір бүтін тұлға ретінде сигнификаттық мағынаға алмасып, туынды сөзі ретінде қабылданады.

Бетін шиедей қылу: 1. Тырнап алды, осып жіберді; 2. Масқара қылды әшкереледі, сөкті, ұрысты [158, 118]. Шие сөзінің мағынасы арқылы жаңа мағына туындап, теңестірілуі, салыстырылу сипатында туынды мағына жасалған. Яғни еркін тіркес алдымен теңеуге, кейін жеке тұлғаға айналған.

Бие сауымдай уақыт – биенің екі сауым арасы, бір сағат арасындағы мезгіл [158, 119]. К. Аханов еңбегінде көрсетілгендей, уақыт мөлшерін шамалауда қолданылған бірлік атауы. Уақыт мөлшерін бие сауым арасындағы өткен мезетпен белгілеу тек қазақ халқының танымына, санасына тән. *Бие сауым* сөзі уақытты таңбалау мәнінде қолданылып, кейін уақыт өлшемі мағынасын атқарған туынды бірлік.

Биті торғайдай, мойны ырғайдай – жадап-жүдеп, азып-тозу мағынасына жақын келетін, синонимдес мағына туғызатын туынды сөз. Адамның халінің тым мүшкіл болып, азып-тозып жүргенін бейнелейтін дыбыстық атау. Гипербоалық теңеу арқылы қалыптасып, ассоциация негізінде екіншілік мағынаға ие болады. Биттің торғайдай, мойынның ырғайдай болмайтыны белгілі. Адамның жағдайы мен көңіл-күйінің қилы-қилы сәттері мен өзгерістерін бейнелеуде, әрі көз алдыңызға елестетерліктей, экспрессивтік-эмоциялы бояулы атауларды жасауда халық танымы тереңге бойлап, өзінің менталитетіне сай абстрактылы, сигнификатты мағыналы тұлғалар жасай алған. Астарлы нақышы мен адам көңілінің, жағдайының терең иірімдеріне бара алу – адам психологиясын терең меңгеру, сөз құпиясының нәзік иірімдерін анықтай алу қасиеті деп бағалануы тиіс.

Бозбала – жас жігіт [158, 120]. Қазақ танымында *бозбала* – үйленбеген, он үшке келген ер жігіт. Бұл тіркестегі *боз* сөзінің көне мағынасы мен тұлғасы мынадай: *бош* – 1. Свободный пустой, не находящийся в употреблений; 2. Неспутанный, вольный, свободно пущенный; 3. Независимый, пользующийся свободой; 4. Холостой, разведенный [86, 113]. Сонда *бос-боз* сөздері мағыналық және тұлғалық жағынан әуелде бір семада (өзексема) қолданып, келе-келе жаңа тұлға мен мағынаға ие болған. Бос – бос адам, еркін адам, бос – басы бос адам мағынасы арқылы негізделіп келіп, *с* дыбысының ұяндануы арқылы жас жігіт, үйленбеген ер жігіт мағынасын иеленіп, осы номинативтік белгілер арқылы туынды екіншілік мағына туғызған. Қазіргі қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде бозбала сөзі бірігіп жазылғанының өзі жаңа туынды мағына ретінде толық қабылданғандығын танытады [192, 73].

Боз інгендей боздады – зар иледі, ағыл-тегіл жылады деген мағынада жұмсалады [158, 120]. *Боз інгеннің боздауы* – адам жанын тебірентер, сай-сүйегін сырқыратар, шымырлаған мұнды үн. Қазақ халқы танымында боз інгеннің боздауы мен басқа малдың маңырауының арасында үлкен айырма бар. Басқа халықтарға дәл мұндай әсері болмауы ықтимал. Бұл үнді қазақ халқы зар мен қайғының аса тереңдігін таныту үшін қолданған. Жылау, қатты қайғыру, ағыл-тегіл жылау т.б. сияқты лексемалар мен тіркестер *боз інгендей боздады* сөзінің мәні мен мағынасын экспрессивті эмоциялық сипатын, қазақ психологиясында қабылданған танымдық көрінісін анық бере алмайды.

Пенденің қайғысын боз інгеннің боздауымен салыстыру арқылы тілде еркін тіркесті теңеу қалыптасады, кейін адамның психологиялық сезімінің иірім-қатпарларындағы көріністі тілде бейнелеп, таңбалау үшін, тұрақты тіркеске айналып, туынды екіншілік мағынаға ұласады. Сөйтіп сигнификаттық деривациялық мағына жасалады. Көрсетілген тіркестегі *боз* сөзі – інгеннің түсін білдіреді .

Боз өкпе – жасық, бос мінезді адам мағынасын береді. Алғашқыда бұл сөз еркін тіркес мағынасында жұмсалған. Жас адамның, жас малдың өкпесі таза, түсі боз болады, осыған сәйкес, аналогия негізінде жаңа сема жасалады. *Боз өкпеден* әлі көп нәрсенің байыбына бара алмаған, өмірлік тәжірибесі аз, босаң, өмірдің қатал сабағын көрмеген деген ұғым негізінде адам мінезінің бір сапалық қырын танытатын жаңа атау туындайды. Сөйтіп, бозөкпе тіркесі мағыналық даму нәтижесінде бір бүтін тұлға ретінде, номинативтік қызметте, денотаттық мағынада жұмсалған.

Бордай тозды, болмай бордай тозу – азып-тозды, берекесі кетті, іріп, ыдырады деген мағынада қолданады деп көрсетіледі [158, 124.]. Бор сияқты тез мүжілу, тозу ұғымы аналогия заңы арқылы тіркес жасап, адам бойындағы қасиеттің, мінездің ерекшелігін, қиналған сәттегі психологиялық жағдайды таңбалау үшін, туынды екіншілік мағына қалыптастырады. Бордың тез мүжілуі мен адамның тез мойып, қиындыққа шыдас бермей сөгілуі деген ұғымға теңеле келе, кісі бітіміндегі бір сапалық ұғымды атау үшін қолданылып, бүтін, даяр қалпында туынды сөз жасалып, жаңа деривация пайда болған.

Бөрі тиген қойдай қылды – быт-шыт етті, ойран-топырын шығарды [158, 126]. *Бөрі тиген қойдай қылу* тіркесінің еркін тіркес арқылы, тура мағынасы қалыптасып, кейін ауыспалы мағына иеленгені айқын көрініп тұр. -Дай тұлғасы жалғану арқылы теңеу мәні пайда болып, бөрі тиген кездегі қойдың дүрлігуі мен адамдар арасында болатын әртүрлі сипаттағы келіспеушіліктің деңгейін сөзбен таңбалау мақсатында салыстыра отырып, жаңа екіншілік туынды мағына жасалған. Салыстыру, теңеу нәтижесі жаңа ұғымды атау қажеттігін өтеп, пайда болған *бөрі тиген қойдай қылды* теңеуі туынды тіркеске айналып, быт-шыт етті мағынасына жақын, жаңа номинативтік мағыналы сөздің жасалуына уәждеме болады. *Бөрі тиген қойдай қылды* сөзінің негізгі арнаулы мағынасы мен экспрессивті-эмоциялық қызметі

осындай ұғымды білдіретін басқа синонимдік сөздерден өзгеше, даралық сипатқа ие. Бұл даралық оның сөзжасамдық мағынасының ерекшелігі мен семалық бүтіндігінің көрінісі саналады.

Сонымен, теңеу арқылы компаративтер жасалып, одан тілдің даму жүйесіндегі және ұғымдық даму кезіндегі туындайтын қажеттілікке сәйкес жаңа туынды мағыналар өрбиді. Теңеулердің өзі еркін тіркес арқылы жасалады. Соның ішінде кей теңеулер мағыналық тұтастыққа жете алады. Адам танымының даму желісіндегі қалыптасқан денотаттың әртүрлі сипатты белгілері мен қалпын, психологиялық деңгейді, қимыл амалын т.б. анықтап, таңбалау үшін сигнификаттық және денотаттық мағыналар туындайды. Жаңа мағына тұрақты тіркестер арқылы таңбаланады.

7.4. Этнологиялық танымнан туған туынды этнофразеологизмдер

Тілдің дамуы табиғаттағы заттар мен құбылыстардың әртүрлі сапалық және сандық белгілерін тануда пайда болған ұғымдарды жаңа атаумен таңбалау үдерісінде өмірге келетін туынды сөздер сипатымен айкындалады. Тілдің дамуы сөзжасамдық үдерістермен тікелей байланысты. Ал тілдік таңбалар жүйесінің ерекше ұлттық табиғатын танытатын, халықтық танымның ұлттық өзегі болып табылатын туынды сөздердің бір қабаты этнофразеологизмдер.

Этнофразеологизмдер – ұлттық таным нәтижесінде қалыптасқан, халықтық тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салт-санасынан хабардар ететін тілдік бірлік. Этнофразеологизмдерді туынды тілдік бірлік ретінде қарастыру себебіміз, олар да номинативтік мағына беріп, дербес таңба ретінде даяр күйінде жұмсалады. Этнофразеологизмдердің ерекшелігі белгілі ұғымды атау үшін жасалған туынды мағынаның қалай, қандай жағдайда, қандай әрекет не қасиетті тану үстінде пайда болғанын пайымдауға болады.

Туынды сөздің семантикалық құрылым күрделілігі құрамындағы морфемалар мағыналарынан тұратындығымен түсіндіріледі. Бұл қасиет этнофразеологизмдерге де тән. Этнофразеологизмдерді туынды сөз ретінде қарастырып, олардың ішкі семантикалық мағынасын құрамындағы сөздердің мағыналық құрылымы арқылы талдап, түсіндіруге болады. Туынды эт-

нофразеологизмдердің мағынасын айқындауда халық арасында сақталған таным-түсініктер мен әдет-ғұрыптардың, салт-дәстүрлердің, наным-сенімдердің пайдасы мол. Этнофразеологизмдердің қалыптасуы қоғамның дамуы барысында халықтың немесе ұлттың өзіндік тұрмыс-тіршілігіне сәйкес бағамдалған дүниетанымымен тығыз байланысты. Сондықтан этнофразеологизмдерге ұлттық белгі тән, олар халық менталитеті мен дүниетанымынан мол хабар береді. Әр ұлттың этнофразеологизмдері танымдық, тұрмыстық, мәдени т.б. дәрежесіне сай қалыптасып, ерекше сипатқа ие болады.

Кез келген туынды сөзді құрамындағы сыңарлардың мағынасы арқылы түсіндіруге болса, этнофразеологизмдердің артықшылығы құрамындағы сыңарлардың мағынасымен қоса, қандай жағдайда, қалай (кей тұлғалардың қашан) жасалғанын да анықтауға болады. Бұл туралы академик Ә. Қайдар былай деп жазады: «Кез келген этнографизм мен этнофразеологизмдерге номинативтік мағынасымен қатар, шағын этнографиялық этюдтердің де қажет екенін айттық» [99, 37]. Біз үшін ғалым пікірінің құндылығы мынада:

1. Этнофразеологизмдердің номинативті мағынасы бар екенін атап өтеді. Егер этнофразеологизмдер номинативті мағына берсе, онда олар бір бүтін бірлік болғаны.

2. Этнофразеологизмдер номинативтік мағынаны айқындап қана қоймай, шығу себебін көрсететін шағын этюдтерді қажет етеді. Этнофразеологизмдердің шығу себебі мен сипатын танытатын түсінік беру деген сөз, тек лингвистикалық аспектіде ғана емес, әлеуметтік сананы қалыптастыруда, ұлттық танымның рөлін арттыру үшін де маңызды.

Этнофразеологизмдердің қалыптасу сипаты мен жолдары туралы біршама еңбектерде ішінара әңгіме болады (Р.Сыздықова, Н. Уәлиев, Б. Қыдырбекұлы, Е. Жанпейісов, Ә. Нұрмағамбетов, С. Сәтенова т.б.). Этнофразеологизмдерді біз туынды сөз ретінде бағалап, ономазиологиялық және лингвомәдени аспектіден қарастырамыз. Денотаттық және сигнификаттық мағынада жұмсалуды мен қалыптасу жолдарын анықтаймыз. Мәселен,

Айран сұрай келіп, шелегіңді жасырма. Айтатынынды ірікпей айт, қаймықпа, жасырма деген мағына береді. [158, 19]. «Айран сұрай келсең, әкелген шелегіңді жасырма» деген еркін сөз тіркесінің тура мағынасында қолданылып, ассоциациялану нәтижесінде дерексіз, жалпылық ұғымға ие болып жаңа ма-

ғынаға ауысқан. Екіншілік деривациялық мағына қалыптасып, қазіргі тілімізде ерекше номинативті семада жұмсалады.

Ақ киізге көтерді. Халық дәуірдегі дәстүр бойынша, хан сайлағанда, ақ киізге салып көтерген. Осы еркін тіркес арқылы қалыптасып, кейін сый, сыйлау, төбесіне көтеру мағынасына алмасып та қолданылған. «Киіз» сөзінің төркіні «кід» -«кідіз»-«киіз» [861, 306]. «Кід» тұлғасынан *кит, қию, киіз, кигіз, киіл, киіс* т.б. көптеген туынды сөздер өрбіген. Қазақ ұғымындағы киіз ұғымы қасиетті болуы керек (киіз – төсек, киіз – киім, киіз – үй т.б.).

Арда бала, арда емді, арда өсті – тіркестерінің құрамындағы «арда» – «арта» сөздерінің көне мағынасы: 1. Портиться, ухудшаться, соврашаться; разрушаться, нарушаться, пропадать, погибать. Артақ – испорченный, нарушенный, гнилой, дурной, злой, плохо, скверно т.б. [86, 55-56]. *Арда, ардақ* сөздерінің этимон түбірі – «ар» – обманывать, лгать, соблазнять, уставать, утомляться т.б. Тілімізде қолданылатын «*арда бала*» тіркесінің мағынасы: әкесінің үйінен екі қабат болып келген келіншектен туған бала немесе неке қиылғаннан кейін, аз уақыттың ішінде туған бала [258, 46]. Барлық тіркестердегі «арда» сөзінің мағынасы бір архисемадан өрбіген денотаттық және сигнификаттық мағыналар.

Арда ему – тай шыққанша, есейгенше енесін ему мәнінде жұмсалады, тай шыққанша ему де әдеттегі нормадан ауытқу болғандықтан, *арда* сөзі жұмсалып тұр. *Ардақ тұту, ардақтау, ардақты* т.б. туынды сөздерінің мағыналары ерекшелеу, айрықша, басқадан бөлек семалары арқылы негізделіп, жаңа номинативті мағыналарға ие болған.

Асауға құрық салғандай – азар да безер болып, ат-тонын ала қашу, шеніне жолатпау [158, 52]. Асау атқа салғандағы әрекетін таңбалайтын еркін тіркес осы үдерістің ассоциациялануы арқылы, жаңа мағынаға ие болған. Екіншілік сигнификаттық мағына – азар де безер болып, айтқанға көнбеу.

Бауы берік болсын – жас балаға өмірлі болсын, құтты болсын деген тілек [158, 106]. Жас нәресте туылған кезде кіндігі кесіліп, жіппен, шекпен т.б. қатты байланады, «*бауы берік болсын*» деген тілек осыдан келіп шығады. Алғашында еркін тіркес мағынасында жұмсалған тіркес, келе-келе номинативтік мағынада қолданған.

Бауыздау құда – қыз айттыруға ең алғашқы құда болып барған адам [158, 108]. *Бауыздау* сөздің мағынасы – бауызда етістігімен бір емес, әрине. Көне түркі тіліндегі тұлғасы мен мағынасы: «бағыр» – 1. Печень; 2. Живот; 3. Сердце 4. Родственник кровный [86, 78]. Алғашқы құдалыққа келген құдаларға құйрық, бауыр беріледі. *Құйрық-бауыр жесіскен құдалар* деген тіркес осыдан қалыптасқан. Сонда, *бауыздау құда* тіркесінің мәні – «*бауыр жесіскен құда*» болу керек, «ғ» дыбысының «у»-ға алмасуы мен р-з дыбыстарының сәйкестігі нәтижесінде тұлғалық өзгеріске түскен: *бағыр – бауыр – бауыз – бауыздау*.

Төртеу түгел болса, төбедегі келеді; Төрт көзі түгел отыр деген тіркестерінің мәні мен маңызы тереңде жатыр. «*Төрт*», «*төрт көз*» сөздерінің ұғымдық мазмұны – төрт шеңбер, төрт дөңгелек. Дөңгелектің көнедегі ұғымдық мағынасы – толық, бүтін, жетілген. Қазақтың ру таңбаларында дөңгелек шеңберлер бар. Сонда, *төрт, төрт көз* сөздерінің мағынасы – төрт дөңгелек түгел, төрт жағы да бүтін, толық, жетілген болып шығады. **КӨЗ (О)** – күншығысты меңзейтін күннің таңбасы. Көз – дөңгелек таңбасы, арғын, үйсін, жалайыр т.б. рулардың белгісі. *Төрт көзі түгел* сөзі бірлікті; жиналып, бірге отырған қандастарды, туыстардың, елдің толықтығын, бүтіндігін көрсету үшін жұмсалатын жеке номинативті бірлік.

Күлтөбенің басында күнде жиын – жиі болатын жиын [158, 289]. Атақты Тәуке хан үш жүздің басын қосып аталған жерде жиналуға сауын айтып, жиі-жиі үлкен жиындар, кеңестер өткізген. Күлтөбе басында өткен жиынның нәтижесінде қазақ халқы ұлы жеңістерге қол жеткізген. Кейін бұл тіркес тұрақты сипат алып, жиі болатын жиын деген мағынада номинативті мағынаға ие болған.

Ара ағайын бейтарап адам, талас, егес бола қалғанда, екі ортаға билік айтатын қалыс кісі туралы айтылады [158, 44]. *Ара* сөзінің көне мағынасы 1. Промежуток, середина. 2. Между, среди. [86, 50]. *Ара ағайын* тіркесі әуел баста арадағы, ортадағы ағайын деген еркін тіркес ретінде жұмсалған, яғни екі жақтың адамдары таласқанда, ерегіскенде табыстыру үшін, үшінші жақтың билік айтатын кісісі. «Ара ағайын» еркін тіркесі аталған қимыл әрекеттегі, үдерістегі қатысатын үшінші жақтың адамдарын атау үшін, белгілі номинативтік, денотаттық мағынада қолданылады.

Ақ жол адам қазақтың ескі салтында ер жігітке оқ тисе, денеді тұрып қалған оқты түсіру үшін жаралы кісі үстінен әйелдерді үш мәртебе аттататын әдет болған. Егер ол әйел күнәсіз болса, денедегі оқ кері шығады деген сенім қалыптасқан. Ешбір дәрісіз, тек адалдығымен шипагер болғандықтан, әйелдердің бұл жол емін «*ақ жол емі*» деп атаған [158, 24]. Мұндағы «ақ» сөзінің мағынасы; 1. Истинное; 2. Право, обязанность, долг [ДТС, 198]. Сонда «парыз, шындық жол емі» мағынасында қолдана жүріп, денотаттық туынды мағына иеленген.

Сонымен, номинация үдерісінің жаңа сөз жасаудағы рөлі ерекше екені белгілі. Сөз жасау тек морфологияның немесе синтаксистің еншісіне ғана емес, барлық тілдік жүйеге ортақ құбылыс. Сөзжасам үдерісінің орындалуы тілдің өміршеңдігінің көрінісі. Сөз тіркесінің денотаттық атауға ұласуы ұзақ тарихи үдеріс, әрі ұғымды белгілеу үшін, қажеттіліктен ғана туындайтын, күрделі құрылымдық даму нәтижесінде іске асатын құбылыс. Дайын күйінде жұмсалатын лексикалық бірлік қалыбына жету үшін еркін сөз тіркесі тұрақтылыққа ұласуы керек. Жеке номинативті мағына беретін сөздер сөзтізбе ретінде сөздікке еніп, адам танымындағы танылған ұғымды атау үшін жұмсалыады. Лексикалық бірлік туғызуда аналитика семантикалық сөзжасамның маңызы ерекше. Ең көне, әрі тілімізде күні бүгінге дейін белсенді қолданылатын тәсіл ретінде бағалана отырып, өзіндік ерекшеліктерімен және қиындықтарымен сипатталады.

Аналитика-семантикалық сөзжасамның негізгі ерекшелігі – толық мағыналы сөздердің бірігуі, қосарлануы не тіркесуі нәтижесінде жаңа сөз жасау. Туындаған екіншілік номинацияда жаңа сөзжасамдық мағына қалыптасады. Осы сөзжасамдық мағына сипаты тәсілдің өзгешелігі мен айырмасын айқындайды. Сөзжасамдық мағынада себепші негіз мағыналарының өзексемалары, негізгі семалары сақталады. Осы семаның сақталуы кейде сөзжасамдық мағынаны аңғаруға қиындық келтіреді. Нәтижесінде аналитика-семантикалық сөзжасам арқылы жасалған туынды сөздердің екіншілік номинациясы анық аңғарылмай, жаңа сөз сөздікке енбей қалады. Сондықтан қазіргі тіл дамуын бағамдағанда, сөздің ішкі семантикалық құрылымына басты назар аударуы қажет болады.

Тіл дамуында пайда болған тұрақты тіркестердің қай-қайсысы болса да, белгілі номинациялық қызмет атқаруы үшін пайда болады. Бұрынғы еркін тіркес қалпын сақтай отырып,

тұрақтаған сөз тіркесі құрамындағы себепші негіздер мағынасы арқылы уәжделіп, абстракцияланып, ассоциацияланып жаңа атаулық мән иеленеді. Туынды ерекше сема сөзжасамдық мағына ретінде бағаланады.

Тұрақтылық мағына алып ассоциация негізінде сөз жасауда теңеудің рөлі зор. Тілімізде көптеген жаңа мағыналы туынды сөздер теңеу арқылы қалыптасқан. Теңеулер белгілі ұғымдық мағына беретін денотаттық мағынаға ие болып фразеологиялық компаративтер жасайды, нәтижесінде номинативтік қызмет атқару қабілетіне ие болады. Теңеулердің фразеологиялық компаративтерге айналуы – тарихи үдеріс. Ол тілдің дамуы барысында, адам танымының өсуі негізінде бірте-бірте болатын сөзжасамдық үдеріс.

Сонымен, қорыта айтқанда, аналитика-семантикалық сөзжасам – қазіргі тілімізде белсенді жұмсалатын, әрі тілдегі сөздік құрамды дамытуға ерекше үлес қосатын сөзжасам тәсілі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Адамзаттың әлем бейнесін тануы, қабылдауы, қоғамдық түсінігі мен танымы тілдік белгілер арқылы көрініс табады. Табиғаттағы, қоғамдағы танылған ұғымдардың белгілері мен қасиеті, сапасы мен саны, сипаты мен қимыл қозғалысы бірте-бірте танылып, жаңадан жасалған сөздер арқылы бейнеленеді. Жаңадан жасалған атаулардың бәрі туынды сөздер. Танымның тарихи даму барысында танылған заттар мен құбылыстардың ұғымдық бейнесін тану үшін қолданылған тілдік таңбалар сөзжасам үдерісінің негізін құрайды. Тарихи сөзжасамда этимон түбірлердің архисема арқылы негізделуі денотаттық және сигнификаттық мағыналы туынды сөздердің жасалу жүйесі кешенді түрде зерттеледі. Туынды сөздер арқылы әлемдік бейне таңбаланғандықтан когнитивтік, диахрондық глоттогенездік, лингвомәдени, семантикалық аспектілерден сөзжасамдық үдерістің тарихи даму жүйесі сараланады.

1. Туынды сөздің ішкі семантикасы күрделі құрылым. Түбір сөз себепші негіз ретінде анықталып, оның жаңа сөз жасаудағы рөлі мен қабілеті анықталады. Түбірлес сөздердің мағыналарындағы ортақ семаның сақталуы арқылы олардың бір-бірімен генетикалық жақындығы көрсетілді. Түбірлес сөздер – бір түбірден өрбіген тұлғалар, ал туынды сөздің сөзжасамдық мағынасы түбір сөз мағынасы негізінде жасалып, дараланады. Демек, түбірлес сөздердің бір-бірімен генетика-семантикалық байланыстылығы себепші негіздің ортақтығынан көрінеді.

2. Ретроспективті әдіс арқылы негіздер құрамының генетикалық бір сөзжасамдық ұядан өрбігені зерттеліп, олардың мағыналарының біртектілігін айқындайтын «генетика-семантикалық код» белгіленді. Генетика-семантикалық код – ең көне түбірлерде болған макромағыналардың ортақ сипатының сақталуын қамтамасыз етіп, өзексемалардың құрамына кіреді, сөйтіп айырушы семалардағы текті айқындайды. Генетика-семантикалық код арқылы кез келген туынды сөздің тегін анықтап, мағыналық және тұлғалық жүйесінің тізбегін көрсетуге болады. Бұл кодтың сақталуы арқасында тіл дамуының жүйелі қасиеті сақталып, заңдылықтары қалыптасады.

Танымның, ойлаудың субъективтілігіне байланысты, тіл ұлттық сипатқа, ал табиғаттағы заттар мен құбылыстардың, олардың танылуы мен ойлаудың әмбебаптығы арқылы терең ге-

нетика-семантикалық құрылымында ортақ, біртектілік сипатқа ие болады. Зат туралы ұғым мен мағынаның белгілі субъект арқылы танылуы танымның субъективтілігін көрсетеді. Сөз мағынасы контексте, белгілі ситуацияда әртүрлі түсініледі.

3. Сөзжасам уәждеме арқылы негізделеді. Сөзжасамдық уәждеме түбірлес сөздердің мағыналарының бірі екіншісінің мағынасын жасауға негіз болатын, мағыналық себептілікке негізделетін сөзжасамдық қатынас. Туынды сөздің ішкі семантикалық құрылымын анықтауда уәждеме маңызды рөл атқарады. Сөзжасамдық мағына себепші негіз семасы арқылы негізделіп, арнайы семаның құрамындағы өзексеманы құрайды. Жаңадан жасалған номинативті атау танымды бейнелеу қажеттілігінен туындайды, ұғымды атаумен белгілеу үшін, сүлде жаңа таңба ойлап табу мүмкін емес, сондықтан ең көне замандардан қолданылып келе жатқан силлабофонемалар мағынасы мен тұлғасы фонетикалық, семантикалық, синтетикалық, аналитикалық сипатта дами отырып, жаңа атаулар жасалады. Көне силлабофонемалар мағынасын бірінші номинация ретінде, ал одан тараған тұлғаларды екінші, үшінші номинация деп танымыз. Мұндай силлабофонемалар тарихи сөзжасамдық ұя құрайды, туынды сөздер мағыналарын негіздейді. Жаңадан пайда болған номинативті мағыналар себепші негіз семасындағы өзексема арқылы жасалатындықтан, алғашқы архисемамен мағыналық байланысы сақталады. Сақталған ортақ сема деңгейі әртүрлі болуы ықтимал, дегенмен түбірлес, мағыналас сөз ретінде бір семантикалық өрісте жатады.

4. Сөзжасамның уәждемелік қыры когнитивтік аспектіден қарастырғанда, заттың не құбылыстың негізгі белгілері туралы ұғым мен мағына арасындағы сабақтастықтың көрінісі анықталады. Алғашқы номинация семасына негізделіп жасалған туынды сөздер мағынасы бір ұғымның айналасындағы әртүрлі көріністері, сипатты, белгіні, қасиетті, қимыл-әрекетті танытады. Бір сөзжасамдық ұя арқылы жасалған сөздердің бір семантикалық, өрісте болуының өзі, олардың ортақ ұғымның әртүрлі сипатын танытуымен байланысты. сондықтан түбірлес сөздерді қай сөз табына жатуына байланысты емес, ішкі мағыналық құрылымының жақындығына сәйкес, семантикалық өрісі негізден мүлде бөлек бола алмайды, жаңа мағыналар мынадай сипатта дамиды:

- көпмағыналылық сипат;
- синонимдік сипат;
- антонимдік сипат.

5. Сөзжасам мағынасын кешенді анықтау үшін, когнитивті, тарихи-диахрондық, типологиялық аспектілерден зерттеп, компоненттік талдау негізінде этимон түбірлер мағынасы анықталады. Алғашқы номинациялар мағынасы дүниетанымымен байланысты қарастарылды. Мифологиялық түсініктер, дәстүрлі нанымдар т.б. негізінде алғашқы тұлғалардың макромағыналары ретроспективті тәсіл арқылы қалпына келтіріліп, ұғымдық, мағыналық, таңбалық даму сипаты көрсетіледі. Адам дүниетанымының негізгі желісін танытатын әлем бейнесінің көрінісі ретінде **КҮН** алынып, оның кешенді ұғымдық дамуы табиғаттың, жалпы тіршіліктің өмір сүруінің қайнар көз болғандығы мен мифологиялық, дүниетанымдық түсінік қалыптастырудағы маңызымен, рөлімен байланыста қарастырылды. Когнитивтік аспектіден таңбалық жүйедегі орны тексеріліп, түсіндірілді.

Шумер, санскрит, көне түркі, латын тілдеріндегі тұлғалардың көне мағыналары, ұғымдық сипаты, тұлғалары ортақ болғандығы нақтылы мысалдармен дәлелденеді. Әрі бұл кездейсоқ мысалдар емес, тіл дамуының негізіне алынған алғашқы номинация туғызған сөзжасамдық тұлғалар. Мұндай тұлғалар арқылы көптеген туынды сөздер жасалып, көне тұлғалардың ортақтығы заңды құбылыс ретінде қарастырылып, тіл дамуының моногенездік сипатын айқындай түседі.

6. Тілді когнитивті феномен ретінде, туынды сөз мағынасын когнитивтік үдерістерінің нәтижесі деп айқындаймыз. Туынды мағыналар қоршаған ортаның бейнесін таңбалайды, әртүрлі сипатта болуы мүмкін ұғымды белгілеуде жаңа таңба ойлап шығарылмайды, тілде бұрыннан бар таңбалар жүйесінің тұлғалық және мағыналық дамуы арқылы туынды сөз жасау нәтижесінде орындалады. Екі тілдік тұлғаны (силлабофонемаларды) біріктіру, дыбыстардың сәйкесуі, алмасуы, сөз мағынасының дамуы арқылы жаңа номинативті сөздер пайда болады.

Жаңа сөз жасалуда олардың қай сөз табына жататындығына назар аударылмайды. Бір ұғымға қатысты – заттық тұлғасы, сыны, сапасы, белгісі, қимылы, қимылдық амалы т.б. білдіруі арқылы жаңа сөздер жасалады. Сондықтан, еңбекте

сөзжасамдық тәсілдердің сипатына ерекше көңіл бөлінеді. Сөзжасам үдерісі тәсілдер, амалдар арқылы іске асады.

7. Дыбыс жіктелісі арқылы номинативті атау жасалып, жаңа тұлғалы туынды сөз қалыптасатындықтан, көне дыбыстар жіктелісі мен дыбыстық сәйкестіктер тарихи сөзжасамның де зерттеу нысанына айналады. Сөзжасамдық тұрғыдан алғанда дыбыстардың жіктеліп, сәйкес дыбыстарға өзгеруі арқылы тұлғалық даралыққа ие болуының басты себептері мынадай:

- зат не құбылыстың номинативті ерекше белгілердің тануы нәтижесінде ұғымының пайда болуы;
- жаңа ұғымды ерекше тұлға арқылы таңбалап, жаңа мағыналы номинация жасау қажеттілігі.

Жуан дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарына жіктелуі мен дауыссыз дыбыстардың аллофондарының фонемалық дыбыс ретінде қалыптасу реті мен жолы фонетика-семантикалық сөзжасам нәтижесінде жүзеге асады. Аффрикат дыбыстардың жіктелуі мен сәйкес дыбыстардың алмасуы сөзжасамдық үдеріс нәтижесі. Фонетика-семантикалық сөзжасам арқылы тілдердің жіктелу үдерісі жүрді. Микрожүйеде – түркі тілдері тұлғалық жағымен өзгешеленсе, макрожүйеде әлем тілдерінің ерекше сипаты анықталуы – таңбалануымен байланысты қарастырылады. Тілдің тұлғалық және мағыналық жағынан өзгеше сипатта дамуы, әр халықтың өзіндік ерекше дүниетанымымен, дәстүрімен сабақтас құбылыс деп табылады.

8. Бір денотаттың атауын, қимыл-әрекетін, сапа-белгісін, қасиетін білдіретін бір ғана дыбыстық кешен болуы ықтимал. Егер ұғымдар жиынтығы бір ғана денотатқа немесе сигнификатқа қатысты айтылса, онда туынды мағыналар конверсиялық сөзжасам нәтижесі ретінде бағаланады. Конверсия дегеніміз – сөздің тұлғалық жамылғышы өзгеріссіз қалып, ішкі семантикалық құрылымының дамуы нәтижесінде, бір денотаттың заттық, қимылдық, сапалық белгісі мен қасиетін таныта алатын, ортақ өзексеманы сақтай отырып, жаңа номинативтік туынды мағына жасайтын сөзжасамдық тәсіл. Конверсиялық сөзжасамдағы сөзжасамдық мағынаны айырудың басты шарты – сөздің ішкі семантикалық құрылымы, сондықтан семалар жүйесін саралау қажет.

Семантикалық сөзжасам негізінде болған туынды сөздердің арасында генетикалық байланыс сақталғандықтан, тарихи тұрғыда омонимдес түбір ретінде таныла алмайды. Бұл – конвер-

сия. Сөздің дамуы омонимнен басталмайды, керісінше омониммен аяқталады.

9. Сөзжасамдық парадигмалық байланыс – сөзжасам сыңарлары арасында болатын жалпылық және ерекше мағыналарға сәйкес құрылатын семантикалық байланыс. Тарихи тұрғыдан қарағанда, мағыналы түбірден өрбіп, тіл дамуы барысында біртіндеп десемантизацияланған сөз тудырушы тұлғалардың беретін грамматикалық мағыналары кездейсоқ сема емес. Бұрынғы лексикалық мағынаның өзексемасын бойында сақтай отырып, сондай семаны ғана жаңа туынды сөздің мағынасына үстейді. Сөз тудырушы тұлғалары [СТТ] парадигмалық тұрғыдан сараптағанда, олардың мағыналық реңі айқындалады. Еңбекте мұндай парадигмалық байланыс екі түрлі аспектіден қарастырылады:

- бір СТТ-ның бірнеше мағынада жұмсалыу парадигмасы;
- бірнеше СТТ-ның ұқсас мағына беру парадигмасы;

Сөз тудырушы тұлғалардың (СТТ) себепші негізбен синтагматикалық байланысқа түсуінің өзіндік семантикалық өзгешеліктері анықталды. Себепші негіз бен сөз тудырушы тұлғаның байланысы, олардың ішкі мағыналық құрылымының мәндестігіне, ыңғайластығына негізделеді;

10. Фразеологиялық бірліктер әуелде еркін тіркес түрінде жұмсалып, белгілі бір ұғымды атауына сәйкес, сөздер тобы келе-келе тұрақталып, бір ұғымды білдіретін бүтін тұлға ретінде қалыптасқан. Тұрақты тіркестер [ТТ], – жаңа номинативті мағынаға ие болғандықтан, екіншілік не үшіншілік мағынадағы туынды ретіндегі номинативтік, коммуникативтік, экспрессивтік, кумулятивтік қызметтері сараланады. Тұрақты тіркестің туынды сөз терінде қалыптасуының негізділігі дәлелденіп көрсетіледі.

11. Тұрақты тіркестердің номинативтік мағына беруші тұлға болып бекуі – күрделі де ұзақ тарихи үдеріс. Алдымен сөз мағынасы шектеулі семаға ие болады, бірте-бірте арнаулы ұғымды білдіретін атауға көшеді. Тұрақты тіркеске айналу үшін, номинативтік қызмет атқару қабілетіне ие болып, дайын күйінде жұмсалғанда, белгілі ұғымдық мағына беретін денотат болуы шарт.

Теңеу – еркін тіркес пен тұрақты тіркестер арасындағы аралық буын есепті. Сөзжасам үдерісі сөздің осы теңеуге айналған кезінен бастап жүреді. Мағыналық тұтастық негізінде

тұрақты тіркестер пайда болып, туынды сөзге айналады. Этнофразеологизмдер номинативтік мағына беріп, дербес, бүтін таңба ретінде даяр күйінде жұмсалғандықтан, туынды сөз ретінде ономазиологиялық, лингвомәдени аспектіде қарастырылады. Этнофразеологизмдердің семантикасын анықтау арқылы, олардың бір ұғымды білдіру үшін, денотаттық және сигнификаттық номинативтік мағынада жұмсалып, қалыптасу жолдарын айқындаймыз.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

1. Қашқари М. Девону лугот-ит түрікт. I, II, III. – Ташкент, 1960-1963.
2. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 190 б.
3. Катанов Н.Ф. Опыт исследования урянхайского языка. – Казань, 1903.
4. Казамбек М.А. Общая грамматика турецко-татарского языка. – Казань, 1846.
5. Радлов В.В. О языке команов. – ЗИАН. – М.Т.XV V III, 1889, №4.
6. Ашмарин Н.И. Материалы для исследования чувашского языка Ч. I, II, III. – Казань, 1898.
7. Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. Ч. I, II. – М., 1894. – СПб.1897.
8. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1861.
9. Гиганов И. Грамматика татарского языка. – СПб. 1801.
10. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. – М.: Наука, 1952.Т.I.540 б.
11. Баскаков Н.А. Историко-типологическая морфология тюркских языков. – М.: Наука, 1979, 273 б.
12. Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М.: Наука, 1988. 207 б
13. Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – М.: Восточная литература, 1962. 606 с.
14. Дмитриев Н.К. Грамматика современного якутского литературного языка. – М.: Наука, 1961. 205 с.
15. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – М-Л7: АН.СССР. 1948. 276 с.
16. Серебрянников Б., Гаджиева Н. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М.: МААРИФ, 1979. 304 с.
17. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – М-Л., 1960. 284 с.
18. Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников [VII-IX вв]. – Л.: Наука, 1980. 254 с.
19. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. Имя. – Л.: Наука, 1977. 191 с.
20. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. Глагол. – Л.: Наука, 1981.
21. Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из восточного туркестана. – М-Л., 1961
22. Юлдашев А.А. Система словообразования и спряжения глагола в башкирском языке. – М.: Наука, 1958. 194 б.
23. Гулямов А.Г. Проблемы исторического словообразования узбекского языка. – Ташкент: АҚД, 1955.
24. Гарипов Г.М. Башкирские именное словообразование. – Уфа, 1959. 220 б.
25. Орузбаева Б.О. Словообразование в киргизском языке. – Фрунзе, 1954. 308 б.
26. Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. – М.: Наука, 1962. 434 б.

27. Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. – М.: Наука, 1966. 434 б.
28. Ганиев Ф.А. Суффиксальное словообразование в современном татарском литературном языке. – Казань: Казанский филиал А.:СССР, 1974. – 231 б.
29. Хабичев М.А. Именное словообразование и формирование в куманских языках. – М.: Наука, 1989. 218 б.
30. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
31. Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. 365 б.
32. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тілі білімінің проблемалары. Алматы: Ғылым, 1982. 349 б.
33. Аманжолов С.А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы, 1959. 452 б.
34. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1987. 268 б.
35. Төлеуов Ә. Словообразовательные аффиксы имен в современном казахском языке. – Алматы, 1949. канд. дис.
36. Төлеуов Ә. Қазақ тіліндегі зат есім мен сын есім тудыратын жұрнақтар. – Алматы, 1956.
37. Төлеуов Ә. Қазақ тіліндегі сын есім категориясы. – Алматы, 1975.
38. Төлеуов Ә. Проблемы синтетического словообразования имен существительных и прилагательных в казахском языке. – Алматы, 1973, автоф. докт. дисс.
39. Хасенова А. Қазақ тіліндегі туынды етістіктер. – Алматы, 1959. 177 б.
40. Қайымова Б. Етістік түбірден есім тудыратын аффикстер. – Алматы, 1961, канд.дис.
41. Хасанов Б. Қазақ тіліндегі сөздердің метафоралық қолдануы. – Алматы: Мектеп, 1966. 206 б.
42. Маманов Ы.Е. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы. 1973. 89 б.
43. Керімов Ә. Словообразовательные аффиксы в языке памятников тюркоязычной литературы XIV в «Алматы, 1979, автореф. канд. дис.
44. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. 407б.
45. Есенғұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы, 1976. 240 б.
46. Есенғұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қос сөздер және олардың қазақ әдеби тіліне қатысы жайлы: Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы, 1983.
47. Ибатов Ә. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1983, 144 б.
48. Ибатов Ә. Қазақ тіліндегі туынды сөздер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1988, 136.
49. Айдаров Ғ. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII в. – Алматы: Ғылым, 1971. 380 б.
50. Қалиев Ғ. Сөз тудыру проблемалары. Жинақ. – Алматы, 1985. 83 б.
51. Қазақ тілінің сөз тудыру проблемалары. Жинақ. – Алматы: Мектеп, 1988.
52. Қалиев Ғ. Қазақ говорларындағы диалектілік сөз тудыру. – Алматы: Мектеп, 1985. 231 б.

53. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Мектеп, 1988.
54. Айтбаев Ө.А. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988.
55. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. 367 б.
56. Бейсенбаева З. Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамның кейбір мәселелері. Алматы, 1990.
57. Исаев С.И. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998, 303 б.
58. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1984. 396 б.
59. Б.де Кургене. Избранные труды по общему языкознанию. Т. I. – М., 1963.
60. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Фонетика, морфология. – Алматы, 1975. 304 б.
61. Сосюр Ф. Труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1977. 695 б.
62. Алдашева А., Сарыбаев Ш., Уәлиев Н. Жаңа атаулар сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1992.
63. Ганиев Ф.А. О семантической грамматике тюркских языков. «С.Т.», 1981, №4.
64. Земская Е.А. Современный русский язык. Словообразование. – М.: Просвещение, 1973. 304 б.
65. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1985, 8-том, 581 с.
66. Будагов Р.А. Сравнительно-семантическое исследование. Романские языки. – М.: Наука, 1963. 300 б.
67. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1974. 1-т.695 б
68. Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Сов. Энцикл., 1990.682 б.
69. Маслова-Лощанская С.С. О процессе наименования. В кн. Скандинавский сб. XVIII- ТАЛ. 1973.
70. Колшанский Г.В. Соотношение субъективных и объективных факторов в языке. – М., 1975.
71. Арутюнова Н.Д. Предложение и его смысл. – М.: Наука, 1976. – 382 с.
72. Виноградов В.В. Основные типы лексической значений слова. – М., 1977.
73. Гак. В.Г. Сопоставительная лексикология. – М., 1977.
74. Кубрякова Е.С. Части речи в ономаσιологическом освещении. – М.: Наука, 1981. 256 с.
75. Телия В.Н. Типы языковых значений. Связанное значение слова в языке. – М.: Наука, 1977.
76. Уфимцева А.А. Лексическая номинация. В кн.: Языковая номинация. Виды наименования. – М.: Наука, 1977.
77. Сулейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике. – Алматы: Мектеп, 1989. 159 с.
78. Уфимцева А.А. Лексическое значение. Принципы семиологического описания лексики. – М.: Наука, 1986. 239 с.
79. Серебрянников Б.А. Как происходит отражение картины мира в языке. В.кн. Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира. – М.: Наука1988. 242 с.

80. Колшанский Г.В. Некоторые вопросы семантики языка в гнесеологическом аспекте. В кн. Принципы и методы семантических исследований. – М., 1976.
81. Аллендорф К.А. Значение и изменение значения слов. – М., 1966, автореф. канд.дис
82. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. 211 б.
83. Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М.: Русский язык, 1989. 921 б.
84. Серғалиев М.С. Русско-казахский словарь. – Алматы: Қазақстан, 1993. 110 б.
85. Философский словарь. – Л.: Наука, 1969. 676 б.
86. Древнетюркских словарь. – Л.: Наука, 1969. 676 б.
87. Дж. Лайонз. Введение в теоретическую лингвистику. – М.: Наука, 1978.
88. Шмелов Д.Н. Лексикасовременного русского языка. – М., 1968.
89. Гак В.Г. Беседы о французском языке. – М., 1966.
90. Мельчук И.А. Опыт теории лингвистических моделей «Смысл»=»Текст». – М., 1974.
91. Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. Синонимические средства языка. – М.: Восточная литература, 1995. 470 б.
92. Аханов К.А. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. 494 б.
93. Садықбеков Р. Проблемы многозначности слова в казахском языке. – Алматы, 1973, автореф. канд.дис.
94. Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997.
95. Серғалиев М. Синтаксистік синонимдер. Етістікті сөз тіркесінің синонимиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 1991. 76 б.
96. Оразбаева Ф. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимиясы. – Алматы: Мектеп, 1988. 127 б.
97. Мусин Ж. Қазақ тілінің антонимдер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1984. 174 б.
98. Тенишев Э.Р. Глаголы движения в тюркских языках. – М., 1961.
99. Қайдаров Э.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы: Наука, 1986. 322 б.
100. Қажыбеков Е.З. Глагольно – именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алматы: Наука, 1986. 207 с.
101. Татаринцев Б.И. Смысловые связи и отношения слов в тувинском языке. – М.: Наука, 1987. 196 б.
102. Марр Н.Я. Язык и общество. – М.-Л., 1934.
103. Рамstedт Г.И. Введение в алтайское языкознание. Морфология. – М., 1957.
104. Аманжолов А.С. Қазақша-орысша лингвистикалық терминология сөздігі. – Алматы, 1997. 85 б.
105. Тэйлор Э. Доисторический быт человечества и начало цивилизации. – М., 1968.
106. Тураев Б. Бог Тот. – М., 1964.
107. Аристотель. Сочинение. Т.2. – М., 1978.
108. История лингвистических учений Средневековый Восток. Л., 1981.
109. Гоббс Т. Левиафан. – М., 1936.

110. История языкознания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. Ч.1 – М., 1960.
111. Иллич-Свитыч В.М. Опыт сравнения ностратических языков. – М., 1971.
112. Ахметов Э. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 172 б.
113. Латинско-русский словарь. 1976. – М.: Русский язык. – 1096 б.
114. Әуезов Мұрат. Времен связующих нить.
115. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. 10 том. – 510 с.
116. Кочергина В.А. Санскритско-русский словарь. – М.: Филология, 1996. 943 б.
117. Марғұлан Э. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы: Ғылым, 1985. 205 б.
118. Томанов М.Т. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. 264 б.
119. Батманов И.А. Части речи в киргизском языке. – Фрунзе, 1936. 148 с.
120. Аралбаев Ж.А. Вокализм казахского языка (Очерки по экспериментальной фонетике и фонологии). – Алматы, 1970.
121. Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань, 1953.
122. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч.1. Фонетика. – М.: АН СССР, 1955.
123. Ярцева В.Н. О внутренних законах развития языка. – М.: АН. СССР, 1952. Вып.2.
124. Смирницкий А.И. Лексикология английского языка. – М.: Литер. иностр. языка, 195 б.
125. Белбаева М. Қазақ тілінің омонимдер сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1988. 191 б.
126. Ибатов Ә. Құтбың «Хұсрау уа Шырын» поэмасының сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1974. 278 б.
127. Наджип Ә. Историко-сравнительный словарь XIV века. – М.: Наука, 1979. Кн. I. 479 б.
128. Смирницкий А.И. По поводу конверсии в английском языке. – М.: Иностранные языки в школе, 1954. №3.
129. Нұрмағамбетов Ә. Кейбір сөздер тарихынан. – Алматы, 1994.
130. Манкеева Ж. Реконструкция первичных глогольных основ в казахском языке. – Алматы, 1987, автореф. канд. дис.
131. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1976. 2-т. 695 б.
132. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. – Алматы, 1996. 1-кітап. 195 б.
133. Құрышжанов Ә. Исследование по лексике «Тюркско-арабского словаря». – Алматы: Наука, 1970. 232 б.
134. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1978. – Алматы. 3-том. 568 б.
135. Боровков А.К. Лексика среднеазиатского тевсиря XII-XIII вв. – М.: Восточная литература. 366 б.
136. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы. 1982. 6-том. 623 б.
137. Моллова М.К. Истории тюркского вокализма. «В.Я» 1966. №2.
138. Батманов И.А. Современный киргизский язык. – Фрунзе: АН Кирг. ССР. 1963. Ч.л. 166 с.

139. Хабичев М.А. Карачаево-балкарское именное словообразование. – Черкасск, 1971. 301
140. Хабичев М.А. Именное словообразование и формирование в куманских языках. – М.: Наука, 1989. 217 б.
141. Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л.: Наука, 1970. 204 б.
142. Шипова Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке. – Алматы: Наука, 1976. 444 б.
143. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – М-Л.: АН.СССР, 1951.
144. Улуханов И.С. Словообразовательная семантика в русском языке. – М.: Наука, 1977. 255 б.
145. Кубрякова Е.С. Теория номинация и словообразования // Языковая номинация. – М.: Наука, 1977. 357 с.
146. Лопатин В.В, Улуханов И.С. Основы построения описательной грамматики современного русского литературного языка. – М., 1966.
147. Манучарян Р.С. Словообразовательные значения и формы в русском и армянском языках. – М.: Наука, 1981. 312 б.
148. Соболева П.А. Словообразовательная полисемия и омонимия. – М.: Наука, 1980. 293 б.
149. Тихонов А.Н. Словообразовательный словарь русского языка. Т.1.2. – М.: Русский язык, 1985.
150. Кубрякова Е.С. Типы языковых значений. Семантика производного слова. – М.: Наука, 1981, 198 б.
151. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы. – Алматы, 1973. 196 б.
152. Академику Гордлевскому к 75-летию. Сборник статей. – М., 1953.
153. Арутюнова Н.Д. Очерки по словообразованию в современном испанском языке. – М., 1961.
154. Топоров В.Н. Балтийские языки. – М.: Языки народов СССР, 1966.
155. Земская Е.А. Словообразование как деятельность. – М: Наука, 1992.
156. Зайончковский А. К вопросу о структуре корня в тюркских языках. «В.Я», №2. 1961.
157. Аблаков Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі. – Алматы: Санат, 1997. 320 б.
158. Кеңесбаев І. Қазақ тілі фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. 712 б.
159. Реформатский А.А. Введение в языкознание. – М.: Аспект пресс, 1996. 536 б.
160. Ермакова О.П. Лексические значение производных слов в русском языке. – М.: Русский язык, 1984. 151 б.
161. Сыздыкова Р.К. «Қадырғали Жалаирдың «Жами-ат тауарих» атты шығармасының тіліндегі тұрақты сөз тіркестері. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1983. 202 б.
162. Сыздыкова Р.К. Язык «Жами-ат Тауарих» Жалаири. – Алматы: Ғылым, 1989. 240 б.
163. Сыздыкова Р.К. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994. 146 б.
164. Әбілқасымов Б. Әбілғазының «Шежіре и турки» атты шығармасындағы сөз тіркестері. // Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1983.202 б.

165. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. 158 б.
166. Қоңыров Т.К. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978, 192 б.
167. Қоңыров Т.К. Структурно-семантическая природа сравнения в казахском языке. – Алматы: Мектеп, 1985. 214 б.
168. Даль В.И. Толковый словарь. I. 1-4. – М.: Русский язык, 1981.
169. Англо-русский словарь. – М.: Русский язык, 1981. 647 б.
170. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы, 1966.
171. Мұхамбет Х. Қазақ тілі говорларындағы қатаң мен ұяң дауыссыздар арасындағы сәйкестіктер // Филологияның өзекті мәселелері. Жинақ. – Алматы: Қазақ университеті, 1998.
172. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1980. 5-том. 639 б.
173. Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. – Алматы, 1988. 149 б.
174. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1986. 559 б.
175. Античные теории языка и стиля / Под ред. О.М. Фрейденберг. ОГИЗ. – М.-Л., 1936. 341 б.
176. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997. 183 б.
177. Қалиев Қ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы: Ана тілі, 1991. 199 б.
178. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1983. 7-т. 671 б.
179. Қажибеков Е.З. Семантика тюркского слова. – Алматы, 1989, докт. дис.
180. Шакинова Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы.
181. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. М.: Наука, 1988. -557 б.
182. Курилович Е. Очерки по лингвистике. – М.: Наука, 1962. 456 б.
183. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1974. 166 б.
184. Степанова М.Д. Методы синхронного анализа лексики. – М.: Наука, 1968.
185. Степанова М.Д., Хальбич Г. Части и проблемы валентности в современном немецком языке. – М.: Наука, 1978.
186. Дж. Д. Мак Қоли «О месте семантики в грамматике языке» НЗЛ. – М.: Прогресс, 1981. 565 б.
187. Цалкаламанидзе А.А. Валентность глаголов в свете их семантико-синтаксических свойств. – Тбилиси, 1980. 450 б.
188. Зейнолова З.С. Семантическая структура и валентность глаголов, обобщающих понятие «перемещение предмета в пространства при динамическом воздействии не него» в современном англ-ом и азерб-ом языке. Канд.дис. 1986. 157 б.
189. Античные теории и стиля. –М.-Л., 1936. ГСЭИ. 341 б.
190. Есенғұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қос сөздер және олардың қазақ әдеби тіліне қатысы жайында // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. – Алматы: Ғылым, 1981. 183 б.
191. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы: Қазақстан, 1988. 400 б.
192. Мұсабаев Ф. «Қазақ тілі тарихынан». – Алматы: Мектеп, 1988. 134 б.

ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аманжолов А.С. Қазақша-орысша лингвистикалық терминология сөздігі. – Алматы, 1997. 85 б.
2. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1966. 606 б.
3. Әміров Р.С. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Мектеп, 1983. 164 б.
4. Досмұхамбетұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. 173 б.
5. Жаналина Л. Номинация и словообразовательные отношения. – Алматы, 1993.
6. Жексенбаева Г. Қазақ тіліндегі кірме сөздердің сөзжасам қызметі. – Алматы: АЛМУ, 1998. 69 б.
7. Жұбанов және қазақ тіл білімі. Жинақ. – Алматы: Ғылым, 1990. 360 б.
8. Кацнельсон С.Д. Общее и типологическое языкознание. И-Л.: Наука, 1986. 297 б.
9. Колшанский Г.В. Контекстная семантика. – М.: Наука, 1980.
10. Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы. 1986. 130 б.
11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 10 т. – Алматы, 1976-1986.
12. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1954.
13. Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі көмекші морфемалардың сөздігі. – Алматы, 1992.
14. Садықбеков Р. Проблемы многозначности слова и казахском языке. – Алматы, 1973, автореф. канд.дис.
15. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мен әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші. – Алматы, 1965-1987.
16. Салқынбай А.Б. Қимыл есімі және оның сөзжасамдық семантикасы. – Алматы: Мектеп, 1996. 80 б.
17. Салқынбай А.Б. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік, 1998. 305 б.
18. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. – М.: Наука, 1974.
19. Проблемы этимологии тюркских языков. – Алматы: Ғылым, 1990.
20. Принципы и методы семантических исследований. – М.: 1976.
21. Томанов М.Т. Принципы построения исторической грамматики казахского языка, «СТ», 1998, №5.
22. Тронский И.М. Вопросы языкового развития в античном обществе. – М.: Наука, 1973. 204 б.
23. Шанский Н.М. Очерки по русскому словообразованию. – М., 1968.
24. Шаһарман Г.П. Қазақ тіліндегі сан есім сөздерден жасалған туындылардың мағыналық ерекшелігі. Алматы, 1998, автореф. канд.дис.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

- б. – бет
В.Я. – «Вопросы языкознания»
Г. – дауысты дыбыс
ГС – дауысты, дауыссыз
ғ. – ғасыр
ДТС – Древнетюркский словарь
ж. – жыл
ИСГТЯ – Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. т. I, II.
НЛ- Новое в лингвистике
КРТСАИЗС – Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов
кіт.- кітапта
ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі
ҚТФС – Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі
қар. – қараңыз
ҚҚТСЖ- Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі
СРС – Санскритско-русский словарь
СССТ – синтетикалық-семантикалық сөзжасам тәсіл
«СТ» – «Советская тюркология»
СТ – сөзжасамдық тәсіл
СТГ – Сөз тудырушы тұлға
ССП – Семантикалық-сөзжасам парадигмасы
т.- том
т.б. – тағы басқа
ТГ- тұрақты тіркес
т.с.с – тағы сол сияқты
Ф.Е. – Фразеологиялық единица
ЭСТЯ – Этимологический словарь тюркских языков

ҚОЛДАНЫЛҒАН ТЕРІМСӨЗДЕР СӨЗДІГІ

- Алғашқы номинация – сөздердің этимологиялық төркінін зерттеу барысында айқындалатын архисеманың атауы, тұлғалық көрінісі.
- Архисема – этимон түбірлердің көпқырлы, макромағыналы әуелгі күрделі семасы.
- Атау – табиғаттағы заттың немесе құбылыстың ерекше номинативтік белгілеріне сәйкес берілетін есім, атау.
- Ауыспалы уәждеме – зат пен құбылыстың атауын себепші негіздің ауыспалы немесе метафоралы мағынасы арқылы негіздеу.
- Валенттілік – сөздің басқа сөздермен, грамматикалық тұлғалармен мағыналық жағынан мәндес, тұлғалық жағынан ынғайлас болып, синтаксистік байланыс жасай алу қабілеті.
- Генетикалық код – ең көне түбірлерде болған макромағыналар сипатының сақталуы.
- Денотат – адамның танымдық қызметінің нәтижесінде жасалған, тілде белгіленетін зат.
- Денотаттық мағына – таным қызметі нәтижесінде туындаған, тілде белгіленетін заттық мағына.
- Деривация – туынды сөз.
- Жіктеуші – айырушы сема, атаудың ерекше белгісінің айқындайтын, басқа атаулардан өзгешелігін танытатын негізгі семаның бөлігі. Номинативтік ерекше белгілер арқылы жасалады.
- Екіншілік номинация – әртүрлі сөзжасамдық тәсілдер негізінде жасалатын жаңа номинация болатын туынды сөздің мағынасы.
- Конверсия – сөздің тұлғасы өзгермей-ақ, тек ішкі семантикалық құрылымы даму нәтижесінде жаңа номинация жасайтын, сөйтіп екіншілік мағынадағы туынды сөз туғызатын сөзжасамдық тәсіл. Конверсияның омонимнен негізгі айырмашылығы, мұндағы туынды сөздердің денотаттық мағыналарының ішінде ортақ сема сақталып, генетикалық тектестігі айқын болады.
- Лингвогенез – тілдің пайда болу, қалыптасу, даму үдерісін анықтайтын теориялық ілім.
- Уәждеме – туынды сөз мағыналарының оларды құрайтын тұлғалардың мағыналарына тәуелді болуы. Уәждеме кез-келген туынды сөздің мағынасының себепші негіз семаларының жіктелісі арқылы жасалатынын көрсетеді.
- Мотивтенген сөз – туынды сөз; себепші негіздер мен сөз тудырушы форманттардан құралып, күрделі семантикалық құрылым болады.
- Негізгі сема – адам танымында қабылданған номинациялық туынды сөздің жалпы мағынасын айқындайтын негізгі мағына.

- Номинация – тіл бірліктерінің жасалуындағы жалпы заңдылықтарды зерттеп, тілдің, ойдың және болмыстың өзара қатынасын қарастыратын, атау негізінде жатқан белгілерді таңдауда адам факторының орны мен атаудың тілдік техникасын т.б. зерттейтін теория.
- Номинациялық белгі – объективтік өмірдегі заттар мен құбылыстардың қасиетін, сапасын, белгісін ерекшелеп көрсететінін, атаудың даралық сипатын танытатын негізгі белгі.
- Ономасиология – номинация теория жасайды; өмір шындығының жеке көріністері мен элементтерінің аталу амалы мен тәсілін қарастырады.
- Ортақ сема – түбірлес сөздердің бәріне тән болатын негізгі семаның бөлігі. Туынды сөздердің генетикалық байланысын айқындаудың негізгі шарты саналады.
- Өзексема – түбірлес сөздердің ішкі семантикалық құрылымында сақталатын негізгі семаның бір бөлігі; Архисеманың бір қырын сақтап, туынды сөздің құрамында болуымен ерекшеленеді. Өзексема арқылы архисеманың жіктелу шегін айқындауға болады.
- Себепші негіз – жаңа сөз туғызуға себеп, негіз болатын түбір немесе негіз: себепші негіз мағынасы біріншілік мағына болады.
- Семантика – кең мағынасында: тіл бірліктерінің белгілейтін нысандарына қатысын зерттейтін семиотика ілімінің бір саласы. Тілдегі, тілдік бейнелеудегі мағына (мән) теориясы. Тар мағынасында: тілдік бейнелеудегі мағынасының жиынтығы; тіл бірліктерінің мағынасы мен мазмұны.
- Семантикалық байланыс – тілдік құрылымды жүйелеп, сөздердің морфемелардың бір-бірімен семантикалық, синтаксистік, стилистикалық байланысын құрылымдық құрылымдық және тұлғалық заңдылықтар негізінде реттеп отыратын байланыс.
- Сигнификаттық мағына – таным қызметі нәтижесінде туындаған, тілде белгіленетін ұғымдық мағына.
- Синкретизм – тұлғалануы бірдей, мағыналары мүлде бөлек, ішкі семантикалық құрылымында ортақ сема болмайтын тарихи омонимдер.
- Сөзжасам – адамзаттық танымның тарихи дамуы барысында танылған заттар мен құбылыстардың, олардың белгілері мен қасиеттерінің, қимыл әрекетінің ұғымдық таңбасын жасау үшін қолданылатын тілдік құбылыс.
- Сөзжасамдық қалып – тілде қалыптасқан әртүрлі модельдер негізінде туынды сөз жасау типі. Сөзжасамдық модельдер тілдің табиғи дамуы барысында тарихи жағдайда қалыптасқан.
- Сөзжасамдық уәждеме – түбірлес екі туынды сөздің бірінің мағынасы екіншісінің жаңа мағынасының тууына негіз, себеп

- болатын, мағыналық себептілікке негізделетін сөзжасамдық қатынас.
- Сөзжасамдық мағына – кемінде екі сөзжасамдық тұлғаның қатысуы арқылы және сөздің семантикалық дамуы арқылы сөзжасамдық үдерісте жасалатын күрделі құрымдық мағына.
- Сөзжасамдық парадигма – түбірлес сөздердің мағынасы арқылы, бір деривация деңгейінде жасалған, бір түбірден таралған туынды сөздер арқылы анықталады.
- Сөзжасамдық тізбек – бір сөзжасамдық ұядан таралатын түбірлес сөздер тізбегі.
- Сөзжасамдық парадигмалық шеп – сөзжасамдық жаңа номинативті мағыналы түбірлес сөздер арқылы жасалған туынды сөздер жиынтығы. Сөзжасамдық тұлға – сөз жасауға қатысатын, семантикалық және тұлғалық жағынан ерекше сөзжасамдық құрал болып табылатын бірлік.
- Сөзжасамдық ұя жаңа сөзжасамға негіз болып ортақ, өзек мағына қалыптастыратын, бір семантикалық өрісте жататын сөздердің жиынтығы. Тура уәждеме – танылған зат пен құбылысты атау үшін алынған есім сөз себепші негіздің тура мағынасы арқылы негізделеді.
- Туынды сөз – сөзжасамдық амал-тәсілдер арқылы түбірдің немесе негіздің, сөз тудырушы морфемалардың қатысуымен сөзжасамдық үдерісте пайда болатын, екіншілік мағына иеленетін жаңа денотаттық мағыналы сөз.
- Түбірлес сөздер – бір сөзжасамдық ұя арқылы жасалған бір себепші негізден тарайтын ортақ семалы негіздер.
- Этимон түбір – архисемалы, макросемалы ең көне бір буынды тұлғалар. Тек этимологиялық зерттеулер негізінде ғана мағыналық және тұлғалық сипатын айқындауға болатын ең көне түбірлер.
- Когнитивті – адамның ой-санасының бөлігі; когнитивтік бөлікке – түйсіну, қабылдау, жад, зеректік т.б. кіреді.
- Эпистемология – таным теориясы, гносеология;
- Гносеология – таным теориясы
- Концептуальды бейне – әлем түрлері адамның адамның білім жүйесі.
- Имплицитный – жасырын, белгіленбеген, анық емес, астарлы.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I. СӨЗЖАСАМНЫҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ	6
1.1. Сөзжасамның нысаны мен жеке пән ретіндегі сипаты	6
1.1.1. Сөзжасамның зерттеу нысанын айқындау	6
1.1.2. Сөзжасамның фонетика мен лексикологиядан, морфология мен синтаксистен айырмашылығы мен байланысы.....	10
1.1.3. Сөзжасамның негізгі ұғымдары	17
1.1.4. Сөзжасамдық амал-тәсілдер	21
1.2. Түркітануда сөзжасам жүйесінің зерттелуі	26
1.3. Қазақ тіл біліміндегі сөзжасамның зерттелуі.....	31
2. СӨЗЖАСАМНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ	39
2.1. Сөз семантикасының қалыптасу ерекшеліктері.....	39
2.2. Номинация және сөзжасамдық қатынас	47
2.2.1. Номинация мен сөзжасамның арақатынасы.....	48
2.2.2. Генетикалық-семантикалық кодтың сипаты	54
2.2.3. Номинацияның субъективтілігі – ұлттық тілдің болмысы	62
2.3. Уәждеме теориясының сөзжасамдағы рөлі	67
2.4. Туынды сөздің мағыналық даму сипаты	74
2.4.1. Көпмағыналылық және сөзжасам	76
2.4.2. Сөзжасам және синонимия құбылысы.....	83
2.4.3. Сөзжасам және антонимия құбылысы	85
2.5. Сөзжасамның танымдық сипаты.....	88
3. СӨЗЖАСАМ ҮДЕРІСІНІҢ ЛИНГВОГЕНЕЗДІК СИПАТЫ	99
3.1. Тіл табиғатының зерттелу тарихы.....	99
3.2. Этимон түбір мен туынды сөз арасындағы сабақтастық	106
3.3. Сөзжасамның лингвогенездік табиғаты	114
4. ТАРИХИ СӨЗЖАСАМНЫҢ ФОНЕТИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ.....	151
4.1. Дыбыс аллофонының фонемалық деңгейде даму қажеттілігі ...	151
4.1.1. Фонетика-семантикалық сөзжасамның зерттелуі.....	151
4.2. Дыбыс жіктелісінің туындау себебі	152

4.3. Дауыссыз дыбыстардың сөзжасамдық қызметі	157
4.4. Дауысты дыбыстардың сөзжасамдық қызметі.....	174
5. СЕМАНТИКАЛЫҚ СӨЗЖАСАМНЫҢ УӘЖДЕМЕЛІК НЕГІЗДІЛІГІ	184
5.1. Семантикалық сөзжасам (конверсия) және синкретизм	184
5.2. Семантикалық сөзжасам парадигмасы	194
5.3. Конверсиялық сөзжасамның негізделуіндегі ерекшеліктер ...	208
6. СИНТЕТИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ СӨЗЖАСАМНЫҢ ПАРАДИГМАТИКАСЫ МЕН СИНТАГМАТИКАСЫ	228
6.1. Синтетикалық сөзжасамның зерттелуі мен мәселенің қойылысы	228
6.2. Себепші негіз мағынасы.....	231
6.3. Сөз тудырушы тұлғаның парадигматикалық және синтагматикалық байланысы.....	234
6.3.1. СТТ-ның парадигмалық байланысы	235
6.3.2. СТТ-ның синтагматикалық байланысы	249
7. ТІРКЕСТЕРДІҢ АТАУЛЫҚ СИПАТЫ МЕН РӨЛІ	261
7.1. Аналитикалық сөзжасамның тіл дамуындағы рөлі	261
7.2. Тұрақты тіркес – аналитикалық сөзжасам нәтижесі.....	270
7.3. Теңеудің туынды сөз жасаудағы рөлі	285
7.4. Этнологиялық танымнан туған туынды этнофразеологизмдер	290
Қорытынды	296
Библиографиялық көрсеткіш	302
Қосымша әдебиеттер тізімі	309
Шартты қысқартулар	310
Қолданылған терімсөздер сөздігі	311

Ғылыми басылым

Анар Бекмырзақызы Салқынбай

ТАРИХИ СӨЗЖАСАМ

Монография

Екінші басылым

Шығарушы редакторы *А. Шуриева*
Компьютерде беттеген *Г. Шаккозова*
Мұқаба дизайны *А. Қалиева*

ИБ №1225

Басуға 04.09.2018 жылы қол қойылды. Формат 60x84 ¹/₁₆.

Көлемі 19.8 б. т. Тапсырыс №6860. Таралымы 50 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.